

**Қази ДАНАБАЕВ**

**САҒЫНЫШ ЕКЕН,  
БАЛА КЕЗ**

## Қарақұмдағы іздер

Қази Данабаев әдебиет есігін өлеңмен ашты. Өлеңдері де ауызға салғаннан еріп жүре беретін қант қиығындай тәтті, таңғы шықтай мөлдір болатын. Бала Қазидың алғаш өлеңдері «Балдырған» журналында басылды. Көп ұзамай Оспанхан Әубәкіров жас ақынға ақыл-кеңесін айтып, Алматыдан жырақтағы Қарақұмға хат жолдады. Сондағы Қазидың қуанышын айтсаңшы! Ауылдың үлкен-кішісі "Балдырғанды" қайта-қайта оқып, мәз болған. "Мадам Бовари - өзім" дейді Флобер. "Ақ кептердің ажалы" әңгімесіндегі Ертістің образы нақ Қазидың өзі.

Кенет Қази прозаға ауысып кетті, сірә, ұшан-теңіз ойын осы жанрда ғана жан-жақты жеткіземін деген бек сенімі болар. Проза-ауыр артиллерия, ол елтең-селтең сезім пернелерінің илеуіне көне қоймайды. Қазидың бұл жанрға да саналылықпен барғандығын ішіміз сезеді. Оның бұл сапары да табыссыз болған жоқ.

Талант туған жеріне тартып туады деген де сөз бар. Оның растығына Қази шығармашылығымен таныса бастағанда-ақ анық көзіміз жетті. Қазидың көзін тырнап ашқалы көргені – Қарақұмның бұйрат-бұйрат құм төбелері мен аңыз-ақ желі. Сол желмен жөңкіле көшкен қаңбақ... Құмға тамыр сіңірген сексеуіл мен жыңғыл. Сүреңсіздеу көрініс, адам қызығатындай оқыс жағдайды да аңғара қоймайсыз. Шынтуайтына келгенде, Қази үшін мұнан артық жер жұмағы жоқтың қасы, оның Мекке-Мәдинесі – Қарақұм. Ал осы шөлді аймақта өмір сүрген адамдардың көңіл-күйлеріне Қази шығармалары арқылы назар салыңызшы, олардың жүрек дүрсілін Қазидың көзімен карап, көңілімен түйсінізіңші! Сіз сонда тіпті басқа әлемге тап болар едіңіз. Кіршіксіз таза әлемге! Қарақұмның етек-жеңі жиналмайтын аңғал-саңғал табиғатымен үйлесіп жататын қожанасырлау адамдарының мінезі, олардың қам-қарекеті, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, тіпті бір-біріне деген пендешілік реніштері де жеке-дара, іс-әрекеттері де өзгеше. Бірақ соған қарамастан қарақұмдықтарды өзгелермен шатастыра алмайсыз. Қази шығармашылығында олар тіпті бөлек адамдар... және оларды әлдекімдермен алмастыра қоюың да мүмкін емес. Жеке-дара, кейіпкерлерінің мінез-құлықтары тек қарақұмдықтар болып шындалған. Әрі жеке-дара бояумен өрнектелген.

"Ауыл айшықтарындағы" Изханды, не Изханға ұқсас пендені сіз еш жерден кезіктіре алмайсыз. Изхан – Қазидың меншіктеген Изханы! Оны өзгелермен алмастырып жіберу де қолыңыздан келмейді. Қазидың суреттеуіндегі Изхан – қазақтың Никулині. Екеуінің айырмашылығы ұлттық ерекшелігінде ғана. Ал іс-әрекеттерінде

иненің жасуындай айырма жоқ. Изхан ескі мәшиненің жүргізушісі. Көне көлікті жөндеуден титықтаған шопырдың қолынан кілт түспейді. Аяқ астынан ауылға ауданнан өкіл келіп, шопандарды аралайтын болады. Өкілдің аты – өкіл, Изхан бөтен кісінің алдында шаруаға қырсыздығын сездіргісі келмейді, ұстамайтын тормыздың тетігін ышқырындағы резинамен байлап қояды. Сирек деталь, әрі нанымды. Қазі оны аса табиғи күйінде суреттей білген. "Жаратылыс" әңгімесіндегі Мыңғыстың да бір басына әпенделігі жетіп артылады. Жас жігітке ауыл басшылары жаңа трактор бермей әуреге салады. Мыңғыстың диплом алмаса да, Алматыда бір-екі жыл институтта оқығаны бар. Оны әкім-қаралар ескерусіз қалдырады. Жан-дүниесі шерге толы Мыңғыс пәлсәпалық трактаттар жазуға кіріседі. Іске қырсыз дала қазағының Алматыдағы жүріс-тұрысы өз алдына әңгіме. Ренжисіз бе, күлесіз бе, өзіңіз біліңіз.

"Ақ жалау", "Қазанбай", "Азалы күн" әңгімелерінің жұлыны түгелдей Қаракұм адамдарының тыныс-тіршілігіне арналған. Кейініректе жазылған "Шөңтөбе, Шотай, Балдәурен" повесі дәстүрлі "Жалын" бәйгесінің жүлдегері атанған.

Қазидың суреткерлік талғамы тым биік болатын. Өзіне қатаң талап қоя білетін Қазі өзгелерден де сондай биіктікті талап ететін. Көп оқып, көп ізденетін. Көп оқитын дегеннен шығады-ау анда-санда Сыр өңіріне жол түсе қалған сәтте өзге таныстарымыздың бәрін ысырып қойып, бірден Данабаевты тауып алатын едік-ау. Оның қашанғыдай ақжарқын мінезі, құшағын ала жүгіретін достық пейілі... Бізді ұшақтан түскен бойда қонақүйге жақындатпастан қала орталығындағы қызыл кірпішті еңселі шаңырағына сүйрелейтін. Бәріміздің де уақытқа тәуелді екендігімізді несіне жасырамыз. Сол бірге болған бірер сағаттың ішінде-ақ Қазі бізді де кәдімгідей қанаттандырып, байытып тастайтын. Алдымен өзі суыртпақтап Алматыдағы әдеби ортаның қаіргі хал-ахуалын сұрап білмек болады, өзі құралпы жігіттердің не жазып жатқандығын да қағыс қалдырмайды, енді бірде Қазидың арасында екі иығы селкілдеп рақаттанып күліп алып, әдебиет туралы шешіле әңгімелегенін көрсеңіз! Алты мұхиттың ар жағындағы пәлен деген қаламгердің "мынадай шығармасын оқыдың ба?" дегенде кәдімгідей қысылыңқырап қалатындығымыз рас-ты. Ол әсіресе тарихи дүниелерді бақайшағына дейін талдап беруге сондай шебер-ді. Ал аласалау жазу үстөлінің үстіндегі ескілеу жазу машинкасының қасында тарихи кітаптар үйіліп жататын.

Қазі қашан болмасын ақ қағаздың киесінен қорқатын. Ол өз басынан өткізген өмірлік құбылыстардың қыр-сырын жақсы білем-ау дегеннің өзінде де, алас-қапаста отыра қалып, сүйкей салудан бойын аулақ ұстайтын. Ол жазбай жүргеннің өзінде де жазып жүретін, әрине, басына, зердесіне. Өмірдің құпия-сырын толыққанды түсіндім, білдім-

көрдім, толыққанды сезіндім деген адам оңбай қателеседі. Жазушыға керегі де осы қауіп.... мұны өз шығарамашылығына сенімсіздікпен қарау дегенмен әсте шатастыруға болмайды. Ол қауіп-алған тақырыбымның бүтін-болмысын, жұлын-жүйкесін сол күйінде дөңгелентіп бере алдым ба деген қауіп... Үнемі қайта айналып соғуды қажет ететін қауіп. Тасқа басылғанды балталасаң да бұза алмайсың деген түсінік бар. Қағазға түскені-сенің мұраң, сондықтан оның бөлек-салақ күйде бір қайнауының ішінде жатпағандығы абзал ғой. Жазба, жаныңды қинап жатқан кім бар. Ал ақ қағаздың киесінен қорықпай, қолға қалам алған екенсің, жазғаның үнемі ондыққа тиіп жатсын, жұрттың жүрегін дір еткізерліктей ішінде бірнәрсесі болсын. Дәні болсын деген жаттанды ұғым қанымызға сіңісті болып-ақ алған, ал бұл жерде дәннен гөрі жүректі бір дір еткізгені маңыздырақ, соның салмағы мықтырақ.

Ана жылдары құрметті демалысқа шыққан қарияның да, әкешесіне хат жазарлық қана сауаты бар кеңсе қызметкерлерінің де өткен ғасырда өмір сүрген ата-бабасының рухын жырлағансып, жабылып жазып жатқан тұста Қазі сәл үнсіз қалды. Сірә, сонысы дұрыс еді. Шығармашылықтың, рухани құндылықтың еріксіз екінші планға ысырылғандығын сезіне білді, материалдық байлықтың басакөктеп төске өрлегендігін де кәдулгі тамыршыдай тап басты. Сөйтті де Қазі алтын уақытын босқа өткізбей, қолға түсе бермейтін аса сирек кітаптарды Орта Азияның, Ресейдің кітапханаларынан сұрау салып алдырып оқыды. Оның көбімізден оқ бойы алда жүретіндігінің басты себебі де осы болатын. Және ол көбімізден өмірді де өзгешелеу түсінетін, дәл Данабаевша қабылдайтын. Жаттанды, жауыр болған пікірлерден де бойын аулақ ұстауға тырысатын.

Тағдырдың дәл осыған келгенде қолтарлық жасағандығын қарасайшы! Адал дос, ардақты азамат, қарымды қаламгер Қазі жайлы әңгімені де өткен шақпен өзегіміз өртене баяндауымызға тура келіп тұр. Бұлай болар деп кім ойлаған. Біз бір-біріміз туралы есетілік айтайық, кітабымызға алғысөз жазайық деп ойлап па едік?! Кеше ғана құлын-тайдай бірге өскен айта бастасақ, сырымыз да, жырымыз да таусылмайтын.... Қазі дос, сенің қайда асыққаныңды қайдам, бәріміздің қабырғамызды қайыстырып, бәріміздің санамызды сансыратып, үн-түнсіз ана дүниеге аттанып кете бардың. Біз бір топырақтан дүниеге келсек те бір-біріміздің жан-дүниемізді толықтай түсініп те болған жоқ едік қой. Сенің екі иығың селкілдеп, барыңмен рақаттана күлетін күлкің қандай еді! Сен достың жетістігіне бүкпесіз қуана білетін адал жүректі азамат едің. Қызылордаға Алматыдан іссапарлап бір қаламгер баратын болса, бірден сенің әдірісіңді беретінмін. Бұрын –соңды аралас-құраласыңның жоқтығына қарамай,

сен де қалам ұстағандарды шын ниетіңмен қарсы алатынсың. Олар сенің үлкен жүректі азаматтығыңды ұзақ уақытқа дейін тамсана айтатын. Ара-тұра "Қазидың жағдайы қалай екен?" деп үнемі сұрастырып жүретін. Сенің зор тұлғалы бітіміңе қарап, нағыз қазақтың нар жігіті ғой деп іштей тамсанатын да қоятынбыз. Ал алған беттен қайтпайтын өжеттігің екібастан. Тұрмыста да, шығармашылық жолда да сен жұрттың соңынан салпақтауды жаныңмен қаламайтынсың. Алда жүрдің, ортада жүрдің... Сенің озық ойлылығыңды, алғырлығыңды, кісілігіңді, әрі көп білетін білімдарлығыңды Сыр бойындағы көп ағайындар сөзсіз мойындайтын еді. Көзіңнің тірісінде де сен шет-жағасын көріп кеттің. Өзім араласқан біраз жігіттер "Қази не дейді екен, алдымен Қазиды тыңдайық" деп саған кәдімгідей арқа сүйейтін. Тұстастарыңды былай қойғанда, жасы үлкен ағаларыңның да саған ықыластары ерекше еді.

Аздап сырқаттанып жүргендігіңді де ішіміз сезетін. Ал сен бар болмысыңмен соны бізге сездірмеуге тырысытың. Сенің өмірге деген құштарлығыңды қайтіп айтып тауысамыз! Соңғы рет Астанадағы орталық клиникалық ауруханада жаттың, күліп-ойнап қарсы алып, күліп-ойнап шығары салатынсың. Қапыда қатарымыздан кетіп қалатындығың ойымызға кіріп шықпайтын. Сен біздің мұрынымызға иісі бармайтын қайдағы бір ем-домның түрін айтып, тағы да сұңғылалығыңмен үнсіз мойындататынсың. Бауырға жасанды жасуша енгізуге (трансплантация) барыңмен сеніп бақтың. "Жақсы болып келе жатырмын, сәтін салса аяғыма мініп кетемін" деп армандайтынсың. Қытайға да барғың келген. Сенің әңгімелеріңді тыңдай отырып, осының бәрін қайдан оқып жүр деп те таң қалатынбыз. Палатада өзіңмен бірге екі аяғы сал болып қалған он екі-он үш жастағы, Оңтүстіктен келген екі көзі мөлдіреген бір бала жатты. Сен өзіңнен гөрі сол бала тағдырына көп алаңдайтынсың. "Жақсы адамның жанына жаттың да ауырғаны батады" - деп Әйтеке атамыз бекер айтпаса керек. Елге барған соң осы бала туралы бір керемет дүние жазамын деп айтып қалғандығың да есімде. Өкініштісі, сол шығарманы да өзіңмен бірге әкеттің. Бала да көп ұзамай көз жұмды.

Сырқаттанып жатқандығыңа қарамай менің соңғы жинағымды да бастан-аяқ оқып шықтың. Пікір білдірдің, пікірлерің де мірдің оғындай дәл, нақты. Сол сөздерің құлақ түбінде әлі күнге дейін күмбірлеп тұр.

Сенің кітабыңа алғысөз жазамын деген ой үш ұйықтасам түсіме кірсейші. Амал жоқ, осылай болды. Бармақ тістегеннен енді сенің орның түгенделе қоя ма?! Тәубе, тәубе дейсің, ішіңнен мың-сан мәрте қайталап. Артында ізің қалды, жарың, балаларың, немерелерің қалды.

Із, артында із қалғаннан артық бақыт бар ма! Сенің тағы бір ізің – осы кітап. Қарақұм өңіріне түскен сенің іздеріңді әлі де осы жинақтың

өн бойынан іздейтін боламыз. Мынау сөзсіз Данабаевтың іздері дейтін соны іздер. Оны әлдекімдердікімен шатастыруға болмайды. Ол тек Қазидың іздері. Енді сол іздердің соңы соқпаққа айналғандығын тілеуден басқа не қалды біздерге...

**Қуаныш ЖИЕНБАЙ,**  
жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

### Хикаяттар

## САҒЫНЫШ ЕКЕН БАЛА КЕЗ...

### Көкек пен қазан

... Ең алдымен менің есіме иесіз даладағы қыстаулар оралады. Шіркін, сол қыстаулардың кірпіші алтыннан қаланса керек-ті, жылулығын әлі күнге дейін сезінемін. Аяғымды басып жүгіріп кеткен кезім-ау деймін, өйткені, мені далаға көтеріп шығарып жүрген жанды әлі де елестете алмаймын. Дала шуақ болатын, соған қарағанда, жердің беті енді ғана қыза бастаған көкек айы. Ал көкектердің дауысын сол маңайдан естіп "Бұлар қай жақтан дыбыс беріп тұр" деп төңірегімді шола қарайтынмын. Көкек заманында байдың қызы екен, суға бара жатқан әкесінен әлденелерді сұрап "Айтшы, көке, айтшы, көке" деп мазасын алып қоймағасын: "Өй, көкек болғыр" деп ұрысқан соң Атшакөкекке айналып кеткенін кейінірек білдім. Сол кездері ел арасында:

Бір құс бар ауылымда көкек деген,

Алдымда тереземнің секектеген, - деген ән еститінмін.

Менің сәби кезімнен тасалап тұрып, жанға жайлы әуенін қайталай беретін сол көкектер қайда жүр екен?

Көкектен де асып түсетін дүниенің қызығы мол болушы еді. Бәрін де байқап көру үшін күнде-күнде үй ауласынан шеткерілеу жатқан қазанға келемін. Қазанның бір жағы сынып, тоқымдай орны ойылып түсіп қалған. Адам тәрізді, селтиген қос құлағы бар, жаны бар мақұлықтай. Маған сонадайдан қарап тұратын. Қолыма қандай темір түсетінін қайдам, әлгі қазанды бүйірінен ұрсам болды дыңылдаған дыбыс шығады да шым-шымдап төңірекке түгел тарай бастайды. Қазанды ұрған соң ізінше ыңылдай көтеріліп, төбемнен түспей қоятын сол бір ғажайып дыбысқа құштармын. Мүмкін менің ғашықтық

сезімім қазанның үніне деген нәркес сезімнен бастау алып, сол дыбыстың өзі сияқты әріге ұласып кеткен шығар. Ол - жер бетінде жоқ әдемі әуен-ді, атылған мылтықтай тарс етіп кең далаға жым-жылас сіңіп те кетпейді, көз алдында, құлағыңның тұсында ілгері-кейінді толқындап әткеншек тебеді. Жарық дүниеге көз ашып қарағаннан есімде қалған көкек пен осы қара қазанның салған алғашқы әнім менің, сондықтан да күн сайын ерінбей-жалықпай келіп құлақ қоя тындайтыным. Қазір де түрлі қалалардың мұнаралы басындағы үлкен қазандарды ұрғылап, оның даусын қала халқына таратып жатқандарды көргенде сәбилік шағым көз алдыма елестейді. Сондықтан да жер бетінде мен үшін қазан мен көкек үнінен киелі де, кепиетті ештеңе жоқ.

### **ҚАҢЫРАҒАН ҚЫСТАУЛАР**

Айналамызда ел көрінбейді, олар қайда кетті деп сұрап жүрген мен де жоқпын. Апамның атымды атап, оқта-текте шақыратыны бар.

- Сержан қайдасың?..

Сондайда әлгі қаңыраған қыстаулар да: "Сержан қайдасың? Сержан қайдасың?" деп жан-жағымнан әңгірлеп қоя береді. Шешем екеумізді даусын мазақ еткендей айнытпай қайталайтын қорқынышты қыстаулардың қалайша сөйлейтініне таңмын. Үрейім ұшқандықтан аяғымды апыл-тапыл басып, үйге қарай қалтақтай жүгірем. Үй екі бөлме-ау деймін, әкем соның төр жағында төсекті қалың салдырып тырп етпей жатады да қояды. Бұған дейін әкемнің басымен арпалысқан боз айғыры болған; ердің қасында бауынан ілінген дорба бар, дорбаның ішінде жылаған кезде қолыма қыстыра қоятын тәттінің неше түрі бар. Өзі төсек тартқаннан бері боз айғыр көрінбейді, тәттілер де көзден ғайып болды. Кейінірек сұрастырсам, әкем әспіге шалдығып, басқармалығынан түскен. Боз айғырды арқыратып жаңа бастық мінді, қиыны - боз айғырдың үстінде ұмыт кеткен дорба. Науқастың қимылдауға селі көтермегесін, көшкен жұртта жалғыз үй қала бергенбіз.

Әлі күнге дейін елсіз-сусыз жерде нені қорек етіп отырғанымыз мен үшін әлі жұмбақ, сөкет те болса айтайын, өзім емшек емемін. Дегенмен осы кезең біздің оттың басы үшін үлкен ауыртпалықты бейнелейтіндей. Өйткені, әлгі ескі қыстаулардың арасында мені қолтығына қысып ала қашу үшін тығылып жүрген үбіжіктер бар.

### **АПАЛАРЫМ**

Кіндіктен жалғыз емеспін, менің Бибінұр, Бибанар есімді апаларым болды. Бибанар екі жастай үлкен, айла-тәсілден құралақан

емес, әлденеге таласа қалсақ, бетімді тырнап алады. Сондықтан, шөп-шаламнан құрастырған ойыншыққа жармаспас бұрын, кейін шегіншектей отырып, бір қолыммен бетімді басамын да, екінші қолыммен тартыса бастаймын. Күшім жетпегендіктен күнібұрын жеңілетінімді біліп, аузым былжырап жылайтыным және бар; естіген жан болса әлсізге көмектеседі, әйтпесе қолымдағыдан айрылып қала беремін.

Бибінұр қамқор, білегімнен ұстап жетектейді, жүре алмасам, арқасына салып алуға да қауметі келеді. Бірде мені арқалап, ақ қабақтың баурайына жайылып жүрген ботаны ноктасынан жетектеп түсе бергенде, ойнақтап келіп берсін... Екеуміз де екі жаққа құлап түстік, жылап жүрміз, біріміздің-бірімізге жанымыз ашиды... Үрейімізді ұшырып, дегеніне жеткен бота, бас жібін сүйреткен күйі есік алдына барып, әлі есімізді жия алмай жүрген біздерге "менімен ойнаған қалай болады екен?" дегендей масаттана қарайды.

Маған су топырақтан қабырғасын тұрғызып, үстін малдың сағымен жауып, үй жасап беретін Бибінұр көптен бері жоқ. Елегзіп, бауырымды іздеймін, бірақ оның ізінен сұрау салуға шамам қайда? Ер жетіп, ес білген кезде байыбына жетсем, Қани деген атамыздың Ақтілеу деген жалғыз баласы өртеніп өліпті. Әке-шешесі жылап-сықтап үйден шықпай:

- Бибінұр, бізге ермек болсын баламыздың орнына... Асырап алдық демейміз, кейінірек өздеріңе қайтарып береміз, - дейді.

Әжемнің қарсылығына қарамастан, туыстарының көңілдерін қимаған әкем мен шешем Бибінұрды: "Бар, сол үйге бала бол" деп берген де жіберген. Өртенген баланың күйігі сол бір оттың басына оңайға соқпағаны рас, бірақ үлкен апамның үйден қол үзіп кеткені маған да ауыр соқты. Сағынып себепсізден себепсіз көп жыладым.

Бибінұр барған туысқанымыздың үйіне де "ермек" бола қоймаған, сирағы майысып барып құдықтан су әкелу, самаурынның түтініне қақалып-шашалып жүріп шай қою сияқты жұмыстар - кішкене қыздың мойнына мінген. Осы хабарды есіткенмен, баласын алып қайтуға әкеміз құдайдан қорқыпты. Бірақ, бірінші класқа барған жылы каникулда Бибінұр біздің, яғни, өзінің үйіне қашып келді. Есі кіріп қалған қыз туысымыздың үйінен көрген ақірет-азарларын жылап айтқан соң, "барып, бала бол" деп айтуға ешкімнің жүрегі дауаламады.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ТҮН



...Біз сол баяғы ескі жұртта отырмыз-ау... Үйіміз күтпеген жерден қуанышқа толды да, Бибінұр мен Бибанар мәз-мәйрам. Мен ес білгеннен бері біздің үйдің желпініп отырғанын көргенім сол, оқыс қуанышты тосырқап қараймын. Абыр-сабырдан бойымды аулағырақ салмаққа әкемді айналып, қолтығының астынан көз тастағам. Бибінұр оқудан оралған екен, шашының арасын айрып өргендіктен, жатырқап жүрмін. Мені қуалап ұстап алғысы келеді. Азар да, безер шыға қашамын. Өйткені, жанында бейтаныс адам бар. Ол - менің әскерден демалысқа шыққан көкем.

Көптен бері көрінбей кеткен пешеней-кәмпит отбасымызға ойын-сауығымен оралды, апаларым өлең айтты да, менің тәттіден аузым босамады. Тіпті, кәмпит ораған қағаздардың өрнектеріне дейін жұтып қойғандай әдемі, сондықтан оны да тіске салып шайнаймын. Себебі, әдемі нәрсе тәтті де болуы керек қой.

Көкем көп болмады үйде. Мен солдат киімдерін киіп, құмарымнан шығып үлгермедім, оянған кезде төрдегі төсегінен таба алмадым.

- Көке-е!..

- Көкең келеді күнім... Жаңа ғана қала жаққа жаяу-жалпы кетті, - деп шешем ту алыста сағымдары ойнап, теңіздей толқыған көкжиектерді көрсетеді. Бірақ, "келеді" дегенді түсінбеймін, көкем маған қазір керек өйткені.

- Көке-е!..

Бірінші класқа барғаны болмаса Бибінұр да алдағанға сене салатын бала емес пе, біз үшеуміз ұбырып-шұбырып, апамның көзін ала бере, даладан көкемді іздеп тауып алуға шықтық.

- Қалайда көкемді қуып жетемін, - дейді Бибінұр арқасындағы маған.

Ауылдан ұбырып-шұбырып өріске шығатын мал жоқ болғандықтан, иесіз қыстаулардың төңірегіне түз шөптері қаулап өсуші еді, ал еркектей бастаған жантақтың бойынан бірімізді біріміз көрмейтінбіз.

- Көкем, ана бұтаның арғы жағында тығылып отырған шығар, - дейді кішкентай Бибанар жан-жақты қолымен нұсқап. Әріректе бірдеңе қарауытып қимылдайды...

- Көке, көке!

Солай қарай тұра жүгіреміз. Барсақ, желмен шайқалған қураған жантақтың саяудай-саяудай түбіршіктері болып шығады. Кеше ғана арамызда жатқан көкемді елегзи іздеп жүріп, біраз жерге барып қалғанымызды байқамадық, төңіректі қараңғылық пердесі тұмшалай бастағанмен, қанша дауыстасақ та көкем жауап қатпады.

Үстімізден қанаты сусылдап, ілгері-кейінді қарлығаштар ұша бастады ма, түнерген аспанның төсінен белгісіз нәрселер үрей үйіріп

біздерді жан-жағымыздан қаумалай түсті. Иесіз қыстауларды басыма көтеріп жылауға кірісіп едім, екі апам маған қосылды. Қызыл іңірдің кезінде жетімсіреген үшеуміз қоңыр қозыдай болып маңырап тұрмыз. Даусымызды есіткен апам артымыздан жүгіріп келді.

- Құлыным, құлыным!.. - Қою қараңғылықтан қорқынышым бар, қарнымның ашқаны айырбас, апамның омырауына басымды тығып, бүрісе отырып өксимін. Апам басымнан сипайды.

- Қарғаларым-ау, тұрған жерлерің мидай жазық қу мекиен дала ғой, ... елсіз жерде үбіжік жүреді... Бұл жақта не ғып жүрсіндер, қаңғалап?

- Көкем, көкем қайда?.. - Мен одан арғысын айта алмай, еңіреп қоя бердім. - Көкемді сағындым...

## ДҮЛЕЙ

Қарақұлақ сырттан жөнінде жұрттың аузынан жиі естимін. Қасқырды көрмесем де атынан-ақ қорқам, сонда да болса әжемнен қайталап сұраймын.

- Әже, әже, қасқыр қыз көрсем қайтем дейді?

- Қыз көрсем қызыл өңешіме салып аламын дейді.

- Кемпір көрсем қайтемін дейді?

- Кеңк-кеңк күлемін дейді.

- Шал көрсем қайтем дейді?

- Шалқамнан түсіп жатамын дейді.

- Ал, ұл көрсе ше?..

- Ұлы қабақтан асып қашамын дейді...

- Әже, әже, Сержан ұл ғой...

- Ұл! Сержаннан қасқыр қорқады, оны көргеннен зәресі қалмай, қабақ-қабақтардан асып қашып кетеді.

Мен тұрған жерде қасқырдың жоламайтынын естіп апаларым мәз болады, өзім де мәртебеленіп қоқиланып қаламын.

Апам айтады: "Қоралы бала-шағамызбен үйіріліп қашанғы отырайық, әкең таяқ сүйеніп жүруге жарағасын-ақ ескі қоныстан көштік" дейді. Ол кезде жердің ызасы бетіне жақын жата ма, әлде табиғатта сондай бір белгісіз құдірет пайда болды ма, көктемгі жауыннан тұрып қалған көл аумағындай қақ суы жыл он екі айда жерге сіңбей мөлдіреп жатады екен. Халық сол суға егін салып, қауын, қарбыз, тары, жүгері егеді.

Біз де сондай бір ауылға көшіп барыппыз. Менің есімде қалғаны: жаздыкүні жағалай тігілген үйлер, дабырлап сөйлеген қыз-келіншек, егіс басына аттанып бара жатқан ер адамдар. Әкем мені алдына отырғызып егінге ала кетеді. Міне, осы кезеңнен біздің ауырмалықты бөлісіп арқалаған әжемнің бейнесі менің есімде

ұмытылмастай сақталыпты. Кенеттен ауыл үстін аласапыран қылып, қазан-аяққа дейін төңкеріп, бүкіл әлемді алай-түлей еткен алапат дауыл көз алдымда. Мен қорыққаннан әжемнің маңайына бұғып жата кеттім, басымды көтерсем, төбемізде үй жоқ. Қасымыздағы жүкаяқ үстімізге құлап, әжемді басып қалған, шырылдап ұшып тұрдым. Менен сәл ғана қауметтірек кемпірді қолынан тартқылап, жүкаяқтың астынан суырып ала алмай әуремін. Қайдан жүргенін кім біліпті, қасымда өңіреп-мөңіреп бұзау тұр.

Ел айтады: Біз егінде жүр едік, сонау құм қолтығынан айдаһар сияқты қара бұлт көтерілді де, ауылдың төбесіне қарай шырқап шыға берді. Сол кезде егіндікке тауықтың жұмыртқасындай бұршақтар тасырлап түсе бастады. Егіс басындағылар, күн саябырсыған кезде, бала-шағаларын ойлап ауылға қарай шапты. Келсе, киіз үйлер жоқ. Әр жерде шашылып уық-кереге, шаңырақтар жатыр. Шетінен жау шауып кеткендей жайрап қалған. Елде Айман деген ісіне мығым, әр уықты шегедей қадап, бас құрды шіреп байлап, босағасына дейін қазықтап көметін жесір келіншек бар еді. Соның үйінің жұрты ғана қалыпты. Ауыл адамдары атқа мініп ізім-қайым жоғалып кеткен үйдің ізіне түссін. Бір-екі қыр асқан кезде биік қабақтың ықтасындау жерінде еш жері бүлінбей тікесінен тұрған үйді көріп, жұрттың бәрі Айманның мұқияттығына жағаларын ұстап, таң қалып келді. Ал, қалған үйлердің бәрі керегелерін қайта көктеп, шаңырақтың күлдіреуіштерін жамап-жасқап жаңадан салып, тамтығы қалған ағаш үйдің сүйектерін құрастырып баспана жасады. Есімді еміс-еміс білетін кезде көрген табиғаттың аласапыран күйін көз алдыма елестету әлі қиын.

Бұның ауырмалығы елге тиді. Қарбыздар қақ-қақ бөлінді, басылған тарылар жапырыла жатып қалды, ел ішінде бей-берекетшілік басталып, ауылда үлкен төбелес болды. Кім-кімді ұрып жатқанын білмеймін, біреудің есігінің алды апыр-топыр болып, өзара қырқысқан дүрмекті көрдім. Арашаға аурудан тұрған әкем де барған, солардың аяғының астында қалса керек, ойбайымды салайын. Шешем әкемді қолтығынан демеп, үйге қайтып келеді екен:

- Айыру бермесе, бірін-бірі түтіп жесін, - деп келеді.

## **СӘТСІЗДІКТЕР**

Біз қыстауға көштік. Үйде дауыл кезінде әжемді басып қалатын кебеже бар еді, соны көшкен кезде түйенің бір жағына қомдап, ішіне Бибанар екеумізді мойнымыздан қылқитып отырғызып қоятын. Баратын қыстауымыздың түбінде өзекше сор бар, соған жете бере, түйе батпақтан аяғын тартып ала теңселіп тұрып, құлай кетті. Қоршау ішінде отырған әжем байғұс домалап сордың үстіне түсті. Оны

көргесін ұялас балапандай Бибанар екеуміз кебеже ішінде жылап қоя бердік.

Күн жауын-ды. Әкем мен шешем бірімізді жетектеп, екіншімізді қолтықтай жүріп, әжеммен бірге өзектің бергі бетіндегі иесіз қыстауға әкеліп тастап, түйе мен заттарды аман сақтап қалу үшін кейін қайтты.

Ымырт үйіріліп, қас қарая бастаған. Әр жерде сұңқылдап бірдеңе дыбыс береді.

- Бұл не? - деймін.

- Байғыз ғой, - дейді әжем қыздырманың аузына жалғыз қолымен шөпшек жиыстыра жүріп, сірәсі, от жаққысы келеді. Тамызық тұтанып, бөлме ішіне жарық түсті, бірақ пеш тартпады ма, бөлме ішін көк түтін кернеп кетті. Біз қиқылдап жөтелгесін, әжем үйдің есігін ашып қойған. Сәл-пәлден соң, пеш гүрс етіп, опырыла құлады. Пеш түбіне ыңғайласып орналасқан әжемнің от үстемелеймін деп түрегеліп кеткені әбүйір болды. Аман қалдық.

Талай рет төніп келген қатердің қолын періште қақты ма, от пен судың ортасынан аман қалып, ілгеріге мойнымызды создық. Түн ішінде балшыққа малшынған түйесі мен сынған-бүлінген сандықтарын артып, әкем мен шешем келеді екен.

## **АЛҒАШҚЫ МАШИНА**

Сол жылғы қыс мен үшін үлкен жаңалық ала келді. Аулымыздан тұңғыш рет машина көрдім. Токтаған соң, қорғалақтап қасына барғам - алқынып қалған төбеттей ыр-ыр демігіп, ішектері шұрылдайды.

- Адам-ай, орыстың ойлап таппайтыны жоқ! - Әжем де әлгі машинаны қолымен ұстай жүріп, бір айналып шықты. Кетер кезінде дүр ете қалған машина қалш-қалш етіп, шымырқанған ат секілді табанының астын тарпып, бір-екі уыс топырақты атып-атып жіберді де, зырылдап ала жөнелді.

- Адам-ай, орыстың ойлап таппайтыны жоқ-ау...

Есігіміздің алдында бір-екі төбетіміз болатын, әлгі машинаны тырағайлата қуып, қыр асып кетті, әрине, олардың қандай шаруа бітіріп қайтқанын білмеймін, бірақ мен содан кейін машинаға ұқсап, аздаң от алып оянып, жүрсем, башпайларыммен топырақ шаша жүгіріп, ұйықтар кезде де пысылдап жатып көзім ілініп кететін. Машинаға ұқсап шегінемін деп жүріп, шелек толы суға түсіп кеттім. Шелектің ішіне денеммен бүктетіле сиып кеткеніме қарағанда, тіпті кішкентаймын-ау деген ой түседі.

## **КҮМІС ТИЫНДАР**

Қыстың суреті бәрінен де ғажап, бірақ соны қасына барып өз қолыммен ұстап көрейін десем, менің аяқ киімім жоқ. Сондықтан әжемнің сүйретіп жүрген ескі галошын іліп есікті ашып тұрамын да, төңірекке көз саламын. Әсіресе, ауылдан атты қонақ шықса болды, олардың ізінен абалап иттер де үре ұмтылады, солармен қат-қабат жалаң аяқ мен де жүгіремін... Себебі, үйдегі қонақтар атын жемдеп-сулап сәскелікте аттанады. Бұл кез қардың беті күн сәулесімен құбылып жататын ғажайып уақыт. Жер бетіне ақ түсті қар емес, нарттай жайнаған қызыл масаты төсеп тастағандай құлпырады. Сол қызыл масаты сыдыртқан аттың тұяғынан бұрқылдай көтеріліп, шашасына дейін қызыл бояуға көміп жібергендей ме... әйтеуір ат аяғының түбінен көтерілген қызыл шұғыланың ішінен жылтылдап, күміс тиындар шашырап ұшқандай болады. Тиынды жақсы көремін, ол менің омырауымда да, апамның шашбауы мен әкемнің қалтасында да кездеседі. Сондықтан шығар: "Е-е, қонақтың қалтасынан саудырап тиын түсіп жатыр екен ғой" деп ойлаймын. Солардың бірін де қалдырмай теріп алғым келіп, аттылының ізінен тұра жүгіремін. Оппа қарды ойып түскен тұяқтарының ізі ана жерде, мына жерде кішкентай шұқыр болып жатады. Қалтырап-дірілдеп тұрсам да, сол інгешектерге қолымды дендете жуан білекке дейін тығып сүңгітіп, әлгі тиындарды іздеймін. Қолыма, саусағымның басы тиісімен еріп жүре беретін мұздай қар ілінеді. Қанша рет еңбегім зая кетіп, құр алақан қайтып жүрсем де, қонақтың ізінен ере жүгіруді ауылдағы иттер де, мен де қоймадым. Сол кездері көзіме елестеп кететін күміс тиындар шынымен қарға шағылысқан күн сәулесі ме екен, әлде немене? Сәби жүрегіме қылаң беріп жатқан елеңнің алғашқы ұшқыны ма? Себебі, бүгінгі күнге дейін қыс айларында қар бетінен сол күміс тиындардың жарқылын көргендеймін.

## ҚАБЫЛБАЙ

Үйге өткінші жүргіншілер жиі соғады. Ондайда менің жүрегім өзімде жоқ, кімнің де болса алдына жатырқамастан отырып аламын. Бұл әдетім көлденең келген көк аттылардың бәріне бірдей ұнамайтын шығар, әйтеуір менен құтылғанша асығатындай. Бүйірінде атша шауып отырған баланы қолының сыртымен байқатпай ығыстырып көреді. Оған тапжылатын мен жоқпын. Ақыр болмағасын әлгі кісілер де бас білген тайдай жөнге келіп, ыңыранғаннан басқа үн шығармайтындай болады.

Бір күні біздің үйге тілі сақау, күлдіргілеу сөйлейтін, желкесінде шоттыып шыққан шиканы бар Қабылбай деген кісі келді. Жантайып

жатқан әлгі ағаны ат қылып мінейін десем, шиқаныма тиіп кетеді деп ойлай ма, басын бұғып зар қақсайды.

- Атыңды естіп жүй едім, бая, мен саған өйең үйиетейін, - деді бір кезде. Тілін қызықтап тұрдым да, бұл ұсынысына қуана келістім.

- Үйрет.

- Домбия бай ма?

Біздің үрім-бұтағымыздағы үлкен кемшілік сол, біреуі домбыра шертіп, "әу" деп ән айтуды білмейді, сондықтан ондай аспап үйімізден табыла бермейтін. Қабылбай қатты қысылғандай болды. - Апимай, ә... Шашпа, бая, - Содан кейін қазан-аяқ жаққа жүгіріп барып, қолына оқтау алып оралды. Оқтаудың да құлағын бұрап, күйін келтіргендей шертіп біраз отырды да:

- Өйең шикінді айтпағаныма көп болып еді. Мына баяның тауы шағимасын деп...

Үйде өзге де адамдар бар еді, "дұрыс, дұрыс" деп жатыр.

- Шу бай ма, - деді Қабылбай, - Қазии тамағы түшкии кеуіп қаяды ғой.

- Бар, бар...

- Қызыл шай әкел, - деді әкем есік жақтағы шешеме.

Қабылбай шайдан бір ұрттап алды да, бар даусымен айқайға салды; қолындағы оқтауы шұнаң-шұнаң етеді. Жұрттың бәрі қыран-топан күлкі, "жыраудың" онымен шаруасы жоқ.

Паявоз...

Айқылда,

Сайқылда,

Жанған оттай жайқылда...

Бала да болсам, күлкі шақыратын біраз өлең айтқызып, түн жарымына жеткенше отырған шығармыз. Мен ұйықтап қалыппын, бірақ оянысымен Қабылбайша қолыма оқтау алып, "Паявоз, айқылда, сайқылда, жанған оттай жайқылда" деп өлең айтуға кірістім. Бұрынғыша қонақтардың мазасын алмай, қайта сақауланып өлең айтып көңілін көтеремін.

## **"ҮЙЛЕНУ ОҢАЙ, ҮЙ БОЛУ ҚИЫН"**

Тағы да жаз. Біз қонған шұңқырда үй аз, бала басы да санаулы. Ойындарының бағытын кейде ұқпай қаламын, сонда да болса қатарларына қосып алады. Өзім де ұзақты күнге үй көрмей, айналма болған қойға ұқсап, солардың жанынан шықпаймын. Көбісі жасы үлкен қыздар, мені жиі-жиі түртпектеуіне қарағанда, аса сүйкімді емеспін. Кейде есемді жібергім келмей ойыншыққа таласып та көремін, бірақ ешкімге әлім жетпейді.

Бір күні бәріміз шұбырып ауыл маңындағы ай тақырға бардық. Сол тақырдың бетінде үлкенді-кішілі тастар жататын, соларды жинаймыз. Оған мен де қатысамын. Бәрімізді бастап жүрген Нәзира деген қыз:

- Ал, енді үй саламыз, - деді.

- Қалай, қалай?..

- Қазір көрсетемін.

Шынымен адам отыратындай кең бөлмелі үй соғар деп ойладым ба, тергіштеген шақпақ тастарды етегіме салып үйе бердім. Нәзира тастарды қатарластырып тізіп, төрт бұрыштың нобайын келтірді де, "төр үй" деп біреуін бөлекше қоршады. Мен саралап жүріп жинаған тарғыл тастарды осы төргі үйге жұмсады. Сосын, ауыз бөлме, шылаң, қора – бәрі салынды. Есік деп қалдырылған ашық жермен кіріп-шығып жүрміз. Нәзира бәрімізді тәртіпке келтірді.

- Мен қазір келіншек боламын, сосын шелегімді алып барып, түйе сауып келемін. - Бұл арада "түйе" де - тас, "шелек" те - тас әрине, бәрінің орнын белгілеп қойды. Бір қыз – кемпір, бір қыз – бесіктегі бала, інгәлап жылайды, оны тас "табақпен" жауып, қылқылдатып сүт ішкізеді. Ара-арасында, баланы емізіп те алу керек, Нәзира "емшек" береді. Байқап отырмын үй ішінде орнын таппай құр қалған мен сияқтымын.

- Мен не боламын? Мен ше? - Нәзираның қыңқылдап қасынан кетпедім.

- Сен маған бай боласың.

- Орә, орә! - Бұндай оңайдан табылған ақылға қалған қыздар қолдарын шапаттап қуанды да, мен енді "бай" болуға кірістім.

- Сен отыр, - деп алдыма тас "дастархан" жайды да, "самауырдан" "кесеге" шай құйып беріп отыр. – Енді сенің жатуың керек.

- Мынау төсек, - деп "төргі бөлмедегі" тақырдың үстін қолымен сипап жіберді де, басыма жастық деп бір тасты салды. Мен сол тасқа, шекемнің ойылғанына қарамастан құлай кетіп, "қор" ете ұйықтауым керек. Басымды да, жамбасымды да жаңағыдай "құс төсек" жеп барады. Ойынның ережесін бұзбасқа сыр білдірмеймін, аяғымды айқастырып шалқамнан түскенмін.

Тұрып-ақ кетер едім, "келіншегім" жүгіріп келеді де құлағыма былдыр-былдыр сыбырлайды да:

- Түсіндің бе? - дейді.

- Түсіндім. - Мен қауақтай басымды изеп белгі беремін.

- Шай ішіп, домбыранды тартып жат, - дейді.

Мен айтқандарын екі етпей орындаймын ол: - Кешкілік келемін ғой, - деп шығып кетеді. Бірақ оның бұл әрекеттерін түгел ұқпағандықтан, басымды көтеріп:

- Шай қайда? - деймін.

- Сен де бір бәле болдың-ау, - Нәзира мені шынымен некелі күйеуіндей көріп, шаптығып сөйлейді. - Құмыңды ішкір, ішсейші мә, қақсай бермей... Өзімнің қолым тимей жатса, бір жағынан бала, - деп алдыма ірілі-уақты бірнеше тасты лақтырып жібереді.

Е-е, белгілі, мен шынымен кәделеп шай ішеміз деп ойласам, тас кесені ерніммен иектеп сораптауға тиіс екенмін. Төбемнен күн өтіп, мыж-мыжым шығып отырғандықтан, "шай ішесің" деп алдағанына наразылық білдіремін. Нәзира болса тағы да:

- Мына балаға қарай тұр деп – тағы бір тасты ұстатып кетті. Өзі сиыр саууға тысқа беттеді.

Мен "келіншегіме" тіпті риза емеспін. Оның үстіне шекеме батқан қырлы тастың орны зар қақсап барады, қолымдағы "баланы да" ереже бойынша селкілдетіп жылатпауым керек, күннің астында қалғып-мүлгіп басым ауырайын деді ме, жылауға айналдым. "Бай" болудың қиын міндет екенін сол жолы білдім.

Малды байлап, шаруасын бірыңғайлап, уһілеп үйге келген "келіншегім":

- Қазір көзге түртсе көргісіз түн болды. Төсек саламын, - деп тақырдың үстін тағы да сипалап-сипалап. - Жатуымыз керек, - дейді. "Алдымен сен жат" деді де, баяғы көпшік деп қойған үп-үлкен тасын нығарлап көрсетеді. Менің мұндай өтірік өмірге жыным тырысты.

- Жатсаң өзің жата бер! - Мен де ерегісіп алдым. Бағанадан бері үстінде жағдайсыз жатқан тасқа құлай кетуге құлықты емеспін. - Бірінші сен баста.

"Ерлі-зайыпты" екеуміздің арамызда кикілжің осылайша өріс алып кетті. Есіктің алдында жайылып жүрген қой-ешкілер қайтадан адам қалыптарына келіп, біздің "шаңырақтың" қалай қарай қисаятынын бағып, екінші жағынан Нәзираға болысады.

- Жатсайшы, ойын ғой, жатсайшы...

Менің тіпті, сөз өтпейтін миғұла екенімді көрген Нәзира, ертелі шай беріп отырған көк тасты алды да, онсыз да ауырып тұрған шекеме тоқылдата ұра бастады. Бірақ мен қос қолдап ұстаған "баладан" айрылған жоқпын, оған әрине бауыр етім елжіреп бара жатқан жоқ, өйткені тасы түскір үй мүліктеріне өз қолыммен қосқан "үлесім" еді. Сол үшін Нәзираға тұқырайып отырсам да, өз дегенімен қайтпайтын қаркестілігіме әбден күйді ме, "қалап алған байы" екенімді де ұмытып, бірден желкеме мініп, желкеме тізесін тірей тақырға қарай бассын. Өліп барамын, көзім мұрнымның тұсында тақалып тұрған сирағына түсіп кетті де, ауызды салдым келіп.

- Ойбай өлдім, ойбай!..

Жіберер бәлең мен емеспін, тісті бақадай жабысып, басыма тиген тасқа да қарамадым. Өзер дегенде босанған Нәзира аяғын ұстап



отыра кетті. Бұдан әрі қарай таяқ жеп қалмау жағын қарастырып, ауылға қарай қаша жөнелдім. "Күйеуінің" опасыз болып шығып, сазға отырғызғанын көрген Нәзира атып тұрды да, бағана "бала" деп ұстап отырған тасты өзіме қарай жіберіп қалды. Абырой болғанда "бала" басымнан асып қаңғалап кетті. Сөйтіп біздің "шаңырақ ортасына түсті", мен басымды қайттап, "некелі әйелімді" сонадайдан көрсем қашқалақтап жүріп, ақыры "ажырасып" тындым.

## ҚЫЗЫЛША

Сол жылғы қыс біздің көршіміз Толыбай деген шал, әйелінің аты Қағаз еді. Аты Қағаз болғанмен, заты қағаз емес, көмірдей қара, көзі аларған, тайпақ бет үлкен әйел. Мен ол кісіден тайсаламын. Қағаздың менен үлкен баласы бар, шешесінен түр-түсі аумағандықтан, онымен ойнау да қауіпті тәрізді. Сондықтан жалғыз өзім машинадан қалған ірілі-уақты дөңгелектерді тауып алып, жер жетпегендей күл-қоқыстардың арасында заулап жүремін. Езуім көпіргенше гүрілдеп, титықтайтыным сондай, бір күні жайма қораның шуағына маужырап, далада ұйықтап қалыппын. Толыбай қойды қораға қамайын десе, бір бұрышта пышылдап жатқан "құбыжықты" көріп, дүрлігіп кейін толқиды дейді. "Ішіне ит кіріп кеткен бе?" деп назарын салса, аузынан су ағып, дөңгелегін құшақтай құлаған мені көрген. Содан кейін үйдегілердің бәрі қорқытып-үркітіп, әр түрлі құбыжықтар жайлы айта бастады.

- Далаға ұйықтап қалсаң, шайтан қағып кетеді...

- Қаққанда қайтеді?

- Аузың желкеңе шығып, көзің тас төбеңде жанып тұратын болады?

- Ал, бұрынға аузы-мұрнымның орны тас болып бітеліп қала ма?

- Ол араға қалқиған құлақ шығады, сосын құлағы салбырап кеудеңе соғып, күндіз-түні дөңгелегіңді қуа бер.

Шынымен қорқынышты. Осындай жантүршігерлік оқиғаларды көз алдыма елестетіп отырып, өткен жолы аман қалғаныма қуанам. Олар әлі де менің санама сіңіре түскісі келеді.

- Далаға ұйықтаған кезінде перінің қызы Бекторы андып тұрып, жеп кетеді сені.

- Содан соң не болады?

- Сосын бүйтіп ирелендей отырып. - Саусағын қимылдатып көрсетеді. - Бекторының тамағынан өтесің де, ішегімен жүріп қарнына түсесің.

- Қарнынан кейін қайда барамын?

- Одан кейін бе? - Олар да ойланып қалды. - Сосын қойдың құмалағындай жұмалап-жұмалап жерге түсесің де, сені "ап" деп қасқыр жейді.

Қасқырдың атын естісімен үнім шықпай қалады. Осыдан соң біраз уақытқа дейін үйден ұзап кетпейтін болдым.

Бір күні аулымызға беті қисайған бір кісі келді. Аузы желкесіне шыға қоймаған, бірақ жағының қапталында тұр. Сол арадан тамақтанып, сол арадан күледі.

- Аға бала кезінде далада ұйықтап қалған ба? - дедім. Әкем маған "Өшір үнінді" дегендей көзін алартқасын, аңтарылып қалдым.

\*\*\*

Анда-санда төбесін көрсетіп, есіктің қыр көзінен кейін қайтатын Қағаздың балықтай қара баласы бір күні, қыр ізімнен қалмады. Мен оны өнеріммен таңқалдыру үшін, ортасына өткізген дөңгелегімді қаттырақ айдап, ши-шидің арасындағы сиыр салып кеткен қатқыл жолмен тоңқандап жүгірейін. Анау ойын қызықтағандай, алысқа ұзап кетсем де соңымнан борсаңдап, ішек-сілесі қатқанша күледі. Оның маған соншалық мән бергеніне масаттанып, бұрынғыдан да қаттырақ жүру үшін жан дәрменімді жұмсап, ой-қыр демей ұрынамын. Әбден жүгіре-жүгіре сілесі қатып шаршаған бала, қайтар кезінде май құйрығымнан түртеді. Иманым тас төбемнен шықты, бағанадан бері көршімнің таң-тамаша қалып жүргені өнерім емес, балағы тобығына түсетін ұзын дамбалым бар еді, соның ту сыртындағы тігісі сетінеп кетіпті. Мен дөңгелек айдаймын деп еңкейген кезде, Қағаздың баласы кино көргендей шұқшиып ішек-сілесі қата шикылдайтын еді-ау. Мәселенің байыбына барғасын қалған абыройымды алақаныммен басып, үйге қарай тұра жүгірдім.

Содан кейін біраз мерзім үйден шықпадым, ұялғаннан емес, төсек тартып ұзақ уақыт ауырдым. Күндіз-түні күйіп-жанып жатамын да, көзімді жұмсам, құдыққа құлап судың түбіне кетіп бара жатқандай аласұрам. Көп ұзамай денемнің әр жеріне қызарып тарыдай-тарыдай дақтар пайда болды да, бара-бара киіздей ұйысып тұтасып қалды.

- Ақұдай, ақұдай, енді тәуір боласың. - Мен үшін көздері құрғамай отырған әке-шешем әр жерімді сипалап көреді. - Бұл қызылша ғой.

Олар айтқандай бірден келеге келе қойғам жоқ, қызуым қайтпай ұйқылы-ояу тірліктің арасында мәңгіріп жаттым. Үй ішінде болып жатқан әңгімені түгел естимін.

- Қағаздың баласы да қатты жығылған екен. Қызылшасы бетіне шықпағасын ба, денесі өртеніп жатыр, - дейді шешем.

- Индет қой, - Жалғыз ұлынан ұзамаған әкем маңдайымды уқалайды. - Бұл өзі доғдырға көрсететін ауру емес...

Ертеңіне де сәмсіреп өң мен түстей бір күйімде жатыр едім, құлағымға еміс-еміс шешемнің үні келді.

- Қағаздың баласы шетінепті-ау...

- Жаңа ғана көзін аша алмай жатқан...

- Көне қоныста барлық баланы баудай орып жатыр дейді, біздің жайымыз не болады екен?.. - Шешем үнсіз жылап отыр. Әкем дыбысыңды шығарма дейтін белгі берсе керек, сыңсыған үн әлдеқайда жоқ болады.

- Құдайға сиына бер, - әкем жәй ғана сыбырлады. - Сен осы арада бақауылдап отыр, мына үйге көңіл айтып, кіріп шығайын.

Бір күні қуығым байланды. Дөңбекшіп, төсегімде бүктетіліп, жылап жатырмын. Әкем мен шешем "не жаздым" күйге түсіп, құдайына "ақ сар бас" айтты, бірақ біздің үйде ондай атаулы мал қайдан болсын.

- Дүние-мүлкім сенің жолыңа садаға, - әкем есіктен бас жібінен жетектеп торпақ алып кірді, құйрығының ұшынан кесіп отқа көңірсітті. - Осыны әруақтарға атадым.

Не құдірет күштің әсер еткенін білмеймін, буыным босап, байланған қуығым жүріп кетті. Әулие-әмбиелерге жалына-жалбарына, алыс ауылдағы атышулы тәуіп болған кісінің ұрпағы деп, адам шақырып, жаңағы торпақты бердік. Тағы да қой сойылды. Сол кештен бастап, маған әлдеқайдан күш ене бастады. Келген қонақтарды қызықтап жатып, жан-жағыма алаңдаймын. Күлдім. Әке-шешем мәрес-сәре қуанып, табандары жер иіскемей зыр жүгірді.

Көретін жарығым бар екен, көзім үңірейіп, тізем-тіземе соғып, қалтырап-дірілдеп орнымнан тұрдым. Терезенің жақтауынан тырмысып тысқа қарап едім, дала самаладай жап-жарық. Көкжиектен көтерілген күн, "қалай тәуірсің бе?" дегендей күліп қарайды, мен тұнжырап төмен қарадым.

## **ТОЛЫБАЙДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ**

Аурудан айықпастан бойым сергігенге, далаға шыққым келді. Оның екінші себебі бар. Мен жаныммен арпалысып жатқан күндері, көңілімді аулағысы келді ме екен, әлде "жалғыз ұлымыздың үстін бүтіндемейтіндей не күн туды?" деп ойлады ма, әке-шешем үстінде жолағы бар, су жаңа костюм-шалбар әкеліп көрсеткен. Соны тезірек иығымға іліп, ауыл маңындағы машина жолдың бойымен, одан әрі шеген құдыққа қарай жүгіргім келеді. "Әлі саған жүруге болмайды, әлсізсің" дегеніне қарамай қыңқылдағысын, шешем үстіме костюм-шалбарымды киіндіріп, есіктің алдына шықты. Жаңа киімнің буы ма,

немесе шынымен сауығып кеттім бе, ұшатын құстай қомданып, әрлі-берлі көп жүрдім. Киімдерім құйып қойғандай екен, жеңіме балағыма қанша қарасам да көзім тоятын емес, осы қалпымда үйге кірмей жүре бергім келді. "Салқын тиеді" деген шешемнің сөзіне құлақ аспадым. Түнде жапалақтап қар жауды деген; дүние кіршіксіз таза, әрі жап-жарық екен, соны аман-есен көргеніме сүйінші сұрағандай шапқылап қораның сыртын бір айналсам деймін. Дегенмен, буын-буыным қалтырағасын, сәби көңілім өз-өзіне әлі де сенімсіз.

Қора жақтан "ырқайт, ырқайт" деп қой қайырған Толыбайдың даусы құлағыма келеді. Есік алдынан ұзап шығып, бойым тосырқаған тірлікке көз салып едім, сонадай жерде бір-бірімен иықтасып өріске қарай беттеген қой-ешкілер аққан судай толқындап барады. Менің назарыма отар ішінде дара жүретін "Еділбай қошқар" ілікті. Аяғын ырғаң-ырғаң басып, шабатын аттай кербезденіп, маңғаз жүріп барады. Қызығ-е-еп кеттім! Бір-екі аттап қуып жетіп, қыр арқасына секіріп мініп алсам, жаңа костюм-шалбарым жарқылдап, ауылдың ортасымен жорғадай тайпалтып тартып кететіндеймін. Қиялдап тұрып, өзімнің ай жарымдай сал болып жатқанымды, әлі де бойымды билеген әлсіздік барын, тіпті даусыма дейін қалтырап шығатынын ойдан шығардым. Бар күшімді жинап, таяқ тастам жердегі қошқарға ұрлана жақындадым да, "қолым жетеді-ау" деген шамада, көкшулан жүндеріне қос қолдай тап бердім. Қошқар менен мұндай әбжілдікті күтпеген екен, осқырына атылып қаша жөнелді. Табаным-табаныма тимей зырылдап, миым солқылдап, "Еділбай қошқарға" еріп қанша жүгіргенімді білмеймін. Әбден еліріп алған, мүйізі қарағайдай қызулы қошқар бет алды құла дүз шапқыламады, топырлаған қойдың ортасынан бұрылатындай қалтарыс тауып, жалт бұрылды. Жердің үстіне түнде түскен қар бар, бір отар қойдың тұяғымен езіліп, миы шыққан қойдың құмалағы бар, солардың үстімен аспан мен жерді қоса құшақтап әлдеқалай қарай домалап барамын, домалап барамын. Есеңгіреп қалыппын, қолымды жүрелей жерге тіреп түрегеліп бере киімдерім ойыма түсті. Жаңа ғана иненің көзінен өткендей су жаңа костюм-шалбарымның сау тамтығы қалмаған, өңірінен бастап, балағыма дейін сағал-сағал бет көргісіз. Ішім удай ашып кеткеннен бақырып жылап жібердім. Толыбай аттың үстіне қонып үлгерсе керек, қора жақтан дүрсілдетіп шауып келді де, малмандай болып аяқ баса алмай тұрған менің қасыма домаланып түсе қалды.

- Айналайын-ай, жылағаның Қартбайжанның даусынан айнымайды екен ғой... Өзегімді өртеп жібердің ғой... сол ма деп едім...  
- Толыбай еңкілдеп келіп, тонының өңірін айқара ашып, баурына басып алды. Үлкен кісінің жылағанын бірінші көруім бе, қорыққанымнан үнім шықпай қалды. Оның жүзін жуған жылы жас

суымастан бұршақтап келіп бетіме тамады. Маңдайымнан, қолымнан, мұрнымнан сүйді.

Мен Толыбайдың құшағынан босаған соң, шешем бесік жасындағы баладай көтеріп үйге әкеле жатыр.

- Қарағым-ау, қарағым, саудырап қу сүйегің қалыпты ғой... Шықпа деп айтқаныңды неге тыңдамайсың?..

Мені мазалап келе жатқан ой мүлде басқа, оның сауалын апамнан іздеймін.

- Апа, Толыбай атам неге жылайды?

- Сен неге жыладың?

Көкірегімді әлі де өксік буып тұр. Көзімнің алдында сап-сары ала болып есіліп қалған костюм-шалбарымды саусағыммен шұқып көрсетемін.

- ...Мынаған...

Шешем мені сол айғыз-айғыз, сабалақ күйімде баурына басты.

- Толыбай атаңның баласы сен ауырып жатқанда қызылшадан өліп қалды ғой... Қартбай ше?.. Оның да жалғыз баласы еді, қартайғанда көрген...

- Неге өлді, апа?..

- Қызылша деген бәле өзімен ала кетті ғой... Құдай қарасып, сен аман қалдың... Соны неге түсінбейсің?..

- Баласы өлген адамдар жылайды ма, апа?..

- Қой айта көрме бәленің атын. - Апам мені айқара құшақтап, баурына қатты қысты. - Баласы аман адам жылаушы ма еді?

Мен мұнан кейін де жүгіріп ойнап кете алмай, үйдің ішін төңіректен көп жүрдім. Әлсізбін. Әкем әлдебір шаруалармен қала жаққа барып қайтып еді, маған түрлі-түсті бояулы қаламдар әкеліп, оны өткір шаппасымен ұштап берді. Ендігі ермегім сурет... Ақ парақ жоқ-ау демеймін, үйдің қабырғасы, есіктің жақтауы, кішкене орындығымыздың аяғы демеймін, қолым қалт етсе сурет саламын. Өзіме опық жегізген "Еділбай қошқар" да осында... Оған жүгіріп бара жатып, тыраң асып құлап жатқан өзім де бармын. Атынан секіріп түсіп, ебіл-дебіл шығып жылап отырған Толыбайды да айнытпай бейнелесем керек. Көзінің алдынан сорғалаған жасын сүйретіп әкеліп тонының етегіне жеткіздім, оған да місе тұтпай, кішкене көлшік жасадым. Басына тымағын кигіздім, сақалын ұмытқам жоқ, байпағын қоса көрсетемін деп екі аяғын және келідей қылдым. Көптен бері көз алдымнан кетпей жүрген көріністі сурет арқылы жеткізгеннен кейін, жаным тыншығандай жайбарақаттанғам.

Әкем есіктің бетіне салынған бұл суретке қарап тұрып, ұқсата алмаса да менің ойымды тереңнен түсінеді.

- Өшіріп таста, үлкен кісіні әлемештеп есікке салып қою ұят болады.

Ал, шын мәнінде, Толыбайды мазақ ету ниетімде жоқ еді, бұл менің өмір тұрғысындағы тырнақалды туындым болатын, ол сезімімді жеткізе алмаған соң, әкемнің айтқанын қылып, әлгі суретті үстінен бастыра бояп тастадым.

## СЫРТТАННЫҢ АЖАЛЫ

Әкем әспіден құлан-таза айығып кетпегенмен, ыңқыл-сыңқылына қарамай тіршілікпен қоян-қолтық араласып кетті. Ол кісінің жоқшылық заманнан үйренген бір кәсібі - аңшылық. Аңшылық заманында әулетімізді аман алып шыққан әкемнің қандыауыз қақпандары мен жүгірткен иті шығар. Бір өкініштісі - әкем осы аңқұмарлығын жақсы заманда да қоя алмады.

- Обалы бар ғой... Қоян-киік демейсің, түйеге теңдеп артып келесің... Бір алған текең де бір айлық азығымызға жетеді ғой... Жұртқа үлестірмесең, көңілің көншімей ме, қойсайшы осы әдетінді, - деп шешем екі күннің бірінде құдайдың зарын қылады. Оған құлақ асатын әкем жоқ, қысы-жазы далаға қарай елеңдейді де отырады. Аңшылықты мен де теріс көрмеймін, қақпан қарауға ілесіп бірге шығып жүрмін. "Сарықұс" деген тазы мен "Құттөбет" деген күшігіміз бар. Мен ес білер кезде "Сарықұс" қартайғандықтан әбден алжасты да табанының астынан қашқан қоянды көзі көрмей, алдымен иіс тартып алып, сол иісті қуалап шаламын деп жүргенде айдалаға қаңғалап кететін. Нәті иттен дегенмен "Сарықұсты" қаңғыртып жіберуге әкемнің көзі қимайтын болса керек, қыстың суығында да кәрі тазыны аяғының астына алып ұйықтайды. Ақыры, оның ажалы көшкен елдің иттерінен келді. Жұлым-жұлымы шығып таланғасын, қостың қасындағы кепесінен шықпай үш күн жатқан. "Сарықұсқа" тамақ құюға барса, өліп қалыпты. Бишараның тағдыры аянышты болды. Ендігі жерде "Құттөбетті" ертіп жүріп аң аулаймыз.

"Құттөбетті" - әкем иттің сырттаны деп бағалайды. Рас шығар, қасиеті көп мақұлық еді. Жаюлы тұрған етке назарын салмайтын, өткен-тұрған жолаушыларға жөн-жосықсыз үрмейді, бірақ ауылдың маңына ұры көзденіп соғатын бұралқы иттерді жолатпайды.

- Әке, иттің сырттаны деген не? - деймін, құрған қақпандарымызды жағалай көріп келе жатқанда сөз қашырып.

Аңшылық туралы әңгіме болғанда әкемнің ашылып кететіні бар.

...Ертеде маған туыстығы жағынан нағашы, Қилыбай деген кісі өмір сүріпті. Өзі сіңірі шыққан қу кедей екен, тіршілік етуі қиындағасын алыста қалған ағайындарын іздеп, ел тентіреп келе жатады. Әбден шаршап, қарны ашып, жүруге шамасы қалмай қалжыраған кезде мидай жазық далада көшкен ауылдан қалған жабық қораға кездесіпті. Соның ішіне кірген Қилыбай көз іліндіріп, әл-

дәрменін жинап алмақшы болып қисайса, ұйықтап кетеді. Әлден уақытта сатырлаған дауыстан оянса, төңірек түгел қараңғылық, көзге түртсе көргісіз түн екен дейді. Бірақ қораның бұрыш-бұрышынан бұған қарап, шоқтай жанған көздер көрінеді. Қилыбай мұның қасқырлар екенін біліп, дүз бөрісінің оттан ғана сескенетінін ойлап, қалтасынан шырпысын алады. Қораның қабырғасына өрген қызыл дүзгендерден алдына үйеді де, шетінен шырпы тигізіп, от қояды. Қора іші самаладай жарқырап, бұған қарай бұрыш-бұрыштан көздері жайнап жылыстай жақындаған он қаралы қасқырдың күжірейген жоталары көрінеді. Қилыбай жетеді-ау деген жерге келіп қалғандары болса, томарды жайлап алып, солай қарай лақтыра бастайды. Бірақ, аштықтан көзі қарайған қасқырлар мұның лақтырған шоғын бүйім көрместен, бір қыңсылап алып, мұны құрсаулауға айналады. Түгел төңіректен жанұшыра жәрдем сұрағанмен еститін құлақ жоқ. Қилыбайдың жаны алқымға келеді. Бір мезет қораның төбесін сатыр еткізіп, буылдырықтан тағы бір бөрі сылаң етіп ішке түседі. Қилыбай "шаруам енді біткен шығар" дей бергенде, бағанадан бері жер табандап жатқан қасқырлар атып түрегеледі де, мұны айналып, жаны қыдыра ышқына қашады. Шығарға тесік таппай қиналғандарды көк желкесінен ұстап алған тайыншадай алпауыт бір шайнап лақтыра береді. Бұл иттің сырттаны екен, бөрілер оны бірден танып қалып бастарын сауғалаған.

Әп-сәтте қасқырлардың бәрін жайратып салған сырттан Қилыбайға қарап тұрып, құйрығын былаңдатып мұның алдына түседі. Көп жүрмей-ақ үйлер көрінеді. Жылқылары шұрқырап, қойлары маңырап, малы мыңғырып жатқан байдың ауылы екен. Көзі қарайып ашығып жеткен Қилыбай боз отаудың жанына таяй бере, есік алдындағы астаушаның ішіндегі қуырдаққа көзі түсіп, бас салады. Оны көргендер: "Бұл етті жеуге болмайды, бұл сырттанға арнайы қуырылған" деп жолатпаған екен.

Қилыбай сөйтіп сыртанның арқасында аштықтан да, ажалдан да аман қалыпты.

Біздің "Құттөбеттің" де сырттан болуы ғажап емес, ол "тоқта", "алдында қақпан бар", "әне қоян қашты", "киік", "жат, тұр" деген сөздерді қалпелсіз ұғады. Осылайша әкем екеуміз саяттап жүріп бір ғажап аңға кезіктік.

Белгілі орыннан сүйретпесімен қақпанымызды таба алмадық. Бізден бұрынырақ жеткен "Құттөбет" те әлденеге ақырын қыңсылайды. Әкем түйеден түсіп, әуелі аңның ізін қарады.

- Шашасы сүйретіле тиіпті, сірәсі шошқа болар, - деді қызыл түзгеннің жұдырықтай жігерінен шоқпар жасауға кірісіп жатып. - Алысқа ұзай алмайтын аң.

Мен қорқып кеттім. Шөгерулі түйенің үстінде қалғым келмей, қиғылық саламын.

- Аға, үйге қайтайықшы.

- Қақпанды қайтеміз, шошқаға береміз бе? - Әкем менің үрейленгеніме жайбарақат күлді. - Егер көрем десең, қазір ізіме ер.

Амалымның жоқтығынан, костюмінің етегінен тас қылып ұстап, бір елі қалмай келемін. Әкем шошқаның ізіне түсіп аяғын жаймен басып еппен жүреді. Томар, баялышы ұйысып өскен қалыңдық екен, әрбір бұтаның түбінен өмірімде көрмеген аңым бізді аңдып, атылуға оқталып жатқандай елестеп кетеді. Сәлден соң тоқтадық, әкем қолымен биік өскен томарды нұсқады. Қараймын, көлеңке бетінде бірдеңе ысылдап демалатын тәрізді. Енді солай қарай әкемнің өзі беттеді. Жүрегім жарылып кетуге сәл-ақ тұр. Күтпеген жерден бірдеңе сарт ете қалды. Мен қорыққан көжектей, бүк түсіп отыра кеткенімді білемін.

- Қорқып кеттің-ау деймін, міне, көр шошқаны, - деген дауыстан соң басымды көтердім.

Келсем, тісі сойдыған, тайыншадай, түкті бәле табанымыздың астында сұлап жатыр. Шоқпар қара тұмсықтан тиген-ау, танауынан жылыстап қан ағып жатыр, тұяқ серіппей жан тапсырған. Анда-санда қиқ-қиқ етіп, ішін тартады. Құттөбет шошқаның маңайына келмей, мұрнын көтеріп кейінірек қалды.

- Бұл мәкіру зат қой, жаман иісі болғасын итке дейін жоламайды. Еті харам, - дейді әкем.

Әкем қақпанның серіппесін де орамалымен сыртынан ұстап, қандауызын топырақпен ысқылады. Орамалды лақтырып жіберген соң ғана, сүйретпесінен көтеріп кері бұрылды. Осыдан соң "Құттөбеттің" сырттандық қасиетіне шүбәм қалмаған. Алайда, Құттөбет те иттігін жасады. Басына нөқта кигізіп, үстіне атша мініп ойнайтын әдетім бар еді. Күннің ыстығында әлдеқайдан шаршап келіп, хошы болмады ма, бір жолы "арс" етіп бетіме шапты. Жүзімді қан жуып кетті. Көзімнің алдына тыртық пайда болып, жақсы көретін итімнен қалған ескерткіштей әлі жүр. Осыдан соң-ақ үй ішінің оған деген ықыласы сұлқ түсті, өліміне де сол себепші болды-ау деймін.

Ми қайнаған шілденің ыстығында аңға кеткен әкем, ауылға шауып келді.

- Тездетіп шәйнекке күйып су беріңдер...

- О, не болды?

- Құттөбет шөлден әлсіреп, бұтаның түбінде қалжырап қалды.

Әкем келген ізімен қайта шауып кеткен, барса басын төмен салған "Құттөбет" қылжиып жатыр екен.

Иттің бұл қазасына үй-ішімізбен қатты өкіндік, оның өліміне себепші болған адамша, көп уақытқа дейін кінәлі болып жүрдім.



\*\*\*

Үйімізден белсеніп жұмысқа адам шыққаннан кейін, отбасына шыр айналайын деді. Әкем маған ниет етіп, бүлкілдеген жол жорғасы бар құла бие сатып алды. Ізінде "Сұр көжек" деген құлыны бар екен, біз алмас бұрын қасқырға алдырыпты. Содан кейін туған құлынның атын "Тарта шап" қойдық. Өзі мүсіндей сұлу, әрі жорға. Жемді қолдап беремін, таңертеңнен көлеңкеге келіп, мені тұмсығымен түртіп оятып алатын. Шекер, нан демейді, талғамай жейді. Жалынан тартып, үстіне секіріп мінсем де, селт етпейтін қасиеті бар, қайта бүлкілдеп жол жорғасына басады. "Алдағы жазда "Тарта шапқа" салатын ашамай соқтырып беремін" деп жүрген әкем. Есіл-дертім құлынға ауып, өзге дүниеден бейхабар жүргенімде, мектеп жасына жетіппін.

Ауылда Қамысбай деген туысымыздың баласы бар, жасы он бірге келсе де, оқу десе ат-тонын ала қашатын, еркелеу тентек бала еді. Қой ауылда, қыстау басында бірге ойнаймыз. Мұғалімдер жайлы қилы-қилы әңгіме айтатын Қамысбай, жүрегімді шайлықтырып тастаған.

- Мұғалімдер іздеп келген кезде ауыл қабағындағы кебенге кіріп кетсең, таба алмай кейін қайтады. - дейді.

- Ал, ұстап алса ше? - деймін.

- Ұстап алса, құлағыңнан бұрап, атқа өңгеріп алады да, бірден мектепке алып кетеді. Сонда барғасын сабағыңды оқымасаң, қараңғы бөлмеге апарып қамайды, тамақ бермейді, басыңнан тықымай алады.

Әкемнің мұғалімдер жөніндегі әңгімесі бөлек еді, мен енді екі оттың ортасында қалғандай тән-тәнмін. Оның үстіне бояу қаламның тұқылымен кейбір әріптерді жазып, жүзге дейін санау білетінмін. Қосып, алу да қолымнан келеді, алайда, Сайлаубайдың айтқан "үбіжік" мұғалімдерінен соң оқуға жүрегім дауалар емес. Каникулға келген апаларымнан мұғалімдер жайлы сыр тартып көремін. Шынында сабақ оқымайтын балаларды құлағынан тартып, желкелеп, қамап тастайтыны рас сияқты, "бірақ жақсы оқығасын бізге тимейді" деп тағы қояды. Ендігі жылы қандай күй кешетінімді білмей әрі-сәрі болсақ та, ақ қабақтың басында ойнап жүргенбіз. Қамысбай:

- Ойбай, құрыдық, ауылға мұғалім келе жатыр, - деп, кебенге қарай тайраңдап қаша жөнелді.

Шынында, қыр басында аттылы екі адамның қарасы көрінеді, іздерінде жетектеулі түйесі бар ма, әлде не қарауытып желгіштегендей болады. Ол кезде мұғалімдердің оқушыларды осындай көлікпен жинап кететінін білуші едім. Шындап сасайын дедім. Тіпті, болмағасын Қамысбайдың ізінен тұра қуып, биік шоқыда көлбеген кебенге мен де қойып кеттім. Екеулеп жүріп шөптің арасын

үңгіп қаза бердік, қаза бердік. Әлден уақытта шөмеле арасынан терең құдық тәрізді шыңырау пайда болды да, біз соған түсіп, ізімізді жасырып жауып, төменге кеттік. Осы қалпымызбен жылжи-жылжи кебеннің бүйіріне жетіппіз. Сол арадан саңлау жасап алып ауыл жақты торуылдап отырмыз.

Келген қонақтар көліктерін байлап үйге кіріп кетті де, ұзақ уақыт шықпай қойды. Көзіміз талғанша қарап отырып, қалай ұйықтап қалғанымызды білмейміз. Дауыстан оянып кетсем, айқайлап жүрген әкем. Одан әрі отыруға дәтім шыдамады. Біздің бұл әрекетімізді ойынның түрі деп топшылаған әкем ешқандай мән берген жоқ. Тек, үйге жақындай бергенде:

- Сенің "Тарта шабыңды" біреу қателесіп, соғымға сойған екен, өзіңкі емес екенін білген соң, етін түйеге артып келді, - дейді.

Құлағым қағас естіді ме, "Ол не?" дегендей селтиіп жүзіне қараймын. Әкем жаңа айтқандарын қайталап берді. Басым мең-зең. Үйге келсем, "Тарташаптың" терісін жайып, етін жіліктеп, тұздап тастапты. Төрде дабырлаған қонақтар бар, ас үйде буы бұрқылдаған қазан қайнап жатыр. "Тарташабымның" жанға жайлы құлын иісі мұрныма келді.

- Бұларың не? - деп жылап жіберіппін...

- Енді қайтеміз? - дейді әкем. - Ағайынымыз ғой, аңдамай сойып тастаған. Әйтпесе, "Тарта шабыңа" тірі пенденің қолын тигізер ме едім.

- "Тарта шапты" да соя ма екен? - Бетімді басып жастығыма құлай кеттім. Түкті түсінетін емеспін, ең болмаса киік, қоян емес, басқа жылқы болса бір сәрі, тең-құрбымдай бірге өскен ақылды құлынның тамағын орып өткен өткір пышақтың ұшы менің де жүрегімді тіліп өткендей... Тіпті, қатемен сойылғанда да сол жерде қалмай ма, оның етін артып біздің үйге әкелгені несі?

Мен "Тарта шаптың" етіне де, оны асқан қазан мен түсірген табақты көрсем де теріс айналам. Әке-шешем мұны сезді. Жанымдай жақсы көретін, құйрық-жалы күлтеленген "Тарта шабыма" деген адалдығымды осылай дәлелдедім, одан әріге қолымда қайраным жоқ еді.

Мұғалімдер осы дүрмектен соң көп ұзамай келді. Мен қашып үлгере алмадым. Алдағы жылдың оқушыларын тізімдеп жүр екен, мені біреуі қасына шақырып, жүзге дейін санатып көрді. Апаларым үйреткен әріптерімді де, шама-шарқым жеткенше санап бердім. Санды санға қосқызып, біраз нәрседен хабарым бар екеніне көздері жеткеннен кейін жаңағы аға арқамнан қақты.

- Келер жылы оқисың... Өзің қой ауылда жүріп, іштен оқып туғансың ба? - деді.

Қуанып кеттім. Осы сөздерден кейін қолыма сөмке ұстатып жіберсе, қазір-ақ мектепке жүріп кетуге әзірмін. Мұғалімнен естіген мақтау сөзімді Қамысбайға айтайын деп үйіне жүгіріп кірсем әкесі топатайға салып насыбай үгіп отыр екен.

- Ол үйде жоқ, бір жаққа кетіп қалды, - деді.

Қамысбайдың қайда кеткенін ішім сезді. Мұғалімдер де таба алмай, сарсаң кесекке түсіп жүрсе керек, "көрдің бе?" деп сұрады. Мен "білмеймін" дегендей басымды шайқадым. Шынында, менің оны көрмегенім рас қой.

## **ШОҢТӨБЕ, ШОТАЙ, БАЛДӘУРЕН**

I тарау

**"Адамның бір қызығы бала деген!"**

**Жаңа жыл оқиғасы және аңшы туралы аңыз.**

Мен жарық дүниеге келместен бұрын, айдай әлемге алақанын жайып, көлденең көк аттының, шылауына оралып, селт еткен сақалдының сауабын жинап, жан баласының жүзіне келуге қаймығып әжем мен атам күткен екен. Тірі пендеге тіл тигізбей, құмырсқаны "қыбырлауық", қоңызды "жыбырлауық" деп бипаздап, үміт ізінде әкешем жүрген. Сартаптанған сағынышпен сарылып күткенде туған бала - мен едім. "Жарықтықтардың тілектері қабыл болыпты, тарығып жеткен ұлдары қандай екен, көрімдігімізді атап, көңілімізді білдіріп шығайық", - деген ауылдың ақсақалдары шілдеханаға түгел жиылса керек. Кім келгенінде не шаруам бар, қабағым қаспақтанып, танауым таңырайып жатқан болармын. Ақтөбенің басы мен алқалы отырыста әңгіме желісін тартып отыратын елдегі Көбен қария мақамдап:

- "Тұлпар аттың тұқымы көрімдей болып келеді, тұғыр аттың тұқымы өрімдей болып келеді", көзің суалып, жүзің қуарып көрген нәрестең томардың түбіріндей кескінсіз екен. О-оң... Қазір көзін ашпаған күшік қой, өскесін жігіттің сұлтаны осы болар... Жалғыз емес, жал-құйрығы шықсын, атын Аллаберген қоя сал, қалғанын жазудан көресің! - десе, біздің атам да теріс жағына қарай құлапты.

- Аанада ақ ешкімді қора айналдыра "қубастап" қуып жүр едің, есі жоқ мақұлық айтқан лағнатыңыздан егіз үш лақ тапты, бірақ сол сөз менің кеудеме атқан оқтай дік етіп тиген, қайтейін... Ақсақал айтқан екенсің, "бергенінді" алдым да, алдына "Сақтабын" қосқым келеді. – Сонда, Сақтапберген. Атам айтқасын амал жоқ, әйтпегенде, алған, бергеннен басқа атауды қара су қаптап кетті ме, әй, қайтерсің? Ал осы "Сақтапбергеннен" ес біліп, етек жапқаннан бері зәбір шегіп, жапа тартып келем.

- Атың кім? - дейді қос қолын қалталарынан шығармай, не шуақ, не көлеңкеде саяқ аттардай сипақтап тұрған біреулер. Үндемесен, жапырылған глобустың жарты шарындай бетіне шұқшиып, айбақ-сайбақ кескініңнен-ақ адресінді бірден табады.

- Ә-ә, бала, құлағың қалқиып, басың жалпиып, әпербақан әкеңе тартыпсың ғой, үлкендерді сыйлама деп сол үйретті ме?

Талқыға түсіп, талқаным шықпай тұрғанда:

- Сақтап, - деймін сыпайы ғана сырғақтап.

Қасындағы қара сирақтың біреуі қасынып жіберіп, қалған жағын тақ еткізеді.

- Сақтап емес, Сақтапберген.

- Е-е, солай десейші. - Енді әлгілер ол жақ, бұл жағыма ши жүгірте сөйлейді. - Сонда, қалай, кенже баласымысың, әлде әкешешен кеш көрген бе? Тайпақ табақтай сені де сақтап берген құдайға құлдық.

Жұмыстан бос жүрген сыбай-салтаңдар айтқан әңгімелеріне ақы алатындай өзеуреп, түрткілеген сөздің түп-төркінін таппақшы. Шегіншектеп барып, шеткерілеу кетсем де, құлағы құрғыр қағып алып естіртеді. Мақтау да, масқаралау да емес, ақырында, күлкінің ортасына күмп еткізетін, жаның жаратпайтын бірдеңе.

- Баяғыда біреудің аты Керкеткен екен. - Жалқаулардың біреуі орағытып әкеліп орта жығатын тәсілге салады. - Сол байғұс күндердің күнінде: "Қой, бала-шаға өсіп келе жатыр... Ата сақалымыз аузымызға шықты... Болмас... Көрге кетсем де, Керкеткен болып кетпейін", - деп қой сойып ауыл-аймағын шақырып, молдаға кітап аштырады. Атын "Бірнәстедін" етіп ел алдында бәтуаласқан. Тістерін шұқып, үйлеріне қайтқандарға көлденеңнен кездескен көк аттылар:

- А-ал, жол болсын, қайдан келесіңдер? - десе керек.

- Уа-а, мына Керкеткен ағаңнан...

- Жайшылық па?..

- Атын өзгертті, жарықтық. "Өзім Керкеткен едім, балаларым Керкеткенов болмасын, - дейді.

- Е, енді кім деп атайсыңдар?

Әлгілер әрі ойланып, бері ойланып естеріне түсіре алмапты. Дұрыстап тағы бір сұрап алайық деп, шыққан үйлеріне қайтып барса, Керкеткен де есімін ұмытып, дал болып отыр екен. Байқа, бала...

Еріккен жандарға ермек керек, жандары шығып кететіндей шиқылдап бір күлсін.

Бас-аяғы осы болса тәуекел де, кез келген жерде аяғыңнан шалып, адымыңды аштырмайды. Атам қойған атымның кесірінен, жыл он екі айда жалғыз-ақ рет өтетін елкаға да шалалау қатыстым. Ағайымыз: "Жаңа жылдық жиынға жұлым-жұлымдарың шықпай, ақ көйлектеріңді киіп, әдеміленіп келіңдер" дегесін, әжем "дұшпан көз"

дейтін қатырма жағамды үстіме іліп, шалбарымды шоқ өтекке мыжғылатып, табаны таздың басындай жалтыраған ақ жағал етігімді тазартып, кластың есігінен кіре бергенімде, "Қарасақау" атанған бір бала жүйке тамырына тиетін жіп-жіңішке даусымен: "Сақтапбелген, кешеді батпақ белденге" салып, құлағымды сарсытқан ескі әуенге басты-ай келіп. Өлеңдегідей күйім болса үндемес-ақ едім, тап-таза киіміме қалай араша түспейін, жыным тырысып, жұдырығым түйіле бастаған. Мектебімізге айқай салып кетпесе, көңілі көншімейтін жуан шешесі ойыма түсіп, жаймен ғана: "Қойсайшы", - дедім. Анау ішектей ыңылдатып қыл қобызын тарта берді. Енді кешіксем, қалған балалар да хорға қосылатындай тамақтарын кенеп жатқасын, "тәуекел" деп қойып кеткем. Көзімді тіккенім - ұзынды-қысқалы сиырдың емшегіндей салбыраған жағалар. "Әп" деп, Қарасақаудың тамағына тіреп ұстағам. Оның да қисық саусақты кішкене қолдары тышқанға құратын қақпандай шалт екен, көйлек сыртынан киген қара велветкамның қалтасына шап етті. Қанша жұлқып тартсам да "сиыр емшектер" мықты болып шықты, екі қолымды емізіп, елең қылмай тұр. Қайта менің төс қалтамның жел-құз желілеген талай жылғы тамыры үзілгендей, сытырлап қоя бермесі бар ма?

- Жібер, қалтамды жырттың!.. - Киімі түскірге ішім удай ашиды.

- Білінші өзің жібел! - Ол да біреу-міреу ажыратып жібере ме деген есек дәмемен балаларға қарап қояды. - Тап бал ғой, ағайға айтам.

"Ағай" дегесін алпыс екі тамырым "балқып", жүйкем босап, айбарақ жасап бір нұқыдым да, жіберіп қалғам. Ит таластырғандай уақыттарын көңілді өткізіп тұрған балалар шу ете қалды.

- Анаң қара!..

- Ананы қара!

Қарасам, алақандай қалтам Қарасақаудың қақпан қолдарына киіз түндіктей қыстырылып қалыпты. "Шынымен менікі ме?" деген оймен омырауымды шолсам, жіптері ағып, орны "жылап" тұр.

- Тап сенің! - жан-дәрменмен қайта ұмтылғанда, құланның қасуына, мылтықтың басуындай вожатый апай кіріп келді. "Вожатый" дейміз-ау, қыраулы қыста да мұрнының ұшы тершіп жүретін, өзімізден төрт-бес жас үлкендігі бар, Сүлейменқұлдың Әтей деген қызы. "Көршіміз ғой, маған не қылсын" деп, мұнымен де бұрын қырғиқабақ едім, енді қылмыс үстінде ұсталып, сызылдым да қалдым.

- Жаңа жылдарың құтты болсын! - Тілі ап-ащы қыз Сүлейменқұлдан аумайтын көкшіл көздерін сүмелектеп тұрған екеумізді өңмеңдете қадаған. Қарасақаудың қолындағы тәберіктей тәптіштеп жыртылған қара барқытқа көзі түсіп, мерт болған кімнің мүшесі екенін біле қойды.

- Бұл не, Түгелбаев?..

- Селдебаевтың қалтасы. - Қарасақау кеселімді кесіп алғандай вожатыйға беріп жатыр. - Өзі ғой білден төбелескен...

- Бірінші, апай, өзі мазақтады.

- Не деп?

"Апай да қызық, Қарасақаудың сөзін қалтасына салып ала кететіндей".

- "Сақтапбелген, кешеді батпақ белден" деп.

Алдыңғы партада, көптен жуынбағаннан бейнесі көмескі тартқан, жұртта қалған бәтәңкедей аузы үнемі ашық жүретін Мырзалы деген бала бар еді. Керттік мұрыннан "ақ боз ат, көк боз атын" қатар жарыстырып отырып, "Уақ" етіп күле бергенде, өз "байлығына" шашалып қарадай әлекке түсті. Осы абыройсыздығымен, "Өндіріс" атты қасиетті есімге ие болған. Мырзалыға: "Шашалсаң - өл" деп тұрмын. Парталарында тып-тыныш қана кино көргендей қызықтап қалған басқалардың өмірі - қол жетпестей арман! "Елка, Аяз Ата" дегендерің мұнан қызық болмаса керек, бағанағы даурығып жүргендер естерінен айрылып, көздерін бізден алмайды.

...Апай жазаның қай түрін берерін білмей, қасымызда сипақтап біраз тұрды да, кең залдағы қызықтан қалмаудың шарасын жасады. Екеумізді кластың екі бұрышына ұйықтаған үйректей бір аяқтатып қойып, балаларды ертіп шығып кетті. Ешкімнің ойында жоқ қарауылдыққа сұранған Мырзалы, бізбен бірге. Қылт етсең: "Ойбай, апай, әне қара, етігінің ұшы еденге тиіп дем алып тұр, оң аяғын сол жағына ауыстырып қойды" деп тұра шабудан тайынбайды. Ақиретті көріп, азапқа түскен Қарасақау қулыққа басып: "Өнділіс, балып елке көлсейші!" - деп алдаусыратқан. Анау көнер емес, "Ә-ә, қулар-ай!" дегендей ыржия күліп, басын шайқайды. Оң аяқтың бұлшық еттері түйіліп, беліміз бұралаңдай бастаған. Солға қарай ауысып тұруға болмайтынын жақсы білеміз. Қарасақаудың сиыр емшек жағалары бұрынғысынан да бір елі ұзара түскен тәрізді, қимылдап кетсе, салп-салп етеді. "Опат" болған омырауымды басып, қисалақтап мен тұрмын. Жылп етіп келетін бала қимылынан өзгешелеу сықырлап, тақтай есік самарқау ашылды. "Енді не бәлеге қалдық?" деп, бойымды үрей билеген. Қабақтарын қусыра түйіп жүрсе де, ешқашан езуі жиылмайтын еңгезердей Шотай. Мырзалы иесіне еркелеген күшіктей орнынан секіріп тұрып мәз болып қалған. Тиімді сәтті пайдаланып, аяғымызды еденге еппен басып, тартылған тамырымызды созып, тіземізді жазып алдық. Күлімсіреп кірген Шотай ешкімге назар салмастан, қадамдаған күйінде, Мырзалының қасынан бір-ақ шықты. "Күзетті күшейткен екен" деп ойлағанымызша, күліп тұрған Өндірістің желкесінен қысып ұстап, "апайға айтамға" шамасын келтірместен, есіктен әрі ытқытып жіберді. Сосын етігі қолпылдап, қасымызда қарап біраз тұрған. "Еһе-еһелеп" селкілдеп күлді де: "Ағай

келді, сендерге шықсын дедісін" сәлден соң айтты. Беліміз талып, тамырымыз құрысқан біздер, кирелеңдеп барып, қалың тобырға қосылдық.

Бар қызығы өтіп, базары тарқайын деп жатыр екен. Мүше үлестіргендей подарка беретін тартысты кезеңге ілініп, басымызбен қойып кеткенбіз. Байқақтап қарасам, биылғы Аяз атамыз да жер шарының әлемішті глобусындай айғыз бет Тауасар. Қыс келсе Тауасарға арнап елка жасап, есі шығып жүргендерге таңым бар. Осыншама қошеметке қалайша қолы жеткені белгісіз. Тауасар мектеп бітіре кетсе, Аяз аталықты өзім атқарсам деген ой да жоқ емес. Жылда қалта арқалағанға үйренген Тауасар, оңайлықпен қолынан дорбасын бермес. Қазір трактордың иінді валындай келеңсіз ұзын қолдарын қызыл қалтасына бойлата сұғып, балаларға базарлық таратып жүр. Кәдімгі пряник пен кәмпит, жұрттың алақанынан алғасын жұтынып барамыз.

- Маған... маған-н...

Бір пряник, екі кәмпиттен аумай-төкпей үлестіріп келген Тауасар, қалт етіп тұра қалды да, мойнын созып әлдекімдерді іздей бастады. Орта шенде өрелері жетпей өңмендеп жатқан екі інісінің алақанына уыстап тұрып салмасы бар ма. "Аяз аталығын" қайтейік, тұс-тұстан шулап, кеттік.

- Ағай, ағай, Аяз ата інілеріне таратып жатыр.

- Әне, қараңыз, қалталарына сыймай, ауыздарына тыққан.

- Әй, қой. Қоймайсыңдар ма? - Ашулы Аяз атаның жапсырған сақал-мұрттары жыбырлап кетті. - Қазір далаға шығарсаңдар. Көрсетемін сендерге... Ауыз-мұрындарыңды помидор қылмасам ба? - "Несі бар, помидор да жаман тамақ емес".

Адамгершілігіне дақ түскен Аяз ата не айтып, не қоярын білмей абдырап тұрды да қалды. Кеңседен шыққан мұғалім бәрімізді қайта тыныштандырды.

- Жылына бір-ақ рет келетін Аяз аталарыңды құрметтеңдер, қане, тағы бір билеп, ән салайық!

Қолдастырып елканы айнала жүргізді. Арамыздан Айсұлу деген қыз шығып "Боз бие" өлеңін айтып, бір ауыздан "Боз бие" деген ат және бір кәмпит алған. Айсұлудан қалғысы келмеген Зейнеш:

Дарияның бетінде аққан сең бар,

Алақандай бетімде қара мең бар.

Менде сендей біреудің жас баласы,

Көлеңкемнен аулақ жүр, менде нең бар? - деген ұзынсонар айқайдан кейін, атамызға дәмете қараған. Тауасардың кәмпиттері таусылған болуы керек, қызыл қалтаны түбінен ұстап сіліккенмен ештеңе түспеді. Дередей білекті омырау тұсына сүңгіте сұғып, жамбас жағын біраз бүлкілдеткен сұқ саусақтың қармағы

жылтыр кәмпит қапқан екен. Көзі жылтылдап қимай қарап тұрды да, "ас жемесең, тас же" дегендей, Зейнештің алақанына тастай салды.

Біз үшін елка онша қызық болған жоқ, жалғыз аяқтаған жарты сағат пен екі аяғыңды тең басқан жарты сағатты қосқанда, басы-аяғы бір сабақтың шамасында, сымпиып шыға келдік. Кешке қарай жоғарғы кластың оқушылары жиналмақшы. Былтыр жарқыраған терезелерді жағалап жүріп көргенмін, бір түрлі, балалар мен қыздар белдерінен ұстап ырғалып билейді. Бәрі де бірдеңе жоғалтқандай төмен қараған, сірә, ұялатын болулары керек. Ұялса да, қайта-қайта билейді...

Биыл бұл қызықтан құр алақан қалдым. Әжем шартақ ілген қалтамды қайыра тігіп, су болған ұлтарактарымыды пешке жайып, қыз-е-ек ертегі айтуға отырған. Бұл кісінің ертегісі көз алдындағы заттарды көгілдір аспанға айналдырып, қанат байлап ұшып жүретін кеңістікке оп-оңай алып барады. Құлағыңды салсаң, шайтан-перілердің шатағына араласып, періштелерді қорғап, есуас диюлардың жалына жабысып, әлдеқайда аға жөнелесің. Әтіс-қатысы жоқ әлдебіреулерге қастасып, жаның жаратқандарына кәдімгідей іш тартасың. Ертегі таусылғанда есің кірмей, қалғып-мүлгіп тұрғаның. Сабақ үйрету - бірыңғай ертегі үйретуден тұрса деп қиялдайсың.

- Баяғыда Төрежан деген аңшы болыпты... - Әжем ұршық сабын шиырып тастап қызықты хикаяларды баяндауға кіріскен. - Өзіміз күнде көріп жүрген ақ шаңдақты Шоңтөбе - ол кезде сыңсыған орман, сірескен сексеуіл, бықыған құсқа тұнып тұрса керек. Келе-келе бұл аймақта "үйрек ұшып, қаз қонған... Бізге бұйырғаны осы ғана. Бірін ұшырып, екіншісін түсіріп қоятын тұстары түсініксіз, дегенмен, ештеңе қалмағаны қалай? "Неге?" деймін. "Өзім де білмеймін", - дейді әжем әңгімесін әрі сабақтай.

- Сол Төрежан қысы-жазы елден жырақтау барып, жата-жастана аң аулайды екен. Ұлтаны қатты кең табандықтан баспаналық жертөле қазған... Үй сияқты... Мезгіл-мезгіл керуеншілер өтетін құба жолдың бойына шығып, қолына түскен аң терілерін азық-түлікке, шыт-бөздемерлерге айырбас жасап, бір ауылды асыраған көрінеді.

Күн кешкіріп қалған уақыт, ақ пен қызылдың арасында ет қақтап отырған аңшының есігін біреу қаққан екен дейді.

- Кіре бер! - Ер жүрек аңшы орнынан қозғалмаған.

Еппен ашылған есіктен қарақат көзді, сұңғақ бойлы, сұлу келіншек ізетпен иіліп сәлем етіпті. Адам қарасынан аулақ жүріп, өгейсіп қалған батыр әдемі бикешке ықылас көрсеткен. Ошақ аузынан орын беріп, жөн сұраған көрінеді.

- Көшіп келе жатқан елміз. - Күлімкөз әйел күдік алдырмай байыппен сөйлепті. - Тоңып-жаурап келеміз. Тамызыққа салар от ала кетсем деп едім.



Аңшы жеп отырған тамағынан ендете кесіп, әлгі келіншекке ұсыныпты. Қолын жасырып тұрған әйел жеңінің ұшымен алса керек...

Әңгіменің қызықты кезінде жастықтан басын көтерген атам да құлағын түріп, менімен қосыла тыңдайды. "Ойпырмай, ә..."

От алып шыққан бикешке көңілінде күдік қалған Төрежан да қулыққа көшеді. Есік алдындағы отындық сексеуілді өзінің пошымына келтіріп киіндіреді де, аулақтан аңдып жатқан деседі. Орман ішін қорқынышты қараңғылық басып, биік ағаштар жайған жасыл жапырақтар арасынан жарты ай сығалаған шақта, түннен бөлінген бір сүлде қарақшыға қарай жақындай түскен. Ай жарығымен аңшы жүзтаным келіншекті көріпті. Бұрынғы түрін өзгертіп, үсті-басын түк басқан әлдебір мақұлықтарға ұқсап сақтана басып келеді екен. Оның күжірейген мойны мен кескінсіз бейнесінен, қараңғылықты қақ жарған отты жанарынан аңшының тұла бойы тітіреп қоя берген. Үрей билеген денесін әрең игеріп, демін ішіне тартып жатса керек. Әлгі алып тұлғалы албасты аяғын сыбдырсыз басып, қарақшыға төніп барып:

Ахау, ахау, ахалақ,

Менің атым жезтырнақ, - деп бас салған.

- Өй, атаңа нәлет! - Атам тырнақтың бір ұшы өзіне тигендей шоршып түсті. - Беті жылтырағанмен, бар бәлесі артыңда екен де. - Қолына түссе жіберіп ұратындай насыбай шақшасын іздеген. Бір-екі соққан соң жүрегім тоқтап қалатындай мен отырмын.

- Сексеуілдің өзегіне дейін ендеп кеткен болат пышақтай соя тырнақтар қайтарып суыруға келмеген. Әрі-бері тартқылап қалжыраған Жезтырнақ: "Екі аяқтыдан айла аспас", - деп еңіреген екен.

Бәрін бақылап жатқан аңшы қанжарын қынабынан суырып, Жезтырнақтың саусақтарын түбінен шауып тастаған. Орманға қарай сүмеңдеп қашқан жауыз мақұлықтың хабарын аңшыдан естіген ауыл ақсақалдары: "Бекер істепсің, жанын алғаның жақсы еді. Енді ұя жасап, ұрпақ шашатын болды", - деп өкінген екен...

Көкірегімде көптеген сауалдар туындайды. Көпке дейін көзім ілінбей әжем мен атама маза бермеймін.

- Осының бәрі рас па?

- Қайдам, жұрт айтады ғой... Төрежанның осы ауылда шөбере-шөпшектері бар.

"Шөбере-шөпшек?.."

- Қазір Жезтырнақтар бар ма, ата?

- Білмеймін, балам, болуы да мүмкін. - Атам "мазамды алып, қоймадың ғой" дегендей аунап түсіп, бетін пешке беріп жатты. - Ұйықта енді, бұған бірдеңе десең, бәлеге қаласың.

Қалай ұйықтаймын, қалған сұрақтарымды әжеме қоямын.

- Жезтырнақтың қазіргі балаларын қалай білуге болады?

Әжем де, атам да орындарында жатып, селкілдей күлді. Маған қайтарар жауап таппай жатқандарын біле қоямын.

"Орман қайда, жертөле қайда, Жезтырнақты өлтірмегені несі?" Қалың ойдың қабатында көшіп жүріп көзіміз ілініп кетеді.

...Шоңтөбенің баурайы қайысқан қалың ағаш екен деймін. Кәдімгі "Әліппеде" әшекейлеп салатын әсем бейнелер. Қармалап қай жерінен ұстағаным есімде емес, ойымда қалғаны әлдебіреумен тартысып, алыса кеткем. Зер салып қарасам, қарсы алдымда Қарасақаудың қып-қызыл мұрны, уысыма іліккені сиыр емшек жағалар. Ұмтылып, ұрған болады. Маған маңайламай, көз алдымнан жарқылдап өтіп жатқан сояу істіктей состиған тырнақтар... Ойпырмай, қалай білмей келгем, мынау барып тұрған Жезтырнақтың ұрпағы ғой, тіпті туған баласы да шығар?! Күндізгіден күшейген бе, мысы басып барады. Қашуға талап жасағам, қозғала алмадым, айқайлайын деп едім, үнім шықпады... Ән салғандай мұрнымнан ыңқылдап қалсам керек, әжем қолымен тербеп тұр. Таңмен таласа түрегелетін атам мені ажал алып кетсе де жұмысы жоқ, қою шайды сораптап тартып отыр.

- Ата, Жезтырнақтың баласын мен таптым, ол - Түгелбайдың Қарасақауы екен, - дедім.

- Қой-әй, әкесі естісе ұят-ты. Ол осы үйдің алты атадан туысатын ағайыны екенін білесің бе?

"Ағайынымыз..." Біреу тас төбемнен қос қолдап ұрып кеткен сияқты, бақырайып отырмын. "Қа-а-арасақау - біздің ағайынымыз".

—

II тарау—

**Шотай.**

**Әділетті жеңіс.**

**Жасасын бірінші класс!**

Өткен жылы жағам жайлауда, парталардың арасымен зыр жүгіріп жүргем, әйтеуір, біреулермен ойнаған болуым керек, бәрі бірдей есімде емес. Кластың шалқасынан ашылған есігінен ақ жаулығын айқара тартқан, тап-тапал қара кемпірдің басы көрінеді. Бейтаныс біреумен бірінші тілдесу - жаным сүйетін іс болғасын, қасына жетіп барсам, есіктің арғы бетінде сәліңгірдей тағы бір жігіт тұр. "Жаңа мұғалім шығар" деп тайсақтағам, кемпірдің өзі тілге келе кетті.

- Әй, бала, мұғалімдерің қайда?

- Кеңседе, қазір келеді.

- Мына баланы кімге қалдырып кетем?

"Баласы несі?" Өз құлағыма өзім сенбеймін. Әлде жігіттің де ізіне ерген баласы бар ма? Қараймын, жоқ... Еңгезердей көрінген әлгі "бала" есік алдында түйеше теңселеді. Тырнақтары сояудай екен. "Жезтырнақ па?" деген ой миымның арасын қуалап өтіп, жүйке тамырыммен жүгіре жөнелді.

- Әже, шынымен, біздің класта оқи ма? - дедім қуанышымды жасыра алмай, - маған-ақ қалдырыңыз.

- Ие-е, балам, биыл бірінші рет осы... Ауылсабет айтқасын амал қанша? Түрткілей көрмеңдер, қайта жолдас болып ойнаңдар, біреу тисе жақтасыңдар. Сен өзің кімнің баласысың? - Біртіндеп маған жанаса түскен.

Қуаныштан жүрегім қақ жарыла жаздады. "Не д-деген ғажап?! Әкемдей кісі бізбен бірге отырып сабақ оқымақшы! Әріп үйренеді. Ән сабағында қалай өлең айтпақшы? Үзіліске шыққаны бәрінен қызық шығар... Мұны бірден класқа атаман сайлау керек", - деген шұғыл шешім жасап та үлгердім.

Қоңыраулатып Қарасай ағай да жеткен. Мұндай шәкіртті өмірінде күтпеген болуы керек, бойы өзі құралпы жігітпен иық тірестіріп, аузына сөз түспей, біраз іркілді. Кемпір маған айтқанындай, әлгі алпауытты ағайға тапсыра бастады. Жетектеп балабақшаға әкелген тәрізді қайта-қайта: "Жарығыма пана боларсың, аңқаулау... Өзі нәзіктеу, бұла өскен еді, ағасы, - деп көзінің жасын бір сығып, қол орамалын "мұрныңды сүртерсің" - деп баласына берген. Сосын көзімен балалардың басынан асыра шарлап: - Әлгі Сердебайдың ұлы қайда, оған да тапсырғанмын. - Қарасай ағай көзінің қиығымен мені бір атты. "Құдай тас төбемнен ұрды, бірінші жетіп барып нем бар еді?" Шүйкедей кемпір айналсоқтап жүріп әрең шықты. Шығарында, әлгі жігіттің күректей қолдарына орамалдың бұрышынан саудыраған тиындарды құйып жіберген, анау оны тоқтатпастан шалбар қалтасына сау еткізді. Үйреншікті үлкен кісілердің дағдысы, есімізден айрылып есеңгірегендей отырмыз.

Ағай саусақтарын сытырлатып, "ым-ым" - деп тұрып жігітке иегін бір қағып ертіп кеткен, енді қарасақ жоғарғы класс оқушыларына арналған қайықтай партаны көтере тартып келеді. Шетімізден ілгері жылжи ығысып артымыздан орын бердік. Анадағы келетін "ініспектр" деген кісі секілді, тек киімдері көнелеу.

- Туған жылың? - Ағай сабақ бастамастан бұрын сауалдар қойған. Жігіт тапжылмастан отыра берді. - Түрегеліп жауап беру керек.

Үлкен парта салдыр-гүлдір...

- Білмеймін, апам айтады, тышқанның жазында, Шалаудың қойына көмекші шопан едік. Ақтабанның шұңқырында тудың деп.

Кластың ішін күлкі кернеп кетті. Ағай да рақаттанып қалған. Осындай қызықтың болатынын күні бұрын сезген жүрегім өзімде емес, аттай шабады. Басылып, байсалды кейіпке түскен ағай саусақтарын бүгіп санап тұрды да: "Он беске шығасың, ә", деген күйінде тысқа беттеді. Сірәсі "оқытуға бола ма, жоқ па?" деген оймен кеңсеге тартпаса? Бір қауым уақыттан соң, мектеп мұғалімдерінің тайлы-таяғы қалмай директор, бастаған шағын топ класқа кіріп келді. Бейтаныс балаларды саралай қарап, көзі үйреніспеген бөлменің бұрыш-бұрышын ұрлана барлаған жігіт, үйме-жүйме қалың топты көргенде орнынан атып тұрып:

- Ассалаумағалейкүмдер! - деп үйіне қонақ келгендей алдарынан шықты.

Үйректің балапандарындай қыт-қыттап мәз боп қалдық.

- Ойбай, қарағым-ау, мынау Ақ теңізден келген Ломоносов қой.  
- Директор ағай емініп тұрған екі қолды жымыып барып алды. - Атың кім?

- Шотай.

- Шотай, Шотай, Шотай... - Жабыла жаттап алдық.

Не костюміне, не шалбарына жайғаспай тұрған директор ағайдан Шотайдың серейген бойы әлдеқайда биік те, "Қылышқара" атанған еңбек пәні мұғалімінің құлағын қағып тұр. Орнына қайта барудың қисынын келтіре алмай, қысыла, қипақтап жүрген жігітке директор күлімсірей қарап:

- Шотеке, аулыңа қашып кетіп жүрмейсің бе? - деді.

Жігіт "тақ" еткізіп таңдайын қақты да, басын шайқады. "Қашпаймын" дегені.

- Оқимын, - деп айту керек. - Табан астында түзету жасалып жатыр.

- Байқа! - Директор сұқ саусағын сұстана көтерген. - Қашсаң ауылсоветке айтып штраф салдырамыз. Әкеңнің аты кім?

- Айшуақ.

- Значит, Айшуақов Шотай деген азамат сіз боласыз. - Блокнотқа бірдемелерді түрте бастады. - Санау білесің бе, көрші, кәнекей...

Шотай санамас бұрын күректей алақанын баттита жайып, бармақтан бастап бүкті де, заулатып ала жөнелген. Екі қолы жұдырыққа айналған кезде болды ма дегендей класс жетекшіге қарады. "Онан әріні" ағайдың қабағынан көргесін, қолын қайтадан жайып, "он бір, он екі" деп зулатпасы бар ма?

- Енді саусақтарыңды бүкпей санап көрші? - Мұны айтқан "Қылышқара".

Саусақсыз санап, онға табаны тиісімен, он бірден бір бәленің басын көргендей, қалшыып қатты да қалды.

- Жарайды, интернатқа жатасың. Документтерінді класс жетекші дайын етер. Әзірге жаңағы партаңа отыр, кейін онан да үлкендеуін қарастырармыз. Сосын... - Директор Қарасай ағайға денесімен бұрылды. - Жалғыз қалмасын, қасына бала қос.

Ол "бала" ауылға қашумен аты танымал, бірінші класты бірнеше мәртебе қайталап оқыған Сәлима деген қыз. Бас-аяғын қосқанда кластың артқы жағына жас отау иелері қоныс тепкендей еді.

Сабақ үстінде көзіміз мұғалімде, көңіліміз Шотай жақта. Неткен ғажайып күй! Құдайдың сақтап бергені мен емес, осы кез Шотай ма дерсің! Ағайдың назарын ала бере жалт бұрылғанымызда, ерте туған бұзаудай өңкиіп, көзімен сүзе қараған жігітке тоқталмай өту мүмкін емес. Сабақ аяқталып, қоңырау соғылғанда, өзгеге мойын бұрмастан тысқа қарай тартып кетті. Өкшесін басып еріп жүрген біздерден құтылу үшін, адымдай жүгіріп, мектептің бұрышын бір-ақ айналған. "Айдаумен ауылына тартқан шығар" деп артынан барғанда бір-ақ түсіндік. Жарға жанаса түсіп, қайыс белдігін босатып тастапты...

Біразға дейін ойымыз үйренгенмен, бойымыз үйренбей жүрдік. Класс жетекшіміздің өзі кейде Шотайға ұстаз болып ақыл айтады, кейде құрдас адамдай қалжыңдағысы келеді. Үш-төрт күннен соң-ақ:

- Әліппені орталап қалдық, Шотеке, кешігіп жеткен өзіңнен көр. Ілгеріде біреу қонағым аздан жесін деп бауырсақты майдалап кескен екен. Қарны ашқан адам оған қараушы ма еді, бес-алтауын уыстап ауызға тоғыта берген көрінеді. Сонда үй иесі:

- Қонағым, аулыңда өлген кісіні біреуден көмуші ме еді? - деп сұрапты.

- Ә-ә-ә, оны шейт болғандардың денесі біледі. Үлкен болса біреуден, кішілеу жан кездесе, бес-алтауын қосып бір жерлейді, - деген екен. Сондай-ақ, саған да күніне үш әріптен үйретеміз.

Қаншадан үйретсе де, қиналған Шотай жоқ. Үш алады, төрт алады, кейде беске де қолы жетіп қалады. Мұндайда басын костюмінің омырауына тығып жіберіп, "Еһе!" деп мекірене күледі. Класс іші желпініп басылады.

Өзгелерден оқшау жүретін Шотайға өштесіп алған - жоғарғы класс оқушылары. Қоңырау соғылса үйме-жүйме боп, біздің есіктің қыр көзіне келіп тұра-тұра қалғандары. Тысқа шыққан Шотайды, бәйге ат тамашалағандай, қоршап алды. Біреуі мақтайды, екіншісі кекетіп-мұкатады, ол жақ, бұл жағына қол жүгіртіп тұртпектейді, аттаса - шалып қалады. Бір күні ойыннан от шықты. Шашын кейін қайырып, мойнына үлкен кісілердің галстугін қылғындыра байлап кекірейіп тұратын Базархан деген жігіт-бала "сор айдап", Шотайға тиіспесі бар ма! Ханның нөкеріндей қабаттасып, артқы жақта тұрғанда, не болғанын да білмей қалдық. Базарханның бақырған даусына мойнымызды созып қарасақ, Шотай әлгінің қолын бұрап

жатыр. "Аға, көке" деген сөзіне құлақ аспастан ілгері бір, кейін бір еңкедетіп тұрды да, босаған қолымен орайлап тұрып, жақтан тартып жібергенде, зал жаңғырығып кетті. Әлгі байғұс галстук-малстугімен еденге желімделген қағаздай қатты да қалды. "Ойнайсың қасқа атпен!" Бірінші кластың баласы білдей жігітті ұрып жыққанға қораздай қоқиланып жүрміз. "Шаштарын майлап серең-серең еткенмен күштері жоқ екен ғой. Бос кеуделерді біз де ұрамыз. Кішкентай болсақ та тығыршықтаймыз, бұлшық еттеріміз толған күш. Енді тиісіп көрсін!.." Сабақ басталмастан Қарасай ағайдан сүйінші сұрадық.

- Ағай, біз төбелестік!

Әрине, ағай бас-басымызға сүйінші ұстатқан жоқ, қайта түсін суытып, қабағын қатуландырып тұрды да:

- Кімдермен? - деді.

- Оныншы кластың оқушыларымен. Қырып салдық... - Қырып салғанда бір ғана бала ғой. Онда да ұрған Шотай.

- Қойыңдар, әй... Тарихқа жаңалық енгізген екенсіңдер...

- Шын, ағай. Жасасын бірінші класс!

- Жасасын!

Даурыққан класты тоқтатып алып, біраздан кейін істің мән-жайына қанықты. Бізге ұрысқанмен Шотайға ештеңе деген жоқ, қайта қасына келіп басынан сипады.

- Байқау керек... Совет оқушысы былай жасамайды. Комсомол ағаларын құрметтеуге тиіс. Төбелес деген ұят нәрсе...

Ағай сипап кеткен орында "бірдеңе қалды ма?" дегендей, ізінше өз қолымен қайта жүргізіп өткен Шотай, еңсесін төмен салып отыра берді.

### III тарау

**Қорқынышты әңгіме немесе шпион туралы алғашқы түсінік.**

**Қайдасың, қала?**

**Шпионмен бетпе-бет.**

Мен өзім "Ата-әжемнің баласымын" дегенмен көкем мен жеңешемнен туғанымды жақсы білемін. Бала арқалаған кемпір көргеніммен, бөпе емізген әжені әлі кездестіргем жоқ. "Балам, балам" дегендерінің бәрі өтірік, баласының балалары. Үйге келгендер үлкенсіп: "Міне, жігіт. Әкеңнің аты кім өзі?" - деп жорта сұрайды. "Сердебай" деп атамның атын айта салам. "Дүре-ес... Аузынан түсіп қалғандайсың", - деп алдаусыратып тұрғаны. Кімге ұқсайтынымды өзім де білемін. Жеңеше (шешем ғой) тартқанмын. Ол да бір

болмай қалған жақсы адам. Анда-санда көкем мен жеңешем қай жақтағы қаладан қалта-дорбаларын арқалап келгенде, ешкімге білдіртпей қуанам да, кейіннен зықым шығады. Әже-ем, қайдан білсін... "Бала жатбауыр болып кетеді" деп, төсегімді солардың қасына салады. "Аяғыңды жу, мұрныңды сүрт, ақ шандақтан айғыздаған бетінді қара" дей бергесін, төсектен сырғып түсіп, үйреншікті орынға тартып отырамын. Бұл жерде рақат, мұрныңның астына қара тас қатып қалса да, әжем етегімен қағып тастап, көрпенді қымтап жатқыза қояды. Бір жаман жері... Көкем мен жеңешем қаншама жыл Ақтаңда тұрғанмен, жасым онға келгенше қаланың қарасына жуымаппын. Көп қабатты үйлер мен көгілдір көшелер жайлы "Ана тіліндегі" суреттерден ғана білемін. Қасымдағылар қала жайлы әңгіме қылғанда, башпайларыммен жер шұқып, жоқтан өзгені айтып сөз қашырам. Өйтпеске амалым жоқ. Шотайдан басқасының тамсанып, майын тамызып айтатыны - балмұздақ. Маған сол сор болды. Көкем: "Шөл қандырады",- деп, қай жылы сарғыш түсті бірдеңе ішіп отырған. Соның бір атауы шығар деген долбармен "дәмі жаман екен" деп қойып қалғам. Бәрі бәле көргендей өре түрегелді.

- Сен өзің жеп көрдің бе?

- Жемек түгілі ішкенмін, бір түрлі, ашқылтым.

- Ой, сенің ішкенің газбада ғой, - деп білгіштер жапырлап. - Қалаға жазда барып па едің, қыста ма?

Екеуінде де бармағаным өзіме аян, өтірікке басыңды тығып алғаннан кейін, байқатпай жол тауып шыққан дұрыс.

- Жазда да, қыста да барғаным жоқ, күзде... Әжем екеуміз жүргенбіз. - Нанымдылау болу үшін қасыңа адам қосақтап сөйлеген жөн. Бұларды біржолата жерге қаратқым келіп, өтірік әулиенің киелі суынан әр жеріне араластырып: - Поезға да міндік, - деп үдетіп жібергем.

Тұрғандар жым-жырт болып, бастары сұлқ түсті. Әрлі-берлі адам таситын поезға да мінбегесін, кешірілмес күнә жасағандай, жерге қарап мөлііп қалған.

- Е-е, сенің жеп жүргенің поездың балмұздағы екен ғой, - біреуі мұрнының астынан мінгірлейді.

Әңгіме бітті. Мойнымнан ауыр жүк түскендей, үйге келе жатырмын. Қанша өтірікші болғанмен қала көрмегесін, түбі ұятқа қалатынымды түсінемін.

Салып ұрып сабақтан келсем, Шоңтөбенің ақсақал-қарасақалдары жиналып үйде отыр екен. Кәдімгі әңгіме-дүкен. Есік алдындағы тәпелтек шоланда апам ет асып жатыр. Табалдырықтан аттамастан айтқаным:

- Әже, қалаға барамын... Балалар мазақ қылып жүр.

- Ой, әдірәм қалсын, соларға да мазақ керек пе? Олардың көріп жүргені – соғыс жылы сүт тасыған әжең күнде баратын Бестөбе шығар. - Қолын арқаға қарай сілтеп тастады. "Бестөбе солтүстікте екен ғой!" - Сенің көкең оның әкесіндей шәріде тұрады. Осыдан, сабағың бітсін, сосын көріп алайын.

Көңілімді бірлеп келген кісілердің жанына мектеп киімдерімді шешпестен жантая кеткем. Үйге кісі келсе, құдайым беріп қалатын әдетім. Сөз сөйлеп, жұртты аузына телмендетіп қойған - шалдар қатарына енді ғана қосылған көк мұрт Бейсен:

- Осы шпион дейтін итіңнің жүрмейтін жері жоқ екен, біздің ауылда да болған...

Менің құлағым елең етті. Әйтеуір, клубтан кино қарасақ, шпион көреміз. Соларға не жетпейтінін қайдам, пистолеттерін қойындарына тығып, түрлері сұрланып, ерсілі-қарсылы жүргендері. Аямауға келгенде, кемпір-шал, бала-шаға демейді. Кинодан көрмей тұрғанда, адам аяу дегенді білмейтін бір үйдің балалары шығар деуші едім. Соған қарамастан ақ көңіл, елпілдіктері де бар. Осындай бір соры арылмаған шпионды Гебальшиштін киносында, біздердей бала құдыққа салып, сабағанда, құмардан бір шыққанбыз. Аңқаулау біреуі кездесе кетсе деген қиялдан да құр алақан емес едім, ізі мыннан шықты.

- Е-е, білеміз, білеміз, - деді үйдегілер, бас-басына шпион аулап сыралғы болған жандардай. - Өздері қызық халық қой жарықтықтар. Айтқаныңа көніп, айдауыңа жүреді де, жалт беріп жалпаңнан түсіреді.

- Аанада, - Бейсен қолымен күнбатысты нұсқады. - Мына Қоспешкі жақта қой бағып жүрген кез, қоныс аударып қонғанбыз... Өрісте жүрсем, біреу жаяулап-жалпылап маған қарай келе жатыр.

- Әне, көрдің бе? Олар адамға қыдыр құсап жолығады. Содан?..

- Құралпы үлкендеу сияқты болып тұрғасын "Ассалаумағалейкүм" айтып амандастым. Маған назарын да салмастан: "Сәлемінді басыңа шайнап жақ", - демесі бар ма!

- Ас-стапыралла, тіліңе шоқ түскірдің көрмейсің бе?

- Он екі өрме қара қамшымен өрім-өрімін шығармадың ба?..

- Тұра-а тұрындар! - Бейсен әңгімесін әрлеп, насыбай шақшасын мәсісіне қағып біраз отырды. - Әлгінің үсті ырым-жырым, жалаң аяқ, ақ тақырларда жататын айқұлақтар бар ғой, соны жіпке тізіп, мойнына тағып алған.

- Сол айқұлақ әрі тамағы, әрі "ана жаққа" хабарлайтын радиосы дейді ғой, рас шығар. Енді қызық...

- Сонда қалай? - Есікке таяу, оң жағыма жайғасқан Құмай деген қияңқы шал кимелей кеткен. - Жүз саулыққа қанша қозыдан алғаныңды жеткізбесе, "о жаққа" не тауып хабарлауы мүмкін.



- Ақсақал, айтпа десең, қояйын көргенімді баяндап отырмын. Хабарласа хабарлайтын шығар, жер беті қара қойдың етімен күнелтпей, топырақ жеп жүр ме? Арасында жүргесін малдың қадірін білмейміз, олар қалай біледі?! - Бейсен жаңағы әңгімені ауырлап біраз сөйлеген. - Сонан үлкен ғой деп сәлем бергенім, бет-аузын сақал-шаш басқан жігіт екен, мазақ қылғандай бетіме қарап күлгенін көрсең...

- Атың кім? - дегем, "Әріпбай" деп, бақалшақтарын құныға жалай бастады. Жаңағы "тамағы" деп айтқан сөздің жаны бар, әйтпесе құс қиялап ұшпайтын қу мекиенде қаталап өлер.

- Қайдан келесің? - дедім көңіліме күдік ұялап.

- Жоғарыдан, - деп ыржалаң-ыржалаң етеді. Қайда барасыңға, "Төменге" деп жауап берген.

- О-ойпырмой, ә! - Менің атам да әңгімеге ыңғайлана бастаған. - Әй-й, Құмай, "не хабарлайды" деп қалжыңға шаптырасың, "жоғары, төмен" деген сөздердің астарында бәле жатыр ғой... Алжасып жұрттың алдын кес-кестегеннен басқа не білеміз, мына жастар бәрін сезеді, заманның адамы ғой, - деп Бейсенді қолпаштап жатыр. Бейсеннің де жас болып, жайқалып тұрғаны шамалы, былтыр ғана қарауылдықтан пенсияға шыққан.

- Сонымен Бейсеннің өзі неге сөйлеспеген. - Құмай күле сөйлеп әңгімешінің ізінен қалар емес.

- Сөйлескенде мен не айтам. - Бейсен үзілген әңгімесін әрі қарай сабақтады. - Апам марқұм әлгіні аяп, шыж-быжы шыққан, үлкен кісі қызық қой. Қостан зерен кесені толтыра айран әкеп бергенбіз, ұрттады да кейін қайтарды. Тапа-тал түсте көлеңкелеп отырып, айқұлағын жаласын келіп. Қойшы, екі-үш күн ауылда болғанда, көрмеген қызығымыз қалмады. Әлденелерді былдырлап адам түсінгісіз өлең айтады. "Әйелің бар ма?" - дегенбіз. Апам: "Мына нақұрыс тас жалап аштан өлетін болды", - деп бақалшақтарын ұйықтап жатқанда ұрлап алып, төсектің арасына тығып тастаған. Оянысымен, іздеп жүріп, тауып алды. Қасындағы ораулы ақшамен жұмысы да жоқ.

- Е-е, оған ақша зәру ме, жетеді ғой. Өзі қазақша сөйлейді, ә?..

- Қазақша сөйлегенде қандай, шисти сөйлейді. Сонан, ауыл үстімен өткен сүт машинаға мінгізіп: "Мына мүсәпірді ел қарасына жеткіз", - деп жібергенбіз. Жолшыбай айқұлақтың біреуін құлағына тығып, біреуін аузына таяп сөйлесіп отырғанын шопыр аңғарыпты да, түп-тура милицияның конторынан шығарыпты. Тексере келсе, анау айта беретіннің нағыз өзі болып шығыпты дейді.

Жұрт бастарын шайқап, таң қалысып отыр.

- Аана мен де бір қолайсыздау адамды көрдім... - Екінші шал ыңылдап бабымен әңгіме бастай бергенде, ауыз үйден:

- Сақтапжан, қолға су құй, - деген әжемнің даусы естілді.

- Қой, қысыр әңгімені доғарайық. - Бағанадан ауыздарын ашып, көздерін жұмып таң қалған кісілер тамақ жеуге қоғамдаса бастаған. Амалсыздан тұрып барып, шылапшын, шәугім іздестірдім. Ойымда шпиондар...

Тамақ желініп, ас қайырылып, тұруға жиналысымен, қасымнан көтерілген Құмай атаның етегінен тарттым:

- Ата, жаңағы шпиондарға не керек, іздеп жүргені не?

- Е-ей, балам, олар бізге іздеген мүлкін айта ма, мал қарап жүрмеген шығар? - Шал жіп баулы көзілдірігін қалтасына салып жатып, қиқылдай күлді. - Ай, Бейсен, не бәлені ойлап табасың! Айкеңнің ауышып кеткен ұлын шпион қылып, мына баланы желіктіріп қойыпсың. Сақтап, сен алаң болмай сабағыңды оқы. - Енді маған бұрылды. - Құдай есін алғасын, елге құбыжық емес пе? Төрт жыл бұрын қыр жақтан көшіп келген кемпір-шалдың үш ұлының біреуі сол... - Құмай шалдардың соңын ала, тысқа беттеген.

Атам шәугімін алып, құптан намазына құламақшы... Кең бөлменің ортасында, селт еткен дыбысқа селк етіп елегізіп тұрмын. Үлкен кісілер де қызық, тамақ жегенше былай деді, тамақ жеген соң ойынға айналдырып жөн-жөніне кетті. Дегенмен әңгімелері тегін емес, бірдеңе бар. Әрі қорқынышты, әрі қуанышты. Қорқыныштысы - не дегенмен шпион ғой, жезтырнақтың ұрпақтары осылар шығар... Қуаныштысы - біздің ауылда да ондай жандардың барлығы, сәті түскенде сап еткізіп ұстап алуға болады. Қалаға бара қалсам да, қарап жүрмеспін, іздестіремін...

Екінші кластың оқулықтары жұқарып, тоқсан аяқталуға таяп келе жатыр. Күткен 25 майға да жеттік. Келесі класқа көшкенімізді есітіп тырағайлап шауып далаға шыққанбыз. Қарасақау "күзгі сын" деген бәлеге ұшырады. Әуелі "бұл бір жақсылық екен" деп, қисақтап күліп отырған. Күз айында жалғыз өзі емтихан тапсыратынын естігенде ақ тер, көк тері шықты. Қарасай ағай қатты ұрысқан. Шотай бір жолаушының артына мінгесіп, "ауыл қайдасың?" - деп тартып тұрған. Төртінші тоқсанда төбесін де көрсетпеген Шотайды Мырзалы май мейрамында ат үстінде көрген екен, алдында бір отар қойы бар, ысқырып, рақаттане-еп жүр дейді. Бұған сонадайдан қамшысының сабын көрсетіп күліпті. Мұрты бар деп отыр. "Айкөл ойнайық, аттан түс" деген екен, "Қаналы ағам көрсе өлтіреді" деп бұрылып жүре берген. Ағай: "Соңғы тоқсанда сабаққа түгел қатыспағаны үшін Айшуақов Шотай да күзгі сынға қалады", - деп кесімін бірден айтты. Шотайға ендігі жетпегені осы еді.

...Менің қалаға баратын сапарым күні бұрын айтылып, класқа әйгіленген. Жүрегім өзімде жоқ. Қойнымдағы кітаптардың мұқабалары ескіріп, үгітіліп кететін құм кесектей әрең жүргем. Мектептен ұзамай-ақ, "Бітті енді" дегендей, желдің өтіне шашып

жібердім де, үйге қарай жүгіре жөнелдім. Ізімнен беру пысылдап ұшып келеді, ілестірмеймін деп ышқына ұмтылғанмын. Әлгі "көлеңке" қалар емес. Тұра қалсам, өкпесі өшіп алқынған Қарасақау.

- Сені келесі жылы ағайға айтамын, кітапты лақтылды, - деп ентігіп тұр.

- Мен бұл жақта енді оқымаймын. - Қарасақаудың еткен еңбегі зая кеткендей, аузына сөз түспей абдыраған. Әрі қызыға, әрі қызғана қарап тұрды да "Бәлібіл айтам мен" деп келген ізімен кейін қайтты.

Түс ауған кез. Әбу деген шопырдың ылғи төрт бұрышты қораптардан тұратын ағаш машинасына мініп, әжем екеуіміз "қала қайдасың?" деп, заулап келеміз. Үстіме ақ көйлегімді киіп, түс бойына тазалық жұмыстарын жүргізіп, кекілімді қайыра тарап бара жатқанымды балалардың біразы көрді. Қалаға қайта-қайта барып, жалыққан адамның кейпін жасап, жан-жағыма қарамастан, қалғыған жанның кейпіне келіп, көзімді жартылай жұмып отыра бердім. Басымды қатырған балмұздақтың балы кеткенмен, оларға деген мұзы ерімеген сияқты.

#### IV тарау

**Қалада қалай "қамауға" түстім.**

**Поезға міндім, мінекей...**

**Темекі шеккен келіншек.**

Қала қашан болады деумен, күн көзі ұясына жасырынып, қызыл іңір басталған. Жер жиһанның бәрін бояуға малып алғандай алаулай өртеніп тұр. Тек осы төңірекке ме, әлде ауыл кеші де құбылып, қырланатын ба еді, есіме түсіре алмадым. Алдымызда көлбеп жатқан қия белеңнің етегінен ақ шатырлы ауыл қылаңдай бастаған. Жақыннан аңғардық, араларын сары шағыр басып кеткен бас-аяғы жиырма шақты үй ғана. Аузымның суын тамызып айтып жүрген қалам осы болды ма деп, көңілім суып сала берген.

- Әже, қалаға келдік пе?

- Қызке деген жер, енді шамалыдан соң барамыз.

- Мына баланың асығуын-ай, - Ертелі рульмен үнсіз арпалысып келе жатқан Әбу арқа-жарқа боп күледі. - Бірінші рет көруі-ау деймін.

Бетінде, колхоздың тайға басатын таңбасындай айшық тыртығы бар екен, күлген кезде құлағына қарай жылжиды. "Шпион емес пе?" - деп күдіктеніп қалдым. Әріпбай құсап қауіпті әңгімелер айтпаса да, адамға да қараған кезде көзі аларып кетеді. "Жан қалтасында жасырулы жатқан қаруы жоқ па" деп көзімнің қиығын тастасам, салбыраған май шүберектер...

Түн қараңғылығында қарсы алған қаланың келбеті шын мәнінде бөлек екен. Самаладай самсаған жарық шамдар, дәп бір күндізгідей жол көрсетіп тұр. Біздің төрт бұрышты машинамыз ала-құла боялған арба тертесіндей ағашқа тұмсығын тіреп, тоқтап қалды. Дөңесте қыр арқалары жалтырап ұзыннан-ұзақ бірдеңе жатыр.

- Міне, шойын жол. - Әжемнің айтқан алғашқы түсіндірмесі.

Осы сәт маңдайы жарқыраған керемет қарандап, алдымыздан өте бастаған. Мұның пойыз екенін айтпай-ақ сезіп отырмын.

Мен келген үй - әжемнің туған нағашысынікі, алдымыздан жүгіріп шығып кұшақтай қарсы алды. Амандық-саулық сұрасып отырып, түнделете шай іштік.

"Пәленбай" қалада "түгенбай" оқудың түбін түсіріп, үш бірдей "баға жетпес қағаз алған" деп, нағашым мақтаған Гүлзина атты қызы мені үйірсектеп, әңгіме сұрайды. "Бұл тегін болмады, кемі - мұғалім ғой", - деп сызылып отырсам, тас қалап, кран айдайды дей ме? Тәуекелге бел буып, алдаушы қалтамның аузын аштым да, маржандай өтірікті мөлтілдетейін. Бір кезде тоқсан тоғыз балапаны өліп, біреуі қалған Шойынкұлақша әлсіреп барам. Шаршаппын. Қарысып ұйықтап қалған екем, тұра келсем тал түс болыпты. Әжем нағашысымен базар аралауға кеткен. Келгесін қала қайда қашар дейсің. Ақзейнемен шай ішіп болып, аулада жүргем. Қарсы есіктен гүжілдеген дауыс шығады. Бірдеңе жөнінде қызу дауласқан үлкендердің әңгімесін еркін есітіп тұрмын.

- Сенің іздегенің қашықта емес, - дейді қарлығыңқы нағыз шпион дауыс. - Табуға болады. Алды-артыңды абайлап алып, асықпай батысты бетке ал да тарта бер... Ұшырасқан жаннан жөн сұрай беріп керегі жоқ, әркім әр түрлі айтып басыңды шырғалаңға салады. Онан да өз бетіңше "Сарының құмына" дейін жет, әрі қарай тағы да көрерсің... Бақытың біледі. Мойның салбырап, еңсең түсе бермесін, табылар...

- Еңсем түсіп қайтсін, ренжимін де... Тіршілігімді жасап байқармын. - Екінші дауыс сеніммен сөйлеп отырған, шошып түсті. - Ойбай, мынау немене, қан ба? Ит жеген терідей не істедің? Құрысын бәрі, - деп баж ете қалған.

"Мәссаған... Бұлар анық шпион болып шықты. Әжем болғанда ғой, енді не істемекпін?! Бірдеңе іздеп жүр, оңбағандар, тыққан қару-жарақтары шығар, ара-арасында бірін-бірі сойып жатқандары несі?.." Жүрегім дүрсілдеп, тынысым тарылып, аяғымның ұшымен кейін шегіндім. Екі көзім "шпиондардың" бөлмесінде. Шегіншектеп келе жатып, табалдырыққа табаным тиер-тиместе артқы жағымнан бірдеңе күйдіріп тұрғанын байқадым. "Қамауға түстім" деген ойдан қалтырап қоя бергем. Біреу сықылықтап күледі. Жалт қарасам, ыссы самаурынды жалаң трусидің сыртынан басып, масайраған Ақзейне.

Көзім аларып, түсім оңып кеткен болуы керек, күйіп қалды ма деп шошып кетті.

- Не болды?

- Мында кел. - Оңашалап шақырып алып. - Мына үйде шпиондар отыр, - дедім.

- Қайда, кәне?

- Анау жақтан есікке құлағыңды салып тындашы.

- Мынау үй ме? - Ақзейне күлкісін әрең тежеп тұр. - Нағашымның үйі ғой... Жаңа бір кісі: "Жоқ қарап жүр едім, көрді ме екен? Шашымды да алдырып қайтсам", - деп келген.

"Неге сойып жатқанын" енді түсіндім. Басымды бәкімен сыпырған сайын өліп-тірілетінім есімде. Самаурынын қоя салған Ақзейне, есіктің дәке жапқышын ашып жіберіп еді, еңгезердей екеудің біреуі "тірілей сойылғанның" жалтыр басын мақтамен сүртуде, алаңы жоқ. Қастарында тайдың тұяғындай кеселер мен қыпша бел самаурын. Бізге назар да салмады. Баяғы көңілге күдік ұялатар әңгімелер. Менің барлау жұмысымдағы алғашқы кадамның қандай сәтсіздікпен аяқталғанын біле беріңіз.

Сол күні кешке пойызға мінгенше, сонадай ыңылдап соңыма түскен әлгі қыздың мазақ күлкісі мазамды алды. Пойыздың іші рақат екен. Қаптаған купелердің біреуіне жүктерімізді қойып, әжем екеуміз "Сексен тиын" төлеп шай алдырып, қауырсындай қатқан тәтті жедік. Ыссылап кеткесін есік алдына шыға қойып едім, ақ қағаздай көз қарықтыратын, ұзын бойлы, шалбарлы әйел темекіні ышқына сорып, түтінін терезеден сыздықтата сыртқа жіберіп тұр. Мені көріп тесірейе қалған... Шоңтөбенің шағыл құмында, шағырмақ күннің астында күйген таба нандай күңіреткен тайпақ бет, тапал қара баланы бірінші көрген болу керек, көк моншақтай көздерін найзадай қадайды. Башпайларымды жыбырлатып тұрып жалаң аяқ екенім есіме түсті. Жолға шығарда атам: "Күсін еземін", - деп шыт-шыт қып жарып, қанын шығарған. Қаша жөнелудің қисынын таппай қипақтаған жай. Ойымды түсіне қалған шалбарлы әйел, темекіден босаған сұқ саусағын сумаңдатып, өзіне шақырғандай болды. Состиған пошымыма қарап шүлдірлеп қояды. Ара-арасында: "Ой, глазки, глазки!" - дейді. Әліпті таяқ деп қалған маған мұнысы: "Екі көзіңді желкеңнен шығарайын ба?" - деп пікірімді сұраған тәрізді. Енді болмаса, білегімнен шап беріп ұстап алатындай, дымымды шығармай, жымымды білдірмей, әжем отырған купеге қойып кеттім. Көңіліме қорқыныш әкелген бейтаныс тәте... қораның ашық терезесінен басын шығарып қарайтын үйдегі ақ серкені елестетті. Аузында - шылым! Әрине, ақ серке темекі шекпейді, осыннан кейін шексе де таң қалмас едім.

Ү тарау

**Жаңалыққа толы жаңа оқу жылы.**

**Шотайдың шығармасы және бейтаныс Берекеттің жоғалуы.**

Қаланың қарасына зар болып жүргенде, жоқты-барды қосып ешкімді бет бақтырмайтын едім, көзіммен көріп қайтқасын кім алдыма түссін, жер бетін тегіс шарлаған жиһанкездей әңгімені соғып отырмын. Таныс суреттер кездескенде көзі жылтырап, ойына әлдене түскендей сөз қыстырып қалғысы келгендер табылса: "Ой, мына тұрған Бестөбені де қала деп жүрсіндер ме, айтпай-ақ қой, - деп қолымды бір сілтеймін. - Не ол, такси түгілі, трамвайы да жоқ. Қала деп Ақтаңды айтсайшы".

Әлгі байғұс Бестөбені көргеніне қарадай кінәлі болып, сүмірейе қалады. Сүмірейсе, сүмірейсін! Жолымнан қалып, оны аяйтын уақыт менде болған емес.

- Мен барғанда қалада жүзім, алма, өрік дегендер төгіле төмен түскенде, төбеңе тиіп жүргізбейді, тек жеп болып қана өте аласың. Сондықтан да ол жердің жандары еңселерін төмен ұстап, еңкейдеп басады. Былай қарағанда, бүкір адамдар сияқты...

Үзіп жегеніңе, қапқа толтырып алғаныңа тіпті де өкпелемейді, қайта "үйіміздің қасын тазартып кетті көп жасағыр" деп отырғандары. Ол жерде қияр, помидор дегендерің аяқ астында жатқаны сондай, құсқыңды келтіріп, жүрегінді алады. Бірақ, амалың қанша, білдірмеген болып жүре бересің... Жақсы дегендерін таңдап жүріп, қой-ешкілерге салады, сиыр, жылқы... - дей беріп, таңдайым тақ етіп тұрдым да қалдым. Мен барып келген Ақтаң қаладан гөрі мал фермасына ұқсап бара жатқанын балалар да байқап қалған...

- Сонда ол жақта мал да бар ма?..

- Иі.. Қызықсың. Болмай ше? - Маңдайға жазған өтіріктің тар соқпағына түсіп тартып бердім. - Болғанда қандай! Кешкісін өңіреп-мөңіреп өрістен қайтқанда адамдармен араласып кетеді. Малы қайсысы, машинасы қайсысы айыра алмай қаласың.

- Газбада ше?

- Өй, сендердікі қит етсе газбада екен, айтып отырмын ғой, ондайларды сиырлар шелегімен ішеді.

- Тап осының өтілік. - Қарасақау зымиян; ішің емес, ішегіңдегіні оқиды. "Білмесең отырсайшы, айтсын" деп балалар оны нұқып тастаған.

- Өтіре-ек!.. Әуелі көріп ал. Біле білсең қаладағылар "көктейл" дегенді ішеді.

- Ол не нәрсе? - Отырғандар шулап қоя берген.

- Тағы да не бәле? - Бұл Қарасақау.

- Ол - бәле, - дедім мен де қырсығып. - Саған газбада болса жетпей ме? Білсең айтшы көктейлді қалай ішу керек?

- Ауызбен. - Әлгі сұмырай сөзден тосылмады.

- Ауызбен емес... Көктейл ішетіндердің қолдарында бір-бір қамыс түтіктері болады. Олар оны төс қалталарынан тастамайды, өйтпесе шөлдеп өлуі мүмкін ғой. Оны көктейл құюлы стаканға малады да, екінші жағын аузына кідіртпестен, кеңірдегіне апарып тығып қояды. Жұта бер сосын... Әрі тамақ, әрі сусын, шайың сияқты, тәттілігін айтсаңшы!

Қоршағандар күрсіне тамсанды.

Жаңа келгендерге, әңгімеден мойыны босамаған балалар, бұрылып қараған да жоқ. Олар да мені жағалай жайғасып жатыр. "Сақтап бәленше қалаға барып келіпті" деген сөздерін құлағым шалған сайын сары майдай еріп, сайрап отырғам. Шашын тақырлап алған, үстінде нілдеген ақ көйлегі бар, бойы былтырғысынан бір қарыстай өскен Шотай кіріп келе жатыр. Айтып отырған "қырық өтірігімнен" өзімнің көңілім қалыңқырап, құтылу жайын қарастырғанда, көзімнің оты жарқ ете қалды. Шабактай андыздап барып құшақтай алыпмыз. Шотай оған ашуланған да, айрықша қуанған да жоқ, сыңар езуін тартып күледі...

Жапырлап жатқан бізге қарап, кластың ішін жүгірте сүзіп, көзімен тінтіп өз партасын тауып алды да, шалбарынан ұстағандарды сүйреткен күйінде тартып ала жөнелді. Көптен көрмегесін сағынысып қалыппыз, оны-мұны сұрап жатырмыз.

- Қой бақтың ба?

- Атың қандай, жүйрік болды ма?

- Мұртың шығыпты ғой. - Шынында, қара дақтанып мұрнының астына болмашы көлеңке пайда болған.

- Айтшы, не көрдің? Әңгіме айтшы... - Жабылып сөйлете алмай отырмыз.

- Әңгіме? - Шотай "шын айтасыңдар ма?" дегендей бәріміздің бетімізге қарады. Бір езулеп күледі өзі. - Қазір қызық айтамын.

Үйректің балапандарындай шүпірлеп, қалқан құлақтарымызды төсей қалдық.

- Бізбен көрші қонған Құрманғалидың үйінде дәу қара төбет бар...

Осы төбеттен бір оқиға басталады-ау деген болуымыз керек, демімізді ішімізге тарттық. Шотай нанға түйілгендей, біраз тұрып қалған. Аузы ашылып, көзі құлайтын тамның терезесіндей қисайып бара жатыр. Бірақ бәрі жаймашуақ аяқталды.

- Ол өрістен қайтып келе жатсаң орнынан тұрады да, "оуф, ау-уф" етіп үреді. Ха-ха-ха... Ха-ха-ха!

"Ой, Шотай келеді деп жүргенде айтқан әңгімесі осы ғана ма?" Бәріміз де іштей риза емеспіз. Дегенмен, күліп жатырмыз. Шотайдың класты басына көтере айқайлап күлгенінің өзі бізге жетіп жығылады. Арғы жағы "Хт-хт-хт, ех-ех-ех!"

Бірақ қарқылдаған жігіттің көзінен жас аққанша селкілдегені жанында тұрғандардың біразын үркітіп тастады. Адамның қытығын келтіретіндей ішінен не табылғаны бір Шотайдың өзіне ғана мәлім, әйтеуір, ебіл-дебіл. Осы сәт неге екені белгісіз, есалаңдап отырған жігітті аяп кеттім. Шотайға бір өлшеуі жоқ жақсылық жасап тастағым келеді, бірақ қолымнан келмейтінін сезем. Егер мен директор болсам, қолына оныншы класты жақсы бітірді деген қағазды беріп-ақ жіберер ем. Жүрсін атына мініп...

Бәрі тына қалғанға қарасам, қағаз, кітаптарын қолтықтап, Қарасай ағай класқа кіріпті, бәрімізге бас изеп амандасуда. Бет-аузы енді ғана түзеліп, үнсіз қалған жігітке әдеттегісіндей әзіл айтады:

- Ой, Шотеке-ай, уақыт деген... Бұрнағы жылы әжеңе еріп келіп едің, қазір сәліңгірдей жігіт болып қалыпсың. Басқа да тіршіліктеріңнен қалмауың керек енді... Оқығың келе ме?

Шотай "жоқ, бар" деп тырс етпеген. Басын төмен қарай тұқыртып ұстаған күйі отыра берді.

- Сенің жасың қазір он жетіде. Қой бағуыңа, әке-шешене жәрдемдесуіңе әбден болады... Оқығың келмесе біз мектептен босатуға көмектесеміз. Сабаққа келмеуіңе де болады, ертеңнен бастап... - Партаның үстіне бетін тақай отырған жігіт үнсіз. Өзі сөйлеп, өзі қойған ағай, "мейлің" дегендей, әңгіменің тақырыбын басқа жаққа бұрып кеткен.

Бірінші сентябрь - оқу күні болып есептелінгенмен, ә дегеннен "ал енді мынаны бастап жіберейік" деп еш мұғалім де айтпайды. Алғашқы күні біріңе-бірің қарап, мұғалімдермен амандасып, тақта сүртіп, парта көтеріп дегендей, қиқы-жиқы тірлікпен уақыт өтеді. Қарасай ағай да сол дәстүрдің қаймағын бұзбай ананы бір, мынаны бір айтып тұрып:

- Ертеңгі сабаққа жазда көргендеріңді бір бет қылып жазып келіңдер, биылғы жылдың алғашқы бағасын дәптерлеріңе қоямын, - деген.

Ағайға өтірік жазып өле алмай жүргенім жоқ, не болғанда шыныдай шындықты тізуге кірістім.

... "Ана тілі" сабағында шығармаларымызды жинап алған ағай, ертеңіне қарап-қарап отырып, "ең қысқа шығарма Түгелбаевтікі", - деді. Қарасақау қалай жазса, Қарасай ағай бір әрпін де түзетпестен қаз қалпында оқып берді.



"Каноколда Селдебаев дәптелделін, кітапталын көшеде лақтылды. Оны балалал көлді. Мылзалының көкесі мас болып қала сыйылын тепті. Екі лет".

- Екі лет болса, екі деп баға қоямыз. - Дәптерлерді судыратып отырып менікін суырып алды. - Сердебаев не жазды екен? - Дауыстап оқи бастаған.

"...Қалада машина деген иттей өріп жүр... - Отырғандар қиқылдап, ішек-сілелері қатты да қалды. Шот желкесі шоштаңдап, Шотайға дейін күлген. Бір қой түгілі, бір түйе де жоқ. Кешегі қолдан құрастырған жалған хикаялар алдымнан сопаң етіп шыға келді. - Бірақ, ет, сүт - бәрі бар. Әжем бүйендей бір шыныдан айран ішіп: "Не деген тәтті, осындай қатық ауылда болар ма еді", - деген. "Айран емес, бұл жерде қымыз бар, қазы-қарта да табылып қалады", - деді көкем. Әжем: "Қалқам-ау, көк темір сойып жемесеңдер, бәрін қайдан аласыңдар?", - деп таң қалды.

"Мен студент кезде қарны ашып қалар деп, ауылдан қолдарыңа түскендеріңді беріп жіберіп тұрмаушы ма едіңдер... Ауыл да қартайған кемпір-шал тәрізді, ауыздарынан жұлып қалаға асырады".

Көкем мені "Парк" деген жерге ертіп барып, балмұздақ алып берді, көктейл ішті, сосын айналып тұрған дөңгелекке міндік. Біз биікке шыққанда, төмендегі адамдар құрт секілді қыбырлап, машиналар қоңыздай жорғалады. Үйлері құмырсқаның илеуіндей, біреуі кіріп, біреуі шығып жатыр. Дөңгелеп жатқан темір тордың бірденесі үзіліп, үстеріне түсеміз бе деп қорықтым. Көкем: "Өскесін ұшқыш бол" деген, мен басымды шайқадым. Көктен қарағанда, төмендегі адамдар қуыршаққа айналып кетеді екен, онан да жер басып жүргенім жақсы. Ұшсақ бәріміз бірге ұшайық, болмаса қалай?

...Айтпақшы, қаланың балалары тап-таза болады. Күресіп ойнайық десең, "үстімді бүлдіресің" деп, тұра-тұра қашады. Тек пойызға мінетін жерде бір бала "келе ғой" деп, желкемнен жабыса кетті. Жұлқысып жатқанда оның атасы келіп: "Қойыңдар, жұрт күліп отыр сендерге", - деген. Сөйтсем, ол да бір совхоздың баласы екен. Маған тәп-тәтті сағыз берді. Мен оған аптақалам сыйладым. Екеуміз біраз уақыт бірге болдық. Құшақтасып ойнадық. Атасы: "Әтеңенәлеттер, бірінің иісін бірі көш жерден білетін ауылдың күшіктері ғой, бұлар", - деп күлді.

Менің жаздағы көргенім осы ғана. Ағай оқып болып, басын шайқап біраз отырған... Қолындағы қызыл қалам бұрыш-бұрышына барып қайтқаннан кейін, "үш" деп үкімін бірден кесті. "Үштің" дұрыс екенін дәптердің қызылшырайлы жүзінен айттырмай-ақ сездім.

Шотай шығармасын қара қаламмен жазыпты, ағай бәрімізге көрсетіп бұлай болмайды деп ескертті. Сыртына баттитып тұрып "Шотайдың шығармасы" деп сүйкей салған.

"Шотай, Шотайдың әкесі Айшуақ, Айшуақтың әкесі Байшуақ".  
Онан әрман кім екенін білмей біраз аңырған болуы керек, сөйлемін аяқтамастан, айдап отырып көз көрген Садық баздан бір-ақ шығыпты.

"Онда мен қой бақтым. Үлкен ағам Қаналы қатынының айтқанымен жүреді. Сол өл десе өледі, тіріл десе тіріледі. Әріпбай ағамды да ұрғызған сол қатыны. Апам осынан оқуыңа барғасын, Қарасай ағайыңа айтып штраф салғыз деген. Әріпбай менен он жасы үлкен, бірақ әлі аяқтана алмай жүр. ("Аяқтана алмағаны несі, еңбектеп жүргені ме?") деп ойладым. Қоңыршаның қой бағатын қара қызын сұрап, әкем барған екен: "Шығындар, берекеті жоқ әтәңенәлеттер", - деп қуып жіберген. Бұрын біздің үйде Берекет деген кісі болыпты, соны Қаналы ағамның қатыны қуып шыққан көрінеді. Енді үйде күнде ұрыс, "қой" деп ақыл айтып отыратын Берекет сол өкпелеп кеткеннен қайтып соққан жоқ. Өрісте қара шалынса, келе жатқан Берекет ағам екен ғой деп шауып отырып алдынан шығамын, басқа біреу... Мен оны көрсем де танымас едім.

"Сол үйдің адамы болса ол қайда кеткені, іздесу керек" деп ойлаймын.

Әжем айтады: "Бұл үйде енді қайтып Берекет болмайды, әуреге қалмаңдар... Ана қатын Қаналының басын айналдырды, енді бізді дуалайды. Беті жаман ғой, кәпірдің, кісі өлтіруден тайынбас, сірә", - дейді.

"Ох, шпионның нағыз өзі болды ғой, - деп ойладым. - Мұндай жауыз Берекетті баяғыда-ақ өлтіріп тастаған шығар".

Әріпбай ағам тайға бас білдіремін деп, апанға омақаса құлады. Есін жиғасын үйге алып келдік. "Қандай рақат, - деп өлең айтты. Қаналы ағамның қатыны: "Ауыштарыңды жинап бағатын мен емес, - деп, басқа шұңқырға көшіп, кішкене қос тігіп отырды..."

"Е-е, енді есіме түсті... Осыдан бір жыл бұрын қойлы ауылды шарлап, Бейсенге шпион боп көрінген Шотайдың ағасы Әріпбай екен ғой. Шотайдың, біздің Шотайдың ағасын танымай, әжемше айтқанда, көк мұрт Бейсенді не қара басқан?" Тамағым кебірсіп, миым тас қайрақтай зырылдап ала жөнелген. Құлағымның түбі у да шу...

Қарасай ағай қабағын түйіп тұрып, әрі қарай ішінен оқып кеткен.

Сабәк біткесін, Шотайды үйге ертіп барғам. "Жолдас деп сәліңгірдей жігітпен жүргесін "балам азамат қатарына қосылды деп қуанған әжем кешеден қалған көжені ысытып алдымызға қойды. Шотай балыққа ау құрғандай бірыңғай еттерін сүзіп жеді де, сылдыраған сорпасын ыдысымен ысырып тастады. Қасығымды ұстаған күйі қарап отыра беріппін. Маған назар да салмастан, алақанын қағып-қағып, шалбарының сыртына үйкеді де, үн-түнсіз үйден шығып кетті.

ҮІ тарау

**Қарасақау - бізге туысқан.  
Сырласу кеші.**

Арғы атасы Жезтырнақ шығар деп жүрген Қарасақауым – арамыздан қыл өтпейтін ағайынымыз екен. Жер бетінде жалғыз қалсам да, сонымен туысқым-ақ келмейді. Амалың қанша, бәрі сол атамның кесірінен. "Пәленше - түгеншеден. түгеншеден тағы бірдеңе", - деп таратып-таратып келіп, ағаштың бір бұтағын - мен, екіншісін - Қарасақау қылады. Туысатын адамыңды таңдап алмағасын не шара, басқа салғасын Қарасақаумен туысып, бүлкілдеп жүріп жатқан жай бар. Біздің табалдырыққа аяғын салмастан жылмаңдап: "Ұлуымыз біл, тату болуымыз келек", - деп асты-үстіне түседі дейсің. Анада "туған күнім" деп шақырғанда, менің де "туыстығым қысып" ерте барсам: "Неге ерте келдің, қалның аш па?" деп басыма бәле салған. "Тамақты көп жейді", - деп Шотайды шақырмады. Тиын жинастырып, балалардың сыйлаған кітаптарын көргенде бірдеңе өткізіп қойғандай бұлқан-талқаны шығып ашуланды. "Неге белсебетке кашок сатып алмалдыңдал, не болмаса камл? Далада тұла тұлыңдал, үйге кілгізуге бола ма екен, апамнан сұлап келейін", - деп бізді иіріп қойған. Дастарқан үстінде де жағаласып болды. "Аздап жесеңделші, апам кейиді ғой" деп.

Со-ол Қарасақау: "Туысқаныңа қонып кел" деп, апам жіберді деп кел-е-еп тұр. Жаздыгүні есік алдында тігулі тұратын қараша үйге әжем қатарластырып төсек салып берген. "Бәленің бетін көрмейін" деп жүзімді іргеге қарай беріп, ұйқы шақырып жатқам, анау әй-шәй жоқ:

- Өскесін кімді аласың? - деп солқ еткізді.

Тіл-аузым байланып, талып қалған ештеңем байқалмады. Айыбы, Қарасақаудың аузынан шықты демесең, жанға жайлы жып-жылы сөз.

- Білмеймін, атам біледі... Өзің ше? - дедім.

- Менікі қалада. - Қарасақаудың сенімді үніне қарағанда, бүгін ертең бітетін шаруа тәрізді. – Ылғи лөккебай мініп заулатып жүледі. Үйінде тамақ дегеннің неше түлі бал. Соның менімен жасты қызына, қайтсем де, құда түсемін деп отыл. Иненің көзінен өткендей екен.

- Сенің қалай оқитыныңды біле ме?

- Жо-о-оқ...

- Иненің көзінен өтсе, тіпті жіңішке болды ғой.

- Олай емес шығал, әшиін айтқан ғой... Өзін көлгенмін, әдемі.

- Әдемі болғанда қандай? Айта қойшы...

- Аузы бал, - деді Қарасақау ыңғайсызданып. - Көзі бал, мұлны да... Мұлны да әдемі... Былай... - Қараңғыда ауа қармап, бірдеңе сызып көрсеткен болады. - Міне, осылай... Сосын үстіне ақ палтук киіп жүле беледі.

Байқап жатырмын, өтірікті қиыстыра алмай қиналып-ақ қалған. Әйтпесе добардай ауыз, жұмылған көз менде де бар емес пе? Мұрын дейді ғой... Қақаған аязда ұшы тершіп тұратын өзінің қызыл шоқалағынан асар бұл маңда ешкім жоқ. Әй, болмас та... Қарасақаумысың деген. Оңтайыма өзі келіп түскен оңбағанды шабақтай бердім.

- Кездестің бе өзің?..

- Айтып тұлмын ғой, кездеспесем қайдан бәлін білемін. Аумаған мына кім... Біздің кластағы... Сонан айнымайды... Тазалық...

- Ақбөбек?

- Иә, иә. Сол... Қатты ұқсайды.

"О, түлкінің міршайы... Онан да, Ақбөбек еді демей ме... Дүрес, әкесі осы ауылда бастық, машинасы бар. Үйін көрген жоқпын, түрлі-түсті тамақтар бар шығар... Ауыз, мұрнын, көз деп сандалып отырғандары шамаға соғады. Көбінесе ақ фартук киетіні анық. Әдемі екені рас, бірақ "иненің көзінен қалай өтетінін" қайдам?"

Әлі де бірдеңелерді көңірсітіп сұрай түскім келіп дыбыс берсем, жаңа ғана ояу Қарасақауым ұйықтаған болып қорылға басқан. Менен құтылудың оңай жолын тапқан екенсің! Әрі-бері сипалап қолыма іліне кеткен түйюлі шүберекті "Ойбай, жылан!" деп төсегіне тастай салып ем, Қарасақау бақырған күйі орнынан атып кетті. Күлкіден ішегім түйіліп, жастығымды умаждап жата қалдым.

## ҮІІ тарау

**"Ала аяқтан" қалай аман қалдым немесе Шотайдың адамгершілігі.**

**Үлкендер және мен.**

**"Генерал" Шотайдың "сатқындығы".**

Біздің ауыл сыңсыған құм арасындағы Шоңтөбе деген жер. Бір жағы ұзыннан-ұзақ қалың сор болып келеді де, екінші беті суырма ақ топырақтан пайда болған қабақтар. Үлкендердің сөзіне сенер болсақ, бұл өлке бір кездері жер жаннаты екен. Күншығыс жақ сыңсыған қалың жынысты орман-тоғай да, батысында көк толқын теңіз жатқан. Қазір екеуінің де ізі қалмаған. Ай тақырлардың ортасында кездесетін терең апанды "теңіз жұтқан құрдым" осы деп жүр. Шалдар айтады: "Әне-ау, көк сағым оранып жатқан Шоңтөбе заманында теңізге тұмсығын тығып дамылдаған мүйіс. Жағалауы жайпауыт болғасын

Абат әулие кешкілік ат суара келген екен. Осы жерде әулиемізді атматымен жайын жұтқан көрінеді. Қайырлап қалған жайынның хабарын естіген керуеншілер жүз түйемен Бестөбеден келіп, балықты сойып қарағанда, алып асқазанда ас үстінде тікесінен тұрған әулиені көріп көпшілік таң қалыпты. Өтірік айтса өздері кінәлі... Абаттың белгісі Шоңтөбенің баурайында әлі де бар, қасына баруға қағып кетеді деп қорқамыз. Осыдан бірнеше жыл бұрын Сауран деген кісі бауырындағы бұлақтан барып су ішсе, бір жақ езуі қисайып, құлағының астына тұра қалған. "Боз қасқа, боз қасқа" деп ауылға қисалаңдап келген Сәкенді ел сан-саққа жүгіртті. "Е-е, мұның істемегені бар ма, талайды таяққа жыққан сотқар еді, бұл соның кесірі ғой". "Кім біліпті, айдалада жайылып жатқан мал ұшты-күйлі жоқ боп кетеді. Ұрыларға Сауранның да қатысы болса керек, ақтың ісі ақиретке кетсін бе?" "Беті табақтай еді, кәпірдің жүрегі таза емес екен ғой. Жіберсін бе, жарықтық!". "Абат бұлақтан су ішпесе, шөлден өле ме екен" деп біреулер жүр.

Әулие қаққасын, адам оңушы ма еді, емделем деп Бестөбеден асып, атын айтуға аузың жуыспайтын қалаға кеткен. Жұрт "Ем қонушы ма еді" деп өздері ауырғандай түңілген. Бір ай өтті ме, өтпеді ме, "ұрдажық Сауран, ұры Сауран, арамза Сауран" аузы басы түзеліп, "нербіме салқын тиген екен" деп кел-еп тұр. Енді ел болып: "Көз жасын көрген екен, байғұстың" деп теріс ағып жүре берді.

Шоңтөбенің басынан ауылға қарай құлама жол түседі. Жаздыгүні сол арадан велосипедпен бұрқырата етекке түсеміз де, ауыл шетіндегі жер астынан пайда болған кара лайсаң көлшікке көк бақалардай қойып-қойып кетеміз.

Бүгін де танауымыз желпілдеп, кеңірдегімізден келгенше бойлап, салқын суда шалпылдап бір топ бала жүргенбіз. Қарап тұрсам, бізден үш-төрт жастай үлкендігі бар Сүйінбайдың баласы жағалауда жаймен шешініп жатыр. Былтыр осылар көшіп келгенде бүкіл ауыл: "Жеті жұртты тауысып жеткен екен ала аяқ, қартайғасын туған жер керек та", - деп бәрі хормен айтқан. Шөлге өскен сексеуілдей қисайған да, дүзгеннің түбіріндегі тобан аяқтың иелерін де көргеніммен, оның ішіндегі ала аяғын кездестірмеп едім. Осындай бір жаңа сортты адам жаныма келген соң:

- Ей, ала аяқтың баласы... Ха-ха-ха!.. Суға түс, - дедім шалшығымда аунап жөніме жатпай. - Рақа-ат!..

- Не дейсің. - Әлгі ежірейіп шыға келген. - Қайтала, кәне, жаның барында!..

Әкесінің аяғының алалығына ұялатын болу керек деп ұйғардым да, тәуекел деп тағы бір қайырып тастағам. Айтуым мұң екен, үстіндегі киімін шешпестен суға қойып кетіп, күнге күйіп қара қайыстай шытынап тұрған желкеме жабыса қалды. "Тағы неге

ұшырадым?" дегенше болған жоқ, басымды суға батырып жіберген. Тырнақтарының ұшы терімді тесіп бара жатқасын "Жезтырнақ" деген ой түсіп, ойбайды сала бергем, борсыған көлдің сасыған суы кеңірдегімді кесіп отырып, қарнымнан бір-ақ шықты. Басымды бір көтергенде, "өлдім" дей беріп, су түбіне қайта кеттім. Лай суды қылқылдатып жатырмын. Менің басымды батырып қойып, әлгі "Жезтырнақ" су бетінде күнгірлеп сөйлейді. "Жаным шығады-ау" деп ойлағанымша, жасыл дүниенің жарқ етпесі бар ма? Көзім қарауытып, ішкенімнің бәрін тұрған орныма қайта құстым. Ала аяқтың ұлын біреу қолын қайыра бұрап бақыртып жатыр екен, қарасам - Шотайым!.. Ыржалақтап күліп, рақатқа батқан. Анау біресе еңкейіп, біресе шалқайып, "ойбайдың" көкесін салуда. Мендей санасызға не дауа бар, сақылдап бір күлейін.

- Суға неге батырасың? - Қоянсүйектей қолдарды уысына қыса түскен Шотай, бақырған сайын бұрайды.

- Өзі ала аяқ деді.

- Кәне, аяғыңды көрсетші, көтер ей...

- Ойбай, міне! - Тот басқан темірдей сидіған сирақ су астынан сопаң етіп шыға келді. Шотай тағасын тазалаған аттай асықпай тұрып, оны балшықтан аршыды:

- Міне, көр!

Жапырлап біз де қарағанбыз. Жаз бойы тартпа баулы шапата киген болуы керек, күйген тұстары қарғатұяқтанған да, қалған жағы ақ таңдақ. Сырттан қараған жанға айғызданып көрінеді. "Ойпырмай, мынау нағыз ала аяқ қой". Мен ғана емес, басқалардың да көздері жеткен секілді.

Бір ажалдан қалғаныма шүкірлік қылып, "үй қайдасың?" деп жортақтай жөнелгем. "Қой енді, ала аяқтан аулақ жүрмесе жазым қылудан тайынбайды екен, білгенім жақсы болды" деген қорытынды жасадым. Жазатайым көзім аяғыма түсіп кеткен, тесірейтім де қалдым. Сөйтсем, өзімнің екі аяғым да ноқталы тайдай үзеңгі қағыстырып келеді. Кәдімгі ақ ешкінің қылшығынан ескен ноқтаны қара тайға кигізе салған дерсің. Сонда мен де ала аяқпын ба, әлде шапата кигеннен қалған із бе? Жо-жоқ, мұнда бір мен білмейтін сыр бар, үлкен кісілерден сұрау керек. Бірақ сол үлкендердің өзі түсініксіз...

Мектеп есігін ашпай тұрғанда "Сердекеңе жалғыз баланы да күдекең жыңды қылып берген" деп, жарыместің қасына қосып қоюшы еді-ау. Қарап отырсам, мені осындай жаманатқа душар еткен, сөзге қонақ бермейтін қасымдағы Қарасақау, малдың түр-түсі, алты атаға айыру, күннің қысқарып, түннің ұзарған мерзімдеріне дейін түгел біледі. Өсек айтудан да үлкендерге - қолқанат. Бұл жайлардан бейхабарлау, кенжелеп, келістіре алмай жүрген мен. ...Сол үлкендерің

Қарасақауға жағаларын ұстап, қайран қалады. "Қазір - мынау, ертең өскесін, қара жерге от қоятын шығар. Дүйім елге бастық болатын дөкейдің өзі болғалы тұр". Көз тиіп кететіндей, тілдеріміз тасқа деп назарларын төмен ұстап, "тіпәлап" түкіреді. Мәселе маған тіреле қалса, табағына ортақтасып жүрген сияқтымын, "Ұл ғой, бар болсынға" жығып, бастарын алып қашатын. Қарасақаудың кім екені мектеп табалдырығын аттаған күннен ашылды. "Сабақ айт", - десе, көзі аларып, тілі байланып, тұралап қалатын. Көпке дейін әріп танымай атағы шығып, абыройынан айрыла бастаған. Сонда да болса сұмдығынан қалып көрген емес... Бір жолы аңқылдап, мыңқылдап "Әліппедегі" әріптердің басын біріктіре алмай әлекке түсіп тұрды да, ағайдың жүзі терезе жаққа ауғанда: "Ботаның құлағына екі бала мініп отыр", - деп соқтырып барады. Кітапта бота туралы ештеңе жоқ, "Шара, санадан" шыға алмай жүрген кез... Ой, қу-ай! Орнымнан ұшып түрегеліп, оңбағанды "екі бала бір ботасымен" ағайға ұстап бердім...

Төрт тоқсанды "бес" деген бағалармен бітіріп, кластан класқа мақтау грамоталарымен көшіп жүргенімде, Қарасақаудың кеудесі кептеліп, келер класқа әрең өтетін. Енді үлкендер жағы сыпырылып мен жағына шықты. "Ананы қой, тықылдаған құр пысық, сайраған тілінен басқа түгі жоқ... Мына баланы көрмейсің бе? Басы қазандай ғой, шіркін, қарапайым қауақтардан үш есе үлкен. Соншама дүние бос болушы ма еді, жатыр ғой". Е-е, жақсы, мақтау сөз майдай жақпас па, марқайып қалам. Үлкендер ғой... Бірақ осы үлкен кісілердің түсініксіз жақтары көп-ақ. Болмашы сөздерге қиқылдап күледі, ал шын күлетін жерде түксіп түк болмағандай үнсіз қалатынын қайтерсің. Біреуге жөн сілтегенде: "Анау жолға түссең, түп-тура аулыңа алып барады", - деп, дәп бір есі бар мақұлыққа мінгізіп жібергендей сөйлейтіндері-ай. Машинамен, атпен, аяғыңмен тіршілік жасамасаң, адам арқалап, аулына тасып жүрген рақымды жол көрген емеспін. Аанада Алқабел Шамша: "Көрші-ау, тас шаптырсаң да шөп жинауға бара алмаймын деп басқармаға айтып келіп тұрмын", - деп сүйінші сұрап кетті.

- Ата, тас шапқан қандай жұмыс? - дедім.

- Ондай жұмыс жоқ, ашуланып айтқан ғой.

Жоқ дейді, жоқты неге айтады?.. Біз сөйдесек "қой, басты қатырма" дер еді. Алқабел Шамша шынымен сұранып тұрса, неге тас шаптыра салмайды.

- Ата, тас шауып көрген жоқпысың?

- Жоқ, ойбай! - Атамның өзі ашулана бастаған. - Адамның қыр соңынан қалмайды екенсің... Ондай жұмыс жоқ деп отырсам...

Мен өкпелеп, бұртидым да қалдым.

Тіпті, үлкендердің мұнан да басқа міні көп. Менің ойымша, осы ауылдағы ең жақсы адам - Мырзахмет. Өзі дүкенші, бізбен қоралас, көрші тұрады. Қашан көрсең де "Қалай, батыр?" деп күлімсіреп

қарайды. Біз де айтқанын екі етпейміз... Бір шаруасы түссе, шарбақтан мойнын созып: "Сақтап - жақсы бала, - деп күледі. - Бүгін солдаттарыңды ертіп келе ғой, сендерді пешенейге тойдырып жіберейін", - деп тұрғаны. Қуанышты хабарды ала сала мектепке ұшамын. Сабақ біткесін, ағылып-төгіліп сол үйден бір-ақ шығамыз...

Үшінші кластың жылы күзінде тағы бір жиналғанбыз. Мырзахмет бурасанданған галифе шалбарын киіп, бәрімізге түйіле қарап тұрды. Әттең, басына айқара қызыл жолақ жүргізген папаха киіп, белін қайыс белбеумен қынай буса, қалың қолды қабылдаған маршал болар еді. Түгел жиналғасын, бой-бойымызбен сапқа тізіп қойған.

- Солдаттар! - деді. - Сендер әскери бұйрықты тістен шығармай құпия ұстайтынын білесіңдер ме?

- Білеміз, - дейміз бір ауыздан.

- Жарайды. - Өзі кинодағы қолбасшылар сияқты қолын артына ұстап әрлі-берлі жүрді. Төмен қарап жымиятын сияқты ма? Ендеше, қауіп бұлты төніп тұр. Қайдағы бұлт екенін құдай білсін. - Сақ болуымыз қажет, жауынгер Айшуақов, бір қадам алға!

Шотай біреу емес, мардымсыздау екі қадам жасайды.

- Сен енді генералым боласың, құттықтаймын!

Шотай ұялғаннан басын қасып, төмен тұқыртады. "Генералдың" үстінде күн жеп, ақ жемі шыққан трико костюм-шалбар, қос тізеліктен жамалған. Аяғында ескі етік. Генералдықты кім жек көре қойсын, сырттай дәметіп, іштей қызғана бастағанбыз. Бірақ генералдың мойнында қыруар қызметтің барын білмейді екенбіз, көргесін өкінбедік.

Осы кезде, шылапшын төгуге, үйден қызыл бет әйелі шықты.

- Мырзеке-ау, мынауың не, естіген елден ұят-ты. - Бас қолбасшы "үндеме" дегендей екі көзін бірден алартқан.

- Тапсырма мынандай, жолдастар... Біздің орталық дүкеніміз үлкен шығынға ұшырап отыр. Оның басты себебі, арақ ішкендер босаған бөтелкелерді қайта тапсырмайды. Сендерге жауынгерлік тапсырма: қазір соны бір де бір жанға сездірместен, осында жинап алып келесіңдер. Сосын тиесілі "сухой пайкілерінді" алыңдар. Жолдарың болсын, жауынгерлер, аман-сау оралыңдар. - Шотайдан басқамыз есіктен таласа шықтық.

Ауыл аралап бөтелке жинауды бастағанбыз. Жігіттер қосылып арақ ішетін қуыс-қолтық қоралары барлар бәрінен бақытты, бір жерден қабын толтырып "штабқа" қайтқан. Әншейінде жұмысқа қыры жоқ Қарасақау, қайыс белбеуін буынып, ақ тер көк тері шығып жүгіріп жүр.

Арқаланып жетсем, буы бұрқыраған Мырзалы, пайкісін жеуге де шамасы келмей, үй көлеңкесінде аузынан дем алып отыр. Қора



ішіне енгенде аңғарғаным: қол арба, қол арбада майы шыққан қара көмір, қасында жанары жылтылдаған "генерал" Шотай. Көзінің айналасы қарайып, мұрнының іші үңірейіп, мұртының орны жағалданып, түрін адам танығысыз... Қолында бір кесе айран, қарбытып нан жеуде.

Қансорпасы шығып Қарасақау да жетті. Үсті-басы шықырлаған шыны, әрең жүріп келеді.

- Міне, молодец, сен енді пехотада служи́т етесің. Қанша граната алып келдің? Он бес пе? Мә, ендеше. - Екі пешеней! Тиесілі ақысын алып тірсегі тірсегіне соққан Қарасақау, ине жұтқан тазыдай бұраң-бұраң етеді. Пешенейдің шетінен бір тістеп, бізге қарап "тәтті, ә" дейді.

- Ал, енді, жолдас генерал, - Мырзахмет тыныстап отырған Шотайға қайтадан шүйілген. - Жарты машинадай көмірің қалды. Соны қағып тастауыңызды бұйырамын!

Шотай қолындағы кесесін қойып, алақанын шапаттай қағынып біраз тұрды да, арбаға қарай емес, шығар ауызға жанталаса жүгірді. Ағаш тақтайлы есікті жұлқа ашып, тысқа зып берген. "Токта", - деген қолбасшының әмірлі бұйрығына бұрылып та қарамастан, үстінің шаңы бұрқырап көшемен безіп барады. Әуелі қуа түскенмен, жұрт көзінен тайсақтап ішке қайта кірген Мырзахмет, күйінген болып тұр.

- Қашса, құрысын, "сатқын". - Бізге тіктеле сөйледі. - Паульс те осындай оңбаған ит еді. Мен оны генерал қойып жүрмін-ау, - деп шынымен бірденесі шыққандай ашулана сөйледі. - Сау қалған солдаттар, сапқа тұрындар!..

Шаршағанымыз болмаса, оқ тиген ешқайсысымыз жоқ, қиралаңдап келіп қатар түзеп жатырмыз.

- Ал, енді, - дей бергенде, ішке әжем кіріп келді. Мырзахмет бізге бермекші күрегін әлдеқайда секірте лақтырып жіберген.

- Сәлем бердік...

Әжем ернінің ұшымен дыбыссыз ғана амандасты. Күннің ыссысында пора-пора терлеген менің бетіме көз салып біраз кідірді.

- Мықтаса, жүз шыны жинаған шығарсың, қарағым. - Әжем шаң болған кепкамды қолына алып, қағып тұрып сөйледі. - Он сом ақша! Осы баланың денсаулығы үшін құдай алдында қайырусыз-ақ берейін. Ондық күніміз бар. Енді балама жолаушы болсаң, көресің...

- Апа, олар өздері... - деп бас қолбасшы сымдай тартылған. Әжем әңгімесін тыңдамастан бәрімізге "жүріңдер" деді. "Бір-бір пешенейіміз қалды-ау" дегендей, қарайлап барып, әрең шықтық. Үйге келгесін бәрін атамның алдына жайып салған.

- Ойпырмай, "бала мінезімен туады" деген рас екен... Осы Мырзахмет кішкентай кезінде қара бақырларды құммен ысқылап, жылтыратып қоятын, өскендегі тірлігі де - сол тиынның төңірегінде.

Жылтыратса, жылтыратқан шығар, сол да айып па? Бәрібір Мырзахмет өзінің жайдары жақсы қалпынан ажыраған емес, бізді көрсе күлімсіреп, жәшігін, тағы басқаларын тасытып алып жүр. Біз де жек көрмейміз. Ақысына кәмпит аламыз. Бірақ сол Мырзахметті ауыл адамдары "қара ниет" деп жатады. Түсінбейсің... Керісінше Қосан деген қоймашыны "азамат" деп аяғын жерге тигізбейді. Қосанды да көргенбіз, қасына бара қалсақ, қойманы өртейсіндер деп қыр асыра қуады. Оның көңілі қалай ақ, Мырзахметтікі қалай қара? Әлде, адамның ішіне дейін түр-түсін айырып білетін біреу бар ма? Әй, білмеймін, осы үлкендер бізден асқан білгіш жоқ деп айта береді-ау деймін. Болмаса Қарасақауды мақтар ма? Шотайдың ағасын "шпион" деп жүргендер де үлкендер емес пе? Олардың қаншалықты ақылды екенін қайдам, әйтеуір, менің білетінімді білмейді. Оған бәс тігуге бармын. Біреудің жүрегі ақ, біреудің жүрегі қара деп жоқты неге шығарып жүр. Адамның жүрегі мен көңілі түрлі-түсті бояу ма? Меніңше, жүректе жалғыз ғана түс... Ол қандай? Оны көргендер түгел біледі.

### ҮШ

**Самат - соғыс өнерінің шебері.**

**Шотаймен қақтығыс.**

**Біз көшетін болдық.**

Өзімше жасайтын басбұзарлығым да жоқ, басқаға азар беру де маған жат нәрсе. Бірақ жүріп қалған аяқ, жыбырлап тұрған қол, табиғат қосқан мінезім бар, енді. Тып-тыныш дамылдап отыру деген мен үшін түсініксіз ұғым. Жұрт: "Күн бүгін жексенбі, демаламыз" дегенде, басқа уақытта аузы-мұрнын тығындап демсіз жүргендей, құлағыма тосаңдау естіледі. Егер жалғыз ғана жан "Дем-а-а-л-ы-п" жатса, күлуге де болар еді, бірақ... Көршілердің мен құралпас балалары жоқтың қасы. Сондықтан, ауылдың арғы басында Самат деген шатақ бала "әскер жинап жатыр" деген хабарды естісімен, салып ұрып жетіп бардым да, мүше бола кеттім. Әрине, мүшелігің үшін айлық алмайсың, киім кимейсің, тамақ ішпейсің, бір жақсысы, жатып "дем алмайсың". Қызықтың қақ ортасын кешіп, рақатқа батасың. Өзіміз сайлаған атаманның орынды-орынсыз бұйрықтарын орындасаң бітті. Атаман - сабақтан салуы болмай жүрген ұзын бойлы, тырна мойын, сопақ бас, дере сирақтың өзі. Көзінен таса кезде "фриц" деп атаймыз... Қарапайым заттан қарудың неше түрін ойлап табады... Айналдырған бес баланы түгендегенде үш қайтара санайды. Қазанның қақпағынан қалқан жасап, мыс түтікшеден мылтық соғады. Қайдан алса да, милицияның қызыл жиекті кепкасын қолына түсіріп,

бөшкенің ағашынан үстіне сауыт байлап, мұздай құрсанып тұрған біреу. Бізді бастап майда-шүйде балаларға тиіседі, шамалап үлкендерге айбат шегеді, кейде тіпті қолдан жасаған қалайы қылышымен өзімізді ойран-ботқа қылып "қырып" тастайды. Бар айтатыны: "Менің майданда он жолдасым қаза тапты". Бұл ұран ба, әлде күйініш пе, біз түгілі өзі де түсінбейді. Кинодан құлағымыз шалып қалатын сөздердің біз үшін де ешқандай ерсілігі жоқ.

Сол Самат, бір күні, күлден бомба жасау тәсілін тапқан. Қарапайым ақ қағазға күлдіктен толтырып аласың да, "жаудың" төбесінен тарс еткізесің. Ақ шаңдақ аспанға көтерілгенде, киноның бомбасынан бір де кейін емес.

"Әскери қызметімді" өтеп, үйге келе жатсам, интернаттың биік қабағынан басы салбырап еңкеңдей ұшқан - Шотайым! Қолымда жарылмаған дайын "бомба". "Жаңа қарудың" қуатымен жазған Шотайды жақсылап таныстыру қуатымен алға қойғам. Артқы жағынан аңдып бардым да, "бомба" деп айқайлап, бастан періп қалғам. Оным бойымның қысқалығынан желкесінен тимесі бар ма?

- Ойбай!.. - Шотайдың бақ еткен даусын ғана естідім. Ақ шаңдақтың арасынан сығалап қарасам, "жаралы жігіт" аяғын түйеше сермеп, келген ізімен кейін қарай тұра зытқан. Бомба күлінің ішінде "шоқ қалды ма?" деген күдік туды.

- Тоқта, Шотай! - Өкшелеп жүгіріп келемін. "Байқамай қалдым" деп түсіндірмекшімін. Өрді-жарды білмей өңмеңдей қашқан Шотайға әлдеқандай ой түсті ме, бұрылып алып маған қарай салды. Қашып бара жатып аңғарғаным, көзі қанталап, қорыққаннан ба, күлден бе, түсі, өңі бозарып кетіпті. Құлдыраған күйімде құлындай ұшып, үйден бір-ақ шықтым. Сәлден кейін біздің үйдің ауласына Шотайдың "ауыр артиллериясынан" атқылау басталған. Интернаттың биік бағынан топырлап түскен оқтардың дені: сия сауыт, автоқалам, пенал және сыртында "Зина" деген жазуы бар бояу қап. Ашуланған Шотай бөлмедегі бар мүлікті "оққа" пайдаланып, мені "шала байытып" кетті.

Түйедей момын досымның ақ көңіліне дақ салғанымды сездім. Класс ішінде Шотайдың кектене қараған көздерінен тайсақтаймын. Қай жерде де оңашалау қалу қауіпті, әр уақыт балалардың қалың тобырынан қалмай жүрем. Мектепте-ақ сазайымды берер еді. Қарасай ағайдан қаймығады. Күні бұрын мұғалімге шағым жасауыма қисын жоқ. Ақыры кездестім. Қасымызда жан баласы жоқ. Үйден демалыс күні ертерек шығып, есік алдында ешкім бола қоймағасын ерігіп келе жатсам, қайырылыста қақшиып Шотай тұр. Зып беріп бұрыла қашуға жер тар, әрі кегін ұмытқан болар деген үміт те бар еді. Шотай менің қасыма жетіп келіп, желкемнен бір перді. Қатты қолдардың қайратына төтеп беретін менде не қауқар болсын, топыраққа аунап түскем. Жалынудан пайда жоқ екенін білемін, тіл қатып тіленіп, рақым

сұрағаным жоқ. Қысы-жазы аяғынан бір түспейтін керзі етегімен келістіре тұрып, тиесілі жерден бір тепті... Онша ауырмаған да сияқты, бірақ "таяқ жеді" деген намыс өн бойымды өртеп ала жөнелген... "Қалай да қайтарамын мұныңды!" "Шаруасын тындырып", көңілін бірлеген Шотай маған бұрылып та қарамастан жөніне кетті.

Айдап отырып "атаманға" келгем. Отрядтың белсенді бір мүшесіне қол жұмсағаны үшін кек алуға бекіндік.

...Біз түсетін сасық судың ортасына жан бойламайды, арғы бетіне ағаш-бөренелермен ғана жүзіп өтуің мүмкін. Асты ұйық бұл көлге жүзу білетін кісінің өзі батып кетіп, о дүниеден бір-ақ шыққан деседі. Жұрт қанша қақсап айтқанмен тыңдаймыз ба, көзден таса қалсақ, айдап отырып сол араға барамыз. Шомыламыз, малтып үйренеміз, қашақ ойнаймыз... Самат бастаған шағын "қол" су жағасына келсек, жиектегі бөренені көлге сүйреп әлектенген Шотай жүр. Самат Шотайдың қасына жетіп барып, кеспелтек ұзын ағашты суға түсіруге көмектескен. Шотайды алдап-сулап бөрененің суға енген басына отырғызды да, өзі артқы шетіне жайғасты. Қос қолдап ескен екі баланың әрекетінен ұзын ағаш екпіндей жылжып көлдің терең ортасына қарай еңдей бастаған кезде секіріп түскен Самат жүзу білетіндігімен жағаға жетті. Тереңге кетіп қалғанын кеш аңғарған аңқау жігіт орнынан секіріп тұрып, бар даусымен бақырып жылады дерсің.

- Өлдім, өлдім, өлдім!..

Жиекте шағаладай шулаған балалар үрейленіп, Саматтың қасына жиналды.

- Өлсін!.. "Атаманның" әскеріне қол жұмсағанды көрсетейін. "Менің майданда он жолдасым қаза тапқан!" У-рр-а!

Бөрене орталыққа қарай ойыса жүзіп барады. Шотай ағаш үстінде еңкілдеген күйі, жиекке айқайлады.

- Ей-й, Самат аға, судан шығарып алсаң ақша беремін...

Жиекте - қыран-топан күлкі. Үп-үлкен жігіттің өзінен кіші баланы ағалап жатқаны қызық-ақ.

- Шын ба? - Самат жылап тұрған Шотайдың жауабын да күтпестен, жиектегі шалбарын алдырып, қалтасын қарады. Умаждалған екі сом. Қалтасына масаттана салған атаман ақысын ақтау үшін қолын көлегейлеп команда берді.

- Секір суға!..

- Ойбай, өлем ғой. - Арғы бетке жүзіп шығу жанталасқан Шотайдың да, "атаманның" да есіне келмеді.

- Секірмейді екенсің, балалар, мында келіндер... Рогатқаларыңды алыңдар да атыңдар ананы. - Өзі қолындағы аша таяғына тас салып тұрып, көздеместен тартып қалған еді, мүлт кетпестен Шотайдың денесіне сарт ете қалды. Мен көзімді жұма

қойдым. Бақырып жіберген ащы дауыс құлағымды жарып кеткен шығар...

Көзімді ашсам, Шотай қыл кеңірдегінен келіп тұр екен, батып кетпепті. Аман қалатынына көзі жеткен жігіт, кексіз ыржалаңдап, бізге қарай беттеген. Жиектегі балалар да қуанышты. Жағалауға шығып киініп алған Шотайдың ешкіммен жұмысы болмай, бөлектеніп жүре берді. Езуін жия алмай, көңілді барады.

Бойым жеңілдеп үйге келсем, қашан келгені белгісіз, атаммен әңгімелесіп әкем отыр. Үлкендердің көзінше оны құшақтаған жоқпын, қол беріп амандастым.

- Бөпелі болыпсың, жеңешең ұл туыпты, енді ізіңе ерген інің бар. - Қуанған әжем орнынан көтеріліп басылады. Мен бұған бәлендей мән бере қоймадым. "Дегенмен, түрі қандай екен, өзі?" деген ой басыма ұялап қалды.

Әңгіме көшу туралы екенін тұспалдап тұрмын. Бұған дейін атамның далаға шығуы қиындағасын, әжем: "Енді елде қалып, сән түзеп, салтанат құрмай-ақ қояйық, баланың қолына. Шақыртамын, келіп көшіріп кетсін", - деп жүретін. Бүгінгі әкемнің келу мақсаты - айдан анық. Бала да болсам, қабақтарында аздап келіспеушіліктің барлығын байқаймын. Әдеттегідей, үлкендердің әңгімесі біз үшін түсініксіздеу. Естімеген сөздер айтылып, ойланбаған нәрселер қозғалып жатыр екен. Бар ынта-зейінімді сала құлағымды түргем.

- Менікі ауру ма, әлде кәрілік пе, білмеймін. Өлем деп қорқып отырған да жоқпын, сүйегім қай жерде қалады деген ой ғой. Қалаңның жайы белгілі, балам, мына кемпірдің "хабар бердім" деп жүргеніне бір ай болған шығар, келгенің, міне... Ертең көз жұма кетсем, бір күннің ішінде осы араға әкеліп көме алармын деп пе едің?.. - Кесесін әжеме қарай шиырып тастады, бұл атамның әлденеге ренжулі кезінде жасайтын әдеті.

- Хатты алғаным жақында, қолыма тисе, сол күні-ақ жетпес пе едім. - Әкемнің де көңіл-күйі онша емес-ау, даусы солғын. - Қаланың үйі дегенмен балаңның да үйі сол ғой, әке. Қам жемеңіз... Ондай атты күн болса, туған топырағыңа әкелемін...

- Қойшы, айналайын, өлуден басқа тіршілік қалған жоқ па? - Әжем шошып кетті. Сосын атама сұстанып қарап. - Отағасы, қайдағы-жайдағыны айтпа. Өлмеймін деп отырсың ба, көмілмеймін деп отырсың ба, енді қалған жасыңда не болғың келеді, айтшы өзі... Екеуіне де жетесің. Кәрілігіңді бәлдемей, дұрыс қартай! Қай жақтың адамы деп қабылдамаған құдай, мықтағанда, үйге қайырып жіберсін. Қалаған жағыңа өзің келіп жатарсың. О несі, шаршап жеткен баланың шаужайынан жармасып...

- Тоқтай тұр... - Атам қиқылдап жөтеліп, әжемнің сөзін бөліп жіберген. Ыстық шайдан үрлеп отырып ұрттап еді, кеудесінің сырылы

аздап басылған тәрізді. Маңдайынан жіпсіген тердің жылтылдап шыға бастағаны аңғарылады. - Мұнан түрегеліп келетініме тәңірім куә... Жаз шыға көрерміз қалғанын. Көшпесе болмайтын шығар, ә?.. Өзің келсең дегенім ғой. Бұл жердегі жан да тағынан түсіп қалмайды.

Әкем төмен қараған күйі жай ғана басын шайқады. "Болмайды-ау" дегені.

- Әке, туған жер қолына ұстайтын баласын о бастан өзіне икемдеп туады ма деймін... Шоңтөбе қанша халықтың қара орманы екенін түсінем, бірақ он ойлағанда осы арадан өзіме орын таппадым. - "Қара орман" атауы ертегілерден естіген осы аймақтың бұрынғы кейпін көз алдыма елестетті. Әкем де соны айтып отыр-ау деп шамалағам. - "Оқы" деп ойға-қырға жұмсасаң, қой бағып қолыңда отырар едім де. "Өнер үйрен" дедіңіз, сол өнер өзіңізден де айырып алған жоқ па?

- "Өнер-білім бар жұрттар" жаттауы көмекейіме кептеліп тұр. Әкем тізесін айқара құшақтаған қалпында көзін бұрыштан алмай қатып қалған: - Ауыл кең ғой. Сол кеңістік жаман балаңа тапшылық етті. Бұған кінәлімін бе?..

- Шоңтөбеде жүрсең, өнерің көрінбей ме? - Атам ренішсіз, тіпті баласына жаны ашығандай елжіреп отырып, шын көңілімен сұраған.

- Қиын ғой, әке, қиын... Тәуекел де. "Кел" деп туралап айтсаңыз, амалым қанша? Енді бір бес-он жылда барсыз ба, жоқсыз ба? Көшіп-ақ келемін. Қайтып бауыр басқан қалаға бара алмай қалсам да өкпем жоқ тағдырыма. Өз жолын әркім де қуады. Өмірді мен сізден алып едім, азар болса қайтарып қолыңызға берген болармын... Не десеңіз де, айтқаныңыз орындалады...

"Әкем атамнан бір кездері өмір алған, соны әлі күнге қайтарып бермеген көрінеді. Енді өзіңізге беремін" дейді. Айтпақшы "өмір" деген немене өзі? Қолымда тұрса қақ бөліп әжем мен атама үлестіретем. Аанада "Бүкіл өмірімді сен-ақ құртып біттің" деп, қисалақтаған әкесі Мырзалыны алдына салып қуып жүр екен, ізінен шешесі жеткен. Келе күйеуінің қолындағы таяқты жұлып алып, табанына салып езгілеп тұрып: "Осы да өмір ме?" - деп жылаған. Сонан бері "өмір" дегенің қара таяқтың екінші бір атауы шығарға жорығам. Өмірдің таяқ емес екендігін түсінгендеймін. Сонда не болғаны?.."

Атамның көзінен жас тамшылары домалап, шалқалап жатқан күйінде құлағына қарай құлап барады. Әжем шай құйған қолдарын жаулығына жүгіртіп, мұрнын тартып пысылдап отыр. Менің де жан дүнием алай-түлей арпалысқа түскендей... Бәрінің жүздеріне бажайлап қараймын, "жас шыққанмен жандары мұңаймасын" деп тіледім-ау деймін, анығы есімде қалмаған. Атам қаруы қайтқан тарамыс қолдарымен бас жағынан орамалын алып, бетін сұртті.

- Түсінсең болды да, балам. Бағың ашылсын, алла сыйласын, үлкенді құрметтесең... Біздікі қимастық қой, көшсек көрерміз жаз шыға...

Әкем орнынан тұрып барды да, атамның тер тұнып қалған қабат-қабат қыртыс маңдайынан сүйді.

- Әке!

IX тарау

**Қара кемпірдің қазасы.**

**Қош бол, Шотай.**

Төртінші класс. Қарбыз-қауынның қызығына түсіп, сырғанап өткен сыпайы күзді сезбей де қалыппын. Қара жерге қатқан қақ шілдей салмағына белі қайысып, табаның тисе, шыныша сытырлайтын кез. Құйын көтерген қоныс қауылдырықтарындай ұлпа қар көк төсінен қалқи ұшып келеді. Шулы дүниеден шаршамаған Шоңтөбе аңдатпай басып, ақ мамық ұясына кіріп те үлгеріпті. Жауған қар емес, жаңалық сияқты. Неге қуанғаным белгісіз, айналама уыстап қар шашамын. Әдемі бір әлемді кеудесіне қондырып, алыстан ағараңдап көрінген құм жоталар! Мектеп алдында ерсілі-қарсылы ойнап, шаттық шапағатына бөленген жарқын жүзді балалар. Бірге ғана емес. жүзге қуаныш сыйлаған қылаң жүз қысты сағынып қалыпты.

...Кімнен хабар күтетініміз белгісіз - үзілістегі он минут почтаның алдында өтеді. Әлі қатып үлгермеген ақ мамық қарды аяғымызбен ұшқындатып, маңдайшасына "Байланыс бөлімі" деп жазған кішкентай үйді бетке ала жүгірдік. Ауыл балаларының у-шуынан мезі болған почта қызметкерлері бізді көргеннен есіктерін жауып, ішке маңайлатпайды. Бір жақсысы, ол үшін ренжімейміз, есігінің алды жетіп жатыр.

Бүгін де "үйреншікті орнымызда" аспан мен жердің арасындағы ғажайып құбылысты бақылап тұрғанбыз. Сары жүн тауық шөжелері ортасында үйректің ұзын мойын балапанындай Шотай да бар. Маңымызға ананы, мынаны бір әңгімелеген үш шал таяу келген. Ауыл адамдарының дауыстап сөйлейтін дағдысымен Әбілшай деген біреуі:

- Қиын болған екен Айшуаққа... Дәрет суыңды жылытып, дәмінді дайындайтын жаман кемпір кеткесін күй тайды де. Жетімдік кәріге келмесін-дағы...

- Топырағы торқа болғыр десейші, жақсы жан еді... Қашан дүние салған? Балалары баршылық шығар? Іншалла! - Үш шал күні бұрын келіскендей қолдарын жайып, беттерін сипай салған.

- Ей, ақсақал-ай, бала бәрімізде де бар ғой, шүкірлік. Көпсінбейміз... Бір әкеміз: "Балам жоқ, тұқымым ғана бар" деген екен. Есептен есеміз кетіп жатқан жоқ, ол да тұқымсыз емес, тірі болсын деңіз. Қаналысы - қара көкіректеу, өзімен басқа ел су ішпесін деп жұртындағы құдығын көміп жүреді екен. Әріпбай дегені ақыл-есінен кемдік көріп, адам қатарына қосыла алмай жүр. Осында бір ұлы бар естимін... Хабар тимеген шығар, шешесінің өлгенін естіді ме екен?

Үнсіз тыңдап отырған Шотай балалардың арасынан ытып шығып, көсіле сөйлеп кеткен Әбілшайдың жағасынан ал кетті. Күтпеген жайға кездескен шал омыраулап жатқан жігітке есінен танғандай ежірейе қарап қалған. Бір кезде:

- Мынаның есі дұрыс па? Кім өзі, ұстандар... - деп даурыға айқайлаған. Әбілшайдың құлақ-шекесінен жұдырық сарт ете қалды. Шал түбірімен қопарыла құлайтын ағаштай шайқалақтап кеткен. Екінші қолы қауқарсыздау барып шалдың иығына тиді. Шамалы сілкілеп, Шотай жылап жіберген:

- Ап-аа-а!..

Аңырып қалған адамдар арашалаумен де жұмысы болмаған. Айшуақтың баласы екенін білгенде барып қимылдай бастады. Әбілшайдың жағасын Шотайдың тістесіп қалған саусақтарынан ажыратпақ үшін жұлқылаған кезде шал байғұстың басы қалтқыдай қалтылдай жөнелді.

- Айналайын қарағым, қата естіген шығармын... Жаңа біреу айтып еді, кім екенін де білмеймін. Лаһим, өтірік болсын... Қоя ғой... Қоя ғой... - Әбілшай арқасынан қақпақшы еді. Тамағының астынан дертедей тіреген ұзын қолдардан өресі жетпей кейін қайтты. Шотай шалдың жағасын жіберер емес, бұрынғыдай қарулап ұрған да жоқ, итерісіп қана жүр. Әбілшайды босатса, шешесінен айрылып қалатын тәрізді.

- Ап-а-а! Ап-а-а! - Кәдімгі боздаған бота дерсің...

"Атаң қайтыс болыпты" деп біреу құлағыма сыбырлап кеткендей, көзімнен жасып ыршып түсті. Қос жұдырығым тастай қатып қалған, айтқан жанның жағын қаусататын секілдімін. Ересектеу кісілер көмекке келіп, Әбілшайды әрең дегенде құрсаудан құтқарды. Қос алақанмен бетін басқан Шотай "апалаған" күйінде бүк түсіп, аппақ қардың үстіне отыра кеткен. Мұндай қайғының кім үшін де оңай шаруа еместігін қайсысымыз да сезіп тұрмыз. Ақ жаулығын айқара ораған кішкентай ғана қара кемпірдің бұл дүниедегі ең қадірлі жан екендігін Шотайдың өксігінен білдім. Қысы-жазы үстінен түспейтін көнетоз костюммен дірілдеп, тісі-тісіне тимейді. "Атамнан сұрап ақша әкеліп берсем бе?" деп тұрып, ойын мен оқуға қабат қиетін күпәйкімді апарып арқасына жаптым.



Почта бастығы, ағаш аяғын шықылдатып басатын ақсақ Ербай тысқа шығып, қар үстінде жылап отырған Шотайға көңіл айтты:

- Шешеннің артының жақсылығын берсін, қалған жасын өздеріңе берсін. Тұр орныңнан, сұрт жасыңды, қазір қалаға жүретін почта-машинадан қалма.

Ербай шофермен келісіп машинаны "Садық баздың" жолымен жіберетін болыпты. Кабине іші балалы әйелден босамай, кенеппен тыстаған "Газиктің" сыртқы қорапшасына отырғызбақшы екен. Шотай орнынан сүйретіле көтеріліп, арқасындағы күпәйкеге мәлие қарап маған:

- Киіп алайын ба? - деді.

- Ки, ки... үйде біреуі бар. - Сыймай жатқан жеңін тартқылап көмектесіп жүрмін. Менің кең деп жүрген киіміме бүкірейіп барып әрең енді. Буыны босап, машинаның артқы жағына әрең көтерілген. Үюлі жатқан қағаз қаптардың біріне селсоқтау барып сылқ түсті. Біз қарар ма екен деп біраз тұрып ек, төмен салған басын көтерген де жоқ. От алған "Газик" орнынан жылжып кеткенде, құлақшынының қос бауы күшіктің құлағындай шайқалақтаған Шотайдың мұң торлаған жүзін соңғы рет көріп қалдық. Содан қайтып аразамызға оралмады...

X тарау

**Көңіл қимас көршілер.**

**Жол үстіндегі ой. Ақ кемпір мен атам.**

**Көз ұшында көрінген Шоңтөбем-ай!**

Жылыстап жыл өтіп, жаз келген. Ақ шаңдаққа аунап тұрғандай сатпақ машинаға таңырқап қарап тұрсам, кабина есігінен әкем шықты. Көшетін көлігіміз осы екен. Күн өткен сайын жүруі қиындаған атам жиі төсек тартып жатып қалатын. Бірнеше ай бұрын жүктерін буып-түйген әжем бір жаярларын қалдырып, жол тосып отырған. Шынымен кетуге қарағанымды сезген класс оқушылары қимастықпен қарайды. Кішкентай ықыластарын қалай білдірерін білмей дал болған жайлары бар. "Ескерткіш" деп қаламсап, сурет сыйлап жүрген. "Қалаға кетер кезде ұрып кетпесем бе?" деген Қарасақау да сырласқысы келіп сызылып қалыпты. "Хат жазатын болсаң адресімді ал", - дейді құдды бір Мәскеуде тұратындай. Баяғыдан бері көрсеткен "зәбір-жапасы" көкірегімді ыстай тұтқан мен тандайымды тық еткізіп басымды шайқадым.

- Ендеше, мектебіңе хат жазамын. Айтамын бәрін...

Артымнан қуып жүретін айыбым бар жан секілдімін, "о, сұмырай!" Қашаннан төбелесіміздің көрнекті көрермені Мырзалының

мұрын асты жылтырап, көзі ойнап тағы бір сойқан күтіп тұр. Қарасақауға жанасып барсам да, иығыммен қағып жөніме кеттім.

Қандай қой сойғаны есімде қалмапты, әйтеуір, көрші-қоландар, ағайын-тумалар түгел келген сияқты. Бас-бастарына бір-бір көйлектен әкелген екен, әжем: "Мұндайдың қайыруы болады", - деп бірінікін біріне алмастырып салып, таратып жатыр. Ақ кемпір атап кеткен үлкен қария атама келіп:

- Көш көлікті болсын, Сердеке! Базардан қайтқан шағымыз, бір келгенінде бармыз ба, жоқпыз ба? Жоқ бола кетсек, осы Шоңтөбенің шағыл топырағын кешіп, жақсы-жаманды бір көрген күнімізге, біреуден ілгері, біреуден кейін кешкен өмірімізге риза боласың...

Әңгіменің жалпы бағдарын білгенмен, сөздеріне шала түсініп отырмын. Атам қыңқ деп сыр берген жоқ, мұратына қолы жеткен жандай, мәсісін сипап күлімсірей тыңдаған.

- Ризамын...

- Ризалық жақсы. Құлын даусым бірге естілген құрдасым едің, о баста маған қарамай түймедей кемпірге көңілің ауып, көнің бірге ағарды ма? - Қолын әжемнің иығына салып сөйледі. - Саған елден жырыла қашпай, туған топырағына тамыр жаятын ұл тауып берер едім де...

- Әлі де кеш емес... - Жұрт шуылдап күліп жатыр. - Осындай шалдар ғой аптобосқа мініп, қала қоймай кемпір іздеп жүр.

- Қойыңдаршы, әрі. - Ақ кемпір көпшілікке қолын сілтеп тастады. Сақалы мен мұрты қалған аруақты үйіме не деп алып барамын. Дәрілігі Сақтабы мен жаман кемпіріне шығар. Бұ дүниенің шаруасы бітті, о дүниеде бірдененің реті келмесе. Өле кетсең, Шоңтөбенің баурайында кездесерміз. Балаң қайда еді, оған да айтарым, осында әкеліп көмсін.

Босаға жақта терлеп-тепшіген әкемнің назары салыңқы. Атам күлген болып:

- Ештен кеш жақсы, ақ кемпір... Сол кезде он жағыңнан орын берсең жер астымен жетермін-ау.

- Әдірам қал... Жердің бетімен келуге Шоңтөбеден ұяласың ба? Коммунист атанып, осы жердің колхозын құрдың. Ақ тер, көк терің шығып, ойдой, шауып жүруші едің. Қысылмай-ақ келе бер. Шоңтөбе бір баласына кет әрі демес, ондық еңбегің бар шығар... Ал енді...

Атам мен Ақ кемпір құшақтасып қоштасты.

Қимас көршілер мен ауылдастарға жағалай қол беріп, қимай жүрген әжемнің жаулығының ұшы дымқылданып, жүзін жасыра береді. Бәріне бір ғана өзі кінәлідей сезінген әкемнің қабағы түсіңкі, жан-жағына жабырқаулы көз тастайды. Ертеңіне, танаалагеуімнен, жүкті тиеп тастап, шығарып салушылармен қоштасып жолға аттандық. Жазғы демалысқа жетіп, оқудан мойындары босаған

балалар мен кеткенше қасымнан қалмады. Қолдарында итергішті дөңгелектер. Бәрімен үнсіз қоштасып жатып, не айтарымды білмеппін, тек қана:

- Қарасақау қайда? - дегенім есімде қалған.

- Анау арада тығылып тұр. - Мырзалы біздің үйдің бұрышын көрсетті. - Сен көшерде ұрып кетемін деген екенсің, қашып жүр.

- Әй, Қарасақау, шыға ғой, тимеймін. - Ештеңе көрмесем де сілтеген жағына айқайлағам. – Келе бер, ойнап айтқам.

Ләппайға зар болып тұрған Қарасақау жүгірген күйі жаныма келіп, бет-бетіне қисайған, сидаң саусақтарының басын біріктіріп беріп жатыр. - Қош бол!

Біздің машина ыңыранып барып, Шоңтөбенің баурайын басып өтетін жолдың қырқасынан асып түсе берген. Әлі шоғыры жазылмай артымда тұрған балаларға мойнымды созып қарадым. Сонан кейін... Бәрін де жанарымның астынан жасыл сағым көтеріп, бұлдырап ала жөнелген еді. Балалар да... Ауыл да... Шоңтөбе де... Шотай да...

## XI тарау

### **Жол үстіндегі ой немесе түнгі әңгіме.**

#### **Шоңтөбе, Шотай, балдәурен...**

Кеңқолқада демін басып шыққан көлігіміз, Қызыкенің құмына тұмсық тірместен буы бұрқылдап, жүрісі жайсыз тартқан. Шопырымыз не ішіп алған, не ұйқышыл жан болса керек, жылаған баладай екі көзі қанталап тұр.

- Құрсын, мына бәле жатсын, - деді атам әкеме құлаққағыс жасап. - Қай жақта жүріп қылғытып алған, пәтшағар...

Біздің ауылдың табиғатын жете білетін жан төсек іздеп әуре болмайды. Ыстықта, күн сәулесіне шомылып, жібектей есілген торқа топырақ қыр арқаңа құс мамықтай жайлы, шым-шымдап жылу теуіп жатады. Жазғы түннің астында жамылғы қажет етпестен жайыла түсіп ұйқыға кетесің. Оянысымен үстіңді қақпай-ақ тап-таза күйінде тартып кете бер. Тек қорқынышты бір жай: жылан, қарақұрт дегендер кездесіп қалады. Ұйықтар алдында сақтық есебінде леген даңғырлатып, айналамызды дөңгелете сызамыз. Осындай рәсімдерін жасағаннан кейін өз басым үйде жатқандай алаңсыз тынығамын.

Бүгін кірпігім ілінбей, көзім кіреукеленген күйінде, жұлдызды аспанды сығалай қарап, біраз жаттым. "Мен көрген көктің жүзін балалар да көріп жатыр-ау... Бірақ күнге де, айға да Шоңтөбеден қарағанға не жетсін! Жұлдыздардың арасымен жылыстап балалардың бет-бейнелері өтіп барады... Мырзалы, Қарасақау, Шотай... Шотай

есіме түскенде ішім жидіп сала бергендей. Сәліңгірдей жігіттің желкесінен құм құйғаным - қай басынғандық. Кішкене кегін өзінше қайырған еді, сол үшін су түбінде шейіт бола жаздады. Әділетсіздік деген осы екен-ау! Шотай да, Самат та кінәлі емес, бәріне өзім... Ұрса, сотанақ баланың көзі бұрын көрмей жүрген жоқ. Бар істегені, менің кегімді қайырғаны... Қандай бала болғанмын, а?! Кішкене кеудемнің қуысында айта беретін ақ жүрек болса, сол күні оған дақ түсті. Түсі қара болмаса игі еді. Енді қайтып кейін қалған көңілді ортаға оралсам, ақталармын-ау!

Өзегім өртеніп, іші бауырым елжіреп, топырақты қос қолмен аяусыз шеңгелдеп алдым. "Ертең бұл топырақ та жоқ. Саз балшық пен көк тас бар". Қасымдағы атам аяғыма қарай ысырылып кеткен мол шапанын кеудеме тартып жапты да, өзімді қаусыра құшақтап алды.

- Сақтап... - Ояу екенімді біледі. - А, Сақтап...

Осы сәт кең аспанның төсінен дәл ауылдағыдай жарқырап жұлдыз пайда болды да, ауа шарындай айналасына жайыла бастаған. Жаңа ғана жанарыңды ұялтатын жұлдыздар мен айнадай ашық ай жүзі айранданып, көңілсіз көмескіленді. Мұны біз "ракета" деуші едік. Атам мені өзіне тарта түсті.

- Қорқып жатырмысың?

Менің ойым көк жүзінің көлеңкелі жарығы туралы емес, көз көрмес көкжиекте көлбеңдеп қалған Шоңтөбеде. Қарсы алдымнан тоқсан тарау жол қашқандай... Атамның көңіл ауларлық сауалын жауапсыз қалдырып, мазалаған сұрағымды өзіне қойдым.

- Ата, әлі де ауылға қайтып баруға бола ма?

- Болады, күнсаям, сәл кейінірек...

- Ендеше, Ақ кемпір не деп жүр?..

- Барамыз, құлыным. - Атамның сырылдаған көкірегінен "Уһ" деген дыбыс еріксіз шыққан. - Сен барасың.

- Сен ше?

- Бір хақтың өзі білер... Барармын, не туғанда топырағым шошыған жерде қалармын.

Қорқынышты естілген "хақ, топырағым шошыған" деген сөздерді қайталап сұрауға бата алмадым. Атамның көңілі көз алдымда ақ айрандаған аспандай мұң пердесімен кіреукелі екенін сездім. Қолым жетсе, осы бір ақ көлеңкені алысқа қуып тастағым келеді.

- Ертең оқу бітіріп, өскен кезімде ауылға қайтып келемін.

- Кісілік жүрегіңнен айналайын. Көңілімнің жайлауынан ел көшкенде қасымда қалған, қарғатайым. Ж-а-а-ат енді...

Бірімен бірі құйрықтасқан екі жұлдыз сейіле бастаған ақшыл аспанның бетін ұялта осқылап, етекке қарай ағып шығар... Жыпырлаған жұлдыздардың жымын білдірмей, бауырына басып

аймалар Шонтөбеден асқан қандай қасиетті жер болуы мүмкін!  
Қандай жер болуы мүмкін!..

## АЙНҰРДЫҢ ҮЙІ КӨШКЕН КҮН

### I

Ежелгі дүние адамдарының тіршілігі, қым-қуыт қызықты хикаялармен көмкерілген аңшылық кәсібі, садақ тартып сайранын салған ғажайып дәуірі жайлы әңгімелеген Шабак ағай тілінен май тамызады. Бақытты жандар бастан кешкен бағзы бір заман – қияли баланың арманы: беймағлұм әлемнің баурайына басын сүйеп, еріксіз маужырайды. Күні балқып көтерілген көктем айы екен дейді, дала төсінде өскен көк шөптің жұпар иісі тыныс жолдарын қуалап, тұла бойын жайлап алған. Төңірегі тұнған мәуелі ағаштар, айрандай ұйыған ақ гүлді алма бақтары, белі бүгіліп, басы жерге жеткенше иілген биязы мінез жүзім сабақтары. Жаратылыс атаулыны таспадай тартып жымдастырған - сан алуан құстың сиқырлы әуендері. Арасында сыбызғыша сайраған сұлу саз - бұлбұлдікі. Күнде көретін атша-көкектің құлаққа қонымды нақышын да танып отыр.

Әсем табиғаттың әлдиінен кірпігі аяқтасып қалғи бастаған кезде, оқытушының аузынан соғыс алауы бұрқ ете түсті. Енді жылы құшақты әлемнен жылысып шығып, жан түршігерлік оқиғаларға зер салады. Естігеніне сенсе, қиқуласқан шапқыншылық - жердің жаннаты, аңның терісі, әншейін бір әлімжеттік үшін болған қарапайым кикілжіңдер. Ал сонау ықылым замандағы ұрыс-керіссіз монтайы өмір мұндай кітапқа ену құрметінен қағас тұр. Тарих тек қаһарлы патшалардың қанды жорықтарын ғана кестелеп, дәріптеген. Сондықтан ба, мұғалім бір өзіне мәлім, оқулық бетіне әлі күн сілемі түспеген, "қой үстіне бозторғай жұмыртқалар" қимас кезең жайлы көбірек тіл безейді.

...Қағынған қақтығыстарға дейін жұмыр жерде таза табиғат патшалық құрған мамыражай маңда ғасыр орнапты. Адамзаттың алғашқы өкілдері "әділетті әміршісі" санаған әсем әлемнің айдай ашық жүзіне тура қарап сөйлемеген қойдан да қоңыр шағы. Тосыннан тап берген мылқау күш иесіне де өңмеңдеп оқ атпастан жолдары түйісе қалса, тырағайлап тұс-тұсына қашыпты-мыс. Бауырмалдық та осы уақытта қалыптасты.

Қалың орман ішінде қаңғалақтаған екеу зәу-қайымда кездесе, сонадайдан қолдарын көкке көтеріп, құшақтарын жая ұмтылады екен. Беліне байлаулы торсықтарын шешіп, бірінің сусынынан екіншісі

ауыз тиіп, өзара ыстық ықылас білдіріскен. Айрылар сәтте қамыға қоштасып, жаңа танысына орман сыйлап, тауды тарту етіскен.

"Көкірегінде күн сәулесі ойнаған мұндай мейірбан жүректі адамдар аң атаулыға айрықша құрметпен қараған", - дейді ағай. Қасиеті аз, қадірсіз құсты да "қарғам" деп көлкештеген сөз біздің эрамызға дейін қалыптасыпты. Десе де, тату тірліктің бұл көрінісін тарихқа енгізу мүмкін емес. Өйткені алтын ғасырда бірыңғай ынтымақтық пен пәк сезімдер ғана өркен жайыпты-мыс. Содан болар, кітапта: "...сана-сезімнің балдай тәтті бала дәуірі" деп бір сөйлеммен айшықтай салуы. Қасындағыларға көз алартып, қабак шытуды білмегендерді бала демей, не дейді?..

Ұзақты күнге ойыннан көзі ашылмаған ата-бабаларымыздың қарапайымдылығы сонша, шөбере-шөпшек, келін-кепшік деп кемсітпей-ақ арасында атша шауыпты. Шабак ағай сөй дейді. Келе-келе ойыннан да от шықпасын ба, сол кезеңнен там-тұмдап біздің тарих басталса керек.

Кейінірек бұл "әулиелерге" де аңғалдау "ақыл" енген. Онысы - күн көзінде шашылған күмістей құлпырған күлтелі бұрымды ауырсынып, құлақ түбінен кескен де тастаған. Міне, адам баласының ең алғашқы зорлығы өз болмысына осылай жасалыпты. Сөйтіп, тайпа жұртшылығын таң қалдырған. Үлкендер жағы: "Қазіргі заманның жастары бұзылды ғой, бұзылды" деп сарыуайымға салыныпты. Шашына қылау түсірмеген "жаңашыл" жастар көркіне ру басылары да тағзым ететін. "Сұлумыз" дегендер шаралы да, мөлдір көздердің алдына жүгініп, оның түпсіз тұңғиығынан саңырауқұлақ қалпағындай қылқиған жұп-жұмыр бас мүшесін көргенде, алақайлап қуанған.

Шашы кесілген "әдемі адамдар" заманында ұланғайыр далаға ұрпақ шашу екі есеге дейін артты. "Олар иманы жолдас болғыр, - дейді тарихшы, - тайпақ маңдай әкелерінен анағұрлым ақылды да, ер жүрек". Жаңалыққа жаны құштар жандар тас мүліктер иін тірескен үңгір үйлерден үдере көшіп, бұлақ бастауларына қоныс аударса керекті. Айдай ажарларына көлеңке салған сабалақ сақал, салбыраған мұртын көк тұқылы қалғанша қырғыштап, алақандай беттерін әрлеген. Көңілі сүйгенді "шырайлы, айдарлым", кір-қожалақ баласын "кекілдім" деп еркелететін.

Сыпайы басып ішке енген сұлулықты сағалай, сұрқия ойлар да жеткен екен. Бір кездері досына орман сыйлап, тауды тарту еткен жомарт жүректі адам өзінен басқаның сымбат-көркіне сұқтанып қарайды. Дүние құрсағында айы-күні толысқан "қызғаныш" атты перзенттің лып етіп жарық көргені де дәл осы сәт. Нық сенім мен адал сезімнің ежелгі салтанаты пердедей сыпырылып желмен ұшты. Көзбен көрмесе айтқаныңды алдау деп қарайтын ұрпақтар өсіп жетіліпті. Таңертең тас найзаларын ұстап тысқа беттеген аңшыға

дейін әйелі етегінен тартып: "Әй, басың кәукиіп қайда барасың? Жөн-жосығыңды айтуға болмас па екен?" - деп табалдырыққа тұқыртып ұстаған. Осының бәрін өтірік десен обалы Шабақ ағайға.

Саятқа шығып, қас қарая қалжырап қайтқан отағасын босағадан тергеп: "Ел тентірегеніңді қашан қоясың, қаңғыбас неме, жамбасыңа байлаған жалғыз балықты қандай мейірбан жаннан тіленіп алдың. Енді қайтып есікке бақыр басыңды сұқпа, опасыз!" - деп алды-артына қаратпай үйден айдап шыкса керек. Қызғаныштың қызыл отына жазықсыз күйген байғұс аңшы жұлдызы жамыраған айлы түнде "Бұл заман не болып барады?" деп, жапан далаға кетіп сенделеді екен. Ыза буып, кек тұтып, мінез ашқан адам баласының қолына ұстаған құралы: сабақ, обаған, қылыш, қанжар. Ағаштар шулап, құздар күңіреніп, орман аңдары бұрын-соңды естіп-білмеген сүргіншілікке ұшыраған. Көкірегін ашып жатқан біздің кең пейіл теңіз мұндай сұмдыққа қарауға жүзі шыдамай, кірпігі діріл қағып, көзін жұмыпты.

...Мұғалім мұны айтқан кезде шаң басқан терезе көздерінен асыра қарап, ашық аспан астында жарқыраған айдын төсіне тесілетін. Қияли баланың құлағына шалғай көкжиектен толқынның дүбірі естілгендей. Класс ішінде тып-тыныш тіршілікті шексіз арқанмен құрсаулаған шыбын ызыңы ғана шығады. Онан әрі елес...

Теңіз бойын жағалай ұрандасқан бағзы заманның балықшылары... Орталарынан әлдекімді итермелеп биік жарқабақтан суға секіртпекші. Ыссы-суықтан қамсаусыз денелер күнге қақтаған қақпыш балықтай жылт-жылт етеді. Әлгі жігіт секірмеді, жартас басына шығысымен кейін шалқайды да, серіппедей шиырылып тұрып, мөлдіреген су төсіне көк найзаны шірене тартып қалды. Жап-жарық күн астында жасыл ұшқын шашырата ұшқан ақ сүмбе ауа сендерінің кеудесін көктей өтіп, әлдебір теңіз хайуанының төбесіне төнген. Жағалаудағы жабайылардың азынаған даусы теңіз шуылын көміп өтіп, құлақ түбінен күңіренеді. "Адам баласының ең алғашқы қан құйлы жорығы тілсіз табиғатқа шабуыл жасаудан басталған".

...Қара судың беткі қабағы түрлі-түсті моншақтай тізілген алуан түрлі күн шұғыласынан қырық құбылуда. Жапырлай ұмтылған жабайылар оңай олжаны ту-талапай етпекші. Жегідей жанын жеген жабырқау көрініс жүрегінен кілкілдей көтеріліп кеңірдегіне келгенде, қияли бала ықылық атты.

## II

...Мазасыз ойдың жетегінде өзін қоярға жер таппаған қияли бала сөмкесін сілкіп тастап, елпілдей басып келеді. Ол үшін құлын-тайдай тебісіп қатар өскен аяулы жанмен Көкарал мектебінің ең соңғы қырық бес минутын бірге өткізуден артық бұл дүниеде маңызды ештеңе жоқ.

Қолды-аяққа тұрмай дызақтайтын қайырымсыз минуттар қымбат уақыттың қадірін өзіндей білер деймісің, Шабак ағайдың сабағын лезде ап-сап қылар. Ізінше-ақ, мұғалімнің алдында күзетші-жасауылша міз бақпайтын қай заманғы жез қоңырау "үзіліске шығыңдар" деп безілдейді. Бұл - алыс сапарға аттанар алдында Айнұрмен қинала қоштасар қимас сәттің де хабары.

Айрылысарда бір-бірімен құшақтасып көрісетін кемпір-шал емес, басқаша түр жасаған дұрыс. Сонда бұл қайтпекші. "Әй, мейлі", - деді қияли бала күбірлеп. - Айнұр тысқа беттегенде партамнан тұра сап, сымдай тартылған күйі "хош, хош" деп әскери адамша саңқ еткізбесімге келгенде, даусы шығып кеткенін аңдамай қалды. "Қой, ойбай, оным ұяттау болар!" Құпия жоспарымды ешкім естімеді ме деген қауіппен көзінің қарашығын жүгірте ұрланып қарады.

Әудем жерде өздерінің ақ қоспағы. Күз суығы ұрып, күйік иісі шыққан сарғыш кекірені жалпылдата шайнап тұр. "Тіпті саңқ еткізіп нем бар? - деді ұстамдырақ болуға бекінген бұл. - Түк үндемеймін керек десең. Әйтеуір, мен отырған жаққа көз қырын бір салмас дейсің бе? Салады. Сонда қабағымды түйінкіреп, күйзелісімді сездіре, назарымды төмен тастаймын да, мұңайған кейіпке түсемін. Шынында, осы ауылда Айнұр үшін аласұрып жүрген жалғыз мен екенім айдан анық. Бәрін де бет-жүзімнен оқып, үнсіз ұққан қыз қолын елден бұрын маған ұсынса қайтем? Қайтем, әй! Ұят-ай, ағайдан! Сөйтеді, көрерсің әлі. Онда тәуекел, дәл кешегідей саусақ басын қысыңқырай ұстап, жо-жоқ, еппен ғана өзіме икемдей кідіртіп, босатарда сәл-пәл сілкіп жіберсем, не істер еді? Ал, осы бәрін былай жиып тастап, бір көзімді қысып қалсам?.. Қайсысын қысқаным дұрыс? Не дегенмен оң жағы сенімділеу ғой, әлдекім, сол көзіме шөп өлшеп сындырып, кірпігіме тіреу қойғандай ырқыма көнбейтін жаман әдеті бар. Былтыр теңіз қолтығында қыр ізіме түсіп қуған жын-перілерден жабысқан кесел екенін жақсы білемін." - Қияли бала күрсінгенін сезбей қалды.

Апасы кешкі шайдың үстінде "Айжарық, ұйықтағанда абай болшы, қарғам, үнемі бір көзің ашық жатады", - деп жүретін. Қалай еткенде көзін ашып-жұму қоштасу емес деп түйген қияли бала, сақтиянның сыртындағы сикырлы суретке ұқсап бұлдандағысы келмеді. Оның үстіне бар-жоғы белгісіз сығырайған бітік немені аңдамай өте шықса, қырық құбылғанынан не пайда? Бүйтіп азапқа түскенше, таяқ тастам жердегі Айнұрға соға кетпегеніне өкінген сыңайы бар. Көргенді бала екенін сездіре әкесіне сәлемдесе, әжесімен қош айтысып, сонан соң-ақ, егіз қозыдай елпілдеп сабаққа бірге келмес пе?!

Кеше Шабак ағай, баласы Қалижан екеуін бастап, көшу қамын жасаған үйген барған-ды. Бұлар да жүктерді тасуға күш біріктіре көмектесіп, бұзылған үйдің ескі шиферларын машина қорабына



тиеуге қатысты. Сарықұстың кетегіне дейін қол-қолын шығарып бұтарлауға кіріспек еді. Айнұрдың әкесі: "Осы тазыны жер-су асырып қалаға апармай-ақ қоялық, қалсын, үйшігіне тимендер", - дегесін тоқтады.

Көш қамы бірыңғайланғасын өзгелердің қатарына еніп шай да ішкен. Шай үстінде дастарқанға байыздамай, көбіне ошақ маңына айналсоқтаған кемпірдің неше қырдың астынан естілгендей ыңылдап салған мұнлы әуені құлағынан қазір де кетер емес. Ара-арасында көзінің жасын саусағымен сілкіп тастайды.

Көңіл селін қозғаған осы бір сазды қияли бала апасының аузынан күнде естіп жүр. Тындаған кезде екі тізесін құшақтай отырып, ойға шоматын-ды. Бұл - сол сәтте әжесіне елжірей қараған Айнұрдың кірпігінен үзіліп түскен күн сәулелерін көрді. Әншейінде елемегендей тұсынан өте шығатын қыз, бір мезет, көбелекше ұшып-қонып, қияли балаға үйірсектейді.

Үй ауласындағы қызуы қайтпаған құм үстінде, қою қараңғылық үйірілгенше отырған Қалижан үшеуі біраз әңгімелесті. "Азанғы сабақ кестесінде бірінші тұрған тарихқа қатысамын қалайда, сендер де кешікпей келіңдер", - деп қайта-қайта ескертіп, бұларға қол беріп қоштасқан. Ұсынған алақанның ыстық табы ма, әтір иісі ме екен, әлдене қияли баланың кеудесін кеулей жөнелді. Қашаннан мұның бар білетіні - Айнұрдың осындай құдіретті құбылыстардан тұратындығы ғана. Жанға жайлы жұпар ауа саусақ арасынан сусып түспесін дегендей еппен бүгіп, Қалижаннан тасалай күбежектеп, қолын қалтасына ұрлана сүңгітті. Түрме түнде үңірейген есік-терезесі үрей шақырар, иесіз тамдардың арасындағы жалғыз аяқ жолмен жорытқан күйі ай жарығынан да тасалау оңаша қуысқа жеткесін, жұмылған жұдырықты жайымен жазып, алақанын мұрнына жанай құшырлана иісін алған... Жаңа ғана ұлпадай жұмсақ, нәзік қолдан көшіп қонған хош иіс көз алдында Айнұрға айналып бара жатты. Буын-буыны дірілдеп, тұла бойын қуалай жүгірген сезім ағыны түн салқынында шуақ нұрымен балқытқандай, төңірек - жып-жылы.

... Қияли баланың көкейінде қоштасудың жаңа бір тәсілі қылаң еткенде, мектеп ауласына тақалып та қалған. Онысы - қол көтеріп, мұғалімнің рұқсатымен орнынан тұру, тамағын кенеңкіреп, "Құрметті, Айнұр Ақбалықова, сапарың сәтті болсын! Қайда жүрсең де туған жердің түбегі мен тебіренген шалқар теңізді ұмытпа. Біз - бүкіл әлемге әлі де аты белгісіз кішкене Көкаралдың қойнауынан самғаған шағаласымыз. Соның келешектегі даңқы үшін жақсы оқимыз, күресеміз! Ал енді Айнұр... бауырым Ақбалықова, - деу еді, өнешін қулай жүгірген қос түйіншек алқымына тіреліп, өксік буды. - Әй, қара басқанда, аузымдағы сөзді айта алмай құртамын ғой! Әйтпесе

жаңағыдай жақсы қоштасудан кейін қонымды ұсынсам, еш сөкеттігі жоқ. Ағай да риза. Жүзінде толқын ізі жүргерген Айнұр көзі боталап, қарадай қысылып, қатты қобалжитын шығар. Ол да мен сияқты көңілшек қой, көңілшек... "Мынадай ақ тілектің иесі, ақылға бай қияли баланың қадірін кеш түсінгеніме өзім өмір бақи кешірмеспін" деп күйзелгеннен еңіреп жылап жібермесе жарар да".

Бұл сурет көзіне елестеген қияли бала өзінің тапқырлығы мен шешендігіне риза болғаны соншалық, ыржалаңдап күле бастады. Ой бесігінде тербелген қалпы, мектеп есігінен ішке енгелі ол, тіпті күпшектей қара пештің аузында күйбендеген мұғалімін де кеш аңғарды. Жыл сайын иығынан түспейтін кең қойын сарғыш тонның ішінде біреу қыбыр-қыбыр. Мұның сәлеміне тамызық үрлеген аузын қырындай бұрып: "Ә-ә, сенбісің, Шортанбаев?" - деді. Бықсып, булығып, өлімсірей жанып, от алған ошақ қақпағын бекітіп, буыны сытырлаған қос тізесін таянып әрең түрегелді. Бұл "ерте келген екенмін" деп ойлап та үлгерместен, алтын жалатқандай жалтыраған сары жезді қолына ұстатқан.

- Зуанок бер!

"Шынымен, заңғардай мектепте жалғыз оқымақпын ба?" - Қияли баланың толқынды көңілі қолына тербеліс беріп, саусақ астынан күміс күлкі төгілген. Қоңырау даусын естіп, бұларға қарай асыққан ешкім көрінбейді. Жаңағы күміс күлкі біртіндеп көкке өрлеп, шұрқырап кісінеген құлын әуенге ауысқан. Тыныш ауылда қыбыр еткен тірлік жоқтай, тым-тырыс. Назарын пештен алмаған мұғалім жалғыздықтан тәлтіректейтін тәрізді ме, қолы қалтылдап қалтасынан "Астра" темекісінің умаждалған қорапшасын әрең суырды. Ошақтың көмекейінен лоқсып, кейін тепкендей бұрқ еткен көк түтін аузы-мұрнынан шұбатыла ұшты.

- Класқа кірелік.

Дірілдей созған үнін ізінен ертіп ішке беттеген Шабак ағай қай заманнан қалған шыжбай столдың басында тағы да біраз іркілді. Елсізде екеу отырғандай - көңілсіз.

- Қалқам, бүгін бір өзің оқымасаң етті? Ақбалықованың жайын біліп келуге Қалижанды жұмсаған едім, кідірді ғой.

Қияли баланың төбесіне қара бұлт ойнақтап шығып, өткінші жаңбыр төгіп-төгіп өткендей, іші-бауыры қалтырап тоңып кетті. "Не деген суық, қақаған қыс па дерсің?" Әлдеқалай жанарлары ілігісе кеткен еді, мұғалімнің бұған қарап күлімсірегенін, әжімді жүздің үздік-создық жеткен мейірім шуағымен жаураған көңілінің жылынбасын сезіп, денесі түршіге түсті.

- Неге желең жүрсің? Күздің күнімен ойнауға болмайды, шырақ. Ім-м... Қазір сабақ бастаймыз. - Қойын қалтасынан дәптер алып алдына жайған қалпы біраз кідірді, түртінектеп бірденелер жазған.

Шабак ағай класс бөлмесін тұмшалаған көңілсіз көлеңкенің тұңғығынан күңгірлей сөйлегенде, бұл оның жаңа тақырып түсіндіруге кіріскенін ұққан-ды. Қарсысындағы жалғыз оқушы қарағандай жанын салып айтып жатыр...

Қияли баланың көз алдында - тіл безеген мұғалім емес, ауыл қабағынан асып түсетін үлкен жолдың сорабы, Айнұр бейнесі, олар жеткенде бірінен-бірі сүйінші сұрап, машиналары ерсілі-қарсылы жүтірген бейтаныс қала келбеті. Көш аттанғанда, реңі қуқыл тартатын қайран, Көкарал! Шар қайрақтай шыр айналған ой шеңбері өзіне тірелген кезде селк етті.

...Мұғалім біздің эрамызға дейін бәленбайыншы ғасырда өмір сүрген жандардың адамгершілік асыл қасиеті туралы кәдуілгі кіріспесін тамамдап, "соғыс" атты қызыл қырғынға бет түзеген. Енді бірде көршілес Византия мемлекетімен достық қарым-қатынас орнатуға сапар шеккен сәті... Бәрібір, класс бөлмесінен ытырыла қашқан көк дөнен көңіл - көш соңында... Қиял!..

Жол езуін қуалай өскен құртқашаштың көк сия түстес гүлдері, жел суырған үрме құмдардың сұрқай жүздерін аяусыз шабақтаған жәндік іздері, онан әрі, көкірегінен күндіз-түні жұлдыз арылмаған теңіз дидары - бәрі де бояуы қанық суреттей көкірегінде сайрап тұр. Осы теңізге тағзым ету үшін Айнұрдың әкесі мен әжесі машинаны тоқтатып, төбе басына түскен де болар. Ал Ақбалық ше? Қайран, Ақбалық ата сол қасиетті қабақтың баурайындағы қалың қабірдің бір шетінде. "Түк сезбейді демендер, өлген адам көзімен көрмегенді көкірегімен аңдайды" деп отырушы еді. Ендеше, Көкаралдан көтерілген бүгінгі көш кішкене мұрденің кеудесін кеулеп өтіп барады. Әрине, Айнұр елсізде қалып, елегізген жанша ауыл жаққа телмендер. Қабырғалары қаңқиған Көкаралдағы үйлерге, құлазыған аулаларға, бұлардың тепелтек тамына да қарар.

- Шортанбаев!

Бұл шырт ұйқысынан шошынып оянғандай бақырайған күйі біраз аңтарылған. Қол созым жерде қаламсабын кезене ұстап Шабак ағай тұр екен, қалтасынан бет орамалын алып тықпалайды.

- Ауырған жоқпысың айналайын, сүртші жасыңды.

Қияли бала бетінің ұшымен жылымық із қалдыра сорғалаған тамшыны сезіп сасқалақтады. Өзінің осыншама боркемік болып жаратылғанына өкінішін білдірмес үшін, "басе-ем..." деген.

- Басым дейсің, ә! Кейде мен де солаймын. Төбемнен төмен қарай қақ жарылып шанышады да, кәдімгі "жанарынан жас парлады" дейді ғой, көзімнен сорғалап ағады. Қара су қашқаннан бері аты-жөні белгісіз індет жайламаса де! Қазір мұрнымның ұшы бөртіп, үсті-басым қыштитын "есекжемнің" құрығынан құтыла алмай жүрмін.

Бүгін-ақ барлық пән бойынша бағаларыңды қорытып, күні ертең қала жаққа аттанып кетсем деймін.

Осы арада көкесінің айтуымен мұғалімнің үстінен арыз жазғаны есіне түскен қияли бала, башпайын тасқа соққандай ыршыған. Шабәк ештеңе аңдамады.

- Бұл тоқсанның оқуын түгестік. Өткен параграфтар мен жаңа тақырыпты қайталайсың... Ертеңнен бастап білім алар мектебіңе дайындық қамын жей берсең де болады. Қазір... үйіңе барып жылы оранып жата қал да, тер шығар. Бойыңды суық алған ғой.

\*\*\*

Мектеп ауласынан басы салбырап шыққан баланы, сезім-түйсігінше - ұстазы ту сыртынан тесіле қараған тәрізді, бұл оны көк желкесімен көргендей әсерде келеді. Онан әріге шыдамады білем, ауыл ортасындағы кішкене дөңді бетке алып жүгіре жөнелген. Дөңге көтерілгенде, бәрі де қиялындағыдай екен, қабәк басында қаңтарулы машина. Санасындағы көрініс - кітап бетіндегі жаюлы суреттей, әне тұр! Көлбеген көкжиекті үй мүліктерімен қоса арқалаған "ЗИЛ"-дің айналасындағы адамдар көлеңкедей қарауытады. Солғын бейнелерді кірпігімен сүзіп жүріп, таныс суретке ілініп қалған. Айнұр! Қуанғаны сондай, табан астында бар даусымен айқай салып артынан қууға бар. "Қой" десе де тындамай, көшке ілесіп, тартып кетсем бе! деген ой өзегінде тепсінді. Бір кезде, әлгі елес-суреттер шоғырланып, көлбей шөккен түйенің сұлбасына ұқсады да, біртіндеп семуге айналды. Адамдардың машина кабинасына мініп кеткені айдан-анық. Қимас құбылыстан тамшыдай үзіліп қалған - мөлтекше ғана бір көлеңке. Бұл қолындағы сөмкесін көкке шырқата көтеріп, шыңғыра айқайлады.

- Айнұр-ау, Айнұ-ер-р!

Дымын шығармай тістеген-ақ екен, жарлауытқа соғып кейін қашқан мылтық үніндей қара бақайшағына дейін жаңғырықты. Бұған қарай Айнұр да қолын сермеді-ау деймін, арғы беттен шалықтап келген теңіз сағымы қос қанатты біреуді ұшырып келеді. Ғайыптан жел есті ме, биікке самғаған сол бейнені қияли баладан әлдене аулақтата берді. Жіп ұшын жүрегіне шалып қадаған бір түймесі омырауынан ұшып жерге түскендей, дел-сал...

### III

Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын, құлқын сәріден қара кешке дейін қоңыраулатқан мектеп ауласына қияли бала қызыға қараушы еді. Ол

кез Көкаралда қара сирақтылар көп пе, қара бала көп пе, қым-қуыт қиқуласып жүретін. Үй іргесіне ыңырана кеп құлайтын теңіз тірлігі - бір төбе, сонау көкжиектен бас алған тау толқындар желдеген түйелерден аумайтын-ды. Шудалары суылдап, аузынан ақ көбік шашып, жараған лөктей құтырынған құдіреттің қарамы бармақтай ауылды басып өтуге қайраты да, айбаты да жететін. Дегенмен, толқын-түйелер жағалауға жақындағанда-ақ қамшылы адам көргендей күрт түсіп, күрк етіп шөгетін еді-ау, шөгетін. Тіпті ертегілерде байпатшалардың аяғына бас ұрған байғұс кедейдей, жарлауытты бақайшағына дейін жалап, сүмеңдеп кері қашқанын талай көрді. Тек күн сәулесінен қуат алған ақ тамақ, қара қанат шағалалар ғана айдын төсінде адасқан толқындарды қолтығынан демеп, Көкаралға керуен тартатын.

Тыныш ауылдың тірлігін қоздырған ғажайып құбылыс торғын түсті майда топыраққа аунаған балалар әулетінің көз алдарында жатқан-ды. Қақпыш балықтай қағысқан ши борбайлар "жағалауқашты" деп жаңсақтасқан екен, "қашқан теңіз" болып шықты. Айналасы аспанның өзімен астасқан алпауыт дүниенің қандай құбыжықтан сескенгені жөнінде бейхабар.

Не керек, бұл мектепке барған жылы шағын оқушы - шуы бәсеңсіген теңіздей, сақалдары өсіңкі төрт-бес кәрі мұғалім - қаңырауға қараған жағалауды елестетті. Атам заманда салынған мектептің сүйегі шөкті ме, не көңілі, не мұның бойы өсті ме, кереметтей көрінетін екі қабат тамның еңсесіне егделік мінгендей пәс түсіп, аласарған. Күндіз қиялында, түнде түсіне енетін думанды ортаға деген желігі мұнан соң су сепкендей басылды. Ал сары ауыз сәби күндері оқушының қызғылықты өмірі туралы не бір тәтті ойларға шоматын... Беймезгіл ешкім мазаламайтын оңашалау қуыста қалғып-мүлгіп отырып қиялдайтын.

"Қыртпыштау бойым өсіп, анау ілулі дорбаға жеткен кезде, кітаптарымды қолтықтап күнде оқитын боламын. Қолтықтамасам, сыртына пойыздың, самолеттің суреті бар жылтыр сөмкеме саламын, - деп армандаған. - Мұғалімдер мойныма қызыл шүберек байлап, омырауыма жарқыраған значок тағады. Кейінірек қатырма, қайқы маңдайлы "млица шапкі" мен жалпақ белбеу, солдаттар киетін жылтыр сары ілгекті киім береді". Мұздай құрсанып, бастан-аяқ су жаңа формалы киіммен жүрген бір оқушыдан бұл: "Мұның бәрін қайдан таптың?" - деп сұрағанда: "Жақсы оқығаным үшін мұғалімдер сатып алып берген", - деп насаттанған.

Ендеше, бұл онан да жақсы оқиды. "Сонда қайтеді? - деп өзінше қиялға шоматын. - Онда маған мектептің бір бөлмесінен үйдегідей жағдай жасап, төсек салып қоюы мүмкін-ау! Сабактың арасында ұйқым келсе, қисая кетем де, үйге қатынамай-ақ қоямын. Зеріксем,

ойыннан табаны ойылған бір баланы қасыма шақырып алып ат көпірін шығармаймыз ба..." - Бірақ қабырғалары қалқиған көп кластан "оқушының тынығу бөлмесі мен жылтырауық түймелі киімдерін сақтайтын орны" дегенді таппағасын, желігі су сепкендей басылған. Оның есесіне: "Аяқтарыңды анадан жаңа туғандай апыр-тапыр баспай, адам құсап жүрсеңдерші. Онсыз да шіріген еденнің тоз-тозын шығардыңдар", - дейтін мұғалімдерден көңілі мықтап қалған жері бар...

Кәдімгі теңіз табанынан ауыл етегіне дейін сусыған еспе құмды кешіп ойнап, бір-біріне "Қайн Китнерлеп", құстай ұшқан балаларды көруші еді. "Бұл сөз солдаттардың асығыс амандасуы ма?" деп ойлайтын. Сол ойынан тапқан болар, арасы ат шаптырым мектептің кең залында "Қайн Ки-и-итнер" деп әндетіп келе жатқан... "Ә-ә, мен сені сол Китнеріңнің ізінен жіберейін" деген біреу, қапияда тарпа ұмтылды. Бұл жан-жағына алақтап, сасқанынан көзін тарс жұмған. "Әй, қой, бала ғой, ендігәрі айтпаса керек" деген әлдекімнің арашашы даусын естісімен жан шақырған. Мұны қолынан жетектеп алған – өзімен бірге оқитын Қалижанның әкесі Шабак ағай. "Көрмегенім Қайн Китнер болсын!" деп жөніне кеткен қияли баланың ұстазымен алғашқы таныстығы осылай басталған.

...Шабак бұлар оқитын бесінші класқа жетекшілік жасаған жылы қуаныштарында шек жоқ еді-ау! Мінезі жұмсақ, қылығы күлкі шақыратын, жаныңа жайлы жібек жел ескен, баладай елгезек мұғалімге бүкіл мектеп оқушылары бөтен емес. Кейде бір, жұмыртқадан жік іздейтін кінәмшіл әдеті бар. Ол кісінің айтуынша, кітапта да кемшілік, салдыр-салақтық көп екен. Әр парағына бір ғасырдың оқиғасын сидалап сыйғызған бұл оқулық өңкей соғыс тарихы. Ал үлгі-өнеге тұтарлық қарапайым жұмыскердің тату-тәтті тірлік шежіресі қамтылмаған. Келер ұрпақ "Тарих" атты пәнге атынды қосып заулатып жаттап отырсын десең, қып-қызыл қырғын ашуың керек пе, бұл қалай? "Қолым тисе осыны бір жазармын", - деп балаларға шағынатын.

Сөйткенмен, аты шулы айқастар жайлы баяндаса, қолын ербендете сөйлеп "жаңа бір майдан" ашатын. Бірақ бұл қара тақтаның алдында ерсілі-қарсылы жүретін жанның залалсыз сөз майданы. Мұғалімнің суреттеуінде, қаһарман қолбасшылардың кейпі - кішкене бойлы, бірақ шымыр денелі, жүзін жел қағып қарайған, жылтылдаған отты көзді, баладай қағылез. Осыған қара сырнайдай қатпарланған костюм-шалбар кигізіп, қылдай галстук байлап жіберсең - құдды ағайдың өзі.

Ал қияли бала сабақ айтса: "Сіз шындықты бұрмалап тұрсыз, шырақ, ақиқатқа қиянат жасауға болмайды", - деп қарсы шығатынын қайтерсің. Рас, мұның да әңгіме желісінде сұр заманның сұмдық

оқиғаларына жымдасып, қаңырауға қараған қазіргі ауылдың кейпі, теңіздің шуылы, құстың қиқуы - бәрі қабаттасып қалады. Кейде мұғалім сөзін бөлмей, ризашылық сезімін бүкпесіз танытып, ыржия күліп тұрғаны. Шабыттанған бала кер заманның көзіне сүйел боп шыққан зорлықшыл патшаның бір жағына от, бір жағына су қойып, сүмірейтіп қуады келіп. Қанша халықтың көз жасы үшін сұмырайды тақтан құлатып, тірілей масқаралап, қақшиған басын қан толы меске тыққасын: "Мен бітірдім, ағай", - дейтін-ді.

Балалардың көздері ұшқын атады. Мұғалім көңілденсе: "Шырағым, біраз іс бітірдің, шаршасаң отыра ғой", - деп рабайда ғана: "Кітаптың жүзіне бір қарасаң нең кетеді?" - деп реніш білдіреді.

Шабак ағайдың аңыз-ертегілер араласқан тарихына уыздай ұйып тыныш тірлігін кешіп жүрген кез: "Мына кәрі мұғалімдер осыншама балаға білім беруге шамалары жетпейді, түйенің басындай кәукиіп жүргендерімен, бітірген оқулары кішкене көрінеді. Үнстет түгескен жас жігіттерге "Көкаралға бар" десе, көшкен елдің жұртына келуге жүрексініп, ат-тондарын ала қашып жатыр дейді. "Елсізде өмір сүру үшін көз майымызды тауысыппыз ба, міндетсінгендерің осы болса өздеріңе-ақ құт", - деп бірнешеуі әлгі документ пе еді, қатырма қағаздарын алдарына лақтырып кетіпті. Сонан қайтып ол жерге соқпаса керек..." Аудан басшылары не істерін білмей бастары қатқасын, "сегіз жылдық мектепті жабамыз" депті-міс деген қауесет ауыл арасында кеңінен тарады.

Мектептің есігі тарс жабылып, қайтып ашылмайды дегенге мұның сенгісі келмейді. Бірақ жыл сайын жырыла көшіп жатқан үйлер - қауіптің қара бұлтындай. Жабырқаулы қияли бала жаудырап теңіз қолтығына, Қосымөткелдің аузына телмеңдеген күндер қаншама?!

## ІҮ

Былтырғы жаз мұның көкірегінде жазулы хаттай сайрап тұр. Ауылдан он бестей шаңырақ өре көшкен аптада, күйініш-сүйінішке қаны қосылмас екі ұдай сезімнің жетегінде сенделген. Тек ескі жұртта қаңырап қалған мал қоралар мен сұлбасы суық там қабырғаларын көргенде, кеудесі толқып, көңілі сеңдей бұзылды. Қимас көршілерін көз алдынан өткізіп, олардың әрбір қылығын есіне түсірді. Қияли бала сол сәт қабырғасына батқан қайғы он бес үйдің құлазыған жұрты екенін білгенде, бұрынғы он бес қуаныш ошағының қадіріне жетпегеніне өкінді. Қаншама жұртты әбігерге түсіргенше, сарылдап құяр бір өзенді бұра салуға мойны жар бермей, өзі бас боп Ақшатауға ат-тонын ала қашқан балық заводының директорына да кіжінген. Өкпелегені сонша, үлкен кісіге сәлемін жазбайтын қияли бала

әдетінен танып, директорға кездесе кеткенде қырын қарап, тымсырайған талай. "Өзінді мектеп оқушысына дейін менсінбеген қалай екен, саған сол керек. Қиындыққа қарсы күресу деген қайда, а, қайда? Ақ қар, көк мұзда тіршілік еткен челюскиншілер, иттерді жегіп, Сібір асқан саяхатшылардан жандарың тәтті ме? Қазандай бастарыңа қасықтай ми бермеген, байғұстар! - Күбірлеп-күбірлеп, сол жолы теңіз тағдырын өз қолына алуға шынымен бекінген. - Ең бірінші ирек мойын экскаватордың жүз шақтысын жинап, жұмысты қазірден бастап кетсе", - деп ойлады.

Қияли бала күрделі жұмысқа кіріспес бұрын, Көкаралға құлайтын каналдың картасын жасаған дұрыс деген шешімге тоқтады. Сан алуан жобаны сараптан өткізіп, теңіз деңгейін меймелектеген шелектей толтыратын бір өзенді келтірсе ғой, шіркін! Әй, сонда бұл: Көкаралға кірер бек ауызға әшекейлі әсем қақпа салып, оны ақ түсті бояумен жалтырата сырлатар еді. Қасына сайдың тасындай сайыпқыран он жолдасын ертіп, табалдырықта тапжылмай тұрып, аз күнгі ауыртпалыққа шыдамай туған жерін тастай қашқандардың көздеріне қарар еді. Ондай атты күн туса, белі бүкірейіп қажыған, бетіне әжім өрнек түсіп әбден қартайған директор да жетер. Мұның оған айтар сөзі дайын: "Көкаралда өмір сүрмегеннің, Көкаралда өлуге хақысы жоқ! Хақысы жоқ!" Әй, жылайды-ау, сонда көзінен сорасы ағып, жылайды ол!

"Қарағым, жасың кіші баласың ғой... Сені біз елден асқан ақылды, тіпті данышпанымыз деп сыртыңнан мақтан тұтып жүруші едік, қам көңіл байғұсты шет қағып не қылғаның?.. Көкаралға кім келіп, кім кеткен жоқ. Тіпті, соғыс біткен қиын-қыстау кезде сендей соғылған аш-аламан жапонның сұмырайларына да (самурай ғой) төбемізден жай ұсындық. "Кегі түссін" деп тамағын беріп, моншасына түсіріп, еліне қайтардық. Солар құрлы болмағаны ма? Жаман да болса заманының директоры ғой". - Әне, қара да тұр, жұрт осылайша араша әңгіме айтады. ...Ол рас, соғыстан соң тұтқын жапондар осы ауылдағы біраз үйдің қабырғаларын қаласқан көрінеді. Алқабел ата әлі күнге: "Өтеңенәлет бір сұмырайда саптама етігім кетті. Пәлитиканы түсінгесін, аяғынан суырып ала алмадым" деп отырады. Қияли бала бастағы бағытынан қайтқысы келмей қасарысты. "Сонда директор да пәлитиканы қатты түсінгені ме? Туған жерін сүю үшін қандай пәлитика керек, қандай?!"

- Балалар, сендерге айтарым, пәлитикамен айналысқаннан гөрі, патриот болуға тырысыңдар. Мысалы, бір кездері осы ауылды өргізіп-тұрғызған Ақбалық Айтбаев аталарың патриоттың нағыз өзі еді. Иығы жылтырап киінбей, ырғалып жорға мінбей-ақ Көкаралды көктеткен сол.

- Ал, заводтың директоры ше? - деген бұл.



- Ол да азап... Бірақ отбасының патриоты, - деген Шабак ағай бөлменің төрт бұрышына сақтана қарай.

Бәрі соның кесірінен... Мінеки, табаны сайға тимеген тұз қаңбағындай Айнұр да ұшып барады.

\*\*\*

...Жүк тиеген машиналарды көзімен қыр асырғасын, көше айналма жердегі Айнұрдың жұртында мәнсіз-мағынасыз біраз сенделді. Қам кірпіштен төрт бұрышын қырлап қаластырған кейбір үйлер сияқты келісті де емес, құба төбел тәпелтек там, үрлігі суырылғанда, қалған бөлшегі опырыла құлап, оқпандай терезелерден қамысы сойдия шығып, сынған майда ағаштары әр жерден селтиіп, қай жаққа жүрерін білмей қаңғалақтаған қырықаяқ сияқты. Жазғытұры жүндеусіз кеткен жалба тайлақтай жұлым-жұлым жүдеу ауланың арасынан айдап күз салқыны еседі. Бұған қарай бұтағын созып, алақанын жая рақымшылық сұраған - төрт-бес тал мен сынған әйнектерден сырғанай ұшып кеудесіне асыла құлаған күн сәулесі. Әңгүдік адамша аңырған қабырға бетімен алақанын жүргізіп өтіп еді, әлдекімнің кекілінен сипағандай сезімге бөленді. Өзін әлди құшағына алған құдіреттің кім екені беймағлұм. Бәрі деп нәп-нәзік, қыбыр етсең сырғанап төмен түсіп, топыраққа сіңетін терезе көзіндегі мөлдір тамшылар іспетті. Сол кезде Айнұр екеуінің дірілдеген егіз тамшыдай қатар тұрмағанына өкінген...

Ү

Көңілсіз ой көк желкесінен тұқыртқан қиялы бала, назарын төмен тастап, ықылассыз жүріп келеді. Мұны бүкіл Көкарал табанында азан шақырып қойған атымен Айжарық дейтін Айнұр да кетті. "Қияли" атты құрғырға ұшырасқаны - өткен жылдың жазында. Осы бір дауасыз дерттей жабысқан уытты есім үшін кімнің аузына қақпақ қойсын, қыжылын ішіне бүгіп, үнсіз келіскен. Өзінен де бар енді. Бұл күнде қайда жүргені белгісіз, кластағы Ақтанау атаман, қоңырау соғылысымен қолын бұлғап, мұны шақыратын.

- Әй, Айжарық па едің, қияли ма едің, мында кел.

Бұл камшы салдырмас жүйріктей лыпып, "а-а!" деп елпең ете түсуші еді.

- Ал соға бер қырық өтірігіңді. - Атаман топ оқушының ортасында нан шайнап тұратын.

- Айт, айт, - дейді балалар да жан-жақтан жамырап. - Ең қызық жерінен.

Қым-қуыт оқиғалар жайлы естуге құштарлықты өзгелердің көзінен оқыған мұның қиялына қанат бітеді. Қалаған тақырыпқа тартып кететін әмбебап әңгімешідей:

- Қайсысынан қозғасам екен, су жағалай жүгірген жабайылар туралы ма, әлде анадағы көрген түсімді ме?

Сол жолы Ақтанау оқыранған аттай мұрнын бір тартып:

- Екеуі де емес, шайтан көргенің туралы, - деген.

Алқа-алқамен бірден-ақ бастап кетпеді ме?

...Қай жылы көкем екеуміз Қызылқұм жақты жайлаған қалың туысқандарға қыдырып қайтпақшы болдық. Ақ қоспақты жазылап, артына мені мінгестіргесін "айт, шу" деп жөнегенбіз. Қайда-а, Қызылқұмның қашықтығы осы арадан тура Мәскеудей шығар және ұзақ жолдың бойында шай ішіп, көз шырымын алатын қуыс үй кездеспейді. Ақсары айналып ұшатын қу мекиен шөл дала. Алдыңнан неше түрлі аңдар топ-тобымен өреді. Шопан қыстаулары мен алқам-салқам баз ішінен тұра қашқан қандай құбыжық дейсіңдер ғой - кәдімгі қара қабандар. Қабаққа қарсы жүгіргенде, қара бұзауға қатты ұқсайды.

- Тезірек, тезірек! - Қоршағандар қоңырауға дейін шайтан көретін қызғылықты кезеңге иек артып қалмақ.

- Сона-а-ан... Көкем бір иесіз қыстаудың тұсына жеткенде, түйе басын сонадайдан көрінген шеген құдыққа қарай бұрды. Ал күн батуға айналды, алдымыз - түн, "местегі айраннан шалаптап жұтып, ұйықтап алайық" демесі бар ма?!

Бұл араның малшылары жайлауға көшкелі қашан, қораның айналасын қу қамысақ басып кеткен. Жазыға жантайғаннан-ақ қор ете түскен екенбіз, тыстан түйе боздағандай болғасын орнымыздан атып-атып түрегелістік. Ақ қоспақ! Біз жатқан жертөленің іші көзге түртсе көргісіз тастай түнек те, тек сонадай жердегі ашық терезелерден бірдеме жылтылдайды.

- Жұлдыздар ғой, жұлдыздар. - "Шайтаның осы екен" деп айтарын сезген балалар шу ете түсті.

- Иә, жұлдыздар екен. - Қияли бала бұл арада шайтан көрдім деудің қисынын келтіре алмай, жортақтап әрі кетті. - Жын-шайтан ұялаған жаман жертөлеге өздерің қонсаңдар қайтер едіңдер? Сөйтіп, абыр-сабыр басыламын дегенше, түйенің екінші қайтара боздамасы бар ма? Мен көкемнен шапшаңырақ тұрып, ашық есіктің босағасынан сығалап қарасам, бір керемет! Маңдайында жарқыраған шамы бар, жалғыз көзді диюдай қарауытқан бірдеңе бізге қарай жылжып келеді. Табанының астында сынған қамыс сытырына дейін естідік. Маған "Піссімиллә" десең қарасы батады деген көкем. Анау "піссімилләға" пішту дейтін мақұлық емес, аударылып-төңкеріліп жақындап қалды. Оқпандай терезе оясынан қабырғаға түскен жарық көз қарықтырып,

сырғып төмен, ытқып жоғары шығады. "Ойбай, бұқ, ана жарық бір жерінді шалып өтсе, айықпас ауруға шалдығасың" деп, көкем жер бауырлай құлады. Әлгінің маңдайынан ұшқан өткір сәуле біз жатқан бөлменің бұрыш-бұрышын самаладай жарқыратып, біразға дейін тас-төбемізде ойнап тұрып алды. Даладан ақ қоспақтың әлсін-әлсін ыңырана боздағаны үздік-создық естіледі...

Ақтанау атаман еліріп, аузынан дем алып тұр екен, оның шүбәсіз сенгенінен шабыт алған қияли бала отқа май құйғандай өршіте тартқан.

- Бір кезде әлгі құбыжықтар тамның төбесін гүрсілдетіп, әрлі-берлі кезбесі бар ма? Екеу екен. Ара-арасында өз беттерінше сөйлесіп, шықылықтап күледі-әй! Тілін түсінгендер оларды атша ауыздықтап мініп, баратын жақтарына құсша қалықтап жөнелетін көрінеді ғой...

- Қалай құтылдындар?

- Біз тырп етпей демімізді ішке тартып, жер бауырлаған күйі қозғалмадық. Қарындары қатты ашқан шайтандар жертөленің үстінде біраз отырып, әлден соң біз естімеген бір әуенді шырқай жөнелсін. "Мыналар құтырып кетті-ау" деген көкем екеуміз құлағымызды басып, үнсіз жатқан едік, мызғып кетіппіз.

Торғай шырылдағаннан оянсақ, таң құланиектеп келеді екен. Көкем қамшысын ыңғайлай ұстап тысқа шығысымен, байлаудағы ақ қоспаққа міндік те, желіске бастық.

Сенер-сенбесін білмей, сабағынан кешіккен оқушылар бей-жай күйге түсетін. Ол кез "Қияли" деген жасырын аты ғана сияқты еді, кейінірек бұған тамыр жайып, тұрақ тепті. Кімнің кесірінен екенін қайдам, біреулер тым тәуір тарихты аңыз әңгімеге айналдырған Шабактан көреді, екіншісі: "Жын да бейімін ұрады" деп мұның өзін күстәналайды. Ал патша көңіліне салса, жаласын жан баласына жапқысы жоқ, бәрін бүлдірген көкесінің көшкен елден "ап-арзан екен" деп сатып алған қара бұзауы. Осы, қарғыс атқыр қара бұзау табанда-ақ пышаққа ілініп, жілікке түскенде, мұның Айжарық есімі міндетті жұмысын мінсіз атқарып жүре берер ме еді? Арман қанша? Өз кінәсі де жетерлік. Шайтан түртіп, сол күні қас қарайғанша "Айкөл" ойнаған. Абыр-сабыры басылмаған қызыл іңірге дейін ебіл-себіл жүгіріп, қара бұзауға зер салуды тарс ұмытыпты. Көзін бір тастағанда теңіз табанына өскен ащы сораңға жайылып жатқан сияқты еді, жетсе жым-жылас, жылан жалағандай. Аяқ астынан абдыраған баланың ойында - күні кеше қасқыр талаған Алқабел дүкеншінің құлыны. Ұзақ кідірместен қос өкпесін қолына алып, жазық жағалауға қарай құстай ұшты. Қасқырлар қамаса, қайрат қыларлық мүйізі де жоқ бұзау үшін жаны мұрнының ұшында. Оның үстіне, өңмеңінен өте қарайтын көкесінің сұсты көздері есіне түскенде, қияли бала қараңғылық қорқынышын елеген жоқ. Бетке алған бағыты - теңіз жағасы.

Әлдеқалай балағынан іліп қалған таяқты қолына ұстаған, аяғы-аяғына жүкпай безіп келеді. Сонадайда шар айнадай төңкеріліп теңіз жатыр. Ақ айдынға аспан төсінен құлап түскен қызыл өрт жалтыл қағады. Тосын сурет ауыл қарасынан алыстаған бала көңіліне бірте-бірте үрей ұялатқан-ды.

Жансебілденіп қанша жүгіргені белгісіз, "Әукім, әукім" деген даусы аяқ басысы мен жүрек лүпіліне үн қосып, құлақ түбі зірк-зірк етеді. Көк жүзінің қызылы семген сайын теңіз түсі қара қошқылданып, су бетінен көтерілген болмашы шапақ қана көмескі жарық салады. Бұзау табылар деген есек дәмемен біраз шапқылаған, әлі құрып, аяқ астындағы суы быртылдаған соранға тайғанақтай берген-ді. Кенеттен әлденеге сүрініп, етбетінен құлағаны есінде. Елегізіген көңіл жұлқи тартып, жалма-жан түрегелген. Әудем жерде қара тонын қымтай жамылып, ұзынынан сұлаған біреу жатыр.

- А-ап-па-а!

Жан ұшырған айқай жансыз жағалауды тік тұрғызғандай, бүкіл дүние азан-қазан. Бағытын түзей беріп, арт жағына жалтаңдай екі қараған - бағанағы тон жамылған құбыжық сілкініп тұрған екен. Өзі сияқты басқа да жалба бастарды соңына ертіп, мұның ізіне өкшелей түсті. Енді "көкелеп" шыңғырды. "Көке, көке" деп қарқылдаған жабайылар келемеж күлкімен мұқатып жықпақшы. Әлде үрей оты, әлде үй терезелерінен түскен жарық па, көз алдында шашыраған сәуле бар. Артында құбыжықтардың тапырлай басқан аяқ дыбысы, ысылдаған дем... Қатты жүгірген сайын қою қараңғылық жел кернеген түндіктей желп-желп етеді. Сөйткенше, өкпесі өшкен мұны озып шапқан біреу алдын ораған.

- Апа-а!

"Желаяқ көлеңке" жолын кес-кестей қапталдасқанда, құбыжық құбылысты назарымен іліп өткен - қара бұзауға ұқсайды. "Ауыл көшіп кеткен бе?" деген үрей ізінше-ақ, қарсысынан көлденеңдеп шыққан адам бейнесін аңдаған. Жалтара қашып айналып өтпекші еді, құлағының түбінен "Айжарық, ей, Айжарық, не боп қалды? Тоқта деймін... Жын қаққан ба, әтеңенәлетті" деген таныс дауыс құлақ түбінен сырғанап кейін қалған-ды. Бір сәт көкесінің, бір сәт Шабак ағайдың түр-тұрпаты елес бергендей ме? Ешкімді де елең қылмай, мал қораның шартқа есігіне ұмтылған қияли бала жолшыбай "а, құдайлап" ұмтылған ақ көйлектің, әйелдің омырауына құлындаған даусы құраққа ұшып, құлап түсті. Шешесінің жанға жайлы иісі мұрнына келгенде, ғана қауіп-қатерден құтылғанына көзі жетті.

"Аяқ-қолын уқалашы, қалшылдап барады ғой, неге безірейіп қарайсың, сормандай, Ақбалықты шақыр! Бірдеңе оқысын", - деп көкесіне қарап жекіргенін де жақсы есітті.

- Айжарық-ау, Айжарық, бұл мен ғой - Шабак ағайың! Неден шошындың, қалқам, жүрегінді басшы, - деп аузына кесені тақағанда тісі-тісіне тимей, ішіндегі су омырауына төгілгенін біледі. Тұла бойы зіл қара тас көтеруге шамасы жоқ. Шабак ағайдың: "Былайынша да фантазер бала еді, көзіне бірденелер көрінді ме, қайдамынан" әрі, жұлдызы самсаған көктен біртіндеп қонған көк тұман айналаны тұмшалап алған...

ҮІ

- У-у-у!

Қияли бала шошып түскенде, айрандай ұйыған қиял-сезімі үріккен торғайларша бытырап бет-бетіне ұшты.

- У-у-у!

Бұзылған үйдің бір жағынан әлдекімнің аяқ тықыры естілгендей. Өзі тұрған маңайдан жерге құлап түскен қатты зат тарс еткенде, бұл шынымен елегзи бастаған. Қай жаққа қадам басса да, күдікті дыбыс иесі маңдай тұсынан сарт ететіндей қорқынышты. Көшкен жұртты ібіліс жайлайтыны қаперінде бар болатын, соның кәріне ұшырап қалармын деп секемденген. Тұра қашудың есебін таппай аяғын еппен созып, сыбдырсыз сырғи бастаған, тамның бір бұрышынан тұмсығы сорайып, Сарықұстың басы көрінді. Сағынысқан досына кездескендей жүгіріп барып, мойнынан құшақтай кетпекші еді, анау қадау-қадау тістерін айбаттана шығарып, ырылдап тұр. Құлағы тікірейген құрғырдың көзі қанталағаннан сұсты ма, тайқып кетті.

Егесі жұртқа тастап кеткен иттің ызалы келетінін қияли бала бұрыннан білуші еді. Жүк тиеген машинаның қарасы ұзағанша, шыжбаландап әрлі-берлі жүгіріп, әл-дәрмені таусылған шамада тұмсығын көкке көтеріп ұлитын. Апасы талай: "Алла-ай, адамның жылағанынан бір де кейін емес, зарлауын қарашы", - деп елжірей аяйтын. Қаншама қасиеті мол мақұлыққа санасаң да үш-төрт күндей ұлып жүрді де, бұралқы иттердің қалың тобырына қосылып кететін. Енді, міне, Сарықұс та тісін ақсита, ызғар шашады.

Қияли бала ілгері өрлей бере, артына жалт қараған, жүрегі атша тулады. Мектептегі самсаған мұржалардың бірінен бұрқылдап түтін шығып жатыр. Жел айдап келген көңірсек ашқылтым иістен құшырлана жұтып еді, жаны жайланып, рақатқа бөленгендей. Буын-буынын суық жайлаған қос қабатты мектептің тамырларына жан берген жылылық көзі - Шабак ағай. Бұрылып қайта оралуға зауқы соққанмен, "басы ауырғаны" есіне түсіп тоқайрады. Қазір ошақ көмекейінде гүрілдей жанған қызулы отқа қарап, темекіні құшырлана сорған күйі үнсіз ойланған мұғалімнің келбеті көзіне елестегенде,

Айнұрмен кеткен қызулы күндердің болмашы бір бөлшегі Шабақта қалғанын ұқты. Бала десе, жанын беруге әзір, аудан орталығында жұмыс істейтін ұлдары Батыржан мен Әлижаннан ай сайын қанша ақша келгенін айтып, кемпірінің аурулығына дейін шәкірттеріне мұңын шағып, ағынан жарылған аяулы ұстазына бұл не істемеді. Әсіресе Ақтанау атаманның тіліне еріп, сабақ үстінде тақырыпқа қатыссыз сауалдар қоятын еді-ау. Бір жақсысы - мұғалім жан баласын бетінен жасқап сөз қайтармады, өзі қабақ шытқан емес, қайта:

- Оқушының талап-тілегімен санасу - біздің педагогикада бар тәсіл. Бірақ бәрі сабақтан тыс уақытта өткізілсін деген заң тағы бар. Онсыз да программадан қалып келеміз, - деп қатты толқитын.

Мәселе, желе-жортып, сұрқия ойлы сұмпайы фашистерге тірелгенде, мұғалімнің жанарында ұшқын оты ойнайды. Журналды жауып, қол орамалмен бет-аузын тәптіштей сүртеді. Аңдаусыз ағытулы қалған көйлек, не костюмінің ілгектерін қайта салып, қайыс белбеуді қынай тартады. Сосын көзінің ақ шелмен көмкерулі қарашықтарын бұлардың төбесінен асыра тастап, бәрін де көріп тұрғандай:

- Кешегі қырғын соғыста оқ даусын естімеген қашақтардың талайы әлі күнге аман жүр, атын айтып қайтейін, - деп бастайды. - Біз шыбын жанымызды шүберекке түйіп, ажалмен арпалыссақ, бұлар құм арасын сағалаған қасқырдай әйел, бала-шағаның жартымсыз несібесін аузынан жырып жеген.

Өңгіме құрып қалғыр қашақтарды төңіректенгеннен-ақ, қияли баланың мазасы май ішкендей кетеді. Құпия есімнің түп-төркіні қарауылға осыны алғандай. "Қай майданда соғысқанын жайшылықта көкемнен бір сұрармын" деп қайта-қайта оқталса да, оңтайлы сәтте жігері жасып, аузынан сөзі түсетін. "Қашақ" көкемнің өзі емес па?" деген қауіп те жоқ емес. Бір жақсысы, мұғалім мұнан әрі індете қумай, талай рет қайталанып, таптаурын болған жол сорабымен тартатын.

- Біздің әскердің енді ғана бел алып, жауды бет қаратпай жеңістерге жете бастаған жылы. Елге келдім. Хабарымды күні бұрын естіген халық: "Қарамайдың Шабағы немістердің алынбай жатқан ордасын ойрандап, Көкаралдың атын көкке бір көтеріп тастапты. Ерлігін көзімен көрген қызыл әскердің бастығы:

- Қарағым-ай, тығыншықтай ғана жас бала екенсің, қай ауылдың түлегі болдың? - десе керек. Сонда біздің Шабак:

- Жолдас командир, Ақжарма деген айтулы теңіз бар. Соның жағалауында қатпыш балық жеп өскен қарапайым қазақпын, - деп сарт еткізіпті ғой.

Мұнан кейін елде жалғыз шешесі қалғанын, отпускі берсеңіздер, көріп қайтсам деген ниеті барын білдірген.

"Әлгі қолбасшысы ақ көңіл адам болса керек, рұқсат етіпті. Сөйтіп, абыройға бөленген Шабакжан ауылға келеді екен" деген теңіз қолтығындағы ел түгелінен шулап отыр.

Өткен күн есіне түскен ағайдың көңілі босайды ма, көзіне жас іркіледі. - Халық данышпан емес пе? - дейді бет-жүзін сипай сүртіп тұрып. - Мен бастан кешкен барлық жайды айна-қатесіз біліп алған, құдды кинодан көргендей... - Сонан ба, туған аулым қақ жарылып, ортасынан орын сайлаған. Шаңырақ бас сайын ерулік беріп, қолдарын қусырады. Ол кезде бекіренің бел кеспесі болушы еді, қазір ондайды ел айналып таппайсың. Жүздесуге жиылған жұрт мені қоршалай жайғасып: "Фашистер қандай халық?" деп сұрап қояды. Байқаймын, іштеріне бүккен бір сыр бар. Сөйтсем, осы Көкаралдан қашақтарға қосылған бір ағаларың ауылдың торпақ-тоқтысын ұрлап, берекетін кетірген әбден...

Сабактан соң "өтірігі де бар ма" деген қызықты хикаяның әсері бұзылмай үйге қайтқан ол, Айнұрды жолшыбай қуып жеткенін есіне түсірді.

- Шабак ағайдың айтқандары қып-қызыл өтірік.

Айнұр бұған бұрылғанда, езуінде кекесін күлкінің иірімі бар ма деп ойлап қалған, күмәні расқа шықты.

Ол айтып жеткізгісіз тұп-тұнық көздің тұңғиығынан бейтаныс бір Ақбалықованы көрді. Осы көзқарастан оқып-білгені - күмәнді қашақтың көкесі екендігі. Мұнан әріге кідіру - өліммен тең. Бұл сөмкесін толғап тұрып, алаңсыз бара жатқан Айнұрды арқасынан салып өтті.

- Мә-с-сағ-ған-н!.. - Қияли бала қайта жиналып үлгермей-ақ бұлғалақтаған қара портфель маңдайынан тарс етті. "Мәссаған!" Төбелесе кетер еді, сонадайдан біреу шоқалақтай басып, бұларға қарай айқайлай ұмтылды. Жалт бұрылды да, көшедегі машина жолдың бойымен бұрқытып ала жөнелген. Бірақ Айнұрдың аузынан оқша атылған "Қияли" сөзі қадам жаздырмай-ақ қуып жетті. Енді бұл етегіне от тигендей аласұра қашты. Бірақ жаңа ғана Айнұрдан естіген "Қияли" сөзі санасына сіңіре қаққан сояу шегедей, түсер емес.

## ҮІІ

Айнұр, Айнұ-ер-р!.. Екеуінің арасындағы көңілсіз жайды жаңбыр шайып, қар басып ұмытылғалы қашан?! Дәл қазір үйге баруға зауқы соқпаған қияли бала бүгін ғана аттанған Айнұрға арнап сағынышты сөздерін күбірлеп айтты. Сөмкесін сапырылыстыра қарап, Көкаралға құлайтын сансыз өзеннің өзі жасаған картасын тауып алды да, көк қаламмен тартылған ирек сызықтардың біріне "Айнұр каналы" деп жазып та қойды. Қаншама қиял-арманының қуатымен, өз

ақылынан туған ұлы жобаның бел ортасынан ойып тұрып, бір ат қоюға хақысы бар шығар. Күндердің күнінде, қияли баланы Көкарал жұртшылығы құдайдай құрметтейтін болса, Айнұрдың бұған да, туған жеріне де сіңірген ондық еңбегі бар. Әлі ұмытқан жоқ...

... Сол бір теңіз жағасындағы оқиғадан кейін, төсек тартып екі аптадай жатты. Түн баласы елегзіп, сөйлеп шығатын бала азапты уақыттың талайын өткерген. Көзін ашқанда жастығының басында өрелі таңды, ұйқысыз атырып, қалғып-мүлгіген шешесін көріп, қатты аяйтын. Күн аралата мұның халін білу үшін ауыз үйден дабырлатып, сырттан сөйлей Шабак ағай келетін.

- "Ауырып тұрдың, аунап тұрдың" деген, бала кезімізде жеті аурудың сабағы - бір басымызға көп те болған жоқ, аздық та етпеді, әлі күнге дейін аман келеміз ғой, сынық арбадай сықырлап, - деп әңгіме бастайтын. Мұғалімге көкесі кірпішешендей жиырылады. Шығып кетісімен: "Берекетсіз, диуана, сөзінің пәтуәлісі - жын-пері. Сонысына қарамай, қораңа мойнын созып жүретінін қайтерсің, бәле жинайды ғой... Өзін табалдырықтан бері аттатпау керек еді, суқаным сүймейді", - деп, сырттай іреп соятын. Өке сөзін қияли бала жаны сыздай тыңдаушы еді.

...Көп кешікпей кітап-дәптерлерін қолтығына қысып, үйге имене енетін Айнұр: "Көмектес деп ағай жіберіп еді" - дейді. Бұл Шабакқа шын көңілден риза. Басқаны емес, Айнұрды жұмсаған мұғалімге мың да бір рақмет. "Міне, ұстаз!" Қыз үй тапсырмасынан да басқа, екі мұғалімнің жуық арада Ақшатау жаққа көшетінің, енді бір үшеуі құм қойнауындағы қой совхоздарына қоныс аударады деген қауесет барын баяндайды. Бірақ Шабак: "Көкаралсыз таң атып, күн батар ма?" деп, атамекеннен асып аяқ баспасқа бекінген дейді. "Қайтсін, патриот қой!" – деп, Айжарық бұл шешімге жарыла қуанады.

Ол далаға кіріп-шығатындай дәрежеге жеткен күн - ауыл-аймақ Ақтанау атаманның үйінде бас қосып, көз көрмес, құлақ естімес жаққа көшкелі жатқан шаңырақтың айрылар көжесіне тұстас келді. Апасы: "Көңілі көтерілсін" деп, қолтығынан демеп мұны да ала барған, Ақтанаудың әкесінің тікенек мұрттары айранға малғандай құп-қу. Сөйлеген сайын әлгі тікенектер түсіп қалмады ма дегендей саусақпен санап түгендеп отырады. Бүкіл ауыл сыйып кеткен қонақ бөлмеде елді аузына қаратқан - Ақтанаудың әкесі. Төрдегі Ақбалық тоқтам салып:

- Көзін тапқан адамға мұнда да тіршілік бар ғой! - деген.

- Тіршіліксіз жер бар ма, ақсақал? - Атаманның әкесі бұл жолы төменшіктей түсіп, жай айтты, бірақ даусы нық. - Сібір деген жерде де бір рулы ел күнелтіп жатқан көрінеді, - ол да - тіршілік. Бірақ өлшеулі өмір ғой, балалар басқа кәсіп жасауға үйренсін. Дәміміз таусылған күні қылжия қалсақ, артымызда қалған мына жамандар: "Әкеміз теңізден басқа да тіршілік барын бізге көрсетпепті", - деп мін



тақпасын. Қайтуға қараған қара суға да қояр кінәм жоқ, әкесіне жеткен теңіз – баласына кетсін деген еш жерде жазылмаған шығар. Әйтпесе, обалына не керек, геройлықтан басқа абырой-атағын менен аямады. Сол алған орден-медальдарым бүкіл ұрпағыма тамақ асырайтын нәпақа болмас. Бейнетін де кешіп, зейнетін де көрер құтты қонысқа қолымнан қондырсам деп едім.

Шамалы ғана мазасыз үнсіздік. Сәлден соң Ақбалық аға төсегінде тіктеліп отырып оң сапар тіледі, әңгіме шертті.

...Ертеде Қыдыр мен Бақ атты екі шал өткен екен. Қыдыр қоянсүйектеу, қагілез, кішіпейіл жан болса, Бақ деген бабамыз адамның жүзіне тіктеп назар салмайтын сырбаз да тәкаппар. Бақ қараған жанның береке-байлығы шаш етегінен келетін киесі тағы бар. Осыны естіген қу сіңірлі бір кедей Қыдырға келіп жағдайын айтады: "Жасым жер ортасынан асты. Жарлылықтан жарымадым, көргенім - азап, кешкенім - бейнет, шиеттей бала-шағама бір шарапатыңды түсір, маған да бір жәрдемің тисінші", - десе керек. Қыдыр жарықтық мына біздің Шабакжан сияқты көңіл-жықпас біреу де, "жарайды" деп келісе кеткен. Жарлының мал дегенде жалғыз түйесін сойдырып, жарты етін көрші-қоландарына тараттырып, қалғандарын бала-шағаға азық қыл деп өзіне қалдырады.

- Теріні қайта көктеп, ішін қу жантаққа сидалай толтырып, тұлып жаса да, Бақ екеуміз өтетін құба жолдың бойын тос, төбеміз көрінгеннен мына тұлыпты иығына көтеріп ары-бері жүрерсің. Қаншама дініне берік болғанмен, түйе көтерген палуанға Бақ қарап қалар, - депті.

Сорлы кедей байлықтың атын естігесін, Қыдырдың айтқандарын орындап, тұлыбын құшақтап құба жолдың бойына келеді. Қыдыр мен Бақ шаң берген шақта "түйе" арқалаған алаңғасар байғұс жолды кес-кестеп, ілгерінді-кейінді кезе бастайды. Кедейге Бақты қаратамын деген Қыдыр:

- Апыр-ай, о заман да бұ заман, түйе көтергенді бірінші көруім. Бәке, әне бір кісіні байқадың ба? - депті.

- Е-е, мықтаса, күші көп, ақылы аз алыпсоқ палуанның бірі шығар, - деп кедейге көзінің қиығын да салмастан өте шығады.

Бақ қарамағасын, жігері құм болған жарлы күн аралатпай, Қыдырды тауып алады да:

- Ойбай, Қыдеке-ау, жалғыз түйемді жайратып тастап, не істегенің, бұрынғы күніме де зар қылдың ғой, - деп жылап қоя береді.

Сонда Қыдыр:

- Сабыр сақта, кедейім, - деген екен. - Бақ саған назары түспес үшін жолдың шетіне қымбат затын жоғалтқандай тесілді. Бақ қараған жерге бар да егін ек, бүйірің шықпаса сонда келерсің.

Қыдырдың ақылына ден қойған жарлы бала-шағасын ертіп барып, топыраққа дән тастап, егіншілікпен айналысыпты.

- Менің берер кеңесім, - деген Ақбалық ата сол жолы. - Бұл аймақта бақ қарамаған жер жоқтың қасы... Судың көзін тауып, көңілдерің сүйген дақыл өсірсендер, бақша - мұратына жеткен сол бір шаруадай бәріңе де кәсіп болар еді.

Десе де, көш көп аялдамай сол күні аттанып кетті. Қияли балаға тай жүктердің арасынан басы қылқиып көрінген Ақтанау атаманның жабырқау жүзі тұңғыш рет жылы ұшыраған.

### ҮШ

...Адам аяғы мен мал тұяғынан арқасы жеңілген Көкарал биылғы жыл жасанып сала берген. Көк шөп қаулай шықты. Иесіз тамдардың қуыс-қолтығын қуалап өскендер: кекіре, бидайық, жантақ, ала бұта. Машина жолдың ұлтанына дейін қияқ аралас қамыс басып кеткен. Әсіресе көктемгі жауын-шашын жеті қат жер астындағы шіріген тамырға да жан берген шығар. Біреулер: "Ашаршылық жылдары жеген асымыз еді, Көкаралдың табанында құмаршақтың жапырағын көрдік", - депті.

Өз өмірінің ақырғы айлары мен әр күнін санаған Ақбалық ата айтыпты:

- Бетімді бұл фәниден бұрған шақта, бала кезім көзіме қайта елестеп жүр. Онда да теңіздің осы бір қойнауы жап-жасыл әлем болатын. Бұл дүниемен қоштасар күні де жап-жасыл күйінде жарқырап қалатын болды-ау, жарықтық!

- Көрдіндер ма, балалар, Көкаралдың өсімдіктері көтеріліске шықты. Е-е-е-е! Түптеп келгенде табиғат бәріне үстемдік жүргізеді! - Бұл - Шабак ағайдың сөзі.

Ал қияли баланың көкесі:

- Жер бетінде адам қолынан улы не бар дейсің? Адам еңсесінен түскен соң, көк майса боздақтаған жоқ па? Ақ бота мен қара бұзау армансыз тойып, бүйірі шығатын болды, - деп қуанды.

\*\*\*

Ой кұндағына оранған бала заманында шаттық базарына айналған клубты жанамалай өткенін кеш аңғарды. Қайрылып біраз тұрған: әлдекім қамқорсып, есік аузына жұдырықтың қарамындай құлып ілген де, терезелердің сыртынан қара қағазбен жауып, үстінен айқастыра тақтайлар ұрыпты. Біреулер жарамды деген бүтін шиферларын тергіштеп алған клубтың төбесі шахмат тақтасындай алапаш-алапаш. Қияли бала соңғы рет ауданнан үш өкіл келіп, бүкіл

ауылға жиналыс ашқанда осында болған, онан бері де бес-алты ай. Еңсесі биік кең бөлмеге жүз қаралы жан кірген кезде еденнің шаңы көтеріліп, зал ішін боз тұман басқанын ұмытқан жоқ.

Сол жолы сырқаты жанына батып, сыртқа шығуы сирексіген Ақбалықтан басқаның бәрі түгел жиналды-ау!.. Көкесі екеуі есіктен енгенде көргені ауылдың үлкен, кішісіне дейін тайсалып жүретін "Радио" атты кемпір Алқабел дүкеншіге:

- Әлгі өкілдердің шашбауын көтеріп жүруің жақсы еді, сені селсебет сайлайтын болды ма? - деп бастырмалатып отыр.

Дүкеншінің сыры қияли балаға да мәлім. Соғыстың екі жылын фашистердің түрмесінде өткізгенін, фрицтердің ит көрген ешкідей ежірейген мазасыз жандар екенін бұған да жыр қылған. Алғашында мұны шашы да, көзі де меткілдей аппақ неміс келіншекке құл қылған, онда екі сиырдан күніне төрт шелектен сүт сауған. Басы қазандай, "ең кемі бір азаматтай ақыл-есі бар" мұны төбетпен бір бөлмеде ұйықтапты. Кейінірек "арбайтен, арбайтен" деп концлагерьде сілікпесін шығарып жұмыс істеткен. Соғыс біткен соң, тапқырлығы арқасында тар қапастан аман-сау құтылғанын өзі айтып, өзі қойған...

Бұл жолы да кәдуілгі әдетінен танбай:

- Бастықтың аты - бастық, астарында лөккебай, үстерінде ақшыл кительдері бар, - деп сыңар езулей тартқан...

"Радио кемпір" дүкеншінің әңгімесін жөні түзу жүйеге түсіре алмай әлек.

- Әй, сен далаға ұйықтап шыққан шпанаға ұқсамай, жаңағы өкілдерден естігеніңді айт, қайда көшесіңдер деп жатыр.

Алқабел беліне қос қолын таяна бір шалқайды да, насыбайын шаң басқан еден үстіне толғай түкірді. - Айтсам, айтайын, сен асықпа, білдің бе?

...Жұрт жиналыс үстінде жапырлағанмен, клубтан айқай-шусыз күбірлеп тарапты. Ауданнан келген ағаның сөзінен Айжарықтың ұққаны: жуық арада кемеліне келетін теңіздің сыңайы жоқ, оның есесіне көршілес жатқан мал шаруашылығы совхоздарына жұмыс қолы жетіспейді, көшіп бару керек. Көмекке тегін көлік, жол қаражаты және мал беріледі. Жұртқа қарсы отырған үшеудің жуантықтауы қайта-қайта түрегеліп, түскен сұрақтарға дәлелді жауаптармен тойтарыс берді. Тіпті болмағасын құдды қияли баланың қалтасындағы картаның көшірмесіндей сызған қағазды жайып қойып: "Міне, міне, мына өзен былай кетеді. Оның бізден де басқа бітпеген шаруасы көп. Анау өзенге теңізді толтыратындай су қайдан болсын, әзірге үміттенбеңдер", - деген. Қияли бала қалай басын қатырса да бәрі нанымды, көңілге қонып-ақ тұр, дұрыс емес бір ғана жері - көшкені несі?

Көптің сөзі түгесіліп, жиынның аяқталар шенінде Шабак ағай қол көтерді. Орнынан буын-буыны сытырлап, "ибайлай" түрегелген мұғалімнің қолы қалтырап, саусақ бастары есепсіз жыбырлай бастағанын қасында отырғанға аңғару қиын емес. Бір-екі жөткірінгеннен соң:

- Ана жаққа шығуға бола ма екен? - деп сахнаны нұсқады.

- Пажалыста, Шәке, пажалыста. - Манағы аға мұғалімді бұрыннан танитынын байқатты. Топ алдына шыққан Шабак әдеті бойынша көлдей орамалын қалтасынан алып, бет-аузын мұқияттап сұртті.

- Қарағым, мен бір соғысқа қатысқан педагог адаммын, - деді костюмінің ілгегін салуға кіріскен аға. - Өзіңнен бастап білім бергенім бәрінің есінде. Кешегі соғыста қанын төккен жанға екі ауыз сөз айтуға бола ма екен?

- Айта беріңіз. - Өкіл мұғалімнің сырын бес саусағындай білетін жанша күлімсіреп отыр.

- Айтсам, Украина майданында арба-дорбасын арқалап, совет жауынгерлерін ас-тамақпен қамтамасыз еткен кәрі солдатты аудан көлемінен іздесең, таппассың. Ол кез ас ішіп, аяқ босататын побыр атымен жоқ. Тамағын пісіріп тастап, сапта жүріп шайқасатын.

Жүзі жадыраған қонақтарды көргесін Шабак еркінсі бастады.

- Оған айғақты документ бар, қарағым. Үкімет еңбегімді бағалап, мынандай дүниелер берген. - Қозыдай көгендеп, жіпке тізген бір уыс жалтырақ темірді кісілер отырған столға сау еткізіп төгіп жіберді. - Қараңдар!

Өкіл қара көлеңке зал ішінде көздің жауын алатын медаль беттерін әрі-бері аударыстыра бастағаннан, мұғалімнің дегбірі қашты.

- Менде мұнан да көп болатын. Әлгі, тұқымы жайылғыр жеңешелерің ненің қадірін білуші еді, бәрін тесіп, балалардың төбетейіне қадапты. Орден слава дегенін Көрпебай марқұм бесіктегі нәрестеме ырымдаймын деп, ұшты-күйді жоқ қылды. Онымен асырап алған бала - бала болатын ба еді, өскесін өзін тастап, хабар-ошарсыз жоғалды. - "Асырап алған" дегеннен қияли баланың ішін бірдеңе қырнап өтті. Ал Шабактың жүзі жадыраңқы.

- Ех-хе-хе!.. Сенсеңдер, мына документті маған бас генерал өз қолымен тапсырған. - Блокнот арасынан суырған тілдей ақ қағазды бір тоға медальді уыстаған кісінің қолына нығыздап тұрып тапсырды. - Міне!

Өкілдің қағаздағы жазуға көзі түсіп кеткен болу керек, Шабакқа қарап бағжаң еткен.

- Отағасы-ау, мынауың доғдыр берген справка ғой.

Ұстаздың аңғалдығына қылғына күлген қияли бала қазір ыңғайсызданса да, сол жолы бір жасаған. Абыр-сабырда байқатпай

Айнұр жаққа да барлау жасады: жүзінде бұл сияқты насаттанудың ізі де жоқ, ернін тістелеген күйі, ілгері қарай емініп қалған.

Мұғалім қуанып кетті.

- Ие, шырақай-ау, қайда құрып кетті деп таба алмай жүрсем... Жақсы болды ғой көп жасағырлар. Керек документтерінді кейін әкелермін. Мынау - осында бір оқушыны қияли дегесін қаладан келген дәрігерлер ренгенге салған... Қағаз соның өзі...

- Ақсақал, қысқасы не дегіңіз келеді? - Өкіл де шыдамның шегіне шыққан-ау, сағатына қарағыштаған.

- Не дегенде адамның қадірін білген дұрыс-ау, қалқам. Кеше қып-қызыл оттың ортасына түсіп, ерлігімнің арқасында отпескеге келгенде "Шабак, Шабак" едім, қазір сол құрметтің тұқым-жұрағатын да таппаймын. Мен де бір, үкімі кесілген теңіз де бір. Адамгершілік деген осы ма, жолдас! Айтшы! "Көш-көштің" астына ала келесіңдер де, кетесіңдер.

- Тоқтатыңыз. - Стол үстін тоқылдатқан қаламсап өкілдің қол ұшында билеп кетті. - Олай десеңіз... мен сізді ауданның арнайы өкілі ретінде тәртіпке шақырамын...

Залдағы ыңғайсыздықтың жігін білдірмес үшін екі-үш адам жөтелгенсіп, қозғалақтай бастаған, "радио-кемпір" саңқылдап қоя берді.

- Е-е, сөйлесін, неге сөйлетпейсіңдер. Шабактың қай тілегін қатырып орындадыңдар. Тәртіпке шақыратындай не бүлдіріп тастады?

- Айта бергенше, арыз қылып жазбай ма? - Жөтелгендердің біреуі наразылық білдіріп күңк етті.

- Бұл балалардың арыз оқуға уақыттары тапшы. О-о несі-әй, тіпті! Сөйле, Шабак! Енді қалған жасыңда бала оқытпай-ақ күн көрерсің.

Қаладан келген уәкіл астындағы орындығын сықырлата еңсеріле тұрып:

- Тынышталыңдар! Мұндай да жиналыс бола ма екен? Қой аузынан шөп алмас ауыл еңдер, шайтан аралап кеткендей... Осы жерден біз де көштік қой, ештеңеміз бүлінген жоқ.

- Е-е, сен бастық болу үшін көштің, біздікі не жосық. - Залдағылардың арасынан тағы әңгіме көтерілді.

- Сөзімді аяқтайыншы, айналайын! - Істің насырға шабар шамасын көріп, сабасына түскен Шабак ағай төрдегі өкілге қарап:

- Мұндай үлкен жиналыста бірінші сөйлеуім еді, құдай ұрғанда, әр нәрсенің басын шатып кететін әдетім жаман-ақ, қайтейін. Шырағым, қазір көзімнен жас ағып, мұрнымның ұщы қыштитын ауруға шалдықтым. Енді алпыстан асқан ауру мұғалім кімге дәрі?

Қалған өмірімде жылы орнымнан қозғамай, осы мектептің айналасынан бір жұмыстың ретін табарсың.

- Ақсақал, мұнда ел қалмай ертеңнен бастап көшеді деп отырмыз. Жалғыз мұғалімге қандай жұмыстың реті?..

Шабак өкілге қылғуардай қадалды.

- Ақылың бар баласың ғой, қаншама жыл халық басқардың, бір амалын жаса, айналайын.

Көп талқының қорытындысы, иесіз мектепке қарауылдық жасау Шабактың мойнына жүктеліп, уәкіл алпыс сом айлық төлетуге уәде етті. Бұл бүкіл ауыл көлемінде бетке ұстар жалғыз ғана қызмет еді.

## IX

Осы жаз етек-жеңін ебедейсіздеу етіп жайып салған үлкен ауылдың жұртында үш шаңырақ қалды. Көне қоныстан қозғалмай Ақбалық пен Шабак отыр, үшіншісі - мұның көкесі. Араларының алшақтығы соншалық - түнге қарай үй мен үй қатысуға балалар түгілі үлкендер жүрексінеді. Кешкілік өріс малын жайғасысымен тым-тырыс жата кету - үш үйдің де дағдысына айналған. Қалған екі отбасының аяқ-табақ араласынан қияли баланың хабары жоқ, әйтеуір, бұларға күндіз де жан баласы соға бермейтін-ді. Бәрінің басын қосатын ортақ тірлік - таң азаннан өргізетін жандықтарды қосып жаю. Сондайда абыр-сабыр араласып, асыға тілдесіп қалады. Тікелей Ақбалықтікіне жетіп баруға Айнұрдан қымсынатын қияли бала, "Қалижан қайдасың?" деп салып кетуге бар, бірақ көкесі...

Бір күні бұлардың тәпелтек қоржын тамына қызыл іңірді қымқай жамылып Айнұр кіріп келгені есінде...

\*\*\*

Ауыз үйдің есігі сықырлап жаймен ашылғанға, "бұл кім деп елегізіп, мойнын созса - Айнұр! Босағадан ұяла басып ілгері аттаған қыз, әке-шешесіне имене сәлемдескенде, жатаған бөлменің еңсесі биіктеп сала берген. Көкесі елеусіздеу ғана ернін жыбырлатты, апасы Айнұрдың асты-үстіне түсіп: "Тәңірім-ай, қаршадай қыз, қорықпай қалай жүрсің? Шәй ішші", - деп бәйек болып жатыр. Мұнысы - қияли баланың көкейіне қонып-ақ тұр. "Тамақтанып кетсін" деп Ақбалық ата жұмсапты.

Көкарал табанының он шақты тұрғыны шүпірлесіп отырып оны-мұны сөз қылды. Әңгіме-дүкеннің өзегі - жоғалған мал, биылғы шабындық мәселесі, көшкен көршілерінің қылығы ең соңынан халықаралық жағдайға ойысты. Әлем жаңалықтары туралы сөз қозғаған Шабак:

- Мексикада жер сілкініп, қала-даласын топан су қаптады. Соған жұрт қолындағы бір үзім нанына дейін беріп жатыр екен...

- Бізден бірінші болып жинайтын шығар, - деген көкесінің күпті көңілден айтқан жорамалын, Ақбалық бөлді. Әкесі ондық шамның білтесіне тесілген күйі үнсіз қалды.

- Ол қай жақта еді?

- Мынау Әмірикәмен қойы қоралас жатқан ел...

- Е-е, қиын болған екен...

Қазан-аяққа қолғабыс тигізіп жүрген Айнұр дастарқан басында мұны төңіректтей отырды. Жұрт жапырласқан бір сәтте мұның құлағын ыстық демімен шарпып: "Қазір қызық естисің", - деп сыбырлаған. Сыбырлауы мұң екен, жүрегі қағып, жүзі алабұртқан қияли баланың ойы сан-саққа қашты. "Ненің қызығын айтады-әй! Бағана үйге келгенде бірдеңені аңдап едім-ау, тым ұялшақтап өзі... Алтыншы класты бітіргеніміз кеше... Қызығы несі? Жас кезінен қағынып Гүлбаршынға үйленген Алпамысқа ұқсап... Ол да өтірік пе, рас па, әйтеуір, жазылған ертегі ғой. Шын-ақ, делік. Қанша қалмақты қырып-жойған қара күштің иесі оқып жатқан мектебі де болмаған соң зерігеді де. "Ал енді әйел аламын" десе, кім қарсы дау айта алған".

Қияли бала құлағының ұшы қызарып бара жатқанын көрмей-ақ сезді. Еңсесін жаза бере, Ақбалықтың көзіне жанары сүрініп жығылған. Қартайған адамдар үйлену дегеннің ұятынан онша қысылмайды.

Осы шал былтыр жазда:

- "О-о-у! Жігіт болыпсың! Міне, міне, азамат деген! Біз сендердің жастарыңда өз алдымызға отау тігіп, үйлі-баранды болғанбыз..." - дегені есіне сарт ете қалды да, өз-өзінен қысылды.

"Ыссыладым" деген сылтаумен орнынан шапшаң тұрып, есік тұтқасын ұстай берген, неге екені белгісіз, Айнұр да ізінен ере көтерілді. Ақбалықтың даусы қатқыл естілді.

- Отырыңдар, қарақтарым, сендер енді бала емессіңдер. Бүгін үлкенді-кішілі бір қауым ел басымызды қосып, тағдырларыңды талқыға салған жайымыз бар.

Ертеден бері ойлағаны жай тәтті қиял екен, мына сөзден кейін о жақ, бұ жағынан тер шүмектеді. Тіліне тұз түскендей ашқылтым татып, ерні кеберсіді. "І-м-м... Оңаша қалған үш үй ойларына түскеннің бәрін істейін деген екен". Ендігі үміті - көкесінде. Дәмелі көзқараспен сол жаққа телмірген. "Өлмесем, сені үйлендірермін-ау" дегендей, жақ ашпай сызданған.

Ақбалық алқымға ала бастады.

- Қарақтарым, отырыңдар! Енді бізде не дәурен қалды дейсін, бар үмітіміз сендерде. Біздікі қудай сақалымыз желпілдеп, қамдарыңды ойлап жүрген де баяғы. - Онан әрмен шал назарын

мұғалімге салды: - Осы, Шабакжан деймін-ау, тірнектеп дүние жиып, тынымсыз бейнет кешкенде түбі осыларға бір қайыры тиер ме деп ойлайсың. Мал - баланың шашуы. Жасаған жақсылығыңды келешекте сезе ме, жоқ па, ол арына – жүк, адамгершілігіне - аманат. - Ақбалық жұртқа түсінікті болсын дегендей, Айнұр екеуін қолымен нұсқап өтті. - Екеуі де өзіңнен тәлім алған шәкірттер ғой.

- Дұрыс, дұрыс! - Шабак бірденеден құр қалғандай, жастығын ысырып тастап, тіктеліп келеді. - Не айтары бар?!

Ұстазының да аузы терістікке қарағасын қияли бала қыл арқанды құрықтан құтылмасын ұғып, тағдырына мойын ұсынғандай сұлқ түсті. "Сонда бізді қай үйіне қондырмақшы? Есігі алдындағы жаман жаппасына бір орам пеш салып, анау тұрған көк сандықты ортамызға қойып, "Ал енді бақыттарың ашылсын, тату-тәтті өмір сүріңдер" десе..."

Бірақ Ақбалық бұларға емес, сөз салмағын мұғалімге аударар сөйледі.

- Шабак, өзің қандай оқуды бітіріп едің?

- Сапалы оқудың заманындағы екі жылдық мұғалімдер институты ғой, ақсақал! Ол жағынан қам жеменіз, шүкіршілік...

- Ендеше, орынды екен. Мына екі бала бар, өзіңнің Қалижаныңмен үшеу. Осылардың басын қосып тағы бір жыл білім берсең деп отырмыз. Алты жыл сабақ берген сауатың қалған жеті-сегіз айға түгесіліп қалмас. Біздің саған берер ақымыз: аздаған мал-текелеріңді қойымызға қосып бағып, қолыңды босату. Қозы-лақтан да қарасармыз, батамызды және аласың...

Қияли баланы қинаған күдік бұлты селдіреп, арғы бетінен жарқырап күн көрінді. "Қияли" атын көңілдене іштей қайталаған ол, Айнұрдың бетіне қарап күлімсіреді. Бірақ сол арада-ақ шала бүлінген ағайдың шыж-быжы шығып, тұтықпасын ба?

- Ақсақал-ау, ол не дегенің? Өйтіп қозы жегенше, керемді неге жемеймін. Бірыңғай тарих болса бір сәрі, қот Мәскеудің прәпессорымен таласамын... Ал жетінші кластың математикасы – бысшая. Ол жағынан мыналардың бәрі академик, мені оқытуға жарайды...

- Ақы алмасаң, қарауылдық алпыс сомыңның көлемінде үйретсейші. – Тауып кеттім бе деген көкесі жан-жағына насаттана қараған. Шабак ағай сөзінен танған жоқ.

- Мынау тап-таза нарушение ғой. Ол үшін ауданнан рұқсат қағаз келіп, мені мектеп директоры деп бекіткен бұйрығына қоса дөңгелек мөрін табыс етеді. Онсыз аяғымды аттап басуға хақым жоқ менің...

- Бас-басыңа би шықпай, тоқтатыңдар! - Ақбалық қаттырақ сөйлеп тыйып тастады. - Осы айтып отырғаның қай наршөние, Шабак? Қаншама ел қонысын тастап, көз көрмес жаққа көшкені,



сеніңше, нарөшение емес пе? Қаз басқаннан қолтығыңнан демеп, көзің қарайса, жүрегінді жалғаған кәрі теңіздің қазіргі жайы наршөниенің жатпай ма? Ендеше, бір наршөниені біз де жасадық, мына балаларды оқытасың. Әңгімені доғар. Балама хат жазғанмын, бәрін де жауапты адамдармен келісіпті: документтерін Ақшатауда оқыған қып тіркетеміз, өздері осындағы мектепке келіп жай-жапсарын анықтайды. О несі-әй, тіпті өзіне салғанда... Жетім ағаштың жалғыз бұтағындай бір бала артық па бізге.

- Ойпырмай, - дей беріп үнсіз отырып қалды. Бұл келіскен сыңайы.

Қасындағы Айнұр бұған қарап күлім қағады. Осы бір күн сәулесіндей жылы шуақты басқа біреу қағып алғандай, қияли бала ыржия бере іркіліп қалды. Бағана айтқан "бар қызықтың" осылайша тамам болғанына өкінеді-ақ.

Сонымен Көкаралдың ортасындағы үлкен мектептің директоры да, мұғалімі де, қарауылы да - Шабәк, оқушыларының бары: Айнұр, Қалижан және бұл!

## X

Жаңа оқу жылы басталды. Балалардың мойны босап, қой кезегіне ересектердің өздері шыққан кез. Қияли бала мен көкесі алагеуімнен оянып, он шақты қойын тысқа айдады. Бұл түйенің ісмер қолынан қашалғандай жұп-жұмыр құмалақтарын түбі сетінеген көне легенге салып, далаға тасыды, тезектерді қаз-қатар етіп жинады. Қыс түскенше қалаштай қатырып, аяз бұған айлары шетінен кертіп жағатын тезектің пайдасын онсыз да жақсы білетін.

Мал жайланғасын мектепке әзірленді. Апасы былтырғы ақ көйлегін кір көтергіш болсын деген оймен нілге салған екен. Онысы қанық, көгілдір. Соны шоқ өтекпен мыжғылап жатыр. Қияли бала кеудеден жоғары шешініп, сабын көпіршігін аяусыз шашырата жылы суға жуынды. Жүндеген тайлақтай қара қайыс денесіне көз тоқтатқан көкесі: "Ай, айналайын, үкімет-ай, осыны оқытып бірдеме шығарамын дегенінді айтамын-ау", - деп мырс етті. Талай кір сабынның ажалына жетіп, әбден шираған былтырғы шалбарының балағын қанша икемдесе де, тобығынан төмен түспей қойды. Бар киімімен ақ қабақтың басындағы қалқайған қарақшыға ұқсағаны қияли баланың намысына тиіп тұр. Жетім тайлақтың жабуындай жетімсіз лыпаларды сыпырып тастап, қырдан аса қашқысы да бар. Бірақ баласының жүзіне тіктеп қарауға тайсалған шешесін аяйды.

Бұлар келгенде мектептің есігінде - қара құлып. Ескі шарбақтан қалған қада ағашқа қос қолдай сүйеніп Ақбалық ата еңтігіп тұр. Жанында қуыршықтай киінген - Айнұр. Онан әріде - Қалижан, мұны

көріп күледі - амандасқаны. Көкесі мен Ақбалық сарандай сөйлесіп, хал сұрасқан. Бәрі де тосын дауысқа жалт қарасты: көше басынан бұларға қарай Шабәқ ағай жүгіріп келеді екен, анадайдан ақтала сөйлейді.

- Әй, кәрілік-ай, жетіпті ғой! Ақа-ау, маған да жетіпті! Түнімен календарлық жоспар жасап, қара басқанда ұйықтап қалыпшы. - Бәрімен де қолдасып амандасты.

Бір бума кілтті аударыстырып, сыртқы есіктің тот басқан қара құлпын әрең ашты. Класс ішіне енген алты жанға бөлменің бір бұрышы да толмай қалған. Күні кеше үпірлеп-шүпірлеп тыным таппайтын балалардың орны құлазулы.

Оқу жылының алғашқы күніне арналған салтанатты жиынды Шабәқ ағай:

- Сендер бақыттысындар, - деп бастады. - Бейбіт заманда тыныш ұйықтап тұрудың өзі аз бақыт емес. Ал мына алдарындағы Ақбалық аталарың қиын-қыстау кезеңде көзін тырнап ашып, заманның ауыр жүгін арқалап, бейнеттен белі жазылмай өткерді бұл өмірді. Бай-құлақтарды кәмпескілеп, колхоз құрды. Мен болсам кешегі қызыл қырғынға қатысып, үш баламның ырысына аман келген адаммын. Мына Шортанбай ағаларың да қарап жүрмеген. Сіздер қашақ екен деп ойлап қалмаңыздар, қайта кешегі теңіз талабы өрлеген жылдары еңбегімен елге танылған балықшы - осы кісі...

- Әй, әй, мынау әтеңенәлет не деп сандалып... - Көкесі еміне беріп тапалтақ партаның ернеуіне соқты да, қайта отырды. Қияли баланың қысылғаны соншалық: қара жерден жік тапса сүңгіп кетуге бар, бұқшиып қалған. Аңдамай сөйлеп, бірдеңені ушықтырғанын кештеу ұққан Шабәқ қипақтап ақтала бастап еді, көкесі өршеленіп кетті.

- Е-е, мынауың балаларға қандай тәрбие бермекші. Қырық жылғыны қайта бықсытып... Әй, сен түгілі оны үкіметтің өзі де кешірді ғой...

Қияли бала басын көтеруге жүрексініп, төменшіктей берген. Дәл сол ретте, жай-жүйесіне найзадай ендеген "қашақ, ел тонаған қара жүз қарақшы" аты көңіл түкпірінде шіріген темірше мәңгілік сақталар-ау деп түңілген. "Әй, көке! - деп күйінді. - Соғысқа барғандардың сорлысы Алқабел емес пе, ол да тұтқынға түсіп ерлік көрсетті ғой. Сол құрлы қайратың қайда?"

Ақбалық сөз жүйесін түзеді.

- Ал енді сабақтарың нешеде басталуы керек?

- Әдетте, сағат сегіз ғой.

Мұның көкесі партаның бетін сарт еткізді.

- Шабәқ, сен әңгімені қысқарт. Торғай шырылдамай мектепке бала жинап, қай тірлігіңнен қалып жүрсің? Сәскелікте ек-үш сағат

қыбын тауып, айналдырсаң жетіп жатыр. Онсыз да балаларға қарап қанша шаруа тұрады. Сосын әлгі еңбек дей ме, ән-сән, секіртіп ойнататын өнерің өзіңе құт болсын. Керегі жоқ... Ол кезде айырын ұстап қорада жүрген бала қандай пайдалы.

- Баланы тек мал бағу үшін өсіреміз бе? - Шегесі босаған Шабак Ақбалықтан жәрдем күтіп телмендей қараған. - Бұғана бекітіп, білім алу керек емес пе?

...Әкесінің айтқан біраз ұсыныстары Көкарал мектебінің оқу жүйесіне кәдімгідей-ақ еніп, бұлар үшін бұлжымас заңның біріне айналды. Біраз пән сабақ кестесінен шығарылып, оқу уақыты қысқарды. Ауру меңдеген Ақбалықтың көңіл хошы болмады ма, әлде мұның көкесімен сөз таластырғысы келмеді ме - бәріне де үнсіз келіскен.

Үлкендермен ілесе кеткен ағай сәлден кейін алты құрылығының біреуі жапырылып ортасына түскен ескі глобусты ұстап, ішке енді. Оны бос партаның біріне қойып, айналдыра ақ шаңдағын сұртті. Қолы дір-дір етеді. Ала жаздай адам аяғы баспаған мектептің бөлмесіне балық ыстағандай, күйелеш-күйелеш. Терезелердің сынған көзінен ұшып кірген торғайлар бұрыш-бұрышты сыналап ұя салған екен. Еден бетіндегі ақ таңдақтар - саңғырық қабырғадан да сорғалап тұр. Балапандар бұлар келмей қанаттанған, әр жерде ағараңдап қауырсындар қалыпты. Төртеулеп жүріп парталардың шаңын сұртті, еденді жуды, қабырғаларды өрмекші торынан арылтты. Айнұр айнадай жалтыратқан мөлдір әйнектен класс ішіне сарғыш түсті күз шуағы құлады. Қалтасынан бүктеулі көк дәптер суырып, класс журналын жасамақшы болған мұғалімнің әлдебір жазуға көзі түсті де, шұқшиып қалды. Біршама уақыт үнсіз қалды да, өзіне аңтарылған үш оқушыға мақамына салып оқып берді.

Дүниеден күдер тек үзбе,  
Ненің де қалар ізі бар...  
Қиыршық құмды жел айдап,  
Шаң болып құрыр демендер.  
Жиылған күні олардан,  
Тау өсіп шығар кемеңгер.  
Сондай-ақ, қырқа белінде,  
Көтеріп жерден бір күн боп,  
Мың жылдан кейін менің де,  
Гүл боп шығуым мүмкін ғой.

Қияли бала қатты толқыды. Өлеңнен әсерленген ұстаз терезеден тысты шола тұрып:

- Мәңгілік жоғалып, ізсіз кететін ештеңе жоқ, балалар, - деді. - Бәленбай мың ғасырдан кейін жер бетіндегі барлық тірлік: өзен де, көл де, тіпті теңізге дейін қалпына келеді. Мына сендер де өз

орындарыңа қайта ораларсындар. Мүмкін, төртеуіміз тағы да бір кластан табысармыз. Күн үздіксіз батады, шығады, қайталап көктем неше келеді, ал өмір ше? Ол да сол.

Мұғалімнің көзі түнгі теңіздің жұлдызды бетіндей жымындап тұр.

Мың жылдан кейін менің де,  
Гүл боп шығуым мүмкін ғой!..

## XI

Балықшы кәсібінен қол үзіп, малға үйірілген көкесі үй мен қора арасын шиырлап күн ұзаққа жүреді. Теңізден оралған әр сапарында ау жазуға жаралған жалпақ алақан күрек сапқа да құйып қойғандай. Малдың шөбін аударып салып, тезек жаяды. Былтырғы қара бұзау тайынша атанып, мал басы үшке жеткен. Қой-ешкісі аралас жандық - он! Әсіресе бұларға біраз әбігерлік әкелген, ала қарда үш күн бошалап туған қоспақтың ботасы. Өзі де перідей аппақ! Жіп-жіңішке иір сирақтың буындарына серіппе темір салған дерсің, аяғын ырғалаңдай басса, жүрісі қандай! Көкесі "тіл-сүк" айналдырмас үшін, күндіз-түн жабық қорадан шығармай қамап ұстайды. Төбесінен үрпип өскен ақ мамық жүнге қызыл жібек байлағанда, қыт-қыттап айналшықтаған балапан қораз тәрізді. Қияли бала ақ ботаның мойнынан сипап, тіпті реті келсе, кішкене өркештердің арасына секіріп мінуге құштар. Бірақ жылы қораның маңын қызғыштай қорыған көкесі оның маңына ешкімді жолатпайды. Мұның анда-санда ылди астынан көкқасқа шауып салатыны бар, сондайда ботаны армансыз сипалап, бар мүшесін ұстап көреді.

Көкесі сонда да разы емес:

- Сенікі қолыңа түскен шөпті алдына әкеліп итке сүйек тастағандай лақтырып тастап жіберу. Ол бірі өлсе, бірі қалатын совхоздың есепсіз малы емес қой, жалғыз қана!.. Қолына шаппашотты алып ұсақтап берсең қайтеді, әй! Нан соғарсың-ау!

Мыжу сөзден құтылудың бір әдісі - үндемеген. Қияли бала сөйтеді. Әкесінің бұрыннан жаратылысы сондай ма, әлде теңіз өрісі тарылып, мал жинауға беті қарағасын мінез ашты ма, әйтеуір, төзу қиын. "Қазанның құлағына жағаласып, аяқ-табаққа араласатын әдетің бар болсын", - деп оған шешесі де ұрсады.

- Әй, осы сенің сабағың қалай? Басың кеудеңе салбырап, еңсең көтерілмейді ғой, - деп сол күні қияли балаға қатты шүйлікті. - Бар, дәптерлеріңді әкел.

- Бүгін балаңның сабағына қарап қалыпсың ғой, адам боларсың... - Жерошақты бауырға ала қазан қырып жатқан шешесі

сөзге араласты. - Онан да мойныңда галстугің, үстінде мектепке киетін пормаң түгел ме деп сұрасайшы.

- Жо-оқ, галстукті қоя тұр. Сен бала бір түрлі мырындап кеттің, кәні. - Мұның қашанғы көне портфелінің аузын шырт еткізіп ашты да, дәптерлерді жайып тастады. - Мынау төрт, дүре-ес-с... Есептен бес қойыпты ғой. Көбірек алсаң етті. Өйткені Шабактың берген бесі Ақшатаудың үшінә пара-пар, білдің бе?

Қияли бала "түсіндім" дегендей басын асығыс изеді.

- Баланы әбігерге салма деймін! - Шешесі тағы да арашаға түсті. - Жыныңның бір аты Шабак екен, білгішсінсең, мұғалімдікке өзің тұрмадың ба?

Көкесі оның сөзіне қыңбастан тергіштеген.

- Класком қайдасың?

- Ақбалықоваға ғой... Айнұр. Бірінші кластан бері сол...

- Немене, бастықтық Ақбалық әулетінің маңдайына ғана жазылып па? Айтпайсың ба, шелтиген жаман қыздың бізден артық қай жері бар деп. Ажарың кем, ақылың төмен бе! Қап, мына ғана милаудың күйдіруі-ай! Адамға ұқсап, талпынбайсың ба, былай?!  
Бұл отбасындағы жанжалдың басы екен. Кешкілік енесінің бауырына баруға жарамаған ақ бота, қырсық шалғанда, ыстығы көтерілген сәбидей ыңқылдап ауырмасы бар ма. Өз қолымен шауып салған көкқасқа жентек-жентек күйінде ішінен жылмаядай ағып өтті. Қорадан өрт сөндіргендей түтігіп шығатын көкесі шешесіне сыбырлаған сөзімен-ақ ызғар шашады.

- Мынау анық тіл-көзден болған кесапат. Кім келіп еді үйге?  
- Ешкім де басын сұққан жоқ. Бағана Ақбалықтың қызы сүт сұрап...

- Жан баласын жуытпа дегенім қайда сен қақбасқа, а? Мал құтаймас мен сияқты қарабаққа ел болып күледі ертең, көрерсің, әлі... Ой-бай-ай!.. Жаман ботаны да көп көргені мына құдайдың...

...Енді ұйықтауға бас қойған қияли бала жан дүниесін аяздай қарыған әңгіменің салқынынан сақтанып, жамылғыны қымтай орана тас бүркенген. Бірақ шешесінің даусы құдық түбінен күңгірлеп жеткендей естіледі.

- Түйең сиырыңның арғы жағында құрысын. Қара суды қайғысыз ішкізетін кешегі күнім жақсы еді, мына құрып кеткірдің теңізі құрып кетті ғой... Бәрі біздің сорымызға... Жапырақтай балаң мен жаныңдағы әйеліңнің етін жейсің бе, енді не қыл дейсің? И-и-и!.. Құдайдан бір, адамнан екі сұрап алған ұлды қазықтай жерге қағасың да, суырасың, елден ұялсаң етті. Малың өлсе қайтейін, өз ботаң аман болсын да... Тәубе деп бір тілге салмайсың-ау. Түңілдім сенен! И-и-и...

Қияли баланың көзінен жас шықты. "Құдайдан бір, адамнан екі сұрап алған" өзі туралы ойлағанда іші жидіп кеткендей. Суланған жастығын құрғақ жағына ауыстырып жатып, осыншама жас қайдан шыққанын ойлап, шын көңілімен егілді. Осылай жатып, көзі ілініп кеткен...

Робинзон Крузоның жолдасы Жұма бұлардың үйіне келіп тұр. "Қалай, қияли бала", - деп, мұнымен кеуде қағыстырып, ескі достарша амандасты, жағдай сұрасты. Сөз саптауында Көкаралға тарам-тарам талай өзенді тартатын қалтасындағы картаға дейін біледі. Бұл да бірден көкейіндегі сұрақты ірікпей қойды.

- Жұма ата, айтыңызшы, ақ бота аман-сау жазылып кете ме?

- Жо-жоқ, - деп Крузоның досы бірден-ақ басын шайқады. - Ол туғаннан бері қараңғы қапаста тұрып, таза ауа жұтып, күн сәулесін армансыз көре алмады. Дүние қоңыздық, балам, көзіңе ұялаған айдаһар. Ол ешкімді жылыта алмайды, қайта уландырады, тіршілікті тұншықтырады...

\*\*\*

Үйге кіруге зауқы соқпаған қияли бала мойнын созып қора ішіне қарап еді, он қадам жерде бас-аяғы жоқ ақ ботаның шанаш тұлыбы шөгерулі күйі мыңқ етпейді. Енді оған жарық та, жылу да, тіпті енесінің жұп-жұмсақ емшегімен бар болмысын балбыратқан мейірім шуағының да керегі шамалы, дүниесі түгел. Қамауға түсіп қиналған шыбын жаны еді, ол қазір тар қапастан құтылған, қалаған кеңістігінде ұшып жүрген болар. "Хош бол, ақ бота!"

## XII

Сентябрьдің ортасы күрт тоңазып, салқын күзге иек артқан шақ.

Үй жанындағы қабакқа аңдаусыз жалаң аяқ шықсаң, табаныңа мұп-мұздай мың сан ине шаншып жатқандай тітіркеніп кетесің. Аузынан ызғар шашқан қара суық теңіз беттен тұрсе, ауыл үстімен мап-майда тұз қабыршақтарын елеуіштей себелейді. Ызғырық ұрған өсімдіктердің түсі аз күнде оңып, сарғыш тартқан. Ұзыннан құлап, құраған жабайы шырмауықтар мен серейген кекірелер белінен мертліккен мақұлықтай кирелеңдеп қалған-ды. Жаны алқымға келген шайтан қаңбақтай зыр жүгіріп қалай қашса да үңірейген үрей аузына күмп беретіндей.

Қолдағы малға аш қасқырша жауыққан бұралқи иттер, иесіз үйлердің қуыс-қолтығынан жылы орын тауып жайғасқан жүндес мысықтар көбейді. Иттердің тұрағы - қаңыраған жағалауда қашаннан жатқан ескі баржа. Қай күні бұлардың көк серкесі ұшты-күйлі

жоғалып кетіп, әрлі-берлі сенделіп біраз іздеген көкесі баржа жаққа баруға жүрегі дауаламай: "Серкенің ажалы бөріден болған жоқ, қарыдан", - деп оралды.

Ауыл тіршілігі де қайнап-қайнап басылған қара қазандай - қызғылықсыз. Төсек тартып жатқанына айдан асқан Ақбалық - бүгінде сал ауру. Жарсайда қызмет істейтін баласы келіншегімен екі келіп, екі кетті. Жұрт: "Аттанарда шал баласымен ырзаласып қалыпты", - деп жүр. Айнұр атасының басында күзетте отыратын болса керек, бұрынғыдай емес, өңі сынық.

...Бәрі де жазулы хаттай көкірегінде сайрап тұр. Сол күні ертелетіп үйге соққан Шабәк көкесіне: "Ешқайда ұзамай бүгін шалдың қасында бол, малға балаларды жұмса. Мен Ақшатауға барып ұлына ділгірәм ұрып келейін. Ақбалық түнімен қысылып шықты", - деп кеткен.

Айнұр мен қияли бала таң салқыныменг өріске беттеді. Күз суығынан қорынып үстіне атасының жылы күпәйкесін киген, гүл суретті қалың орамалды тамағының астынан шалып тартқан жабырқау жүзді Айнұр ересек келіншектерге ұқсайды. Екеуі бұрынғыдай әңгімелесіп, жұғыса кетпеді.

Алысқа ұзамай жақын маңдағы баурайы жусан биік қыратты айналдыра жайған бұлардың құлағы түрік. Аз қой ауанымен отын алуда. Бәрі де аяқ астынан басталды. Қойлар әлденеден үріккендей бір жағына үдере қашты. Үйіріп соққан борандай апыр-топыр құбылыстан ештеңе ажыратып, білу мүмкін емес, бұрқылдай көтерілген бұйра-бұйра қою шаң. Алғашқы қарқыннан тұра ұмтылмай, қос құлағын едірейте тігіп қастарында шоңқиып Сарықұс отыр. "Айт, айт" деп дауыстағасын орнынан амалсыз қозғалған ол да белі бұралаңдап, ықылассыз жүгірді. Ақ шаңдақтың арасы майланбаған арба доңғалағының шикылындай түсініксіз дыбыстарға тұнған. Сарықұс қою шаңдаққа таяна беріп, әлдекім құйрығынан тартып қалғандай кілт тоқтады да, жалт бұрылып ышқына қашты. Енді бір аңдаса, екі бөрі ізінен жұлдыздай ағып барады. Бұларды қоршап алған ешкі-лақтардың үрейлі көздерінен шошынған Айнұр "ата" деп шыңғырып жіберген. Дірілдеген саусақтар қышқашса тістесіп, Айжарықтың білегінен қатып қалыпты. Бұл өзін-өзі тежегісі келіп әрі-бері тістеніп көрген, үрей билеген дене қалшыл қағып, ырқына көнер емес. Буындары босаңсып, тізесі дірілдегеннен құлап кетем бе деп секем алған бала бар қайратын бойына жиды да, ілгері қарай жанталасты. Қарына жабысқан Айнұрдың қолын қалай сілкіп тастағаны шала-пұла есінде, білетіні табанына сатырлап тиген қара жердің аяқ астында зырыл қағуы. Құмға малтыққанда аңдағаны ақ кіршекті қабаққа қарсы жүгіріп келеді екен, жанбауырлай тартты. Бұған күлгені, әлде қосыла жылағаны белгісіз, бүкіл дүние көз

алдында селкілдеп билеп, қырқа белдері шар қайрақтай зыр айналады. Бір кез төбешіктің жұмсақ бетімен жинап өткен сияқты еді, байқаса, басын омырауға алып, допша домалап барады... Ағараңдаған құм үстіне жамбасы тиюі мұң, өкшелеген алпауыт мұны тарпа бас салып, жұлқылағанда жұлым-жұлымын шығарардай. Қарлыққан тамақпен бар дауысқа басты...

Алас-қапаста аңдамапты, "алпауыты" бұған сүрініп құлаған Айнұр: бетін жас жуып кеткен, ебіл-дебілі шығып жылаған. "Жүр-жүрлеп" мұны желкесінен тартқылайды. Бұларды бетер үрейленген шағын отар қозы-лақтарын ерте шұбырған күйі артында екен. Сойқанды шаңдақтықтан естілген түсініксіз шиқылды жүрек үні көмді ме, әлде бұл оқиға ақырына жетті ме, төңірек тыншыған тәрізді. Жаңағы ғаламат қыр астында қалған соң, ес жиған екеу елірген қойларды қайырмалап, ауылға қуалады.

Жолшыбай малды көзімен түгендеген: қойды бастап, текелерге теңдік бермейтін, мезгілсіз мазалаған кісіге дейін айбат шегетін Ақбалық атаның мүйізі сексеуілдің иір бұтағындай еділбай қошқары жоқ. Бұл ештеңе сезбеген жанша "ләм" демеді, шынында, "білдім" деуге жүрексінді. Мал атаулы мұздай суын шамырқана ішетін шеген құдықтың басына таяған. Бергі жағындағы шошақ төбеде бұларға бір қырын сүйріктей тұмсығын көк төсіне найзаша қадаған Сарықұс отыр. Ит те, бала да бүгінгі күні Айнұрдың алдында үлкен ұятқа қалғанын түсінген тәрізді. Қойдың алды астауға бас қойғанда, бүгежектеген қияли бала серігінің жанына таяна беріп:

- Айнұр, - деген.

- Кетші әрмен, жаңа менің қолымды сілкіп тастап, тұра қаштың-ау. - Жасқа булығып әрең тұр екен, теріс айналып кетті.

Ұятын айтсайшы! Сол сәт көз көрмес, құлақ естімес жаққа қағып ала кететін құбыжық кездесе де, қыр арқасына ойланбай-ақ мінер еді. Аяғын басқан сайын былқылдап, қақ айрылардай. Егер ол мұның бетіне күлімсіреп бір қараса, шіркін, онда қасына жүгіріп барып, өзі сілкіп тастаған нәзік саусақтарды алақанына қысып, ыстық деммен үрлеп жылытуға бар. Бірақ кешірім сұрай алмас. Өз түсінігінде қорқақтыққа кешірім жоқ, қателессең бір сәрі. Енді не істемек? Бір жағынан үлкен ұятқа жол берген су жүрек Сарықұсқа жыны түсіп, "Қауға саппен толғап-толғап тартып жіберер ме еді?" деп те пиғылы бұзылды. Осы кез еңіске еміне құлаған құм тұмсығынан шұбыра түскен белгісіз бейнелерді көзі шалды. Бет алысы ескі баржы. Бұлардың бүлкіліне қарап отырып, көшкен елдің жұртында ұлып қалған бұралқи иттерді жазбай таныды. Айнұр екеуінің зәрелерін ұшырып, қойға тұтқиылдан шабуыл жасаған "қасқырлар" - осылар екен.



Елегізеген екеу ауыл шетіне жақындағанда өртенген қау қамыстай қоңыр кешті шарпыған зарлы дауыс естілді. Бір қараса, қолындағы таяғын лақтыра салған Айнұр етек-жеңі желбеңдеп жүгіріп барады екен...

Ақбалықтың қазасы ауыл адамдары мен туған-туысқандарының қабырғасына қатты батты. Шалды жерлеуге тұқым-жұрағаттары түгел қатысты. Есік алдына самаурын қойып, көпшілікке қызмет жасап тынбай жүрген жылы жүзді келіншекті Айнұрдың мамасы-ау деп топшылаған. Көкаралдан көшкен ел бәрі болмағанымен, Ақбалық атаның жаназасына жартысына жуығы жиналды. Талай жыл ел басқарып, халыққа еңбегі сіңген қарияны соңғы сапарға шығарып салушылар арасында ауданнан келген уәкіл де бар. Жұрт болып жұмылған жерлеу жұмысына елбектеп араласқан қияли бала да қол көмегін аямады. Ақбалықтың мүрдесін оқшаулап, бір топ адам қабір басына ала жөнелгенде шыңғыра жылаған Айнұрдың даусы әлі күн құлағында.

Зират басында уәкіл сөз алды. Үні зарлы ма, мұңды ма, әйтеуір, сай-сүйегінді сырқыратады.

- Достар, ағайын-тумалар, бұл дүниеде Көкаралым деп өткен бір жан бар еді... Жанын жалау етіп, аядай аулын бұл күнге жеткізген қарт большевик, ел ағасы, аяулы әкеміз Ақбалық Айтбаевтың қазасына арналған қаралы митингті ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!..

Ертелі егіліп тұрған Шабәқ ұйқысынан шошып ояғандай алақанын бір-екі шапаттап жым болды. Көңілінде титімдей қаралық жоғын білетін көз таныс адамдар мұғалімнің аңғалдығын кінәраттап ештеңе демеді.

Осы күн қияли бала бұл іргеден көшкен ел бір төбе де, Ақбалық Айтбаевтың өз басы бір төбе екенін қалтқысыз түсінген.

### XIII

Биология пәнін теңіз жағасында табиғатпен ұштастыра өткіземіз деген Шабәқ ағай үш баланы жазық жағалауға қарай бастаған. Жолшыбай:

- Ақбалық Айтбаев аталарың сияқты туған өлкені құрметтеп, қолдарыңнан келгенше қорғай жүріңдер. Жақсы ісін жалғастырып, ел үшін жасаған еңбегін ұмытпайық. Тіпті осы мектепке өзімізше Ақбалық аталарыңның атын берсек, артықтық етпес, - дегенде үшеуі бірдей: "Дабай, болсын" деп желпініп басылды.

Бұлар теңіз табанында қатып-семіп қалған қаншама бақалшақтар тапты. Көбісі күннің ыстығына шыдамай қақ бөлініп, табаныңды тіліп түсер өткір жүзді, айқұлақтарға айналған. Түйе малының жаны қас сортаңға өсетін ащы шөптер ішкерілеген сайын

сирексіп, шым-шымдап жерге сіңіп кеткендей. Ағай қабыршақтанып қатқан тұз қабаттарының бір бөлігін қолына ұстап, оның кристалдық қасиеттері жайлы әңгімеледі. Бұлардан ұшатын майда қиыршықтардың жанды, жансыз тіршілік үшін аса қауіпті екендігін түсіндірді. Шамалы ілгерілегеннен кейін шаршаған мұғалім өзегінде ойнамалы қара балшығы былқылдаған, үстіңгі қабаты кебіртек тегіс орынға қабаттап газет жайды. Жамбасы жерге тиісімен "уһілеп" отырып, қалтасынан алған темекісін асықпай тұтатты. Бұрқылдаған көк түтінге бүгінгідей біраз жөтелген. Бұларға бұрыннан таныс қара шалбардың қырсыз балағын тізелікке дейін түрді де бөртпеш басқан есекжемін саусағымен жаймен сипалады.

- Бұл жара қар түскенше ұшпайды енді, - деді. - Әл-дәрменімді алып, буынымды кетіретін кесел осы.

Ақбалық атаны жерлегеннен бері тұяқ серпіген ауылдан машина гүрілін естігенде, мұғалімнің қасына аяқ суытқан балалар орындарынан ұшып-ұшып түрегелісті. Жайпауыт жағаға ирелеңдеп, жылан құйрықтана құлайтын іздік жолдың үстінде шаңдақ бұрқырап, ара-арасында томпаңдаған жеңіл машина ор қоянша жалтарады. Шабәқ қолын көлегейлеп, қанша қараса да қай жердің машинасы екенін топшылай алмады. Брезент жапқышын да күн қағып үлгермеген судай жаңа "УАЗ" зіркілдеп келіп кілт тоқтағанда, өкшелей қуған қою шаң ілгері қарай жөңкіле көшкен. Кабина ішінен түскен екі адам костюмдерінің өңірін шертіп тұрып ағаймен амандық-саулық сұрасты. Бұл рәсім өрісі қысқа жіптей шұнаң етіп, бірден іске көшкен.

- Ақсақал, бала болудың да жөні бар ғой. Жайыңызға қарап жүрмей қаншама елді бүліншілікке салдыңыз. - Қалпағын сілкілеп-сілкілеп, сордан жабысқан ақ таңдақ кетпегесін, машинаның есігіне періп жіберді де, жапырайып шыға келген киіміне тұнжырай қарап, отырғышқа лақтырған. - Жұмыс - мынау! Шабылуымыздың мәнісі - үстіңізден қатырып жазған арыз бар. Үш баланы жинап алып, өз алдыңызға мектеп аш деп тәртіп берген кім сізге? Өткізген сабағыңыз қайда?

- Практишески сабақ қой, шырақтарым... Ойпырмай, арыз бар дейсіздер, ә! Өмірімде кісінің ала жібін аттамаған сияқты едім... Бұл бір қиын жұмыс болды-ау, айып етпеңдер енді. - Шабәқ кінәлі оқушыдай қипақтап аналарға бір балаларға екі қарады. - Былай ешкім көрмей тұрғанда сол қағазы түскірді жыртып тастай салсаңдар қайтер еді?..

Мұғалімнің бұл сөзіне машинадан түскен екеу шиқылдаса күлді. Ағайдың баладай ақ көңіліне қарсы ешкімнің көкірек-кеудесі оқшау тұра алмас. Сәлден соң езуін әрең жиған егделеуі:

- Ол үшін жауапты кім беру керек? - деп сұраулы жүзбен бұрылды.

- Марқұм Ақбалық ақсақал жауабын өзімнен күт деп еді... Жарықтық, жақсы адам еді ғой, жалынғанымға қойды ма?.. Сосын білгенімді балаларға үйретіп жүрмін, әйтеуір. Жаман ағаларыңа қыл бұрау салып қайтесіндер, айналайындар, онан да үйге түсіп, сыбағалы дәмдеріңді татындар... Менікі - басқа емес, адам көңілін қалдырмау. Көкарал мен кеткен соң көгеретін болса, көз көрмеске өз еркіммен-ақ аттанайын, қайда бар дейсіңдер?

Айжарықтың жүрегі дүрс-дүрс соғып, санаулы секундтардан кейін тоқтап қалардай жанталасты. "Не қылған арыз? Шынымен сол болғаны ма?" Осынан он шақты күн бұрын әкесі мұны білегінен жетектеп төргі бөлмеге апарды да, ұзын сонар қағаз жаздырды. Әлқиссадан: "Ауданның бірінші бастығына" деп қой деген. Бұл аудандық партия комитетінің бірінші секретары болу керек деп әлсіз қарсылық жасаған еді, жекіріп, тыйып тастаған. Әрі көкесінен айбынып, әрі "осы хат бір жаққа жол тауып жете қоймас?" деген күмәнді көңілмен шимайлап шыққан. Жеткені ғой, тексерушілер, міне! Шабак ағайды жан алқымға алып жатыр.

- Сіз, айтқан сөзімізге сенбесеңіз, фактыға жүгінелік. - Теңбіл мұқабалы қақпыш папканың ішінен оқушы дәптерінің бүктеулі парағын ашып көрсетті. Жоғары бұрышына қараған жанға айбат шегетіндей баттита қол қойған қызыл сияның қанық ізі. - Міне!

Қияли бала іркес-тіркес тізілген әріптерін күмәнсіз таныған. Хатты Шабактың қолына ұстатпастан папкаға салып, "қалған шаруаны ауылға барып сөйлесерміз", - деді. Бір жақсысы, мұның қисық әріпті жазуын Айнұр да, Қалижан да көрместен, әлгі ағалармен бірге тығылыса машинаға отырған-ды.

Жол үсті әкесінің аузынан шыққан хат мазмұны қияли баланың ойында қайта жаңғырды.

"Ауданның бірінші бастығына:

Ал, қарағым, өз басым алғаш рет арыз жазуым. Онда да мына Шабак Қарамаев деген бәледен басым қатқасын бір жағы ойласқандық еді. Көп айтып, уақыт алмайын. Дүние қуған мұғалімнің ауылдағы үш баланы заңсыз оқытқаны былай тұрсын, үй бас сайын нәлек ұстап, көрешекті көрсетіп отыр. Әбден байыды. Қазірдің өзінде бір түйе, қара қасқа сиыр, құнажын өгізі мен ақ құйрық қара бұзауы бар. Ал жандығын қалай санасам да ұштығына шыға алмадым...

Сосын, жолдас бастық, теңізді алса, құдай алды, сол үшін Шабакқа алпыс сом ақшаны неге төлейсіздер? Үкімет қайда, заң қайда, осы заманды кім үшін құрдық біз, ә?

Бұл арызды асықпай оқы, айналайын. Қай жылы осы ауылға доғдырлар келіп, Шабакқа: "Мына жағыңызда қара дақ бар, мектепке

баруға заң қоспайды", - деген. Бала жарықтыққа жаны ашитын бір жан болсайшы, үш бірдей өрім жасты іші қарайған жанға оқытып отырмыз.

Жолдас бастық, қаладан алыста жатқанмен бізді түк сезбес сауатсыз деп ойламаңыз. Саясат деген бәрімізге ортақ, Шабәқ саясаты бар сабақ оқытудың орнына түү баяғыда сүйегі қурап кеткен маймыл адамдарды мадақтап, бәрімізді жауын құртындай зиянкес жәндіктердің қатарына жатқызады. Мені қойшы, арасында өздеріңдей азаматтар да кетті-ау! Сондай өтірік әңгімелерден жүйкесі жұқарған жалғыз балам түн баласына еліретінді шығарды. Қарамаев жолдастың соғыста побыр едім деген әңгімесін өз құлағыммен естідім. Омырауы толған орден-медаль, төбемізді ойып, көзімізді шығаруға бар. Сонда қалай, кешегі қырғында бірыңғай побырлар ғана соғысқан ба? Осыны неге тексермеске? Сіздер қызықсыздар, Шабәқ өлгесін медалін баласы тағып шықса да сенесіздер.

Осымен сөзім бітті, онан әріге тұла-бойым қалшылдап нербім шыдар емес, тез тексеріндер", - деді де, соңына "Әйтпесе" деп жазып қой деген.

Айжарық оның қажеті қанша дегендей сұраулы жүзбен көкесіне қараған, көзі ежірейіп кетті.

- Жаз, сұмырай, "әйтпесе" деп айтпаса арыз тексеріле ме? - Онан әрі арқасын жарға сүйеп ойлана отырып, қайта бір оқытты. Арагідік "асықпа" деп қояды. Соңынан:

- Әй, өзің адам болып қалыпсың ғой, - деп өмірінде жасамаған кәдесімен маңдайынан сипады. - Шабәқтан басқа біреу оқытқанда, орысша да сілтер едің-ау!

Қолпаштап сөйлеген әкесі паракты үш бұрыштап бүктеді де, сыртына адресін қостырды.

Ертеңгі сабаққа жердің не астымен, не үстімен жеткенін білмейді, әйтеуір кездескен жанның жүзіне қарай алмаған. "Бұ кезде түрмеге қамаған да шығар" деген Шабәқ күндегі әдетінше класта отыр. Бірінші тоқсан аяқталасымен мектептің жабылатынын, үш баладан класс ашудың қылмыс екендігін қатаң ескертіпті.

## XIY

...Қияли бала мектеп пен үй арасындағы қысқа жолға жарты күн жүрген, өйткені тұтасқан бұлттың саңылауынан сығалаған күн сәулесі тас төбеден құлап тұр. Біртіндеп есік алдына таянған. Ес білгеннен етене таныс жатаған үйлерінің бір қабырғасын белуардан құм көмген екен, баурайы тақтайдай тегіс, қызығып кетті. Аяғының астында жатқан шыбықты қолына ұстап, топырақ бетіне біраз үңілді. Сосын,

"Айнұрдың үйі көшкен күн" деген сөйлемін әшекейлеп түсіру үшін бар шеберлігін аямады. Арыз жазғандай емес, әдемі шықты. Ізінше суретін де салмақшы еді, күн аралатпай құрғақ құм сипап кетер деген. Үйге кірерде тағы да қайрылған - әсем әріптер тасқа басқандай сайрап жатыр. "Жатсын!" деген.

\*\*\*

Қайың ағаштан еп-септеп құрастырған шолан есігін аша бергенде, арғы жағында қатты сөйлеген дауыс естілді. Жүрегі суылдап, аузына тығылды: "Үй ішінде ұрыс бар".

- Ә-ә, солай ма екен? Ол қашақты менсінбейтін үкіметтің өз адамы ғой. Адал адам алпыс сом ақшаны жатып ішпейді, білдің бе? - Тіні темірдей ащы үннің сауытына жарықшақ түскен, барылдаған көкесі байғұс шешесін айғайдың астына алыпты.

- Ойпырмай, ел-жұрттың бетіне қалай қараймыз? Иесіз ауылға екі адам сыймады деген не сұмдық! Сорлы адамның құны алпыс-ақ сом екен ғой.

- Алпыс сом!.. Қандай зәбір көрдің деп әуелі менен сұрамайсың-ау, әйел құсап!.. Сұрамайсың, сен-н! Ал шын жаның ашыса, бар да қолына шық, әйтпесе отыр жайыңа, білдің бе?

- Өмір бақи жайымызға отырып келеміз, - дей бергенде бірдеңе тарс ете қалған. Ізінше сынған кесенің шылдыры естілді. Шешесін түйгіштеп тастай ма деп қауіптенген, бірақ басы артық қимыл сезілмеді. Мұрын тартуы жиілепті, апасы жылаған-ау, сірә? Бұл бүкіл дүниенің айқай-шуынан қашып құтылу үшін "құлағымды меңіреу адамша бітеп, көш соңынан қаңғалақтап жүгірсем, түбі жетермін-ау" деген ойға берілді де артынан жалпақ әлемде жалғызсырап қалатын шешесін қимады. Үйінде өзінен басқа ортаға түсіп, екеуін арашалайтын бір жан болсайшы. Әзірге өрши түскен әкесінің басылатындай сыңайы жоқ.

- Тексере келгендер Шабәкқа іш тартып сыпайысы қалыпты, іштерінен майланғаны көрініп тұр. Керек десең, олардың да үстінен жазамын.

- Жаз, жаз! Қолыңнан келсе анау жарық күнді де сөндір! Саған айтарым, қарғадай баланы бәлелі іске қатыстырып жүрме! Берген тәрбиені осы болса, алла риза... И-и-и!..

- Балада жұмысың қанша сенің?.. Тоғыз ай толғатып тапқандай сөйлейсің ғой. Бала өзімнің кіндіктес інімнен шыққан, не істейтінімді де өзім білемін. Ешкімнен сұрамаймын құдай алдында!..

- Менің балам кім сонда, кім?.. Кім деймін саған, айтшы, жүзі қара! Енді мені ұрмақ түгілі, анау жанып жатқан отқа тастап жіберсең-дағы - бәрібір. Осы сөздің ертелі-кеш аузыңнан бір шығарын біліп

едім, шықты ма? Рақмет, ризамын саған! Шыбын жаныңды сауғалай, құмның ішін сағалап - қаңғырған күндеріңді ұмытқан екенсің!.. Сені күннен де қорғаштап, тапқан-таянғанымды түн жамылып тасыған мына менің соры арылмаған маңдайым екен ғой... Ой-буй-й-й... Сен қашақ атанып, күндіз-түні от басымызға дүрбелең тумағанда, бір шарананы мен де табар едім де... Ішім шайқатылып, ай-күнім жеткен кезде қара басып, қара қойдың терісін жамылып сен келдің ғой, албасты. Ұмыттың ба? Құрсағымдағы баланы құдай алған жоқ, сен құрттың, сен! Бүкіл қуғыншыларды қыр ізіңе салып не істемедің? Жарық дүниені көрмей кеткен бейкүнә нәрестенің кепиеті ұрсын, кепиеті ұрғыр. Ұрмай не қылды, ізіңді басар кім бар?

Сірә, көкесі бұлтсыз күні тас-төбесінен бұршақ жауғандай сілейсе керек, үнсіз. Апасы көптен көкірегінде қордаланған ащы запыранды ақтарып жатыр, ақтарып жатыр...

- Мына жүрген жалғыз қараң Айжарыққа да маза бермейсің! Оу-у, малда басың қалғыр, сенің балаң да, қатының да - мал ғой. Ертең ана бала ел тентіреп, оқу іздеп кеткелі отыр, үстіне ілер лыпасы жоқ, не бетіңмен жібермексің.

Сөйлеп жатыр, бет көргісіздей ұрсып жатыр, арасында ертеңгі күннің шаруасы тағы бар. Әрбір сөз қияли баланың жүйкесін қабындырып, жүрегін жарып жіберердей. Егер үй ішінде көкесі болмаса, шешесінің аяғын құшақтай жығылып, ағынан ақтарылғысы келеді.

"Мен ғой сенің балаң, апа! Имандай шыным, неден түңілдің? Ал балаңнан келешекте қандай азамат шығатынын білесің бе? Кейіннен көкем екеуің өкініп қалып жүрмеңдер, ендеше. Мен көкемнің соғыстан қашқанын да, өзімнің асыранды екенімді де жақсы білемін. Шын әкем - Жарсайдағы Шектібай аға. Оны есімді білер-білместе көрші үйден сүт сұрап күнде келетін көк көйлекті келіншек сыбырлап айтатын. Сол сөз миымның бір қуысында сақтаулы қалыпты, мәнісін кейін түсіндім.

Бәрібір сізге деген адал сезіміме ешкім де, ештеңе де көлеңке түсіре алмайды, тіпті көкем де. Өзің әлпештеп өсірген ақ ботаңның жігіт болғанын қалайша аңдамағансың.

Апа, балалық менің түрімде, ал қиялыма ілесер жан бұл маңайда жоқ. Сол үшін де ауыл арасында "Қияли бала" атанғаным, тіпті ренжімеймін. Өйткені, осы қасиетімнің арқасында әлі адам аяғын баспаған заңғар тау, жапырақты ормандарды көз алдыма келтіріп, тау толқынды көк шулан мұхиттарды кешіп өтемін. Сіздер мені сабаққа кетті деп ойлайсыздар, ал мен ойша жүгіргенде жұмыр жерді әп-сәтте айналып шығатын жел аяқпын. Қиялымда не жатқан жоқ десейші! Ақжарманың толқыны жағасына соғып, қашқан су қалпына келер күн

туса - ол да қиялымның арқасы. Себебі, теңіз толтыратын арналы өзендердің құпия картасы - сенің ұлыңның қолында ғана, апа!

Жылдар өтер, балаңның бұл аймақта аты дүркірер, сонда Ақбалық Айтбаев атындағы мектептің пионерлері аты шулы үлкен қалада ғылым айдынында құлаш ұрған маған арнап хат жазар. Онда: Көкаралға көптен бері соқпай кеткенім туралы өкпе-наздарын білдіріп, келешектегі кемеңгер жобаларыммен таныстыруды өтінер. Олардың ортасында да өзім сияқты бір бала қияли болмас дейсің бе? Со жамандар туған жер үшін тер төккен түлектер атына көше берілетінін хабарлап, "Шортанбаев" деген фамилияма келісімімді сұрар. Сонда, осынан жарты ғасырдай бұрын өмір сүрген өзіндей аяулы анам болғанын, жүрегіне - мұң, көзіне - мейірім шуағы тұнғанын баяндап, маған берілетін көшені сіздің есіміңізбен атауды тапсырармын. Апа-ау, Көкарал қаласындағы "Нәржан" көшесінің тұрғындары бар ғұмырыңызда кешкен бүкіл азапты мойындарына бөліп көтермей ме? Сіз есімді көшеден өріп шығатын қаншама ұлқызың барын көзіңмен көрсең етті!..

"Ізімді басар кім бар?" - дедің-ау! Айнұр ше, ол да балаңыз ғой, сөй дей көріңізші: "Айнұр да балам" дедің бе, рахмет. Енді, қалған өміріңізде қамықпаңыз, жыламаңыз... Шабәк ағай: "Ақылды адамдар күкірттің сыртындай салқын болады, бірақ жылылық солардан тарайды" деп, бір данышпан айтқан деп отырушы еді. Өйткені мен сияқты баласы бар сіздің, бүкіл Көкарал, тіпті ұлы теңізге дейін жасуға қақысы жоқ.

Көкем мектепті жаптырды. Төрт-бес күннен кейін сонау теңіздің арғы қолтығындағы Жарсай қаласына білім іздеп барамын. Есейген соң, онан әрідегі астанаға тартып кетермін. Сол жерде өзім жасаған картаны кемел ойлы ағаларға көрсетіп, кеңес аламын. Олар алақанын шапаттап, балаша қуанады. Себебі, өздері о баста туған жерімізге бір-бір өзен әкеліп, шалқыған теңіз жасаймыз деп аулынан аттанған менімен армандас жандар ғой. Осындай абзал жүректі адамдар қолтығымнан демеп, көкке көтергені соншалық: күн санап құлпырып өскен Көкаралды, тулаған теңізді, Қосымөткелді самғау биіктен шоламын.

Апа, көзіңнің жасын сүртейін, қойшы енді. Ұлыңның - адал, жарқын жолын білдің ғой!"

## ЖАРАТЫЛЫС

Мыңғысқа Алматы бұрыннан таныс. Заманында астанада тұратын нағашысының септігі тиіп ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне түскені бар. "Бұдан

ыңғайлылау институттың сыңайы болмай тұр, жолдасым емтиханды осы арадан қабылдайды екен, жатпай-тұрмай оқысаң үлгермейтін не бәлесі бар?" деген нағашысы тура жолға салды да жіберді. Мыңғыс кереметтің көкесін оқыған соң көрді. Ен-таңбасы жоқ, мың-сан есептің қайсысына ие болсын, қайырусыз қойдай қаптап, күн сайын мыңғырып бара жатқан бірдене. Әуеліде "өлімімді салып оқысам" деген ниетпен далақтап, ана сабақтың ізінен бір, мына сабақтың ізінен бір шапқылап та көрді. Шапқылағаннан бірдене бітіп жатса жақсы, аңды үркітіп алып, құр ауыз қайтатын иіс алмас көпектер сияқты қаңғалақтаумен-ақ әбден сілеледі. Бұның Қарақұмнан алған онжылдық білімі бос шелектей жүргенде, жұрттың баласы жеті қат жердің астындағыны түгел біліп, "кәнекей, тағы нең бар?" дегендей жалаң-жалаң етеді: бәрі де пыс-пыс етіп лекция жазып, күбір-сыбыр өздігінше сөйлеп, есебін шығарып, аузы-ауыздарына жұқпай орысша сөйлеп, астананың жіптіктей жігіті болып шыға келді. "Білімнің бірінші кластың көлеміндей ғана екен ғой, сорлы бала, сені қалай оқуға түсіргеніме таңмын" деп ара-тұра соғып тұратын нағашысы тағы жерлеп кетеді. - Әкеңнің көзін көрсе де ана шалбарыңды тастасайшы... Түйенің жабуындай күл-қоқыс қылмай, жадағайы құрғырыңды қағып-қағ-е-е-п қоймайсың ба? А?.. Қашан көрсем де жұртта қалған бәтеңкедей аузың аңыраяды да жүреді.

Қойшы, қай қорлығын тергіштеп отырсын. Мыңғыс та күні кеше бір мектепті шулатқан атайы тентектің өзі еді, енді жынынан айрылған бақсыдай сәмсіреп, бишараның біреуі болды. Ауылда жүргенде талай рет терезесін таспен күлпәрше етіп қиратып қоятын жаман автобуска дейін дүр ете қалса жүрегі дір ете қалатын күн кешті. Сонда да болса, жадағайын да қаққыштамады, ауылдан киіп келген шалбарын да тастаған жоқ, әлдеқалай ғайыптан пайда болған құбыжық сиықты жалбаңдап, көптің легінен қалмай, олар лекция тыңдаса лекция тыңдап, олар кітапханаға барса, ілесе жүріп, бұйырған дәмін де солармен жарнақтаса жеп күнін өткізді. Бірақ жүре беруге де болмайды екен, араға ай салмастан коллеквиум, семинар дегендер өріп кетті. Мұғалімдердің обалына не керек, қатарларынан кем қылмай сабағын түсіндіреді, шығарып кел деп есебін де аямай береді, кәдімгідей кәделеп бұдан да тапсырмаларын сұрайды. Қауақтай басына қаулап өскен шаштарын тартқылай сипап, теңселіп тұрғаны.

Мыңғыстың жаны да темірден жарамаған, қанша бір миғұла болса да бұл қорлыққа одан әрі төзе алмады. Бұның тілегін күнібұрын сезгендей нағашысы да келіп:

- Шалбарыңның ауы тізеңнің тұсында екен, институтта жүргенде тұсаулы аттай китіндеп, бәрінің соңында жүретін шығарсың? - деп тұрған.



- Нағашы аға, үнстөт менің қолым емес екен, - деді Мыңғыс жөн білетін адамның нып-нық даусымен оп-орнықты сөйлеп. - Басымда миым жоқ па, әлде біздің мектепте теріс оқытқан ба, үнстөттің есептері мұндай өмірімде көрмеген бәлелерім... Әкем мен шешемнің үміттерін ақтайын деп аянып қалғаным жоқ, бірақ шамам келер емес. Бұл мен сияқтыларға ие беретін оқу болмады. Сізге рахмет, нағашы. Сол мың сом ақшамды қолыма берсеңіз қайтайын мен ауылға.

- Ненің ақшасы? - деді нағашысы өздерінен басқа жан баласы жоқ жатақхана бөлмесінде қарадай қуыстанып. - Есің дұрыс па өзіңнің?

- Шынымен ұмытып қалғаның ба? - Енді Мыңғыс кәдімгідей аңтаң қалып, нағашысының жүзіне аңтарыла қарады. - Аанадағы ше? Сіздің үйден Бұқабай ағамыз екеуміз шай іштік қой... Сонда...

- Өшір үніңді...

- Сонда... балаңыздың үстіне шкаф құлап өліп қала жаздағаны ше?.. Мен ғой сонда сізге шкафты көтеріскен. Шайдан кейін Бұқабай ағам айтқан жоқ па: "Бірінші - құдай, екінші - өзіңе аманат" деп...

- Ей, қой деймін саған...

Оқудан да, ақшадан да айрылып қаламын ба деп қауіп еткен Мыңғыс нағашысының аузын басып жасаған айбарағына тоқтайтын емес, ұмытшақты ұғындырып жібергісі келіп есіне қайтадан түсіре бастады:

- Есіңізде жоқ па, нағашы аға?.. Біздің ауданның "Коммунизм жолы" газетіне орап өзіңізге берген түйіншек ше, ұмытпасам, соның бірінші бетінде есігін ашып, тепкішегіне аяғын салып, ай далаға қарап күліп тұрған шофердің суреті болатын... Сосын, сосын... Сол түйіншекті сіз алдыңыз... Сол ақша ғой...

"Ә-ә, мені құдай атқан екен. Тірлігім басымнан асып жатқасын оның есімнен шығып кетіпті-ау... Алған екенмін ғой... Бұны айтқаның дұрыс болды. Шынымен оқығың келмесе, ақшанды ертең әкеліп қолыңа берейін" деп айтады ғой деп күткен нағашысы жекіріп жіберді.

- Есуас! Ереже жатта десе миың ағып түскендей мәңгіріп тұрар ең-ау, қалай-қалай сайрайсың... Өшір-р-р үніңді.. Ендігәрі аузыңа түскенді сандалып соза берсең сотталып кетесің әлі.

- Мен ба?..

- Сен.

Институтта оқи алмағандар үшін қолданылатын жазаның мұншалықты қатаң екендігін алғаш рет естіген Мыңғыс айран-асыр қалып тым-тырыс отырды. Қарақұмда жүргенде қала жақта сот болады дегенді ұзынқұлақтан естігені бар-ды. Ол көбіне біреудің малын ұрлап-жырлап, өз кәдесіне рұқсатсыз жаратып жіберіп, жатса ғана араласатын тәрізді еді. Онда да: "Мал иесі кешірім берген екен.

"Өздерің келіссендер біреудің бала-шағасын шулатуға біз де ықыласты емеспіз" деп сотың жайына кетіпті" деген сыбыс естіліп, өздігінен басылып жататын. Былайынша айтқанда оған сот жоқ. Мысалы бұл сегізінші кластың емтиханын тапсырып шыққан күні ауылдағы тұма судың басында ересек балалармен вино ішіп, балшыққа аунап жатқан кезінде де сотталмай аман қалды. Өзі бір топ сотанақтарға бас болып, көршідегі тракторист жігіттің басына күпәйке жауып жіберіп жабыла ұрғанда да түк болмады ғой. Милиция мектепке келгеннен: " Мыңғыс, ақыры, сотталатын шығар!" деген күбір-сыбыр әңгіме қанша көтерілсе де, түгі қисаймастан мектебін бітіріп шықты. Ол ол ма, балалар бақшасына терезеден түсіп, бүкіл ойыншықтарын қапшыққа тығып, қалың құмның арасына апарып жалғыз өзі ойнап жатқан жерінен милиция ұстаған. Ондай сорақылардан да аман өтіп осы күнге жетті ғой. Енді әкесі мен шешесінің маңдай терлерін сыпырып жүріп тапқан аз ғана ақшасын өзімен бірге ала қайтайын дегені үшін жазықты болғаны ма? Солай ойласа да, бұрынғы түйсік-түсінігінің бәрін жоққа шығарған мынандай үлкен қалада ондай зұлымдықтардың болуы әбден мүмкін деп іші кіп ала бастады. Бұған дейін көрген көп сүргінінің түбі бірдеңеге әкеліп соғарын сезіп, қауіп етуші еді-ау. Ойына осы түскенде нағашысының жүзіне тіктеліп назар салмастан, қайтарып тіл қатпастан, есі ауысқан адамша керуетінің үстінде үнсіз теңселді. "Газетке оралған мың сомың да, ыбырсып жатқан институтың да, тіпті, нағашысы да құрсын, басымның амандығында Қарақұмның қарасына, әке-шешеме жетіп алайын" деп ойлады. Сонан арғысын бақ-талайынан көре жатар. Қой бақ десе қой бағар, ара-арасында атқа мініп той-томалағынан да қалмас. Әне, өмір, институт деген ұғымның өз ой, өз басына қайдан келгенін есіне түсіре алмады. Егер оқу атаулының бәрі шым-шытырық есепке айналып кетпесе, өзінен де төмен талай миғұланың бітіріп жатқан механизаторлық курсынан өтіп право алып қойсам деп бір қойды. Осылай-осылай ел қатарына қосылып, мен үшін жылай-жылай кеткен әке-шешемнің мың сомын кейінірек қайтарып берермін деп түйді. Осы уақытқа дейін ештеңеге себім тимесе де қабағын шытпаған олар еңбегіміз далаға кетті деп ренжімес деді өзінше отырып. Сөйтіп жүріп үйленермін, мұны көрсе сонадайдан мұрнын басып өтетін Алматының қызы болмаса өмір сүрмеуім керек пе, қалаған қызымды ауылда жүріп-ақ алып қашамын. Бұдан кейін Мыңғысқа қанат бітіп, Қарақұмды бетке ала ұша жөнелетіндей көрінді.

- Қайтамын ауылға! - деді орнынан бір қозғалақтап алып.

- Ешқайда да бармайсың, - деді нағашысы тістеніп тұрып, дымын сыртына шығармай нығарлап. - Қалай да алғашқы сессияны өткізіп, сабақтарыңды жақсылап тұрып тапсыруға тиіссің.

"Жақсылап тұры-ып" деген сөздің Мыңғыстың құлағына түрпідей тигені соншалық жаңа ғана басына ұялай бастаған тәтті қиялдарының тоз-тозы шықты.

- Мен ба?..

- Жоқ, сен емес. Мен тапсырамын.

Мыңғыс нағашысының мұндай өмірінде ашуланғанын бірінші рет көруі еді, темекі ұстаған қолы қалт-қалт етіп, көзі шатынап ұясында-ақ сынып түсетіндей әлемештеніп кетіпті. Ауылда жүргенде электрге тартылып, аузы-басы қисаңдап, дем жетпей жатқан оқушыны көргені бар-ды. Енді болмаса құлап кететіндей дірілдеп, даусы жарықшақтана сөйлейді.

- Сенің түйедей теңселіп тұрған тұрпатыңды көре-біле тұра отқа-сорға өзім ұрынғанымды айтсайшы. Осы уақытқа дейін Малбағар деген ғалымның атын естісем керең болайын, сенің оқу қонбайтын мал кейпінді неге ескермедім екен...

...Енді ешқайда бармайсың...

...Мен саған сабақ үйрету үшін адам жалдаймын. Күнде екі сағаттан қасында болып, зәрезап болған есептеріңнің бәрін жіліктеп шағады да, көзіңе шұқып тұрып көрсетеді. Есі-гөйің ауыл болмай соның бәрін ұғып алуға тырыс. Өйткені, анау басыңның ішінде бір институттың есебі сиярлықтай бос орын жеткілікті. Білдің бе, әй, әумесер? Енді ешқайда алаңдама!

- Мен ба? - Қиял-арманы шарықтап Қарақұмда жүрген Мыңғыс мына сөзден шошып қалды.

- Ойбу-уй, тас маңдайға тап келген екенмін. - Нағашысы бұдан кейін ләм-мим деместен ашық тұрған бөлме есігінен шығып жүре берді. "Мен ба, мен ба?" дейді ғой деп өзінше күбірлеп барады.

Енді Мыңғыстың жатақхананың көрпе-төсегін өткізумен де шаруасы болмады, институттан алған студенттік билетін де, кітаптарын да тапсырған жоқ. Жұрттың көзіне сүйелдей көрінгенімен өзі үшін мамықтай майда тоқыма-күртешелерін нығыздап шабаданына салды да, басқа тірлікке алаңдамастан вокзалдың басынан бір-ақ шақты. Қанша қажетті деген қағаздарының ұмыт қалғаны вагон купесіндегі жылы-жұмсақ төсекке басы тигенде барып есіне түскен Мыңғыс: "Маған, тіпті, аттестатыңның да, паспортыңның да, үнстөтінің де қажеті шамалы, өздері-ақ оқи берсін. Ауылға қайтармайтындай солардың несін алыппын?" деп нағашысына ренжіп жатып ұйықтап қалыпты.

\*\*\*

...Алматы Мыңғысқа содан бері таныс. Арада не бәрі он бес жыл-ақ өткен шығар. Елде жүріп етке қой айдады, аракідік трактор

айдады, әйтеуір бәледен басқаның бәрін айдаған шығар, бұл істемеген жұмыстың түрі қалмапты. Уақыт деген жаманды-жақсылы адамның бәріне ортақ айтулы жүйрік емес пе, әрі тарт, бері жық ұзақты күнді қысқартып жүргенде қанша қыратты басқаныңды білмей қаласың. Әкесі марқұмның бұған деген көңілі бір толмай-ақ о дүниелік болып кетті, ал шешесі одан гөрі бақыттылау екен. Мыңғыстың аузынан түскендей қонжық сияқты жұмаланған төрт-бес немерені мейірлене бауырына басып, өздерімен бірге от басында шүкіршілік айтып отыр. Ойланып көрсе, Мыңғыстың бітіргені аз шаруа емес. Әскерге барды, тіршілікке қарады, үйленді, балалы болды дегендей, оның үстіне мал-текесіз емес. Ептеп ішімдікке де үйірсоқтығы бар.

Бұл күнде институтқа оқимын деп Алматыға барып көрген азапты күндерін есінен шығара бастаған. Әрине, зердесінде түк қалмады-ау деу ағаттық, ойында сақталған бірдеңелері бар. Әсіресе, аузына ащы су тиген кездері астанада көргендерінің өңін айналдырып, өзгертіңкіреп айтады. Зәрезап болған жақтарын бұқпантайлата, есте қалған жақсылығы болса өсіріңкіреп, тыңдаған жанға тәттілеп жеткізетіндей қулығы да бар. Кейінірек оннан-мыннан құрастырған өз өтірігіне сеніп кеткені соншалық, Алматыда өткен баяғы уақытын аңсап, сағынатынды шығарды. Мыңғыс әңгіме басында айтқандай ауылдың моп-момақан, сөзге шорқақ ұялшақ баласы емес, қазір сөйлесе тілі көсеудей, ішіп ала қойса сөзге қонақ бермейтін отыздың үстіндегі соқталы жігіт. Онымен қоймай, есепсіз ішіп-жеп, жатып-тұратын мамыражай ауыл тірлігі мен жан тыныштықтан қарны төбеленіп, бұғақ бітіп, салиқаланған сыңайда. Сөйтсе де әлдекімдер еңбек күнін тартып жаза ма, әлде ақысын дұрыс төлемей ме, ауыл басшыларына өкпесі қара қазандай. Өкпелі болғандықтан томсырайып қарап отыратыннан емес, рабайда бір өткізілетін совхоз жұмысшыларының жиналысында "Менің бір ауыз сөзім бар еді" деп мінбеге белсеніп шығып, сарығы басылғанша сапырып сөйлейтіннен. Ара-арасында мінбеде тұрған басшының сөзін бөліп:

- Директор жолдас, түлкібұлаңға салмай шындықты тура айтыңыз... Сіз оқыған институтта біз де оқығанбыз! - деп кеуде қағатын әдет те тапты кейінгі кездері.

- Оқысаң, бітіріп қайтпадың ба? - дейді директор.

- Құдай көмсін! - Алматыдағы жағдайын да жақсы білетін біржар құрдасы желке тұсынан булығы күледі.

Ол ол ма, өзі шалабурыл тартып, адам қарасы молырақ жиналғанда совхоздың бас экономисінің столына сұқ саусағын безеп:

- Сіздің отырған мынау орныңыз менікі еді, - дейтінін қайтерсің.

Қойшы, Мыңғысты күллі Қазақстан түгел білмес, әйтеуір Қарақұмның кәрі-жасына дейін оған сырмінез. Шаруасы сай түсіп қалмаса, кәделеп ешкім де әңгіме сұрамайды, ал өздігінен келіп

айтып жатса, құлықсыз болса да басы бәлеге қалмас үшін сөздерінің түйірін түсірмей тыңдауға әркім де міндетті. Көбіне-көп әңгімесінің түйіні сол баяғы құрып қалғыр институттың экономика факультеті.

- Ай, жындылықпен оқымадым ғой, оқымадым. Қазір бармағымды шайнағаннан не пайда? Өзіммен бірге үнстөтке түскен балалар дипломның қыр ізінен қалмай жүріп бітірді, қазір берген сәлеміңнің өзін шаққа алатын білдей қызметкер бәрі де, - деп күйінеді. - Қалайша ғана зығырданым қайнамас. Нем кем еді менің солардан? Қазір маған не дұрыстап айлық жазбайды, не жөні түзу трактор бермейді, ит қорлықты көрсете-еп жүр...

Мыңғыс осыны айтып шынымен күйзелуші еді. Ішіп алған күні көкейіндегіні басшыларға жеткізу үшін ауыл орталығындағы совхоз кеңсесінен шығатын. Ойға алған жұмысын бітірісімен үйіне келетін. Сосын қонжықтай балаларын әр жерге қонжитып-қонжитып отырғызып қойып ақыл беруге көшеді.

- Әй, өзім ұқсаған әтеңенәлеттер ылғи... Адам болмайтындарың қазірден белгілі, өйткені отырыстарыңның өзі қолапайсыз... Сендер де мен сияқты оңбайтын жаққа шығып жүрсіңдер ал... Мінездерің иттің мінезіндей, төбелесе кетсеңдер бір-бірлеріңді түтіп жейсіңдер. Ал, айтпады демендер, қор боласыңдар, түсірген институтты бастарың істемей тастап кетесіңдер, берген ақшам біреуге жем болады. Сосын жүресіңдер, не бітірген оқуларың жоқ, не аты бар кәсібің жоқ айналысатын, табатындарың елу-алпыс сом ғана ақша. Жаңа трактор ма, сендер сияқты бір-бірімен жағаласып жатқан иттерге?.. Аларсыңдар... Қатын-балаларыңды қалай асырауды білмей қаңғырмасаңдар әлі... "Папа, сен бәрін біліп айтқан екенсің" демесеңдер әкел қолдарыңды.

Балаларымен серттескендей шетінен қолдасып шығады.

Осы сөздерден соң ішкілік Мыңғыстың титығына тие бастады деп ойлау қате, әрине, түсінік-түйсігінің бар болғаны осы ғана. Оның үстіне арақ-шарабын да бір адамдай көтереді, өйткені, ақыл-есі түзу кезінде де бұл қылығы үшін қынжылмайды, қайта "кеше не дедім сендерге?" деп мастықпен айтқан сөздерін нықытып қояды. Бір ғажабы, екі күннің бірінде болып қалатын әкелерінің мұндай дүрбелеңіне қонжық балалары да әбіржімейді, олар үшін көріп отырғандары анау айтарлықтай жаңалық емес, "Әліппеден" қарай-қарай көңілдері шыққан таныс суреттер тәрізді. Әйтеуір, папалары шақырған кезде ас үй жаққа көп айналшақтамай малдастарын құра-құра жеткен жерлеріне шоқия кетсе болғаны, одан әрі қарай қалай сөйлесе де бәрін бірдей көкірекке тоқып алу бұлардың міндетіне жатпайды. Өзі айтады, өзі қояды, содан кейін бұлардың шекелерінен де шертпестен: "Осы ақылымды анау астау бастарыңа құйып алыңдар, барыңдар енді бедіреймей!" деп бөлмеден шығарады да жібереді.

...Алып қашып үйленсе де қабағына кірбің алмай-ақ от басын ұйыстырып отырған әйелі де бір бибатима адам - арақ іштің демейді, ақша таппадың, отын-су әкелмедің деп шаң-шұң шығармай, намысына тырысып, ел қатарлы күн көруге жансебілденіп алған. Ол да Мыңғыстың бір тірлігіне түсінбейді. Күйеуінің киіздің астына салып сақтайтын ақ жемі шыққан қалың дәптері бар. Іші толған жазу. Қазір сондай дәптердің саны үшеуге жетті. Күнде кешкілік жұмыстан соң қолына бояу немесе сия қалам түссін, дәптерін суырып алып пеш түбінде күбірлеп жазып отырғаны.

"Ешкімге білдірмей шыжбайлап жүргені не тірлік болды?" деп таң-тамаша қалған әйелі оңашада оқып та көрген. Дәптердің бірінші бетіне баттитып тұрып: "Жиырмамыншы ғасыр. Совет дәуірі. Мыңғыс Қарақұми ғұлама" деп қойыпты.

"Құдай тас төбеңнен ұрсын!". Әйелі әрі қарай оқыған. "Тіршілік туралы" деп тақырыбын жазып, астын әдемілеп толқын сызықтармен жүргізіп шыққан. Төңіректе сол тақырыбына түсініктеме беремін деп әуре-сарсаңға түскені байқалады.

- Адам баласын Аллатағалам әурешілікке жаратқан, - деп басталады Мыңғыс Қарақұми ғұламаның философиялық трактаттары шу дегеннен. - Олар не үшін тоя тамақ ішетіндіктерін өздері де түсінбейді. Сол тамақты қайтадан тастайды. Тағы ішеді, бірақ тағы да тастайды, қайтесің, пенденің өзі де миы ашып кеткен жанды мақұлық қой. Ақыл айтсаң құлақтарына кірмейтін әлімсақтан әдеті.

Аллатағаламның адам басына салып қойған әурешілігі осымен бітіп жатса жақсы ғой, бір-біріне ынтықтырып әйел-еркекті үйлендіріп қоятынын қайтерсің? Одан туатын балалар да шеттерінен миғұла, бір құлағынан кірсе, екінші құлағынан ағып кетеді. Тамақ тауып бермесең сүйенісіп отырып өледі де қалады, тауып берсең қарындары шертигенше ықылық атып, түн ортасында: "папа, кәкә, кәкә болайық" деп шырт ұйқыңнан оятып, жалаң аяғына ызалы топырақ бастырады. Бұл көрген бейнетіңе қайлы болар едің-ау, солардың тамағы үшін мұрныңнан қаның сүмелектеп жүріп жұмыс істейтініңді қайтерсің. XX ғасырда әрбір еңбеккердің айлық жалақысы 50-60 сомнан әріге артылған емес, одан әріге кеңге сілтейін десең, шотын тасырлатқан бұғалдірді тура маңдайыңның тұсына отырғызып қойған.

Қаһарлы хан, қатыгез бай осы ғасырдың басында түп-тамырымен құрып тап-таза өңкей жақсылар қалдық деп жүргендердің бәрі өтірік. Мысалы, бастықтарға барып жаңа трактор сұрап көрші, тамыр-танысың болмаса маңайынан жүргізбейді.

Келер ұрпақ, бәлкім бұл сіздің заманыңызда қытығыңызға тиіп, күлкіңізді келтіріп отырған болар, онда сіз де біздің замандасымыз сияқты топас адамсыз. Күлсеңдер де шындықты бүкпесіз айтып, от

пен судың ортасында ақырет-азар көріп, сендер үшін түн ұйқысы төрт бөлген біздей аталарыңның өмір сүргенін білсеңіздер жетеді. Қысқасы, желкілдеп келе жатқан жас ұрпақ, біздің ғасыр құбыжықтың ғасыры болды. Бүкіл бәле-жәледен үн-түнсіз қашып құтылайын деп үнстөтіне түссең, ажапаның басы ол жерден де қылтияды. XX ғасыр - "Қайда барсаң да Қорқыттың көрі". Осыны еске сақтаңдар.

Мыңғыс Қарақұми ғұлама, әл-Данышпани, әм тракторши.

XX ғасырдың аяқ шені, тамыздың бірінші жұлдызында жазылды. Қарақұм шаһары" - делінген.

Әйелі оқып шығысымен пеш түбіндегі қонжық балаларының біреуін құшақтай отырып, әлгі жазбадан тағы да: "Біз қалай адам боламыз?", "Алматы мен ауылдың айырмасы" деген тарауларын көріп айран-асыр қалды. Әңгіме сыңайынан аңдағаны: өзі де, тапқан балалары да күйеуінің басына үлкен "әурешілік" әкелген екен, оны енді аңғарғандай жайы бар. Сонда да болса жатар орынға жайласа бере дәптердегі жазудың мән-мағынасын күйеуінен елеусіздеу сұрай салды.

- Бұл менің болашақ алдында қалдырған үлкен мұрам болады, - деді Мыңғыс Қарақұми ғұлама ағынан жарылып. - Сенің түсінуің қиын, әрине.

Мысалы, былай... Тарихта: "Осыдан бәленбай ғасыр бұрын, біздің жыл санауымыздан да ілгері атышулы бір ғұлама дүниеден өтіпті. Өз заманының озық ойлы перзенті болған ол үстем тап өкілдерінен теперіш көріп, заманадан көңілге түйгендерін біз үшін жылнамаға жазып қалдырған екен" деп, балаларға осы сөздерді сусылдатып жаттатып жатқанын білуші ме едің?.. Сол ғұламалар сеніңше екі аяғы көктен салбырап түскен пірғауын деп ойлайсың ба? Бәрі - өтірік. Олар да заманында мен сияқты арақорда біреулер. Кешкілік жұмыстан ішіп келгесін ойына түскендерін жазады-жазады да қобдишаға салып, бір тастың түбіне апарып тепкілеп тұрып тебеді, көмеді. Арада пәленбай ғасыр өткеннен кейін топырақ тіміскілеп жүрген көп қаңғыбастың біреуі оны қазып алады да: "О-о, мынау біздің эрамыздан бірнеше ғасыр бұрын жазылған Аплатон, немесе Қарақұми деген данышпанның аса бағалы дүниесі екен, тұнып тұрған ғибрат" деп жерден жеті қоян тапқандай жалпақ әлемге жария салады. Сен сонда білесің, шалыңның тым-тырыс жүріп қандай шаруаның басын қайырғанын.

- Сонда осы жазғаныңа бірдеңе төлей ме?

- Маған ба? - Мыңғыс Қарақұми ғұлама төсегінің астынан су шыққандай орнынан атып тұрды. - Қарағым-ау, саған миллион жылдан кейін деп отырмын ғой. Миллион жылдан кейін бедіміске қол қойып ақша алатындай осы үйде адам қала ма? Соны неге

ойламайсың? Бұның бәрі тарих үшін жасалып жатқан мәңгілік дүниелер екенін есіңнен шығарушы болма.

- Қайдан білейін... - Әйелі тереңнен күрсінеді. - Биыл мектепке баратын балаларың бар, соларға бәтеңке керек еді...

Әңгіме аяғы майда тірлікке қарай ойысқанда оқыстан үріккен аттай Мыңғыс Қарақұми ғұламаның қос құлағы селтиіп қалатыны бар.

\*\*\*

...Тіршіліктің бір қызығы етте деп түсінетін қарақұмдықтар бір-бір қараны соғымдыққа жығып алып жатқан қаңтар айында нағашысы ойда жоқта ауылға келе қалмағанда Мыңғыстың жаратылыс жөнінде осыншама хикая жазылар ма еді, жазылмас па еді. Алайда, сылтауға себеп табылды. Ел іші ғой, малдың кірі бар, мандытып айлық таппаса да бір қонақты жайымен атқарарлықтай қазан-ошақтың қауметі бәрінде де жетерлік. Жылан жылы сұраусыз кеткен ақшасының дауын қашанғы қусын, ол да бір бұйырмаған қайырсыз дүние болды ғой деп жүрген Мыңғыс нағашысына өз аяғымен барып, отының басын көріп, дәм татып кетуге қонаққа шақырды. Бұлар үйге кіргенде шоқиып-шоқиып әр жерде отырған қонжық балаларының бірін - ай, екіншісін - күн деп жеке-жеке таныстырып шықты.

- Осы күшіктер ертең бауыр жүндері сабалақтанып, иіс тартатын болған кезде өз қолыңа апарып тапсырамын, - деп бір қойды.

Нағашысы тегі Қарақұмнан шыққан ауылдың қолтума баласы болғандықтан ба, анау айтқандай ұятын да білмейтін жан емес, соғым кезінде ырзығымды ел үстінен жинап алайын, төрт қабырғамды түгел дүниеге толтырайын деген ниеті де жоқ, өте қарапайым, кішіпейіл жан. Ешкімнің меселін қайырып әңгіме айта алмайтындай көңілшек, сондықтан ба, оқу іздеп осы жақтан ат сабылтып барғандар болса, пайдасын көрер-көрмес делдалдыққа жүріп кететін осалдығы бар. Өзі астана тұратын ауылдың жалғыз ғана арқа сүйері, соңына ерген қарақұралар оқып білім алса маңыма айнала ма деп дәмеленсе керек, Мыңғысқа дейін институтқа түсірді ғой.

Елге деген тілегінің түзу екенін халық біледі, қысылып-қымтырылған күні тып-тыныш тірлігінде жүрген мұны бәрі тауып алады. Бәлсініп жатқан ол жоқ, істің ымыраға келер жағын күйттеп, жарғақ құлағы жастыққа тимейді және онысын міндетсінген емес. Өзі қарапайым қарақұмдықтар сияқты ажалы жеткен әңгімеге шебер-ақ, біраз жыл бұрын Алматыға салпаңқұлақ болып барып-қайтқан жиенінің қылықтарын, сөз саптауын, ауылдағы түрлі тірлігін тілімен түйреп, күлдіріп отыр. Нағашысы осындай жеңіл әңгімемен жиенін қағытып-қағытып қойса, Мыңғыс қай мінін айтып отырғанын білмей ойлау жермен орғытып, шоқырақтайды келіп...



- Мына бес қонжығың оқып адам қатарына қосылып кетуі үшін кемі он мың сом керек, - дейді нағашысы лекіте күліп. - Онда да өзіңе тартып, Алматының ақ шаңдағын шығарып-шығарып, аулына қашып кетпей табан тіреп оқитын болса.

- Оқиды! - деді Мыңғыс балаларына қарай жұдырығын түйе өзеуреп. - Осыдан маған ұқсап бетімен кетсін, тап қана әкелеріңнің... Солай... Бір дипломның жоқтығынан менің тартқан азабымды бұларға берсе, ауыздары былжырап далада өлер... Елден озбай, көштен қалмай, етімнің тірлігінің арқасында қатарда жүрген шығармын.

Нағашысы сол күні Мыңғыстың кішкентай қонжық балаларына қарап ішек-сілесі қатқанша рахаттанып күлді.

- Әй, қайдам, бастары өзіндікіндей кәукиіп, құлақтары үріккен тайлактікіндей едірейіп тұр екен... Баяғы бала кезіндегі өзің сияқты Алматыға барған...

"Алматыға барған" дегенді Мыңғыс шаншулап қалса да, дастархан басында көңілді-көңілді әңгіме айтылды, шай ішіліп, ет те желінді. Сол әзіл-қалжыңның арасында Мыңғыс тұрмыстың да жыл санап ауырлап бара жатқанын сөз етті. Әлі күнге дейін жас балалармен қатар аты жоқ жұмысқа жегіліп, ой-қырға шапқылап жүргенше, бір техникумды сырттай да болса бітіріп алып, совхоз гаражын ашып-жауып тұратын меңгеруші болсам да жарар еді деген ниетін байқатты. Ең ақырында:

- Қазір отыз екіге аяқ салып тұрмын, әлі пенсияға дейін аттай жиырма сегіз жылым бар екен. Ең болмаса қалған өмірімді адамға ұқсап өткізсем деп едім, соған жәрдемінді тигізсейші, - деп аяқтады.

Нағашысы қатты қиналды. Жиенінің тұрмысы қоңынан жарылып тұрмағанын көзі көріп тұр. "Жаңа трактор алу жағына көмектесейін" деп айтып көріп еді. Мыңғыс бір диплом алу жағын қолайлай берді. Тағы да өтініш жасап қиылғасын, түсіндіре алмасына көзі жетіп, жиенінің сөзін жерге тастап кете алмады.

- Баяғыда оқитын оқуың еді... Өзің болмай тұрсың ғой, қолымнан келгенін жасаймын, - деп шарасыздан келісім берді.

Мыңғыс енді қалған өмірінде сырттай да болса техникум тамамдап, мамандық алу жағына қамдық жасады.

\*\*\*

...Бұл Алматы Мыңғысқа бұрыннан таныс... Бір кездері қай есікке кірерін білмей, әрлі-берлі шапқылап, басы мәңгірген Алматысы емес пе? Бәз-баяғыдай трамвайлары тарсылдап, жұдырықтай таксилер ілгері-кейінді жүйіткіп өтіп жатыр. Түк өзгеріс жоқ екен ғой, - деп ойлады Мыңғыс өзінен кейін салынған қаншама

ғимараттарды көзіне де ілместен. - Сол баяғы машиналар, сол таксилер..." деп жатақхананың балконында айналасын шола отырып.

Ол қазір абитуриент, - кәдімгі. Соның өзі үшін аса бір абыройлы атақ емес екенін сезініп, бейсауыт көзге түсе беруге айбынады. Сондықтан, ол көбіне балконды паналап өздігінше демалғанды қалайды. Өйткені, бөлмеге кіріп кетсе жан-жағы шулаған бала-шаға, қыз-қырқын. Ұзын коридордың бойымен біреулері тырағайлап жүгіріп бара жатыр, екіншілері соған қарқылдап күледі. "Кәпірлердің даусын құлағым естімесін" деп, бірыңғай темір тұрбалармен әдіптеп сырлап тастаған балконға қажыры қайтқан кәрі арыстанша жайғаса отыра бергені сол еді, әлдекім тас төбесінен мұздай суды құйып жібермес пе? Шошып кетті. Мыңғыс жатақхананың үшінші қабатына нағашысының жәрдемімен орналасқан еді, жоғарыдан қыздар мен балалардың қиқулап күлгені естіледі.

- Қап, жер мола ғана болғырлар-ай, - деді омырауының суын қолымен олай-бұлай қаққыштап тұрып. - Бала деген шайтан болады екен ғой. "Әй" дейтін әже, "қой" дейтін қожа жоқ, жын-ойнаққа қолдары енді жеткен екен.

Боқтап-боралап ақырып жібергісі келіп тұрды да, құрысын, айға жуық уақытымды амалдап өткізсем, өздері үшін-ақ тоз-тоздары шығып ауылдарына қайтпай ма деп райынан тез қайтты. Бетімен кеткендерді тәртіптеп қайту мұның міндеті емес, диплом алатын бір оқуға басын сұқса, мақсатының орындалғаны емес пе?

Нағашысы мұның құжат-қағаздарын есеп-несие техникумының экономика жағына апарып өткізген. Басқа оқудың тағы да орайы табылмағасын, бар дәмесі осы техникумда. Енді білдей болып, сол техникумның жатақханасында жатыр. Оншақты күннен соң емтиханы бар көрінеді. Оңашада кітап қарап, аузын кәлимаға келтіргендей өткен-кеткен есептерді есіне түсіргісі де бар, бірақ "Алгебра", "Тригонометрия" деген құбыжық кітаптардың парақтарын ашса болды, көз алдына қаздай тізіліп қонжық балалары келе қалады. Сосын ет бауыры елжіреді. Өз-өзінен отырып: "Айналайын, сендерден көкелерім... Көздерің жаудырап жолымды тосып жүрсіндер-ау... Ақырып-жекiргеннен басқа сендерге қандай рахат көрсеттім мен" деп ойласа болды, көңілі босағандай ма?.. Қолы қалтырап, парақ бетіндегі сансыз сызықтар мұрнының үстімен бұлтша қалқып өтіп бара жатқандай. Әйтеуір, білім белгілеріне санайтын әлгі есебі түскірлер мұны маңайлататын емес. Содан кейін уайым-қайғыдан аулақ жүрейінші деп көңіл аулау үшін асханаға барады, тамақтанып қайтып келісімен көзіне ұйқы тығылады. Қарнын сипалап манаурап жатқанда қор ете түскенін өзі де сезбей қалады. Бір жақсысы мұның жанына қылқандай-қылқандай екі бала орналасқан еді, ауылдары Алматыға жақын маңайда ма, бір-екі рет қараларын

көрсетті де одан кейін ізім-қайым ғайып болды. Әңгімелесерге өзі тұрғылас жан бұл жатақхананың төңірегінде жоқ. Іші пысады. Іш демекші, онысы да ауылдағыдан гөрі қомақталып, белбеуінің үстінен жапыра басып салыңқы тартып барады. Бала-шағаның ырысын ішіп-жеп осылай жүргенімде, екі алақан бір бет болып ауылға құр алақан қайтам ба деп уайым шегеді. Бірақ нағашысы дәтке қуат. Сондықтан, зерігіп кеткенде жұқалап қана жүз грамм ішсем, ешкімнің дүниесін ойсыратып кетпеспін деп те ойлайды. Ондайда әлденеге елегзігендей жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайтыны бар. Тамағы бүлкілдегенде нағашысының үйіне салып ұрып жетіп барар еді, жеңгесінен қысылады. Өзі бір қас-қабағын білдірмей тым-тырыс отыратын сыпайы адам. Мыңғыс ондай жандардан ауылда жүргенде-ақ ат-тонын ала қашушы еді.

Тіздеген түйедей көлбеп керует үстінде қашанғы жатсын, аяндап отырып өзі түсетін техникум жаққа барды. Онда да оңып тұрған тірлік жоқ: есігінің алды, аудиториялардың іші бақа-шаяндай бала-шағаға толып жүр. Бәріне де оқу керек, қызық керек, жөн-жосықсыз жыртың-жыртың күлкі. Ол араға да көп аялдамастан есік алдындағы тақтайшаға шұқшыып өз фамилиясының қай топқа тіркелгені жөнінде тағы да анықтап алды. Он жетінші топтың кеуде тұсында "Дәусеменов" деген жазулы тұр. Тасқа басылған қағаздан көзіне таныс фамилияны көрісімен оқуға түсіп кеткендей көңілі марқайып қалды.

Біреу мұның құлағының түбінен: "Таба алмай жүрсем, фамилиям мында ілінген екен ғой" деп өз-өзімен күбірлей сөйлесіп тілдей кітапшасына бірдеңелерді түртіп алып жатыр. Келбетіне қараса көз тояттайтындай келісті-ақ жігіт екен, жас шамасы да өзі құралпы, тек шаштары сиреп, кере қарыс маңдайы сүйемдей ашылып қалыпты. "Бірыңғай бала-шағаның оқуы ма?" десем, менен де басқа бұған қолы жетпей жүрген ер-азаматтар баршылық екен ғой" деген Мыңғыс қуанышын жасыра алмады.

- Сіз де оқуға түспекшімісіз? - деді әлгі жігітке сыпайы тіл қатып.

- Е-е, достым. - Жігіт жалтыр басын сипап-сипап қойды. Өзінің екі бетінен қаны тамған нұрлы адам екен, мойнындағы томардың жігеріндей галстугі қарнын қайта-қайта қағып тұр. - Түспесеңе қойып жатыр ма, маман керек деп...

- Ойпырмай құрдас болмасақ еді... Жасың нешеде өзіңнің...

- Отыз екі кірпіштің астында тұрмыз...

- Әй, құрдаспыз шынымен... Кірпіші құрсын... - Мыңғыс бүкіл Алматыны зар жағалағанда таптырмайтын адамының ойда-жоқта ұшырасқанына мұндай көңілденбес. Жүзіне күлкі жүгіріп, талай күннен бері матаулы тілінің шідері шешіліп жүре берді. - Мен жынды

болып оқи алмадым, құрдас. Сенікі не? Түр-тұлғаң Карл Маркстен бір де кейін емес, кім болып істейсің?..

- Бухгалтер едім, енді қатырма қағаз көгеріп, бала-шағаның аузындағысын жырып жұмсап жатырмын. - Бейтаныс жігіт құрдас тапқанына Мыңғыстан бетер қуанды, мұны өзімсіне қолтығынан ала кетті. - Ал тағдыр айдап екеуіміздің басымызды осы арада тоғыстырған екен, танысып қоялық.

Екеуі апақ-шапақ танысты, бірақ Мыңғыс ұмытшақтығына салып жаңағы жігітінің есімін әп-сәтте ұмытып қалды да есіне түсіре алмай әуре-сарсаңға түсті. Сәлден соң құрдастығына салып Карл Маркс деп атауға көшті.

Ешкім де екі жігітке былай жүріп, олай барындар деп ақыл-кеңес берген жоқ, бірінің қалауын бірі сұрап енді қайтеміз деместен қаздай қатарласқан күйі "Алматы" ресторанынан бір-ақ шықты.

Жер-су бөлек деген әшиін әңгіме, жаңа таныстар иісі қазақ баласы болғасын бір-бірін жатырқамастан оны-мұны сөз қылып шұрқырасып кетті. Әрі екеуінің де тағдырлары ұқсас екен. Баяғы елде жүріп ауыл басшыларынан түрткі көріпті. Екеуі де шындық айтуды, қалпелсіз сөйлеуді қалайды екен, олардың осы мінезі бүкіл ауылға көзге шыққан сүйелдей көрінген.

- Біздің қазақ әлі де қараңғы ғой, - дейді "Карл Маркс".

- Айтары жоқ, - дейді Мыңғыс Қарақұми ғұлама. - Көр соқыр десек арасында екеуіміз де кетеміз, әйтпесе, ақ-қараны ажырата алмайтыннанбыз ғой...

Бейтаныстар ескі достарша қауқылдасып, бүйірлері шыққанша тамақ ішті, бір бөтелке коньяк алдырып, "дәм ғайып, дидар ғайып" деген осы дей отырып оны да еңсеріп тастады. Ресторан ішінде жарқылдап қызылды-жасылды шамдар жана бастады, дүрсілдеп музыкадан хабар келді, айналасындағы жұрт қозғалақтай емен-жарқын күлісіп, жасы-жасамысы араласып би биледі. Сол тобырға жолдасы да араласып кеткен, ізінде хордың қызындай үлпілдеген екеуі бар келіп тұр.

- Мой друг Мэлс, - дейді маңдайы енді ғана жіпсіп, құрыстырысы жазыла берген Мыңғысты нұсқап. - Екеуіміз бір курста оқығанбыз, қазір бір совхоздың білдей директоры.

- Қой, әй, - Мыңғыс совхоз директоры дегенді естігеннен іші мұздай болып, қарнын жинап ала қойды. - Ол не дегенің, Кәке-ау...

Жолдасы бұған байқатпай көзін қысып қалды. Сонда да болса Мыңғыс директор дегеннен кейін жайсыз орындыққа отырғандай қозғалақтап, төбесіндегі шағыр шашынан да қысылып қалды. Сыртқы келбетінің директорға он қайнаса сорпасы қосылмайтынын жақсы түсінеді, алайда жалған да болса артықтау айтылған сөздің тігісін жатқызайын десе "шындықты тура айтатын" тілі түспегірі икемге

келетін емес, езуі екі құлағында. Ал, жолдасы майлы қасықтай әлгі қыздардың асты-үстіне түсіп сызылғанда соқыр иненің көзінен ілмей өтеді.

Шынында, қыздар үріп ауызға салғандай перизаттар екен, "үп" десе мамықтай қалқып кеткелі тұр. Өздері инабатты, мәдениетті жандарға ұқсайды, ара-арасында орысша сөздерін қосып сөйлейтіні болмаса, тал бойларында бір міні жоқ періштелер бұлардың жанына қанатын жайып қонып отыр. Олардың бітім-болмысына мейірлене көз тастаған Мыңғыс: "Жаным-ау, осы көріп отырғандарым өңім бе, әлде түсім бе?" деп өз-өзіне сенер емес. Иіліп-майысып құрақ ұшқан жолдасы дастарханды қайта жасатты. Алғашқы сөзді "Алматыға айында-жылында бір жолы түсетін, алыста жүрген азамат, ел ағасы Мэлске" берді. Қыздар сатұр-сұтыр алақандарын соқты.

- Ой, Мэлс, жарайсың... Молодец, - деп шүпірлесіп жатыр. -  
Говорите...

Осындай қошеметтің ортасына Мыңғыстың бірінші рет түсуі, қысылғандықтан алдымен орнынан тұрды, сосын ресторанда отырып сөйлеген дұрыс шығар деген долбармен қайтадан отырды. Бір қыз мұның иығынан нәп-нәзік саусақтарымен сипағандай болып еді, омыртқа сүйегінің ішімен біреу машина жіп жүргізіп жатқандай дірілдеп кетті. Көзінің алды бұлыңғыр тартып, тілі байланып, ерні жуыспай, жуыса қалған күні де айтатын сөзін таба алмай қысылғандықтан үнсіз қалды. Самайынан жылыстап тер ақты.

- Әй, Маркс, - деді дастархан басындағы аз ғана үнсіздікті жуып-шаю үшін бәріне бірдей бәйек болған жолдасына сұқ саусағын безеп. - Мына қыздарға ішкен-жегенімізден басқа бір сыйлық жасамаймыз ба? Алдырып бергейсің кәмпит-сәмпиттерің, - деп ышқырлығына тігілген судай жаңа он сомдықтарын шалбарының сыртынан шықырлата бастады. - Кім үшін еңбек етіп..., ел басқарып жүрміз.

- Міне, жарайсың!..

- Ой, рахмет, ағай!..

- Спасибо вам Мэлс. - Жаңағы екі қыздың Сәнә деген біреуі сипалап-сипалап келіп, қолын костюмінің өңіріне тығып жіберіп кеуде тұсын басып тұр. - Ағайдың жүрегі тап-таза екен.

Сол кезде Мыңғыстың үні еркін шықты. Қолындағы рюмкесін бір толғады да:

- Мен Сәнәнің шеген құдықтың суындай мөлдір таза көзінің тұнығы үшін ішемін, - деп тартып жіберді.

Енді аңғарды, жолдасы бұған қарай көзін қысып, "ретсіз шашыла берме" дегендей сыңайды байқатып отыр екен, емеурінді түгел түсінді де алғашқы арынынан төменшіктей сөйледі.

Бұлар түгелімен биге көтерілді. "Тәуекел" деп Мыңғыс та араласып кеткен еді, қара жерді қайырып басып, қарыштап қалған аяғы кібіртіктеуге көнетін емес. Қанша талпынғаннан түк өнбесіне көзі жетті ме, жазда киетін шәркейінің басынан башпай ұштарын музыка ырғағына қарай қимылдатып, екі көзін алма кезек қысып, бір орында аяз атадай айналды, қалғандары мұны қоршай биледі.

Сауық бітті. Обалына не керек, жолдасы адал жігіт екен, ылғи құлағы кетілген үш сомдықтар мен бір сомдықтарын шығарып, дастарханының бір жағын қал-қадірінше көтерісті. Ара-арасында қыздармен отыратын үйдің бар екенін де құлағына салды.

Төртеуі айқара құшақтасып тауға қарай өрлейтін қытай қорғанындай ұзын бульвардың арасымен жүріп келеді. Мыңғыстың құшағында - Сәнә, Сәнәнің құшағында - Мыңғыс, шаруалары жай, аяқтарын асықпай басады. Тіпті, қыздың басын қос қолымен ұстап тұрып қаймақтай еріндерінен Мыңғыс бір-екі рет сүйіп алды. Сәнәсі түспегір жатырқамайды түк, іші-бауырына кіріп барады. Бұлар қара көлеңкелеу ағаш астына қарай таяна берді. Бір қараса, қасындағы серігі қолтығындағы қызын ұзын скамейкаға отырғызып, өзі оған қарай төбесінен төніп барады екен. Жолдасының әрекетіне қарап соны қайталамаққа бекінген Мыңғыс, бірденеден құр қалғандай жанұшырып, қасындағы Сәнәға бас салды да, кәдімгі қырқымға қой жыққандай сол қолын мойыннан алды да, оң білегімен тілерсектен жоғары қаусыра көтеріп, "әуп" деп жәукемдей бастаған, май құйрығынан бірдене дыз еткізіп қарып өткендей болғанды. Жыландай шырылдап жағына тиген Сәнәнің шапалағы да жеп барады. Сөйткенше:

- Ойбай, Мэлс, құрыдық, - деп серігінің тапырлатып қашып бара жатқанын біледі. Мыңғыс қызды тастай салды. Енді жолдасының соңынан үріккен тайлақтай ұшып келеді. Іздерінен індете қуған үш-төрт жігіт бар екен, қолдары ұстауға жетіңкіремей жатса керек, қоян шалған тазыдай аяқтарын ашалай салғысы келеді. Бұл сүріне-жығылғанына қарамады, таяқ тастам жердегі серігінен қол үзбеді. Жарық көшеге жете, әлгілер адам қарасынан тайсалып кетсе керек-ті, ертелі көк желкесінен түспеген көлеңкелер сиреп барып, бірте-бірте ғайып болып кетті. Екеуі сол арада тұрып ағып жатқан мұздай суға беті-қолдарын шайды, шалбарларын қағып, жағаларын түзеді.

- Алматының осынысы жаман, - дейді серігі үсті-басын әлі де қаққыштап жатып. - Бізді рестораннан тонау үшін алып шыққан екен ғой әлгі екеуі.

- Аман қалғанымызды айтсайшы! - Мыңғыстың мастығы айығып, өз-өзіне келіңкіремеді. - Тырайып тас көшеге қылжисақ "Қарақұмда өлетін жер жоқ қой, қайтсін" деп ел айтады ғой.

Тірі қалғандықтарына тәубешілік айтып екеуі күлді, құшақтасты, бір-бірінің бетінен сүйді. Тіпті, бұл өмірде осындай қағажуды көп көргендіктен бе құрдасы қамығып қалды. Екеуі жақын маңдағы жолдасының танысына түнеп шықпақ болып келісті. Тағы да көше айнала берген, жаңағылар алдарынан тосып тұр екен, сүргіншілік тағы басталды. Сыралғы болып қалған серігі ә дегеннен бұдан ұзап кетті. Мыңғыс жанын салғанмен енді жете алатын емес, бірақ долбармен ізінен салып келеді. Жолдасы жалт етіп қуысқа кіріп кеткендей болып еді, сол араға Мыңғыс та өліп-өшіп жетті. Есік ашып күтіп тұр ма деген жолдасынан бір жолдас жоқ, сүріне-қабына анау есікті бір, мынау есікті бір ұрады, бәрі де тастай бекітіп алған. Баспалдақтарды дүрсілдетіп ізінен қуып келе жатқан біреулер бар сияқты еді, аңдаса жалғыз өзінің аяғының тарсылы екен, еңтігіп тұрып тыныстады.

Соқайып басы қалғасын қалайда жатақханаға жетіп алудың жағдайын ойлап, көше бетті бақауылдап біраз тұрды да тысқа беттеді. Шыққан кезде сонадайда әңгіме айтып, күліскен төрт-бес бала тұр екен, абайлап көрген, нобайлары жаңағы бұзақыларға ұқсайды. Бұл енді кідірудің ретін таппай, алды-артына қарамастан тырағайлай қашты. Екпіндеп айдау жолға шыққасын, кетіп бара жатқан таксиге қолын көтере жүгірді. Шопыр Мыңғыстың мүшкіл халін айттырмай түсініп, тез тоқтады да ентелеп келген мұны отырғызды да, жұлқына тартып кетті. Таксидің артқы орындығына иегі іліккен Мыңғыс: "О, жаратқан ием, көрсетпегенің көп екен ғой, - деп тәубешілік айтып келеді. - Ой-қырын білмейтін жермен абайлап аяқ баспаса болмайды екен".

Бірақ Мыңғыс алдында күтіп тұрған әлі қандай оқиғалардың бар екеніне бейхабар-ды.

\*\*\*

...Таңертеңгілік Мыңғыстың төсегінен тұруға әл-дәрмені жетпеді, жеткенімен оң жамбасы алдыратын емес, басын көтерейін десе сықырлап сынып кететін тәрізді зар қақсап төсегіне қарай тұқыртып қояды. Абырой болғанда, емтихан күндері таянғасын екі бала жатақханаға оралған екен, күнкөрісі соларға қарап қалды. Асханадан тамақ әкеліп береді, сүлгіні суға шылап бет-аузын сүрткілеп мысық дәретін алғызады, керек кезінде жүрелетіп дәретке отырғызады.

Құрдасы жаман жігіт көрінбейді, ертесіне қолында ораулы шөлмегі бар, бұған келіп халін біліп кетті. Жолдасы жалғыз қалдырғанына қысылады-ау сыңайы, алдында бәйек, әйтеуір. Мыңғыс Алматыдан дос таппадым деп ренжімейді, осы сияқты таныстарға

жолыққанының өзіне дән риза. Көлбеп жатып ала келген сырасынан ауыз тиді, денесін жайлаған дерт пен уайымы жеңілдейін деді. Бірақ мұның бәрі уақытша екен, әркім шаруасымен болып, адам аяғы сиреген кезде өз-өзімен оңаша қалады да, ойы түспегір алдымен ауырған сүйегінен бастап жегідей жей бастайды. Осы құрып қалғыр оқуда алты аласы, бес бересісі бардай қай әкесінің құны қалғанын білмейді, әйтеуір ынтызар қылып қойған құдайды айтсайшы...

Осы жағдайға келгенше бей-берекет тірлік кешкен өзіне де атар оғы жоқ, бірақ жаны құрығыр тәтті ғой. Жамбасын шаншып кетсе қаралай жатып ойбайын салады. Қолымен ауырған жерлерін сипалап көрген, сынған-шыққаннан аман сияқты, тек бөкселік демпейілденіп іскенге ұқсайды.

- Осы бейнетімнен де құтылсам жақсы, - дейді кешегі сойқанды көз алдына елестетіп. - Бала-шағамның көз жасына аман қалдым-ау.

Осылай сары уайымын шегіп жатып көзі ілініп кетеді, көзі ілініп кетсе болғаны, түсінде қалықтап ұшып ауылы енеді. Бәз-баяғы қалпы, жықпыл құмдардың арасында, нардың жотасындай үй арқалары сонадайдан мен мұндалап тұр. Бұның Алматыда жүріп мертігіп, мүгедек болып, қолына балдағын ұстап, автобустан түскен беті екен дейді, алдында жұрт шуылдасып жүр. Қыр беткейден құлындай ұшып қонжық балалары ұбап-шұбап құлап келеді. Арасында әйелі де бар ма?.. Алдымен жеткен үлкен ұлы папа деп мойнына асыла кеткенін біледі. Құшақтап жатыр, мейірі қанатын емес, баурына қысып сүйіп жатыр.

- Папа, оқуға түстің бе? - дейді аузын мұның құлағына тақап. - Қашан директор боласыз?.. Өзіңіз айтып едіңіз ғой...

Міне, дәл осы арада қандай бір шырты ұйқыдан да бұл шошып оянады. Түсінде көрген тірлігінді өңінде қайта ойлағаннан асқан азап жоқ екенін Мыңғыс енді ғана түсінді, көзінен бұршақ-бұршақ жас саулады. Ауылда ешкімге сөз бермей, кеуделейтіні өз алдына-ау, кішкене қонжықтарын, ұлы бөрінің астына алатынын айтсайшы. Сонда олардың көздері жәудіреп өзіне, тек өзіне ғана қарап отыратынын айтсайшы. Әкелеріне сенеді ғой... Осыны ойлағанда бұзылған көңілі мыңғырған қойдай ие беретін емес, "Мен де бір құдайдың пендесімін-ау, - дейді өзін-өзі жазғырып. - Адамнан айрықша жаратылғанша, адамдардың арасында өмірге келмегенімнің өзі жақсы еді ғой. Мен ғой дипломым жоқтықтан емес, осы мінезімнен құрып жүрмін. Не ақыл-есім жоқ, не құдай сүйер қылығым жоқ, иттен де қор қылып қойды ең аяғы. Осы күйімде өле кетсем де өкінішім жоқ-ау, бірақ артымда қалған балаларыма, әркім басын қайттаған заманда кім бас-көз болады. Енді елге жеткенді айтсайшы..."



Қалтасындағы қаншама ақшадан бір тиын да қалмағаны ойына түскенде өзегін тағы от шалып кеткендей беті жиырыла қиналды. Ақшасының жоқ екенін таксиге мінгенде барып білген. Ал, жамбасынан қалай шойырылғаны өз алдына бір бөлек оқиға.

\*\*\*

...Обалына не керек таксидің шопыры "Ал, жатақханаң мынау" деп есіктің қыр көзіне келіп тоқтады. "Сіңірген еңбегі бар, үкіметке төлеуге тиісті кесімді ақысы бар, молырақ қарбытып қолына қызыл он сомдықтан біреуін ұстата салайын" десе түк таппай әбігерге түсті. Ресторанда отырып бір бума ақшаны ышқырлығынан жұлып алып, қалтасына салғанын біледі, одан кейінгісі бұған беймәлім. Аласапыран жүгірістің қай кезінде түсіп қалғаны есінде жоқ. Енді қайтпек? Нағашысының түн ұйқысын төрт бөліп, беймезгіл уақытта қалай ақша сұрамақ. Не дегенде, шопыр жігіт қазақтың баласы екен, жағдай айтуға бекінді.

- Айналайын, ақшам түсіп қалыпты... Мына қарашы. - Түбі айналған бос қалтасын көрсетті де, онымен қарап тұрмай қалтарысында елеусіз қалған он бес тиынды тағы ұсына берді. - Бары осы екен. "Ер мойында қыл арқан шірімейді" деген...

- Мен сізді ажалдан алып қалдым ғой. - Шопыр бұны сұмдық ойлап отырған жанша бетіне сыздана қарайды. - Жанағы балалар ақша емес, бұл күндері ішек-қарныңды айналдырып қоятын еді...

- Ол рас, ондық еңбегің бар енді, інім, - дей берген өзі де жағдай айтамын деп оң қол жағына емініп кеткен екен, шопырдың қолы көз ілеспес шалттықпен көкірек аузына сарт етті. Сонан кейін боз тұман.

Есін жинап, көзін ашып алған кезде алдымен көргені - жұлдызы жамыраған Алматының аспаны. Ертелі андамады ма, әлде арақтың буы оған мұрсатын келтірмеген шығар сытырлап жаңбыр жауып тұр екен, үсті-басы малмандай. Жатқан жері көгал болып шықты, жан-жағын бажайлаған, жатақхананың есігінен шеткерілеу жерге сүйретіп тастағанға ұқсайды. Бір жұдырық жеп, таксипұлдан құтылған сыңайы бар. Орнынан сенделіп тұрды. содан кейін бөлмеге бару керек екендігі ойына түсіп, өлексесін сүйреткен иттей жатақхананың есігін қақты. Арғы жағынан мойнын созған көзілдірікті кемпір мұны көрісімен басын тартып алды да, іштің жарығын тым-тырыс сөндіріп, қайталап жауап қатпай қойды.

"Жазған құлда шаршау жоқ", бұл жатақхананы айнала-айнала өзі жататын бөлменің терезесінің алдына келді, аяғының астынан майда тастар тауып алып терезеге атқылай бастады. Абыройына, жанындағы екі бала орнында екен, бұның қандай жағдайда екенін

сонадайдан түсінді. "Кідіре тұр" деген белгі берді де бірғауым уақыттан соң екінші этаждың балконынан бас көрсетті.

- Сізді осы балкон арқылы көтеріп алмасақ, кезекші кемпір өткізбейді...

- Жарайды, - Мыңғыстың келіспеске шарасы қайсы.

Балконнан арқанша шиыршақталған төсек жаймасы төмен салбырады.

- Осыдан мықтап ұстап ал. - Екі бала жамыраса түсіндірді. - Аяғыңды ыңғайлап баурыңа жина. Балконның белдеу теміріне қолың жетісімен аяғыңмен демеп көтеріліп кетесің.

- Жақсы, жақсы, - деді мыж-тыжы шыға шыдамы таусылған Мыңғыс.

- Ендеше қазір...

Шиыршақталған ақ жайманы тиянақтап ұстау үшін қолына бір орап, Мыңғыс та аяғын баурына тарта бастады.

- Болдың ба? - Жоғары жақтан хабар келді.

- Болдым...

Солай деп айтуы мұң екен, аяғы баурында тұрған Мыңғыс жерге қарай құлдырай жөнелді. "Гүрс" етіп құлағанын біледі, арғы жағы есінде жоқ.

Көзін ашқанда екі бала қасында зар жылап кешірім сұрап тұр екен, "Болдым" дегеніңізді мынау түсінбей қалды" деп бірі-бірінен көреді. Көзі бақырайған күйі не жағдайға ұшырағанын білмей Мыңғыс ыңқылдап біраз жатты. Әйтеуір жамбас сүйегі аман сияқты, бірақ жақын маңда жүруге жарамайтынын өзі де сезеді.

Мыңғыс қайтсін, екі баланың кінәсін кешірмей құлаған орнында жайғасып жата беруі керек пе? Бар болғаны:

- Әй, жасамағырлар-ай, жасамағырлар, - деп басын шайқай берді. - Мен бір жаны жоқ зат емеспін ғой, байқап ұстамадыңдар ма?

- Ойбай, ағатай аңдамай қалдық, айып бізден, мынаның кесірі, - деп екі бала айнала шауып жүр.

Сол түні қасындағы екі бала басқа бөлмедегілерден өтініш жасап, Мыңғысты балкон арқылы табыт көтергендей "әупірімдеп" бөлмесіне алып келді. "Өлдім, жамбасым" дегеніне қаратқан жоқ. Содан бері жатысы осы.

Емтиханға бір күн қалды-ау деген шамада керует жағалап жаймен қозғала бастаған, есікті тықырлатпай ашып нағашысы келіп тұр.

- Әу, байдың баласындай шалжиып жататын едің, керуеттің басын ұстап ойланып қалыпсың ғой, - деді бірден әзіліне басып. Мұның қарға адым жер жүре алмай кәріп болып тұрғанымен шаруасы шамалы. Қай күні құрдасы ала келген бос бөтелкені аяғының ұшымен

түртеді. - Жағдайың жаман емес көрінеді, Алматының сырасына сылқия тойып, бабыңа енді келіпсің. Қабағың түсіп кетіпті ғой.

- Нағашеке, осы жолы қалжыңды қойыңызшы. - Мыңғыс керует басына сүйеніп әлі тұр. Осыны айтқан кезде қанша намысына тырысқанмен көзінің жасын ұстай алмады. - Мені төсегіме жатқызыңыз.

Бір жағдайдың болғанын сезген нағашысы қолтығынан демеп әкеліп Мыңғысты төсегіне жайғастырды. Соңғы оншақты күннің ішінде көрген қорлығы мен акіретін айтып шағынарға жан таппай жатқан еді, болған оқиғаның бірін қалдырмастан сол арада ақтарып салды. Нағашысы төмен қарай тұқшиған күйі маңдайын сипап ұзақ отырды. Күлудің де, ашуланудың да қисыны жоқ, қанша дегенмен қандасы емес пе, әрі ауылдасы емес пе, жаны ашып кетті. Үн-түнсіз біраз ойланған соң, бұған жаймен ғана:

- Саған не болып жүр? - деді.

Неше күн төсек тартып жатқанда осы сауалды Мыңғыс өзіне мың қайтара қойған. Жұртқа күлкі көрінетін, бірақ өз басына қасірет жасай жаздаған өткен оқиғаларды шақалап отырып, әрқайсысына көкірегінен жауап іздеген. Обалы не, ешкімге де өкпелеген жоқ. Ойда-жоқта танысқан құрдасына да, оқуға түсесің деп Алматыға ала жөнелген нағашысына да, тіпті талай жылдан бері жаңа трактор бермей зарықтырып қойған ауыл басшыларына да кінә артпайды. Барлық кінә өзінен деп түйген. Жауабы дайын еді.

- Ауылдан келген күні сіздің үйде болдық қой, - деді Мыңғыс сол ыңқылдаған күйі бөлменің төбесінен көзін алмай жатып. - Сонда сенің екі балаңды көптен бері дастархан басында көргенім еді. Өздеріне қызығып кеттім...

- Тіфә деп айт...

- Жақсы, жақсы, тіфә ал... Сол балалар тамақ жер кезде омырауларына бір-бірден сүлгі қыстырып алды ғой. Өзің де сөйттің...

Нағашысы күлімсіреген күйі бұған бұрылып үнсіз басын изеді, жанындағы адамға білінер-білінбес етіп жеңіл ғана күрсініп алды.

- Осыдан отыз жыл бұрын өзің туған ауылда өрім-өрімің шығып қой бағып жүргенде сүлгі асынып отырып тамақ ішу сенің түсіңе кіретін бе еді?

Нағашысы жындыға, ескерімсіздеу адамға санап жүретін жиенінен мұндай нұсқалы әңгіме шығады деп күтпеген еді, сүйсініп қалды.

- Міне, осы жасыма келгенше омырауына сүлгі қыстырып отырып тамақтанғанды өз басым бірінші рет көруім, нағашыеке. Бізді не деп айтуға болады? Көрмегеніміз көп қой біздің... сосын да жүріп-тұруды білмегендіктен жатқан жағдайым осы...

- Әй, сенің жатқан сайын айта түсетін сыңайың бар екен, ауылына ғұлама болып аттанатындай сыңайың жоқ па? Пайымдауың шамаға соғады, баяғыдан бері жынұрғанша осы сөзіңді айтпайсың ба?  
- Нағашысы шын көңілден риза болғандай Мыңғыстың кеудесінде жатқан қолын сілкілей бастады. - Сенен осындай ой туады деген үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Тек бұл сөздеріңнен тіршілікте айныма енді...

- Жо-оқ, мен осылай кеттім... Қашан барсаң да көретінің баяғы арақорда Мыңғыс, лахуа Мыңғыс, жынды Мыңғыс... алдыңда тұрады. Тек, бір қызығы мен соның бәрін тірлігіме риза болмағаннан жасаймын-ау деймін. Сіздердей рахат өмірден құр ауыз қалғасын жүнжіп жүргенім шығар...

- Қойшы, сандалмай... Менің аз ғана тірлігімнің несін айтасың...

- Жо-оқ, нағашыеке, сізге кінәрат емес. Өзімді айтамын да... Әйтеуір бір жерде жақсы өмір бар қол жетпестей... Соның ұштығын осы арадан көрген секілдімін. Нағашыеке, ең болмаса ана үйдегі бес қонжығымның біреуі осы арада оқып, адам қатарына қосылса деп армандаймын...

- Ау, әуелі өзің оқымаушы ма едің? - Нағашысы әлі де әзілге қашырды. - Ол да осында келіп жамбасын сындыратын бәле шығар?..

- Шыныңды айтшы, нағашы...

- Балаларыңның қайда оқитынын құдай біледі... Қолымнан келіп жатса сенің ұлдарыңа неге көмектеспейін...

- Рахмет ендеше, онда мен ауылға қайта берейін...

...Ертеңіне қолтығына таяған қос балдағы бар, қасында нағашысы Мыңғыс вокзалда билет алу кезегінде тұрды. Нағашысының қой-қойлағанына қарамастан ресторанға кіріп жүз грамды тартып жіберген мұның көңіл-күйі бөтен емес. Оқуға келгенмен, емтиханға кіруге жарамай бос қайтқан жанға ұқсамайды, қыдырып, серуендеп жүріп, аяғын аңдаусызда ауыртып алған бұл да көп қыдырманың бірі секілді. Баяғы Мыңғыс, әңгімені сапырып, оңды-солды соғып тұр.

Нағашысы да қаққан адам ғой.

- Қай күнгі көңіл көтергендерің ана қыздар емес пе? - деп біреулерге саусағын шошайтты.

- Бәленің атын атай көрме, - дейді ішіп тұрса да запы болып қалған Мыңғыс барқ-барқ етіп. - Қыз да, қызық та осы вокзалдың басында қалсын енді.

Нағашысы вагонға Мыңғысты мінгізіп салып тұрып:

- Енді жас емессің, өзіңе қарап отырған бала-шағаң және бар бұрынғы жаңғалақтығыңның бәрін тастамасаң да бірлі-жарымын қойсайшы, - деді.

- Менің жаратылысым солай, енді қайтейін? - деді Мыңғыс ыңғайсыздана күліп. - Аман болсақ әлі талай қызығымды естисің. Ал, енді сау тұрыңыз...

Селтиіп, вокзал басында Мыңғыстың ізінен қарап қалған нағашысы таңдайын қағып, басын шайқады.

- Шынында, құдайдың берген мінезіне дауа жоқ екен ғой...

## ҮШ КҮНДІК ДӘУРЕН

О-о, шіркін, елге деген сағыныш деп әскерден қайтқан бозбаланикін айт! Жатса-тұрса көкірегін толқын тербеп, аяғы жерге тимей қалықтайды-кеп... Туған жер - ертегі. Ол соған асық. Жүрегің алып-ұшқанда уақыт деген көк есек, ілгері ұмтылса да, кегежектеп кейін кетіп бара жатқан секілді... Көк поездың митыңынан жалыққан Жеткергеннің ұшарға қанаты жоқ, өзіндей солдаттармен әр нәрсеге елең етіп әзер отыр. Құрылыс батальонында қызмет еткендіктен бәрінің де қалталары қалың, әрқайсысында бес жүз, алты жүздің қарамында ақша бар. Сол ақшаға абыр-дабыр топырлап жүріп шампан шарабын сатып алды, жол-жөнекей ойға оралған ірі-қарындастарға базарлық іздеді. Әйтеуір, орыстың орманын көтере сатып алсаң да бүгін-ертең туған ауылға топ еткізетін көк поездың түрі көрінбейді. Ой алаң, адамға да, затқа да көңіл тұрықпай мезі болған Жеткерген Рязань стансасына келгенде перронға секіріп түсті. Діттегені - қызылды-жасылды бояуы бар журналдардың бірнешеуін сатып алып, вагон іші ермек етіп отырмақ. Ілгері-кейінді сабылған көпшіліктің ортасымен сыналап жүріп киоскіге жеткен. Газет те, журнал да жеткілікті, қықы-жиқы заттардан көз тағы тұнады. "Қайсысын алсам екен?" деп ақшасын шиыршықтай берген, біреу мұның иығынан түрткендей... Аңдаусызда тиген әлдекімнің қолы шығар деп мән бере қоймаған, тағы да саусақ басы сезілгесін жалт бұрылды. Көгілдір көздері күлімсіреп орыстың қызы дәл мұның көк желкесінен қарап тұр:

- Солдат, сізбен сөйлесуге бола ма екен?

- А-а? - Алғашында абдырап қалса да, дереу кезектен шегіне шығып бейтаныс қызға апыл-ғұпыл қолын ұсынды. - Саламатсыз ба?

- Солдат, сізбен бір әңгіме бар еді. - Қыз мұны икемдей тартып, адам-қарадан оңашалау киоскінің қалтарыс бұрышына бастады. Қыз тұлғасы керемет енді, құмда өскен сәмбі талдай аяқ басқан сайын солқ-солқ етеді. Құдай бұ дүниесін үйіп-төгіп бере салған орыстың баласы ғой, мән беріп қарасаң мәрмәр таста мін бар шығар, мұнда жоқ. Жұтып жіберсең қылқ ете қалатын қылтықсыз шабақ дерсің. "Мырза құдай-ай, бір адамның басына бар сұлулықты жиып беріп,

екінші біреулерін бет ажарға да зар ететіні несі" деген солдаттың меңзең. Сол жанды сурет қалтарысқа жетер-жетпестен бұған қиыла қарады да: - Солдат, танысып қоялық. Менің атым - Наталия. Сіз үшін Наташа, - деді.

- Мен ендеше Жеткергенмін... Былайынша Жора...

- Жора, өтініш. - Қыз мұның қолын нәзік саусақтарымен сипап өткендей болды. - Осы поездан қаласыз ба?

- А-а?.. Тап қазір ме?

- Иә, қалыңызшы, солдат. Мен сізді бір күн қонақ етемін де, үшінші күні дәл осы поездға мінгізіп саламын. Ештеңеден қам жеменіз, сізге ешкім тимейді, жағдайыңыз болады.

- Мен мұнда ешкімді танымаймын ғой. - Періште көргендей әсерленген Жеткерген "қаласың баға?" қауқарсыздау дәлел айтқысы келіп мінгір-мінгір етті. - Танымаймын деп тұрмын.

- Мені ше? Танысқан жоқпыз ба?

- Иә, таныссыз, қалсам қалайын енді. - Бұдан басқа сөз аузына түссе қайтесіз. Басын изей береді.

- Заттарыңыз қай вагонда еді? Қасыңызда жолдастарыңыз болса мына қызбен бұрыннан хат жазысып жүр едім, мені күтіп алды, бір-екі күнге қаламын, - деп айта салыңыз, - деді Жеткергеннен қолдасып вагонға қарай қапталдаса жүгірген Наташа.

"Қалайын, иә, иә" десе де кешеден бері көз алдына ауылдағы қилы суреттер елестеп, арман-қиялы елге кеткен Жеткергеннің вагон ішіне кіргесін сөзінен айни салу қулығы ұрының итіндей сығалап, көкейіне кірген-ді. Бұл үшін дәл қазір бұрын-соңды көріп білмеген Рязаньда қалу - қу мекиен далада судан қаталай қалудан бетер еді. Вагон купесін той-думанға бөлеген жерлестері кеткен соң бұл жұртта қалған бұралқы иттей қыңсыламай ма? "Қой, қызы түссін. Қазақ та емес, кәпірдің айтқанымен жүргенше, вагоннан қайтып шықпайын" деген ниетпен купесіне енді-ау. Кірген соң да тып-тыныш тұрса қайтесің, көңілін мақтаншылық буды, жолдастарына "ақ жарылды".

- Жігіттер, енді қайтемін... Мен бір қызбен хат жазысып жүретінмін, сол қыз мені вокзал басында күтіп тұр екен. Екі-үш күнге қал, - деп отыр...

- Қане, қане. Орыс па өзі. - Дәуілдесіп, бозбалалар емес пе, орындарынан өре түрегелді. - Алдымен көрсетші бізге.

- Әне, қарап тұр. - Вагон бойын жағалап Жеткергеннің терезесіне тоқтаған Наташа бұларға әлдене деп күліп, қолын бұлғады. Әй, өзі де перінің қызындай сұлу, қылша мойны бұрылып қарағанда, жүрегінді суырып барады.

- Ойбай, қал. Мынау бір періште ғой.

- Өзіміз ойланбай-ақ қала салар едік. Ауыл қайда қашады дейсің, барасың да екі-үш күннен соң.

- Сөйтсем бе екен? - Бұл енді шынымен толқыды.

- Әй, сөйткені несі. Мынандай қыздың сөзін жерге тастап, есін дұрыс па өзіңнің.

- Қал дейміз саған.

- Әйтпесе, сенің орныңа мен-ақ қалайын.

Жігіттер мұнан кейін әй-шәйға қаратпастан Жеткергеннің буыншақ-түйіншектерін жинап, киімдерін түгелдеп кигізіп, жүргелі тұрған вагонның есігіне алып келді. Іштегі әңгіменің ауанын сезген Наташаның дегбірі қаша бастаған-ау, мұны көріп қуанып кетті.

- Әкел чемоданды. - Төменде қолын созып тұр.

- Мә, сағ-ған! Қыз деп осыны айт. Өмірбақи құлы болар едің.

- Әй, әтеңелет орыстың қызы, тайсалмай тұрып қарауын.

- Балаң да бәле болып шықты. Қызды қатырған екенсің. - Наташаны көрген жігіттер ынтығудан кенде емес, көзімен жеп қиялдап барады. Амал қанша, темір доңғалақтар сықырлағанмен, қызыға қараған құрбылары бұл екеуіне қол бұлғап кете берді. Екі-үш күнде ауыл қарасына бір апарар деген поезы сырғи жөнелгенде Жеткергеннің ішінен ит ұлысын... "Неге қалдым?" дейді іштей өкініп.

- Ештеңені уайымдамашы... Екі күннен соң осындай вагонға өз қолыммен мінгізіп саламын. - Наташа бәйек болып қапшық-бумаларын қолдасып вокзал жаққа бастады. Дүниедегі ауыр сөз - жұбату, мұны естісімен өкпесін өкініш буған жігіт қалай күрсініп салғанын білмей де қалды.

Наташа көземелдеп отырып, мұны вокзалдың сыртына алып шықты. Бейтаныс қала. Мамыр айының ыстығы шым-шымдап күшіне мінсе де, жүзі торланған бір жанды көрмейсің, шіліңгірлей шикіл сары орыстар бөгде планетаның адамдары секілді кең көшеге қарай көтеріліп, немесе автобустарға иін тіресе мініп жатыр. Ақ түс, қара түс, ара-арасында қисық көз, қара торылары қылаң берер. Мәскеудің өзі арман екен ғой деп, әскерде болған қаласын еске түсірген Жеткерген қыздың ізінен қайбырта аяқ басады. Кәдімгі бас жібінен ұстап, баурайға қыз жетектеген бота секілді. Вокзалдың қала жақ қас бетін зәулім ағаштар көмкерген, онан төмен оқтай бульвармен әдіптеліп, етегінде түрлі-түсті гүлдері өсіпті. Осы жасыл жапырақтардың саясын қуалай ұзын орындықтар қойылған екен. Адам назарынан қағастау бос орындықтардың біріне екеуі қатарласа жайғасты.

- Жора, сен алдымен демінді ал, сосын барлық жағдайды түсіндірейін. - Қыздың қимылы жеңіл құлан сүйектігі болмаса, сөзі салмақты. Ұшып-қонып тұрған жоқ, мұнан бойын тартып кегежектемейді де. Бір қимылдағанда, мұның мұрнына көктем иісін себездеп сепкендей, әлдебір әтірдің таңғажайып иісі келді. Көз

алдымен қырық түрлі құбылыс жүріп өтсе де, жүйітке соққан поездан түсіп қалған мұның көңілін сергіту қиын еді. Қыз бәрін сезіп отыр.

- Сіз ешқандай жамандық көрмейсіз, себебі менің сөзімді сыйлап мен үшін поездан түсіп қалдыңыз. Енді тек бір-жар өтінішімді орындасаңыз болды...

- Орындаймын, - деді ой-қиялын ілестіре кеткен поездан тұнжырай отырып, "Так точно" деген әскери дағдымен. - Бәрін түсіндіріңізші.

- Ендеше, сіздің атыңыз бір күнге Олимжан болады. Мен сізді тек "Олимжан" деп шақырамын. Үндемей қалмаңыз. Себебі, екеумізді қазір ата-анам мен көршілер күтіп отыр. Үйлену тойын өткіземіз. Ал, мені арақидік Наташа, немесе Наталья Карповна деңіз. Сіз қазақсыз ғой.

- Иә...

- Ендеше түріңіз өзбекке ұқсайды екен. Вокзал басынан өткен-кеткен солдаттарды қарап жүріп, сізді таңдап алуымның да себебі сол. Ендеше сіз ендігі жерде өзбек болып танысасыз.

- Жақсы. - Жеткерген басын изесе де "Үйлену тойы" дегенде "осының дені дұрыс па?" дегендей қыз жүзіне үрейлі көзін тастады. - Үйленгені несі? Әй деген жоқсыз ғой маған...

- Алдымен барлық жағдайды тыңдап алыңызшы...

Осыдан бір жыл бұрын Наташа Рязань қаласында әскери міндетін өтеп жүрген Олимжан есімді өзбек жігітімен танысады екен. Олимжан Қашқадария облысындағы Ленин атындағы колхоз басқармасының баласы көрінеді. Орысшаға да жетік, институттың да төменгі курсына тауысқан, жол білетін жанға ұқсайды. Ақыры екеуінің арасында жарастық болып, әскерден соң үйленбекке сөз байласады. Көп ұзамай Олимжан басқа бір қалаға орын ауыстырады да, Наташа хабарсыз қала береді.

- Қазір бір балам бар, - деді Наташа төмен қарап отырып. - Олимжаннан хабар болмағасын, атын өзімізше Слава қойдық. Енді әке-шешем мазамды алып жүр.

- Не деп? - Ыңғайсыздау болса да, Жеткерген осы сауалды қалай қойып қалғанын өзі де ыңғармады.

Наташа мырс ете қалды.

- Не деуші еді? Өзбекке неге жақындасасың? Ең болмаса орыстың бір баласы табылмады ма? Ол сені алдап кетті деп, енді қайтып соқпайды, - деп.

- Мүмкін, соғатын шығар әлі де?

- Жоқ. Бәрі бітті. - Наташа үмітсіздеу басын шайқады. - Аяғым ауыр жүргенін көзімен көрсе де, хат жазып хабарласпады. "Олимжан әскерден қайтарында соғып, Слава екеумізді ала кетпекші" деп өзімді де, ата-анамды да алдап жүрген жайым бар. Келмейтінін білемін. Күн



сайын құлағымнан құрт етін әкем-шешем жейді. Қалжырауға қарағасын: "Бүгін Олимжанның келетін күні" деп ата-анама тапсырып, Азияның бір адамы кездесер деген үмітпен далбасалап вокзалға шыққан бетім еді. Сен жолықтың. Қазір Олимжанды күткен ата-анам үйде, ал Олимжан өмірбақи келмейді...

Наташа екеуі мінген такси төбе төсінен домалаған құмалақ тастай ойқастап, қаладан бір беткейлеу жатқан қалашыққа қарай бет қойды. Қандай күйде отырғанын Жеткергеннің өзі де түсініп болар емес: біресе алданған адам секілді, кейде ауыл ойына түсіп налиды, бейтаныс қаланы құбыжық көргендей үрке қарайтын қазақтың баласы емес пе - қасындағы Наташаның иығы қағып кетсе де бойын жиып алады. Вокзал басында көрген сәт көкіректен көтерілген ынтызарлық бу болып, бұлттан асып, ғайып болған. Тек, шарасыз кейіппен бау-шарбақтары жасыл желекке бөленген әсем үйлерге оқтын-оқтын көз салып қояды. Әйтеуір, сол төңіректі мәдениетті деген орыстардың мекен еткені көшенің қос қапталынан байқалып тұр. "Мыналары үй емес, Мәскеудің паркі ғой" дегенше такси жорғалап келіп екі қабатты коттедждің алдына емініп барып тұра қалды. Таксиден түсерде Наташа мұның құлағына аузын тақап:

- Қатты қысылма. Мә, терінді сүрт, - деп жібек орамалды беріп жатып сыбыр етті. - Мен құшақтаған кезде кейін тартынбай, құшақтауды ұмытпа. Сөйтті де Жеткергеннің бетінен бір сүйді. - Ұмытпайсың ба?

Құмшауыттан қазған құдық түбінен шым-шымдап өнетін су секілді маңдайдан шыпшыған терді қайта-қайта сүртіп тұрып:

- Так точно! - деді.

Күйеу мен қалыңдықтың жолын тосып, ағаш басына қонған торғай секілді торуылдап отырған бала бар екен. Құшақтасқан екеуді көрісімен жерге секіріп түсті де:

- Идет! - деп шарбақ ішіне қарай тапырлатып тұра шапты.

- Ойбай-ау, үйінде Олимжанның суретін, не өзін көрген жан жоқ па? - Жеткергеннің ойына бұл қауіп табан астында келді.

- Т-с-с! - Бетінен сүйген Наташа онан әрі сөзге келмей басын шайқады.

Сонау бала кездері, құм беткейде отырған қазақ аулына түскен талай келінді қарсы алған қара сирақтың бірі өзі еді. Әйтеуір жас келіннің алдынан шығып бетін бүркеп, қолтығынан алып, абыр-сабыр болып жүретін әйел жұрты еді. Орысың да сол екен. Хабар құлаққа тиісімен, тоспаны тіреп тұрған арық суындай бір топ қатын есіктен ақтарыла шығып, бұларға лап қойды. Көптің алдында ысталған сары местей етжеңді әйел екен, келе Жеткергеннің мойнына орала кетті.

- Ой, Олимжан, құттықтаймын, көгершінім!.. - Етжеңді әйел құшағын айқара ашып баурына қысып, бетінен сүйгенде еріксіз

тартыншақтаған Жеткерген мол пішілген омырауға қурайдай құлап, көміліп қалды. Әйел жылап жүр, алжапқыштың желпілдеген етегімен көзін сүртіп тастап тағы да жармаса ма?

- Ну, мама!.. Ну, мама!..

"Не жаздым" күйге түсіп, үркек қояндай үрпиген Жеткергеннің жайын түсінген Наташа бұған кәдімгідей арашаға түсті. - Жолдан шаршап келген... Шамалы демін алсын да...

- Иә, иә демін алсын. - Ана байғұста жан болсайшы, енді елбіреп бұлардың алдына түсе бергенде көрші-қолаңнан жиналған келіншектер Наташа екеуін "Құттықтаймыз!" деп екі беттен алма кезек сүйіп жатыр.

Наташаның ертелі бергі сөзінің бірі жалған емес, үй иелері қыз бен күйеу баланың бас қосуына мұқият әзірленіпті. Гүл көмкеріп, шырмауықтар торлаған саялы жапырақтар астына ұзын столдарды жарыстыра қойып, оның үстін түрлі тағамдармен қайыстыра толтырған. Кеу-кеулеген қыз-келіншектер қошеметтей қаумалап сол столдардың басына қатар қойылған қос орындыққа хан мен ханша секілді бұл екеуін салтанатпен отырғызды. Ертеден бері қызға да бойы үйреніп үлгермеген жігіт Наташа иығын түйістіріп, құшақтаған сайын ыңғайсыз ғана ыржия күліп, жай жантайып қояды.

- Еркін отыр, мені құшақта, - деп, бетінен сүйген сайын Наташа тапсырып жатыр.

Жеткерген он екіде бір гүлі ашылмаған, ауылдың ұялшақ бозбаласы емес пе, себеп-салдарсыз орыстың қызын қалай құшақтаудың жөнін таппай отырып маңдайы шып-шып терледі. Наташа сыбырлап "Күліп отыр" дейді, бұл ыңғайсызданып күледі. "Мені құшақтасайшы" дейді, бұл қолын қыздың иығына асыра қаусырып, жайменен баурына тартады. "Бетімнен сүйсейші" дейді. Көптің көзінше ыңғайсызданған Жеткерген Наташаны құлағының тұсынан ғана болар-болмас шөп еткізіп, ернін жинап алады да, тым-тырыс отыра қалады. "Олай емес, ернімнен сүй, әйтпесе біліп қалады" деп Наташа тағы жеп барады. Ауылдан шыққандағы бұл дүниеде көрген кереметі – Мәскеудің Краснопресенск ауданында үй салу еді. Өңшең қазақ балалары бірөңкей қызмет еткендіктен де, орысшасы құрығыр әскерден шалалау сөйлеп шыққан. Тілінің мүкісінен де ұяла ма қолын кең орындықтың қай жағына қоярын білмей жан-жағына жалтақтай бастаған. Сөйтсе, Наташаның балтыры жып-жылы болып, мұның тізесіне шығып барады. Ешкімнен қысылып-қымтырылатын емес. Жеткерген "Ім-м" деп қалып, Наташаға қараған, анау ештеңе сезбегендей, қайта отырысымды жұрт көрсін дегендей көршілерге масаттана көз салатындай. Ара-арасында алдындағы жұқа өнді әдемі ыдыстан бұған арнап рюмкемен шырын құйып қояды. Шөліркеп отырғасын мұздай сусынды басына бір көтере салған Жеткергеннің

солдат киім ішінде денесі бызынап қоя берді. Қыз мұның терши бастағанын айттырмай сезді де:

- Біз үйге кіріп жеңіл киініп шығамыз, - деп жетектей жөнелді.

Екінші қабатқа көтеріліп жатып өрнекті қабырғалар мен оған әлдебір ісмер қолдың дәнекерлеп ілген ыдысын, онда тарам-тарам болып бой салған жасыл өсімдіктерді көрді. Бұл тұрғысында үй деуге келмес, әскерде көріп жүрген кең кеңселердің біріне келіп қалады. Табалдырықтан жоғары төсеулі кілемше екен, аттай бергенде алдынан жүгіріп шыққан "енесі", "Өзіңе арнайы сатып алдым" деп жұп-жұмсақ тапочканы аяғының астына қойды.

- Рахмет. - Ертеден бері қызы үшін бәйек болып, өтіс-қатысы жоқ өзіне қызмет етіп жүрген етженді әйелге жүрегі елжіреп кетті. "Әркімнің де ата-анасы баласы үшін құл болады-ау" деп ойлап қояды. Міне, сол жұмсақ тапочкамен ұлпадай кілем түктерін көк майсадай жапырып Наташаның ізімен кең бөлмеге кірген. Қалтасында ақшасы бола тұрып жеңіл-желпі спорт кимін алмағанына мұнша өкінбес, солдаттың жұқа дамбалын қайтерге амал таппай тоқырады.

- Жора, еркін отыр құдай үшін. Екеуміз келістік қой, ешқандай қысылма, - деген қыз қабырғаны алып тұрған көп есікті шкафтардың бірінен ақ жолақ спорт костюмін мұның қолына берді. - Киіп ал. Олимжанға алып қойып едім, енді мұның иесі сен боласың.

- Ой, керегі жоқ. - Жеткерген терлеп-тепшіп тұрса да қашаған бұзаудай кейін тартынған. - Солдат киімімен амалдаймын ғой.

Наташа "ки де, кидің" астына алып тұрып алды. Жаңа киім мұның бой-сойына саптаса қалды. Енді екеуі қол ұстасқан қалпы төменге түскен.

- О-о, міне жігіт!..

- Карп Матвеевичтің күйеу баласы тегін адам болсын ба?

- Жігіттің сұлтаны деп осыны айт.

Тойға жиналып отырған көршілер өтірік-расы белгісіз қолпаштау сөздерді төгіп тастады. Рас, Жеткерген қала мәдениетінен қашық өскен ауыл баласы болғанмен, өзінің дұшпан көз боларлық бірқыдыру ажары барын сезетін-ді. Кей-кейде қияқ мұрты тебіндеп тұрса жолдастары: "Осы Сәкен Сейфуллинге ұқсайды" деп ойыншыны аралас әзілдеп қоятын. Соның арқасында шығар, әскерде жүріп те қыдырысқа шығып жүріп, түрінен шошынған қыз баласын көрген жоқ, қайта бірлі-жарымымен қыдырыстаған да. Алайда, ажарым бар екен-ау деп оны бетке ұстап, жұртқа міндетсінетіндей халге жетпеген еді. Сондықтан да, ауыл баласының ұяң мінезімен бөгде біреуге кездесе қалса, алдымен тосырқап, кәдімгідей жатырқап отыратын. Бұл жолы да қысыла-қымтырыла, Наташаның қолтықтауымен орындық басына жетті-ау. Отыра бергені сол еді.

- Міне, папочкаң келді, міне, папочкаң келді, - деген етжеңді әйел сап-сары болып піскен әңгелектей кішкентай баланы көтеріп келеді.

- Тұр, алдынан шық, бетінен сүй! - деді мұны жеңінен қағып Наташа.

Орнынан тұруын тұрды, баланы қолына да алды, енді бетінен сүю керек. Сөйтсе, әлгі баланың қазақ түгілі өзбекке де бір он қайнаса сорпасы қосылмайды-ау, секпіл бет сары. Оны да құлағының түбінен сүйген болды. Баласы түскір жатырқауды білмейтін сәби ғой, ә дегеннен мұның мұртына, шашына қолын созып жармаса кетті. Тіпті, жанындағы Наташамен де шаруасы шамалы, есі-гөйі өзінде.

- Әкесін танып жатыр, балаға періште сыбырлайтын көрінеді, - деген көршілер құтыла алмай отырған Антонды мұның алдына қадады да қойды. Егер Наташа болмағанда Жеткергеннің Антошамен қанша арпалысып отырады белгісіз еді.

Наташаның машинадан келіп түскен әкесі, шынында да, келісті кісі екен. Осы қаладағы геологиялық экспедицияның бастығы көрінеді. Дәулет-сәулетінің жарасып тұрғаны да сондықтан шығар, өзінің жас ортасынан асқанына қарамастан, киім киісі келісіп тұр. Көзілдірікті, сұңғақ бойлы, ақ шашты кісі Жеткергеннен бұрын кимелеп келіп амандасты да.

- Олимжансың ба? - деп бетіне үңілді.

- Саламатсыз ба? Олимжанмын, - деп жауап берді бұл.

- Міне, дұрыс... Сенің көзің алдайтын көз емес, таза көз екен. Қызметің біткесін Наташаға соғарыңды біліп едім, - деп мұны қолтығынан алған Карп Матвеевич күйеу баласын жоғарыға бастады. Киімін ауыстырып та, сөйлей де жүріп, жұмыс бөлмесін көрсетті, істейтін қызметінен хабардар етті. "Көршіден жиылған қонақтар сіздерді күтіп отыр" деп жүгіріп келген әйеліне де "Не қылар дейсің" деп Жеткергенді әңгімеге айналдыра бастады.

- Шынын айтқанда, Олимжан, көптен бері көршілердің бетіне қараудан қалып едік, келгенің жақсы болды. Наташа екеуің балалы болып жатырсыңдар, айналамыз сыбыр-сыбыр әңгіме. Наташаға әңгіме ұштығын шығарып көремін. "Олимжан қалайда келеді" дейді. Күн өткен сайын сенуден қалып бара жатыр едік. Қазір қатты қуанып тұрмын.

Жеткерген де бірдеңе деп жауап беруі керек қой.

- Уәде бергесін, орындаймын ғой, - дегендей міңгір етті.

- Оның дұрыс, балам. Көзінде жалғандық жоқ екен. Темекі шегуші ме ең?

- Иә.

- Ендеше екеуміз террасаға шығып қайтайық. Көршілер бізсіз де тойын өткізе береді.

Карп Матвеевич мұны қолтығынан алып қана қоймай, баласындай бауыр тартып жанаса жүрді де, кең әйнекті террасаға алып келді. Мұның ішінде де бұрыш-бұрыштан көз тартатын гүл сабақтары төгіліп тұр. Кең террасаға жарық салған неон шамдары бөлме ішін хан сарайындай қылып жарқыратады. Карп Матвеевич тысы көмескі тартқан ескілеу креслоға отырды, қарсысындағы биік арқалы жұмсақ креслоны Жеткергенге нұсқады.

- Балам, енді мынау сен отыратын кресло болады. Өзің жоқта бетін жаптырып, бір бұрышқа қоямын.

- Рахмет, папа! - деген сөз аузынан қалай шығып кеткенін де білмей қалды. Үлкен кісінің әкелік қамқор көңіліне шынымен толқып тұрған Жеткерген осындай жандардың ақ көңілдеріне қаяу салып, өтірік айтып жүрген өз тірлігінен қымсынды. Ара-арасында "сыр беріп алар" деп қайта-қайта келген Наташаға да қарамастан, Карп Матвеевич әңгімесін сабақтай берді.

- Балам, біздің жайымыз осы. Сен тұратын ауылды да картадан карап, қандай тірлікпен айналысатынын оқып-біліп отырмын. Өзбекстан егістің жері ғой, ә?

- Иә, солай... - Онан әрі сөз сабақтауға Жеткергеннің қауқары қайдан болсын, бұл Қашқадария түгілі, Өзбекстанды көріп пе?

- Егер, көңілдерің қалап, осында тұрамыз десеңдер өздерің біліңдер. Екі бөлмелі пәтердің қала ортасынан жөні келіп тұр.

- Жоқ, рахмет! - Жеткерген ауылға ертең жүремін деген үмітінің жібі дың ете қалғасын ыршып түсті. - Біздің кетуіміз керек. Туысқандар күтіп отыр.

- Жақсы ендеше. - Карп Матвеевич темекінің тұқылын күл салғышқа мыжғылап өшірді де, тіктеле қарады. - Өздерің солай шешсеңдер қайтеміз. Наташа да менің жалғыз қызым еді ғой. Осы үй, дүние-мүлікті соған жинағанмын. Одан аянып қалатын ештеңем жоқ. Ендеше, төменге түселік.

Сол күні түн ортасына дейін той-думаны басылған жоқ. Ептеп бұл да шампан шарабынан алып қояды. Қызулы ішімдіктерге де көзінің қырын салып еді, "саған болмайды" деп Наташа қолын қайта-қайта қағып қояды. Сірәсі, мас болып қалса сыр сақтай алмай қалар деп қауіп ететін болса керек. Би, ән айту, қызу-қызу әңгіме. Әйел-еркегі аралас көңілденіп алған көпшілік оқтын-оқтын "Горько!" деп айтудан бір жалықпайды. Ауыл ойынан шақпағасын ба, әлде осы тірлігіне көңілі толмай ма, тіпті, "Осы Наташа шынымен мені өзіне зорлықпен үйлендіріп ала ма?" деген қауіп бар ма - сүйісе беруге өз басы құлықты емес. Ал Наташа болса ерніне қадала қалады. "Болды ма?" дегендей отыра берсе, алдындағысын сыпырып-сыпырып бүлдіріп жүрген Антоша қолына топ ете қалады. Антошамен "арпалыса" бергенде, мұны Наташа да, басқа келіншектер биге шақырады.

Әсіресе, жас тоқтатқан тағы бір көгілдір көз келіншек мұнда құны бардай, үш мәрте билегені. Тек, Наташа ғана мұны оңашалап алып:

- Ана келіншекпен енді қайтып билеме! - деп ескертті. - Сұраса жөніңді де айтпа.

Түн ортасы ауа көрші-қолаң у-шумен тарай бастады. Көгілдір көзді көрші келіншек кетіп бара жатып:

- Жайлы жатып, жақсы тұрыңыздар, - деп көп мағынаны көзімен аңғартып кетті. Бәрінің де сөздерінде салмақты мағына жатыр.

Жеткерген үйдің бірінші қабатынан салынған, ашық терезелі бөлменің ортасындағы кең керуетке жетті-ау. "Жас жұбайлар ыстықтамас үшін ақылдастықпен берілген бөлме болса керек. Бөлменің ыңғайсыз жағы тағы бар екен: ә дегеннен қор етіп ұйықтап кетуге болмайды. Себебі, бөлме есік тұсынан ас үйден әйнек арқылы бөлінген. Ас үйдегі кірген-шыққан, ыдыс жуған, сөйлескен дыбыстың бәрі бұған еркін естіліп тұр. Екіншіден, мұның жанына Наташа келу керек емес пе? Наташа тойдан соң бұған құрақ ұшпай шешесімен ыдыс жуумен болды. Қайта мұның енесі:

- Міне, ұлың, - деп ұйықтау мерзімі өтіп кетсе де қолды-аяққа тұрмай жүрген Антошаны керуетіне тастай салды. Ал Антоша керуетке келгесін зікірдің көкесін салсын. Күледі, көзін жұмса, қалғи бастаса саусақтарын көзіне тығып көреді, қолына түскен ойыншықты аузына дейін тықпалап, ит рәсуәсін шығарды. "Антошасы құрысын" деп теріс айналған Жеткергеннің көзіне ұйқы тығылған сәтте, Наташа да жетті-ау. Төгіліп тобығына түскен жұп-жұқа кіріпішешен көйлек. Сол вокзал басында көрген тал мүсін, оның үстіне күміске малып алғандай салалы шаштары иығынан асылып, онан атауы белгісіз бір гүлдердің хош иісі еседі. Антошаны апарып салған Наташа, жаймен келіп қасына қисайды. Шыдамның да шегі бар, ертеден бері әрең шыдап жатқан Жеткерген көру бойына құшағын жая ұмтылған.

- Құдай үшін, Жора, жігітсің ғой. Тие көрме маған, - деп кеудесінен қолымен тірей қалды. - Сенің жақсылығыңды өлгенше ұмытпаймын. Бірақ маған тимеші.

Жеткерген қолын ала беріп, моторы сөнген машинадай бір ырғалып кейін қайтты.

- Тағы бір өтінішім бар, - деді Наташа. - Маған беріле кетпеді деп ренжімейсің ғой... ә? Бір мәрте аузым күйді, екінші рет ата-анамды ұятқа қалдырғым келмейді. Жора, сен түсін... Қазір біздің жатқан-тұрғанымызды шешем аңдып жүр. Ас үйге келген болып, әрбір дыбысымызға құлақ қояды, сөйтіп, біздің шынымен ерлі-зайыпты жандар екенімізге көз жеткізгісі келеді. Егер шешемнің аяқ басысы естілгеннен, аймаласып жатқан адам болайық, бірақ онан әріге қинама.

- Білмеймін, - деді әбден басы қатқан әрі қыздың кеудесінен кейін итергеніне назы бар Жеткерген шын мәнінде қандай іс-қимыл көрсетуін түсінбей.

Наташаның айтқаны айдай келді де, тапочкасы тырпылдаған шешесі ас үйде бірдеңесі қалғандай ыдыс-аяқты сылдыратып, бірнеше қайтара кірді. Шешесі жақындай берсе болды, Наташа мұны құшақтап, шөпілдетіп сүйіп, ыңырана бастайды. Бұл да еруліге қарулы баурына басып, қыздың жұп-жұмыр мойнынан құшырлана сүйіп, енді-енді орнынан көтерілмекші болса - нәзік саусақтар, кеудесінен жаймен ғана басып, қайтадан орнына жатқызады. Осылай жатқанда, кескен теректей қатып, қалың ұйқыға шомып кеткенін өзі де сезбей қалды. Таңертеңгілік түнде бар да күндіз жоқ жұлдыз секілді Наташа қасындағы төсектен ғайып болыпты. Сәскелікте Карп Метвеевичтің отбасы жиналып отырып шай ішті. Карп Матвеевич аса сабырлы адам болса, қыздың анасы елгезек-ақ екен, стол үстіндегі тағамдарды шыр көбелек айналып жүріп мұның алдына қарай ығыстыра береді.

"Қайран ананың жүрегі, - деп ойлайды Жеткерген. - Қайткенде қызыма жақсы болса екен" деп жіпсіз байлануын көрмейсің бе?" Сөйтіп отырып, өтіс-қатысы, керек десеңіз олардың алдында иненің жасуындай жазығы жоқ болса да ет-жүрегі елжіреп қыздың ата-анасын аяйды. Ертеңгілік дәмнен соң орнынан тұрған Карп Матвеевич:

- Олимжан, мында кел. Темекі шегіп әңгімелесе тұрайық, - деді бұған күлімсірей қарап.

Екеуі кең террасаның ішіне кіріп, өзіне еншілеп берген жұмсақ креслоға бұл да қисайды. Темекі шегіп отырып, стол үстінде ашық жатқан фотоальбомға көзі түсіп кеткен - бір бетте солдат киімді мұртты жігіт күлімсіреп қарап тұр. Астына "Олимжан" деп Наташа өз қолымен жазған секілді. Олимжан еріксіз шұқшиып қалған, жігіттің үйдегі Антошаға да, "Олимжанмын" деп отырған өзіне де он қайнаса сорпасы қосылмайтын, грек тақылеттес жігіт екен. "Біліп қалды-ау, ұят болған екен" деген Жеткерген бұл альбомды Карп Матвеевичтің көзінше ақтарып, екі Олимжанның ішінен күйеу баласын таба алмай басы қатып отырғанына күмәні қалмады. Менің "жалған Олимжан екенімді бетіме басып, милиция шақырар болса, шындықты жайып саламын" деген ой түсті бұған. Шынында, ертеден бері түргеліп терезе жаққа қарап тұрған Карп Матвеевич бұған қарай төніп келді де, жақындаған соң:

- Бүгін жүріп кеткілерің келеді ғой, - деді.

- Иә, - деді Жеткерген өз ойымен отырып көңілсіздеу ғана.

- Түнімен ұйқым келмеді, сосын мына фотоальбомды алып, суреттеріңді қарадым. Көп ой мазалайды балам... - Карп Матвеевич

темекісінің күлін қағып отырып тұнжырай сөйледі. - Наташаның ұлты орыс. Бір ауыз өзбекше тіл білмейді. Ертең еліңе барғасын ондағылар "бұл кім?" демей ме?

- Ой, жоқ, - ертелі суреттен күдік алып, көңілі күпті болып отырған Жеткерген әңгіме арнасының өзі ойлаған саладан кілт бұрылып кеткеніне қуанып кетті. - Біздің ауылда да орыс алған өзбектер көп. "Сен орыс едің" деп ешкім де шеттетпейді. Ол жағынан қам жеменіз.

- Онда жақсы екен. - Карп Матвеевичтің бұның сөзіне сенген-сенбегені белгісіз, осылай сөзін созып ой үстінде біраз отырды. - Тағы бір сөз бар еді. Мынау Антоша... Кемпіріміз екеуміз бауыр басып қалып едік. Өздерің барып алдымен жайласып алсаңыздар... Екі-үш айдан кейін, қажет десеңіздер, Антошаны алып біз де барар едік. Өзірге баланы бізге қалдырсаңдар қайтер еді. Кешелі-бүгінді Антоша мойнына мініп қалатындай, мазасы май ішкендей кетіп жүрген Жеткерген "Антошаны алып қаламын" дегенде "Құдай бейнетіңнен құтқарсын!" деп айтып қала жаздады.

- Қалсын!.. Антоша қалсын!..

- Егер ата-анаң іздей қалса хабар салыңдар, немерелеріне базына жасағымыз келмейді. Сонымен бар мәселені келістік қой. Тек, үйлену тойын өзбектерде күйеу бала жағы өткізеді екен, әйтпегенде, біздің де бір той жасап беретін шамамыз бар еді. Наташа келіспеді. Тойларыңа шақырсаңдар, барамыз.

Е-е, Қашқадария қайда, бұл тұратын Қызылқұм қайда жатыр. Амалдың жоқтығынан қырық өтірігін судай сапырып, сол өтірігінің әр сөзі ойына түскен сайын қаралай қысылған Жеткерген "Біздің ауылда да орыс алған өзбектер көп" дегені есіне түскенде, басы кеудесіне сұлқ ете қалады. Қайдағы орыс, қайдағы өзбек... Ысылдаған құмның ортасында таба нанға піскендей қара қазақтар күйелеш-күйелеш болып күндерін әрең көріп жүр. Өтіріктің де бір қисыны болу керек қой дейді іштей.

Тойына әзірленіп, әскерден келіншек алып келе жатқан баласының жолын тосып отырған Олимжанның ата-анасын көп күттірмес үшін, Карп Матвеевич сол күні шопырын жұмсап, әлдекімге телефон шалып, сонау Ташкентке дейін екі адамға жағдайлы вагоннан билет алдырды. Қазақтың кішігірім сандығы секілді дүңкиген қос шабадан қарны бұлтиып есік алдында аңтарылып тұр. Кешегі күні күйеу бала мен қалыңдықтың қуанышты сәтіне куә болған көршілердің бірен-сараны тағы да келіп, бұларға сәт-сапар тілеп, бастарын жазып кетіп жатыр. Карп Матвеевичтің қызметтес бір-екі жолдасы келіп, Жеткергеннің қолын алып:

- Олимжан, поздравляем! – деп, қолын сілкілеп біраз тұрды. Ал, олардың қасындағы екі әйелдің бірі мұның бетінен де сүйді. Бәрін де



Карп Матвеевич көз-қабағымен бақылап тұр. Соған қарағанда оның қол астындағылар бастықтарына есебін тауып жағынып қалғысы келетін болса керек. Және жай келген жоқ, бірінің қолында - гүл, екіншісінде - меткілдей ақ қағазға оралған зат, үшіншісінде сағат. Сондай сағаттың бірі Жеткергеннің де үлесіне тиіп қалды.

Жеткергендер жүрер алдында қонақтардың жылы-жылы тілектерін естіді. Ауылда асығып-аптығып он сағат бұрын келсең де поезға мінетін билетің болмай, ит әурені көрер едің. Мұнда бәрі - орын орнында. Билет қолда, поездың келер уақытына 15 минут қалғанда машина келіп, бүкіл қонақтар шығарып салуға вокзал басына аттанды. Жеткерген мен Наташаны "ата-енелері" беттерінен қайта-қайта сүйді. Ауылға қайтып бара жатқасын Антоша көзіне басқа болып көрінді ме - бұл да тартынған жоқ. Көтеріп алып шикіл сарының екі бетінен алма-кезек шөп-шөп еткізді. Тек, қоштасып жүрер кезде Карп Матвеевичтің жолсерік әйелге әлденелерді тапсырып жатқанын Наташа екеуінің көзі шалып қалды.

- Міне, құтылды, - деді екі адамдық жайлы сап-салқын купеге кіріп келген соң Наташа ақ жаймаға сылқ ете қалып. - Енді сен де демінді ал. Алдымен ана жоғарғы сөредегі чемодандарды алып берші.

Наташа екі чемоданның да теңін шешті. Біріне қызының жаздық, қыстық киімдері сықай толтырған екен, шамалы ауыстырып, аузын жаба салды. Ал екінші чемоданның ішінен бұларға арнап салған жол азық шықты. Пісірілген тауық еті, қара кофе, екі адамға лайықты ыдыс және шет елдің неше түрлі ішімдіктері. "Осы Наташа басыма бәле салып, етегімнен тас қылып ұстап алғалы отырған жоқ па?" деген күдіктен соң көңілі пәс түскен Жеткерген, чемодан ішінен шыққан қылқа мойын бөтелкелерге ықылассыздау қарап, жұмсақ төсекке қырынан жатқан. Қыз екі рюмкені алып шықты да, шампан шарабының аузын бұрқ еткізіп өзі ашып жіберді.

- Мұны қайтеміз? - деді Жеткерген Наташаның осы тірлігін жаратпай.

- Ішеміз...

- Не үшін?

Наташа сықылықтап күлді.

- Жора, қорықпа... Мен сенің мойныңа тас болып қатып қалмаймын. Кеше қалай келістік, солай болады. Қазіргі стансадан мені жолдас қызым уәде бойынша күтіп тұр. Мен түсіп қаламын да сен осы вагонмен аулыңа қарай бара берсең.

- Сен ше?

- Жолдас қызым екеуіміз күні ертең БАМ-ға кетеміз. Тайгаға жеткесін барлық жағдайды баяндап, қалай өтірік алдағаным дейін айтып әкеме өзім хат жазамын. Сенің титімдей жазығың жоқ, Жора.

Қайта маған үлкен жақсылық жасадың. Сол үшін мына шампанды ашып отырмын.

Қыз бен жігіт шампан шарабын екі рюмкеге бөліп құйып тартып жіберді.

Семіз тауықтың бір аяғын бұрап алған Наташа онан өзі де ауыз тиді, Жеткергенге де берді.

- Алып отыр. - Қыз ұзын баулы қара сөмкесінің кілтін сырт еткізіп ішінен сақтиянын шығарды. - Әке-шешем не берді екен.

Қыз бен жігіт бір ыңғай отырып қызылқұлақ ақшаларды жарыса санаған үш мың сом екен. Жарты машинаның құнына тұрарлық көп ақшаны Жеткергеннің бірінші көруі еді, едірейіп қызға қарады. Наташа бұны елеместен сол ақшадан екіге бөлді де бір жарым мыңын бұған ұсынды.

- Жора, рахмет, бауырым! Мынау аулыңа базарлық болсын.

- Не дейді? - Жеткерген ақша ұстаған қыз қолын кейін итерді. – Менің сізден ақша аламын деген ойым жоқ. Қолымнан келген көмегімді бердім және оны сатпаймын.

- Жора, алсайшы...

- Жоқ, өзің тайганың түбіне барасың. Онда папа-мамаң күтіп тұрған жоқ. Өзіңе керек болады. Ал қажет десең менің де әскери құрылыстан бес жүз теңге ақшам бар, соның жарымын саған берейін, - деп қалтасына қолын салды. Бұл Жеткергеннің шын көңілі еді, мынадай ақ жүректі жарқын жүзді қыздың өзіне қызмет ету бір ғанибет екенін және оның жігіттік борышы екенін жақсы түсінеді. Алайда, қыз ақша алмақ түгілі, өзінің ақшасын мұның қалтасына тықпалай берді. Жеткерген орнынан өре түрегелгендіктен бұл әрекетінен ештеңе шықпасын біліп, чемодан ішінен жол азықтарын, шөлмектерді екіге бөле бастады. Осы кезде поезға мінер сәтте әкесі сөйлескен жолсерік әйел есіктен бір сығалап, жайрап жатқан заттарды көрді.

- Папам мұқият тапсырған екен, мені аңдып жүр, - деді Наташа есікті иегімен нұсқап.

- Білемін, - деді Жеткерген жымия күліп.

Ендігі өтінішім мына заттарды аласың деген Наташа піскен тамақ пен шөлмектердің бір жартысын мұның столына қойып, қалғандарын чемоданға сала бастады.

- Аламын! - деді Жеткерген қыздың сақилығы мен жүрек жылуына елти мас болып. - Сенен ескерткіш болу үшін аламын.

- Рахмет, Жора. Енді менің заттарымды тайлап қояйық. Түсетін стансам жақындап қалды.

Жолсерік әйелдің мағыналы көзінің кедергісіне қарамастан, станса басында Жеткерген Наташаның чемодандарын вагоннан түсіріп берді. Келерінен хабардар жолдас қызы перрон үстінде құстай

ұшып жүгіріп келеді екен, сол екпінімен Наташаны құшақтай алды. Наташаның әңгімесі шынға шыққаны. Байтаныс қызбен танысамын, купе ішінде қалған шампан шарабын бөліп ішемін дегенше - поездың дөңгелектері сықырлап, жүрістен хабар берді.

- Ал, жақсы... - Жеткерген Наташаға қолын берді. - Сау тұрыңыз!

- Жора... Білесің бе? – Қыз аз-кем ойланып тұрды да мұның мойнынан құшақтап қатты да қалды. Бетінен сүйіп егіл-тегіл жылап жатыр. Неге екені өзіне де беймәлім, Жеткерген де көзінен жас шығып кеткенін кеш аңғарды. Екеуі армансыз және махаббат алауы толы жүректен ұзақ сүйісті де, екі айрылды. Наташаның иығы бүлкілдеп жылаған күйі перрон басында кішкене ноқат болып қалып барады. Осынау өмірдің жастық шағындағы армансыз кешкен бір күндік дәуреннің белгісі секілді. Жеткерген іштей егілген күйі, купесіне кірді.

### Әңгімелер

#### **"АҚ КЕПТЕРДІҢ" АЖАЛЫ**

Түкпірдегі ауылдан қала қарасына жеткенше ел қайда, су қайда, әйтеуір азаннан қара кешке дейін тоқтаусыз жүрген машина қызыл іңірде ғана құс жолындай тізбектелген шамдар тізбегін әрең көреді. Бүгін екі орталыққа күн аралата қатынайтын автобустың жолаушылар шоғырланған қалың ортасында Ертіс те отыр. Сегізінші класс оқитын интернаттың қара баласының бұл сапарында ойға алған арманы көп, бірақ оның бірін жөн сұраған жолаушыларға айтпайды, өйткені ол кез-келгеннің талқысына салып қоятын еріккеннің ермегі емес, қайта қол жетпейтін аяулы дүние. Сондықтан, сол арманын қолтығының астына тығып, ешкімге сездірмей таң-ала кеуімнен автобустың ішінде бүлкілдеп келеді.

Бұлар шыққан жер арқаға жақын жатқандықтан салқын-ды, аудан орталығына жеткенше күні түспегірдің жылып, ауа райының өзгеріп шыға келетінін Ертіс біліп пе; енді ыстық айналдырған қамашау қорапшаның ауасы тарылып, ебіл-дебіл терлеп келеді. Терлесе де алдынан күтіп тұрған қызықты кездесулерді есіне алса, шаршағаны сезілер емес. Маңдайынан құйылған терді қоян құлақшынының сыртымен сыпырып тастап, өзі баратын қаланы қиялымен шарлайды. Бәрі арып-ашып елден келген мұны құшақ жая қарсы алатын сияқты, ойына осы түскенде ертеден бері жол соғып, қалғып-мүлгіп езіліп отырған өзге жолаушылардан бөлек, қолына қанат байлап әлдеқайда самғай ұшып бара жатқан құсқа айналғандай. Сол сәт үстіндегі киімдерін қасындағы балалардан ат пен түйедей кәделеп жүріп сұрап алғанымен де шаруасы жоқ. Келе жатқан қаласы

оған торғайдың ұясындай жып-жылы болып елестейді, өйткені онда күнде өлең басып шығарып жатқан газет бар. Газетте өлең жазатын неше түрлі тамаша адамдар бар, солар ауылдан шыққан өзі сияқты ақындарды қамқорлықтарына алып, қос қолтығынан демеп редакцияға кіргізеді. Бәрі жағалай отырып, мұның балғын қаламынан туған ғажайып жырларды қызыға отырып тыңдайды, сосын "Бәйшешек" деген балдырғандар бетіне мұны суретімен қоса тасқа басады. Газет-журналдың басында жүрген ақын ағаларының бәрі де сондай екенін Ертіс сонау құм қойнауында жатып-ақ жақсы білетін.

Мысалы, бұған Алматы қаласында тұратын Оспанхан ағасынан жиі-жиі хат келеді. "Әй, Ертіс, - дейді ол, құдды бір қашаннан таныс інісіндей мұны еркелетіп. - Дабай, сен өлеңдеріңді жазғаннан кейін тағы да бір оқып шық. Тіліңнің қуаты бар, ол - аз, кітаптар оқып, көп ізденуің керек. Сен көбіне жүрдім-бардымдау жазасың, бірақ сенің ақын екеніңе күмәнім жоқ. Ұқтың ба?" дейді, немесе "Ереке, ақындықтың оқуы жоқ, оның институты өз қолыңда, кітапханада, сол себепті көбірек оқы. Сен өлеңді әдемі бастайсың да, аяғын нілдей бұзасың. Байқап көрші өзің, менің пікірім дұрыс емес десең, қайтарып жауап жазып жібер" дейтін. Оспанхан ағасынан хат келген сайын тіге-тіге қалталанған шалбарының қыртысы қайтадан жазылып, киімін жаңалағандай көңілі көтеріліп қалатын. Бір күні балалар журналының екі бетін Оспанхан ағасы әдейі бұған арнап қалдырыпты да суреттермен безендіріп, арасына мұның өлеңдерін сыналап салып, аты-жөнін, тұрағын соңына жазып, тасқа басыпты да жіберіпті. Бүкіл мектептің балалары қолдарына бір-бір "Балдырғанды" алып, жерден жеті қоян тапқандай тырағайлап жүгіріп жүр. Ертістің сондағы қуанышын көрсеңіз, "ау, ақыным" деп мұғалім біткен келіп қолынан алды, "Алматыдан шыққан өлеңдері шынымен осынікі ме?" дегендей қыздар да көз тоқтатып қарайды. "Қалай жазасың?" деп қатарлары сұрайды. Көп ұзамай Оспанхан ағасынан да хат келді: "Ертісжан, Алматыдан өлеңдерім шықты деп мақтанып жүрген жоқсың ба? Мақтанбай да болмайды ғой, бірақ жан-жағыңа қара. Мен сенің қалай мақтанғаныңды ендігі жазған өлеңдеріңнен білемін" дейді.

Ертіс бұған дейін де шама-шарқынша шалқып, маңғазданып алған еді, осыдан кейін жым бола қойды. Оспанхан ағасы мұның қандай бала екенін туу Алматыда жүріп қалай білген? Енді көшеде кездескеннің бәрі "ау, хал қалай, ақын бала?" десе, бұл кеудесін кернеген бақытын байқатпауға тырысады, өйткені ағасының ақылын екі еткісі келмейді, қайта өзінің ақындығынан жазып қалғандай ұялама? Солай жүріп те жердің бетінде өлеңнен өткен күдіреттің жоқ екеніне көз жеткізген. Кешкілік Ертісті темір керуетке әлпештеп ұйықтататын да өлең, ертеңгілік төсегінен тербетіп оятатын да өлең. Соның әсерінен күндіз-түні маужырап бір ғажап күй кешеді.

Кітапханалардан үйіп-төгіп қисса-дастандарды әкеледі де оқиды, оқиды да өне бойын балқытып бір жылу жүріп өткендей балбырай ой теңізіне батады. Солардың әсерінен қанаттанған кезде өзі де толқындатып жыр шумақтарын төгіп тастайды.

Бір жігіт болған екен, елі арғын,  
Палуан болса-дағы есі жарым.  
Бір күні ұл тумадың сен қатын деп,  
Үйінен қуып шыққан сүйген жарын.

Жүріпті әйел байғұс жылап күнде,  
Құдайым құрттың-ау деп бір-ақ күнде.  
Таба алмай ас-тамағын тыр-жалаңаш,  
Жылынып күн көріпті шуақ күнге.

Болар деп жақсылықтың бір хабары,  
Жүргенде айы жетіп, күн толады.  
Асылып кәрі ағашқа әлгі байғұс,  
Торсықтай қос шекесі ұл табады...

Осыдан соң жүрегі қуаныштан жарылып кете жаздайды. Алдымен шабытты шағында бұл жырларды қолы қалтырап-дірілдеп отырып, өзі "Ақ кептер" деп ат қойған өлеңді дәптеріне әдемілеп тұрып көшіреді. Жан дүниесі онымен де тыншымайды. Кеудесін кернеп тұрған бұл өлеңді жер-жиһанға сыйғыза алмағасын интернат бөлмесінде қатар жатқан жолдасы Әділбекке оқып береді. Дастан біткенше досының көзі суланып, демін ішіне тартып дабдырсыз отырады. Сосын:

- Сен Алматыдағы Оспанхан ақынға неге кетпейсің? Онда барғасын өлеңдеріңді тыңдайтын ақындар бар, ағаң сені жақсы бір мектепке оқытады, - дейді.

Бұл қанаттанып кететін. Тіпті, қалтасын бүркемелеп тастаған шалбарын да, жағасы қыржымдалған бір көйлегі мен бәтеңкесінің жұлығынан шығып тұрған шұлығына дейін ұмытып қолын сермейді.

- Бірден Алматыға бара алмаймын, бірақ қалайда қалаға соғуым керек. Оспанхан ағамның "жақсы ақынсың" деп жазған хаты бар, соны көрсетсем деймін. Егер "сен бізге керексің, аулыңа қайтпай-ақ, осы арада оқуыңды жалғастыр, өлеңіңді жаз" десе онда қаламын, - дейтін.

Осы бір қиял сабақ үстінде қайта соққан кезде Ертіс байыз тауып партасында отыра алмай, ойына әлдебір өлең жолдары оралып, соны аузы күбірлеп айтып, бірлі-жарымын дәптерінің соңғы жағына тіркеп қоятын. Есі-гөйі жастығының астында жатқан өлең дәптері - "Ақ кептерінде". Шуақты жыр жолдарын шашудай шашып кептерін

жемдегісі келеді. Сондықтан да сабақ бітісімен балалар улап-шулап бір-бірімен алысып-жұлысып жатқанда, бұл шауып отырып интернатқа келеді. Қолына алғанша асығады. Жолшыбай ешкімге қайрылмайды, жан-жағына бұрылмайды, түскі тамаққа шақырғанша, бағанадан бері сабақ үстінде ойына келген жып-жылы жыр жолдарын өрнектеп тұрып дәптер бетіне түсіреді. Сол жазғандары енді қалың да қомақты дәптердің бетіне әрең сиып тұр, екі рет "Балдырған" журналының бетіне шыққаны болмаса ешқайда жарық көрген емес.

Міне, бүгін қолтығының астында жып-жылы болып өзімен бірге сапарға шығып келе жатқан "Ақ кептер" - сол дәптер еді.

Мұндай, өзінен газет шығатын үлкен қалаға "Ақ кептердің" де, өзінің де алғаш жолы түсуі шығар. Яғни, Ертіс қала атаулыны алғаш рет көріп, поездарды сырттай байқап, бейтаныс тіршілікті де шолып шықпақ. Автобустың шопыры бағана-ақ "қонатын үйің болмаса, біздікіне түнерсің, ертеңіне мен саған редакцияның есігін көрсетіп жіберейін" деген. Қайтарында ала да кетпекші, осының бәрі қалаға бірінші рет келе жатқан Ертіс үшін дәтке қуат. Бірақ, бұлар мінген автобустың жүрісі өніп болар емес...

Жаңа жылда сонау құм қойнауындағы ауылына барып, наурыз каникулында қала жаққа соғып, өлеңдерін газетке беріп қайтқысы келетінін әкесіне айтқан. Алдында ғана "Балдырған" журналына басылған бір топ өлеңдерін көрген әкесі баласының талабын қайтарған жоқ, қайта "осы уақытқа дейін қала көрмеп едің, ол қалай болар екен" деп уайымдап қалды. Сол жолы оған кітабының арасында салып сақтап жүрген Оспанхан ағасының суретін алып көрсетті. Әкесі көзін сығырайтып біраз қарап тұрды да:

- Мынау күліп тұрғаны ма? Өзі иіні жұмсақ мейірімді бала көрінеді ғой... Осы ма саған туу Алматыдан хат салып, жазғандарыңды журналға басып жүрген.

- Осы кісі... Бұл жақсы адам аға...

- Ә-ә, бақытты болсын... Біздің қолдан келетін басқадай не қайран бар? Алматы жердің түбі дейді ғой... Әйтпесе, сенің көксеркеңді ағана сойып беріп жіберсем, бала-шағасымен бір жас сорпа ішер еді-ау...

Ертістің әкесі - үлкен қария кісі, бірақ қуаты қайтпаған қайратты. Жасы жетпістен асса да, "шиеттей бала-шағамды қалай да асыраймын" деп қой соңынан қалмай жүр. Ертіс сабақта отырып та "әкем ауырып қалған жоқ па екен?" деп жиі ойлайды, кейде әкесі түсіне кіреді. Сол күні ауылға өзі барып қайтқандай көңілі сергіп сала береді. Егер өлеңдеріме ақша төлейтіндей болса, әкеме арнап бірдеңе сатып алармын-ау деп жүрген, Оспанхан ағасының журналы екі рет қаламақы салды. Дүкенге барып "қақпанға тиек жасаса да керек болады-ау" деп өткір шаппа, кешкілік шай ішкенде бетін сұртсын деп

әкесіне арнап орамал сатып алды да қалғандарын балалармен бірге тәтті сүт алуға жұмсады. Өзінің аяғына жүн бәтенке керек еді, дәл сол кезде ойында болмапты. Әкесі баласының алғашқы табысына қуанған болуы керек, біраз уақытқа дейін үнсіз қалды. Көңілі толқыған кезде ол кісінің томаға тұйықталып, тұнжырап отыратынын бұл бұрыннан білуші еді. Өйткені, үйдегі үш ұл – әкесінің қартайып көрген балалары; Ол кісі нақақтан жала жабылып сотталады да, осы күнге дейін аты белгісіз жақта он бес жылдан аса жүріпті. Қазір де орысша сөйлей қойса, тілі жатық, балалары таң-тамаша қалады. Шай үстінде де Ертіс әкесінен әлденені түртінектеп сұрап, біраз жайға қаныққаны бар.

- Әке, сізге жала жапқан кім?

- Әй, қайтесің, осы ағайын арасындағы сыбсың әңгіме ғой...

- Не дейді сонда...

- Әркімнің талауында кеткен малды маған жазады әкеліп...

- Сіз үндемей отыра бердіңіз бе? Неге айтпадыңыз... түсіндіріп....

- Балам, не деп айтуым керек еді?..

- Бұл айтып тұрғандарың жала деп, мен ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын, еңбегіммен күн көріп келе жатқан адаммын деп.

- Сөй деп айтсам, сен сенер ме едің, балам.

- Сенбегенде ше, сенемін!

- Сен балам болған соң сенесің, олар дұшпан болғандықтан сенбейді. Сосын, аққа күйе жағып тұрса да, тазамын деп өз-өзінді дәлелдеп шығу бұл дүниенің қиыны, балам.

Ертіс әкесінің адал да таза екеніне шүбәланбайды. Бірақ сол жолы жабылған жаладан басын сауғалап шыға алмағанына іштей көңілі толмайтындай. Сібір жақта бүкіл өмірін өткізіп, елге келгенде көрген қызығы - осы үш бала, оның үлкені Ертіс еді...

Бұл қала жаққа барып қайтамын дегеннен әкесі "мына малдардың бір-екеуін апарып өткізсем деймін, Ертісжанның үсті тозып кетіпті, киім алсын" деп қайта-қайта құлаққағыс қылған. Ертістің жаны ыршып кетті, қой-ешкілерді аяп емес, әке-шешесіне қарап ет бауыры езіледі. Бұлар оқуға кеткенде аздаған мал-текені балаларының пайдасына асырсам деп алданыш қылып жүреді, егер оның екеуін үстіне киім алып кесе, бұлардың үміттерін әлденеден үзіп кететіндей.

- Малды сатпаңдар, қазір киім керегі жоқ. - Ертіс әке-шешесінің алдында бәйек болады. - Жаз шықсын. Оған дейін мен амалдаймын...

Әкесі баласының ойын сезе ме, тағы да тұнжырап қалады. Бұл үйінен қалаға ғана барып қайтатындай тиын-тебен алған.

...Шопыр жігіт елгезек жан екен, бұны ертеңіне көшеге алып шықты. Ауылда қытымырланып тұрған ауа райының шырайы бетіне

теуіп, көктемнің күніндей жадырап кетіпті. Әр жерде басталғалы тұрған жылылықтың көзіндей жылтылдап су ағып жатыр. Қалың киімнен терге малшынған Ертіс тас жолдың үстіндегі қар суларын шылпылдатып басып, аудандық газеттің редакциясына келді. "Шаруаң бітісімен үйге соқ" деген шопыр табалдырықтан ішке аттамастан кейін қайтты. "Коммунизм шапағаты" деп аталатын шағын газеттің мекені құстың ұясындай-ақ, өзі оқитын мектептің шағын шеберханасы сияқты. Сонда да болса сыртқы шарбақтың аузында ілгері басқан аяғын бірдеңе іліп тартып тұрғандай мүдіріп, біраз қобалжыды. Табалдырықтан аттаған кезде де көңілі толқыды. Сөйткенше, тура суреттегі Оспанған ағасынан аумайтын бір кісі бұған қарсы жолықты.

- Әу, қайдан жүрген баласың өзің?..

Ертіс ұрлық үстінде ұсталғандай абдырап, аузына сөз түспеді. Әйтеуір жер түбіндегі ауылдан келгенін былжыратып отырып жеткізді.

- Ал, берменірек кел. - Ертіс әлгі кісіге еріп, маңдайшасына "редактор" деп жазған тар бөлменің ішіне кірді. Осы кезде су шылқыған бәтеңкесінің сағал-сағал батпақ екені есіне түсіп қарадай қысылған. Редактор бұған тура қарсы қарап отырды:

- Кәне, қандай шаруа?

Ертіс сөйлеген жоқ, тонының түймелерін ағытып, кешеден бері ішкі қалтасында бүктеулі жатқан "Ақ кептердің" қанатын жазды да үнсіз ұсына берді. Өлеңдер еді...

- Өлең? – Дәптердің ақ парақтарын жалтылдата ашып, көзімен жүргізіп шықты да орнынан тұрды. - Біздің өлең қарайтын жігіттер басқа бөлмеде. Сонда барайық.

Бұл редактордың ізімен жүріп отырып, қарсы есікке қарай өтті.

- Алыстан ат арытып ақын келді! – Редактор сыртындағы жылтыр мұқабасының илеуі қанған дәптерді терезеге таяу жайғасқан тақыр бас, шүңірек көз, құс мұрынды жігіттің қолына ұстатқанда, іштегілердің бәрі жайлап езу тартты. Бәрі де көзінің астынан бұның үстіндегі киіміне сұғын сала қалған екен. Ертіс ыңғайсыздана бастады. Бөлменің қапырық ауасы кеудесін қысқаны соншалық, түгі қырылып түскен қоян терісінен тігілген құлақшынды қолына қалай алғанын білмейді.

- Алдымен, өзің мына жерге отыршы, - деді редактор, есіктің қыр көзіне бір иығын сұғындыра қойған диванды нұсқап тұрып, құдды бір кінәлі адамға кешірім жасағандай үнінде аздаған әмір де бар. - Қазір анау ағаң жазғандарыңның бәрін оқып, пікірін айтады.

Жылтыр бас, зор мұрын аға бұған қарап тұрып, бітім-болмысына көңілі бітпеген жанның ыңғайымен елеусіздеу ғана басын изеп, Ертістің "Ақ кептерінің" қанатын жаза бастады, яғни дәптерді



парақтады. Ернін жыбыр-жыбыр еткізіп әр бетті аудармалап "жаман, не жақсы" екен деместен оқып отыр. Қабағы түюлі, бетінде ешқандай өзгеріс жоқ. Дәптердің алғашқы бес-алты парағынан соң нығыздап тұрып қайтадан жапты да мұқабасына тесіле қарап біраз аңырды. Бұған не бүліншілік тиді дегендей, таңдайын "тық" еткізіп, тағы да бұған тесіле түсіп, үсті-басын көзбен тінткілеуге кірісті. Ыстықтап кеткесін тонының өңірін ашып тастаған еді, кеудесі сыймағасын шанаштай тырысқан кішкене костюмінің қыржым жағасын көрген шығар, шалбарының балағы келтелеу-тұғын, отыра кетсе тобығының үстіне көтеріліп, арғы жағында сирақтың біраз жері ашылатын, сосын батпақтан көрінбейтін жұлымы шыққан ескі бәтеңке - осының бәрі оның назарынан тыс қалған жоқ. Ертіс те сезіп, басын жерден ала алмай мұрнын тарта берді.

- Өлең жазуға сендерге әлі ерте ғой. - Зор мұрын аға дәптерді қайтадан аша бастады. - Бұл баланың ойыншығы емес, оның әртүрлі әдістері болады. Алдымен сонымен танысып алуың керек.

Ертіс бұл кісінің қандай әдіс айтып отырғанын түсінбеді, бірақ білгісі келетіні жазған өлеңдері өлең бе, әлде жоқ па? Газетке басса жұрт оқи ма, оқымай ма? Қысқасы, өлең жаза ала ма, әлде босқа жұртты әуреге салып жүр ме? Олай болса неге Оспанхан ағасы "Сенен жақсы ақын шығады" деп жазады?

Әңгімеге осы қырынан келер деп ойлаған Ертіс қаншама айдан бері кеудесіне салып тербетіп жүрген қиялдағы ағаларының кінәратты сөздерін естігенде, не дерін білмей абдырады да қалды.

- Өлең туралы мағлұматтарым бар деп айта алмайсың, ал жазғандарыңа қарасақ, баяғының қиссаларындағы аңыз-ертегілер тәрізді бірдене. - Жылтыр бас кісі бұдан көзін алмай тесіле қарады.

- Жақсы, сен бізге ат басын тіреп келген екенсің... бала да болсаң... Енді шыныңды айта ғой... Көшіріп алған жоқсың ба? Мына өлеңдерің көшіргенге ұқсайды.

Ертіс "жоқ" дегенін біледі, бәтеңкесінің басы ғана тиіп отырған еден табан астында қозғалып ілгері-кейінді шайқалып кеткендей болды. Басы айналып, жүрегі алғандай ма, өзінің... Мандайынан бұршақ-бұршақ тер шұбырып жүре берді... Өз құлағына өзі сенбейді. Талай рет кеудесіне салып әлдилеп, тәтті қиялдарға беріліп жүріп, "Ақ кептердің" ішіне маржандай тізіп түсірген ойларын осыншалықты табанасты етер деп ойламаған еді. Жазатайым осы сөз мектептегі достарының құлағына тисе не дейді? Әлдеқайдан ұят сезімі көтерілді де бұл өзінің Ертіс екеніне күмәні бардай, әбден күн жеп қураған терідей қаудырады да қалды. Дәл сол сәтте ішіне сыймай буырқанып, қос қолтығынан көтеріп жүретін күдіреті мұның бетіне түкіріп, ат тонын ала қашқан секілді. Елсізде отырғандай құлазыды. Әңгімеге өзгелер де араласты.

- Бала, шыныңды айт... Егер көшіріп алсаң, біз ертең кітаптан кітап қоймай ақтарып тауып аламыз, сосын кітаптардан өлең ұрлап отырған осы кейпінді мазақтап тұрып газетке саламыз. Мектебіңе хат жазып, қандай іспен айналысатыныңды тағы айтамыз, комсомол жиналысына түсесің.

Ертістің өзі-өз болудан қалды. Неге бұлар, ең болмаса "аты-жөнің кім еді, қалқам" демейді? Неге бұлар "Балдырғанға" екі қайтара шыққанынан бейхабар? Неге өлең жазу жөнінде саған ақыл-кеңес беріп жүрген кім бар демейді? Бұл Оспанхан ағам демес пе? Сонда қайтер еді?..

Жылтыр бас дәптердің бірінші бетіндегі алғашқы шумақты оқыды.

О, менің кіп-кішкентай Дарақұмым,  
Өзіңде өтті менің бала күнім...

Сосын бұған қарады.

- Нешінші класс оқисың?

- Сегізінші.

- Балалығың қашан өтіп кетті? Сен үшін шеңбер деген болмайды екен ғой.

Бұдан кейін жылтыр бас аға белгілі дастанға көп шүйіліп, оның бәрі дайын қисадан көшіріліп алынған, шындығы сол деп аяқтады.

Ертістің жүрегі шымылдап отыр. Ол үшін қазір өлең де, газет те, тіпті ештеңе де керек емес, ең болмаса, "біз бұларды баса алмаймыз, бара бер" десе екен, жоқ оны аяпайды. Қайта ертеден бері ұры ұстап алғандай еліріп отырған жылтыр бас аға:

- Ойпырмай, қаршадай баланың бізді алдап түсірмек ойы болғанын қарашы, - дейді.

- Бәлесін көрмейсің бе? Өзін енді қайтіп газетке жолатпастай етіп жіберсе қайтер еді? - деп тағы селк-селк күледі.

Ертістің көзі бұлдырап, жанарына жас тығылды. Қазір оңаша жерде отырса айызы қанғанша бір ойбайлап алып, даусы жеткен жерге дейін бақырып тұрып жылауға бар. Ауылында жүргенде әз-әулиедей құрметтеп, кеудесіне басып ұйықтайтын өлеңдерін біреуден көшіріп алдың деп бәле салып жатса, бұдан басқа бишара баланың не шарасы бар? Әлгілер қанша қатуланғанмен мұның жағдайын түсінген шығар, дәптерін қолына берді, бұл есіктің көзінен шыққанша "енді көшіретін болсаң саған кешірім жоқ. Біз бір жолға бала ғой деп аяп жатырмыз... Тіпті, өлең жазуға әлі жассың, оның үстіне әркімнен жұлып-тартып жаман үйренбе" деп, бәрі бірдей ұлы бөрінің астына ала шығарып салды...

Енді Ертіс теңселіп көшеде келеді. Қазір-ақ, "Ақ кептерінің" қанатын қайыра ұстап, қауырсынын жұлғандай шырқыратып, парақтарын майдалап-майдалап жыртып тастағысы келді.

Жаңағылардың көзінше айтатын сөзін де білмей сүмірейіп қалғаны үшін өзінің жуастығы мен ұялшақтығына жыны түсті. "Атып жіберсе де, мен өлеңді көшірген жоқпын. Сіздер жақсы өлеңді танымай отырсыздар" деп неге айтпадым?" - дей тұрып көз алдына әкесі келді. Ол осындай жаладан сотталған шығар. Оны да жаңағыдай адамдар ортаға алып, қан сорпасын шығара тергеген болар. Жабыла жала жауып, ақыр соңында сөзге келтірместен айдап жіберген де. Жазықсыз зәбір шеккен әкесін ойлап кәдімгідей қамықты, тез арада үйіне жетіп, каникулдың қалған күндерінде сол кісіге қолғабыс бергісі келді. Бұған дейінгі орынсыз сауалдары үшін кешірім сұрауға бар, бірақ әкелі-балалылардың арасында бір-бірінен кешірім сұрайтындай күнә жасалмауға тиіс қой. Кешірімі құрысын, әкесі мұның білместігін өзі де түсінген... Бұл енді түсініп тұр.

Бірге тұрған бауырындай әспеттеп, жылы-жылы хат жазатын Оспанхан ағасы ойына оралды. Іші қан жылап келе жатып, ағасына шағынды.

"Мыналар мені ұры қылды ғой, енді елге не деп барамын?.. Сіз мені ақыным деп әзілдеп айтсаңыз жиырма сом ақшаны да әзілдеп салдыңыз ба?.. Өзгелер мені мүйіздей берсе өлеңді несіне жазамын күйік қылып? Бәрі де құрып кетсін..."

Қойнына дағды бойынша жытырып жібеген дәптерін алды, оңашада керіліп тұрып бар күшімен басынан асыра лақтырды... Өзі егіл-тегіл жылап тұр. "Ақ кептер" қанаттарын үстін-үстін қағып, денесін көтеруге шамасы жетпей, сонадай жердегі күлдікті кеудесімен сүзе құлады. Жел соғып кеткен сайын, жаны шықпай тыпыр-тыпыр ететін тәрізді, бір қаныпезер сұрмерген көк жүзіне енді ғана көтеріліп келе жатқан әлсіз құсты тар қолтықтан атып түсірді ме, әлде қаңғырған оқ тиді ме, оны бір құдайдың өзі білер. Тек, осы бір "Ақ кептерді" жан тәсілім жасар кезде жалғыз қалдырып кеткен Ертіс көзінің жасын сүртіп бара жатып: "Кешіре гөр, Оспанхан аға!" деп артына қайрылып, "Ақ кептер" жаққа назарын салып еді, қанатын сабалап-сабалап тыншыған екен... Одан әрі қарап тұруға дәті шыдамады.

## АҚ ЖАЛАУ

Түннің бір мезгіліне дейін шамды жарқырата жағып қойып, газет-журналдар оқып, о жер бұ жерін сызып, қоршап, әбден көзі кіртііп қалжыраған кезде ғана жастығына қисаятын мектеп директорының сүйегіне сіңген әдет еді. Кеше де сол дағдысымен кештеу ұйықтаған, ояна келсе, сағат тоғыздан өтіп барады. "Әй, осы көп оқығаннан да түсетін пайда шамалы-ау" деген ол беті-қолын да

жумастан қасындағы телефонға жармасты. Оқу ісін меңгеру орынбасары орнында екен, "ауданнан ешкім хабарласқан жоқ па, тұмау-сүзек дегендей, мұғалімдерден сабағына келмей қалған кімдер бар, олардың сағаттарын кімдерге бердіндер, әйтеуір, қандай пән болса да, ана бәлені құр қол қалдырмаңдар" деп, арыз жазатын біреуді тұспалдай түсіндіріп, көңілін бірлегендей болды. Бала-шаға оқуларына кеткен, тысқа шығып еді, үй алдындағы сарай ішінде қазан-аяқ қаңғырайды, бұл сүт пісіріп жатқан әйелі. Күндегі кәдісі сол, "әйтеуір бір жалықпайды екен" дей тұрып, өзінің де бір сарынды мезі тірлігі ойына түсті. Өңкей өзгеріссіз өмірінен жалыққан сыңайы бар, ең болмаса, қала жақтағы тамыр-сүгірейлерге телефон шалып, бастықтар арасында ауыс-түйіс нендей жаңалықтар болып жатыр екен, ауаткомға келу кімнің ойында бар деген сияқты жорамал-жобаларын біліп қояйын деген ниетпен біраз тоқауылдады.

- Әй, Дариға, шәйінді әкел тездетіп... Тал түс болды ғой ыбылжып жүргенінде... Шаруалар бар, - Құдайдың құтты күні сиыр сәскеге дейін сүт пісіретін әйелінің түсірімсіздігіне кейістік білдіріп, үйге қайтып кірерде денесінің құрыс-тырысын жазу үшін қолын оңды-солды қайшылап, тізесін сытырлата "тұз жиналған буын тапырақтасаң да келеге келетін бе еді?.. Жұмыс-жұмыс деп жер бауырлап қалғанша ілбіп жүре беретін шығармыз" дей тұрып, қорғасын құйғандай тұтасып қалған көк желкесіне де көңілі толмай басын әрлі-берлі шайқады. Мойын омыртқасы сытыр-сытыр еткен сайын: "Апа-апа, осының бәрі дерт қойға салып рахаттана бастаған еді, көзі шырадай жанып кетті... "Бұл не бәле?" деп өз көзіне өзі сенбей қайта-қайта қарайды... Жо-оқ... шынымен-ақ, көз алдында желбіреп ақ жалау тұр. Туп-тура, табанының астынан бастап есептегенде алпыс қадамдай жерде мектептің жылыту үйі болатын, соның мойны сорайған ұзын темір мұржасы бар еді - жалау соның басына байланған. "Міне, саған жаңалық... Бұл қай жетпегірдің жұмысы екен? Бір кәдістің баладан келгеніне күмәнденбестен апыл-ғұпыл үйіне кіріп, киініп шықты.

- Дариға-а!..

- И-и? - дейді жалпылдақтың түтіні қайта теуіп, тар бөлмеде булығып жатқан әйелі. - Шәй ішпейсің бе?..

- Шәйі құрсын... Үкімет алмасып жатқанда...

- И-и, не дейді осы? - Әйелі табалдырықтың арғы жағында тұрып мойнын созды.

- Ананы көрдің бе? - деді темір мұржаның басын нұсқап...

- Ол, бағана сиыр сауып жатқанда тұрған...

- Сиырың құрсын сенің, сиыр дейді ғой маған. Мойнымдағы галстугім асығыста иығыма шығып кеткен жоқ па екен деп, тамағымның астын қаймалаумен мектепке қарай келеді. "Қазір өзі бір

ауыз әзіл айтсаң, тық етіп жұрттың жүрегіне тиетін, ұлтаралық жағдайдың қиын уақытысы ғой. Соған әдейі істегендей көрмейсің бе? - Қысылғанынан бетін байпақ қылып тер басса да, көзінің қиығын жылу үйі жаққа ұрлана тастайды. - Жетпіс жылда Совет өкіметінің қызыл жалауы дәл бұлай желбіремес".

Абыройсыздық қой, қас қылғандай сол күн желкемік болар ма, ауылға қарай толқындай көтеріліп тұрған ақ шүберекті бірлі-жарым ауылдағы арызқойлар көріп, көктен іздегендері жерден табылғанына қуанысып жатқаны есіне түскенде зығырданы қайнап кетті. Және олар арызды қалай қиюластырады дейсің, жазушының қолынан келмес. "Осындай да, осындай ал. Пәленшешінші күні, сағат тілі азанғы алтыдан жеті минут жиырма бір секунд өткенде төсегімнен сабағымды қалай беру жайын ойлап, басым қат-е-еп түргелсем... Әйелім: "Ауылдың шетінде, таз қайнағаның үйінің қала жақ бетінде адам біліп болмайтын бірдеңе ұшып келеді" деп тұр... Шынымды айтайын, әуеліде газет-журналдарға жабыла жазып жатқан ұшатын тарелкелердің біреуі шығар деп, сабағымды пысықтай бердім... Кейіннен, қой, бұны оқушыларға айтып барсам, ой-өрісін кеңейте түсетін ғылыми жаңалық шығар деген құштарлықпен далаға жүгіріп шықтым. Мектептің төбесінде ақ жалау желбіреп тұр. Ойбуй-й... Отыз жылдан бері оқушыларға берген сапалы білім, саналы тәрбиенің бір минуттың ішінде-ақ құмға сіңген судай жоғалғанын көріп, мұндай күйінбеспін. Қазір балалардың алдына қайтіп барарымды білмей сүлдем ғана сүйретіліп жүр" деп сүмірейтіп тұрып жазатынын қайтерсің...

Осы ойына түскен мектеп директоры аяғын әлтерпеш-тәлтерпеш басып, кеңсесіне жеткенше асықты. Жолшыбай қарсы ұшырасқан бірлі-жарым мұғалім "Сәлеметсіз бе, ағай?" дейді мұржаның басындағыны біз де байқап, қиналып қалдық дегендей мүләймсіп. Сезіп-білгендерінің бәрін жіпке тізіп келе жатқан директор орындығына жеткенше жаны мұрнының ұшына тақады. Дереву іс тіркеуші қызды жұмсап орынбасарын шақыртты. Соның арасында, талай жұтып қоятындай шет елдік телефон аппараттарын қойдырудың сәті түссе де, өзімен бірге директордың орындығына қатар отырғандықтан көзі қимайтын қара телефоны бар еді, сонысы жаңа туған ботадай ыңырсып қоя берді.

- Алау, алау...

- Ұзеке, алауыңыз дұрыс қой, төбеңізге тіккен ақ туыңыз құтты болсын!

Директордың жүрегі шым-шым етіп шанышып кетті. Совхоздағы партия комитетінің хатшысы, әшиінде де, екі аяғын бір етікке тығатын айбарлы, әрі тілінің уы бар адам еді, енді бүгін қыл кеңірдектен тақап ұстап отыр:

- Қалай енді, аядай ауылда қос үкімет боламыз ба?.. Сіздің біз білмейтін іш пікіріңіз қандай өзі?..

- Енді айтатыны жоқ, ағаеке, ұялғаннан кіруге жердің жарығын таппай отырмын, ал... - Директор жалынғаннан, парторгтің басынан сипап, "кешіре гөр" деп арқасынан қаққандай, қолындағы телефонның трубкасын алақанымен әлпештей ұстағанын сезбей қалды. - Қайтейін енді, не ғыл дейсіз, ағаеке жан-ау... Бала деген жетпегірдің жеткен жерін көрмейсің бе?.. Ақ шүберекте қай әкесінің құны қалды десейші... Иттер-ай, иттер, осылай өлтіреді ғой адамды, мақтамен бауыздағандай қылып... Ең болмаса, кран табылмас па екен сіздерден?..

- Кран?.. Ойпырмай ол қайдан ойыңа келді? Баста бәрің жабылып жүріп кранмен іліп пе едіңдер? Табылады. Облысқа ақша аударсаң, бір айдың ішінде есігіңнің алдына мойнын созып келіп тұрмаса көрерсің... Ал, краның келгенше ақ тудың астында ауыз біріктіріп отыра бермекшіміз бе?

- Ту емес қой, ақ шүберек десеңізші енді, жау алғырды... Қазір пештің ішіне бір-екі қалақ көмір салдырып жіберсем, кара күйедей болып түсі өзгеріп шықпай ма?

- Шүберек. Өзің байлағаннан саумысың... Ал, жақсы, көмір жақ та қарайта ғой... Жалауың қара түске айналғанда қай үкіметке қарауымыз керек өзі?.. Ондай баланың әңгімесін оқушыларыңа айтарсың... - Директорды бір жағына от, бір жағына су қоя, жан алқымға алып, біраз уақытқа дейін сілікпесін шығарған парторг, байсалды шаруаға бірден көше қойған жоқ, жаяу борасындатып ұрысын енді бастады. - Кітап ішіндегі жазылғандарды жаттатқаннан басқа, баланы түзу жолға саларлықтай салауатты әңгімелерің жоқ сендердің. Енді, міне өліп-тірілетінімен жұмысы жоқ, трубаға өрмелеп ту тігіп жүргендері... Өздерінше ерлік жасадық деп ойлайды олар, ерлікті не үшін жасау керектігінен бейхабар. Жылда түсіндіретін сабақтарыңды қайта-қайта шиырлай бергенше жан-жақтарыңа қарап, газет-журнал оқысандаршы... Мына дүниеде не болып жатыр деп, аяқтарыңды бауырға жинамайсындар ма? Ал, ертең ауданнан өкіл келе қалса, қарайтын не бетіміз бар? Шұрық-тесік мектебіңнің төбесіне салатын ағаш сұрайсың ба, әлде кран деп қыңқылдайсың ба? Сөздің тоқ етері, түске дейін ана ақ шүберегінді желбіретпей көзін құрт.

"Саған түсінікті ме?" дегендей, телефонның құлағы дың-дың ете қалды. "Осы-ақ білгішсініп жер-жебіріме жетіп болды-ау. Газет-журнал оқығаннан дүниесі түгелденгенше, отырған жоқпыз ба басымыз мәңгіріп?" деп қолын маңдайына тірей өшін кімнен алуды білмей отырған. Осы мектепте талай жыл мұғалім болып әбден ақ иығы шыққан орынбасары көптен бері көріспей кеткен жанша

"Ассалаумағалейкум" қолын ұсынып тұр... Әй, мұндай жыны тырыспас енді...

- Ей, өзің бір қолға құмар сорлы екенсің, мә, тыныш тап! - деп тарамыс саусақтарын алақанына ұстата салды. - Анау мұржаның ұшына желбіретіп қойған жалауыңа жол болсын?

- Ол не қылған жалау? - Сірәсі, таң қараңғылығынан кеңсеге келіп, ішкі тірліктерден мойыны босамаған завучтың жылу үйіне қарауға мұрсасы да келмесе керек-ті, бастығының айтқан сөзінен ештеңенің байыбына бара алмай дағдарды. - Өзіңізден есітіп отырғаным жаңа.

Ертелі парторгтан алған сөгісі бар, ашуы ішіне симай әрең шыдап отырған директор ал келіп жерден алып, жерге салсын. Түктен хабары жоқ осы сияқтылардың кесірінен мектептегі оқу-тәрбие жұмысының бетімен жіберілгені, оқушылардың ата-аналарымен байланыстың жоқтығы, баланың қолынан тігілген ақ жалауды мектеп директорының орынбасарынан да бұрын, парторгтің байқап қалуының өзі нені аңғартатыны, біле-білсе, оны осы ауылдағы құрт-құмырсқаға дейін түгел көргенін, мектептің айналасында аңдағайлап жүрген арызқойлардың қаламдарын ұштап, қазірдің өзінде хаттарын қала жаққа беріп жіберетін адам таппай сенделіп жүргеніне дейін айтты.

Кәрі завуч жүрегін ұстады.

- Ауырмайтын, тастан жаралған жүрек менде екен ғой жалғыз, - деп тағы да бірталай жерге апарып салсын.

Бастығының алдында біраз әңгіме естіген орынбасар қатты қысылды, маңдайынан тер шықты, көзін жыпылықтатып мұрнын жиі-жиі тартты. Директордың алдында тәрбиелік жұмысына қатысты үлкен кемшілік жібергенін мойындай отырып, кешірім өтінгендей жалынышты раймен қарады: - Енді қалай қылғаным дұрыс болар екен? Мұғалімдерді шақырып, бүгінгі жағдайға байланысты жиналыс өткізіп жібереміз бе?

- Ненің жиналысын айтып отырсың, қарағым-ау... Ана ақ жалау көк желкемізге қадалып тұрған кезде жиналыс түгілі, тамағымыздан қара су өтеді дегеніңе таңым бар. - Директор да алғашқы қарқынынан бәсеңдеп, жан ашуынан ішін босатып алғаннан кейін біршама саябырлады. - Алдымен ана туды апарып ілген жетпегірінді, бала бас сайын сұрау салып іздесең де тауып ал. Оның класс жетекшісінің де бет-ажарын көрейік... Осында ата-аналарын алдырып, мойнымыздан көрінген жалауды бүгін түнге жеткізбей көзін құртудың әрекетіне кірісейік.

...Мұржа басына ту тігіп, бүкіл мектепті табанынан сарсылдырған оқушыны табу орынбасар үшін ешқандай қиындыққа түспеді. Қазір сегізінші класта оқитын Сапалақ есімді қара бала көзі бақырайып директордың алдында тұр. Өзінің түнде жасаған "ерлігі"

жайлы інісіне шет жағалап айтқан екен, онысы тосын оқиғаның табанын жерге тигізбей алып ұшып, ерте естіп келіп бүкіл мектепке жайып жіберсе керек-ті. Сол Сапалақ мұржа басына шүберек байлағанда қандай қылмыс барын түсінбей директор қойған сауалдарына аң-таң қалады. Қайта, анау ұшы көк тіреген темір тұрбаның бойынан табан тірейтін тиянақ тауып, ұшар биігіне шыққаны үшін, шыққанымен тұрмай ерліктің белгісі ретінде басына, қандай түсті болса да, шүберек байлағанын ескеріп, бізге қиын кезеңдері тау-тасқа өрмелеп кететін осындай батыл балалар керек деудің орнына, қилы-қилы түсініксіз сұрақтар қояды...

- Темір мұржаның басына не үшін ақ жалау байладың?

- Жай... Өзім, - дейді Сапалақ төмен қараған қалпы, әлдеқалай еден үстіне түскен шекілдеуіктің қабығын башпай бастарымен әрі-бері қозғап.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының шыныменен жүрегі ауырған екен, кеудесінің сол жағын қолымен әрлі-берлі уқалай отырып, бастығының көңілі үшін ғана:

- Әкеңнің әкелері өткен бір замандарда ауылнай, болыс болған жоқ па еді? - деп демеуші сауал тастады.

Осындай әбігерлік өзінен шыққанына күмәнді болса да, бүгінге дейін директордың кеңсесіне басын сұғып көрмегендіктен қаралай қысылып тұрған Сапалақ:

- Олар кімдер? - деп орынбасарды жасқаншақ жанарымен шалып өтті.

Әлі де айтқан сөздер оқушының зердесіне жетпей жатқандықтан бұлар ұғынықты тілмен тез арада түсіндіру жағын қолайлады.

- Осы тәртіпсіздігің үшін өзіңді комсомолдан шығарамыз, әкеңе алты жүз сом штрап салып, енді қайтып мектептің табалдырығын баспайтындай қыламыз, - деп біраз жаманатты төндірді.

- Алты жүз сом? - Сапалақ "шын айтып отырсыңдар ма?" дегендей ұстаздарының жүзіне таңырқай қарады. Ешкімге ренжіген сыңайы байқалмайды, қайта күтпеген жерден сау басын саудаға салып қойған мына үлкен абыройсыздықтан құтылатын жол бар ма деп ойланып тұрғандай. - Қалай сонда?.. Тұрбаның басына өрмелеген әкем емес, мен ғой... Өзім...

- Мынаның жаны бар екен, штрапты айтқаннан кейін аузы қимылдап тіл бітейін деді. Ал, өзің... Сол тұрбаға жабысып бара жатқаныңда бір тепкішегінен қателестің де, аяғың тайып, құлап түссең, мерт боласың... Сонда ауданның алдында сен үшін кім жауап беретінін білесің бе өзің?.. - Директор мен завуч Сапалақты кәдімгідей қос тақымдап сөйлемесіне қоятын емес. - Алдымен соны айтшы дейміз...

- Білемін... Әкем жауап береді...



- Кімге?

Сапалақ әлденеге түйлігіп-булығып үнсіз біраз тұрды. Бірдеңе айтқысы келетіндей ме, бірақ ерні жыбыр-жыбыр етіп жуысатын емес. Саусақтарының басын қайта-қайта қайырып, буындарын бытырлатады. Кіндік тұсында бір тал жіпке ілініп, түсіп қалуға шақ тұрған түймесімен де шаруасы жоқ, пыш-пыш етіп мұрын тартуын жиілете бастады.

- Әкең кімге жауап береді дейміз саған?..

- Ешкімге де... Өзіне-өзі жауап береді...

- Өз-өзіне қалай жауап береді адам?..

- Солай... Мен мұржадан аяғым тайып құлап өлген соң, өзінше жылап-сықтайды... Түні бойы мені ойлап ұйықтамайды... Сөйтіп, әкем өзіне-өзі жауап береді...

- Астапыра-алла! - деді директор мен завуч қосыла әндетіп. - Айтып тұрған сөзінің сиқын қарашы...

Сапалақтың класс жетекшісі оқу бітіріп келгеніне төрт-бес жылдың ғана мұғдары болған, өлең, әңгімеге әуейіленіп жүрген Сұлтан деген жігіт еді. Кейде болмашы сөзге едірейіп шыға келетін бас асаулығынан ба, шәкірттер алдында солардың бір жыл туған құрбысы тәрізді қайдағы-жайдағы әңгімелерді еркін айтатыннан ба, әйтеуір, директор оны "педагогикаға он қайнаса сорпасы қосылмайтын жігіт" деп іші алмаушы еді. Завуч бағана "класс жетекшісіне екі баланы бірінен соң бірін кезектестіре жұмсадым, барлық шаруасын тастасын да, тез арада мектепке келсін деп хабар айттым" деген. Сонан бері де қой сойып, қонақ жайлайтындай біраз уақыт өткен тәрізді еді. "Не болып қалды?" деп менсінбегендей сұраулы жүзін бұларға тастаған Сұлтан енді ғана келіп тұр. Кешіккені өз алдына: "Ау, Сапалақ, сен мұнда қалай келдің?" деп, айта тұсынан өтіп бара жатып, шәкіртінің иығынан қолымен сипай ғана қағып өтті. Жігіттің осы бір қимылын директор мен завуч өрескелдеу санап, іштерін тартып қалған. Айтқандай-ақ, Сапалаққа жетпей тұрғаны класс жетекшісінің бір ауыз жала сөзі екен, оны естіген баланың егіл-тегілі шығып жылауы қалай дерсің... Сұлтан таң алакеуімнен мектеп өміріне әбігершілік ала келген ақ жалау жөнінде құлақтанған болса керек, оқушысының не үшін жылағаны жайлы әңгіме қозғамады. Бұдан кейін Сапалақты тысқа шығарып жіберіп, әңгіме оқушысыз жерде оңаша өтті.

- Ақ жалауда не тұр? - дейді класс жетекшісі бұлардың өздеріне дүрсе қоя берді. - Дүниенің бәрін қып-қызыл қылмасаңыздар ішкен астарыңыз бойларыңызға тарамай ма?

- Әй, мынау не айтып отыр? - Кәкір өзінен шыққандай, тосаңдау еститін директор, алдындағы қорапшадан шырпының бір талын

суырып алып құлағын тазарта бастады. - Мынауыңа түсіндіріп ал алдымен...

Қарсысында отырған завучқа қарай иегін қақты.

Үшеуара талас біраз жерге дейін барып, шалықтары басылған соң, ақ жалаудың қазіргі саясатымыз үшін тіпті де жайсыз емес, қайта оқушыларды теріс жаққа қарай тәрбиелейтінін Сұлтанға екі жақтап отырып құлағына күйсын. "Онда не тұр, заманында ата-бабамыздың туы болса болған шығар?.. Балалықпен іліне қалған екен, бүкіл мектепке шу көтергеніміз қалай? Бір жағы кем қалады десендер, қасына апарып қызыл жалау байлаңдар" деп класс жетекшісі бұлармен тәжікелескен күйі сазарып қалды. Тіпті, қанадан шыққасын директор үлкендігін салып, класс жетекшісіне ағалық жағынан келіп бастырмалата ұрысты.

- Оңбайсың! - деді. - Қазір түстен кейін ана жалауыңның көзін құрт! Зәңгімен өрмелейсің бе, қолыңа сырық ұстап, астыңа қабат-қабат үстел қоясың ба, онда менің шаруам жоқ. Күнің күндегі жерінен шығып, айың орнында тұрсын десең солай қыласың!.. Жасым алпысқа келгенде сенің оқушыңа бола тұрбаға өрмелейтін жағдайым жоқ. Бірақ, бірде-бір оқушыңды жалауды алып түсуге жұмсаушы болма, құлап кетіп мертігіп жатса, үйімізді таба алмай қалармыз.

Қанша отырғанмен, класс жетекшісі директордың соңғы сөздеріне қайыра жауап айтпағанмен, үшеуі ортақ бір шешімге келе алмай үн-түнсіз тарасты.

Сұлтан класс балалары ішінен бұйығы, бір тоға мінезі де бар Сапалақты бес саусағындай біледі. Қырымнан қарасы көзге шалынатын биік мұржаның басына апарып ту қадауының себебін де өзінше топшылаған. Расында да, класс жетекшісі қателеспеген еді.

\*\*\*

...Сапалақ класындағы Сәпей деген қызға ғашық болатын. Сәпейдің бет-жүзі аршылған жұмыртқадай аппақ та, кірпігі қап-қара, көзі таңғы шақтай мөп-мөлдір-ді. Ернін айтсайшы, бұл өңірде ешкімде жоқ, құмдағы қызғалдақтай дірілдеп, сонадайдан тартады да тұрады. Осының бәрін былтыр аңдады, жаз бойы жаңағы суреттер ойынан бір кетпей тоғызыншы кластың оқу жылына кәдімгідей жүрегі лүпілдеп әрең жетті.

Қыздың көзінше Сапалақтың сөйлеуге тілі байланады да қалады, ал мектептің маңынан ұзап жалғыз өзі оңашаланса болды, айқайлап өлең айтқысы, немесе жер тепкілеп отырып жылағысы келеді. Ішінде алабұртқан дауыл бар ма, әлде тілі жалақтаған өрт лаулап жатыр ма, шыдатар емес.

Өзінің сабақ үлгерімі жағынан Сәпейге шеңдесе алмайтынын жақсы түсініп, ол жағын жыл басында-ақ жылы жауып қойған. Осындай артықшылығы барын сезе ме, әлде табиғат берген мінезі ме екен, қыз да Сапалақтың жеке өзіне бағыштап әңгіме айтқан емес, айтса да балаларды бөліп-жармай, ойын ортаға салып сөйлейді. Әйтпесе: "Сапаш, саған дружина Советінің атынан арнайы тапсырма бар. Бір күннің ішінде осы мектептің қабырғаларын қыршып түсіріп, қайтадан сылап шық" десе, Сәпейдің әмірін жатпай-тұрмай орындар еді. Әрине, мұның бәрі оның оңашадағы арманы.

Сапалақтың бойында да ауыз толтырып айтарлықтай екі түрлі өнер бар. Біріншісі, биіктіктен секіру... Түнеукүні бір жарым метрлік сырыққа керілген жіпке башпай қақтырмай өтіп бүкіл мектеп оқушыларын таң-тамаша қалдырды. Келесі жолы екі метрдіңді толғанып-толғанып барып аттамасам ба деп жүргенде, дене тәрбиесінің мұғалімі оқу жоспарында солай деп, топ-топқа бөліп арқан тартқызып, артынан доп ойнатып жөніне кетті. Енді Сапалақ күймесін бе?..

Екінші өнері - сурет салу. Обалына не керек, "Ара" демейді, "Балдырған" демейді, ылғи да аузы қисайған, көздері ақшиған кісілердің суреттерін айнытпай көшіріп, класс балаларын маз-мәйрам қылып қояды. Оқушылардың жыл он екі айда бір соғатын үш айлық ұзақ демалысында бұзауларын көгал басына айдап салысымен үйіне келіп айналысатыны да - сол сурет. Осы кездері іні-қарындастарынан тықпалап жасыра жүріп, енді екі-үш жылдан соң болғалы тұрған үйлену тойына барып Сәпей екеуінің шақыру билетін жасады. Өзінің омырауына гүл қадап, галстук байлады. Үстіне жолақ түсті костюм кигізіп, қыздың басын кеудесіне қарай қисайта салды. Сәпей суретінде күлімсіреп отыр... Оны сегізінші кластықтардың орталау мектепті бітіруіне байланысты түскен суреттен көшірген еді, аумай қалыпты. Оған қарағанда, қыз екі-үш жылдан кейін болса да сүйгенінен көз жазбай, ақыры тауып қосылғанына дән риза. Бұл дүниеде арманы жоқ жан секілді, басын мұның омырауына қарай сүйей береді, сүйей береді. "Шақыру билетінде" Сапалақтың қабағы қатулы, мойнында жауапкершілігі бар жан секілді. Ойлап-ойлап бас қатыра қалғанда, менің салмақтылау тұрғаным дұрыс шығар деп ер мінезді жігіттердің бейнесін қалап алған. Енді несін айтасыз, сыртынан қарағанда ауыл арасындағы фотографтардың шалапісті жасаған "Шақыру билеттерінен" гөрі бұл екеуінікі әлдеқайда салауатты, әрі әдемілеп көмкерілген.

Ортасынан төмен өрнектеп тұрып жазған бір ауыз сөйлем бар. Онда: "Құрметті Сұлтан ағай - делінген. - Сізді үйлену тойымыздың құрметті қонағы болуға шақырамыз". Астына Сапалақ пен Сәпей деп,

тойдың өтетін жерін, айы-күні мен жылын түгел көрсеткен. Пәлі деңіз!

Сызу дәптерінің аппақ парағына салынған сол суретті Сапалақ алғашқы күндері екі бүктеп, төс қалтасына тықты, кепкасының астарын сөгіп арасына жасырып та төбесі қытырлап біраз жүрді. Үйдің шатырына шығып, шифер астына айқастыра салған ағаштарға қағып қойып, жата-жастана қарап жатып та неше түрлі қиялдарға берілетін. Ақыры ол жерге де байыздамады, өзге біреулердің көзіне түсіп қалмас үшін сиыр қорадан күн батысқа қарай өлшеп тұрып он қадам аттап, аяғының басы жеткен жерден білек бойы жер қазып, соған орап көмген еді. Кейін қадамынан қателесті ме, әлде орнынан жаңылысты ма, қанша іздесе де таба алмай әуре-сарсаңға түсті.

Суреттің аты сурет қой, онымен біреудің көзіне түскенде де ойлаған арманы орындала қалатындай сыңайын байқамағасын, қабырғасымен кеңесе жүріп, "бір Сәпейдің жолына жаным құрбан" деп осы жылы бокс секциясына қатысқан. Оның көз алдынан жатса-тұрса: омырауына жарқыратып медаль таққан бейнесі, сосын мұның қолына кішкене бөбегін көтеріп, қошеметтеген көпшілікке қарап күлімсіреген Сәпейдің бейнесі бір кетпей қойды. Осы мақсатқа қалай да жету үшін терін төгіп жүгірді; есік алдына кенеп қапты іліп қойып дода-додасын шығарғанша жаны алқымға тығыла ұрды келіп; қарсыластарынан таяқ жеп, көзі көгеріп те талай рет сабаққа барды, бірақ алған бетінен қайтқан жоқ. Қай күні жаттықтырушысы совхоз клубында өтетін боксшылардың бәсекесіне мұның да фамилиясын қосып, тұсына аты-жөнін, туған жылын түгел жазып қойыпты. Қаншама қобалжығанмен қашқалақтаудың қисынын таба алмай, тәуекел деп рингке шыққан. Қолына қолғап киіп, белгілі бұрышына қарай беттеген кезде алдымен көзге түскені өзінің әке-шешесі болды. "Бүгін Сапалақжан бокске түсетін күн" деп бәрі де қаздай тізіліп алдыңғы қатарлардың бірінде отыр... Көпшілікке тағы да бір көзін салып еді, қаракөлеңкелеу бұрышта бұдан көзін алмай қобалжып отырған Сәпейдің бейнесін шалып қалғандай болды. Одан әрман мұның да шегесі босап, қаралай тұрып жүрегі аузына тығылсын. Шамалы қаша ұрыс салып, басымды қорғайын деп қарсыласынан тайсақтай бергені сол еді, тұп-тура шықшытының астынан үрленген шар жарылғандай бірдеңе тарс ете қалғанын біледі. Құлап түскеннен соң ғана жаңағының аңдаусызда келіп тиген әлеуетті жұдырық екені есіне түсті. Зал ішіне жиналған ауылдың адамдары у да шу болып, кішкентай клубты басына көтере айқайлап жатыр. "Сапалақжан, тұра ғой енді" деген жоқ, төреші мұнда тағы да алатын құны бардай бас жағына келіп "Бір, екі" деп қылқылдап санайды. Ақ дәкелерді шиыршақтап-шиыршақтап арқан бойымен керіп тастаған екен, содан тартынып барып орнынан әзер көтерілді. Енді байқап көрсе, тіпті,

қарсыласына қарай қол жұмсауға да құлқы байқалмайды, қай жағына қарай қашқаным дұрыс болады дегендей жан-жағына алақтай бастаған. Сөйткенше, қаңғыр еткізіп тағы да гонг қағылды. Төрешінің "Бокс" деп айтуы мұң екен, өзіне таныс жұдырық жалт ете қалып, бағанағы тиген шықшытқа тағы да дік етсін. Бір жері ауырса қайтерсің, тіпті, тиген жұдырықты шыбын шаққан ғұрлы көрмеді-ау, бірақ еден үстінде тырайып құлап жатыр. Жаттықтырушы мұның қолындағы қолғаптардың бауын шешіп те үлгерместен былғап-былғап лақтырып жіберді де, у-шу болып жатқан клубтан үйіне қарай шыға қашқанын біледі.

Алғашында, қандай амалын тапса да осы ауылдан қарасын батырмаққа бекінген. Міне, шабатын машина, ұшып кететін самолеттің реті болмағандықтан ойлаған шешімі өз-өзінен өзгеріп, үй алдынан оқшаулау салынған ас үйдің кішкене кепесіне кіріп отырғанда бұл райынан қайтты. Ұяттан өліп барады, не істесем екен деп біраз мәңгірді. Ауыл шетінде жарқырап көл жатса, шайтаны да сескенбестен тұңғиығына қарай сүңгіп кетіп, әбден талмаусыраған кезде су бетіне бірден қалқып шығар еді-ау! Ауыз суына дейін сырттан тасып, күнін әрең көріп отырған "Кішіқұмда" су қайдан болсын? Сәпейдің мұңды жүзі көз алдына келгенде, атылған оққа да болса ілесіп, көз көрмес, құлақ естімес жаққа ұшып кетуге бар, бірақ қас қылғандай бұл ауылда демің жеткен жеріне дейін шым батып кететін тереңдік те, шырқап ұшып шығатын биіктік те жоқ, бар болғаны төбе-төбе құмдар... Осы "Биіктік" дегеннен-ақ Сапалақтың көз алдына мектептің қасындағы жылу үйінің мұржасы - биік тұрба келді. Бұл өңірде одан өткен шың да, зәулім ағаш та жоқ. Қараңғыда қате болып, аяғым тайып өле кетсем де соның басына шығып бір солығымды басайын деп бекінді. Бұл оның өзінше ойлап тапқан Сәпейге деген адал көңілі, оның алдында өлімнен де тайсалмайтындығының куәсі болып қала бермек. Сол себепті шыққан тұрбаның басына белгі байлап кету керек деп түйді де, кір жайғышта тұрған ақ жайманың біреуін алып, орап-орап қолтығына қысып алды. Қысып алды да, мектеп жақты бетке алып ағарандап жатқан аяқ жолмен аяғы-аяғына жұқпай жүгірді. Қайта тұрбаның бойында әр жерден қадау-қадау салынған темір басқыштар бар екен, ол жоқ бола қалған күні де, Сапалақта сескендіретіндей кешегісінен өткен қайғы-қасірет жоқ. Бәрі де өзі ойлағаннан гөрі сәтті аяқталып, жерге түскенде, иығынан ауыр жүкті тастағандай жеңілдеп сала берді Сапалақ. Бүгінгі күні желбіреп тұрған ақ жалау - Сапалақтың Сәпейге деген кіршіксіз махаббатының белгісі еді.

...Кеңсе ішінде кеңесіп-кеңесіп, белгілі бір шешімге келмегеннен кейін, директор бастаған үшеу "енді қайтеміз" дегендей тысқа шыққан. Есік алдында шуылдап балалар тұр, арасында "ақұдай

шүкір, аман қалса жарар еді" деген ағай-апайлардың даусы естіледі. Сұлтанның іші жайсыз жағдайды күні бұрын сезгендей қобалжулы еді, табалдырықтан аттасымен көк төсіне сұғына еніп кеткен тұрбаның ұшына қарады. Түске дейін желбіреген ақ жалау орнында көрінбейді, одан төменірек қолтығына бірдеңені қысып алған Сапалақ қолы жеткен жерден тырмыса ұстап, басқыштармен түсіп келеді. Өзі, шынында, епті екен, әп-сәтте жерге жақындап-ақ қалды. "Осының бәрін Сәпей көріп тұр ма екен?" деп, Сұлтан көз қиығын салып балалардың ішінен қызды іздеген, лезде тауып алды. Айналасындағылармен шаруасы жоқ, екі көзі Сапалақ жақта, жұдырығын кеудесіне қысып, ернін тістеп алыпты. Құламаса да, Сапалақтың аяғы бір тетікке ілінбей қалса, жылап жіберетіндей сыңайы бар. Сұлтанның өне бойын осы бір екі оқушының арасында бұр жарып келе жатқан сүйіспеншілікке, тіпті махаббатқа деген тебіреніс билеп алғандай ма, көңілі толқып кетті.

\*\*\*

Сапалақ сүрінбей-жығылмай жерге аман-есен түсті. Ертеден бері ақырын күтіп тұрған көпшілікке сонадайдан ақ жалауды умаж-умаж күйінде көрсетіп қайтадан қолтығына салды. Сосын, жалт бұрылып түндегі келген ізімен үйіне қарай тұра жүгірді.

## **МЕНИҢ АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫМ**

### **I**

Мен мектепті алғаш көргенде жылап жібердім қорыққаннан. Өйткені апам үйде ұрысқан сайын:

- Сен қыз ба, тұра тұр! Ертең оқуға беріп, көзіңе көк шыбын үймелетермін әлі... Мына мінезіңмен қаттылау мұғалімнің уысына түссең, шашыңды талдап, түбінен жұлар, - дейтін.

Қас-кірпігіме үйме-жүйме, ұшып-қонған шыбын-шіркейлер елестеді. Ол аз болғандай бұрымымды тарқатып тастап, ерінбей-жалықпай біртіндеп "шашыңды үзетін" осы адам дегесін, еңірегінде етегім жасқа толмасын ба? Бетімнен қолымды босатып, саусақ арасынан сығалағам: адамның көптігі сондай, басым айналды. Менен басқалар әке-шешелерін айнала жүгіріп, әлденеге мәз. "Шашын да, көк шыбынды да" ойлап жүрген жоқ. Мінезім жеңілтек жалғыз мен екем. Даусым бұрынғыдан да қатты шықты. Апам мені жұбатпаққа зерлі қамзолының қалтасын қаққыштап, қолыма кәмпит ұстатты да, бетімнен алма-кезек сүйді.

- Міне, құлыным, жей ғой. Сен де үкіметтің бір адамысың енді... Мұғалімдеріңді қарашы, әні...

Денем дір еткен. Мұндай есімді адамдар туралы естігенім болмаса, көргенім бірінші рет: қайнаған күннің астында мандайлары жарқыраған үш-төрт кісі. Қызыл шүберек жапқан ұзын столды қоршай қауқылдасып, бірдеңе жазады өздері.

- Әне, пәмиләнді айтты, көзіңнен сораңды ағызбай қой енді! - Жұлқып ала жөнелген апам қасарысқанымға қарамай, соларға қарай дырылдата сүйресін. "Ойбай, оқымаймын, үйге қайтамға" салып, бақырғанымға әлі ұялам. Алғашқы ұстазым Ажаркүл апаймен кездесуім осы.

- Мынау кім, әй, Тазагүл шығар! - Даусы ақ ешкінің мойнындағы жарқырақ қоңыраудай. - О-о! деген! Мұны бір жақсы бала деп естіп ем ғой.

Сонан соң көзімнің жасы сап тиылды. Апайдың құм үстінде құйрығын қыпылдатқан сауысқан сияқты біз тұмсық топлиіне қарап, қаттым да қалдым. Жаны бар нәрселер тәрізді, екеуі бірдей секек-секек етіп, өзара ойнайтындай. Арқамнан қағып еді, алақаны мап-майда екен. Гүлді орамалмен бет-аузымды сүртіп жатыр.

- Тазагүл-ау, жыламасаң тіпті сұлу екенсің ғой! Міне, не деген әдемі қызсың!..

Жүрегім кеудеме сыймай қуанғаным-ай сондағы! "Апай, керек десеңіз "Айым болып тудың ба?" деген өлең айтайын" деппін. Ұят-ай! Өзім де жындымын ғой, нағыз! Көңілім алып-ұшып, ішімдегі ән кеудеме сыймай, аузымды аша бергем:

- Тәйт, - деп қалды шешем. Жым болдым.

Сөйтіп, оқыдық-ау!

Енді Ажаркүл апайды қатты сағынамын, әй қатты сағынамын. Мені класком сайлағанын айтсайшы бәрінен де!.. Былтыр машинаға мініп, бізге айтпастан бір түнде қалаға кеткен де қалған. Сонан қайтып оралмады. Оралса, салдыр-салақ Қалабаев ше, соның көзіне көк шыбын үймелету керек еді. Тәртіпсіз десейші. Жақында: "Білсеңдер, айтшы, Ажаркүл апай қалаға неге кетті?" - дейді. Ұятсыз-ау, барып тұрған ұятсыз.

Енді шығармамды аяқтаймын, ағай. Мұндай жазғанымға Ажаркүл апай бес қоюшы еді-ау!

*4 "а" класының оқу озаты, пионер әрі  
староста Тазагүл Табанова.*

Ажаркүлді кім алып қашқанын мен білемін: Ол күйеу, күйеу! Не істейсің ал! Адамды күйеу алса... Бітті шаруасы! Менің тәтем де киноға кеткеннен жоқ қой! Маған нанбайды мыналар. Қайта шетімізден сыпырып кетпегенін айт!

Ай, Ажаркүл апай, млитцаға айтса ғой, күйеу түгілі шайтан боп кетсе де, пистолетпен маңдайға бір-ақ ұрсын! Анда-санда 20 тиыннан ақша жинататын қандай жақсы апай еді. Дүкеннен кәмпит, пешеней алып, ту алысқа экскурсия жасайтынбыз. Далада талай қара қоңыздың екі көзін ойып жіберіп едім-ау, ойып жіберіп едім! Қыздардың мойнына құрт салсаң, шыңғырып, шыңғырып қашатын! Рақат!

Оңбаған күйеу, оңбаған күйеу! Мұрны күйе-күйе.

Біздің Ажаркүл апай жуас қой, жуас! Әкем қойдың аузындағы шөпті де ала алмайды дейді. Сосын қайтсін, басына қап кигізген де, зытып тұрған күйеу! Әйтпесе, карата қылса... Көрер едің! Әй, шіркін, мен ұстағанда оны қайтып бұл жерге жолатпастай етер ем!

Біз апай екеуміз туысқанбыз, сосын маған ұрыспайды. Күйеудің кім екенін айтсам ба екен, айтпасам ба? Түсіндіңіз бе? Ха!

Каратис Қалабаев. Ох, мына жерге су тамып кетті. Шын айтам, ағай, аузымнан. Өйткені, мұрным тымаудан бітеліп қалған.

*Сапқоз Харахум.*

*Өшеник Қалабаев Далабай.*

### III

Менің алғашқы мұғалімім қандай тамаша адам. Ол кісі бізбен бірге класта отырып, ән салушы еді. Жіп-жіңішке қылдау даусын көзіммен көретін сияқты ем. Ол құлағыңнан кіріп, ішінді шырмауықтай шандиды да, бөлмеден сызылып сыртқа шығатын. Ирелендеген әдемі үн батпырауықтай биікке көтеріліп, әне-еу бұлттардың арғы жағына өтіп кететін.

Келеді қара торғай қанат қағып,

Астына қанатының маржан тағып.

Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,

Айрылдым қапылыста сенен не ғып.

Маған жазды күні Сәрсен екеуміз ойнайтын құдық басы мен қойдың төрі, шошақ төбелер бетімен қалықтап ұшқан сағым тақтаға салған суреттей елестейді де, көзімнен жасым ағып қоя береді. Жылаймын, апам жоқ болғасын неге жыламайын. Есімді білер кезде ағам екеуміз кіп-кішкентай, топ-томпақ моласына барып, қол жайып "тие берсін" дейтін ек. Қазір Сәрсен де, мен де апамның қайда жатқанын да білмей қалдық.



Жексұрын Қалабаев адамды мазақ қылады-ау, ағай, соны бір құлағын бұрап-бұрап неге жұлып алмайсыз. Мен жыласам: "Маңдайындағы местен су тамшылап тұр", - деп ылғи да қыр ізімнен қалмайды.

Ағай, сіз, Сәрсенді қалай білмейсіз? Ол менің інім ғой, жақсы бала. Қайта ауылға бара қалсаңыз бетінен сүйіп-сүйіп құшақтамайсыз ба? Сөйтiңiзшi. Өйткенi, оның анасы жоқ қой. Ажаркүл апай каникул сайын "бөпеңе апар" деп әшекей қағазды кәмпиттердi жылтырақ қалтаға салып беретiн. Сiз неге өйтпейсiз? Әлгi қалтадан ауылға жеткенше жегiм келетiнi сонша, аузымнан сiлекейi-iм ағатын. Бiрақ алдымнан жүгiрiп шығатын iнiм есiме түскенде, қолымдағыны бауырыма басып, тiстенiп алам.

Менiң қазiр Нүрбәнү деген жаңа апам бар. Бiреу лаулатып iшiне от жаққандай көзi деген жалт-жұлт етедi-ау, жалт-жұлт етедi. Шашымды тарағанда есiмдi тандыратынын қайтерсiң? Бiлмейсiз ғой, қолдары қара темiрдей, төбендi ойе-еп жiбередi. Қайтейiн, әкем аман болсын. Қазiр Сәрсеннiң тырнағы сояудай шығар, осынан барайын каникулға.

Бiрiншi сентябрьге келгенде үш сом ақшам бар едi. Екеуi дөңгеленген тиын да, бiреуi қағаз. Қағазына бояу қалам мен тiс ысатын паста, тағы Сәрсенге шар алғам. Темiр ақшаларды қанша iздесем де таба алмай қалдым. Интернаттағы үлкен қыздардан сұрасам:

- Көрдiк... Бағана домалап бара жатқан. Еденнiң тесiгiнен астына түсiп кеттi, - дейдi. Сол араға сызғышымды салып қарайын десем, астында тышқан бар.

Ендi он төрт күннен кейiн ауылға қайтамын.

Кеше түсiмде апам даладан шөпшек терiп келе жатыр екен, менi көрiсiмен құшағын жайып тұра жүгiрдi. Секiрiп-секiрiп, мойнына асыла бергем, саусағым жазылып кеткенi-ай! Көзiмдi ашып алсам, күлiп жатырмын... Сосын, жыладым...

Ағай, Ажаркүл апайға хат жазыңызшы, қайтсын да. Мына Қалабаев қайтадан құтырып жүр. Бағана "Ах, карата" деп есiктi теуiп жiберiп, шалқасынан түскенi. Төбесi толған орай екен оңбағанның.

Қап! Тағы да апамды сағынып отырғанымды көрмейсiң бе?..

*Хат иесi Ақгүл Әбжанова.*

## ТАҒЫЛЫМ

Қасымжанның қауырт шаруасы болмағанымен, жолға шықса, жанығып жүру қанына сiңген әдет. Тамақтанып кет дегеннiң шайынан

шала-шарпы ішу, шай ұсынған үйдің дастарқан басына бір тізерлей, шетінен ғана сындырып нан ауыз тию - өзгеден гөрі өзіне де бір түрлі. Аттап өтетін арық емес, жаратылысынан қашып адам құтыла ма? Сірә, мұның түп-төркіні себепсіз тиын сылдыратпайтын сарандығында емес, жұрттың қонақжай көңіліне деген сенбестікке де қатыссыз, жай қарапайымдылық. Жақынсырағанға елден ерекше бейнет тауып беру жігітке лайық па? "Тыс-с, тыныс... Үйдегі қонақтың мазасын аласың", - деп ас үйде күйіп-піскен шешенің өмірін баласына айтқызбай-ақ, тірлігін тастап, мейман көңілін аулаған әкелердің де жайын ойлағандық. Онсыз да үргедек Қасымжан тағы бір тосын оқиғадан кейін не күлудің, не ренжудің ретін таппай екі ұдай күйде жүр. Бірін, бала кездесе түртпектеп, әрнеңені сұрауға құштар орынсыз үшқалақтығынан десе, екінші жағынан, баланың аты бала да. Өкпе-бауырыңды қайтсін, айта салады... Артынан күледі...

Кезекті командировка еді. Самолеттен түсісімен, әдетінше алып-ұшып вокзалға жеткен. Келсе, мінгенде зулап, күтсең табандап қалатын поездың облыс орталығындағы сәулетті вокзалға сәлем беруіне табаны күректей төрт сағат бар. Темір жолмен іргелес автовокзалға да барып көлік қарастырған: бұл жүретін бағытқа қоңыз жорғаласайшы, серттескендей серіппей қалыпты. Қайткенмен жаяулап жолға шықпайды: енді билет кассасы алдындағы ұзын сонар кезекте тұрып ойлағаны - осындағы досының үйі. Аты - Шалабай! Кіндік қаны туған жер топырағына бір тамған құрдасы от басында отырған бір сәтте:

- Сен бір адамға ұқсап өткен-кеткенінде соғып жүрсейші!.. Бала кездегі бұқпа мінезің қалмапты әлі... Бұл үйде сені сыйлап жіберерлік дәулет табылады... Сүмендеп қонақ үй сағалайтын кәсібіңді қой, - деп еді.

Қатар өскен құлынның тепкені де май, Қасымжан көңіліне ауыр алған жоқ. "Сүмендеді" дегені қияс та, жалғыз жүретіні рас қой. Нағыз өмір дастарқан басында өтер болса, Қасымжан бұл өмірде бар-жоғына күмәнді онда. Сыйлы деген қонақтар сыпайы әзілге шеберлік байқатып, қалғандары қиқылдап-шиқылдап жатқанда, мұның бетінен, құрығанда күлкі көлеңкесі жүгірсейші... Жүгірмейді. Сонысынан қысылып-қымтырыла ма, әлде туа бітті мінез бе, әйтеуір, отырыспаға жоқ-ау, жоқ! Сол жолы да асығыс аттанған жігіт Шалабайдың жұтынып тұрған үй жиһаздарын көріп, әрі қонақжай көңілдеріне ығыланып, енді солай беттеген.

Күн - демалыс.

Тысын шырша бұтағының суретіндей етіп, емен ағаштан қиюластыра қаптаған әшекейлі есіктің жақтаушасындағы қоңырау-тетікті ұзақ басты. Табалдырықтан аттағанда көзіне түскені - тосын жарықтан жыпырлай қашқан тарақанша бұрыш-бұрышқа беже

жөнелген үш бала. Қорыққаны, әлде қуанғаны белгісіз, қолды-аяққа тұрмай зыр қаққан үшеуінің атын атап, түсін түстеп, әрең байырқалатты.

- Аман, Есен, Тұрсын!..

Бой үйреніскенше, үйірпектеп әңгімеге тартқан. Шалабайдың аузын көшіріп, бәріне бірдей қолмен кигізген сияқты, еріндері жел қаққан шүберектей жалбырап, сөйлер сөзге жорғадай. Жасына қарай саптаса қалған балалардың біреуі:

- Ә-ә, біз сізді білеміз, - деп көзімен белгісіз мағынаның көлеңкесі жүрді. - Анадағы ағасыз...

- Қайыссы, қайыссы? - Қасындағы інілері екі иығын жұлып жеп тұр. - Біздің есікті салған кісі ме?

- Жо-оқ! Бірде дәу қапшыққа салып ет арқалаған аға ше? Сол шығар?

- Бірде мас боп келіп жылаған аға ше?

- Иә, саған! Оны папам жұмыстан қуып жібердім дегені қайда? Ол арақ ішіп, баласының мамасын ұрған. Бұл аға!?

"Қандай қылмысы" барын үшеудің ересектеуі Аманның аузынан естімекке ынтыққан Қасымжан қымсынудан да құр алақан емес, еміне түскен.

- Бұл аға тоназытқыштағы колбасаны жеді ғой!

- О-ох! - Қалғандары қол шапалақтап мәз-мәйрам. - Қатықты да ішкен кісі. Таныдық, келді, алақай!

- Әй, қойыңдар! - Бұл сөздің аузынан қалай шыққанын аңдамаған жігіт атаған тағамдарды түгеспегенмен, Шалабай мен әйеліне ортақтасқанын есіне салып бейжай қалды. - Дұрыс, дұрыс таныдыңдар! - Десе де жанынан жарақат тауып, аузына ине сұғып алғандай шым-шымдаған сыздау бар. Жүрегінің түбінен құрдасына деген өкпесі кілкілдей көтеріліп, әрең дегенде өзін тежеді. "Мә-с-саған! Колбасасы несі?" Тек тұрмай Есенге соқтықты.

- Сенің тісің неге қира-қира?

Аңқиған Есен әкесінен аумаған еріндерін лезде сылп еткізіп жинасымен, сыртынан алақанымен баса қойды.

- Папасына ұқсаған ғой, - дейді тетелесіне арашаға келген Аман "мұның не кінәсі бар?" дегендей ақтап. - Бірақ папам тіс салдырып алды.

- Неден? - Неден екенін білетіндеріне күмәнді Қасымжан тымтырыс отырғанша сөз суыртпақтаған. - Темірден бе?

- Жо-оқ, алтыннан... Сақинасынан төрт тіс шығады екен, доғдыр өтірік алдап, үшеуін-ақ жасаған. Қазір жақсы...

- Несі жақсы?

- Тісі.

- Тісі жақсы да, күлгенде жылтырайды...

Ертелі аядай ғана ас үйде киім де шешпестен тікесінен тұрған бұл кішкене "қожайындарды" тыпырлата ертіп, төр бөлмеге өтті. Төрт қабырғаның "байырғы тұрғындары" әтір сіңген ауа мен көз алдында ойнақшыған сәнді жиһаздар шығар. Әйтеуір, жан баласы бас сұқпағандай, адам иісі сезілмейді. Қасымжан аяқ суытпаққа көгілдір пүлішті төгілдіре жапқан жұмсақ диванға "Тәуекел" деп былқ еткен. Ізіндегі үшеу ұялас балапандардай ауыздарын ашып, жан-жақтан жамырады.

- Кірлетесіз, кірлетесіз!..

- Келгесін мамам ұрсады, бұл, тек, қонақтарға...

- Ендеше, мен де қонақпын.

- Иә, деген! Қонақтың подаркасы болады. Көрсетші, кәні!

- Мен подаркасы жоқ қонақпын, - "Жұрт баласы маңдайындағы қыршып алар!" Шынымен шамданған Қасымжан да қасарыса түсті.

- Сен онда папамның аулынан шығарсың, олар сөйтеді...

"Ойпырмай, мыналар поезға жеткенше саутамтығымды қалдырмас, аш құлақтан, тыныш құлақ. Айтқандары болсын". Керенау көтеріліп, қасындағы столға қайта барып жайғасты. "Тәжікелеспелік" деген достық ниетпен жайма-шуақ әңгімеге көшті.

- Мына арада ішінде түрлі-түсті балықтар ойнаған әдемі аквариумдерің бар еді-ау!..

- Папам: тексеріп жатқан кісілер кеткесін қайта әкелемін деп конторына апарып қойды. - Кішкентай Есен осыны айтқанда сыңараяқтап тұрып оң жақ табанын қасып-қасып алды. - Ол түгілі телевизор да сонда. Үкіметтікі ғой... Тексергесін... Қайтадан...

- Гүл де жоқ, - деп шағынды әңгімені бастан-аяқ түсінген ең кішкене Тұрсын. - Әдемі еді-ау, әдемі!

- Папаларың қашан келеді? - Бұл шыдамы таусылғаннан сағатына қарағыштаған. - Қонаққа шақырған үй осы маңда ма?

- Түһ! Ол папамнан айлық алатын кісі емес пе? - Белгісіз себеппен ашуланған Аман қабағын түйіп, ұртын томпайтуы мұң екен, қалған екеуі қаздай тізіліп соның артына тұра-тұра қалысты. Үлкенінің қос қолтығынан көздері жылтың-жылтың. "Шақырылмаған беймаза қонаққа наразылықтары!"

Қасымжанға қай жылдары қойлы ауылдың төрінде асыр салып, күнде кешкілік ақ қабақтардың басын қуалай алыстан қара шалынар ма деп зыр жүгірген бала күндері елестегенде күрсініп қалды. Жоқ іздеген жолаушының да арсалаңдап алдынан шығушы еді, келген кісінің қолын қимылдатпастан ат шідерлеп жіберетін де өзі. Түн ортасы ауғанша "көлденең көк аттының" әңгімесін тыңдап, қилы-қилы қиялдарға шоматын. Кіммен дидарласса да таң атқанда қимай қоштасушы еді... Мына балалар...

- Айлық беретін папаларыңда ақша көп пе? - Қасымжан осы сауалды қойған өзі екендігіне күмәнданды. Даусы да қатқыл ма?..

- Жо-оқ... Күнде мамам: "Нансаң нан алатын ақша жоқ", - дейді.

- Е-е, кішкене достарым. - Бұны да пендешілік ой биледі ме, әлде шынымен адалынан сөйлегенді дұрыс санады ма, ашығына көшті. - Ақша столдың үстінде, аяқтың астында шашылып жатпайды... Ол костюмнің төс қалтасындағы сақтиянда, не блокноттың ішінде қаттаулы болады...

Үшеуі де "қайдан біледі" дегендей бір-біріне қарап таңданып қалыпты. Тек, Аман ғана оңайлықпен берісер емес: - Ол жұмысшыларға тарататын ақша ғой. Сіз не бәрін айтып!?

Аманның жағдайын енді түсінген Қасымжан өзінің шама-шеңберден шығып кеткенін кештеу ұғып, кетуге ыңғайланған.

- Шай ішсеңіз, шекер анау шкафтың ішінде, майды білмеймін. - Ортаншысы адам қарасын қимай тұрса керек. Бұл сөзге ақ сіреу әлем ішінен жып-жылы сәуле көргендей әсерленген Қасымжан үстіндегі ауыр жүктің жартысынан құтылған жанша "Уһ!" деді. Жүктің қалған бөлігі жүрегінің түбінен төмен тұқырта тартқандай жай басып, көшеге беттеген.

"Шындық" деген осы, - деді аялдамада жан дүниесі шым-шымдай күйзеліп. - Осы - шындық!" Тіпті оған қас пен көзден, күн мен түннен жақын жалғандығың әкелі-балаша аймаласып қалыпты ғой, шіркін! Өзімнен тараған ұрпақ ертеңгі күні бетіме басып ұялтар ұрлығым көп пе өмірде? Қалайша? Мүмкін бар шығар?.. Әй, қайдам? Әйтеуір, көкіректе жаман ниетім жоқ еді ғой. Кім біліпті, пендеміз ғой!

Жолаушы емес пе, вокзалға жетпей-ақ: "Барар жердің қонақ үйінен орын болса, жарар еді" деген тілек тізгінінен қалай ұстағанын білмейді. Бұрын қонаққа баруға менменсінген қатарынан айбынушы еді, енді әр оттың басынан әке-шешесінің сырына қанық бүгінгідей балалар кездесуі мүмкін. Төгілген кекіл, не желбіреген тұлымшақ - үлбіреп тұрған тазалық! Ал олардың көзіне тура қарау үшін жігерден басқа жетіспес қаншама кем-кетігі бар, қаншама! Сонан қаймығады енді.

## ФИЛОСОФ

Есмұхан айтулы университеттің, философия факультетін қызыл дипломға бітіріп, сол күдіреті күшті философияның арқасында айқұшақ қапқан аспирантураның өзін жоққа шығарып, қиялы құмның ортасындағы аулына оралғанда, төрінен көрі жақын кемпір-шал

жалғыз ұлдың жолын жұлдыз күткендей тосып отыр еді. Әкесі байғұстың татар дәмі тақылданып-ақ қалыпты. "Қолын жылы суға малмақ" түгілі, баласының не бақанға өрмелейтін, не бақыр жамайтын мамандық алғанын білмей-ақ, бұл дүниеден жүріп кетті. Тұрақсыз жайлаудан ақ отауын көшіріп, тұрақты табанға қайта тікті. Өмір деген осы енді...

Ағайын-тума түгел жиналып жылап-сықтады, мұның да көңілі бұзылғаны сонша: көз жасына иелік жасауға да әрекеттенбеген. Жұрт: "белінен бейнет кешкен байғұстың, рақатын тізесіне жеткізбеген қу құдайлап" дауыс шығарса, бұл жылауық жандардың есік пен төрдей қысқа ғұмыры үшін, ертең әкесі жүрген қасқа жолмен көшкен керуендей қыр асарын ойлап бордай үгітілгені-ай! Түптеп келгенде, бәрінікі бір қайғы. Жастың түрі де, түсі де жоқ, сосын жігі білінсін бе?

Адам аяғы суып, абыр-сабыр басылған-ды. "Ой мен дене үздіксіз қимыл-қозғалыста болуы" үшін қызыл дипломды газетке орай салып, Есмұхан мектеп директорына келген.

- Ай, басыңда миың жоқ! - Қолда өскен бала ғой, ирелеңдеген арық кісі өзімсінгендіктен біраз жерге апарып тастады. - Басыңда ми жоқ болса, екі аяққа зор келеді. Мына қызыл дипломды құмға көмуге әкелдің бе деймін, сен. Жер күнді емес, күн жерді айналады деп қарсы дау айтсаң да, атағын алып, ақшасын жеп, Алматыда жүре беретін баласың... Айдай әлемді ақылмен айналсаң да енді маған пендесің...

"Соншалықты ұғынықты, ауыл аспанындағы тіршілік философиясы, бірақ қандай мөлдіреп тұр. Не деген ғажап! Қарақұмның қасіретінен пәктік, қулығынан да тазалық табасың!" - Оқтын-оқтын көзін көлегейлеген көк шулан шашты саусағымен тарақтай қайырған ұстазының әр сөзін ой зердесінен өткізіп, салмақтаған жігіт күлім қағады.

- Қарағым, - деді сәлден соң директор жылғаланып аққан қар суындай жинақы үнмен. - Мен осы жасымда біразды көрдім. Әйтеуір, аз ғана өмірде ренжімей өтсінші деп пенсияға шығарында Сманның бәйбішесіне ән-музыкаға қосып, дене тәрбиесін де бердім... Қаланың қақ ортасында машинасы көлденең жатқан көк тасқа соғылып, правосыз қалған Талқыбайға да қидық еңбекті. Бала-шағасы жүдемесінші құрғырдың... Тырбанып көріп еді, тіршілігі жаман емес. Қош деңіз. Ал жеті қат жердің астындағыны оқып тауысқан саған не дауа! Бірақ өз ынтызарың - мәтимәтика ма, әлде әдебиет пе? Қай салаға бағыттарымды білмей далмын. Шіркін, пилософия осы ғой!.. Отырасың...

Біраз кеңескен соң ең лайықтысы интернаттың тәрбиешілігі деп мақұлдасты.

Сегіз жылдық мектеп үшін кесіп-пішілген интернат көлемі мен бала саны жағынан дөңгеленіп тұрса да, жұмыс түрі қилы-қилы көп

екен. Күн сайын сан-сапалақ оқиға. Көлденең көк аттыға мінгесіп, аулына қашып кеткен әр оқушы үшін сандалатынын айтсайшы. Өзара шекіскен екі балаға төрелік айтудан қиыны және жоқ. Жардай жаратылысының қай жерінен жуастығы баттыып көрінетінін, мұғалім деп шайтаны сескенсейші, екі иығынан жұлып жеуге бар. Бірақ, бұл ренжімейді, қабақ та шытпайды, ерінбейді, жалықпайды. Апта сайын ауыл орталығындағы моншаға бастап баратын да өзі. Монша деген дабырайған аты да, заты - бұлар кірген бөлмеде бұрқ-сарқ қайнаған қара қазан. Екінші тай қазанда мұзы қалқыған салқын су. Араларында қайсысына құлап кетер деп қолмен қалқалап, ебедейсіз денесі өрттей қызарған Есмұхан. Бала жарықтық тәрбиешінің қызыл дипломы мен философиясын қайтсін; қан жылым суды ұрғылап бұған да шашады, тас төбесіне де төңкереді, жын ойнағандай аласапыранын шығарып бара жатқандары. Сонда да ешқайсысына зәр шашып, ашу шақыруды білген емес. Бір тобын тырнадай тізбектеп апарады да, балапандарын шұбыртқан ата қораздай қоқиып, екіншісін ертіп кейін қайтады. Ер балалар қазандығы ұядай тар моншаға үш кезек шомылса, легенін жан бауырлай басқан Есмұхан таң азаннан қара кешке дейін сонда отырады деген сөз. Төзімділік педагогтар үшін бұлжымас заңдылық деп түсінетін жігітті шын састырған - бірінші класс оқушылары. Бір күн кәмпит десе, екінші күні өткізгені бардай пешеней сұрап қыңқылдайды. Үнемі күміс тиындарды шылдырата беруге шамасы бар ма? Жоқ болғасын, бір кезде білім берген ұстазы ғой, салып ұрып директордан шыққан. Аутаңдаған жігітті әлі күн балаға есептеп, аңғалдығына ептеп сүйіспеншілігі де жоқ емес, мектеп басшысы жайбарақат күлімсіреп отырған. Есмұхан төбесінен түскендей тоңқ-тоңқ етті.

- Ағай, сіз осы материалиссіз бе, әлде идеалиссіз бе?

"Мынаны бірдеңе қаққан ба?" дегендей шүңірек көзі үңірейе тесіліп тұрды да күліп жіберді.

- Әй, сандалмай, шаруанды айт!

- Жо-оқ! Шаруам сосын... Әуелі маған материалист, не идеалист екеніңізді мойындаңыз... - Бала меселін қайтара алмаса да, жігіттің кей-кейде кежегесі кейін тартатыны, жонбай мінезі соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұр. Қасарысса қан алар қазір. Директор алғашқыда үлкендік жасап: "дабай, қайқай" демекші еді, тағы да ойланды. Көңілі ә дегеннен "материалиске" шапқан, оның екінші аты "дүние қоңыздық" шығар деп тайсақтады. Қыпыл қаққан күйі "идеальный жігіттер" жайлы есіне түсірген, көбісі қылмыскерлер. Ойда жоқта өне бойын қуалай жүгірген күдік басына шапты. Сосын сыбырлап қана:

- Немене, Есмұханжан, жоғарыдан сондай қағаз бар ма? - деді. Мына бір тас емен екен, бағанағы сөзін қайталап тапжылмай отыр.

Философ директордың, директор философтың ойына бойламай аңтаң. "Өзім өсірген текешік" деген ұстаздың шәкіртіне деген өкпесі қара қазандай. Біраз толғанғасын тәуекелге бул буып:

- Пенсия жасына келген адамнан несін сұрайсың, қарағым, ептеп екеуінен де құр алақан емеспіз енді, - деп тәрбиешінің жүзіне сынай қарады.

"Не деген адалдық!" - Өңі алабұртқан Есмұхан шабыттана сөйледі.

- Мына дүниеде, тіпті иесіз галактикада күніне қыруар жаңалық. Өйткені айдай әлемнің үстіндегі қылт еткен тіршілікке дейін ілгері қарай дамуда. Табаныңның астындағы қара топыраққа қараңызшы, ертең со күйінде көрер ме екенсіз. Күздің шуағы, көктің бұлты күн санап қырық құбылады. Елімізде қаншама оқиғалар. Ал енді интернаттың тамағы неге өзгермейді?.. Осыдан он жыл бұрынғы макарон мен күріш... Бәрі де уақытқа қарама-қайшы... Кәмпит, пешеней дегенді аяйсыз ба?..

Өңгіме ешкімнің нұсқауынсыз жігіттің өз көкірегінен шыққанын енді-енді сезген директор мұндай қуанбас. Қуанса да, кәрін қабағына түйіп, ал кеп ұрыссын. Тіпті қатты-қатты зекіді.

- Ай, басыңда ми жоқ. Солай деп бірден айтсаң нең кетеді, пәтшағар! Қой, сен пилософияны. Ондай кітаптардың менде жүзі бар, керек болса. Мә, қара!.. - "Еңбекшілерге ақы төлеу тәртібі" атты брошюраны алдына шиырып тастады. - Оқы. Сауатыңды аш! Дүниедегі жалғыз білгіш сенбісің? Зәрем ұшып кеткенінші, табан астынан жік шыққанға. Балаларға кәмпит беретіндей интернат курорт па екен? Күйдіреді ғой, ай дей ме, аспан дей ме? Сенің міндетің завхоздық емес қой, қарағым-ау, балаға тәрбие беру. Есіртсең не демейді, олар бүгін - түйеге, ертең - самолетке мініп айға ұшуға бар. Ұшасың ба? Пилософияның құдіреті келсе, апарып сал сол жаққа. Атаңа мың да бір рахмет айтайын. О, несі!

Басшының алдынан беті қайтып шықса да, тынымсыз қызметіне наразылығы болған жоқ Есмұханның. Ғарыш кеудесінен көз салғанда интернат балаларының еркелігі, тентектігі, ойнап-күлгені - бәрі де аквариум ішіндегі балықтардың өрісіндей шектеулі. Ренжитін бір шаруасы бар: қиялдауға мұрса жоқ, уақыт тығыз. Әсіресе жұмыс қыс айларында қанасынан асып төгіледі. Үй мен интернаттың арасында қарды қашыр-қашыр басып жүріп: "Аяғымның астында сықырлақ жатқан қар емес, қыңсылап жатқан уақыт-ау", - деп күйзеледі. Күміс күндерді айдалаға уыстап шашқан ауылдағы бостекей жүрісті бозбалаларға разы емес.

Қойшы, ақпан айын да кеулеп, кеуде тұсына жеткен кез. "Келін әкел" деп құлағының құрт етін жейтін шешесі бүкендеп жүріп, бір



аққұман кешкі шайын алдына қоя берген, есіктен апыр-топыр интернаттың екі оқушысы кіріп келді.

- Ағай, Мырзаев ауырып жатыр.

- Ауырғаны несі, жаңа ғана құлындай ойнап жүр еді ғой. Біреу-міреу ұрғаннан, құлағаннан сау ма өзі?

- Сау!

- Сау болса неге ауырады?

- Білмейміз? - Таңырқағандай иықтарын көтеріп мінгір-мінгір етеді.

- Кешкі тамақтың үстінде үзбен нанын түк қоймай түгескен, ботқаға қақалып-шашалып жылады да, шайнағандарын қайта тастады.

Бұған тезірек түтін түтетіп, немере сүйгізудің орнына, тілегі жұртқа ауып, күндіз-түні үй көрмейтін ұлына күйінген кемпір шала бүлінді.

- О-о, қылтамақ келгір, сенің басыңды жұту үшін әдейі ішпей жатқан шығар. Бұ қағынды келгірлер қара суыңды аузыңа апармай босқынға ұшыратады, босқынға. О заманда бұ заман бірін жеп, екіншісін құсқан не бәле. Тамағына тас кетті дейсің бе, адам құсап асыңды ішсейші. - Кемпір сөйдеді де кемсеңдеп кетті. - Осылай, осылай енді жүре бер соқайып. Қазір сүйреп тастасаң да бәрі-бір мені, ертең өлемін... Өлемін ал!..

Не өзі, не жақыны сырқаттанып, тауқымет тартпаған жігіт күйзелісін әрең көтеріп ауырсына түрегелді бұл жолы. Ауыз үйдегі аяқ киіміне сүрініп-жығылып жүріп, қайта тәптіштейді.

- Ауырды, ә!

- Ауырды. Маңдайынан тер бұршақтап, аузын аша береді.

- Әй, дұрыстап сөйлесеңдерші!.. Аузын ашқанда айтатыны бар ма өзінің?

- Жоқ, сөйлемейді. "Мұрным" деп созып жылайды. - Шабарманның біреуі жымың-жымың етеді. - Нәңкі апай қоймағасын "мына сорлыға дем жетпей жатыр тездетіп тәрбиешіні шақыр" деген.

- Ойпырмай, алдымен доғдырға жүгірмедіндер ме? - Есмұхан мұны омырауы айқара ашылған пальтосын қусырынып жатып мінгірледі.

Жұлдызы жамыраған қысқы түнде ауыл шетіндегі тәпелтек үйден шығып, екі баламен асығыс адымдаған тәрбиеші өзі ойылатын жылауық қарды қаршылдата басады. Бұл жолы табан астынан ит үріп, ат ауыздығын шайнап жатқандай, демдері бұрқыраған күйі бақан басындағы шам жарығын қуалап екпіндеп келеді. Көз алдында белгісіз дерттің құрығына ілігіп, күйрей құлаған - Мырзаев! Мінезі тұйық, оқу тоқсаны бітпей сабақтан ертерек қашып, кеш қайтатын қи табан шаруаның баласы. Ата-анасын әлі күнге көрген емес, өзінен бір-екі жас қана үлкен апасын білетін. Жұтаңдау киінеді, сабаққа да зейіні

орташа оқушылар. Бірақ Мырзаевтың тамаққа деген ықыласы елден ерекше. Денесінің қораштығына қарамастан қосымша сыбаға сұрап, асқа да, асханаға да көңілі толмайтынның бірі. Осы мінезінен бе, жолдастары "Жем шелек" атаған. Қомағай оқушыны талай мәрте қарсы отырғызып, ұлы адамдардың тамаққа деген шектен тыс тәбетін тежей білгенін үлгі етіп те көрген. Атақты философ Аристотельдің өзі қанадан аспас үшін ағаш табағының айналасын кеміріп, ақыр соңында мысықтың шүңгіл ыдысындай ғана көлемді місе тұтқан. "Аштықта емес, мәселе қанағатта" деген данышпанның қағидасын жанын салып түсіндірді-ау. Түсінсе де "осылар мені түбі аштан қатырар" деген Мырзаевтың іш пікірі бар ма, қысқы каникулда аулынан жарты қап арқалап келді. Іші толы - таба нан. Енді асханада көп қыңқылдамайды, тамақтан кеткен есесін қатып-семген наннан алады. Елде жоқ үрдіс. Есмұхан біраз бас қатырып, бұл әдет бітім-болмысына отбасынан ұялаған деген ойда.

Бұлар интернаттың бесінші бөлмесіне енгенде, жып-жылтыр темір сырықшаны науқастың мұрнына қайта-қайта жүгірткен ауылдағы фельдшер қыз осында отыр. Айтқандай-ақ, Мырзаевта сүдін жоқ. Дәрігер әлі де о жер, бұ жерін қолмен шарлап:

- Азанда ауданнан санитарлық самолет шақырамыз. Полипп болу керек. Басқаша жағдайда мұрнына операция жасайды, - деп жинала бастады. Операцияның мәнісін қасындағы көзі бұлаудай апасы жақсы ұғынды ма, иығы селкілдеп егіл-тегілі шықсын. Бір-біріне жаны ашып жылаған балаларды қалай жұбатудың ретін таппай тәрбиеші де састы. Мұрны біткен Мырзаев емес, құдды өзі сияқты, құлақшынының астынан саулаған тер сорғалап, иегімен жорғалайды.

...Ауыл сыртындағы аэродром басында қақырадан соқпалап салған екі бөлмелі мұздай үй бар. Таң алагеуімнен Есмұхан мен Мырзаев осында. Санитарлық самолеттің келер уақыты беймәлім, ұзақ күтуің мүмкін. Суық шалмасқа науқастың аузы-мұрнын жылы шарқатпен бастыра байлаған тәрбиешінің өзі еді, онысы - көрер көзге оғашырақ. Мырзаевтың басының орамы беліне жетеқаба. Міне-сала ұшатын бүгін жолаушылардың да арнайы маршруты жоқ, ауданға жеткенше асау тайдай мөңкітін "АН-2" күн ара ғана қатынайды. Біраз отырды.

- Мұрныңды тартып көрші, - дейді кездейсоқтық деген ұлы ұғымға арқа сүйеген Есмұхан тыныс жолы ашылып кетер деген есек дәмемен.

Мырзаев шынымен-ақ тартатын болса керек, мандай терісі жиырылып, кіржие түйінделіп тұрады да, қос қабақтың арасымен лықсып төмен құлайды. Бәрін қалт жібермей бақылаған бұл, өмір үшін күрескен шәкіртінің жігеріне дән риза. Қас қылғандай мұрнында пыс еткен сыбыс жоқ, тым-тырыс.

Аяз құрсаулаған есік шақұр-шұқыр ашылғанда жалт қарасқан, табалдырықтан суық ауаны сүйретіп ферманың байырғы веттехнигі келеді. Ұзын қонышты етігінің қарын қаққыштап та жатыр, сөйлеп те жатыр.

- Ойпырмай, әліксалам, бала! Қырсық шалғанда, қалаға қарай құс та ұшпай қалғанын көрмейсің бе? Өркенің өскірлер, сендер самолет шақырды дегенді естіп, үйден тұра шапқаным. Уһи!.. Өкпем өшті ғой! Ілесе кетейін... Ауырған қайсыларың еді? Е-е, сен кім болдың? - Мырзаевқа тесіліп біраз кідірді. - Аузы-басыңа не жау тиген?

Есмұхан баланы мазаламасқа мән-жайды түйірін түсірмей түсіндірген, веттехник үдеп барады.

- Шырақ-ай-ау, қайдан білейін! Әй, ха-ха-ха! Түймедей мұрның үшін үй аумағындай самолет алдырмақсың, ә! Менің со қалаңда қыруар шаруам бар ал. Айтсам, мынадай мұрынның жүзіне татиды...

- Аға, басың ауырсын, башпайың жаралансын, қиналатын адам баласының бір жаны емес пе, - төзімі таусылған Есмұхан тура шабуылға көшті. - Өзіңіздің қай мүшенізді кішкентай, әрі керексіз деп кесіп тастар едіңіз? Салыстырмалы түрде болса да, саналы тіршілік иесі біз ғой. Өз шаруамызды өзгенің қасіретінен артық санау - әрі кемсітушілік, әрі басқаны бақытсыздық сорына итеріп тастағанмен тең. Карл Маркстің "Экономикалық-философиялық қолжазбалары" атты еңбегін білесіз ғой. Сондағы "Киелі шаңырақта" бақытсыздық туралы не деп еді?

- Ойбай, қарағым, не айтып кеттің?! Ғафу ет! Ғафу етіңіз... - Веттехник қызарақтаған философтың жүзіне күдікпен қарап, сөзінен секем алған. - Мұның самолетінің маған пайдасы тимесе, зияны бар ма? Кірпігі түссе де келіп тұрсын ал! Самолет деген екі туып, бір қалғаным емес, келіп тұрсын!.. Айтпақшы, ауырған кімнің жұрағатынан еді? Иә, сол екен ғой! Өзі қайсысынан екен? Кейінгі шешесі құрсақ көтермеді деп естідім, жаңылмасам. Солай-солай!.. Қай жылы әкеңмен қойдың өрісінде жолықтым. Ол итің менімен түйедей құрдас. Атымнан шөт-шөт аударып тастамады көсе неме. Биыл ма төсек тартып жатып қалды деген, ішкен-жегенін өзі тастап келетіндей ме, әйтеуір? Бәрі, бәрі ойын, айналайын, мұрныңның да амандығы жақсы...

Веттехниктің сөзіне мағынасыз көзбен тесіле қарап, қабағында реніш-қуаныштың реңі байқалмаған оқушыны іштей аяса да, бір жағынан қуанды тәрбиеші. Бала жанын жаракаттайтын шақпа тіл кішкене жүрекке жетпесе деп тілеген, жетпеген тәрізді. Өзі кез келген сәтсіздіктің бастауы үлкен рухани жетіспеушіліктен туатынын тұспалдағанына дән риза. Шешесі дүние салып, әкесі төсек тартқан сал ауру болса, мұнан Мырзаев үшін кем қайғы ма? Яғни балғын

кеудені кернеген қасіретті тап басып танымаған кінә өзімде, жалаң философиямда деп түйді. Күнделікті қарапайым бұрылыс-қиылыста дұрыс жол табуға да өмірдегі нақтылық қажет. "Карл Маркс те бір жақсы гуманист емес қой, материалистік тұрғыдан қараған".

Веттехник баланы бар ықыласымен қолға алыпты.

- Шыныңды айтшы, ешқандай саңылау жоқ па? Бұл ағаң да біраз жыл ем-доммен айналысқан. Нанбасаң, жүзіме тура қарашы! Қарадың ғой? Енді бар күшіңді жинап "Өлдім" деші.

Мырзаев "өлдің" мезіретін жасады да, әрі қарай тым-тырыс.

- Әне, әне, көрдің бе? Көзің енді жетті ғой. - Веттехник мұнымен бәстескен жанша қолын кескілеп сөйлейді. - Бұл түйеде кездесер мұрны құрты ал!.. Кеселін қолмен сылығандай талайын боздатып қойғанбыз. Қазір бізбен оқығанның көбісі адам доғдыры. Осыны Мәскеуге апарғанда құрт демесе, менің атымды басқаша қой. Солай...

Таң алагеуімнен тосқан самолет бульдозер тегістеген алаңқайға селкілдеп, түс әлетінде әрең қонды.

Аудандық поликлиниканың ЛОР дәрігері Есмұхан құралпы жас жігіт екен, маңдайындағы жарқылдақпен мұны бір-екі айғыштап өтіп, Мырзаевтың танауына шүйілді. Қолына қылдай пинцеттің неше түрін алып, түрткілеп берсін. Сәлден соң мұрын ішінен бірдеңені сумаң еткізіп суырып алғаны. Бажайласа, қағаз! Математика парағынан жыртып, әбден шиыршықтапты. Мырзаевтың түсіне кіріп-шықпайтын күрделі теңдеуге дейін ап-айқын. "Тыныс жолының бірі бөгелсе, екіншісі өздігінен бітеледі" деген дәрігер жігіт өзін ұстай алмай селкілдей бастағанда, тәрбиеші кеңкілдей күлді. Мұныкі - Мырзаевтың амандығына шаттанған қуаныштың күлкісі. Ара-арасында "айтпадың ба?" дегендей шәкіртіне қарайды, анау "ұялдымды" көзімен ұқтырып, маңдайына іркілген моншақ терді жеңімен сүрткілейді.

Тәрбиеші мен оқушы іркес-тіркес тысқа беттеді. Есмұханның алыстан ат сабылтып жеткен бейнеті лезде ұмытылғандай, сергек. Қайта бала бойына мін боп жабысқан қомағайлық пен немкеттіліктің кілтін тапқанына мәз. Енді оған тәртіп беріп, ақыл айтқаннан гөрі, бүкіл әлемнен сезім жылылығын себелеп төгер күншуақ іздемек. Өйткені, жетімдік түбірге де сүріндіреді, сүрінсе, мұқайды. Ал бұл оны әрдайым қолтығынан демей жүрмек.

Көкірегінде әлдеқандай көңілділік. Тәтті бір қиялға бөленген жігіт дариядай қала көшесімен аутаңдай басып барады. Ізінде - Мырзаев!

## ҚАШАҚТАР

Бұл кісі маған ара ағайын. Осыдан он шақты жыл бұрын қоңсы отырғанымыз бар, ол кез ағамызға көмекші шопан едім. Содан бері де қанша уақыт зулап өтті, ал Тілеумұраттың мен білерге дейінгі кешкен тірлігінің хикаясы өз алдына. Туған топырақтан жырақтап жүрген соң, қолым қалт еткенде елдегілерді еске түсіріп, бүгіндері Тілекеңді ақ сақалды, қобыраған үлкен шал болған шығар деп ойлап қоятынмын. Бұрынғының сүйегі берік адамы ғой, сол баяғы қалпынан кішкене ғана айныған, иегінде бір тал қылы жоқ (көсе екенін ұмытқанмын, сірә), бойы сырықтай жігіт сымбатынан айрылмаған ағамыз қаладағы пәтерімізге әлдекімдердің сілтеуімен келіп тұр. Ауыл-аймақтың аманшылығын сұрап, тұрмыс-тіршіліктері жайлы көп жаңалық еститін болдым-ау деп қуанып қалдым. Ол кісі баяғысынша сырбзданып жай сөйлейді, жұмсақ сөйлейді, жетпістің желкесіне мінгеніне талай жылдың жүзі өтсе де өзіме таныс дағды-қимылы. Екеуміз жағдайласып, оны-мұны түртінектей сөз етісіп біраз отырдық. Тартынып сөйлесе де, ауыз ашқан сайын бисмилласын қалдырмайды.

- Құдайға шүкір... Құдайға шүкір...

Әңгімені одан әрі қарай желілеп кетуге құлықсыздығы да бәз-баяғы, өзгерісі - тіліне ең алдымен құдай аты түседі. Дегенмен, ауыл аралас, қой қоралас көрші отырған кездері ағамыздың әңгімесін суыртпақтап айтқызығанмын.

Жазғытұры қыркымға қой айдай шыққанбыз. Сол көктемде ыстық ерте түсіп кетті де жабағы жүндерінен арылмаған саулықтар жүрген сайын ұйлығып ісіміз өнбеді, ақыры баратын жерімізге жете алмай далада қондық. Кешкі салқын мен түнді пайдаланып желдірте айдауға өзіміз де қалжырағанбыз, оның үстіне қызыл іңір түсісімен шыбын-шіркей көбейіп, күн жеп келе жатқан бізді әбден діңкелетті. Сосын, қарсы соққан құмшауыт қабақтың баурайына қисая-қисая кеткен едік. Дорбамызда бар айран-шалабымызды ішіп, нанымызды талғажау ете жатып, әрнеге ой қашады. Көзіміз ұйқыға кеткенше түрлі тірлікті сөз еттік. Ертеден бері қолы қимылдаса, "ақұдай шүкірін" аузынан тастамайтын ағамыздың соғыс жылдары айтулы қашқын болғаны есіме түсіп, ол жөнінде сұрамақшы болып біраз оқталдым. Қайбыртып отырғаным, бұл кісі адаммен ашылысып көп сөйлеспейді, тағы да, әңгіме қашақ өміріне қарай ойысса, тілдесуден қаласың дейтін жұрт. Осылай әрі-сәрі күй кешіп жатқанымда, көкейіме кептелген жастық қызығушылығымды байқатуыма өзі түрткі болды.

- Осы сені мейрамнан соң әскерге барады дей ма?..

Қуанып кеттім, жақында ауданда болып шақыру қағазымды қолыма алғанымды, қазір колхозбен есебімді айырысып, буынып-түйініп жүргенімді, ретін салса, қой қырқымы бірыңғайланғасын, ағайын-туманы аралап шықпақ ниетім бар екеніне дейін білдірдім.

- Ә-ә, оң болсын! - деді ағамыз. - Ел аман, жұрт тынышта қатарыңмен ойнап-күліп, үкіметтің сілтеген жағына барып қайтқанға не жетсін.

Не дегенде, әңгіме желісінен айрылып қалмас үшін осы төңіректі сауалдарымды үшкірлей беремін.

- Қайдам, күніңе асатындай беретін мамандығы жоқ, оқытып білімді көтерсе кәнекей әйтеуір, екі жылды сарп етіп барып қайту ғой...

- Е-е, бала, көппен көрген ұлы той де де жүре бер... Қалған шаруанды сосын-ақ үлгеріп аласың. Заманың жарасып тұрғанда, әрі-сәрі әңгіме айтып қайтесің...

- Иә, иә, жәй айтқаным ғой, - деймін. - Біздің бүгінгі тірлігіміздің сіздің уақытпен салыстыруға бола ма?..

- Не айтатыны бар, аштық, сосын соғыс, қалған өміріміз қара қойдың ізінде салпақтаумен өтті ғой.

- Аға, кеуіліңізге келмесін, бір әңгіме айтайын. Осы сізді соғыстан қашты деп ел айтады ғой, рас па? - деп тәуекелге бел будым да, іштей арбасып жата бергенше ұштығынан бір шығайын деп, көкейімдегі сауалды қойып қалдым.

Ағамыз күліп жіберді. Күлгенде дыбысын қатты шығармай, лекітіп отырып, ұзынсонар бүлкілге басты.

- Бағанадан бері осылай деп төтелейтінінді топшылап отырғам, ақыры шыдамың жетпеді білем. – Бет-аузын орамалымен жайпай сүртіп шыққасын, байыппен маған қарады. – Дегенмен, сен таза көңілді бала екенсің, жұрт қулығын асырып сөйлетемін десе, сен төбеден ұрғандай қылып дыңқ еткіздің... Халықтың қараңғы кезі ғой, олар да соғысқа үкіметтің сұрынан айбынғасын, амалдың жоқтығынан барған шығар.

- Ау, кітаптарда өз еркімен арыз жазып сұранып кетті де, майданда ерлікпен қаза тапты деп жатады ғой...

- Шынымен бала екенсің ғой... Ол бір, кіріп-шығарыңда арыз жазып жүретін қызмет дейсің бе?.. Ол кез халықта "Өз еркіммен соғысқа жіберіңіз" деп жазатын сауат бар ма, кәдімгі "айда шап" қой...

- Сонда біз білетіннің бәрі өтірік қой?

- Қарағым, осы әңгімені қояйық та, жатып демінді ал...

Сол жолы ағамыздың қылқылдап қыр ізінен қалмай, қызықты деген бір оқиғасын айтып беруін өтініп жаттым да жабыстым. Маған бұл кісі ренжіп ашу шақырды ма, жай ғана қашқалақтап бас сауғалап көрді де, одан ештеңе өнбесіне көз жеткесін, саған әңгіменің қандай түрі керек еді дегендей сынай байқатты.

- Қашақтардың арасында қатыгездік кездесетін шығар, - деймін.

Тілеумұрат "қайсыбірін айта берейін" дегендей, сөзін неден бастарын білмей дағдарып біраз отырды. Үндемей қалуға менің көңілімді қимай басын шайқай-шайқай береді.

- Қыстаудан көшпес бұрын біздің үйге астында жирен аты бар, түбіті шыққан сабалақ теріден түлкі тымақ киген, алпамсадай шалдың қонаққа келгені есінде бар ма?

Мен ұмыта қоймағанымды сездіріп дыбыс бердім.

- Білсең, сол Мәуенің Ишаны деген адам. Соғыс жылдары біз сол кісінің қол астында болып, ізімізге түскен қуғыншыларға шалдырмай жүрдік. Ишанның мынадай бір айтқан әңгімесі бар-ды...

Мен қашақ аузынан естігелі отырған хикаяны түгелдей зердеме тоқып алу үшін жатқан жерімнен аунап түсіп, басымның астына салған ердің көпшігін баурыма ала етбеттеп жаттым.

...Талай жыл қашақ болып ел тонаған, бұл өңірдің қойшы-қоландарын аш қасқырдай бөріктірген Ишанның да көкірегінде қалған бір өкініші бар екен. Қанша рет қатыгездікпен бетпе-бет ұшырасқанда қолы қалт етпейтін, тіні қатты жан сол күнгі оқиғадан соң түн ортасында "ойпырмай" деп төсегінен үш оянған дейді. Жаны қинала бергесін ішін жегідей жеген оқиғаны қалған қашақтарға айтып, ұзақ күрсініп, таң алдында ғана көзі ілініпті.

Соғыс жылы екен. Ишан көбіне ел тонауға өзі шықпайды, бірақ жемтігін алатын жерді шамалап өзгелерге жөн сілтеп отырады. Салт бас, сабау қамшылы жүргендіктен, тал түсте ауыл-ауылды төңіректен келуден қымсынбайды. Далада жайылып жатқан малдың өрісін бағдарлайды, ұрымтал ой-шұқырды қарастырады. Осындай жортуылы кезінде суыт бара жатқан жас жігітке көзі түседі Ишанның.

Жігіттің үстінде әскери киім болғанмен, астындағы ақ жабулап тастаған атына, жетегіндегі қоршаулы түйесіне қарап, бұны қашақ қуып жүрген ГПУ-дің адамы екен деп ойлау мүмкін емес-ті. Жиегімен жіңішке соқпақ ирелеңдеп өтетін жиде-қамыстың арасында осының бәрін көз алдынан өткеріп, қашақ ұзақ тұрды. Жақындап қалғанда аңғарды, жігіт жиырмалардан аса қоймаған уыздай жас. Бәрінен де, үстінен су төгілмес айдау жорғаның аяқ алысы бөлек екен, ізіндегі атан кежегесін кейін тартпағанда, шапқан атты ілестірмейтін сыңайы бар. Алғашында шиті мылтығын жігіттің жүрек тұсына қарай кезеп тұрған Ишанның ойы сан-саққа жүгірді: қаныпезер қарақшы дегенмен бұл да адамның баласы ғой, жап-жас жігітті тасада тұрып сұлата салуға жүрегі дауаламады. Тым-тырыс қала берейін десе, көздің жауын алатын боз жорға қол созымда тайпала тартып барады. Осылай аңтарылып тұрып, жігітті оқ жетер жерден жіберіп алды. Өзімен-өзі қалған соң да уысынан сусып кеткен олжасын қимай, сәл жерден ынжықтық жасағанына қынжылды. Ақыры, жүрегін жанып өткен зұлым намыстан соң тастай түйініп, қамысты жағалаумен бір бүйірлей

шауып, жолаушы қауіп алмастай қашықтықтағы терең **қобының** ішімен қапталдасып еріп отырды.

Сырдың бойы қай уақытта да бопсалаң, тұяққа тиетін татыры жоқ та, ептеген ақ шаңдағы бар. Ол араның ой-шұңқыры талай жортқан қашаққа бесенеден белгілі, қол басында көрінген биік белестің астында шеңгел араласа өскен нар қамыс тағы бар. Бұл сыдырта шауып, сол қалыңның ішіне орайласып алып жол тосты. Ештеңеден қауіп алмаған жігіт әскери гимнастерканың омырауын ашып тастап, жорға үстінде өлең айтып көңілді келеді екен. Оның ашық та әуезді даусына Ишан еріксіз құлақ түрді, өйткені, өмірі қуғын-сүргінмен өткен қашақтардың ән естімегелі қашан. Солдаттың сазында туған жеріне деген сағыныш, ғашық жүректің зары бар. Ертеден әнге елтіп қапталымен шапқан аттың дүбірін де естімегендей. Бұл жан жүйесін босатып бара жатқан сиқырлы дауысқа байланып-маталып біраз мүдірді. "Шіріңге дауысты бере салған екен" деп тамсанумен тұрғанда, әнші жігіттің тағы да қара үзіп бара жатқанын білді. Құлағында самал желдей ескен әуен, көзінің алдында былқылдай басқан боз жорға, ақыры егесе келген Ишанды қарақшының қатыгездігі жеңді. Айдау жорғаның үстіне мінсе, мұның да кеудесі кеңейіп, төңірегімен қалықтап ән ұшатындай. Қалай қылғанда да, жорғаны қолға түсірмекке бекінді. Алаңсыз кетіп бара жатқан жігіттің ту сыртын айналып көздеп көрді, қолы қалтырайтын емес. Одан әрі кідіруге кеш қалатындай түрі бар, тартып жіберген шүріппені.

Сол сәт боз жорғаның құрбандығына жығылған жігітке қарауға жүзі шыдамай назарын төмен салған. Ән жіптей созылып барып үзіліп қалды. Жігіт апыр-топыр атынан аунап түскендей... Өмірінде адам қанын мойнына жүктеуі бірінші рет емес еді, Ишан көкейін кескен боз жорғаға қарай қол созды. Ат осқырынса да қашпады, бірақ тұла бойы қалш-қалш етіп қасқыр көргендей құлағын қайшылап тұр, сағағынан ала бере тыныштала қалды. "Әуеп" деп қарақшы ерге қонғанда жүрісті жануар жыландай жылыстап ала жөнелетіндей... Бұл ұзынынан құлап жатқан жігітке де, бұйдасын үзе тапырақтай қашқан түйеге де бұрылмастан тартып кетпек еді.

- Тоқта, - деді беймәлім дауыс.

Ишан селк ете қалды. Өйткені, үн әлдеқалай елсізде қалған моланың ішінен шыққандай суық екен. Құлаған жігіттің жаны кеудесінде қалғанмен келеге келмесін сезген еді, зер салып көрген: әлгі оққа ұшқан солдат қос қолын тірей кеудесін жерден көтерген екен, екі көзі шоқтай жайнап, мұны ішіп-жеп барады.

- Аға, мені сіз аттыңыз ғой?..

Ишан үндемеді.



- Соғыста жауған оқтан аман жүргеніме бұл қалай деп таң қалушы едім, мені туған жерімнің топырағы тартып тұр екен ғой. Енді қайтейін. - Жігіттің одан әрі сөйлеуге дәрмені жетпей қолы бүгіліп кетті. Топырақтың үстіне ұзынынан сұлап дөңбекшіді. - Не істедің, аға? Керегі ат болса, берер едім ғой... Келіншек әкелуге бара жатқам...

Қоршаулы түйенің кім үшін екенін Ишан сол арада білді, жігіттің он екіде бір гүлі ашылмаған бойдақ, демалысқа келіп бұрыннан атастырып қойған қалыңдығын әке-шешесінің қолына түсірмек болған, бірақ тағдырдың жазуы басқаша түсті. Сірәсі, ат та өзінікі емес, әбзелдеріне қарағанда колхоздың басқармасы болса да ауылдың бетке тұтарларынан сұрап алған.

- ...Міне, қарағым, саған қатыгездік керек болса, - Тілеумұрат орнынан тұрып, өріп кетуге оқталып жатқан отардың арғы басын айналып кеткен. Бірғауым жүрген соң құм үстіне қисайып, желбегей шапанын үстіне жамыла бергенде, оның күрсініп қалғанына дейін аңғарып жатырмын.

- Ойпырмай, жауыз адам екен ғой, - деймін осыдан үш-төрт ай бұрын Тілекеңнің отбасында болып, кәделі малын жеп аттанған адамды көз алдыма елестетіп. - Сол кісінің сұрқы әлі де қорқынышты.

- Жауыз ғой дейсің бе?.. Оның рас еді. - Мұнан кейін ағамыз бүркеулі бетін ашпады да, қайталап тіл де қатпады. Сол болмысымен-ақ ай астында көмулі жатқан көмбе сияқты болып қомақты көрінді. Әлі де осы адамның қыртыс-қалтарысындағы құпия сырды білгім келеді, бірақ көмбенің аузы ол кезде құлыптаулы болатын.

\*\*\*

Көптен көкейімде жүрген Тілекең, мінәйі себептермен, отымның басына өзі келді. Ағайын мен ауылдасты таңдап ала алмайсың, кім-кімге де қолымнан келер құрметімді көрсету менің борышым. Шай-тамағымызды іштік, маған қарасты шаруасын, бір мезгіл уақытымды жұмсап, бітіріп бердім. Жүрер аяққа асқайырған соң, біздің шаңырақта өткен өлі әруақтарға арнап құран оқыды. Олардың рухына деген ниеті түзу болса жарар да, қол жайып бәтемізді жасадық. Кәделеп келмесе де, шаруасымен жүрген біреу ғой деп тосырқамай қарсы алып, сый-сияпат білдіргеніміз үшін алғысын айтып жатыр. Бірақ поезға таң алдында мінбесе, сол мезетінде жүріп кететіндей сыңайы жоқ екен, сонымен төсек салдырып, екеуміз бәз-баяғы қалпымызша төргі бөлмеге қатар орналастық.

- Бұрын-соңды поезға мініп-түсіп жүр ме едіңіз? - деймін Тілеумұраттың ертеңгі тірлігін де ойлап.

- Е-е, талай жортқан поезымыз емес пе?..

Бұл шал бұрын-соңды әңгімені шашау шығармай сөйлейтін еді, енді сонау бір жылдары қашақ болғанын жасырып жатқан жоқ. Уақыт бәрін де өз қолымен емдейді деген сарас әңгіме, сонда да пысықтай түспекпін.

- Қалайша? - Қашақтардың поезда да жүргенін естіп-біле тұрып әдейі сұрақ қойғаным қысылып қалдым. Бірақ ағамыз менің кешелі-бүгін көрсеткен құрметіме ықыласты ма, сөзді өзі қозғады.

- Сен баяғыда қашақтар жайлы әңгіме сұрап ізімнен қалмаушы едің-ау...

- Оныңыз рас-ты...

- Осы поезға мінген күні бір оқиға ойыма түсті. Елден оқшау тірлік кешсең, адам баласының көрмейтін бәлесі жоқ екен. Ұйқың келіп жатқан жоқ па?..

- Жоқ. Қайта әңгіменізге құлағым сусап жатыр...

- Құлағың сусаса тыңдай ғой...

...Қашақтың сүйенгені - сақтығы мен батылдығы. Із кесіп, қашақ ұстаймыз деген ГПУ-дің адамдары өріп жүргенде, басқан қадамың санаулы болу керек. Сондықтан, тамақ іздеп жортуылға шықсақ шұбырмай, жалғыз-жарымдап кезекпен кетеміз. Жаз айлары жылы мезгілде даланы торуылдасақ, қысқа қарай теміржолға жақындап қоныс тебеміз. Сол, ұмытпасам, соғыс бітеді деген жылы-ау деймін, Сапаш станциясынан оншақты шақырым жердегі "Қопалы" деген тартылған ескі көлдің табанынан жертөле қазып, қыс бойы сол араны мекен еттік. Жері жайсыз, айналасы батпақ, миы шыққан "Қопалыға" қашақ тығылады деп ешкім ойламайды. Біз үшін де ыңғайлы орын, поездан қолға түскенді жеткізу оңай.

Бір күні жертөлені жағалай жайлаған қашақтарға азық тауып қайту кезегі маған келді. Шамамыз келгенше адамға айбат шегіп, өз бетімізше ешкімге ұрынбаймыз, өйткені кісіге қолың тиген сайын қылмысымыздың ауырлай түсетіні белгілі. Әлі құдайдан үмітіміз бар. Көзіне түсіп қалсақ, прәуэдниктерге де көп қарсылық жасамай, дұрысы вагоннан ың-жыңсыз түсіп кеткен.

Қысылып-қымтырыла жүріп, бір бекеттің тұсында жолаушылар поезына табаным ілікті. Түннің іші еді. Ол кезде вагондардың өзінде білте шам секілді қаракөлеңке бірдеңе жанып тұратын. Айналама көзім үйренгенше тасалап біраз отырайын, соғыстың уақыты ғой, қалжырамаған жан бар ма, прәуэдниктер есігін ашық тастап, көбіне ұйықтап қалады. Бажайлап көзімді салғам, жұрттың бәрі де ұйқы құшағында, тек бір көпенің ішінде көзін ілмей, әлденемен андысып әйел отыр. Қасында тіні берік ақ жіппен шандып буған қағаз қапшығы бар. Анда-санда қолымен басып көріп қояды. Кімнің қандай зат арқалап бара жатқанын адамдардың қас-қабағына қарап, сонадайдан жаздырмай білетін қашақтардың сезімталдығы болады. Мен әйелдің

әлденеден қауіп етіп, көз ілмей отырғанынан оның азық арқалап бара жатқанын топшылағандаймын. Оңтайын күтіп, көзден тасалау жерден зерделеп қараймын. Әйел қозғалмайды. Менің мақсатым - поездың разъезд қарасына тоқтағанын пайдаланып қапты жұлып ала қашу. Айтқандай, белгілі бір бекетіне жете бере вагон дөңгелектері шықырлай бастады да, әлгі әйел менің аңдығанымды сезіп қалғандай қапшығын баурына тартып алды. Поезд тоқтады. Прәуэдник жатқан кепесінен шыққан жоқ. Енді кешіксем қайтадан жүріп кеткелі тұрмыз, сондықтан тәуекелге бел будым да, қапты әйелдің қолынан жұлып алып, есікке қарай жанталаса ұмтылдым.

Одан кейінгісін білмеймін, әйелдің зар еңіреп ізімнен жүгіргені есімде, бірақ поезд қозғалып кеткесін түсуге батылы жетпеген, әрине. Қапты иығыма өңгерген күйі қалың қамыстың арасына қойып кеттім. Бұл арадан түн баласына із кесу қиын. Өзімізге қамыстың сындырылған басы, шошқа кетектер арқылы жасалған белгілер бар, соларды қуалап, өкпем өшкенше жүгіріп келемін. Осылайша дарияға таядым. Сол маңайда өткен-кеткен сайын демімізді алатын биік жартастың ықтасыны бар еді, айдың жарығымен қолға түскен олжамызды да бір қарап алатын орнымыз еді. Өйткені азық деп алып шыққанымыз өзге бірдеңе болып шықса, қолымыздағы затты сол орынға тастай саламыз да жортуылға қайта аттанамыз. Қаптың салмағы да бар, сыртынан ұстағанда былқылдақ, ет шығар деген дұдамалдау оймен аузын шештім. Ішіне қолымды ендете салып, оралған шүберекті жайменен жаза бергем, аза бойым қаза болды. Менің қолыма бұрын-соңды кездеспеген құбыжық ілінгендей. Кейінірек шегініп тұрып, жүрегімді тоқтаттым да, білегіме дейін сұғып жіберіп тағы байқақтадым. Кішкентай баланың басын ұстағандаймын. Шынымен солай болып шықты. Оны білісімен жерлеудің қамына кірістім. Сол төңіректе қашақтар үшін қажет болар деген күрек-кетпендер бар еді, шақылдатып жүріп жартастың түбінен қол басындай жер ойдым-ау. Баланы ораулы күйінде соған көміп, бишараның бейкүнә жаны үшін құран оқыдым.

- Баланы қапқа салғаны несі?

- Өлген адамды поезға алдырмайтын көрінеді ғой заңында, затқа ұқсатып орап алғаны да сондықтан шығар... Жолда баласын өлтіріп алып, еліне жете алмай тарығып келе жатқан әйел-ау деймін.

- Мұндай қияметтер ойыңызға оралған кезде қиын шығар, аға?..

- Е-е, қарағым-ай, - Шал шамалы үнсіз қалды. - Заманың жақсы болуын тіле. Егер дүние кіндігінен ауа айналып, олай-бұлай күн туып кетсе, мына түп-түзу жүрген адамдардың бірі - қой, бірі - қасқыр, екіншілері - жылан болып жөніне кетеді. Айнымай қалатын адамның адамы ғана, бірақ ол да өте сирек.

Кейінірек ағамыз осы әңгімесін маған неге айтты екен деген ой басыма жиі келеді. Өзінің адамға деген титімдей жамандығының болмағанын, тек, тағдырдан бұған бұйырған жолдың өзі осындай бұрылыс-қиылыстан тұрғанын, әйтпесе жан баласына жазығы жоқ біреу екендігін айтып ақталғысы келген шығар. Бірақ, уақытқа қазылық жасайтын мен емес қой.

Соғыстан кейін қашақтар шетінен ұсталып, Сталиннің бұйрығымен кешірім алған Тілеумұрат колхоздың жұмысына алаңсыз кірісіп кетті. Еңбегі абыройлы болып, сол өңірде алдына жан салған жоқ, бірақ бейнетіне сай ордень түгілі мақтау грамотасы да бұйырмады. Себебі, соғыс кезінде қашақ болған. Бүкіл өмірінде өткен адал еңбегі сол жылдарының өтеуі болған шығар... Осы айтқанын дұрыс еді деп кесіп те айта алмаймын. Бұл өмірде біздер білмейтін, ақылымыз жетпейтін қалтарыс-құлтарыстар әлі көп қой, соның қай жағында жүргенімізді қайдам?..

Ертеңіне ағамызды жолға аттандырып салдым.

## САҚЫПТЫҢ ӘНІ

Кәдімгі қыраулы қыс. Бізде оқу залы деген атымен жоқ, бір топ бала интернаттың асханасында сабаққа дайындалып отырмыз. Ірілі-уағы аралас онның үстінде болармыз. Ас үй жақтан қалайы табақшалардың қақтығысқан құлаққа жағымды даусы шығады. Бұл түскі асқа деген уақыттың таянғанынан хабар. Дегенмен, осыдан соң-ақ балалар арасында сыбыр-жыбыр күшейіп, әлдеқалай көңілділік пайда болады. Осыны сезгендей асхана жақтан сызылтып салған сазды бір әуен естіледі:

Қызғалдақ - таң нұрымен, ах-а-ау ашылады,

Қырларға жастық көңілі-ай асығады.

Көз жанарымыздың тұңғиығында сағыныш селі көтеріліп, мұңлылау жүзбен қырау басқан терезеге қараймыз. Терезенің арғы жағында мұзды мұхиттай айқасып жатқан қарлы төбелер. Көз алдымызға сол бір шетсіз-шексіз қарлы төбелерден әрідегі жұмақ өмір елестейді. Ол - орман. Біз сол орманды сағынамыз. Қыраулы қыстың қалың ортасынан қызғалдақ басы өрттей алаулап тұрар өмір қайда бар екен. Мүмкін Алматы сондай шығар. Ол болмаса - Мәскеу. Шіркін, сол қалаларға барып институттарға түссек, студент атансақ қой. Сосын, қыры қызыл гүлге толы өлкемізге қайтып оралсақ. Сарғайған сағыныштан гөрі, сол сағыныш көмкерген дүниенің ортасында жүргенді айтсайшы. Бұл көбіміздің көкіректе әлдилеген - мақсат-мұратымыз. Ал, асхана жақтағы әсем ән қанатын баяу қаға береді.

Қызғалдақты белестегі,

Бір терейік қалқажан.  
 Бақыт ортақ емес пе еді,  
 Қыз-жігітке әрқашан.

Біздің, өзіміз құралпы жоғарғы класс оқушыларының көзіне сол бір қымбатты кезеңдегі кездесер, мәңгілік қызыл гүлдерді жарыса жүріп теретін, қолдасып ойнайтын, сыңғырлап күлетін нәп-нәзік нұрлы жүз қыздар елестейді. Олар біздің ауылдың қыздарындай кескен томар сияқты кескінсіз, мәнерсіз болмаса керек деп білеміз.

Тұла бойыңды шымылдатып, нар-ботадай жетектеген ән бойың балқып, ойың шалықтаған кезде батар күннің сәулесіндей баяулап тамам болады. Балалар қобырласып, кітап-дәптерлерін жинақтай бастайды. Қатар отырған досым Әділхан күлімсіреп бүйірімнен түртеді. Білемін, не үшін түртіп отырғанын. Бұл әнді айтқан - Сақып. Бұл - Сақыптың әні. Сақыптың Әділханға көңілі бар екенін де жақсы білемін. Бірақ амал қанша - екеуінің тағдыр жолы түйіспейтіні басы ашық. Сақып соны жүрегімен сезеді, сезеді де қар басқан Қарақұмдай кіршіксіз таза даусымен ғашықтық әнін салады. Махаббат - әннен де құдіретті, тыңдаған жан әсем әуезге кірпігі ғана қимылдап ұйып қалады, қанат қағып тым алысқа да ұшар, бірақ ән иесінен алыстап кетерін Сақып білмеген шығар. Мүмкін бәріне себепті әннен де іздеп болмас, тағдыр солай жаратылған да. Қысқасы, бұл қиын түйін әйтеуір Сақып мен Әділханның өмір жолы түйіскен жоқ. Одан бері де қыр қызғалдақтары бірнеше дүркін гүлдеп, соншалықты рет қуарып желге ұшқан екен.

\*\*\*

Әділхан көзі жәудіреген, ұялшақ, әрі мейірбан бала. Екеуіміз де алтыншы кластан бастап бірге оқыған, интернаттың қос керуетінде хикаялар шертіп қатар жатқан қойшының балаларымыз. Бұл дүниеде Сақып есімді қыз бар екенін білетін жылы - тоғызыншыны бастағанбыз. Бір күні бөлме ішінде әлденеге алаң болып жатқан менің қасыма жымия күліп Әділхан келіп тұр. Құлағымды тіге қойдым, досымның қызықты бір әңгіме айтар кезде құпия көзқарасы болушы еді.

- Бала, біздің интернатқа бір тамаша қыз келді, - дейді сыбырлап.

Әрине, оның "қыз" дегені жаңалық емес, бірақ "тамашасы" тартып тұр.

- Қандай екен? - деймін сондықтан да.

Ол ернін тістеп бас бармағын көрсетті.

- Кеттік.

Бойымыз зіңгіттей, бірақ бала мінезінің қызғылықты табы бойымыздан кетпеген кезіміз ғой, топырлап сыртқы есікке қарай тұра ұмтылды. Ересек қыздар жататын сегізінші бөлмені сырттай ғана торуылдап есік аузын күзеткен жайымыз бар. Бұрынғыша өзімізбен бірге оқитын қыздардың үстіне өзіміз кіріп баруға жүрексінетін тәріздіміз. Жөн-жосығын сұрауға таныс қыздардан тысқа шыққаны жоқ. Олар да бөлме өмірінде сирек болатын жаңалықтан мұрсасы келмей жатса керек-ті. Әрі-сәрі сенделіп жүргенімізде түскі астың мезгілі болды. Жуынып-таранып асханаға бардық, бейтаныс қыз жоқ. Стол басында қатар отыратын Шөлкі деген кластас қызымыз бізді көруге зар болып-ақ отыр екен. Таяна бере-ақ:

- Бізге қаладан қыз келді, - деді.

- Қандай екен? - деймін баяғы құштар көңілмен.

- Тамаша!

- Аты кім?

- Сақып. Елеусіз деген қойшы бар ғой "Жіңішкеқұмда". Соның қызы. Өзі осы уақытқа дейін қаладағы мектеп-интернатта оқыған екен, ауырып екі жыл үйінде жүріпті. Бізбен құрдас, бірақ жетінші класқа барамын дейді.

- Тамаққа шақырмадыңдар ма, көрейік...

- Балалардан ұяламын дейді. "Жүр-жүрдің" астына алып едік, жыларманға келгесін қойдық... Өзі бет-моншағы үзілген біреу болса керек-ті.

Сақыпты көрдік. Шынында әдемі екен. Әділхан екеуміз жарыса амандасып жанасып өттік. Көзі жанарлы, орта бойлы, жұқалтаң өңді сары қыз. Шөлкі суреттегендей бет моншағы төгіліп тұрған жоқ, Әділхан екеуміздің жүзімізге тура қарап, сәл-пәл даусын шығара бас изей амандасты. Әдемілік деген әжептәуір күш екен, соған да абдырап қалғандай едік.

\*\*\*

Интернат тірлігі - бүкіл тіршілік атаулыдан бір төбе. Онда ата-ана қамқорлығынан қағажу қалатын балалардың алғаусыз көңілден ақ жарылып күлуі - сирек кездеседі. Қандай жағдайда да интернат ішін жайлаған күңгірт көңілсіздік оңайдан сейілмейді. Бірақ жан жадыратар екі-ақ нәрсе бар: бірі - қиял, екіншісі - титтей де болса жаңалық. Сол жаңалық біз үшін Сақып болды. Класымыз бөлек болса да, бір интернаттың іші жылы-жылы сөйлесіп қаламыз. Әлденелерді айтып күлетін де болдық. Әділхан екеумізде Сақыпқа ұнауға тырысатындаймыз, екеуміз де жақсы көретіндейміз, сол бір кезең тәжірибесіз бозбаланың басындағы беймағлұм сезім шуағын бірге кешетін едік. Бірақ адал достық аңғал құштарлықты жеңе білетіні

тәрізді, неліктен екені белгісіз досымыз екеуіміз бір-бірімізді көлгірсусіз қоштадық, ара тұрмадық.

Байқаймыз, қызғаныш адаммен бірге туатын кесапат емес пе? Әуелгі кезде сілкініп басылған қыздар кейінірек Сақып жайлы сан-саққа сөз қашыра бастады. Мұндайда бірінші болып аузы жеңіл Шөлкі бастайды.

- Мына қыз талма ауру екен, - дейді жиі бас қосатын асхана ішінде бір бүйірде отыратын Сақыпқа қарай қабағын қағып. - Кеше концертін көрдік...

- Жаңа қыздың ұрысқаны да жаңалық шығар, - деймін әдейі мән бермей. Шөлкі түсінбей қалды.

- Не жаңалық болсын. Кәдімгі өзіміз сияқты... тіпті дік-дік етеді.

Интернат заңы - тайга заңы сияқты, тосын адам түсінуі қиын. Мысалы үйіңнен келген тамаққа иелік жасамайсың. Барын бөлісіп, үлкендеріне сүбелілеу жағы тиіседі. Екіншіден, онда киім меншігі деген жоқ. Каникулға қайтқанда әке-шешелеріміз алып берген киімдерінің жұқанасын да таба алмай оны іздесек өзіміздің де миымыз ашып кетеді. Сосын бала атаулы аузы құлыптаулы чемоданға өш. Құлпын ашуға шамалары келмесе, топсасының шегелерін суырып-суырып тапқанын алып, екінші құлыптамасын деп ішіне қолына түскенді салып кетеді.

Сақып кешкілік төсегіне қисая берген екен, әлдеқайдан мысық мияулайды.

- Қыздар, мысық қайда бар? - деп жан-жағын, керуетінің астын түртпектеп қарап шығады. Құрбылары теріс айналып, әлденеге күлетін тәрізді. Мысықтың чемодан қақпағын тырнағанын естігенде, өз құлағына өзі сенбеген Сақып кілтімен аша бастаған чемоданды. Ашып та үлгерген жоқ, баж еткен тарғыл ала мысық жан екпінмен Сақыптың өзіне қарсы ұмтылады да, қолтығының астынан сытыла қашады. Не болғанын түсінбей шошып кеткен қыз жүрегін ұстап құлай кетеді.

"Сақып талып жатыр" деген хабарды естісімен жүгіріп біз де жеттік. Еден үстіне қисая құлаған Сақыпты көтеріп керуетке қоюға шамалары жетпеген екі-үш қыз мықшындап жатыр екен, біз де жәрдемдестік. Өңі сұп-сұр, танауы қусырылып, демігіп жатыр. Қолын ұстай бергем - қары тап-тастай екен. Жүгіріп тәрбиеші келді, бетіне су септі, қолын уқалады. Есі өз-өзіне келе бастағаннан демігуін азайтып аяқ-қолын жинап алды да жанарын ашты. Біреудің қасіретіне қызыға қарағандай қалшиып тұрғанымыз неліктен - көзін жайлап ашты да жанары бізге тоқтаған кезде қос қолдап бетін басты. Енді-енді өкси бастағанда есіктен екі бала еріткен дәрігер келеді екен.

Сонымен, "мысық оқиғасы" мектеп пен интернатқа түгел жыр болды. Тұрпайы, қаскөйлікке бергісіз ойын түрін ойлап тапқан үлкен қыздар жиналысқа түсті. Сөзге шорқақ, мінезі о жар, оқушының жеріне жете сөгуді намысына тиіп, санасын ояттым деп білетін завуч бұндай сорақылықтың әдеп-инабат ауласынан алыс жатқанын, оның кез-келген өмірге қауіпті екенін түсіндірген де жоқ. Жиналысты да ашып үлгерместен жоғарғы кластың 4-5 қызын ортаға шығарды. Ә дегеннен бет-жүздеріне көз тоқтатып: "қанішерлер" деп тістенген күйі демін ішіне тартып біраз тұрды. "Қанішерлердің" ішінде тізесі соқайып шығып кеткен Шөлкі де тұр. "Тәрбиесіздер" деді әрбір әрпін тісінің арасынан сыздықтатып бөліп-бөліп жіберген завуч. Қыздар бұл мұғаліммен тіпті, сырмінез. Сабақ үстінде пәнге қатыссыз мәселелер төңірегінде оқушылармен салғыласып қалуға намыстанбайтын. Қазір де қанша салмақтап айтқан сөздеріне қыңып тұрған ешқайсысы көрінбейді, қайта жиналысқа түскен төртеудің бас көтерері булығып тұрған завучтың бетіне "дені дұрыс па?" дегендей бір қарап қойды.

- Неге қарайсың? - деді ұрысуға ілік таппай тұрған ол алдындағы қызға біртабан жақындап. - Мен сендерге Сақып емеспін... Елеусізова... Мысықтан талып құлайтын. Маған десеңдер өкіріп өгіз болып шығындар, түйе болып тайрақтандар, жындарыңды қағып алайын.

Бұл сөзге ірілі-уақты интернаттың балалары жамырай күлді. Күлкі завучқа күш бергендей. Мен мойнымды созып осы отырған топ ішінен Сақыпты іздеген едім, абырой болғанда жоқ екен. Кешелі-бүгінді асханаға да келмей, тамақтарын кезекшілер жеткізіп беріп жүрген. Әділхан екеуміз көңілін де сұрап шыққанбыз. "Жақсымын" деді де өзге тіл қатпады. Өзімізге өкпелеп жатқандай ыңғайсызданып, аз-кем тұрғасын шығып кеттік. Естуімізше ауруханаға да жатпапты, берген дәрі-дәрмекті де ішпеген, жиналысқа да "қатысқым келмейді" депті. Ол мүмкін жанын жаралаған қыздардың, тіпті біздің - Әділхан екеуміздің бет жүзімізді көрмеген де шығар. Егер дәл қазір завучтың: "Әке-шешелеріңді шақырып, штрап салдырамын, партиядан шығартам, өздеріңді сотқа берем, сендер сотталатын жасқа толып тұрсындар" деген әңгімесін естігенде не істер еді?

Осы арада Шөлкі:

- Ағай, ол қызды талдырған біз емес қой, өзінің қашаннан талма ауруы бар екен, - деді.

Мен де, Әділхан да жым-жырт тынып қалдық. Себебі, жиналыстарда балалардың шығып сөйлеп, біреудің ісінің ақ-қарасын айтуы интернат дәстүрінде жоқ. Сақыптың екі жыл мектепке бармай жүруінің себебін көбіміз енді түсінгендейміз. Осы арада біздің оған деген іңкәрлық көңілімізге аяныш сезімі араласты.



## ҚАЗАНБАЙ

Адамзат аман болса мүсәпірсіз болмайды. Қазанбай да сондай тумысынан бишара, бітім-болмысы момыннан өткен сүмірейіп қалған байғұс, бірақ ақыл-есі түзу, ешкімнің бетіне жел болып тиіп көрген емес, тіпті, мал баласына да шәйт демейтін шығар. Адам қарасын сонадайдан байқаса, амандаспас бұрын күледі. Бұл енді сәлемдескені. Рабайда ғана: "Інішегім, кемпір-шалың бакуат па?" дейтіні бар. Оның да, осы дүниеде жазығы болса осы жалғыз ауыз сөзі мен мүсәпірлігі ғана. Өйткені, одан саулық сұрап, жай-жағдайын білетін жан жоқ, сұмдығы мен дәулеті бір-бірімен теке-тірескендер Қа-а-занбайды қайтушы еді, ерін ұшын жыбыр-жыбыр еткізіп, тапсыратын шаруасының өзін әмір бергендей шегелеп сөйлейді. Әйтеуір бірде бие, бірде түйе болып отыратын ағайынның байғұс Қазанбайға келгенде тіндері қатты.

Әлімсақтан, солай ғой өзі, бірімізді-біріміз кешіріп жатамыз, ал мүсәпірге кешірім жоқ. Қазанбай сондықтан да болар ешкімге өкпе айтпайды. Ренжісе, тумай жатып әке-шешесін қатар жалмаған құдайдың өзіне шағынар еді ғой, жаратылысында ондай мінезі болмағасын қайтеді енді. Айтылған шаруаның ау-жайын ұғып алғанша "Жарайды, жарайды" деп басын екшей күліп тұрады да, біраз бейнетті өзімен бірге көріп әбден ерғашты болған тор шолағына мініп қойдың ізінен кетеді. Қазанбайдың кім екендігін сол ауылдағы итке дейін сезе ме, қанша күшкәлағанда, ауыл шұңқырынан біреуі ерсейші соңынан. Түк таппаған төбеттер аш құрсағы қабысып тышқан ауласа да, қоймен бірге өрістеп қайтуға құлықсыз. Ал ауыл арасында үнемі ұнжырғасы түсіп жүретін байғұстың өзімен жүзбе-жүз келіп қалса, бос итаяқ көргендей төрткөзденіп бұрылып кететінін қайтерсің.

Қазанбайды тұлдыр жетім кезінен қолға ұстап, басына пана болған орта бөксе дәулеті бар аталас ағайыны Жұқаш еді. Баладан өзі де тарығып жүрген байдың мұны көрісімен ет бауыры елжіреп кетпеген шығар, бірақ қанына тартқан болар, жұмсаған жағына тіл қайырмай аттанатын жуастығына, тапсырған шаруасын көңіліндегідей орындап қоятынына, тіпті, оның бұл дүниенің бейшарасы болғанына да қызыққан шығар. Оның үстіне таяу жылдары аяғына оралғы болатын бала-шағаның сыңайы және байқалмайды, бірақ Жұқаштың құдайдан үміті болғандықтан көңілінің хошы бар шағында: "Осы жаманды бір шүйкебасқа қосып, әруақтарды риза етсем, балаларының бір-екеуін бауырыма бассам, тегіне тартып құл болып кетер ме екен, қайтер екен?" деп, өз-өзінен отырып күбірлейтіні бар-ды. Сөй десе де бір қолын екі етіп отырған мүсәпір жігітті қақаған суық, қайнаған ыстық деген жоқ, бетін құладүзге қаратып шаруашылығына жұмсап

салып отырды. Кей-кейде елім-делімі шығып қандай қиындық көріп жүрсе де "қыңқ" демейтін мінезіне қарап жаны ашиды, салғыласып ақы сұрап жатпаса да "мына жиырма қаралы тоқты сенің еңбегіңнің өтеуі" деп түсіндіріп қояды. Жоқ-жұқанадан құрастырып үстіне киім кигізеді, қазан-ошағына қарап қалған сараң бай емес, ас-суына да таршылық жасамайды. Тек, Қазанбайдың өзі, жеріне жеткен мүсәпірліктен де шығар, солардың біріне елп қуанбайтын тәрізді. Баяғы мән-мағынасыз залалсыз күлкісі. Ерте тұрады, кеш жатады, атқа мініп ойын-тойға барып қайтайын деген талабы жоқ. Шаруасы жай жаздың жұмсақ күндерінде шайды баптап қана ішетін Жұқаш:

- Қазанбай, қойыңның басы құдайға шүкір жыл санап өсіп келе жатыр. Ханның қызын алмасаң да өзің құралпы кедей шаруаға бәсін беріп, бір бәлекейді түсіруге қауметім келеді енді. Қандай ойың барын бізге де сездіріп қой, - деп бәйбіше-тоқалдың арасында тел өскен тайыншадай көлбеп жататын Жұқаш "Осы немең әтек емес пе?" дегендей байқақтап көреді. - Айт көкейіндегіні, біліп отырайық...

Қазанбай бет-моншағы үзіліп, жаңа түскен келіншек сияқты, бетін жеңімен жасырып төмен қарап күледі. Ол үшін үйлену деген шаңырақ көтеруден де басқа ұятты түсініктерді қозғайтын секілді, екі әйелдің көзінше бұндай әңгімені аузы барып айтып отырған байға іштей таң қалады. Жалпы бұл кісінің біреу емес, екі әйелді қатар алғанын күнәға екі мәрте батып жүр деп есептейді.

- Несі бар, үйленсе зіңгіттей жігіт емес пе? - Тоқал да қарап тұрмай бұның ұятты сезіміне ши жүгіртеді.

- Әй, жеңешекежан-ай, - Қазанбай басын тұқыртып, артық әңгімеге бара алмай бұқпантайлаған кезде, ішек тұсынан бірдеңе ойнап шығып, теңселтіп жібергендей көрінеді. Өз-өзінен өрттей жанады сосын. - Жеңешекежан-ай, мені ұялтпаңызшы енді...

Жұқаш рахаттана күледі. Санын шапалақтай рахаттана күледі.

- Әй, мынаның өзі қызық қой... Ұялғанда қайда барасың ұрпақсыз... Осы неме келеге келсе болар еді?!

Өйткені бұл дүниеде Қазанбай ұялмайтын тіршілік жоқ шығар. Оның мүсәпірлігінің түп тамыры, сол, өн бойын құрсаулап алған ұят деген түсінікпен астыртын астасып жатыр. Жұрт оған таң қалатын болса, бұл адам басына бір әйелден меншіктеп алып, одан туған балаларын төбелеріне хан көтеріп, жиын-тойда алдына жан салмай ұятыңды белінен басып сөйлеп отыратындарға таң қалады. Мүмкін, жарық күннің астында кім-кімнің де жүзіне тура қарай алмай төменшіктеп, ел аузында мүсәпір атануының себебі сонда шығар, әйтпесе көзін ашқалы бар өмірін мал соңында өткізген бұл секілді байғұстың елден ала-бөлек бүлдіріп тастаған ештенесі жоқ. Тіптен, бұл дүниеге басы ұмсынып келе жатқан шарана төлге де туралап қарай алмай тайсалып кетеді, өйткені ту сыртынан біреу мұның ұятын

аңдып тұрған сияқты. Ол ол ма, отыз жыл қойдың қиын басып жүргенде еркек болып қолына пышақ ұстап мал мауыздап көрген жан ба екен десейші. Ондайда аза бойы қаза болып, ауыл қабағынан асып кетеді.

Жері шүйгін, ықтасыны мол дегенмен, наурыздың алғашқы сәулесі түсісімен, алаөкпе болған бірлі-жарым жандықтар Жұқаштың отарында да кездеседі. Бірде ауыл шұңқырында Қазанбайдан басқа еркек атаулы наурыз көжеге кетті де, алаңсыз қойына шығып кеткелі жатқан, бәйбіше-тоқал бұған жетіп келді. Жаны шыққалы жатырған саулықтың тамағынан қан шығарып берсе өздері-ақ іреп-союып алуға құлшынып тұр. Еркек аты болғасын, бұрындары мал бауыздаудан басын алып қашатынын білсе де, қанжығасынан алып жібермейді. Әрі-бері жалынып көріп еді болатын емес, ердің қасынан шылбырын суыртпақтап алып, сол күйі есіктің алдына қадап қойды.

- Жеңешекежандар-ай, мен қорқамын ғой, - деді Қазанбай имандай шынын айтып.

- Сені-ақ періште қамайды да тұрады екен, неден қорқасың?... Ең болмаса пышақтың жүзімен тамағының астынан жүргізіп өтші, қан шығар ма екен...

- Қорқамын деймін,.. қорқамын. Тамағы қыр-қыр етіп, мауыздай бастағанда сөйлейді олар...

- Не дейді осы ит- шіркін. - Жұқаштың бәйбішесі айбатты адам еді, жанулы тұрған пышақты бұның қолына зорлықпен ұстатып тұрып, ертеден бері аяқтарын серпіп жаны шықпай жатқан қойға қарай желкесінен итере нұқып жіберді. - Жаныңа ғана сенің... Қой соймасаң етін қалай жеп жүрсің? Ұста арғы жағынан...

Тоқал мен бәйбіше Қазанбайға жабылып жүріп қалтырап жатқан қойдың қасына тізерлетті де қолының сыртынан баса ұстап тұрып жандықтың қыл кеңірдегінен бір-екі изеп қалды. Қойдың басы бір-екі кегең еткендей болып тамақтан қан көрінді.

- Кет енді әрман итаяққа ұқсамай! - Бәйбіше "не күйге түстім?" деп отырған Қазанбайды тізесімен қағып жіберді.

\*\*\*

Содан бері де біраз заман өтті. Ел арасында патша тақтан құлапты, ендігі заман мына Қазанбайлардың қолына өтеді екен деп, патшаны тағынан осы құлатқандай, отырыспа-тойларда кекесін-мұқасынды көбірек естіп жүретін... Бәрі расқа айналды. Бір күні басына жұлдызды шоқайма киген мылтық асынған жігіт келді де Жұқашпен ат үстінде ұзақ сөйлесті. Қолына мөрі басылған қағаз беріп, мына малдың көбісін қазынаға қабылдаймыз, бұл сенің тапқаның емес, құл-құтандардың еңбегі деді. Жұқаш үндеген жоқ.

Есігінде жүрген малай Қазанбай Үрімбайұлына еркіндік береміз, - деді.

- Беріңдер... Үкіметтің айтқанынан шыққан жеріміз жоқ... Бірақ Қазанбайды қайда апарып бағасыңдар? - деді.

- Артельде болады, - деді бейтаныс жігіт. - Кеңес үкіметі кедейді өлтірмейді, қайта қолына билік береді, партия қатарына алады, көзін ашып сауаттандырады...

- Дұрыс екен...

- Екі әйел алғандығың үшін тағы да жауап бересің...

Бұл ауыл ежелгі теңіздің ойпат табанында жатқандықтан Ұлы Қазанның шапағат-шуағы бірден түсе қоймады. Кештетіп жетсе де жаңа үкіметтің екпіні қатты болды. Елге тиген бықпырт алдымен ауқатты деген шаңырақтарға жетті, соның қатарында Жұқаш та бар. Алдымен шошайма бөрік киіп, жылтыр жадағай киіп, мылтық асынған төрт-бес жігіт үкіметке деп біраз мал-текесін айдап кетті. Жұқаш жанын қайттады ма, әлде заманның ағымын аулады ма, келгендермен айбат шегіп теке-тіреспеді, сұрағандарын Қазанбай екеуі қаумалап жүріп алдарына салып берді.

Жаңа үкіметтің орталығы "Көне қоныста" еді, сол жаққа барып қайтқан жан болса күнде бір дүмпудің болып жатқанын айта келеді. Жұқаш естіген әңгімелеріне қарсы сауал да қоймастан басын шұлғып отырып үнсіз тыңдайды, сол қалпында жүріп малының шаруашылығына араласады, міз бақпастан шайын ішеді, тіпті оттың басында өзінен басқа жан жоқтай, өзімен-өзі... Тек кешкілік жатар кезде ғана:

- Е-е, алла, абырой бере көр де! - деп тереңнен күрсінетіні бар. Бұл өмірде болып жатқан түсініксіз тірліктермен Жұқаштың мінезіндегі күрт өзгерісті Қазанбай да сезіп, тақалып қалған әлденені сезгендей жүрегі шәукілдейтін-ді. Сол тегін емес екен, бір күні бұлардың аулына шөберелес ағайыны Аймағанбет келді. Оның да басында шошақ бөрік, иығында мылтық, алдынан үріп шыққан иттердің бір-екеуін қамшының астына алып жіберіп, сол сыдыртқан күйі байдың жердің бетіне жартылай көтере салған жертөлесінің қыр көзіне тоқтады. Қазанбай қора жақта қи шығарып жүр еді, Аймағанбеттің адам танымастай өзгерген түрін көріп, бұқпантайлап қалды.

Аймағанбет аттан түспеді, жолда шауып келгендіктен желігі басылмай, басымен арпалысып тұрған айғырдың тізгінін тежей тартып тұрды да, ішке қарай айқай салды.

- Кім бар, хабарлас-ау...

"Бұл кім болды?" деп, жайбарақат уақыттағыдай іштен ешкім жүгіріп шықпады, тек әлден уақыттан соң қақырынып-түкірініп, кең қойын шапанын желбегей жамылып келе жатқан Жұқаш көрінді.

- Асалаумағалейкүм!

- Әлік салам! - Жұқаш Аймағанбеттің сәлемін ықылассыздау алды, себебі, Аймағанбет жақын інілері еді, қатар отырған ағайын-туыс қиын кездері бір-бірімен селбесіп күн көрген, қай кезде де мал-текесінен айрылмаған бұның оларға қол ұшын берген жерлері көп еді, қазіргі сәлемі бұрынғыға қарағанда астамшылықпен айтылғандай үстем естілді. Жұқаш іші алмай қалғаны осы жағы. Сондықтан да бұның одан шайтаны сескенбегендей. - Атыңды әрі апарып байласайшы, - деп қолын сілтеп қора жақты нұсқады да, бұрылып, үйді айналып кетуге қарады.

Аймағанбеттің ойына да өткен уақыт оралса керек, өзінің жақын ағасына елеурей шауып келгенінің сөкеттігін енді түсініп, айтқанды орындағаннан басқа шарасы қалмады. Жақындауға қорқа-соқтап біраз мүдірген Қазанбай Аймағанбетке келіп амандасты...

Арада біраз уақыт өткен соң осы үшеуі төр бөлмеде отырды. Аймағанбет шайға қарай алмайтынын, уақытының өте тығыз екендігін айтып, бұйымын да білдіре отырды...

- Жұқ-аға, уақыт осындай болып жатыр... Мені осында жіберді... Келген бұйымым үлкен емес, ауылдағы жаңа үкіметтің басшылары мына Қазанбайды ала кел дейді...

- Қазанбайды қайтпекші?.. - Жұқаш төмен қараған күйі елеусіздеу сауал тастады.

- Үкіметтің өз білгені бар да... Кісі есігінде жүргендерге бостандық береміз, жаңа қоғам құруға қатыстырамыз, адам қыламыз деп жатыр... Мен қайтейін енді, айтқандары осы...

- Е-е, жөн екен... - Жұқаш төмен салған басын жерден алған жоқ, тұнжырап отыр. - Қазанбайдың адам қатарына қосыла алмай жүргенін кеңес үкіметі дұрыс тауыпты... Онысы рас... Бірақ пейішке алып барсаң да, адамның бейшарасы сол құдай берген жаратылыстан әрі аса қояр ма екен?..

- Мен білмеймін, Жұқа...

- Сен білмесең, ертеңгі күні бүгінгі күніне зар болып жатса, обал-сауабын бөліп мойныға жүктей аласың ба?

Аймағанбет ауыз жарып ештеңе айта алмады, басын қысып бара жатқан соң шошақ бөркін алып тершіп кеткен маңдайын ерсілік-қарсылы сүртті. Ара-арасында Қазанбай жаққа да көзін ұрлап тастап қояды, төмен қарап күлімсіреген күйі үнсіз отырған жігіт мына болып жатқан әңгімеге қатысы жоқтай жүгініп отыр. Көбіне Жұқаш жаққа жалтақтайды, қолынан келген амалын жасап, жібермесе екен дейді, өзі танып-білмейтін бейтаныс ортаға барудан зәре де иманы қалмай қорқады. Әрі-бері сарапқа салып отыра бергеннен Аймағанбет ештеңе өндірмесін ұқты да, сөздің сарасына көшті.

- Жұқа, үкімет күшті ғой... Қанша адам шапқылап айтқандарын екі етпей жүргенде өздерінің ойлап тапқан ұшпағы дейсіз бе? Бір жандары үшін де... Мені де кедейсің, кеңес үкіметінің қабырғасын нығайтуға қатысуың керек деп осындай қылып қойды ғой... Алдымен ағайынды құтқар құлдықтан дегесін келген бетім...

- Ә, солай ма? - Жұқаштың салмақты көзқарасы Аймағанбеттің қушиып отырған денесін қылыштай шалып өтті. - Бұныңды айып демеймін... Бірақ, ағанның аулына ат ойнатып, арқаңа мылтық асынып келмесең бірдененен кем қалатын ба едің? Жамандығыңа бағасың да... Шай ішіп, ет жемейтіндей, пірғауын болып кетіп пе едің...

Жұқаш мұнан әрі шынтақтағы жастығын итере тастап, орнынан тұрды. Тысқа қарай құман алып беттеді. Аймағанбет ізінен іле көтерілгесін, жалғыз өзі отыра берудің амалын таппай, Қазанбай да шыққан. Сонадай жерде қазыққа шала салған боз айғыр тағатсызданып жер тарпып тұр екен, Жұқаш тани кетті.

- Мынау Өтеш қажының айғыры ғой...

Аймағанбет "иә" дегендей імкәм байқатып, елдегі әулие тұтатын адамның көлігіне міне шапқанының қаншалықты қате болғанын енді түсінгендей ұяла төмен қарады.

- Талай-талай заман болар, қарағай басын шортан шалар деген екен бұрынғылар... Сол расқа шығып келеді... Мен отыз жыл қолыма ұстағанда, бір тірлікке иегін енді асамын ба деп едім, Аймағанбет жаңа үкіметтің билері бір күнде адам қыламыз деп жатыр дейді ғой... Күштінің дегені болады енді... Қазанбай жинал...

Жұқаш Қазанбайды қыр асыра қуып тастағандай қылған жоқ... Қойға мінетін атын өзіне берді... Жаз айлары айран-шалап сақтайтын қара қос бар еді, оны тағы бір атанға жүктеді. Өзі ауыл қабағына дейін ілесіп келіп, "Жұқаш аға, мен қайтемін?" дегенді көзіммен сездіріп тұрған мүсәпір жігіттің арқасынан қақты...

- Ой, мүсәпірім-ай, құдай жар болсын да саған... Осы бергенімнен де басқа тоқты-торымың бар еді, оны алдына салып бергенмен, сенің аузыңа тигізбейді ғой андағылар... Заман жақсы болса менде тұрған мал қайда кетеді дейсің... Ал, енді сау бол, - деген.

Аймағанбет ілгері озып кетті де, Қазанбай түйесін жетектеп соңында ыбылжып жүріп келеді. Қайда барады, қандай тірлік жасайды ол жағы беймәлім, өмірі ауыл қабағынан әріге ұзап шықпаған жігіттің іші әлем-жәлем. Басынан не күй кешіп келе жатқанын өзі дөп басып айта алмайды. Мені сойылатын малдай Аймағанбеттің қолына жетектетіп жібергені несі деп Жұқаш ағасына да ренжитіндей ме? Бірақ, басқадай шарасы бар ма, сол сәтте арты да, алды да терең құз сияқты, қайда қарай бұрылғанда да өзінің қалағаны болмайтынын жақсы біледі. Бірақ, өзіне қол жұмсамаушы еді, тамағы болса тартынбайтын алдына қоятын, ешкімге көзге түрткі қылмай

жағдайын жасайтын Жұқаш ағасына бауыр басып қалып еді... Осы ойына түскенде, жол тосып тұрған Аймағанбетке жақындай берген Қазанбайдың көңілі босап кетті.

- Аймағанбетжан, мені қайтесің... Жұқаш ағамның қолында қалдырсайшы...

- Не дейді мынау?! - Жұқаш аулынан ұзағасын Аймағанбеттің өңі қайта кірейін деген екен, бұған қарай дікілдей сөйледі. - Жаман неме... Мен сені адам қыламын, туысқаным деп ізіңнен келсем... Былжырап, аузыңа келгенді айтасың ғой өзің... Жүр бермен, жаны бар адамға ұқсап!

Аймағанбет бұған қарай еміне бергенде қамшымен жон арқасынан бір-екі тілгілеп ала ма деп қауіп етіп еді, бірақ тимеді. Қазанбай бұдан кейін бір ауыз әңгіме айтпастан үнсіз қалған.

\*\*\*

Қазанбай үйін Аймағанбеттің үйінің маңына апарып тікті. Күнде маңдайына жалау ілінген кеңседе кешкілік жиналыс өтеді, одан Қазанбайды да қалдырмайды. Күні бойы артельге әркімнен жиналған малды бағады да, қолы бос кезінде Аймағанбеттің айтуымен басқа тірліктерге араласады. Колхоз болдық, сен енді сол колхоздың мүшесісің деп бір қояды. Қазанбай сол баяғы дыбысын шығармай күлетін кәдісі, бұрыс не дұрыс болды-ау деп айтпайды. Сенің көзіңді ашамыз, сауаттандырамыз деп мектепке де тіркеді. Бұл түн баласына дейін ересектермен қатар қағаз-қалам ұстап, қалғып-мүлгіп бірдеңе оқыған болады, бірақ сан жағы болмаса әріптер санасына қонатын емес. Осылайша қанша жүретіні белгісіз еді, сол елде өзі сияқты тұлдыр жетім Күләш деген қызды Аймағанбет қолынан жетектеп қосына ерте келмегенде. Оны да бір туысқанының үйінен күндіктен құтқарған екен. Алғашында сенімен бірге баспалай жүрсін десе де, кейіннен Қазанбайға осы қызға үйленесің деген қиғылық салды. Жақында ғана қара табан бадырақсың деп партияға қабылдаған, қызыл билетті қолына беріп тұрып колхоздың басқармасы Нұрыш деген кісі:

- Сен енді ел қатарына ендің... Өте жуас бола берме... Сені жұрт коммунист, белсенді дейді. Енді мына билетің жүргенде айтқан тапсырмамызды екі етпейтін боласың! - деп күлсе де, арғы жағында шын пейілі жатқан.

Бірақ өмірінде қанша жаңалық болып жатса да Қазанбай құдай берген мінезінен бір айнымады. Сол бұрынғысынша кім көрінгенге жалынышты адамдай күлетіні, ешкімнің жүзіне тура қарай алмай назарын төмен тастап, көзін алып қашатыны... Енді үйлену жағына келгенде де әуеліде басын сауғалап көріп еді. "Біле білсең бұл саған

деген партиялық тапсырма, егер шаңырақ құрудан басыңды алып қашатын болсаң, мәселенді колхоз жиналысына қоюдан тартынбаймын" деген соң, Қазанбайдың күлуге де шамасы келмей қалды. Себебі, Қазанбай колхоз жиналысының қалай өтетінін, бұл түгілі аузымен құс тістеп жүрген талай сұңғыланы, осы өңірдің байлары мен билеріне дейін жүндеп түтіп жібергенін талай көрген. Соның бірі Жұқаш еді. Осындағы бүкіл колхозшы ұлы бөріге алды оны.

- Құл ұстап, халықты қанаған боржой...

- Екі әйел алған ескіліктің сарқыншағы...

- Қазанбайды жібергісі келмей, Кеңес үкіметінің өкіліне қарсылық білдірген халық жауы...

Жұқаш көпке дейін өңін бермей біраз отырды да, қайта-қайта екі әйел алғандығы жөнінде дау көбейе бергесін, бір ауыз сөз сұрады. Біреу берейік, біреу үкіметке қарсы үгіт айтып қояр деп қорғалақтаса да, ауданнан келген өкіл:

- Біздің өкімет сөз бостандығын жақтайды... Бұл жауға да болса жасап отырған кеңшілігіміз. Үкіметтің остабын бұзбай сөйлесе сөйлесін, - деді.

- Мал баққанға бітеді деген, - деді Жұқаш жұрт қолқа салып қоймағасын орнынан тұрып сөйлеп. - Қазанбайдан да бұрын әкемнен қалған отардың бүкіл бейнетін өзім көтеріп едім. Кейінірек ағайыным болғасын мына Қазанбайды қолғанат қылғаным рас еді... Еңбегін жеген жоқпыз... Бердім тиісті ақысын...

- Тоқта, сіз остаптан шығып бара жатырсыз. - Уәкіл ескерту жасап орнына қайта отырды. - Басқа жағына көшіңіз...

- Бірінші әйелімнен нәресте көрмегесін, екінші қайтара тоқал алғаным да рас еді. Құдайдан үмітім болғаннан кейін ұрпақсыз өткім келген жоқ. - Осыдан кейін Жұқаштың көңілі босап, қалтасына орамалын алып бетін сүртті. - Бәрібір жазудағы болады екен.

Уәкіл орынан тағы да ұшып тұрды.

- Сіз көз жасыңызды төгіп, жұрттың алдында өзіңізге, үстем тап өкіліне аяныш шақырып тұрсыз. Остапты екінші қайтара бұздыңыз. Онан да кемшілігіңізді мойныңызға алып, колхоз жиналысының қаулысы бойынша тиісті жазаңызды өтеуге ықыласты екеніңізді білдіріңіз...

Жұқаш үндемей біраз тұрды, жүзін жұртшылыққа бұрып, ертеден бері у-шуға қатысып отырған көпшілікке туралап қарады. Кезінде "дәм-тұзымды татқан ағайын едің-ау" дегендей мағына жатыр. Қазанбай осы кезде жерге кіріп кеткендей болды, Аймағанбет те назарын төмен тастады. Тамағын қырнап алған Жұқаш:

- Ағайын, жазығым жоқ еді ғой алдарыңда... Қателескен жерім болса кешіріңдер! - деді де, түйлігіп қалды.



Мұнан кейін ертелі осы жиналысқа бастан-аяқ қатысқан белсенділер тәлтіректеп тұрған Жұқашты қос қолтығынан алып тысқа беттеді. Жұқаштың көзі жоқ жерде боржойдың құйыршығы болып саналатын ауылдың шонжарының дүние-мүлкін үкіметке өткізіп, малын кәмпескелеп, өзін итжеккенге айдату жөнінде шығарылған қаулыға Жұқаштың көзі жоқ жерде ағайын-тумаларының бәрі бір ауыздан дауыс берді. Арасында Қазанбай да бар.

Жиналыста атын айтқасын Қазанбай жалтарып кете алмады да, Күләшпен отау тіккен. Алғашында азар-безері шыға қашқанмен, тіршіліктің мұндай құпиясын ашқанына наразылық айтып, құдайына күпір бола алмайды. Сол Күләш соңғы кездегі жетімсіреген көңілінің жұбанышына айналды. Бүкіл өмірінде көрген ақырет-азары, шеккен бейнеті, Жұқаш ағасының сотталып, ел асып, су асып белгісіз жаққа айдалып кеткенінің орнындағы олқы жерді бір әйел-ақ толтырып жатқандай. Сонда да болса жарық кезінде әйелінің бетіне тіктеліп қарауға қаймығады, көзі мен көзі ұшыраса қалса төмен қарап күлетін әдеті әлі де бар. Әйелі алғашында өзінен де өткен ұялшақ еді, кейде оңашада отырып күйеуіне қарап сықылықтап күлетінді шығарып жүр. Осы күлкілерінің ішінде екеуіне ғана белгілі құпия жағдаймен бір-бірінің бишара көңілдерін күйттегендей наз бар. Бір күні кешкілік Күләш:

- Қазанбай, құрсағымда бірдеңе қимылдайды, - деді.

- Ә-ә, солай ма? - Қазанбайдың өнебойын өрт шалғандай қалшылдап-дірілдеп кетті. Күлейін деп еді аузы жуысатын емес, сонда да болса өз-өзін тоқтатты. – Қимылдайды,-ә?.. Ол, сірә бала шығар... Қап, елден ұят болды-ау...

- Шын ба айтқандарың? Елдің бетіне енді қалай қараймын? Бәрі енді сенің кесірің ғой... - Күләш бетін басып алды да өксіген күйі төсегіне құлай кетті. Иығы бүлкілдеп жылап жатыр. Қасында Қазанбай селтиіп біраз тұрды, жылаған әйелін не деп жұбатарын білмей, әуре-сарсаңға түсіп тұр. Әйтеуір бірдеңе деуі керек тәрізді.

- Күләш, қойшы енді, байқамай қалдым. Жұрттың бәрі сөйтетін көрінеді ғой...

- Иә, сағ-ған...

Қазанбайдың төбесінен біреу қайнаған ыссы суды аударса салғандай есінен адасып қалды. Оның ойына колхоздың жиналысы оралды. Ертеңіне мұны біреу шақырып алып, ал енді коммунист басыңмен қандай әрекет жасап жүрсің. Сен де боржойдың құйыршығысың. Итжеккенге Күләш екеуіңді қоса айдаймыз десе, не бетін айтады? "Бірақ, жақында ғана басқарманың әйелі бала туды ғой, оған ешқандай жаманат келген жоқ" деген екінші ой тағы сығалады. Сонда да болса, айтылған жайға көзін жеткізбек жайы бар.

- Кәне, өзім былай көрейінші. - Ол бүк түсіп жылап жатқан әйеліне батылсыздау қолын созды.

- Кетші-әй, әрман! - Пысылдап екі иінінен демалып жатқан Күләш төсегінен айналып кетіп еді, қолы үмсынып барып құрсағының үстінен түсті. Ішінде біреу екі иығы бүлк-бүлк етіп, өзі сияқты күліп отырған сияқты.

- Енді қайттік?..

- Мен қайдан білейін?

Бұған дейін шат-шадыман күліп отыратын бұлардың әңгіме-сөзі сол күні тынып қалды.

\*\*\*

Содан бері де екі-үш жылдың беделі болған шығар. Қазанбай колхоз қойын бағып жүрсе де біраз жағдайға қанығып қалды. Бұған ел ішінде білдірмей, бұлардың қанын теспей сорған "жау" дегеннің кім екенін білді. Көзі қимаса да заманында өзіне қамқор болған Жұқаштың да ішінде бір түйткілі жатқан болды ғой, әйтпесе ел болып, халық болып жала жасауы мүмкін емес деген де ой түсті. Сонда болса, бала-шағасымен ит жеккенге айдалып кеткен оған деген көңілінде өкпе-реніш жоқ сияқты. Әйтеуір, ішінен жек көрмейді, бірақ кімнің кім екенін үкімет айырады ғой деп ойлайды.

Қазанбай жаңа үкіметтен бір жағынан өлердей қорқады, екінші жағынан мұны қатарға қосқанына тәубешілігін қоса айтады. Қатарға қосылғанмен, мінезі өзгерген жоқ, сол баяғы сонадайдан адам көрсе ыржиып күліп тұратыны. Бірақ туғаннан қой соңында өмірі өткендіктен шаруаның ау-жайын бағдарлағыш қитабан шаруа. Қысқы күннің сыңайына қарай жаятын өрісін жаздырмай көзі таниды, бұрыннан көзі қарақты болып қалғасын малы да іш тастамайды, шығыны да жоқ. Сосын адам баласы болып ешқайда алаңдамай, тек қой баққанын біледі. Осылай жүргенде колхоз басшыларының аузына іліге бастады. Сыйлық береді, кейде ақша, кейде сол еңбек күніне молдау ғып ұн-шайын, шыт-кездемесін алады. Өзінің де, әйелінің де иығы жаңаланып қалғасын, құдайына тәубе айтпай қайтсін. Өздерінің өзекжарды баласы бұл күндері жасы үшке толған. Атын жаңа үкіметтің жебеушісі болар ма екен деп бұл күндері ағайын болып сіңісіп жүрген Аймағанбеттің өзі Кеңес қойған. Сол Кеңес уақыт өткен сайын тілі былдырлап уызөйін құртады. Баладан ба, әлде тұрмысы түспегір бұрын еңсесін жаздырмай қойды ма, Күләш та қосылған кездегідей жалтаң, әрі ұялшақ емес, бойын біраз тіктеген, бұған билік айтатындай да шамасы бар. Оның үстіне жақында ғана жиған-тергендерінің басын қомақтап үй көтеріп еді, соның әсері

шығар. Әйтеуір, алты қанат ақ боз үй емес, бірақ қарадан шыққан Қазекеңе аздық қылмайды. Алғашқылары көлденең көк аттылар ғана жол-жөнекей түсіп кететін еді, қазір бұл үйді көземелдеп келіп, қонақ болып кететіндер бар. Ондайда Қазанбайдың да, Күләштің де жүрегі өзінде емес, бары болса қазанға салады. Тек Қазанбай байғұстың әлі де мүсәпірлігі қалмаған. Тіктеліп назар салған адамның бетіне қарай алмай, басын изей береді. Әсіресе, Аймағанбеттің айтқанын екі етпейді, "туысқаным" дейді, сені адам қатарына қостым дейді, бауырсып сөйлеп келсе, құр қол аттанған емес осы үйден, бір елтірі де болса ұстай шығады. Қазанбайға да, Күләшқа да онысы сөкет емес тәрізді, сонда да болса ағалары бұлардың әлі тірліктеріне риза еместей. "Өйтпедіндер, бүйтпедіндер" десе де, қитабан шаруашылықтың өзімен әлі күнге колхозда шабармандай қызмет атқарып жүрген өзінен қарыс-қадамдап озып бара жатқан бұларға қызғанышы да жоқ емес. Бұлар басына үй көтергенде де "енді елдің аузында сөз боласындар, сәл сабыр сақтамадыңдар ма?" деп кейістік те білдірген. Қазанбай қаралай жазықты болып: "Күләш болмады ғой" деп жер шұқып күле берді. Сол Аймағанбет жақында "колхозға отыз қаралы шошқа береді екен. Соны бағуды ұйымдастыруды ауданның өзі маған тапсырды. Біз жемегенмен, Мәскеу жақта тұратын ағайындардың талғажау ететіні сол көрінеді. Кеңес үкіметі айтқан соң амал бар ма, енді түліктің сондай түрін өсіреміз" деген.

Жұқаш бала кезінен шошқаның атын ататтырмай, доңыз деп сөйлеуге үйреткен. Туысының аузынан осы сөзді естіген Қазанбай төмен қарай бұқшиды да қалды. Яғни, әкіру мақұлықтың атын атаған кезде бұның түсінігінде ішкен-жегенінің бәрі харам, қазан-ошағынның бүлінгені бұлай тұрсын, өзің де қайта-қайта жуынып, дәретінді алып, білетін тәубешілігінді айтуға тиіс болатынсың. Бұл сөз сондықтан да көңіліне атылған оқтай дік етіп тиді. Аймағанбет сол кеткеннен мол кетті.

Жазғы салым уақыт еді. Бұлар қозы төлдемін бітіріп, қоныс аударып отырғалы үйлерінің бау-шуын жинап жатқан. Көне қоныстан арнайы ат басын бұрып келген біреу Қазанбайды жиналысқа шақырып кетті. Қойға шыққалы бері айқай-шудан құлағы тынышталып қалып еді, бұл шақырудың қандай мән-мағынасын білмей Қазанбай біраз абдырап қалды.

\*\*\*

Қазанбай жиналысқа кештетіп салт басы ғана келді. Ауылда бір желпініс бар екені байқалады, өйткені басқарманың кеңсесінде кіріп-шығып жатқан адам қарасы көп. Әудем жерде дүр-дүр етіп зіркілдеп бірдеңе тұр. Ол жарық та, тоқ та беретін шағын движок екенін

Қазанбай қайдан түсінсін. Қазекен жаймендеп барып жиналыс болады деген кеңсенің аузына басын сұқты. Іште топырлаған халық, қарсы алдында ауданнан келген біреу болу керек қақырайған кепкісі бар екен, бура санды галифенің қалтасына қолын салып сөйлеп тұр. Сөйтсе енді аңғарды жарда қалқып адамдар тұр. Қора-қопсы көрінеді. Әлгілердің қолында шелектері бар, шеттерінен астауға жем төгіп жатыр. Сөйткенше болған жоқ екінші жақтан қора ашылды да бұл білмейтін мақұлықтар тұра ұмтылып жаңағы астауға қарай шыңғыра жүгірді. Тұп-тура осылардың үстін басып өтетіндей, жалғыз бұл ғана емес, қарап отырғандардың бәрі қолдарын көлегейлеп жасқанын қалып еді, уәкіл түсіндіре бастады:

- Қорықпаңдар... Кино деген де суреттің бір түрі. Ондағы көрген жан-жануарлардың адамға ешқандай зияны жоқ, қайта сіздерді өмір сүрудің жолымен бір табан жақын таныстырады. Міне, мынау шошқа деген түлік...

- Не дейді? - Бағанадан бері жыбырлап жатқандарды ауыл адамдары андамаған екен үрпиісіп қалды.

- Шошқа да табиғаттың жаратқан жануары, жолдастар. Харам деп сіздерге теріс түсіндіріп жүрген кешегі халық жаулары, молдалар. Әйтпесе, осы түліктің бір өзі он қойдың етін беретінін сіздерге түсіндірген жан бар ма?

Жұрт қарсы дау айтпағанмен, адамдар арасында күбір-сыбыр көбейді. Біреу білетін құранын ішінен қайталап оқып жатыр, екіншілері өзінше аллатағалаға жалбарынады. "Тфу, кәпірдің түрі жаман екен" деп қалғандары бар. Қазанбай осының бәріне қарай алмай, көзін жұмып төмен қарады.

- Ал, енді харам десеңдер мынаны қараңдар. - Уәкілдің сөзінен тайсалса да бұлар кино жүріп жатқан қабырғаға сығалаған. Басында сәлде ораған сақалды молда кеспек-кеспек шошқаның сүбесін қолына алып, нанға қосып соғып тұр. Жұрт лоқсып қалды. Әлгі молдасы соңынан ештеңе болмағандай күліп орнынан тұрды да, асын қайырып, құранын оқыды.

Осымен кино бітті. Қызық көреміз деп келген көпшілік, бірінің бетіне екіншісі қарай алмай, әліптің артын бағып тып-тыныш отыр. Тек, уәкілдің қасындағы Аймағанбет қана уәкілге жалтақ-жалтақ қарай береді.

- Бұл шошқаның қойға қарағанда он есе жақсылығын ел біледі ғой, бірақ біздің жерге осындай кірпияз түлік үйренісіп кете қоя ма екен? - деген қауіпін жаймен ғана жеткізіп көрді.

Уәкілдің күтіп отырғаны сол екен, колхоздың басқармасына тарпа бас салды.

- Сіз байқай сөйлеңіз... ел басқарып отырсыз... Мені арнайы сіздерге жұмсағанда шошқаның қандай мал екендігіне көзін жеткізсін

деп жіберіп отыр. Бұл үкіметтің қолға алған шаруасы. Сен кешегі халық жауларының әңгімесін жайып салып қарап отырсың... Ондай болса, сізбен басқа жерде сөйлесуге тура келеді...

Жұрт демін де алмастан тым-тырыс болды да, Аймағанбет уәкілдің бетіне жалтаң-жалтаң қарады.

- Қате менен... Түсінбестік болды енді... Жаңа ғана ұғып жатырмыз... Біз бұл түліктен бой тарта алмаймыз, қалайда үкіметтің берген жол-жобасынан ауытқымауға тиіспіз ғой...

Уәкіл Аймағанбеттің өзін тұқыртып жібергеннен кейін, үрейленіп қалған көптің алдына шығып біраз әңгіме айтты. Қысқасы, Қазанбайдың ұққаны шошқа жылына төрт туып, әр туғанда он екіге дейін торай табады екен. Бұл түлікті баптай білген адамның абыройы да мерейі де жоғары, осы саладан табысты еңбегі үшін орден-медаль алып, атақ-абыройы жер бетіне түгел жайылып жатыр. Үкімет басшылары халықтың дәулетін көтеру үшін осындай сара бағыт ұсынып отырған кезеңде ескілік сана-сезімнің шырмауынан шыға алмай бас тартып қалғанымыз бүкіл елімізге үлкен нұқсан болғалы тұр. Кешегі жүрген кедей-кепшіктердің арасында ел қатарына қосылып, кеңес үкіметінің жақсылығын көрген осы адамдар арасынан ондай белсенділер шығатынына сенім барлығын білдірді. Партия саясатын бірден түсініп, сол жолда табысты түлікті өсіруді бастайтын патриот болса, қол көтеріп орындарынан тұруын сұрады.

Бөлме ішінде ешкім үндемеді. Қайсысына қараса да, төменшіктеп тұнжырап отыр. Қайта қатардан желкелеп ортаға шығаратындай, бүрісіп бір-бірлеріне иық тығып алыпты. Қаралай Аймағанбет сасайын деді.

- Жолдастар, кәнекей, кәнекей, - деп қопаңдап қояды.

Бірақ, ешкім назарына ілікпей отыр.

- Осы арада коммунистер бар емес пе? - Уәкіл қатқыл қабағын енді Аймағанбетке бұрды. - Неліктен біреуінің жүрегінде от жоқ? Кәне, өзің айтшы ыңғайлы деген адамыңды.

Аймағанбет сасқалақтап отырған адамдарға зер салып қарай бастап еді, есікке таяу шоқырайып төмен қарап отырған Қазанбайды назарына іліктірді. Сонан кейін қолын солай қарай шошайтып:

- Әнәу отыр, - деді аты-жөнін айтуға аузы жуыспай...

- Кәне, кім? - Жұрт өкіл қараған жаққа мойындарынан бір ауыртпалық түскендей жүдемелете көз салды. - Кімді айтасың?

- Қазанбай...

- Кәне, тұршы, ол кім?

Қазанбай бұдан кейін тұрғанын-отырғанын білмейді, әйтеуір уәкілдің айтқанын орындады. Бағанадан бері құрықтың кімге түсерін білмей абдырап отырған халық, еңселерін жазып, Қазанбайдан жүзін алмайды. Уәкіл орнынан тұрған адамның мүсәпір күлкісін көрсе де,

елемегенсіп, келген шаруасын жедел арада бітіріп кетудің тірлігіне кірісті.

- Коммунистсің бе?

Қазанбай сөйлей алмады. Ол үшін Аймағанбет қана жауап берді.

- Оның дұрыс екен. Кедейдің бел баласысың ғой. Кәне еңсеңді көтеріп тұр.

Қазанбай ыржалаңдап бір езулей күлді де, солай еді дегендей басын изеді. Мойнына түскен құрықтан өзі құтыла алмасына көзі жеткендіктен ұнжырғасы түсіп, басын жерден көтермеді.

- Ендеше, - деді уәкіл де демін жеңіл алып, - Өзі коммунист, өзі еңбек озаты, стақаншы көрінеді, кедейден шыққан осындай жігітке сенбегенде кімге сенеміз.

Көптің арасында ертеден бері өзінен қауіптеніп отырғандардан «Бұл дұрыс» деген дауыс шығып қалды. Тек Аймағанбет ғана отырған орындығына жыпырылып кіріп бара жатқандай, басын көтермей төмен қараған күйі қалды. Уәкіл Қазанбайды төрағалар шақыратын столға шақырды, өзіне кәделеп тұрып сөз берді. Мақтады, үмітті ақтай алатын адамның біреуісің, - деді.

Қазанбайдың аузына сөз түспеді, бірдеңе айтқысы келгендей оқталады да күлгендей болып еріндері жуыспай кетеді. Сәлден соң езуі қималанып барып үні шықты.

- Жолдастар, шошқа жақсы түлік қой... Шошқа жақсы. - Бұдан әрі шыдай алмаған Қазекең еңкілдеп тұрып жылап жіберді. Оны бағамын да, бақпаймын деп те айта алмады, сол жылаған күйі Қазанбайға арнап қаулы шығарды. Сол сәт қандай күйге тап келгенін білмей теңселіп тұрған Қазанбайдың ойына талай жыл тұмсықтыға шокыттырмай, қанаттыға қақтырмай келіп, өзі айдауға кеткен Жұқаш ағасы оралған еді.

\*\*\*

"Шошқа деген түлік кір-қоқысты жақтырмайды екен, оған ауасы таза, кеңістік керек дейді" деген әңгімемен "Көне Қоныстан" төрт-бес шақырым жерге апарып мал қора салды. Баздың аты "Шошқа баз" деп қойды да, колхоз басшылары жүдеметіп жүріп, Қазанбайдың қойын біреуге беріп, өздерін сол араға көшірді. Құдайға не жазғандарын білмей бастары қатқан Қазанбай мен Күләш кішкентай Кеңестерін бауырларына салып жатып күндіз-түні жылаумен жүрді.

Шошқа көп күттірген жоқ. Ауылға дүрілдеп тұңғыш рет жолсызбен жүріп машина келді. Арбасы толы қорсылдаған торай шошқа екен, соның бәрін қойға салғандай етіп, қаусыра салған қамыс қораға қамады да ауданнан келгендер "ал енді мыналарға ие боларсың" деп мұқияттап тапсырды да, өздері жолдарынан қалмай

жөнep кетті. Шошқа жуынды ішеді екен деген дақырт келгеннен оған ауыл жақтан ағаш бөшкемен жуынды таситын тағы бір адам бөлінген еді. Түйені теңдеп шылпылдатып жұрттың жуындысын алып келетін жігіт шошқа қораның маңайынан жүрместен қыр басынан бұларға қол бұлғап бөшкелерді түсіреді де кетеді. Бұлар астаушаға әлгі жуындыларды бөліп құйып шыңғырып-шұрқырап жататын шошқаларға үлестіріп күнін өткізді. Тез арада айналасы иістеніп кеткендіктен, аузы-мұрындарын орамалмен бастыра байлап алып әйтеуір тыным таппайды. Қазанбай шошқаның шөпке қарамайтын жануар екенін осы жолы біліп жағасын ұстады. Көп ұзаған жоқ, келген шошқалардың бір-екеуі себепсізден себепсіз өліп қалды. Бір күні таңертеңнен шошқалардың бар жемін астауға салайын деп келсе, бір торай тырайып жатыр. Қоғам малын өлтіргені үшін оның ішінде де шошқаға деген көзқарасының дұрыс болмағаны үшін қандай жаза күтіп тұрғанын Қазанбай жүрегімен сезді. Сезді де жүгіріп үйге келді. Осы күндері үрей айналдырып, әбден жүдеп кеткен Күләш "не болды?" дегендей едірейіп отыр екен. Бұл өз-өзін ұстай алмай, жүрелеп отыра кетті де жылап қоя берді.

- Құрыдық! Бір шошқа өліп жатыр...

- Не дейді? - Заманның қандай екенінен ұзын құлақ хабары бар Күләштің даусы ышқына шықты. - Енді қайтіп күн көреміз?..

Сол арада ерлі-зайыпты екеуі отырып біраз көз жасын төгіп алды. Әке-шешелерінің мұндай пұшайман хал кешкенін көз жастарынан сезген Кеңес оларға қосылды. Ақыры біраз көңіл шерлерін тарқатып, мауқы басылғандай болған кезде Күләш ақыл қосты.

- Сен қазір қайнағаға бар. Қойда жүргендей емес, шекер-шайымыз түгесіліп барады, соны айт. Сосын, мынадан бізді құтқарсын... Екі дүниеде жақсылығын ұмытпайық. - Осыны айтты да Күләш өксіп қоя берді.

Сол күні өлген шошқаны сүйретіп апарып терең шұқырға көмген Қазанбай, түс қайта атқа мініп "Көне қонысқа" келді. Бұл сонадай қыр басынан келе жатып ойнап жатқан ауыл балаларына көзі түскен, олар мұны көрісімен жөн-жөніне қашып лезде көз алдынан ғайып болды. "Алдымен Аймағанбеттікіне соғайын, шай ішіп алып кеңсеге барсам" деп ұйғарған Қазанбай орталықта үйдің маңынан атынан түскен. "Көне қоныстың" екі-үш адамы әлдеқайда асығыс кетіп бара жатыр екен, бұл сәлемдеспек болып бұрылып қолын ұсынбақшы еді... Күліп келе жатқан Қазанбайды көрген үшеу бұрылып алды да, теріс айналып жүре берді. Не жағдай болғанын ұқпаған Қазанбай сәмсіреп шамалы тұрды, содан соң аяғын ілбіп басып басқарманың еңсесі биік үйіне беттеді. Шарбақ таза, ішінде жүрген бейсауыт жан көрінбейді, ешкімнің қарасы көзіне

шалынбағасын есікке қарай беттеді. Оның жіп тұтқасын алып тартып көреді, ашылар емес. Әрі-бері әурелеп еді, онысынан ештеңе өнбеді. Іштен қазық бау шалып байлап алған. Бұған колхоз кеңсесінен басқа барар жер, басар тау қалмады. Енді атын жетегіне алып солай қарай аяңдады. Жолшыбай дүкеннің есігі ашық тұрғанын байқады да "кіре шығайын" деген ниетпен бұрыла берген. Дүкенші әйел, бұл он қадамдай жерге жақындай бергенде абыр-сабыр есігін жапты да бұған қарай мұрнын бір шүйіріп, алды-артына қарамастан, сәлемге де келмей тайып кетті. Қазанбай жабылған дүкеннің есігіне қарап үн-түнсіз ұзақ тұрды.

Бұл есіктен кіргенде Аймағанбет кеңсесінде отыр екен. Әңгімеге келген жоқ.

- Шіркіннің иісі жаман екен ғой, - деп аузы-мұрнын қос қолдап басып екі көзін бұдан алмай біраз отырды. - Айта бер...

- Аймағанбет-ау, мен құрыдым ғой... - Қазанбай тұрған жеріне тізерлеп отыра кетті. - Жаңа бір шошқа өлді. Кетерімде тағы біреуі ыңқылдап үйелеген малдай тұра алмай жатқан...

- Қой, әй! - Аймағанбет шошып түссе де аузынан қолын босатпады. - Жемін, жуындысын беріп-ақ жатырмыз ғой... Дұрыстап қарамадың ба?

- Болатын емес, ағажан. Мына бәледен құтқарсайшы, екі дүниеде құлың болып өтейін, - деген Қазанбай сол егілген күйі тізерлеп отыра берді.

Аймағанбет қатты әбіржіді, әрине Қазанбай үшін болмау керек, шошқалар үшін, өзінің шыбындай жаны үшін. Шошқаға қолынан келер басқа қайраны жоқ екенін айтты да, дұрыстап қарауын тапсырды. Бірақ дүкеннен шай-тамағын алып берді. Қазанбай ештеңе өндіре алмай еңсесі түсіп "Шошқа базына" жеткенде бағанағы шошқа да аяқ созған екен.

\*\*\*

Сол жылы күз ерте түсті. Қарашада қар жауды, төбесі ашық жайдақ қорада қалған шошқалар мен торайлардан айналдырған бір-екі күннің ішінде бір тұяқ қалмады. Қазанбай "ішінен тынып жүрген халық жауының өзі болып", ісі сотқа берілді. Тергеу кезінде, оның Жұқаш байдан айрыласар кезде оған жаны ашып жылағаны анықталды. Бұл жайды білетін жалғыз Аймағанбет еді, сол алдынан шықты.

Күләш ел тентіреп жүріп екінші рет тұрмысқа шыққан, бірақ бір бағы қайтқан байғұстың жолы болмай көкірек ауруынан дүние салды. Қазір сол кезден ескерткіш болып қалған "Шошқа баздың" жұрты көне қоныстың қасында әлі жатыр, ал артында қалған Кеңес деген



ұлын елге барған сайын көремін. Сол ауыздан-ауызға жыр болып келе жатқан Қазанбайдан ауса қайтесіз, сонадайдан көрсе "Інішек" деп күледі. Бұл біздің заманның - Қазанбайы еді.

## **КӘРІ МҰҒАЛІМ**

Бұрқан ағайдың жасы жетпістің жетеуінде. Үнемі сақал-мұрты алусыз айдақ-жайдақ жүретін адам. Оның жарты ғасырға жуық мұғалім болғанының белгісі – қандай бір қиын-қыстау күні де мойнынан тастамай тағып жүретін галстугі. Әйтеуір, бір заманда сатып алынған және содан кейін өтек жүзін көрмеген костюм шалбарына қарап, бұл кісіні не қызметкер, не ақсақалдар санатына іліктіруің қиын, сонысын өзі де білмейді ау. Кейде шалдар мәсісін киіп, кең қойын шапанын жамылып, сақалын салалап, кәделеп кіретін құдажолы, тойға Бұрқан галстугін ғана қылқита буып, қыржым-тыржым киімімен бара салады. Ас қайыруға білігі жетсе жетер, бірақ құран оқып, өлі аруаққа құдай жолымен тие берсін айтудан қара жаяу. Ақсақалдардың арасындағы аталы әңгімеге де, қыз алысу, қыз берісу сияқты мәслихаттарға да қатыспайды; қатыспайды емес, өзі тұратын ауылдың жол-жоралғысынан бейхабар-ау, шамасы...

Бас қосылған жерде шалдар қартайдық деп қарап отыра ма, бір - бірін іліп-шатып, тұқайдан қағып қалатын қалжыңдарын да айтады, бірақ біреуі Бұрқанның намысына тиетіндей мысқыл сөз қашырған емес. Өйткені, бұл кісінің бүкпелі қуақыларға көрсететін мінезі. Содан қаймығады. Сондықтан, Бұқанның тойға барып қайтты деген аты, заты тікесінен тік отырып, шым-шымдай тамақ ауыз тиіп, үйіне келіп, сол жегендерін басу ішін шәй ішу. Құдайдың берген мінезі - сол. Заманында қатар құрбылармен қас-қабағы жарасып қалса қайдам, ал қазір мектепте бірге жұмыс істейтін мұғалімдермен де қатынасы жоқ, аяқ-табақ араласы жоқ. Қай жағына да қонақ – келеді де кетеді.

Болмысы бөлек жаратылып, адам қарасынан бойын оқшау салып жүрсе де, бұл кісі осы ауылға жоғары білім алып келген алғашқы мұғалім ді. Есеп-қисаптың белгілі білгірі. Шау тартып қалғаны қазір шығар, осыдан қырық-отыз жыл бұрын мемлекеттік емтиханға берілетін алгебраның қырық матау теңдеулерін аудан бойынша осы кісі ғана шығаратын. Ал қалған мектеп мұғалімдері Бұқаң шығарған есептің жауабын ай күткендей тосып, алдымен өздері, содан соң оқушылары бір-бірінен көшіріп алушы еді. Осындай қадыр -қасиеті артып тұрған кезде де оның бәлсінгенін көрген жан жоқ, бір сазынан аумайтын қоңыр күйі. Сөзі де, мінезі де, тіпті, үстіндегі киімдеріне дейін өзгермеген жарықтықтың.

Дегенмен, өтіп бара жатқан өмір атты құдірет бар. Аузымен құс тістеген академиктеріңнің өзі нардай шөгіп жатқанда, математиктің қартаймасқа амалы қайсы? Егделік еңсесіне нығарлап тұрып отырды. Бұрқан зейнетақысын алса да сүрніккен мектебінен қол үзбей, санаулы сағаттарды айналдырып жүрген. Соның өзінде бірде ту сыртынан шаншу ұстайды, кейде жіліншігі сырқырап, түн баласы көз ілмей шығады. Тұмау-сүзегің тағы бар. Бұрхан ағай күн аралатпа өтетін сабағына да бара алмай қалатын.

Алғашқы жылдары беделді мұғалімнің бір-жар сабақ қаза жібергеніне басшылар кешіріммен қарады. Жүре-жүре сол мектепте істейтін әйел, бала-шағаның арасында сыпсың әңгіме шыға бастады. «Өздері қызық па, екі күннің бірінде ауру, пенсиядағы адамға сабақ бергізіп қойғаны несі? Тіптен, ақылынан алжасып кеткен адам сияқты, алдындағы баланың не істеп отырғанымен шаруасы жоқ» десіп жүрді.

Осы кезден ауыл арасында Бұрқан ағайға деген көзқарас кілт өзгеріп, оның атын да атамай, оқушылардан ересектерге дейін «Кәрі мұғалім» дейтін болды. Мектеп басшылары мұны көріп-білмей жүрген жоқ, бірнеше рет шақырып, жағдайлап көрген. «Сабақ беруді қоймасаңыз, әңгіме сөзге айналатын түрі бар» деген емеурін білдірді. Бұрқан ағай үгіт сөзге ығыланып, «осы оқу жылы біткесін көрерміз» деп сүйей салды құтылып кетеді. Бірақ келер жылдың қыркүйегі туар тумаста басында қыс киер құлақшыны, үстінде қалың жадағай, аяғында байпақ, қойнында қағаз қаламы бар кәрі мұғалімді тағы мектептен көресің.

Директор айтудай-ақ айтады - ау.

- Ой, Бұқа-ай, құдайдың берген рахатын үзіп-жұлып, ит рәсуа етпей, деміңізді алып жатпайсыз ба? Енді үш жылдан соң сексенге шығады екенсіз...

Оған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қосарланады:

- Егер-әки, Бұқа бар ғой, мен сіздей ақыл-есім аман тұрып, жүз жиырма сом ақшаны шекесінен шертіп алар күнге жетсем, осы мектептің босағасына бас сұқпас едім. Қалғанын бала шағаның өзі жетістіре жатар, жетпесе, әтелеріне мың да бір нәлет...Жүрсін азып тозып...

Кәрі мұғалім тақуаланған дімар да, қадалған жерінен қан алатын тілемсек те, тіпті, күні түскен адамның алдында құрдай жорғалап кететін жағымпазға да жатпайды. Директорға қарсы айтар дәлелі де жоқ, сөзін де жалынышты деуге қимайсың, бірақ бар жағдайын жапсарлап жеткізеді.

- Қарақтарым, біле бермейді екенбіз... Бала кезде алданышың, қартайған соң алдауышың екен. Бәрі оқып-тоқып алғасын, бет-беттеріне бытырап кетті. Құдай басқа салмасын де. Біз әйтеуір, үкімет ауырсынбай, күніне бір-жар сабағын берсе,

өздеріңе қыдырыстап келіп-кеткендей болар едік. Көп емес, бір шалмын ғой...

Мүләйім сөз емес, кәрі мұғалімнің имандай шыны. Осы жағдай күні ертең біздің басымызға түседі-ау деген директор мен завуч сылқ ете қалады. Өздерінің де ұл-қыздан рахат көреміз бе деген құдайдан үміті бар, қойын-қонышы кең мектептің көлеңкесінен бір шалға орын ауыспапты деген ағайын арасындағы әңгіме сөзден де қаймығады. Әрі шалдың айтып отырған сөзінде жалғандық жоқ, келін-баладан салуы кем шыққаны да рас. Бұрқан қиян шеттегі немерелерім ашығып қалмасын деп, мұнан тапқан аз нәпахасын ай сайын соларға салып тұрады. Бұл да құдайлық іс қой, сынап-мінеу әбес.

- Әй, мейілі, - дейді осының бәрін ойлап толғап, ақыры бір шешімге тоқтаған директор, - Берші мына кісіге. Сурет бар ма, сызу бар ма, тіпті, төменгі кластардан денешынықтыру қос.

- Әңгіме-сөз болса қайтеміз? - Завучтың көкірегінде кәрі мұғалімге деген бөтен ой жоқ, тек әшиін сақтығы.

- Әңгіме-сөз қылғандардың басына Бұқанның күнін берсін...

Осының бәрін кәрі мұғалім құлағымен естіп отырады, бірақ ар-намысына тиіп жатқан әңгіме жөнінде не ойлайтыны беймәлім, ләм демейді. Қайта бастықтарына алғысын жаудырып, батасын беріп, үлкен іс тындырғандай бақуаттанып, үйге қайтады.

Биыл да солай болды. Жаз бойы көрінбей кеткенге «Бұл байғұсты кәрілік меңдеп, төсек тартып жатып қалған ғой» деп жүрген жұрт. Оқу жылы басындағы салтанатты жиынға қалт құлт етіп тағы да келіп тұр. Жұрт жағасын ұстады: «Астапыралла!» Мұғалімдер Бұрқанмен амандасып, саулық сұрасты. Әрқайсысының сағаты мен класы жыл басынан белгілі, ту-талапай бөлісіп алып, пәндік кабинеттерде парталарды тәртіптеп, көрнекі құралдарды балаларының көмегімен сұрткілеп, тиісті орындарына қоя бастады. Қыркүйектің алғашқы күнінен қат-қабат тірлік қайнап жатыр. Тек, ештеңемен шаруасы жоқ, кірген-шыққандармен бас қана изесіп, самасау күйде мұғалімдер кеңсесінде отырған Бұрқанның бір өзі. Биыл тағы да ауыс-түйіс сағат дәметіп келгені әмбеге аян. Жиын басында кәрі мұғалімнің қолын бір алып кеткен мектеп директоры қайтадан қарасына жуымады. Жетпіс жеті деген аз жас емес қой, торғайдың көлеңкесінен тоңатын кез: күннің ыстығына қарамастан, үстінде жағалы пальто, мойнына ұзын шалма орап алыпты. Аяғын асықпай басып жүріп директорды індете қуды. Директор жаңа ғана кеңсесіне кіріп кеткен ді, ізінен барса, зым-қайым жоқ болып шығады. Есіктің аузын

торуылдайды, ақұдай-ау, телефоны шыр-пыр қағып безектеп жатса да манайлар емес директор. Ақыр аяғында кәрі мұғалім тышқан аңдыған мысықтай кеңсенің есігіне телмендеп телмендеп, түскі үзіліс таяғасын үйге қайтты.

Бір мезгіл мектеп директорын қуамын деп сілелеген бе, түс ауа сүргіндей барып төсегіне құлады да, далаға шықпастан қалды. Әрі-бері аунақшып жатып көрді, бөлме ішінде бүйім - әлімсіз отырып, көзін тас-төбедегі бір нүктеден алмай әлденелерді ойлады, қайтсе де қабырғасының астын уайым үңгіп жеп бара жатыр. Ертесіне шалмасын мойнына екі орап алып, мектепке тағы барды. Директор кәрі мұғалім ауыз-ләмімді сезген соң, мектеппен біржолата қош айтысқан шығар деген оймен көңілін бірлегендей кеңсесінде отыр еді. Табалдырықтан теңселе басып Бұрқан кіріп келеді. Дымы бітіп қалсын.

- Бұқа - ау, неге келдің деймін, неге? Ойбай ау, жатпайсың ба, тынығып бір, - деп жылап жібере жаздады.

- Е-е, қарақтарым - ай, сендердің қараларыңа келемін де...

Кәрі мұғалімнің жылдағы кәдісі. Үмітті көзін директордың жүзінен алмай, жылы күздің басында жаураған қос қолын уқалай береді. Бұл енді әңгіменің өзегін басқа мақамға бұрып, кәрі мұғалімнің негізгі шаруасын ұмыттырып жібермек.

- Отын алдыңыз ба?

- Жоқ. - Жауапқа көп аялдамаған Бұқаң мұны сағақтан ұстап айрылмайды. – Тиын-тебен тапсам, отынның бір жөні болар деп ойлаймын, айналайын-ау...

- Совхоз не дейді, қолындағы бірлі-жар қараңа шөп беремін дей ме?

- Қайдам?.. Үйіңнен біреу үкіметке жұмыс істеп палуан шықпағасын, пенсиядағының қай айтқаны болады. «Өлдің, Мамай, қор болдың» деге-е-н...

Міне, осы. Қанша салғылассаң да шұбалаңдаған әр сөйлемнің аяғы сағат сұраудан бір-ақ тоқтайды. Директор да қазақшылығы мол, көңілшек адам еді, жасы сексенді иектеген, төрінен көрі жуық шалға қалай қатты сөйлесін. Маңдайын ұстап отырды да қалды. «Үндемесем қайтер еді?» дейді өзінше. Бірақ кәрі мұғалім мұның сай сүйегін сырқыратып, өлі-тірі әруақты әріден қозғап кетті.

- Адамды айтам-ау, - дейді даусы қалтырап. – Бір әуре ғой. Сонау жылдары соғыста жүргенімде қара табанымның астына қос бомба түсіп, сонда аман қалдым-ау мен... Дәм таусылмаса, қиын екен, ит жеккеннен де тірі келді біреулер. Оған өзі, қуануға болмайды, адамның көрер азабы түгесілмей, құдай оны өлтірмейді. Пешенедегі жазуды көресің, сосын өлесің... Бәрінен

дүниеден ерте кеткендердікі дұрыс. Мәселен, бірер сағатқа зар болып осы жүрісім не?...

- Ақсақал, сағат жоқ сізге, жоқ... Сабақ бере алмайсыз енді. Жұрт көздің қарашығындай әлпештеп отырған баласын сізге сеніп бере ме?

- Шын ба, шырақай ау...

- Өтірік айтып не басым іскені? – Директордың да төзімі темірден емес, өз-өзін тоқтата алмай даусын көтеріп жіберді.

- Әбден сілемді қатырдыңыз ғой түсінбей... Жылда-жылда, жылда-жылда... Өлетін болдым тіптен...

- Жылда екені рас еді, қалқам... Ал, енді құдай бала-шағанның бағын ашсын. Жағың түспей, жамандық көрме. Бір басын екеу, бір малың қоралы қой болсын. Мені сыйласаң, сені алла сыйласын, айналайын. Аумин. - деп кәрі мұғалім орнынан қалт қалт етіп, есіктен тәлтіректеп шықты.

Мектеп директоры не айтарын білмей, әлденеге оқталып-оқталып барып, тым-тырыс қала берді. Жаңа ғана кәрі мұғалімнен естіген алғыс, алған бата құлағынан кетер емес. «Айтқандарың періштенің құлағына шалынсын» деп бетін бір сипап өтті. Сосын жылдағы завучын тағы шақырып алды.

- Сабақтарыңды бөліп қойдың ғой, кестесі әзір ме?

- Әлі де бір-жар сағатты балалы-шағалы мұғалімдерге үстемелесем деп отырмын. Қалғандары энаукуңгі жоба бойынша.

- Сен соларды үстемелемей ақ ой. Оннан-мыннан ауыстырып, бірдеңенің басын шатып, ана кәрі мұғалімге жаз. Сабағын өткізбесе, өткізбес. Берген қайыр-садақамыз болсын сол мүсәпірге.

Завуч иығын қиқаң еткізді.

- Тіпті, сол кісінің ақыл есі дұрыс емес ал... Бұқанды қазіргі қалпында мектептің маңайынан жүргізуге болмайды!..

- Ақыл-есі дұрыс, жазасың, - деді директор табан тіреп. – Ол бермесе сабақты, орнына өзің өткізесің, керек десең, және жалақысын өз қолыңмен апарып бересің.

- Сізге де екі сағатын ілейін...

- Іл, іл...

Мектеп директорының айтқаны жерде қалушы ма еді, тағы да ән-күйден, суреттен ауыс-түйіс сағаттар кәрі мұғалімге бекітіліп берілді. Кәрі мұғалімнің жан-дүниесінде қандай дүмпу болғаны беймәлім, әлде сырткөзге солай көрінді ме екен, әйтеуір тиесілі сабағынан қалмай өткізіп жүрді. Әрине, пән тиімділігін жақсарт, түсіндіру тәсілін жетілдір деп ақыл кеңес айтпайсың, ашық сабақ ұйымдастырмайсың. Қырық бес минут балалардың алдында қалқайып тұруға жараса - аз шаруа емес.

Соның өзі үлкен күш. Сурет сабағы кезінде кәрі мұғалімнің тақтаға бұрылғанын пайдаланып, есіктен шығып кететін жылпостар бар. Ізінен кім сұрау салсын, кәрі мұғалім класс журналын қолына ұстап кіргені болмаса, оқушының атын атап, түсін түстеп тізімдеп тексермейді. Тексере қалған күні жоқ баланың фамилиясын айтса екінші бала тұрады, кейде барлық бала үшін мен деп жалғыз оқушы жауап береді. «Сен кімсің, ол қайда?» деуге сөлі жете ме, кәрі мұғалім үшін балалардың бәрі бейтаныс, тек фамилияларымен тұспалдайды. Сондықтан бала біткен сурет сабағында көңілі қалаған іспен айналысады. Табиғатында тыныштық сүйетін Бұрқанға шаншудай қадалатыны – оқушылардың сыбыры, қарқылдап күлгені, бір-бірімен алысып-жұлысып кететіні. Шайпаулық жаратылысында жоқ еді, бірақ бала шіркін өлген адамның тілін шығарады. Ондайда көзі шатынап, ерні дірілдеп, қолы қалтырап орынан еміне тұрады:

- Әй, этәңәнәлеттер, өлтіріп болдыңдар ғой. Маза бересіңдер ме, жоқ па? – дейді.

- Доңыздың ғана асыраған төлдері, - дейді кейде төбелерінен теңселе төніп. - Осы, қайсыларың күңіренетін?

«Ішінен ыңылдап отырған мынау» деп бала айта ма, айтпағасын сона шаққан аттай, құлағын қағып-қағып отырады самсоз. Ал парта астымен еңбектеп жүрген оқушы қолына түссе, бет жүзіне қарамайды. Бойдағы қуатының бар сарқындысын жинап алып, төмпештейді дейсің. Осы мінезінен хабарлы ата-аналар сурет сабағы болатын күні балаларын соғысқа шығарып салғандай, «тыныш отыр. Біреу желкеңнен түртіп жатса да артыңа қарама. Сөйлеме, күлме. Өлесің, сорлы. Рә болмай бара жатса, қолын жұлқып тастап, шыға қаш!» деп тапсырып жатқандары. Кәрі мұғалімнің үстінен шағым жазған ата-ана болды. Бірақ елден ұялды ма:

- Құрысын, арызымды қайтып алдым. Мұғалім деген миашу жұмыс қой. Баласы түскір жүйкелеткен ағайды. Бір шапалағы баламызға артық кетсе, атасы ғой, - деп өздері қашып құтылады.

Осылайша елдің адамдары Бұрқан ағайға кешіріммен қарайды.

Тоқсан бітерде оқушылар білімін бағалауда кәрі мұғалімнің өз тәсілі бар. Ол журналды қолына алып отырады да бірінші тұрған тізімде бірінші тұрған баланы «бес», екіншісін «төрт», үшінші фамилияны қайтадан «бес» деп қорыта салады.

Суретке қарағанда, ән-күй соғып тұр. Кәрі мұғалім нотаны қайтсын, баян домбырада ойнау болса-болмаса да жоқ. Әркім білетін әнін айтып, баға алады.

- Ағай, хор айтайық, - дейді қыздар.

- Е-е, айтыңдар.

Бір кластың ұл-қыздары қосылып, «Қара кемпірді» шырқай салады. Аракідік орысша өлең де бар.

- Е-е, орысша айтқандарың тіпті дұрыс болды, - деп кәрі мұғалім аракідік мақұлдап қояды.

... Уақыт осылай өтіп жатқан. Елді тұмау басқан ақпан айының іші. Бір күні класқа кіріп келген кәрі мұғалім күллі мектепті басына көтеріп жатқан оқушыларға елең етпестен, тақтаға тесіле қарап тұрып алды. Әшиінде асыр салса әкесін көрмейтін сотанақтар бұл жолы тастай тынып, есік жаққа едірейісе қалды. Класта ұшқан шыбынның ызыңы естілетін тыныштық. Кәрі мұғалім отыруға асығар емес, сәлден соң көзін көлегейлей тақта жаққа күн сала қарады.

- Әй, - деді сол қалпында. Қара табаннан тас төбесіне дейін тоқ жүріп өткендей қанша бала қатырап қоя берсін. – Сен, Серкебайсың ба?..

Қайдағы Серкебайды айтып тұр? Серкебай бір заманда осы ауылда шопыр болып, машина айдаған өзі тұрғылас шал. Қазір сақалын тарамдап, ақ қабақтың басында бірді-екілі немересін ойнатып отырады. Кәрі мұғалім оны қайтсын, өткен уақыттағы «өз Серкебайымен» сөйлесіп тұр.

- Ал, амансың ба? Төрт дөңгелегің түгел айналып тұрса, саған бұйым ба? Биылғы отын-суыңды түсіріп алған шығарсың? – Кәрі мұғалім тәлтіректеп ілгері қарай екі қадам басты.

- Ағай! – Дүрліге көтерілген балалар есіктен шыға қашайын десе, Бұрқан ағай шап етіп етегінен ұстап алатындай көрінеді. Бәрі ұйлығып терезе жаққа топырлады.

Кәрі мұғалім бірдеңесін ұмыт қалдырғандай қабағын кіржитіп барып:

- Серкебай ау, мұғалімнің көрген күні құрысын десейші... Құрыған ғой бәрі, - дей бере адымын санап тағы басқан. Теңселіп кетіп, шалқасынан құлады. Ол қимылдағаннан есікке қарай ығысқан балалар табалдырыққа сүріне-қабына топырлай сыртқа ұмтылды. Оқушылардың у-шуы алдымен кең залда келе жатқан мектеп директорының құлағына тиген. «Не боп қалды?» деген оймен класс ішіне кимелей кірді.

Бұрқан ағай құлаған орнынан тұрмаған екен, қол созым жерде жұлым-жұлымы шыққан ескі құлақшын өлген иттің терісіндей бұрқырап жатыр. Шарқаты мойнына екі оралған күйі. Класс журналын бауырына баса құлаған екен, саусақтары

қарысып қалған ба, тартқанға жіберер емес. Алғашына қорылдап демалғандай сесі бар еді, еміне берген директордың көзіне көзі түсіп кеткенде шошып кетті. Кәрі мұғалім ақырғы демін тартқан екен да...

- Әй, Бұқа-ай, әй, Бұқа-ай! - деп көзі жасаураған директордың аузына онан басқа сөз оралмады. Оралғанда не деуші еді?..

### "ФЕДОР ТИМОФЕЕВИЧТИҢ ҮЙІ"

"Колутон" аталатын шағын ауылдың ортасымен Есілдің бір саласы есіліп ағып жатыр. Үлкен қалалардың архитектуралық рәсімін жасап, аз ғана ауыл қақ жарылып өзеннің екі қанатына қоныс тепкен де, үзбей қатынасып тұру үшін "конструкторлары" әлдеқашан марқұм болып, жадағай ағаш көпір салған. Көз көргендер айтса рас шығар, тың көтерген жылдары осы арамен станцияға қарай машиналар да өткен дейді. Қазіргі жағдайында арбалылар шайқалақтап әрең жүрді. Жалғыз жарым адамдар мен аттылы жолаушылар болса, көздері үйреніп, көңілдері сенгендіктен болар, жұқа тақтайшалардың үстерінен аяқтарын нық басып, арғы бетке ілмей өтіп кетіп жүр. Қалған ауылдың тұрғындары кейініректе салынған ұзын-ырғасы бір шақырымдай болатын тас тіреулі темір көпірге кеткеннен кейін, баяғы ағаш көпірдің желкесі күжірейіп, егделік еңсерген кейпіне түскен.

Сол айтқан ескі көпірден өтіп, өзеннің батыс бөлігіне қарағанда, алдыңнан қарсы соққан дариядай кең көшемен жүріп отырсаң, көп ұзамай-ақ көнетоз үйлер үздік-создық ұшқан тырналардай басталады. Екі-үшеуден бір-бірлеріне иін тірестіріп салған бұл баспаналар тың көтеру жылдарындағы жаңа қоныстанған адамдардың бауырмалдылығын аңғартатын сияқты. Әлі күнге дейін табандары тозып, қабырғалары қабыршақтанып құлауға айналса да жұптарын жазар емес.

Иә, орталықтан санап отырып сексен қадамдай жер жүргеннен кейін, солға қарай кілт бұрыла салып бажайлап қарамай-ақ, алдыңда тұрған абажадай сынық шатырлы үйге көзіңіз түседі. Сәл-пәл кейінірек тұрып қарасаң, бұл үй бар болмысымен мертліккен бір мақаулыққа ұқсайды, енді болмаса ұмтылып барып, кирелеңдеп тұрып кететіндей... Бірақ олай болуы мүмкін емес, өйткені бұл үйдің бел ағашының омырылғанына да бір жыл болды, осы үйдің соңғы тұрғындарының да жарық дүниемен қош айтысқанына да жылдан асты. Қазіргі үй бойдағы бар қажыр-жігерін жұмсап, құлап кетпей әрең тұр. Осы қыстаудың екі көзіндей көше беттен орынсыздау жайғасқан екі терезе жүзіне қарап ақшиып қалған әлденелерге ұқсайды. Тіпті жан тәсілім жасар кездегі қиналысқа түскен жанның жабусыз қалған жанары десе болғандай ма, дөп басып айту қиын-ақ.



Бір кезде өткен-кеткен жолаушылар мен дүйім елдің таңдайына суы балдай татып, талайдың сусынын кандырған тасқұдықтың да ажары кетіп, аузы кемиектеніп қалыпты.

Бұл маңдағы жүрегінді баурайтын бір жылылық иесіз үйді айнала жүгіріп, "қарт-құрт" ойнап жүрген балалардың қайсысын тоқтатып сұрасаң да, сүйегі қаусаған құттыханаға қарап тұрып: "Бұл Федор Тимофеевичтің үйі" деп тақ еткізеді. Ал, өздері бұл үйде тұрған жанның қандай адам екенін, нендей кәсіппен айналысқанын, әкешелері мен ауыл тұрғындарының қалайша құрмет тұтатынын біле бермейді. Балалар ғой, тәйірі, нені білуші еді...

Қазір көргенде көңілің толмайтын сыры да, сыны кеткен бұл үйде бір кездері Федор Тимофеевич ғұмыр кешкен. Аз сөйлеп, көп ойланып жүретін совхоздың қадірлі шалы бір кезде бастауыштың бірегей мұғалімі болып, қазір қолына папка ұстап қызмет етіп жүргендердің көбісін тай-құлындай бас үйретіп тәртіпке салған еді. Көше бетке оралымсыз шығарылған басқалдақтарының біріне, шалына жанаса жайғасып, кемпірі Варвара отыратын. О баста төңірегіне тола жиналып отыратын кәрі-құртандардың уақыт өткен сайын қара-құралары азайып, ақыр соңында Варвараның қарақан басы ғана қалған. Енді есік алдымен өткен сөйлесуге жарайтын жан болса, кемпір ізінен екі елі қалмай жүріп айтатындарын ақтарып салады. Жаз болса, бақшалыққа шалы өсірген қияр, помидор, картоптарды шелектеп басқышқа қойып, сатып отырғаны. Байғұс кемпір сатқандарына сөзін босқа қосып өткізетін сияқты, саудаласқандарды шаужайдан алып оңайлықпен жібере қоймайды. Бос сөздің зардабы бәрінен бұрын көршісі Шұғайыпқа тиіп жүр. Томаға тұйық, әлденеге үнемі өз бетінше ашуланып жүретін көршінің кемпірдің сөздерінен-ақ жүйкесі тозып болды. О баста есікті басқа жақтан-ақ шығармаған екен, енді дала керек болса, басқышта қара таба алмай қарап отырған Варвараның бүйірінен бір шығасың. Иегіңнің астында тұрған жасы үлкен кісіге сәлемдеспеуге бола ма, сәлемдесең-ақ бәлеге қалғаның, қолыңнан ұстап жібермейді. Басың айналып, жұмысыңнан кешігіп, қаша ұрыс салып әрең құтыласың. Және де ізіңнен еріп келіп: "Көрші отырып бір-бірімізді көруден қалдық" дейтінін қайтерсің. Картоп алуға келгендердің көбісі тіл қатпастан бастарын изесіп, керектерін өздері торға салып өлшейді де, үн-түнсіз тайып тұрады. Федор Тимофеевич тарапынан Варвараға айтылған ақылдың кемдігі жоқ, бірақ онымен сөзін азайтқан кемпір жоқ, қайта кейінгі уақыттары үдемелетіп кетті. Варвараның осы мінезін мін ете отырып, ауыл адамдары Федор Тимофеевичтің табанын жерге тигізбей келіп мақтайды дерсің. Шынында мақтауға тұрарлық шал емес пе, осы совхоздың директоры болып жүрген Дитрихтің өзі шалдың қолынан қара танып барып, бастық болған көрінеді.

## II

Федор Тимофеевичтің қолына көктен түскендей бір жапырақ қағаз әлдеқайдан сап ете түсті. Сынған құлақшаларын сенімді капрон жіптермен алмастырған, "көзілдірік" аты бар дөңгелек шыныларды мұрнының үстіне ілдалдалап тұрғызып, "Варвараның тұрақты трибунасы" атанған басқыштардың біріне жамбасын басып жайғасты да, жарыққа қарай басын қисайтып қағазды оқуға кірісті.

Хат Куйбышевта тұратын үлкен қызы Антонинадан келген екен. Қайдан келе қалғаны белгісіз, осы арада Варвара киліге кетті.

- Кәне, - деді қолдарын алжапқышына сүйкеп-сүйкеп жіберіп, біліп тұрмын... Тонечкадан ғой... Көрдің бе, бірден танымын, көзім түскенде-ақ, жүрегім сезген... Солай м?..

"Сөзді бөлме" дегендей, көзілдірігім түсіп кетер деп басын жай ғана шайқаған Федор Тимофеевич, қалтыраған үздік-создық даусымен бір мақамға салып, әрі қарай әндетіп оқи берді.

"Қымбатты мама, папа, - депті хатта - қыздарыңыз Антонинадан сағынышты сәлем. Қасымда отырған Вася мен Павлик те сіздерге арнап дұғай сәлем жолдап жатыр".

- О, жандарым-ай, - мұнан әрі шыдамаған Варвара көзінің жасын саусағының ұшымен іліп тастап, басқыштағы шелекті жерге алып, орнына өзі отырды. - Сағынған екен ғой, түге... Әлі күнге дейін әке-шешесіз жүре алмайды, не қылған жандар-ай, ә...

"... Өздерің көргендегі емізулі Павлик қазір бірінші класс оқып жүр... Қазақстанда атасы мен әжесінің бар екенін айтып, мақтаныш тұтып жүреді".

Бірдеңе дегісі келіп көтеріле берген Варвараның сол аяғын мытып қалған – Федор Тимофеевичтің көк тамырлы қолы екен. Бұл да кемпірін тынышталдырудың бір тәсілі. Сөйтті де әрі қарай жалғастырды. "... Қазір дачамыз бар. Вася айтады "Дачаға тұрарлық адам болсаб машинаны да осында қалдырар едік" дейді. Бұл жер сіздер үшін курорт секілді. Дачамызда екі бөлме, бау-бақша бәрі тұнып тұр. Жақында Мишадан хат алдым".

- Е-е, қарғаларым. - Осы арада кемпір өзін-өзі тежеп тұра алмады. Хабарласып тұрады екен екен ғой күндерім, тағы не депті?

Арғы жағын іштей оқыған шал, түсінігін қысқарта отырып, түгел қорытындылап берді.

- Ноябрь мейрамына келеміз, дейді Миша, Валя бәріміз бас қоса келіп отырып, сіздерді бір жағына көшіретін шығармыз дейді, қалайда қолға алмаса болмас деп отыр қызың, - деп шалы Варвараға тесіле қарап қалды.

- Әрине, көшеміз, - Кемпір қазір жүріп кететіндей қомданып шалына қарады. - Солай емес пе, Федя, балалардың қасына кетеміз.

Кемпір қуанышты хабарды жұртқа тарату үшін көшеге қарай жөнелді. Бағана қолына іле шыққан жарты шелектей картобы орнында тапжылмастан қалыпты.

### III

Тағы да Варвараның алдынан "құдайы көршісі" Шұғайып шықты. Қайта бұрылудың ретін таппай тәнтіректтей бастағанда, кемпірдің өзі киліге кетті:

- Қайдан жүрсің, Шұғайып-ау, біздің хабарымызды есіттің бе, көшетін болып жатырмыз құдайы қаласа... Тонядан хат келген бүгін. Енді ана сиырларды сатамыз, Марияны қолыңа өзің ұстарсың, сүтті екенін білесің ғой...

Бұрын ат-тонын ала қашатын көршісі көшеді деген әңгімеден кейін тоқайрап тұрыңқырап қалды, шынында адамнан адам құтылмаушы ма еді. Талай жыл қоңсы отырып, "ищаласып" көрмеген жандарын қимай да тұр... Шұғайыптан шыға салысымен кемпір қалған көршілеріне үй бас сайын кіріп, өздерінің өмірлерінде болып жатқан жаңалықтарын түйірін түсірместен түгел айтып шықты. Қалған үйлерді ертеңіне аралап, бұл жолы шелегін орталап картоп сала шығып, барған үйінің от басына апарып аударып тастады.

- Алыңдар, құдайы көршісіңдер... Бұл үшін бір тиын да сұрамаймын... Біз баратын жердің жемісі мол көрінеді. Ноябрь мейрамында түгел көтерілеміз, тегіс келесіңдер ғой. Федор Тимофеевич сендерге дән риза ғой қашан да...

Құба талдардың күз болғанда жұқа шыттан тігілген көйлектің етек-жеңі жалпылдап, жылжып өткен жылдар мен тіршілік тауқыметінен майысқан тірсектері соғысып жүрген кемпір күз суығына қарамастан қалбалақтап ұшып жүр. Күннің суығынан ба, көз алдынан басталатын әжімнің қалталы жолдарында жас тамшылары тұрып қалыпты. Бұрын "Варвара мылжыңды қойшы" дейтін ауылдың орыс-қазақтары түгел кемпірге елжіреп қалыпты:

- Варвара әжей, дәм татып кетіңіз...

- Федор Тимофеевич екеуіңіз бір келіп қонақ болыңыздар, - дейді сырт айналғасын. - И-и, қайтсін-ай, өсіп-өнген жер, қимайды ғой, қимайды... Ақ көңіл адамдар еді, көз көрмес бір жаққа осы жаста көшіп кету кімге де онай болып па...

Ертеңіне-ақ, Федор Тимофеевичтің ежелден көршілері - Шұғайып пен Сабыр ақсақал "көшеді деген не әңгіме" деп Федор Тимофеевичке келді. Екеуі де әңгімелерін бастай алмай көп отырды.

Бірден ақтарып айта салса, абыр-сабыр көшіп кететіндей көріп, біраз жер шұқылап барып Шұғайып:

- Шодыр, жұрт сені көшеді деп жүр ғой, - деп қоя қойды.

- Иә, сол немене өзі, - деп осы арадан Сабыр от алып құнжындап, қалтасынан насыбайын іздей бастады. - Бәрі бір жердің үсті көрінеді ғой, үйреніп-ақ кетерсің, бірақ ыссылы-суықты бір көрген көнекөздер мен көз ашып татқан дәм тұзын іздеп адам қоңылтақсып жүретін көрінеді ғой. Қартайғанда қайтесің, жылы орныңды суытып, ел-жұртсыз емессің, айналаңның бәрі қара-құра...

- Қара-құра ғой, шүкірлік... Әлі есімде, - Федор Тимофеевич қолындағы кітабын ұқыптап жауып, мұрнының үстінде қалтылдап әзер тұрған көз әйнектерін жинап қалтасына салды да, сабырлы қалпында әңгімесін әрі қарай жалғады. - Әлі есімде, сол 1954 жыл-ау деймін, бізге тың көтерушілердің ағылып келіп жатқан уақыты ғой... Ой, өмір десейші, оған да жиырма бес жылдан асып барады екен. Сонда деймін ғой, осы Дитюк бар ғой, герой ше, герой... Бойдақ жас жігіт емес пе, Миргородтан салып ұрып жетіп келген... Үстінде жалаң күпәйке мен аяғында қаймажақтай ғана жеңіл туфли дірдектеп тұр. Арқаның қысын білесіңдер ғой, "Thy" дегенде түкірігі жерге түспейді... Сонан қазір бригадир болып жүрген Кенжебай бір жерден тон әкеліп берді, ал марқұм Амантай ақсақал мен кемпірі Байлат екеуі үйіне жатқызып, дүкенде бұған шақ етік жоқ екен деп, шал байғұс саптама тіктіріп берген...

- Ә-ә, оны мен де білемін, - деді Сабыр да сөз қыстырып.

- Білсең, қай күні Дитюк осы арадан кетіп бара жатыр екен, "әй, ененді" деп шақырып алдым да, әбден кейідім. Сен үйленіп бөлек кеткенде, перзенттен тарлық көріп жүрген Амантай сендерсіз үйінде отыра алмап еді-ау, сол көңіліне бір қайрылсаң етті, күшік неме! Анау Байлат әжеңнің үйі тозып не болып жүргенін білесің бе, сенің де бір көлеңкең түспей ме дегем. Володя, сөз көтергіш жақсы жігіт қой, "Бәрін де біліп жүрмін, Федор Тимофеевич, бәрін ойластырып көргенмін, әзір ештеңенің реті болмай жатыр" деп қысылып қалды. Айтпақшы, менің айтайын дегенім да, бір күні Амантай марқұммен әңгімелесіп отырып "Абеке, осы Володяны көп үйіртпектедің-ау" дегенмін. Сонда әлгі топырағы торқа болғыр: "Отбасың ойын-сауық, сен не білуші едің. Әкеден ерте қалған баланы жетім деуші едік, онымыз бекер екен. Нағыз жетім перзентсіз әке екен ғой. Әкесіз бала заманы жақсы болып тұрса жетіліп кетеді, баласыз әке күн сайын құрдымға қарайды екен... Қабырғама сол батып жүр" деген. Сонда ол жазғанның ішінен шыққан бір жаманы болса тентіреп Сібір асып кетуге бар еді... Бүгін бар баламнан бөлініп кімді байытпақ болып жүрмін осы. Ел-жұртты қимағанмен не амалым бар, туғанда топырағым басқа жақтан шошыған шығар...

## ІҮ

"Жақында көшеміз" деп Варвара айтқаны тегін болмай шықты, ноябрь мейрамына балалары сау етіп жетіп келді. Ерлі-зайыпты алты бірдей жан немерелерін ерте келгенде бұл үйдің өшкені жанып, өлгені тірілгендей болды. Көптен бері сыртынан сұрқай тартқан шаңырақта балалар даусы естіліп, бөлмелердің жарығы түн ауғанша сөнбей жанып тұрды. Осыдан жиырма шақты жыл бұрын базары қайнап тасып жататын Федор Тимофеевичтің отбасы кемеліне қайта келгендей болып еді.

Табаны жерге тимей зыр жүгірген Варвара қыздарын сағынып-ақ қалған екен, қайта-қайта айналып келіп қастарынан шықпайды. Өз балаларының алдында Варвара байғұс жасқаншақ бала сияқты, солардың көңілдеріне жаны қалмай жүріп қарайды, ара-арасында мұқтаждарын айтып, денсаулығына шағынады, қойшы әйтеуір болмағаны жоқ... Михаил күйеу балаларымен өткізген алғашқы қыдырыстарын жақсы ұйымдастырғанмен, апалы-сіңлілі қыздардың арасында әлденеге басталған қырғи-қабақтың бұлардың көңілді уақыттарына да кесірін тигізді. Оның үстінде қас қылғандай Михаилдың кішкене Оксанасы есікке қолын қыстырып алса, сырттан жапқан Валентина болып шығыпты. Бұл үй ішіндегі бұрынғы түйінделген жағдайды шиеленістіре түсті. Төртінші күні-ақ, бір кезгі бір үйдің балалары үш бөлмені бөлек-бөлек иемденіп, осы жерге баспана жоқтықтан амалсыз қамалып жатқан пәтершілерге айналып кеткендей болды. Кемпір-шалға қалған төргі бөлмені денең сезбей, көңілің білетін бір суық жайлап кеткендей болды. От басындағы салқындық Варвараның өкпесіне тигендей кемпір ертесіне төсек тартып жатты да қалды. Ыңқыл-сыңқылының арасында қонақтарының жайын ойлап шалына әлде бірденелерді тапсырып жатады. Қуанған, ренжігенін қашан да байқата қоймайтын байсалды Федор Тимофеевич ғана үн-түнсіз Варвараның қасында отыр. Көк тамырлы қолдарымен кемпірінің сексеуілдің сабағындай қолдарын уқалап, өн бойында қалған ең ақырғы жылуларын беріп жатқан сияқты.

Ертерек тұрып Есілдің саласынан балық аулауға кеткен балалары кешке қарай үйге үш бөлек болып оралды. Асыға сөйлеп алдымен жеткен Тоня мен Васяның әңгімелерінің негізгі желісі кеше келген қалалары төңірегінде. Қарауыл шалға сеніп тастап кеткен машинасы үшін күйеу бала қатты қобалжитын сияқты көрінеді. Әлденелерді қоса айтуды ұмытқанын білсе керек, басын шайқап, санын ұра береді. Тоня дачаның о жер, бұ жерін сөз қылып жұтынып отыр. Тек ауылды алғаш рет жақын көрген Павликке ғана бұл жақ

қатты ұнай қалыпты. Шынымен осында қалғысы келе ме, әлде мектептен ерқашты болған ба шешесін түрткілеп:

- Мама, әзір қайтпай-ақ қояйық, - дейді.

- Баламысың, - деген деп Тоня басын шайқайды. - Бала кезімізде біз де осы арадан кетсек сағыныштан сарғайып өлетін сияқты едік.

Кейіннен іркес-тіркес болып жеткен Валя мен Мишаның семьяларының да әңгімелерінің аузы әр жаққа қараған екен, бір-бірлерімен сөз алысып, өткен-кеткендерді еске түсірудің өзін жұмыс көріп тұрған секілді. Алғашқы күнгі қызу әңгімелердің бәрі желге ұшқан қаңбақтай ізсіз ғана белгісіз ғайып болыпты. Бүгін өзен басында өздерінше отырып, өзара ұзақ келісімдер жасап бір шешімге келген болуы керек, адам аяғы басылғасын балалардың үлкені Антонина сыздықтай отырып шешесінің сырқаты жайлы сұрады да, әңгіме суыртпақтай бастады.

- Біз енді жүреміз...

- Жолдарың болсын, - деді кешкі шайын дастархан соңында қалып асықпай ішіп отырған Федор Тимофеевич кесесін аузына жеткізбей тұрып, - Келгендеріңе рахмет. Тәңір жарылқасын...

Ертелі ыңқыл-сыңқылының арасында жұрттың аузына құлақ түріп жатқан Варвара ғана "Ау" деп барып жым болды. "Әлде де жата тұрмадыңдар ма, - дегісі келді ме, әлде көшіріп аламыз дегендерің қайда" деп айтқысы келді ме, шалына көзі түсіп кетті де, не айтатыны белгісіз үндемей қалды. Үй ішінде ұшқан шыбынның ызыңы естілетіндей тылсым тыныштық орнады. Варвараның көкірегінен шыққан болмашы сырыл жұрттың бәріне түгел естіліп тұр.

- Біз бәрін кеше кеңесіп отырып шештік, папа, - деді әлден уақытта барып өз-өзінен қуыстанған Антонина жерге қарап отырып...

Шал бұларың дұрыс болған екен де жоқ, қарсы да ештеңе айтпады, бар болғаны столдың арғы басында тұрған аққұманды өзіне тартып алып қызыл шайды тайдың тұяғындай шұңғыл кесесіне өкірте құйды. Ол үшін қазір балалары басын қатырып отырған тағдырынан да гөрі қызыл шай қымбаттырақ сияқты.

- Әке, біз сізді Куйбышевқа алып кететін болдық... Үш бөлмелі үй тарлық етсе, екі бөлмелі дачаға барып тұрасыз. Айналаң аңдаған адамдар, қарасыз болмайсыз... Машинаны да сол жерде сақтау ойымызда болып тұр. Өзіңіз көземелдесеңіз сізден артық кімге апарып тапсырамыз.

- Соншалық сендерден қашық па, ол жер? - деді жастықтағы басын зорлана көтерген Варвара тіршілік нұры жүгіргендей болып. - А-а, жазған-ау, машиналарың бар екен ғой, он шақырым болғанда неге тұрады. - Өзін-өзі жұбатқан қария төсегіне қайта қисайды. - Машина жақсы ғой, шіркін! Зыр етеді де жеткізеді, жарықтық. Сабырдың баласын станцияға апарып, алып қайтқан. Әнеукүні сендер

қай поездан түседі деп сенделмедім емес пе, сонда көргенмін. Жайлысын-ай, Федор Тимофеевичтің арбасы сүйегінді салдыратып әкелетін еді, мынау бір жұмақ екен...

- Мама...

- Иә, Тонечка, машина жақсы, қалай сатып алдыңдар, а?

- Сатып алдық, ақша жинадық та... Мама, сіз Михаилдың қолында боласыз...

Федор Тимофеевич қолына ала берген кесесін сылқ еткізіп орнына ықылассыздау қоя салды. Үй ішінде қайтадан бір мазасыз тыныштық орнағанда шал ішінде алай-дүлей ақ боран басталған еді. Құлағына Михаилдың әйелінің күңкілдеп сөйлегені естіледі. "Жетістірдіңдер бізді, білмейтін адамды тапқан екенсіңдер... Олай да былай... Құлағымыздың құрышын қандыратын болды. Баяғыда менің шешем екі күн келіп қонып кеткенде, ақ төсектерін өздеріне жауып, астына түсі өңіп кеткен жаялықтай бөстектерін төсеп еді, енді бәрі менің еншіме тиіпті ғой. Шал болса бір сәрі-ау, өздері ат-тондарын ала қашып маған итермелеуін көрмейсің бе..." Арғы жағында отырған Михаил да басы тізесінің арасына қарай кетіп қалыпты осыншама ащы шындықты тыңдауға жүзі шыдас бермей отырғандай... Ертелі сөйлеп тыным таппай жатқан Варвара аязға тоңған суық торғайдай бүрісіп жата қалған екен, жанының барлығын білдіріп кеудесіне қарай ысырылып кеткен көрпешесін әлсіз қолдарымен басына қарай тартып жатыр. Сәлден соң қаймалап, түкіргішін іздеді.

Шал санап отырса қазір жасы сексеннің жетеуінде екен, мына жатқан мылжың кемпірі алты құрсақ көтеріп, үшеуін жерге беріп, үшеуін адам етіп дәтке қуат етіп жүргенде жетпістің сегізіне келіпті. Алпыс жылдың - осы өмірдің тозақ-жұмағын бірге көргенде, бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрып, қайда барып қаңғаламақшы... Сол балалары ізіне ертіп кеткенде жасына жас қосып берер деймісің, жай бір баласымен отыр деген пендешілік те. Өз күні өзіне мол екен-ау...

- Рахмет, айналайындар... Аман болындар, алаңдамаңдар. Үйлеріңнен қысылмай аттаныңдар, әке-шешесін арқасына таңып өмірбақи бір жүрген ешкімді көргенім жоқ. Жазмыштан озмыш жоқ, тағдырдың жазуы осы, сендердің биліктеріңде не тұр дейсіңдер. Біз де күнімізді көрерміз, көре алмасақ оны да көрерміз...

- Қалайша, әке?..

Михаилдың үні енді барып шықты...

- Солай... солай болды енді жазу... Қамқорлығым кем, күтімім болмады демеймін, әлі күнге айтқаным жерде қалған жоқ. Осы ауылдың үлкен-кішісі, қазағы-орысы алдымнан кесе өтпейді... Мені басқа жерге апарып ендігі жасымда хан сайлайды деп пе едіңдер... Жолдарыңнан қалмаңдар, қарақтарымың...

Сол күн кешкілік балалары түс-тұстарына жолға шығып кетті. Ертеңіне Федор Тимофеевичтің үй тіршілігі қайта сабасына түскендей болып, үйреншікті өмірлерін әрі жалғастырды. Төсегінен аунап тұрғандай болған Варвара тәңірі қуат беріп қойғандай құнтындап кетті: Федор Тимофеевич көзілдірігін құлағына еппен іліп, баяғыдан бар көнетоз кітаптарын қайта оқуға кірісті, тек бұрынғыдай баспалдақта отырып емес, үй ішінде. Өйткені алғашқы қар арқаға ертерек жауған еді...

## Ү

Сол қыс Федор Тимофеевичтің жағдайымен санаса отырып совхоз басшылары малдарын бағып беруді сиыр фермасына тапсырды. Қарсы есікте тұратын Маша деген келіншек есік алдына мол қылып түсірілген көмірден ошақтарына көмейлетіп салып кетеді. Күнде сәскелік тамақтарын жасап беруге туған қыздарындай болып кеткен Сабырдың келіні келіп тұрады. Аурып тұрып тіршілік етіп жүрген кемпір-шалдардың көңілдерінде осы қаңыраған үйдей бір құлазушылық бар, ол орны толмас көздерінен бұлбұлдай ұшқан балалары...

1980 жылдың ақпанын аяқтамастан Федор Тимофеевич дүние кешті де, жұрт наурыз көжесін ішіп үлгерместен бір апта уақыт араларына салып Варвара дүние салды...

## АРМЫСЫҢ, АТА МӘСКЕУ

Жүргенбай елде жүргенде, үлкен-кіші сөзіне құлақ қоятын абыройы бар еді. Иіні келіп кеткенде:

- Ал, жолдастар, көп сөзді қойып, тірліктеріңмен айналысыңдар. Осы сендерге үкімет пен партияның айтуы кеміс болып жатыр ма? – деп, үлкен-кішіні ықтырып тастарлық қауметі бар-ды. Онысын өзі де білгендіктен майда-шүйде әңгімеден бойын аулақ салып, тек мәселенің түйінді жерлерінде ақыл-айбатына, заң-зәкүнін тиянақ ете сөйлеп, әр сөзін жерде қалмайтындай етіп шегелеп тастайтын. Жүрекең жиналыста артық-ауысқа санап, айтпай қалған әңгімесінің аузын бәйбішесімен шай ішіп отырғанда бір-ақ шешеді.

- Осы қазақшылықтан қашан құтылар екенбіз?.. Осы ауылдағыларды Москваға қойдай иіріп апарып заңмен өмір сүрудің қалай екенін үйрету керек! Мәдениет, сыпайыгершілік, үлкенді сыйлау дегеннен не білсін. Бір тиының ше, бір тиының, соған дейін өзіңе қайтарып береді ғой сабаздар... От, адамгершілік қайда жатыр? - деп Мәскеуді бұрын-сонды көрмесе де қаралай кіжініп қоятын.



Бүгін сол Жүрекең дегеніне жетіп, дәм-тұз айдап, Мәскеудің төрінде отыр. Төрі болғанда, Ярославль вокзалының күтушілер залы. Пенсиядағы адам, жолдаманың қисыны келе қалғасын курортына да барып қайтайын деп, Қырымды бетке алып шыққан. Мәскеуде аз-кем аяқ суытқан соң, қыраулы қыста да жып-жылы желі есіп тұратын Қара теңізге қарай сапарлатпақ. Айдау болмаса да, аяқ жолын сұрап білетіндей өзіне жетерлік орысшасы бар, соның арқасында билет кассасына барып еді - билетін қолына берді, буфетке кіріп ақшасын төлеп еді - тамақ ішті. "Шіркін, не дегенмен Мәскеу ғой, әділеттің ту тіккен жері ғой бұл ара" деп Жүрекең әр шаруасы біткен сайын мерейленіп, сапырылысқан көптің арасында мұртын шиырып біраз сенделді. Қанша дегенмен айналасы тілі, түсі бөлек бөгде адамдар ғой, емен-жарқын бұнымен шүйіркелесетін жанның сыңайы байқалмайды. ""Қайтсін, бұлар біздей емес, жата-жастана мылжындасып көп уақытын көбік сөзбен өткізетін, бәрінің сан-алуан тіршілігі бар, минут-секундына дейін күнібұрын бөліп, бір шаруасы екіншісінің өкшесін басып жүретін халық қой," деген Жүрекең астана жұртшылығына кешірімділікпен қарады.

Мына сәулетті де, зәулім вокзалдың жалғыз-ақ міні бар екен, онысы тізе бүгіп, аяқ суытайын десең орындық жетіспейді. Жүрекең бұл жағдайды да өзінше топшылап үлгерді. Күн сайын апысы кіріп, күпісі шығып жатқан нөпір жолаушының қайсысына жеткізсін... Оның үстіне қаншық тазыдай сидиып тұрған анау қыз да, бір құлағында сырғасы салпандап гитар құшақтап ұйықтап отырған майкілі жігіт те сол халықтың есебіне кіреді ғой... Көптің ішінде шіріген жұмыртқадай бірлі-жарымы бүлдіріп жүрмесе өмірдің сәні бола ма? Ал, солардың бәріне жайылып жастық, иіліп төсек сала беруге Мәскеудің де жаны темірден емес шығар?..

Жүрекең солай деп ойласа да бір орындықтың жоқтығынан табаны тайпақ болып, ілгерінді-кейінді теңселіп жүре берді. Әрі-бері өткен сайын көзі сырғасы салбыраған бағанағы балаға түсе береді, вокзалда емес, құдды әкесінің үйінде жатқандай қор-қор етіп ұйықтайды дейсің. Сенделе-сенделе шаршағандықтан есінеп қоятын Жүрекең, "баласы түспегірдің назарына бір іліксем, сақалды басыммен мені сәмсіретіп қоюға ұялатын шығар, тұрып орнын берер" - деп те дәмеленді. Дәмеленіп-дәмеленіп жүріп діңкәсі әбден қатты, жіліншіктері қақ жарылып, қары талғаны соншалық, жеңіл киімдерін салған сөмкесі қолынан түсіп кетуге шақ жүр. Көзі кіртіген сайын, бір адамдық орын табылып қалар деген қоңыр үмітпен бұрыш-бұрышқа назар салады. Босайтын орындықтар баршылық, бірақ бұл маңайламай-ақ сап ете қалған өзге біреулер иемденеді... Осылайша әуре-сарсаңға бір адамдай түсті. Қас қылғандай мінетін поезы таң білінер-білінбесте ғана жүреді екен, "Оған дейін қалжырай-құлай,

мынау адамдардың аяғының астында қалмасам!" деп қауіп қылады. Ал, бағанағы сырғасы салпылдаған гитарлы бала енді екінші қырына қарай аунап түсіп, еден үстімен аяғын еркінше жіберіп, ыңғайланып жатты.

- Тап сырғаңның ғана жеті әкесін!.. - Жүрекең күйініп кетті. - Ауылдың ортасында кездесер ме едің... Мына азапты көргенше, жолыңда-ақ өлер ем...

Ұйықтаған жігіттің несі кетсін, қайта өзінің жүйкесі лезде жұқарып, жаңағы ашуынан кейін, тіпті, қаудырап қалды. Осылай, іш пыстаны ішінде, өткен-кеткенге жалтақтаудан да жалығып, тұнжырап қанша жүргені белгісіз, жүзі жып-жылы біреу көзіне елестеп кеткендей болды. Бұл зерделеп қайта қараған, аяғын жүдемелете басқан қазақтың қара баласы мұның жанынан өтіп барады...

- Әй, айналайын, тоқтай тұр! - Жүрекеңнің жүрегі алып-ұшып әлгінің ізінен тұра қуды. - Амансың ба?

Жігіт тоқтап, үлкен кісіге қол беріп амандасты. "Түсі тәуірден түңілме" деген, бетінде иманы бар жан екен, күлімсіреп тұр...

- Ойбай, айналайын-ау, кездескенің мұндай жақсы болар ма? Осы арада тұрып жан тәсілім жасап кетемін бе деп қорқып едім... - Жүрекең сөзге қонақ беретін емес, әйтпесе, жаңағы жігіт бұған құлақ аспай кететіндей көрініп, бауырмалдылық сөзінің бәрін ақтарып жатыр. - Осы Мәскеуді мақтайтын едіңдер, айдаса келгісіз жер ғой мынауың... Әбден сілем қатты... Қалқам, өзің қай туғаннан боласың? Руың кім? - Ауылда екі сөзінің бірінде "қазақшылықтың тамырына балта шаппақшы" болып оқталып жүрген Жүргенбай, жігіттің қолынан ұстап босататын емес.

- Я не понимаю. Я - бурят, - деді жаңағы жігіт тісін ақсита күліп...

"Құдайдың атқаны деген осы, қазақ пен бурятты шатыстырып, шынымен алжасайын екенмін, - деген Жүрекең ұят-аятты жинап қойды да көпшіліктен тасалау бір қуысты ыңғайлап, сөмкесін еденге төсеп отыра кетті. - Ал, ажарымызды алып бүлдіріп тұрсың десе, мені осы арадан-ақ ұстап кетсін!... Екі аяғыма дамыл беретін болса, курортына бармадым демеймін, түрмесінің өзі-ақ жақсы..."

Сөмкенің үстіне қонақтаған тауықтай шоқиып отырғасын, ашуы көпке дейін басылмады. Құдайдан-құдай қылып, осы араға үкіметтің үлкен басшысының жолы түспейді-ау, үлкенді үлкен, кішіні кіші деп сыйлай білмейтін мына көргенсіздердің ит терісін басына қаптап, беттеріне шыжғырып басар еді!.. Әй, мынау құрып қалған жер екен ғой, бетімен кеткен бала-шаға ғой ылғи... - дей отырып, майданда қаза тапқан ағасының соғыс жылдары Москвадан жазған өлеңін есіне түсірді.

Мәскеу деген жер болар,

Қырық рулы ел болар.

Бір қазақты таба алмай,

Көкірегің толы шер болар, - деп еді-ау марқұм.

Жамбасы жерге тигесін қайдағы-жайдағыны ойлап, осы күнінің өзіне де шүкіршілік етіп, сабасына түсе бергенде, біреуі жеңінен тартқандай болды. "Жаңағы жігіт қай жақсылығынан сырға тағып жүр дейсің, ұйқысын қандырып алып, "берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан" деп тиын-тебеніңді сыпырып кететін қалтаманның өзі шығар?" деп қауіп ойлап отырған, артына жалт бұрылды. Ертеден көк желкесінде шүлдір-шүлдір әңгімелесіп ерлі-зайыпты екеу отырған, солар, қастарынан бір орындық босаған екен, "тездетіп келе ғой" дегендей саусақ бастарымен қайта-қайта мезірет жасайды. "Әп, пірім!" деп сөмкесін сүйрете-мүйрете түрегеліп келіп жайғасып алды. Ерлі-зайыптылардың жас шамасы өзі тұрғылас екен. Олармен де қас қағысып, ризашылығын білдірді.

Мұнан кейін де көршілері өзара күңкілдесіп алды.

- Шай ішіңіз, - деді сәлден соң мұның қолына термостан құйылған шайды ұсынып... - Шаршаған шығарсыз...

Жүрекең де "Айтатыны бар ма?" дегендей медіресін байқатпақшы еді, оны орысша қалай жеткізетінін ойланбапты тіпті. Сондықтан "Аһа" деп бір күліп, иығын қиқаң еткізді де қойды...

Үшеуі шай ішіп отырып танысты. Әйелінің аты Марфуша көрінеді, ал ертелі бәрін мұның алдына итермелеп алдыр-алдыр деп отырған күйеуі, есімі Алексей екен. Орыс түгілі, қазаққа да тосын естілетін есіміне бұл арада ешкімнің тілі келмесін білсе де, бұл да азан шақырып қойғасын Жүргенбайын жасырып қала алмады.

- Қиындау екен айтуға... Орысша қалай болады?.. - Алексей қатты қиналып қайта-қайта кешірім сұрады... - Георгий десек ренжімейсіз ғой! Гриша, былайынша...

- Жарайды! - Жүргенбайдың арқа-басы кеңіп, маңдайы жіпсіп келе жатқан, "әй деп айтпа, бүй деген дұрыс" деп бас қатырсын ба, келісе салды. Ішіне шай барғасын бойы дел-сал болып, бағана бидайдай қуырылған дүние енді жайыла бастаған. Ерлі-зайыпты екеуі де ауыздарын ашса жүрегі көрінетін, құдайдан сұраған жандар екен, Жүргенбайдың тізесіне жаңа ғана астына салған сөмкесін жатқыза қойып, бетіне газет жайды, оның үстіне кәмпит-пешеней, варенье деген жоқ, үйіп тастады. Жүргенбай жөн-жосықты білмей алдына қойғанның бәрін сыпырып-сүйіріп кететін мәнерсіз адам емес, ең тәттінің ішінен бір түйір шекерді ғана саусағының ұшымен іліп алып, ара-арасында ғана қытыр еткізіп тістеп, шайын сораптап отыр. Сырттай қарағанда Ярославль вокзалының күту залында көптен көріспеген ауылдас үш адам қауышып қалды десе болғандай. Абырой деген, шала-пұла білемін ғой деп жүрген орысшасына дейін

орайласып кетті. Марфуша мен Алексей теледидардан ғана ілуде құлағы шалып қалатын Смоленск деген жерде сиыр бағады екен. Қыздары оңтүстік жақта біреумен тұрмыс құрып, соған шыққан беттері. Сол себепті базарлықты молдау қамтығандары айналасына самсата қойған буыншақ-түйіншектерден көрініп тұр.

- Оңтүстік жылы шығар? - дейді әңгіме арасында Алексей...

- Жылы, - деді әуелгіде Жүргенбай мойны сорайған, сыриған арық денелі, ақ жарқын танысының көңілін қимаған, бірақ іле-шала қайтып қалды. - Жо-оқ, жылы емес, суық. Биыл біздің елде бұрын болмаған қысың түсіп тұр.

- Ойпырмай, ә?..

Сөздің иіні келгенде рахметін жаудырса да, ту сонау ит өлген Смоленскіде бұл екеуінің сиыр баққан тірліктерін түсінбеді. "Тым жақсы орыстар, отын-суы ішінен табылатын қаланың үйінде тұрмай ма? Мал баққан бізге болмаса, бұларға қол емес қой" деп іштей ойлап отыр.

- Балаларың бар ма?

- Бесеу, - Алексей алдындағы тағамдарды мұның алдына қарай тағы да итермелей бастады. - Алдырып отыр. Бір қыз күйеуге кетті. Қалғандары қолымызда. Сиыр бағады, трактор айдайды, егін егеді. Мына майды жолға азық болсын деп солар жинастырып берген.

- Молодец! "Смоленск жақта да ел бар екен ғой" деп топшылаған Жүргенбай ризашылығын білдірді. "Біз жер Қарақұмнан басталып Қарақұммен бітеді деп ойлаймыз ғой ештеңе көрмегесін". Дастарханның поезға шығып кеткенше міні құрайтын емес, енапат көп тамақ, бірақ термостың шайы қоюланып, түбінен қара шамбылар қалқып шыға бастады.

- Қап! - Алексей қысылып қалды.

- Енді қайнаған суды қайдан іздеуге болады? - Марфаның кеудесінде жаны жоқ, табылса тағы да шай демдеп беруге әзір.

- Жетеді. Спасибо! - Жүргенбай көңілі жадырап, орнынан тұра шабуға дайын тұрған әлгі екеуге деген алғысын қолын кеудесіне басып тұрып білдірді. Тіпті, сол арада-ақ іштерінде кішкентай түйткілі жоқ жандардың алдында ағынан жарылып, қалай да жақсы адамдар екенін шала-пұла орысшасымен жеткізгісі келді.

- Жалпы, орыстар жақсы халық, - деді ол қалтасынан кіреуке шалған ақ орамалын алып, "осы үшін" дегендей маңдайындағы терді сыпыра сүртіп. - Өте мәдениетті... Сосын, әділет десе, басын кесіп тастасаң да, қайлы, жанкешті. - Ойға алғанының бәрін тәптіштеп айтпағанымен ұзын-ырға мағынасын жырымшылап түсіндірді.

Көздеріне мақтаса да, Жүрекеңнің сол арқылы сый-сияпат көре алайын деген ішкі есебі жоқ еді, түү Смоленскінің түкпірінен арып-ашып келіп, "мәдениетті, қайырымды, әділетті" дегенді естігесін

Алексей мен Марфа да құдайдың пендесі емес пе, екеуінің де етектері елпі, жеңдері желпі болды.

- Марфуша! - Алексей қол созым жерде тұрған бүйірлі сөмкеге иегін қағып еді, әйелі оның сырмасын төгіп жіберіп, ішінен аузы шиыршықталып қағазбен тығындалған бөтелкені алып шықты. - Наливка ма?

Жүрекең пенсияға шыққанан бері ішімдік атаулыны татып алмайтын, "болмайды, рахмет" дегендей сыңайын байқатып басын шайқай берді. Бірақ, Алексей жата-жалбарына қыр ізінен қалар болмады, мұнан келісім де сұрамастан екі стаканға бөліп құйып та қойды. Тағы бір ораулы қағаздың ішінен шошқаның сүбесін суырып алып, майдалап тұрып тұрады. Ойда жоқ жерде Жүргенбай сияқты қарапайым адаммен танысқанына шын жүректен қуанышты екендіктерін жасырмады, курортта жақсы демалып, аулына ойнап-қунап қайтуына тілек білдірді.

Қанша жыл жас жасағанда Жүрекеңнің самогонды ішіп көргені сол еді, көзінен аққан жасы ие бермей жұтқыншағын қуалай жүгірсін... Қақалып-шашалып отырып, удай арақтан басын сауғалаған кезде алдындағы шошқаның салысын қалай ұстағанын білмейді. "Уһі, уһі" деп қайта-қайта иіскеді. Есін жинап, басындағы құлақшынын қайтадан түзете киді.

- Ту, не деген сұмдық, осыны да өздерің жасадыңдар ма?

- Өзіміз, өзіміз. - Алексей қолындағы стаканын төңкере салғанда ашырқанып мұрнын да тартпады, сөзінен де жаңылысқан жоқ. - Біз бәрін өзіміз жасаймыз...

Жүргенбай жолдасының мына сілтесіне қарап "Шіркін, тусаң ту!" деп ішінен тәнті. Тағы да тамақ желінді. Бұл құстың қылқанындай қабырғасын сындырып сорғылап отыр. Бағана келгенде иесіз қорадай құлазып тұрған вокзалға түн ортасына қайтадан жан кіргендей көңілді, үйіндей жайлы сезілді. Жүрекең ауылдан кие шыққан жадағайының өңірін ашыңқырап, еркін дем ала бастады. Костюмінің қалтасына қолын салып, ту оңтүстік жақта әке-шешелері де үрен-сүренін білмейтін белгісіз біреуге күйеуге шығып кеткен қызына арнап сый-сияпат жасағысы келді. Бұл - жаңа танысқан достарының алдында тірлігін байқатқаны. Қалтасынан екі жиырма бес сомдықты қосарлай алып шығып Марфаға ұсынды.

- Бұл немене? - деді әйел таң-тамаша қалып.

- Гриша, достықты саудаға салғанымыз қалай? - деді Алексей...

- Жоқ, болмайды, - деді Жүргенбай ақшасын қайта-қайта тықпалап. - Егер ол Алексейдің қызы болса, менің де қызым. Сол қызыма Қазақстандағы Жүргенбай деген әкесінің ілуі, подаркасы мынау... Алмасандар өкпелеймін.

Ерлі-зайыпты екеу Жүргенбайдың қолын қаншама кейін итергенмен бұл олардың қыр ізінен қалмады. Ақыр соңында:

- Қазақта берген ілуін алмасақ, екі туып бір қалғаны болса да жау болып кетеді, - деп ақшаны Алексейдің төс қалтасына тығып жіберді. Алексей қарсыласқанмен соңғы сөзінен шығып кете алмай, ұялғаннан екі стаканды қайталап құя бастады. Екеуі тағы ішті, бұл жолғысы алдындағыдай емес, тамақтан сырғанап өтіп бара жатыр. Әрі мойнындағы бір жүктен құтылғандай болған Жүргенбай жаңа таныстарының алдында еркінірек көсіле сөйледі. Алғаш кездескен кезде әр жерден тезек тергендей бүкшендеп, айтатын сөзін құрастыра алмай басы әуреге түсіп еді, қазір мұның өзі орысқа айналып кеткендей сөзді қарша боратты. "Құрсын, не дегенмен бейтаныс жер ғой, әрі вокзалдың басы көрінеді, аз-аздап сөйлеп отырайын" деп қанша күш қылса да, қасымда осы жақтың бір орысы отырған жоқ па деп, Алексейді арқа тұтады да, тағы да өзі білетін заң-зәкүндерін тәптіштей жөнеледі. Ара-арасында жан-жағына байқақтап көз салып қояды, бұларда ешкімнің шаруасы жоқ - әркім жөн-жөнімен. "Шіркін, ішіп-жеп отырғаныңа дейін назарын салмайтын не қылған халық" деп сүйсініп бөтелкенің де таусылғанын аңдамапты, бірақ әңгіме түгесілетін емес.

Алексей түрткілеп жүріп тағы бір бөтелкенің басын көрсетті. Осы кезде Жүргенбайдың таң қараңғылығында жолға шығатыны есіне түсіп, үзілді-кесілді болмайды деп, шыны аузына қол тигіздірген жоқ.

- Сендер қазір аттанып кетесіңдер, мен болсам ұзақты танды көзіммен атқаруым керек осы арада, болмайды...

- Гриш?.. Немене қонатын үйің жоқ па?

- Қайдан болсын... Әйтпесе, шай-тамағымды ішіп, вокзал басына ертең келмес пе едім?..

- Марфуша?.. Осы бізге қазір Тимоха келмеуші ме еді?.. Телеграмма бердік қой?

- Бердік... Кім біліпті, жоқ қой...

- Тимоха, міне жігіт... Телеграмма қолына тисе қалайда жетеді ол. Біздің колхоз басқармасының баласы. Осында үлкен бастық, машинасы бар. Міне, сен енді сол үйге қонып шығасың...

Жүргенбай вокзал басынан ұзап, көріп-білмеген Тимохасының үйіне қонып шығуға құлықты емес. Дегенмен, бұл таяу арада бола қалатын шаруа деген сенбестігі болды ма, мейлі дегендей басын изей салды. Бірақ, бөтелкенің аузын қайталап Алексейге аштырмады да, ішпеді де. Әңгіме толастаған жоқ, тіпті болмағасын Жүргенбай мен Алексей екеуі құшақтаса сүйісіп, осыдан аман-есен жүрсе бірінің үйіне бірі қалайда қонаққа баратынын айтып, даудырасып жатыр еді.

- Азаматтар паспорттарыңызды көрсетіңіздер, - дейді біреу. Бұлар жалтаң-жалтаң қараған, төбелерінен төніп милициялар тұр.

Абырой болғанда екеуінің де документтері қалтасында екен, суырып-суырып бере қойды.

- Қоғамдық орында арақ ішіп, шу шығару тәртіпсіздікке жататынын білесіздер ме?

Жүргенбайдың ақыл-есі бүтін қызандау болмағанда, бағанадан бері ішіне сыймай алып бара жатқан заң-зәкүннің біраз тармағын айтып жіберер еді, ішкендіктен мұрны бітіп отыр. Алексей сасқалақтады да қалды.

- Земляк, көптен бері кездескеніміз... Өзімізше отырмыз...

- Қайдағы земляк, бірің - Қазақстан, бірің - Смоленск облысынансыңдар.

Жүргенбайдың орысшаға сайрап отырған тілі тағы да тайғанақтап, ойына түскен сөзін айта алмады. Әйтпесе, "айналайындар, бұл ағаларың Алексей деген бір ауылдың құрмет тұтып отырған сиыршысы. Өздеріңнің ағаларың. Екі күннің бірінде Мәскеуге жолы түсе бермейді, анда-санда келгесін көңіл көтеріп қайтқаны айып болмас" деп арашалағысы келеді, бірақ көкейіндегі ой тіліне түсер емес... Ой жеткенмен тілі құрғыр жетпейді.

- Енді даурығып жатқандарыңды естісек он бес күндікке апарып жабамыз да қоямыз, - деп милициялар айбарақ көрсетті де жөндеріне кетті.

Бұрынғыдай даурығып әңгіме айтуға жүректері шайлығып қалған бұлар бір-біріне тақаса отырып, күңгір-күңгір сөзге көшті. Енді жарты сағаттан кейін поезға шығу басталады деп жинала бастағанда көптен күткен Тимохалары да келді. Ерлі-зайыпты екеуінде жан жоқ, Тимоханың кейін тартынғандарына қарамастан кезек-кезек бетінен сүйеді. Жүргенбай қызан да болса, ауыл жақта адам сынап үйреніп қалған жан ғой, Тимохасының мыналарға деген жүрек жарды ықыласы жоқ. Қысқа-қысқа ғана жауап қайтарып, әлде қайда асығып тұр.

- Жағдайың қалай? - дейді.

- Жақсы.

- Неге кешіктің, телеграмма алмап па едің?

- Алдым. Түрлі жұмыстардан шыға алмадым.

- Дұрыс, дұрыс, сенің біздей емес шаруаларың қауырт қой... -

Осы арада Алексейдің ойына Жүргенбай түсіп кетті білем, - Бұны көрсетіп: - Мынау Гриша... Жер бетінде жоқ жақсы адам өзі...

Тимоха Жүргенбайға емес, бұл отырған орындыққа қарағандай ғана елеусіздеу көз тастады:

- Осы арада таныстыңдыр ма?

- Иә, иә, тіпті, жаңа ғана... - Алексей жалбаңдап жатыр. - Осы жолдасымның поезы таңертеңгілік келеді екен. Көз шырымын ала

алмай шаршаулы. Сенің үйіңе бір түнесе, таңертеңгілік машинаңмен жеткізіп салмайсың ба?

Ертеден бері омырауы айдақ-жайдақ ашылып, буы бұрқырап отырған Жүргенбайға тағы да бір мәрте қараған Тимоха, бетіне түкіріп жібергендей қылып мұрнын шиыра теріс айналды.

- Түнемелетіп ешқайда барудың қажеті жоқ. Менің үйім осы вокзалдың басынан қырық шақырым жерде... Ертеңгісін машина қыздырамын деп жүргенде поезынан қалып қояр. Онан да осы арадан қозғалмасын.

Бұл Жүрекеңнің мұндай өмірінде естімеген ең ауыр сөзі шығар, күйіп кетті. Ауылда кездесе шаңырақ, босағасын, табалдырығын түгел адақтап шығып, итке сүйек салмайтын осындай қайырымсызды қандай өнегесіз ата-ананың да тәрбиелегенін, қу қарақан басынан басқа қайғысы жоқ адамдардан-ақ үкіметіміз бен партияның беделі құрығанын айтып, жеріне жеткізе сөгер еді. Амал қанша, ауыл қайда, су қайда... Бұл - Мәскеу... Ішкені бар, шаршағаны оған қосымша, ойқыры таныс емес ылғи бейтаныс адамдардың дүрмегінде не істерін білмей миы ашып отыр. Миы ашып отырса да: "Әй, осыны да орыс дейді-ау әлдеқандай қылып... Бұлардың да бәрі бірдей әз-әулие емес, рабайда болса да, бірлі-жарым әтеңелеттері кездеседі екен ғой" деп тауы шағылып қалды... Түн ортасына таяу босаған орындар табылады, сол жаққа Тимоханы көрмес үшін кетіп те қалғысы бар, бірақ бір Алексейдің көңілі үшін отырған жеріне жіпсіз байланды. Кей-кейде, "Ішкендік-ау, Мәскеудің орысы үйіне қондырмады деп не бес бидайым күйіп отыр" деп тәубесіне түсіп қояды.

- Жүз грамға қалайсың? - сорлы болған Алексей Тимохаға да телмендеп тұр.

- Жо-оқ, рульде отырмын, болмайды, - Рахмет айтқаны былай тұрсын әлгі жігіт қолын сілтегенде Алексейдің кеудесін тесіп жіберердей ербең етті. - Үйге жеткесін болмаса, қазір атама...

- Марфуша!..

Әйелі күйеуінің көңіліндегін айттырмай түсінді де, зыр қаға жүгіріп бағана өздері ішпей қойған бір бөтелке самогонды алып келді. Жігіт оны ләппәйға келтірместен қойнына сүңгітіп жіберді.

- Марфуша!..

Әйелі "о, не?" деп сұрамастан құндаңдап барып үлкен банкәге салынған қарақаттың вареньесін алып шықты. "Тұра тұр" деген Алексей тағы қалта-құлталарды ауыстыра жүріп шошқаның қоны бұзылмаған тұтас сүбесін қағазға орай бастады. Оның бәрі бір адамның қолына сыймайтын болғандықтан ұстауға ыңғайлы, тор қалта да өздерінен табылды. Екеуі Тимоханы шыр айналып жүр, әйеліне арнап сәлем айтып жатыр, "Тіпті, күтіп алғаныңа көп рахмет" дегенде, "Осы Алексейіңнің дені дұрыс болса жарар еді?" деп



күмәнденді Жүргенбай... Бұлардың қолында бар базарлықтың мәйегін сыпырып алып, сыртқа беттеген жаңағы жігіт ерлі-зайыпты екеуге ең болмаса бір ауыз жылы сөзін білдірсеіші... Медіресіні жоқ, "Жарайды, жарайды" дегеннен әріге баспайды, баспай қалғыр...

Тірілей пышаққа түсіп, тоналғаннан бетер қоңылтақсып қалғанын, әйел баласы ғой, Марфуша босаған сөмкелердің бүйіріне қарап білді де, ту сыртынан шаншу тигендей мұрны кіржие қалды. Алексейде де бағанағы қарқын жоқ, Жүргенбайдың жанында отырып:

- Шіркін, Тимохалар жігіттің төресі ғой, - дейді...

Жүргенбай "Солай, солайды" жолдасының көңілі үшін басын ізей ғана білдіріп, "Тап Тимохаңның жеті әкесі ал... Малдан өрген біреу болмаса, мұнда жасы үлкен адам отыр, сәлемі құрып қалса да амандаспай ма? Барыңды арқалатып жібердің, қызыңа не алып барасың?" деген сияқты сөз көмекейіне кептеліп қалды. Олай деп айтуға Алексейді аяды. Поезға хабарландыру берілгенде Жүрекең мен Марфа сөмкенің ауырын қолдаса ұстап перронға беттеді. Қалғандарының баулығын біріктіре көтеріп, бұлардың артымен Алексей келеді.

- Гриш... А, Гриш... - дейде ол. - Курортқа барысымен аман-есен жеттім деп телеграмма сал. Ақша керек болса да ұялма... Бізде жетеді... Бала-шаға бар, әйтеуір... Біреуіне айтсам болды, табады өздері...

Мынау орыс Жүргенбайға бала кезінен таныс, бір ауылда өскен жан жолдасы сияқты, тіпті, жақын. Өзі де елдің адамдарындай қи табан шаруа екен, сәнденіп шықса да киіміне сиыр тезегінің иісі әбден сіңіп қалған-ау, бағанадан бері Алексейден өзіне таныс Қарақұмның жұпары аңқып тұр.

Вагонға мінгесін де мұны қымай қайта түскен Алексей Жүргенбайдың бетінен шөпілдетіп тұрып сүйді. "Жүрер аяққа тартып жіберетін жүз грамның жоқтығы-ай" дейді. Жүрекең үйінде баласын да көп өбектемейтін қаттылау адам еді, сонда да болса Алексейді баурына басып құшақтады.

- Қарақұмда баурым бар деп еске сақтай жүргейсің, - деді.

Сағат, минуты толған соң поезд аз-кем оқталып тұрып тартып кетті.

- Гриш... А, Гриш?... Қандай жақсы адам едің... - Жүргенбай жолдасына қарай қолын былғай бергенде Алексей кәдімгідей-ақ көзінің жасын сұртті.

- Не деген пайы жоқ орыс! - Жүргенбай өз-өзімен қалған соң бүгінгі көрген хикаяларын көз алдынан өткізіп тұрып, - Шіркін, бәрі Алексейдей болса ғой, - деді.

## КОММУНИСТ

Шидей білектерімді сыбанып жіберіп, шөп шауып жатырмын. Жел тербеген бидайықты бірде қиқалап, оңтайға келсе баудай түсіріп шалғыны құлаштай сілтеймін. Сілтеп жүріп, қиялдаймын. Қиялымда - сансыз жылдардың арғы бетінен қалықтата сағым көтерген балдай тәтті балалығым. Әкем!..

Бүгінге дейін күндердің күнінде әкемнен әл кетіп, қайраты мұқап, тарам-тарам тамырдай білеулі қолын қос бүйіріне таяп, күрк-күрк жөтеледі деп ойлаппын ба? Бұл кісі маған тұла бойы тұнған күш, болаттай берік, камалдай қаһарман құдірет иесі көрінетін. Өмір сүру қиын да, қартаю оңай екен де, шіркін! Келіпті ғой қаз-қаздап! Өз заманының тауқыметін ащы теріне қосып талғамай жұтты ма, әкем жасаған алпыс сексенге бергісіз. Қауқары күзде зырлаған қу қаңбақтай-ақ, таяғын тірей түрегелсе, тұла бойы қалтыл қағады. Жасартқан еңбегі, қартайтқан бейнеті қайсысы, біле алмай әуремін. Өмірде көтерілген бір биігі - шүлдірлеп тілім шығып, шыбықты тайғып шапқан кезімде астына мінген ақ боз ат шығар. Алдында - мен, ер қасына ілген кенеп дорбада - азықтарым, екеуміз жол шегуші едік. Елден естуімше, большевик те, коммунист те, колхоз басқармасы да сол, ал өзінің істейтін қызметі қоржын бөктеріп, ауыл-ауылға азық-түлік тасу, шаруа қамаған шопанды босатып орнына қойын бағу, көшер қонысқа көзінен суы парлаған құдық қазу.

Не жорға, не жүрісті мал екені есімде жоқ, ақ боз ат қайықтай сызған қалпы түйе фермадан шығаратын. Айыр-қоспағы аралас қырық-отыздан асатын ойсыл қара әулетін жағалай шөгеріп, жапырлаған адамдар жүндеп жатушы еді. Қонышындағы пышақты тас қайраққа жанып-жанып алып, көппен бірге түйе жүндескен әкемді жон арқасынан ғана танитынмын. Күн жеп, өңі ақ жемденген костюмінің жаурынында жаңа туған ботаның табаны тақылеттес ақ жіппен әдіптелген қызыл жамау болатын. Қызыл жамау бұлтты түні көк жүзімен көшкен әсем ай сияқты батып-шығып тұратын. Менен басқа шөп басын сындырмайтын бір жан бар. Ол - тапсырған жүнді таразылап, ұшы біздей ніл қаламмен қағазға түртетін Сабыржан бухгалтер. Бұтында бура санды галифе, аяғында қысы-жазы қылау түспейтін жылтыр қара етік, көзі күн тайып жығылатын әйнектің арғы жағында. Әйтеуір, жаратпаймын. Жол үстінде:

- Аға, Сабыржанға неге жұмыс бермейсің? Ол сенің бастығың ба? - деймін.

- Науқас қой! - Әкем Сабыржанның аурулығы жайлы айтқанда өзінің дертіне қағас қол тигендей ауырлайтын. - Доғдырдан қағазы бар.

- Ауру! Өтірік! Ол - жалқау! - Қандай негізге сүйеніп сөйлегенім белгісіз. Бар білетінім: жұрт аузында жалқау атанған бір-жар адамның біз тұратын ауылда бар екендігі. Сондайлар қайраты да, каталдығы да бар қауіпті деп санайтын әкемнің көзіне түсуге қаймығып, манаурап тұрған менен оңашалап:

- Қалай коммунист бүгін бір жаққа кетті ме? - дейтін.

- Кетті...

- Қарасы батсын, жүр шайымызды ішейік, - деп Сабыржанның үйіне беттейтін.

...Коммунистің өзім сезген екі осалдығы болды. Біріншісі, дегеніне көнбесе шешемді түйгіштеп тастаудан тайынбайтын. Екіншісі - мен. Кілең қыздың ішінде жанарына жарық салған жалғыз үміт. Жанымды қинап жұмыс істеткізбеді. Ал шешем ел басқару колхоздың отымен кіріп, күлімен шығатын берекетсіз тірлік деп түсінсе керек, ауыр бейнеттен шалығып құлаған күні: "Ішер ас, киер киімге жарымадық. Бүйткен басқармалық басқаға-ақ құт, тас шапсақ та өзімізше өмір сүрейік", - дейтін. Қуырылған қара бидайды күтірлете шайнап, шай сораптаған большевигіміз бұл сөзге құлақ асса да, ләм демей, самаурын жақты оқты көзімен бір-ақ ататын. Шешем жым болады. Жым болмаса, амал жоқ, большевик атына кір келтірерлік анайы әдіспен нұқып қалады.

...Уақыттан озған жүйрік бар ма? Жал-құйрығына жел тимеген сәйгүлік жылдар әкемнің астынан сытыла қашқан ақ боз ат сияқты, қайырылмай кете барды. Тоңазыған тірлік кездесе бойының жылуын, жүрегінің отын беріп, он бес жыл халық басқарған қарт коммунистім он алтыншыға қарағанда сауатсыз боп шықты. Адалдығы - қоғам мүддесі үшін өзін-өзі аямаған, кемшілігі - жұрттан да осыны қатал талап еткен әкемнің үстінен арыз жолдаған Сабыржан бухгалтер екен.

Менің әкем қаншама қасиетті болғанымен адамзаттан айрықша туған бөлек құбылыс емес қой, қуану, қайғыру оған да тән. Мүмкін, жанын салып істеген қызметінен себепсіз ілік тауып шетқақпайлағасын ренжісе таң қалман. Бірақ өзгеге деген өкпе-назасын айтып, біреудің сыртынан күңкілдегенін көрген жоқпын. Сол баяғы қоңыр күйі: керзі етік, жамаулы костюм, көнетоз күпәйке. Таңмен таласып, колхоздың шөбін шөмелеуге аттанады. Кәсіптің аты басқаша демесең, сүйегіне сіңген мінез де бәз-баяғы. Қауым боп қоғадай жапырылған мансап алдында ары да, азаматтығы да тұғырынан түспеді, тек көп жасаған қария мен ақылы асқан адамға ғана кішірді.

Әлі есімде, қисынсыз шаруаны күйттеген аудан басшысы әкеме:

- Ақсақал, сізге қу дала Қарақұм да тарлық жасап жүр ме, жөніңізді білмейсіз бе? - деген оны әдейі қасарысты деп ойлаған болуы керек. Жан-жақтан мырс-мырс еткен мысқылды күлкілерге

дейін естідім. Осы сәт орнынан атып тұрған әкем жүзі өрттей алаулап, қарсыдағы қызыл шыт жапқан столға, оның басында қай жаққа қарарын білмей абыржыған өкілге төніп барып, бетіне тесірейді де қалды. Әкемнің мінезінен хабары бар ауыл адамдары: "Қойсайшы, Сәке, қонақ қой, аңдамай аузынан шығып кетті ме, қайтесің?" - дегеніне бұрылмады да. Демімді ішіме тартып бұрышта тығылған мен бір уыспын. Қол сілтеп жібере ме деп кейін шалқиған өкілге әбден қараған соң:

- Қарағым, қорықпа, - деді, - жаңағы сөзің жаныма тигесін бетіңнен иман іздеп жақындап едім, жоқ екен. Менен жасқанбасаң да болар, бірақ халықпен ойнама. Сендей басшысыз да күн көрген ел бұл. Өзің кімнен туып едің?

Өкіл үнсіз. Сәлден соң сауалына жауап та күтпеген әкем жиналыстың соңына қарамай тысқа шығып кетті.

...Алпыс жыл әкем үшін зейнет ақыға қолы жеткен жайма-шуақ жас емес, өлшеп-пішілген бар ғұмыры тәрізді, ілініп әрең жүр. Алты ай қыс ауырды, жазғытұры қайталады, қазір қимылдамаса күзгі жапырақша қалтыл қағады. Қамыс қорада бұзау мен сиырға тіс шұқитын да шөп жоқ. Қолында қаруы, астында көлігі барлар сусылдаған хош иісті пішенді басы бұлтқа жеткенше армансыз шөмелелеп, екі дүниесін бірдей қамтамасыз еткендей. "Барсайшы, табандықтарды шабуға. Ел қатарлы тірлік жасайық та", - деп шымшылайтын шешем. Сегізінші класқа өткенмін, күні кешеге дейін үй тұрмысында иығыма ауыртпалық түспегеннен бе, керенаумын. Ауруымның басы - жалқаулық. Егер кеше әкемнің аузынан ар үкімін естімесем, бүгінгідей білегімді сыбанып, мына шөпті шабар ма едім, шаппас па едім?!

Түнімен жөтел қыштап, таң азанда ғана көзі ілінген әкем түс әлеуетінде оянған. Оразасын күншуақта байыбымен орап тартатын махоркасымен ашты да, маңдайы жіпсіп отырып шай ішті. Қолына құраған сүйектей құжылданған тал таяғын ұстап: "Соңыма ер", - деді. Ол кісі мән-жайды мынау деп түсіндірмеді, мен сұрамадым, галошының бедерлі ізін ермек үшін санап басып, жүріп келемін. Ауыл маңындағы ақ қабакқа асыла бердік. Әлден уақытта ала бұта қаулаған биік төмпешіктің баурайына шұқшия қараған күйі ықылассыздау ілескен маған қарай әлсіз ғана таяғын былғаң еткізді. "Тездет" дегені.

Екеуміз бірдей қарап тұрмыз: аяқ астында ию-қиюы шыққан құмырсқаның илеуі, буылтық-буылтық кішкене жәндіктер ерсілі-қарсылы ағындап жатыр.

- Мыналар, - деді әкем селқос тыңдағанымнан ба, "отыр" дегендей қолымен ишара жасап. - Жаңбырлы күні шұбырып бір іздікпен шығады да, ауа райы ашықта ін аузынан бытырай өреді. Оның себебі, су тиіп, шираған топырақта жымы қалмаса, жалғыз-

жарым жүргендері адасуы мүмкін. Жер құрғақта әрқайсысы өз ізімен илеуін таба алады.

Жайшылықта зер салмайтын таныс суретке қадала қарадым. Қызғыш түсті илеу үстімен құмырсқалардың бірі келіп, бірі кетеді. Міне, ғажап, інге кірер ауыздың екі жағында мүйіздерін ширатып екеуі тұр. Хан сарайының қақпасын күзеткен қарулы сақшылар тәрізді. Сопакша дәнді бұралаңдай көтеріп әрең жеткендерге әлгі "сақшылар" шегініп жол береді де, ішке қарай тоқтаусыз өткізеді. Адыраспанның жұп-жұмыр рәуәшін белі бүкірейе сүйреп, артынып-тартынған бірі іннің кірер тесігіне кептелсін... Сол сәт сақшылардың қимылына қарай сүйсінгенімді білмеппін де. Іштен жұлқылап, сырттағы екеу итермелеп, рәуәшті кішкене іннің көмекейіне сүңгітіп те үлгерді.

- Әне!

Әкем мегзеген жақты барласам, аяғына жем түскен аттай айналақтап, қаңғалақтаған бір құмырсқа. Еңбек сүйгіш достарына құр қол баруға қымсынатындай. Қисалақтап жетті-ау, ақыры. Бірақ межелі есікке тұмсығын да сұққызбай, бағанағы сақшының бірі - аяғынан, екіншісі - басынан жармасып, кейін қарай "дырылдата" жөнелсін... Өзара не дегенін кім білген, "ақшаңдаққа" армансыз аунаса да, "арамтамаққа" араларынан орын бермеді. Қатарынан теперіш көрген "жалқау" мүйізін ширата біраз тұрып, жалт бұрылды. Бұл құмырсқаның - осы сәт маған ұқсады. Бірақ "әріптесімнің" қулық-сұмдығы молдау екен, өзі құралпы құмырсқаның олжасын көтерісіп өтпекші еді, тағы да тұтылды. Әрбір әрекеті әлдекімдерге ұқсайды. Енді іннің желкесіне шыққан "жалқау" өткен-кеткендерге телмеңдейді.

Әкем жәндіктің де айла-шарғысын түсінді ме, "күзетші" екі құмырсқаның бірін-бірі қапталға асыра тастаған. Босаған орынға сап ете қалған қайсысы десем, "әріптесім!" Көк желкеден бағып, аңысын аңдыған "жалқау" кәдімгі. Ол да өзі сияқтыларды "оңдырмай" жазалауда. Дүние кезек емес пе, бұрынғы күзетші біраз қаңғалақтап таяна берген. Қызметі өскен "жалқау" құмырсқа оны кеудесінен кейін қағып жіберді. Бұл сөз жоқ, Сабыржан! Басы мәңгіріп қайда барарын білмей тұрған құмырсқаны әкеме ұқсатуға қимадым. Бірақ әділетсіз де, арамтамақ "жалған күзетшіні" желкесінен бір қысып өлтіре салмаққа тап бергем, ақ таяқ тық етті төбемнен.

- Құмырсқаша еңбек етіппін. - Әкем еңтіге күрсінді де, жинала бастады. - Бірақ, құмырсқа ғұрлы тәрбие бермеппін-ау саған! - Мұнан әрі де есітер сыбағам сақтаулы ма еді, егер бетім дуылдаған күйі ауылға қарай жүгіре жөнелмесем...

...Ойымда осы. Әлім жетпейді деген әншейін екен, бидайықты жағалай жапырып жатырмын. Күн көкжиекке ойысып, аңғарға кешкі

салқын жамырай құлады. Бала кезден етегі жамаулы костюмнің арқасы жалтылдап, ұзақ күнге үздіксіз жұмыс істейтін әкеме біртіндеп ұқсап келемін-ау деген тәтті қиял да тербейді мені... Қиял емес, ақиқат та шығар...

Шидей білегімді түрініп, шалғы шауып жатырмын...

## ФИНАЛ

Аспан айналып жерге түсердей шілде айы. Тас-төбеден арқан бойы етекке сырғыған күміс күн аш бүйірден қадалып тұр. Беті кебіртектенген сүреңсіз, сұрқай футбол алаңынан қайта тепкен ақ жалын лапылдап жүзінді шарпиды. Көк төсін кіреукелейтін бұлттардың қауырсындай қалқыған жұқанасы қалсайшы, аспан сұртулі терезедей мөп-мөлдір. Сырдың аптабы қоңыр кеш түспей ұйықтамайды. Қала халқының алмағайып табиғат мінезіне мойынұсынғаны соншалық: бүкіл дүние кіндігінен кері айналып, қар қылауласа елең етпес, қазір топ-тобымен стадионға ағылуда.

Көнерсе де "бутси" аты бар ақ жеміктерін шаңдып байлап, алабажақ кедриларды тізелікке қарай қайта-қайта созып, қайыра бүктеген "Аптаптың" футболшылары шарық киген шаруаларша бүкшендей басып, ортаға беттеді. Допты ерсілі-қарсылы шиыра соғып, бой қыздырар кезеңге иегі іліккен Қайыпберген сырт көзден сырғақтаған күйі төреші-хабарламашының биік маңдайшалы тақтай кеппесінің көлеңкесіне жайғасқан-ды. Қос қақпаның арасы алақанға салғандай анық, беріректе қаздай тізілген қағаз қалпақты жанкүйерлер - балалар. Тығыламын деп тым биіктеп кеткенін енді сезді.

Жүгіру жолының жолақ сызығын бастыра қойған жалпақ скамейкада киім күзеткен Оразбек. Қолындағы қара тысты блокнотқа қайта-қайта жазуы мен қара көзілдірігіне қарағанда, аты шулы команданың бапкері дерсің: отырысы нық. Жаттықтырушының ту сырты - жанарын қарып алғандай жалт бұрылған Қайыпберген таяқ тастам жерде доп қақпақылдаған Пеле-Құдайбергенмен көздері түйісіп қалған-ды. Ұзақ ұстасуға жүзі шыдас бермеді, қақпа ортасында қадаулы таяқтай қақшиған Серікбайға ауды назары. Оның да қарапайым қимыл-әрекетінде селқостықтың сызы бар екен, оқта-текте серендеген сырықтай денесі оңайлықпен илігер емес, тосыннан аңдасаң, тіпті қауқарсыз. Қаңғалақтаған доптың біреуі Серікбайдың құлақ-шкесінен оңдырмай қағып өткенде, ғайыптан көтерілген қуаныш лебі Қайыпбергеннің кеудесін желпіп қалды. "Көріңдер, менсіз күндерің қалай боларын!"

Дәстүрлі "Былғары доп" турнирінің аудан орталығындағы финалдық бәсекесіне жанкүйерлер аз келмеген тәрізді. "Бір жерде ит

күшіктепті" десе, қос өкпесін қолына алып ұшатын қара сирақ, ши борбай балалар мен арғы атасы спорттан тараса, бітті, ойын атаулыны қаза жібермейтін жанкүйерлер.

Кәдімгідей желпініп-басылып, абыр-сабыр. Алматыда көрген "Қайраттың" жанашырларынан бір мысқал да кем түспес. Қайыпберген сонда да кекірейген қалпы мұрнын шиырумен отыр. Шеңбер сызыққа текірек желіспен тарта жөнелген төрешілерге дейін қораш көрінеді, иненің көзінен өткендей ыздиып тұрған жоқ, киімдері де олпы-солпы. Әп-сәтте қатқыл алаң үстімен сатыр-сұтыр жүгіріс басталды да кетті. Оң қанаттан өзінің бұрынғы орнын іздеген: күн сайын класқа келіп, зәңкиген бөлмені басына бір көтермесе, ішкен асы бойына тарамайтын көкайыл Базаркүлдің жалпақ бас қарасы құдыққа құлаған құрбақадай тарбаң-тарбаң етеді. Мұндай қаны қайнамас. Мына қорлығы үшін "Аптап" командасы 10:0 есебімен жеңілсе деген мысық тілек бүйрегінде бүлк-бүлк етеді.

- Әй, мынау "Аптабың" жүні түспеген жалба тайлақтар ма, немене? - Трибунадан егделеу кісінің қаңқылдай күлгені құлағында, шола қараған. Бұлардың қасында қарсылас "Қыран" командасының футболшылары тотыдайын таранған екен, бітімі бөлек. Сонадайдан ақ майкалары шағала қанатындай жалт-жұлт етеді. Таласа кетуден тартынып, башпай ұшымен ғана дабырасыз ымдасқандай. Тек, қисыны келгенде оң-сол деп іркілмейді, қай аяғымен қақса да дік еткізіп, допты әріптесінің алдынан шығарады. Жүрістерінде сырбаздық бар. Бірден ұшқындай шабуылдамады да толығынан туған айдай қызғыш доп басына тисе де кейін қағып, өзара жауаптасып алады. Қиқу шалса, кеудесімен жер соға ұмтылатын "Аптаптың" темірқанаттарын жүйеден жаңылдырмақ, сірә. Сөйткенше, кенеуі кеткен майкасының жеңі далақтаған Пеле-Құдайберген суырыла шығынып, адасқан допқа әуейілене берген...

- Жанықпа, кейін қайт! - деген у-шудың арасынан шаңқ еткен қатқыл дауыс албырт шабуылшыны қалт еткен жеріне қазықтай қақшитты.

Жаттықтырушының осы бір әмірлі үні Қайыпбергеннің құлағына түрпідей тиетін. "Қай онған жаттықтырушы, сиыршы жаман Сатайдың баласы". Сөй дейтін әкесі, рас шығар. Мектеп бітіргеннің біразы оқуға, қалғаны қой бағуға кетсе, оның әлі де тындыратын шаруасы бардай ауылда жүр. Сатайдың орталықта бес бөлмелі тамы бар. Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ жалғыз өзі. Түн жарымы ауғанша терезелерін жарқыратып қойып кітап оқиды. Сиыр сәскелікте шіреніп оянып, шарбағынан шықпай жүгіреді, секіреді, әйтеуір, тіршілігі түсініксіз, көңілге қонбайды-ау. Бір ғажабы: өзінен кішілерді құрдай жорғалатар мариям шөбі мықты. Ауыл балаларының төңіректейтіні сол. Арасында Қайыпбергеннің өзі де бар. Бөлініп

футбол ойнап, команда жасақтайды. Жаттықтырушылық мойнына қиып салған қызметі тәрізді, ескі-құсқы спорт майкаларын номерлеп, жамап-жасқап, үлестіретінін қайтерсің. Биыл "Былғары допқа" қатысуына да, команда атын "Аптап" қоюға да атсалысып жүрген Оразбек. Екі қолы алдына сыймай, әуреге түскен баланы Қайыпбергеннің әкесі конторына шақырып, ақылын да айтқан:

- Қарағым, оқу қонатын адамға он жыл да аз емес, оқыдың. Енді елтең-селтеңді қойып, ел қатарына қосыл. Атаң: "Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар" деп бекер айтпаған. Піркәзінді қазір берейін, ертеңнен бастап, әкеңе көмекшілікке бар. Емешең құрып бара жатса әлгі мәшігіңді құшақтап ала кет...

Бұл ауылда Сердәлі десе, жасынан жасамысына дейін құрақ ұшатын, ал Оразбек бедірейіп қатқан да қалған.

- Піркәзіңе "спорт нұсқаушысы" деп жаз.

Қайыпбергеннің әкесі үйде отырып жағасын ұстады.

- Ойпырмай, таскене екен, қылғуырдай қадалды. Дүйсекеңнің тіленіп спорттан жеген нанына дейін қайдан біледі? Спортты берем мен, бірақ оған емес. Сиыр бағудан қалған күні сақалы саудыраған әкесі Сатайға берем! Не істейді ал!? Көше кезген шпана пірім емес, маған елге еңбегі сіңген адам қадірлі. Қарашы мұның!..

Жан-жақтан жамыраған дауысқа селт етіп, оңдалып отырған. "Қыран" командасының белгілі шабуылшысы Тимур Исаев сахнадағы цирк артисінше зыр қағып қақпаға төніп қалыпты. Күнде кездесетін кір-қожалақ қорғаушы Қоныс аңдысын аңдап, тас-табандап тұр. Бұл - Оразбектің ақылы. "Әп дегеннен қарсыласыңның аяқ астына өңмеңдеп жығылмай, шегіншектеп жолын тосындар", - дейтін. Қайыпберген мұндай тәсілге қарсы. "Жасындай жалт етіп, жұлып түспегесін!" Сөйткенше Тимур қақпаға тартып жіберді. Көз алды доп емес, көкжиектегі қызыл шырайлы күн лапылдап жанып бара жатқандай. Қорғаныш болар Серікбай ма, қос қолын ілгері созып басын сауғалады.

- Гол!

- Го-ол!

- Ә-ә, жаны құрғыр, жанының тәттісін көрмейсің бе дере сирақтың!

У да шу.

Қайыпбергеннің жүрек тұсы шымылдап, бағанағы мысық тілек іш құрылысын қан жоса қылып тырнап өткендей ауырсынды. Қазір көз жасын жеңіне сүртіп, тулап, торда тыншыған момақан допты бүкендеп барып әрең көтерген Серікбайға деген зілі жеңілдегендей түсініксіз күй кешуде. Бір жағынан тілі пышақтай жанкүйерлер:

- Әй, анау қақпашы емес, ұзақ қарға сияқты бірдеңе ғой!

- Жүнін жұлған тауық де!



- Ауылда қайбір төрелі спорт бар, қайта табалдырыққа табаны тиіп құлаған өздері мықты екен.

- Бұл мықтыларға жалба-майкі кигізбесе, жұрттың көзі өте ме? Әлде, директорлары ақшасын аяйды ма?

Директор - мұның әкесі. "Жаман Сатайдың" көк қырсық баласы бетінен шармай алмаса, бұлар үшін киімнен тау тұрғызу қайлы ол. Әлі күнге балаларының бетіне жел боп тимегенін бұл жақсы біледі. Дариядай мол ықыласының шет жағасынан мейірім іздейтін Оразбек пе? Қырсығады. Тауды арқасымен тіреп тұрғандай қырсығады келіп. Қайтсін? Әйтпесе. "Аптапта" доп қуалап, сілікпесі шыққан кезде сүргіндеп үйге келе құлайтын Қайыпбергеннің берекетсіз кәсібінен де хабардар. Бірақ тілге салып, тәйт деген емес әкесі. Мұның өзі де бой-сойы келіскен команданың айтулы шабуылшысы. "Ақ маржанмен" арпалыста өткен алпыс минуттың ішінде жарқ ете қалған жалғыз доптың авторы. "Курортнаяның" қақпасына топырлатып үш гол салған кім? Сердалиев! Енді не керек? Арқасынан қағып, ризашылығын бүкпесіз білдіретін жаттықтырушының ақтық айқасқа тұяғы ілінер-ілінбесте: "Футбол - сенің мұратың емес" дегені не жосық? Мұның бар жазығы - финалдық ойынға жаңа майка киіп шықпақ ниетін айтқан. Кеудесіне қыз-жігіттің көк төсінен жұлдыз санап жатқан бақытты сәтін бейнелейтін аты шулы "Адидас" фирмасының бұлды бұйымдарының бірі. Оразбек: "Болмайды" деп қысқа қайырған. Қайыпберген "неге" деп ежіктемесін бе? Сол үшін естімеген сөзі жоқ.

- Намысты модамен емес, анау терің сіңген майкалармен қорғайсың, келіссең... Ауылың үшін күресуді ар санасаң, басыңа сомбреро киіп, басқа командаға қосыларсың... Бізге керегі ойының ғана емес, адамгершілігің... Білдің бе?

Оразбектің өз пікірі ме, кітаптан оқығаны ма, Қайыпберген қайырып жауап айтарға уәж таппады. "Ауыл дей ме, намыс дей ме?" мұның зердесіне жетпейтін бұлыңғыр бірдеңе. Көне киімдерін мұқият орап, сөмкесіне бутсиына дейін пәттелеп салды. Сосын, "қызығыңдар, қызығыңдар!" дегендей көгілдір "Адидасты" кергілеп-созғылап шыттай киінді. Аңтарыла қараған балаларға түк сезбегендей сыпайы ғана: "Енді сендермен ойнамаспын" деп, кері бұрылды да, ысқыра әндетіп жүре берген... Сол жолы үн-түнсіз ішінен тынған Оразбектің бәлесі артында екен, ертеңіне Қайыпбергеннің әкесі отырған бөлмеге баса-көктеп кіріп барыпты. Кіріп барыпты да, түйеден түскендей:

- Сердеке, финалға шықтық, - депті. "Не деген әдепсіз десейші!"

Директордың сүйегі темір емес қой, баласындай бір бозөкпе басынып тұрғасын, ал келіп ашулансын.

- Дүре-ес бопты. Финалға шықсаңдар, ұшпаққа шыққан екенсіңдер! Осылай бет-беттеріңмен кете берсеңдер, әлі талай жерден

шығасыңдар сендер!.. Қойымды бағып, шөбімді шауып міндетсінгендей, айда, тартыңдар! Млиця шақырам, әйтпесе!..

Көк желкесінен қырсығы тартқан Оразбектің бұл сөз қаперіне де келместен тас табандамасын ба?

- Бізді ауданға жеткізетін көлік беріңіз...

- Көлік пе керегі?.. Анау кассирді таситын бадабоздың бөшкесіне мінбесеңдер, таландарыңа бәрі бұзылып жатыр. Сауатың бар бала көрінесің, "қойды құртып, мына потболистердің жағдайын жасаңдар" деген әлгі төбесіне шыққан пиналыңнан бір жапырақ қағаз ала келмедіңдер ме? Бір-бір машинадан мініп гөләйттайсыңдар сонда!..

...Кешкі шайға әкесі бұлқан-талқан болып бүлініп келді, әйтеуір. Алдындағы үйме табаққа шүйліге отырып:

- Сатайдың ұлы мал болмас, - деді.

- Е-е, не боп қалды? - Қолынан кесе-аяқ шылдырамайтын шешесі самаурынды сыбдырсыз ғана күміс подносаққа нықтап жатып, қасын көтере таңданған. Тураулы тамақтан қарбытып қалған әкесі түйілгеніне қарамастан сөйлей жөнелді.

- Опырмай, нағыс ғағынды гелгірдің өзі. Гүлге аунаған қара қайыс тайлақтай жиырма баланы әкеп тұр маған. Мыналарға спартевни керек дейді.

- Сол ма, құдай-ай! - Шешесі байсалды қалпымен суы сорғалаған самаурынның да, әкесінің екпінін де бірдей басты. - Онымен сөйлесіп, нербінді құртқанша?.. Қағындырып жібермедің бе? Барсын!.. Әрі кетсе сиынар пірі Сатай ғой!..

- Жо-оқ, күйдіргенде, өз балаңды сықитып киіндіруді білесің деп Қайыпбергенді алдыма ас қып тартуын жаманның.

Осы ойына түскен Қайыпберген үстіндегі шетел фирмасының балапан түкті жұп-жұқа тоқымасын алақанымен сипап, майда жолақты барқыт шалбарының балағынан үзіктей ұмсынған аппақ жұмыртқадай крассовкасына тояттай көз тастады. Қолына ұстайтын былғары тысты дипломат - міне, қасында! Ғажап, ә! Бәрі де музыка, музыка! Дәл қазір сымбатты тұлғасымен алаң ортасында жарқылдап жүрсе ғой, кімнің көзі сүрінбес! Бірақ шешесінің күпті көңілден айтқан қаупі есіне оралғанда лепірген көңіл сап тыйылды.

- Әй, ол, тегінде, түрткілеп бірдеңенің ұшығына тиер. Сол жүгіріп-секіретіндерге сендерде тиын-тебен бар емес? Қай жылы Дүйсекең екеулерің бір-бір домашнидан киіп едіңдер ғой!

- Сол шалды қойшы. - "Оразбегің оңай болмады" дегендей, әкесі кесесін ықылассыздау итере салған. - Үлкейген сайын миы сұйылып бара ма, қай күні мың сом ақша босқа күйеді енді деп, ауданға алпамсадай машина мініп кеткен. Әрқайсысы жарты тонналық екі штанга әкеліп тұр. Енді жылайды: "Мыналар мен өлмей списаниеге

кетпейді, тие көрмеңдер!" - деп. Қара темірге қақтығып жұрт өле алмай жүр ме?

Тау астындағы туннельден сарнап шыққан поездай жанкүйерлер даусы құлақ тұндырды.

Сүйтсе, аптаптықтар ортаға қарай сыпырыла шығып, қақпаны торуылға алған да, қарсыласын белдеу сызықтан бері бастырмай байлап тастапты. "Қыранның" жер-көкке тигізбей қолпаштайтын желаяқ шабуылшысы Рашид Назаров қанша кимелесе де жеке-дара қалып, бірнеше мәрте ойын тәртібін бұзды.

- Ойбай, эне, қараңдар! Ескостбенни абсайт! - Жақын маңайдан жағы сембейтін шақылдаған жанкүйер тәсіл-тактиканы жіліктеп шағып отыр. Шынында, бұл жүйені жаттықтырушы күніне жүз қайталайтын. Ойын суреті өзгеріп, жұмбақ құбылысқа айла-шарғысы таусылған "Қыран" дағдара бастаған-ды. Әлдеқалай, көрермендер арасында көңілділік пайда болды.

- Мына жалба-тайлақтар нағыз техничнидің өзі, ал!..

- Ана, пент жасайтын тайпақ бас қараны көрдің бе, Пелеге тартып туғанын қағыңғырдың!..

- Е-е, бұлар жаңа киімді қайтсін?.. Подпольеде дайындалған ысқаяқтар ғой!

Үміт-тілектерін "Қыранға" қосып, көбелекше ұшып-қонған қала оқушыларының бірен-саран ғана мойын созып шар-шар еткені естілмесе, басқасы сілтідей тынған. Әлем чемпионаты ма, ауылдағы қарапайым доп додасы ма, бәрібір, футболға шексіз сүйіспеншілікпен ол арасын айырып білу қабілеті нашарлаған көне көз көрермендердің көбісі енді сыпырылып "Аптаптың" сойылын соғуда.

Назаров тағы да ойын тәртібін бұзған кезде стадион үмітті көзбен қалт етіп төрешіге телмірген. Үскірікте үн жоқ. Қазылық жасаушы зіңкиген жігіт көрсе де көрмеген кейіппен ыңғайсыздықтан мұрнын шұқылап, шабуылшының ізімен ілесе шапқылап келеді. Даладай кең қақпада дегбірі қашқан Серікбай бұрынғыдан бойын біраз жинап, ширақ тұр. Күтпеген жерден оқша атылды. Қауіптің жолын қақ бөлгенде, жаны қыдырған доп қақпашының бауырына басын тығып, қимылсыз қалды.

- Молодец, Серікбай! - Бұл сөздің аузынан қалай шыққанына Қайыпберген есеп беріп те үлгерместен, қазы жігіт он бір метрлік айып алаңын нұсқап, ақсаған аттай китіндеп тұр. Үскірікте "шындық" деп шырылдаған үн емес, қырылдаған үзік-үзік ыңыл дерліктей. Төреші не деміккен, не дімкәстен көкірегі сау емес, үрлеген ауасынан үскірік те шашалғандай әсер қалдырды. Мазасыз жанашырдың "Содия на мыло" деп тамағын жырта айқайлағаны - әділетсіз шешім жанында масаның ызыңындай көмескі.

Шабуылшы мен қақпашы. Тегеурінді де, айлалы аяқтан пәр алған былғары доп тұнық ауа бауырымен сыза көтеріліп, ет қызуымен ілгерілеп кеткен Серікбайдың көк желкесінен аса түскен. Қайрыла бере қызғылт бейнениң қақпа сызығынан кесіп өткенін көргесін, жерге жүгіне құлады... Құлап жатып, шаңы бұрқыраған сорды жұдырықпен ұрып жатыр, ұрып жатыр. Әдемі соғылған, бірақ әділетсіз голдың байыбына бармаған көрермендер әр жерден шашырай қол ұрғанда, араларында әкесі де отырғандай елестеді. "Аптапты" әсіресе Серікбайды аяп, екінші жағынан тұла бойын ыза кернеп қалшылдаған Қайыпберген атып тұрып, тас басқыштарды тасырлата төменге қарай жүгірді. Ауылдастары алдында сертке бергісіз сөзін де, әкесінің тапсырмасын да ұмытты. Күні кеше есікке беттеген мұны табалдырықтың қыр көзінен тоқтатқан:

- Сатайдың баласына пенде боп футбол ойнасаң, анау аттаған табалдырығыңнан бері қайтып басушы болма. Ұқтың ба? - Үлкенге тіксініп тіл қатпайтын әдеп күрмеу боп түсті де, не құптағаны, не қарсыласқаны белгісіз мұрын астынан міңгірлеген.

- Сатайдың баласы үшін ойнамаймын ғой...

- Енді не үшін?

- Ауылдың намысы үшін. - Оразбектен естіген сөзін ауыз ұшымен айтқан.

- Не дейді-әй, мынау! - Әкесінің бұғағы бүлкілдеп, сарғыш өңі үстімен бет-жүзіне қызыл бояу қашты. - Доп тепкеннен бүкіл дүние тегістелсе, мен сені "Қайрат" емес, тұп-тура, әлгі "Динамоға" алдыртуға құдыретім жетеді. Қазір футбол емес, әкенің абыройымен ойнап жүрсің. Ұқтың ба?

Бұл әңгімеден соң бар ниеті - "Аптап" ұтылса табаламақ еді. Енді көрмейсің бе, қоламта астындағы көмулі шоқтай ар-намыстың қайта қоздауын. Асығыс адымдаған күйі ардың да, намыстың да не екенін түсінген тәрізді, тіпті олардың тұрағы да белгілі. Бәрі де ұя салып, көкірегіне қоныс тепкен екен, ішкі әлемі алай-түлей! Кеудесінен кері итерген қарсы әсер мен кедергі күштерді қақ жарып Оразбекке де таяды. Байқап келеді, қос таймның екі арасындағы үзіліске шыққан балалардың жігері жасымаған, қайта қара қошқыл өңдерде - қызғыш нұр, көзде - от, бәрі де бой-бой терлеген. Жаны неден ыршып түскені өзіне белгісіз, жаттықтырушыға жетіп-ақ барған.

- Алаңға мені жіберші, мені!..

Оразбектің жүзінде таң қалудың табы да сезілмейді, жайбарақат. Сәл-пәл жанарынан ұшқын атқан мейірім сәулесі Қайыпбергенге жылы леп ескендей. "Қыздырынуға кіріс" дегені ғана құлағында. Мұндай құдіретті сөзді бұрын-соңды ешкімнің аузынан естімеген бе, теңіздей толқысын! Қолы қалтыл қағып, Қоныстың тер жуған футбол-

жейдесін апыл-ғұпыл тартқылап шешіндіре бастады. Қолаңса иіс, баттасқан шаң, күн жеген көне деген жоқ, батырлар арман еткен ақ сауыттай басын бір сұғуға асық. Жаттықтырушының жалпыға айтқан кеңесі еріген қорғасындай ой жүйесін қуалайды.

- ...Қазір "Қыран" қорғанысқа көшеді. Топырламай кейін шегіншектеп ілгерілеуге кеңістік беріндер. Шабуылды міндетті түрде орталық алаңнан жартылай қорғаушылар бастасын. Бұл Пеле мен Қайыпбергеннің допсыз еркін қимылдауына, қақпаға жақындауына мүмкіндік береді. Кім шаршады? Ешкім де ме? Ендеше, күміс кубокті қолға алуға жарты сағат уақыт қалды деп есептеңдер! Жарты сағат! Барыңдар!..

Үш минуттан соң "Қыран" командасының торлы қақпасында толық ай тулап жатты. Алғашқы гол! Қорғаушылар шебіне зобалаң туғызған Пеле-Құдайберген сансыз аяқтың арасынан саңылау тауып жерлете соғыпты. Қайыпбергеннің жүрегі жарылуға шақ қалды. Шабуылшының көн терідей бетіне сүлікше қадалды. Жолдасының самайынан сорғалаған тері ерніне тигенде ашырқанбады да, қайта құшырлана сүйді, көңілі босағандай ма?..

Алғашқы голмен аптаптықтардың аяғына жел біткендей ойын жылысып жүре берген. Балалардың шабыт қанатына мінгені соншалық, былғары доптың жамбасы жерге тимей зыр қағуда. Қайыпберген енді "Қыран" командасының айбат атағын да, делебе қоздырар жанкүйерлер қиқуын да ұмытты, шүйлігіп - төмен, қайқия - жоғары ұшатын қарлығаштар тобымен қосыла самғағандай сезімде. Айқара ашылған дарбазадай кең қақпа алдында түлкінің қызыл міршайындай секектеген допқа аяғын тосып үлгерген. Анау жалт беріп, құрулы торға сүңгіп кетті. "Гол!" Бірақ жылт еткен қуаныш, лып етіп сөнді. "Тәртіп бұзылды!" деп қолын қайшылап, табанының астын тарпыған төрешінің ысқырығы жер жарады-ау, жер жарады. Нақақтан күйіп жатқандай. "Төрешімен тайталаспа!" Осы сөз ойына түскен Қайыпберген ашуға булыққан күйі жалт бұрылды.

"Аптаптың" футболшылары қарқынынан әлі де таймаған. Шаршады ма, әлде шама-шарқына сенімсіз бе, қарсыластар топырлап айып алаңынан ұзар түрі жоқ. Құйындап бір-екі соқса, қорғаныс көбесі сетінеп, шығыршығынан сөгілгелі тұр. Қайыпберген киіп-жарып ұрымтал шепке шыққан, "Қыранның" қорғаушысы қос қолдап белінен қаусыра құшақтады. Сәттік қана дөрекі қимылға үскірік үнсіз қалуға пейіл еді, әлгі әл-дәрмені біткен ойыншы тісті бақадай жабысқан күйі төрт-бес қадам сүйретілмесе. Құмығып барып үскірік те шырылдады-ау! Уақыт тығыз. Осы бір он метрлік айып добын соғып үлгерсе, арғы жағы - қосымша тайм! Бор төккен алақандай нүктеге қызыл допты бізше нықытқан Қайыпберген тоғыздықты нысаналап тартып жіберген. Стадион іші - у да шу! Қарсы алдында

арсаландаған Пеле-Құдайбергенді аңдады. Ысқырық. Секемшіл жүрек селт еткен. Төреші голды есепке алмапты. Мә-сағ-ған! Алдынан тістеп, артына жолағанды тебетін асау атша осқырынып маңына адам жолатпаған төрешіге қалай жетіп барғанын өзі де білмейді. Финалдық бәсекенің біткені жайлы соңғы рет ысқырмаққа оңтайланған қолдан ұстаған. Төрешінің жанары төгілген сиядай шапыраш-шапыраш темірдей тегеурінді жұдырығымен мұның кеудесінен өңмендете екі-үш рет нұқыды. Шалқалай құлар ма еді, біреу қолтығынан демемесе. Теңселген қалпы бірдеңе демекке оқталған. Тілі күрмеліп, ерні жуыспайды тіпті. Мұндай күймес Қайыпберген. Төрешінің әділетсіз қиянатын бетіне басып ұялтпақ еді Қайыпберген! Жалғыз добы түссін, жылаған шындық, аяққа тапталған намыстың мән-мағынасын түсіндірмек Қайыпберген. Сөйтіп, әділет сұрамақшы Қайыпберген!

Көзі алаң шетінде бүк түсіп, бүкірейген Оразбекке ауған. Бұлар жаққа назар да салмастан саусақтарын аяусыз бұрап сындырып жатқандай ма?.. Түсінді. Әлдеқайдан әкесі ойына оралған. "Жетермін, - деп тістенді. - Жетсем, төрешіден таппаған әділеттің құнын сізден өндірем. Бәріне кінәлі сіз!"

\*\*\*

Әкелі-балалы екеудің бірінің көзіне екіншісі тура қарап, үй тірлігінен басқа тақырыпта тосын адамша, бірақ мақсат-мұраты ажырамас қос халықтың елшісіндей сөйлескені сол жолы шығар. Арада апта өтпей-ақ Сердекең үйге көңілді оралды. Қолында телеграмма.

- Ұста, асығыспын, - деп бұған ұсынып тұр. - Әй, күшіктер-ай, зорлық көрдік деп жылап-еңіремей жүрсеңдер екен. Ойнайсыңдар күшікше, сосын таласасыңдар. Ал кеттім!..

Қайыпберген телеграммаға шүйілді.

"Аудандық спор комитеті мен "Жастар" ерікті спорт қоғамының төрешілер алқасы "Аптап" командасының бапкері Сатаев пен совхоз директорының шағымын орынды деп тапты. Финалдық бәсекеге қазылық жасаушы Тұмановтың совет спортына жат әрекеті сыналды. Жаттықтырушылар советі "Былғары доптың" облыстық турниріне "Аптап" командасын қатыстыруға шешім қабылдады". Онан әрі оқуға көзі бұлдыраған Қайыпберген жүрегі алып-ұшып тысқа беттеді. Қиялында - жүздері жайраң қаққан достары мен жымия күлген Оразбек!

**ПЕРЗЕНТ**

Сырдың ми қайнатар ыссы күні. Аспан айналып жерге түскендей шілденің мына күнінде канал суына тілерсегіңнен батып, қоңыр салқын ауаны сіміре жұтқанға не жетсін. Жаңа ғана суға шылап алған орамалы эп-сәтте құрғап, маңдайдан шымырлап шыққан тер моншақтары әжім жолдарын қуалап келіп, көзіне құйылады. Үстіндегі ақшыл көйлектің көлбеңдеген жеңімен бетін бір сүртіп қойып, қолындағы ауыр кетпенмен судың кеткен жеріне топырақ тастап жатыр.

"Осы жұмысты жұрт ауыр деп айтады. Ал өзіне салса мұнан артық дүниеде рахат нәрсе жоқ. Төрт құбыласы тең пенделер не демейді, шіркін!.." Шайқының ащы өзегіне от түскендей болып кетті. Ойпырмай, мұндай күйді кешемін деп үш ұйықтаса түсіне кіріп пе, өз үйінен өзі суынғаны қалай?! Сондағы мынау жалпақ дүниеден аңсары ауып іздегені бір перзент. Мейлі ол ұл болсын, қыз болсын әйтеуір мынау ерні кеберсіп жатқан даладай кенеуі кетіп отырған оттың басынан шыққан - бір нәрестенің даусын ешқандай қымбат қазынаға айырбастамас едім.

Күйреуік жаның бұл емес. Ол керзі етігімен жарты жер шарын жаяу аралап шыққан солдат. Екінші дүниежүзілік соғыста сонау Москва түбінен басталған қанды жорықты басынан кешіріп, соғыстың соңғы оғын жапон жерінде атып, еліне 1950 жылы ғана оралған. Талай отты өткелдерден өтіп, оқты кеудесімен қағып, туған жерге аман оралды. Кір жуып, кіндік кескен ел арасына біте қайнасып, үйреншікті өмір ағымына ілесті. Райханға үйленді. Бәрі де жарасымды, жаңылыспаған секілді.

"Анау іс қалып барады, мынаны істеу керек" деп жүріп, өз басының тіршілігін естен шығарып алған ба, бүгінгі күні түпсіз болып саналатын тұңғиық ой да тұйыққа тірелген сияқты. Арман ауқымы кішірейіп жалғыз аяқ жолдай айналып келіп бір ғана балаға соғады. Ағайындары да қарап қалмады. Бірде үйіне кештете келген туысқаны тысқа шығарып алып, қараңғы түнді жамылып тұрып:

- Қайтесің, Шайқы, құдайдан бала көрмейін деп тілек тілеген жоқсың. Айналаңды қоршаған ағайын-тумаң сен дегенде ішкен асын жерге қояды. Солардың білгісі келетін бір-ақ нәрсе бар, не істемексің, - деді.

Шайқы да тіктеле қарап:

- Өзіңнің не ойың бар? - деді.

- Мен жамандықты ешкімге де ойламаймын. "Пәленше сөйтіпті" десе айтарсың. Бастарың әлі жас... Райхан екеуің өз бақтарыңды өздерің байламасандар қайтеді?

Бұл бұрын-соңғы Шайқының ойына келмеген пікір. Ал, мынау адамға ренжудің реті де жоқ. Жоғыңды қосыла іздейтін адамдардың садағасы кетпессін бе? Бірақ... бірақ, сол Райхан екеуінің арасындағы

көзге көрінбес, қолға ұсталмайтын нәзік сезімнің қыл ішегі бар. Осы араны мынау не ескермей тұр, не құрбандыққа шалып отыр. Шайқы ләм деместен теріс айналып жүре берді...

Сондай күндердің бірінде колхоз председателі шақырып алып:

- Шайқы, жайың қалай? - деді.

- Шүкір, жүріп жатқан.

- Маған бір ой келді. Сені шөптен алып күрішке жібергім келіп отыр. Сол баяғы бригадирлігің ғой...

- Ой, Жәке-ай, оның несін сұрайсың, екі қолға бір жұмыс емес пе.

Осыдан кейін шөптен шығып, осы күріштікке келген. Звеноларға тиісті жерлерін өлшеп беріп, жата кетем деген бригадирге бұл жерде ешкім де зорлық жасамайды. Бірақ, мұны істеуге Шайқының дәті шыдамайды. Оның үстіне жұмыс жанның ләззаты емес пе? Осындай бір іштен тынып, жүйкең шаршап жүрген шақта кәдімгідей-ақ қол беретінін қайтерсің.

"Бұл жұмыс маған қашанғы серік болады, - деп ойлады Шайқы. - Ертең қартаюмын... Ел іші - алтын бесік, далада қалмассың-ау, бірақ, басың ауырып, балтырың сыздаған кезде қолтығыңнан сүйеп, демеу болатын біреу керек қой..."

\*\*\*

Арқа-бас кеңіген соң көптен көңілде жүрген ойын колхоз бастығы Ақмолдаев Жолдыбайға айтып еді, анау болса:

- Дабай, бар. Күні ертеңнен бастап боссың. Біздің бұрын ойымызға келсе де, қай жағынан шығамыз деп қорғалақтап жүргенбіз. Шүкір, қалған шаруашылығыңа өзіміз бас-көз болармыз.

Райхан мен Шайқы ат басын бірден Қызылордаға тіреді. Қолындағы аудандық дәрігерлердің жолдамасын көрсетсе де, әлгі бірденесі жетіспей тұрғандай алдында тұрған дәрігерлерге шағына жөнелді.

- Айналайындар, балаларың бар ма? - Орыс дәрігері де қазақша біледі екен, күлімсірей басын изеп жатыр. - Онда маған да сол керегі бала.

- Талай жылдар жүрегінде қордаланған ойын ақтарып салды. Егер артымызда шаңырағымызды ұстарлық ұрпағымыз қалмаса, мынаның бәрі қаңырап қалмайды ма? - деп өздері тұрған бөлменің қабырғаларын жағалай көрсетіп шықты. Дала адамның табиғатына тән кесек-кесек сөздеріне ыңғайсыздана қараған дәрігерлер Райханды алма-кезек көріп:

- Менің аты-жөнім Мария Георгиевна Егорова, ал мына қызыңыз Аида Елемесова болады, - деп таныстырды.



- Шәке, - деді Мария Георгиевна. - Райханға операция жасау керек.

Мұны естігенде Шайқыны түсі бұзылғанын Егорова бірден байқаған болу керек.

- Еш абыржудың қажеті жоқ..., - деп басты оны.

- Қайдан білейін, қарағым, - деп саса бастаған күйеуін Райханның сөзі бөліп кетті.

- Тәуекел, келісемін...

Көп ұзамай-ақ операция столынан сәтті шыққан Райхан елге қайтып оралды.

Мария мен Аида енді бұл үйдің ең бір жақын туысындай болып кетті. Үнемі хат жазып, хабарласып тұрады. Ақыл-кеңестер береді. Сол бір мейірбан жандардың ұсынысы бойынша жыл сайын Жаңақорған курортында болып ем қабылдап қайтады.

\*\*\*

Күріштің бабы жаңа туған баланың бабынан да күшті, онда сәл босансуға болмайды. Сондықтан да торғай шырылдамастан кеткен адам қара кеште барып бір оралады. Шаршап, шалдығып жетіп шынтақтап жатып шай ішуге ғана шамасы келеді. Осындай бір күні қатар отырған Райханның жүзінен қуаныштың табын байқады. Бірден жүрегі лүпілдеп, өкпесі аузына тығылды.

\*\*\*

Бұл күз колхоз үшін де, Шайқының отбасы үшін де табысты жыл болды. 1980 жылы Бүкілодақтық көрмеге қатысуға жолдама алды. Әрі қуанышты, әрі көңілін аңдатып жүрген бір жай - Райханның аяғы ауырлығы. Күні жақындады-ау деген шамада аудан орталығындағы перзентханаға жатқан. "Әні-мінімен" енді барам деп жүргенде бір бала құйындай ұшып сүйінші сұрап келді. Ер балалы болыпты. Тартып отырып ауданның бір-ақ шықты. Кезекшілер бөлмесінде қарсы алған биязы дәрігер келіншек қос қолын алып құттықтап жатыр. Әзілге шаптырып "сүйіншімді бер!" дейді.

- Райхан апаның да, баланың да күйі жақсы, - деді келіншектің жүзі енді байсалдана түсіп. - Балаңыз жиырма шақты күндей ертерек туды. Жақсы күтім керек. Екі жетінің ішінде қолыңызға тиіп қалар.

"Жиырма күн ерте босанды" дейді, несі бар босанса... менің жиырма жыл күткенім аз болып па ол күшікті. Бір бала көруге зар болған Шайқы едім, жиырма күні кемістігі не қылар дейсің. Жетілер. Дүниеден күдерімді үздірмей, ақ перзентімді алдыма әкеліп салған әлгі дәрігерлерді айтсайшы.

Үйді айнала бергенде қарсы алдынан колхоз председатели Жолдыбай бастаған бір топ Шәкеңе қарай лап қойды. Құттықтап жатыр жағалай...

**ЖАЛҒЫЗ АҒАШТЫҢ ЖАПЫРАҒЫ**  
**Қызықты әңгіме желісін берген ағам**  
**Ерәлі Дәулетбасұлына**

Соғыстан кейінгі жылдар. Қыркүйектің аяқ шені-ау! Мұзхананың кезекті жұмысына шақырған хабар келісімен биыл үшті толтырып, төртке аяқ басқан Әлішін көтеріп Ұрқия аулаға шыққан. Аула аспанын айнала соққан күз желінен Ошақбайдың үйінің алдындағы жалғыз тал майыса шайқалады. Бір қораның ортасы жымжырт, тышқан жорғаламайды. Екі-үш үйдің есігінде құлып: қалған бір үй бос, келесі үйде науқас кемпірдің уһілеп ауырсынған дыбысы шығады. Ол үйдің қожайыны Әбілданың жұмысы - тышқан аулайтын жерде. Алты айдан бері Ұрқияның кәмететке жетіп қалған Рахметін де дала жұмысына өзімен бірге ала кетіп жүр. Жетінші класты шала бітіріп, әрі қарай оқымай қойған соң "құр сенделмей үй тіршілігіне қосымша болсын", одан қалды "өмір көрсін" деген оймен бұғанасы бекіп, шеміршегі қатпаған ұлын қолқалаған-ды ана. "Көрші ақысы - құдай ақысы" деп Әбілданы көндіріп, қасына қосып жіберген өзі еді. Енді сонысына өкініп жүр. Далаға бір кетсе молынан кетіп, хабар жоқ, хат жоқ, екеуі ай жарымда үмітті үздіріп жүдеп-жадап оралады.

Ықтасында кума желмен сартыл қаққан көк, жасыл, сарғыш жапырақтарға көз тоқтатып, Әлішті баурына қыса түскен Ұрқия Рахметін сағынып ауыр күрсінді. Күрсінді де бойы жеңілдеді. Жұмысы ойға түсіп, үйге қайта кірді.

Сыртқы есігі сырқырай ашылып, іле жапқанда терезесі жоқ ауызғы бөлменің іші қою қараңғылыққа бөленді. Есік дыбысынан ыза теуіп үгітілген бұрыштар сылдырай жөнелді. Әліші үкі көздерін алға тігіп, ұйқысын ашты. Қараңғыда екі аттаған Ұрқияның ішкі есіктің тұтқасына қолы әрең ілікті.

Сырттан қарағанда, аула ішіндегі ең көзге қораш үй - осылардікі. Өзі кепемен пара-пар, екі-ақ бөлмелі. Аға-інілерін соғыс жалмап, күйеуін ындыны кепкір қара жер ерте қақшыған соң төркін сағалап қалаға көшіп келгеніне санаулы-ақ уақыт өткен. Қолы қалт еткенде Рахметін қасына ертіп, Әлішін беліне байлап жүріп көтеріп еді осы көрхананың төбесін. Алғашында қуыршақтай болып көрінетін әжептәуір баспана секілденген, кейін жыл мезгілдері мүжіген қуыс-кепеге айналды.

Аядай төргі бөлменің бар жасауы - астарына салған бір-екі көрпеше, кішкене киіз, төрт-бес көрпе мен жүкаяқты қызыл сандық. Қос жастықтың бірі - жерде, бірі - жинаулы жүк үстінде. Еденіне тақтай төселмегендіктен азғантай дүние тар үйдің ішінде ызамен суып тұр. От жаға қоятын мезгіл болмағандықтан шойыннан жасалған пеш дәлізде жатыр. Аула жақтан қойылған жалғыз қабат терезе күнсіз беттегі бар жылу мен сәулені тартқысы келгендей әлсіз жылтырайды. Осы бөлмеге кірген соң көрпелерді қабаттап салып, үстіне баланы жатқызды, күндегі әдетімен жүкаяқ астындағы жіптің бір ұшын қазықбаулап беліне байлады. Қасына бір тілім қара нан мен су қойды. Үстіне қалың көрпені жапты да, ұйқысырап есінеген сәбиінің бетінен бір сүйіп шығып кетті.

Алғашқы кездері өстіп тастап кеткен сайын шыдамы жетпей қайта оралып, әбден ұйықтағанша әлдилеп қасында отыратын. Тіпті, болмаса жұмысына арқалап барып, мұзхананың ағаш ұстасы Иванның кемпіріне ұстатып кететін. Бала десе ішкен асын жерге қоятын орыс кемпірі Әлішті әлпештеп күтіп, әсіресе үсті-басын мұнтаздай қылып жуып, көйлек-көншегінің жыртығына дейін жамап-жасқап әдемілеп қоятын. Кейін Марфа әже науқасқа шалдықты да амал жоқ, осы жағдайға Ұрқия байғұс көндікті.

Жаңа ғана сылдыр етіп жабылған құлып пен қоса жарысып шыққан баланың жыламсыраған даусы ана жүрегін сыбызғыдай сыздатып, түкпірде тұмшаланып қала берді. Жолай, жүкаяқ жібін жұлқылай тартып, терезеден түскен өлмеші сәуледен өзін көргендей болып ұмтылған Әліштің бейнесі бір сәт есінен кетер емес. Қайтып баруға бел алды да: "Кешігіп барсам? Жұмыста адам жетіспей жатқаны анау - вагон соңынан вагонға тиеліп келген азық-түлікті мұздатып үлгірмесе тағы болмайды. Гришаев нәшәндік те адам жеткізе алмай жүрген шығар шырылдатып, жетейін тезірек", - деп ойлап, мұзханамен жалғасып, теміржолды бойлап жатқан жырынды көлді жағалай адымдаған Ұрқия жедел басты.

Жұмыс басына жеткенде Шәдінің әмірімен жасы-жасамысы, әйел-еркегі аралас жұмысшылар алғашқы вагонеткаларға мұз тиеуге ыңғайланып жатыр екен.

- Бәрі де түгелденді. Осы топпен түн ауғанша бар вагонды мұздап болармыз, - деген Шәді бригадир қолындағы сүйменді "aha" деп көтере ұрып, бүкіл мұзхана аймағын солқ еткізді. Алты қырлы темір ұшынан тепсіне шыққан дүмпу жұмыстың басталғанынан берген хабар-ды. Доңғалақтары тарсылдаған вагонеткалар кезек-кезегімен мұз кесектеріне толтырылып лебедканың көмегімен жоғары көтеріле бастады. Одан әрі азық-түлік тиелген вагон мұздатқыштарға жеткізіліп, сайланып тұрған жұмысшылар вагонеткаларды тоқтаусыз босатып жатты. Біршама уақыттан кейін алғашқы вагонның

мұздатқышы толды. Бұл кезде мұздай судың ызғары қара табанға теуіп, алақан қызып, шекеден салқын тер төгіліп, маңдай жіпси бастаған.

- Перекур! - деп айқайлады Шәді бригадир шатты-бұтты орысшалап.

Солқылдаған сүймен даусы, сытырлай құлаған мұз кесектерінің сырылы, вагонетка доңғалақтарының зіркілдеп барып, шикылдай тоқтағаны, су кешіп, сорп-сорп еткен етіктер дыбысы саябырлап оннан-мұннан көңілдене күлген орыс, қазақ, татары мен башқұрты аралас адамдардың үніне ұласты. Бәрі жиналып мұз үйіндісіне ендете жапқан қалың қамысқа жайғасып отырысты. Шәді бригадир Ұрқияға қарсы отырған татар келіншекті бөксесімен ысыра итеріп жанына жайғасты. Қарап отырған жоқ, әзілдеп тиісе бастады.

- Ох, ох, осы Халимаштың напорин бизләрнин көңілге бек тұтыш, - деді ол көзін ойнатып.

- О, сенинни добалдай кемпірің тұрғанда маған көз салуыңды қоймадың, бит, ә?

- Кемпір - кәрі, көңіл - жас, қауғадай болған мына бас, - деп қалың мұртын қиялай сипап, кеңк-кеңк күлген Шәді бригадир Халимаштың бүйірінен түртіп қалды. Қытықты қимылдан қайқаңдап тұра келген Халимаш жеңіл денесімен оның үстіне қона кетсін. Бір қызықтың басталғанын көріп, әйелдер жағы Халимашты, ерлер жағы Шәді бригадирді қуаттап, жұрт көңілі осыларға ауды.

- Сені ме, кәрі қақпас, бір домалатып алмасам, маған көз салуыңды қоймадың бит, - деп татарша-қазақша сыбаған Халимаш Шәді бригадирді қамыс үпелегімен араластырып ұмыр-жұмыр жастап жатыр.

- Әйда соқ!

- Мұзбен басын ысқыла!

- Шалбарын шешіп ал!

- Суға лақтырып жібер!

- Әй, анаған көмектессендерші, бір қатынға әлі келмей өлді ғой байғұс, - деген дауыстар түн қараңғылығын түрткілей оятып, самаладай жарқыраған шам жарықтарының сәулесімен бірге мұзхана аймағына жамырай тарады. Бірін бірі жұмарлаған екеуі айқай-шудың ортасымен мұз жарына барып қайтты. Көп көзінде бірі жастықты қимаған, бірі кәрілікті жасытып қытығына тиген екеу сезіммен алысты. Жүректері алқынып, демдері зорға шықты. Әлі де біршама алысқанда уақыт созыла берер ме еді, қайтер еді, егер де:

- Қойыңдар, ей. Мына екеуі бала болып кеткен бе, түге, онан да жұмысымызды бітірейік те! - деген сөз селт еткізбесе. Көздерімен сүзіскен екеу үстерін қаққыштап, сүймен мен вагонеткаларға ұмтылды.

- Әй, сені ме, көрерміз әлі! - деп Халимаш жұдырығын түйіп күліп, Шәді бригадирде есесі кеткендей екілене сөйлеп барады.

Шағала қанатындай шашыраған шам жарығы түбіндегі мұз үйіндісі Шәді бригадир мен Халимаш бастаған топтың ойыны мен күлкісіне, еңбегі мен зейнетіне күтір-сытыр қозғалысымен үн қосты.

Шәді бригадир межелеген уақыт шамасында мұзхана аумағын үнсіздік жайлап, бар вагонды мұздатып болған жұмысшылар тарай бастады. Мұз үйіндісінен алыстай түсіп, теміржолды бойлай жүрген Ұрқияның ауыр жұмысқа түскелі шираған денесі қараңғылықтың қалқыған таза ауасымен сергіп салған соң, үйде қалған нәрестесіне жетуге асықты.

\*\*\*

Қара құлыптың сылдырынан кейін ана әлдиінің алыстағанын сезген Әліш маужырап ұйықтап кеткен екен, сәлден соң жыламсырай оянып, беліне оралған жіпті жұлқылады. Ілгектене байлаған жіп мықты-ақ, баланың бұғауға қарсы ыза мен ашуына көніп жібере қоятын түрі жоқ. Жұлқынып жатып терезеге көзі түсті. Қалтасындағы шаштарақ шыбықтарын саусақ басымен торғай үніндей шиқылдатып, күлімсіреп тұрған. Рахмет ағасының ойнағы жүзі елес бергендей. Анасы да қатарласа тұра қалып шақырғандай ма, қалай?.. Құшаққа алардағы "айналайын" дегені еміс-еміс естіледі.

Әліш онан сайын жұлқынып, беліндегі шандулы жіптен босануға тырысты. Жұлқынған сайын жүкаяқ үстіндегі текшеленген көрпелер мен жастық шайқалып, құлап кеткелі тұр. Оны сезер емес, белін жіп қажап қышытса да, бар ойы мезі еткен тымырсық бөлмеден кеңшілікке шығып, ана көкірегіндегі жылылық пен тәттілікті іздегісі бар, "Айналайын, менің көкем" деген жылы сөзі, жұмсақ үні тағы да құлағына келгендей. Бұл жолы анық естілді. Жыламсырағанын қойып, біруақ тың тыңдады. Дуал етегін жағалай жүгіріп, шиқ-шиқ еткен дыбыстарға шықты. Жанға жайлы жаз күндері үй іргесінен інненінге жеткенше домалаған тышқанның түріп көріп, ішек-сілесі қата күлетін. Оның алдыңғы аяқтарымен бет-аузын жылдамдата сипап, күнделікті тіршілік-қарекеттеріне кіріскен кейпін көріп қызықтайтын. Кейде көрші үйдегі ала мысықтың аузынан салақтаған өлі тышқанды көргенде денесі шымырлап, бала жүрегі бір құлазып қалатын. Дәрменсіз сәби быртиған қолымен кесек лақтыратын ала мысыққа. Олжасын тастауға көзі қимай жалт бұрылып, дуалдан бір-ақ асатын ала мысық.

Балалық қиялына мықтап орнығып қалған тышқан мен ала мысық жайлы ойлап жатып, ол жіп қиып, қышыған жерін қасиын деп ышқырлығын төмен жылжытты. Ышқырлығына қоса жіп те

ысырылды төмен қарай. Белінің қызарған орнын бес саусақтың басындағы сояудай тырнақтармен осып-осып тастады да, тізесіне түскен жіпті аяғының ұшына шығарды. Тұзақтай орылған бәледен құтылғанына қуанып, ұшып тұра келіп, терезеге қарай ұмтылды.

Терезеден көрінген аула іші кешкі күннің қызуынан қапырықтанып, тымырсық аспан астында қалған екен. Аулада жүріс байқалмайды. Мияулаған мысық, әуілдеген ит, шойынжол бойындағы паровоз шуылдары әудем жерден естіледі.

Ышқырын көтеріп, қарнының бос екенін байқады, су ішкісі келді. Айнала үй ішіне көз жүгіртіп, жүк-аяқтың қуысынан бір тілім нанды алып жеп, шелектегі судан ішті. Қарынға "ауыл қонғасын" ауызғы бөлмеге шықты. Ауыз бөлме ыза табанынан салқын қабақ тартқандай, денесі тітіреді. Қою қараңғылықта екі-үш аттап, сыртқы есікті итерді. Ілмешек тұсынан жарық жамырап, саңылау пайда болып, одан сығалап Ошакбайдың үйі алдындағы аспанмен таласқан талды көрді. Иығымен тіреп итергенде есік пен босаға арасы өзі сиып кететіндей болып ашылды. Ұңғысы бос салбырап, құлып екі ортада салақтап қалды. Сып етіп далаға шыққан Әліш жан-жағына бұрылмастан тура көшеге шықты. Мезгіл іңірлетіп қалған екен, күн бетіне қызыл жолақты алаша жапқандай жалқын тартқан. Дарбаза алдында бұлт арасынан ұрлана түскен сәуледен үй ішінің күңгірт қараңғылығына үйренген бота көздері жасаурап мұрны босап, біраз әлектеніп тұрды.

Жықпыл-жықпыл аласа үйлер мен қазып салынған жертөлелердің арасында еңселі көрінетін ескі Абай мектебі мен одан әрі жалғастыра салынған ұзын дуал - шешендер мекені еді. Көшенің батыс жақ тұйығы арақ зауытына іргелес жатқан сасық көлге тіреледі де шығыс жақ тұйығы кірпіш зауыты арқылы қырық кепе - "Шанхай" тамдары арқылы базарға барады.

Емін-еркін жүргеніне көңілденіп, бойы сергіген бала мектеп жанынан аялдамай өте шықты. Дуалды жиектеп, қуыс-қуыспен қыбырлап, келе жатқан оған қорасымен қоса жерден жартылай қазылып, ұзыннан ұзақ салынған шешендер ауласының шеті мен шегі жоқтай көрінді. Әр тұста кездескен жүргіншілерге, қой мен ешкіге, көк жасыл жеміс ағаштарына, доп қуып, ләңгі тепкен балаларға, олардың у-шуына "Хайуала-дайула - бұл қай бала?" деп сыпырғысын сілтей шыққан шешеннің сұлу келіншектеріне қызықтай қарап, кейбір үйлердің маңындағы күл-қоқысты айналып өтіп, кете берді, кете береді...

Ақырында көше-көшені қуалап отырып кірпіш зауытқа тартылған шойын жолдың белін бір-ақ басты. Ымырт салқынымен мұздаған темір табанын қарып, қос жолдан аттап өте алмай жиектеген күйі ұзына бойын жағалады. Кесе тасталған бос шпалдардан аса

домалай құлап, "поездан сақтан" белгісіне жақындағанда жол маңында вагоннан шашылып түскен көмір түйірлерін жинаған әйел қарсы кездесті. Құдды, анасынан аумайды екен. Әйел шелегін жерге қоя салып, бұған тесіле қарады. Томпаңдаған жүрісін әлдекімге ұқсатқандай еміренеді. Иығы жамау көйлегіне, балағы тілерсегіне түскен дамбалына, тоңған торғайдай бүріскен тұрқына, жалаң аяғына көз тоқтата қарап, қоюланып келе жатқан кеш қараңғылығында бұған телмеңдей жақындады. Отыра қалып құшағына алды, құшағы балаға икемді көрінді. Жалбыраған шашынан сипады, алақаны жұмбақ сезілді. Жер бетінен қолтығынан демей көтеріп алған әйелдің кеудесіне сүнгігенде Әліштің тоңазыған денесі балбырады. Жаны жай тауып, есік алдындағы жалғыз талдың көлеңкесіне кіргендей рахаттанып қалды. Ол өзін кеудешесіне орап лаған әйелдің не деп сөйлеп, қандай қуанышқа күлімдеп, қандай бақыт тапқанын түсінбеді. Тек "Шанхайдың" оңтүстігіне қарай тура тартқан оның омырауына түмсығын тыға түсіп, манаурап бара жатты.

\*\*\*

Түн қараңғылығында төңірекке елегзи қарап, аласа үйлердің қуыс-қуысымен келе жатқан Ұрқия дарбаза алдына да жетті-ау. Адам аяғының сыбдырына арп ете қалатын Ошақбайдың дуал іргесіндегі ақ жал иті танысын байқап, дыбыс шығармастан жата берді. Әрідегі Әбдірдің үйінде бөгде кісілер болу керек, бірін бірі көтермелеген дауыстар аула ішіндегі тыныштықты бұзып тұр.

Қараңғылықты қармалай келіп, құлыбы ортасында салбыраған ұңғыны ұстағанда Ұрқияның жүрегі тас төбесіне шықты. Қиюы қашқан есік түн қараңғылығын ішіне тартып, үңірейіп тұр. Төргі бөлме жақ тым-тырыс. Құлыбын ашып, асып-сасып ауыз бөлмеге енді. Аяғының астында домалаған шелек даңғыр ете қақты. Даңғыры басылса да басқа үн шықпады. Қалбалақтаған күйі екі аттап келіп Әліштің орнын сипалағанда қолына шұбатылған жіп ілігіп, бос төсектің салқыны білінді. Жүрегі алқынып, тұла бойы қалшылдап кетті. "Құдай-ай, ашылмаған маңдайым-ай, не жаздым" деп күбірлеп назаланып, қараңғыда еңбектеп жүріп, ондық шамды іздеді. Ондық шам да қырсық шалғандай табылар емес. Домаланған бір нәрсе қолының ұшына ілініп еді, оның я шам екенін, я басқа нәрсе екенін айыра алмай есеңгіреді. Демін басып сәл отырды да далаға шықты. Жаулығының ұшын иығына асыра бір қайырып тастап, Әбдірдің үйіне қарай бет алды.

Үйде екі-үш ер кісі шалып алғаннан ба, шаршағаннан ба ұйқы басып, бастарын жастыққа түйістіріп манаурап жатыр екен. Кішкене

тар бөлмеде жүресінен отырып, шам жарығымен ыдыс-аяқ жуған Айша ғана. Оқыс кіріп келген Ұрқияға ол жалт қарады.

- Кел, аманбысың?..

- Біздің Әлішті көрдің бе?

- Жоқ, не болып қалды? Өзіңнің түрің қашып кетіпті ғой. Кел, шай іш бір-екі кесе.

- Нан ауыз тиейін де шығайын, Айшажан, шай ішетін шама бар ма. Мана Әлішті күндегідей үйге қамап кетіп едім, жұмыстан келсем, есіктің саңылауы ашық қалыпты, бала жоқ. Сендердікіне келді ме деп едім...

Ұрқияның даусы діріл қағады. Айшаны үрей қамады:

- Құдай-ай, көшеге шығып кетіп, адаспаса болғаны ғой. Оны іздесетін түрін қарасайшы. Дүмпулері соңғы стаканмен бітіп, жаңа ғана жамбастары жерге тиді.

"Стакан" десе сөз құлағына жағып кетті ме, қырынан жатқандардың бірі көзін қылита ашты да қыртыс-қыртыс қабақ астындағы күлгін жанар дастархан үстін бір шолып, ештеңе ілікпеген соң қайта жұмылды.

- Рахметің келген жоқ па?

- Келетін уақыты жақын сияқты еді, жоқ қой әлі.

- Үйінде жарық бар ма еді, шам алып шығып қарап келейік, бұрыш-бұрыштың бірінде ұйықтап жатпасын. Мына салқында жаурап қалатын болды-ау!..

- Асып-сасып жүріп шамды да таба алмадым. Көктігілгір, әшейінде терезе алдында тұратын.

- Жүр... Саспа, табылар, - деп Айша дастарханын жинастыра бастады. – Әбділданікіне қалдырып кетпедің бе, науқас болса да байғұс шешесі қарайды ғой. Бағана жұмыстан келген соң кіріп шықтым, біршама тәуір екен.

Кесе-шәйнегін жай ғана сылдыратып, көңіл толқынысын көлегейлеп сөйлеген Айшаның басуынан соң Ұрқия шамалы саябырлайын деді.

Қос ана көлбеңдеп көшеге шықты. Алдарына ұмсына ұстаған ондық шамдары түн сәукелесіндей болымсыз жылтырайды. Екеуі қуыс-қуысты жағалап, арақ зауытының түбіне дейін барып қайтты. Көл суын жиектеп шет-шеттегі жыңғыл, шеңгел араларын аударыстырды. Қоңсы-қоралас әр үйдің терезе, есіктерін қағып сұрастырып шықты. "Көрмедік", "Ойбой, байғұс-ай, жоғалып кетпесін" деген жанашыр сөздерден басқа жауап болмады.

- Құдайым-ау, неден жаздым, неден жаңылдым, неден қарайтпақсың! - деп өксіп жіберді Ұрқия әбден үміті үзілген кезде.

Көкжиекті көтеріп тастап, байқалмай келіп қылаң берген таң шапағы көз жасымен бұлдырап тұр. "Ақ жан, таза жүрегіммен сұрап



алған қарағым-ау!" деп күбірлеген Ұрқия Айшаның соңынан зорға ерді.

\*\*\*

Ұйқысынан маужырап оянған Әліш бұрын-соңды көрмеген бір рахатты бар болмысымен сезді. Асты-үстінің бәрі жұмсақ, жамылған құрғақ көрпенің тап-таза жұпары тұншықтырып жібергендей. Тас төбенің өзі де айнадай ашық, жылт-жылт етеді, сәнді бөлменің жып-жылы. Өзі жатқан қабырғаны жағалай тұтылған кілемнің әдемілігіне көз тоймайды. Жарық дүниеден әлі көрмеген әдемілік нәресте көңілін кілем бетінде бар ою-өрнегімен баурады. Қарама-қарсы қабырғаға суреттер ілініпті. Сақалына белуарына түскен шалдың бейнесі өте сұсты екен. Оның қатарына бірнеше қыздың суреті рет-ретімен ілінген. Терезеге тұтылған пердеден күн сәулесі жол-жол болып шашақтанып жайылып түседі. Белгісіз біреу өлең айтып жатыр, тіпті тоқтайтын емес. Әуелі "далада айтып жатыр ма?" деп еді, жоқ екі терезенің ортасындағы қорап ішінен шығады екен дауыс.

Мұндай ғажайыптарға қызықтай қарап, өзінің қайда тап болғанын түсінбеген Әліш орнынан тұра бергенде ауыз үйден шықылықтай күлген балалардың үні естілді. Іле-шала шаштары жалбыраған бір топ қыз жүгіріп кіріп, айнала қоршап алды. Ең кішісі өзі құралпы, қарақат көздері мөлдіреп қасында тұр.

- Атың кім сенің? - деп сұрады бірі.

Әліш жауап орнынан бірінен бірі үлкен моншақтай тізілген қыздарға қарап, иығынан көтерді.

- Апам білетін шығар? - деді біреуі.

- Апам мұны туу алыстағы туыстарымыздың үйінен алып келді. Туған кезде сол жақтағы апаға тастап кетіпті, - деді ересектеуі.

- Ойдайт дерсің! - деп оған үлкендеуі көзін алайтты.

- Т-с-с, апам келе жатыр.

- Ояндың ба, көкешім, айналайын сол. Құдайдың бергеніне шүкір. Қарның ашты ма, жүр жуындырып алайын. Әй әрі тұрындар шуылдамай, немене танымай тұрсындар ма? Бұл - сендердің інілерің, өзімнен туған. Құдайдың да көзі көрмесін бе менің зарымды. Кілең шуылдақ қыз бергенше, бір ұл бер деп жалбарынғаным осы еді ғой, - деп өзін шойынжол бойынан көтеріп алған анасы жетектей жөнелді.

Осы күннен бастап ол "Құдайберген" атанды.

Бұл үйдегі апасы мен қауға сақал қара шал, жеті қыздың үлбіреген мейірімдері жұмсақ жастық, мақталы төсекке айналды. Тіпті, бұрын ойыншық атаулыдан бейхабар Құдайбергеннің көзге сүйкімді, көңілге қонымды, зырылдайтын, секектеп жүретін, шикылдайтын ойыншықтары болды. Кэмпит, пешеней деймісің, бәрі

осының аузында. Сондықтан ба, өткен уақыт сәбилік мөлдір санадан елесті түстей алыстап, тәттісі мен қызығы мол күндерге алаңдай берді.

\*\*\*

Арада екі ай өтті. Қыраулы күз төңірекке көшіп келіп, қонып жатыр. Жер бетіне жыламсырап кемпіршуақ құлады. Дүниедегі ең асылынан айрылған Ұрқияда ес жоқ. Милиция бөлімдеріне күнде барады. Ондағылар анаға жаны аши қарап, "табамыз, қайтсек те табамыз" деп жұбатады. Жұмысына да көңіл хошы соқпайды, үйде де өз-өзін қоярға жер таппайды ылғи да. Құрдым түбінде күңгірлеген үміт бар, соның үні үзілсе еңсесін көтертпейді. Аядай бөлмеде байыз таппай көше-көшені кезіп қайтады. Жықпыл-жықпыл "Шанхай" төңірегінде араламаған жер қалмады. Тіпті, дарияның жарлауыт-жағасына, оңтүстік бағыттағы құм төбелерге де жол салып қайтқан кездері болды. Кездесе кетсе, бала біткенге көз тоқтатып, Әлішіне ұқсағанының жанына жақындап барып, үңіліп қалады. Ол болмай шықса, жүрегі алқынып, өз-өзінен булығытынды шығарды. Бара-бара жақ еті суалып, көзінің айналасы шүректенді. Жүдеген жүзінен бұрынғы ақжарқындық, қажымас қайраттылық, шыдамдылық іздері жоғалуға айналды.

Сөйтіп жүргенде Рахмет те оралды-ау жұмысынан...

- Апа, бүгін айлық ала келдім, - деп сары ала, будақ-будақ қағаздарды уыстай есіктен мәз болып кірген. Рахмет анасының түрін көріп шошып кетті. Дыбыссыз өксіген ананың құшағында тұрып, ол бір жамандықтың болғанын сезді.

- Ол не, апа? Не болды?..

- Аман-есен оралдың ба? Әуелі шай-пай ішіп алшы, жүре ғой, құлыным.

Шай үстінде бар оқиғаны бастан-аяқ естіген Рахмет тыпыршып отыра алмады. Шет жағалап тістеген қара нанды қолына ұстаған күйі "қайда барасың, демалып алсаңшы" деген шешесінің сөзіне жауап қатпастан далаға шықты. Дарбаза алдында бір-ақ жұтынып, тігісі сөгілуге айналған керзі етегімен қара жерді көк желкесінен бір тепті де Кеңес досынікіне тартты.

Кеңеспен мектепте бірге оқып, кішкентайларынан етене жақын өсіп еді. Бір-бірінен жасырын сырлары да болмайтын. Кеңес адал, ақ жүрек, аңқылдақ жан-ды. Әліштің жайын ол да естіген екен.

- Былай қылсақ қайтеді, ә? - деді ол ойланып тұрып. - Бүгіннен бастап қаланың неше көшесі, қанша үйі бар - соларды таңертеңнен кешке дейін аралап, сұрастырып шығайық. Кім біледі, кешегі қырғын соғыста тұяқсыз қалғандар жеткілікті емес пе? Баласы жоқтар адасып

жүрген жерінен алып та кетуі мүмкін, немесе үйінде жасырып ұстап отырған шығар?

- Жүр!

- Кеттік!

Екеуі жүгіре жөнелді.

\*\*\*

Арада алты ай өтті. Қыс шығып, көктем туды, енді мамыр мерекесі. Ауладағы көршілердің бәрі бүгінгі мейрамның салтанатты сәнімен мәз. Ділдабек пен Әбділда, Әбдір мен Ошақбайлар мейрам шеруіне қатысып келіп, Қатиранікіне жиналып жатыр. Бүгінгі қызықты атап өтпек.

Олардың жүріс-тұрысына терезеден қарап отырған Рахмет екі аптадан бері төсек тартып жатқан анасына жаутандайды.

- Апа, далаға алып шығайын ба, күн жылы екен.

- Жоқ, қарғам, онан да өзің шығып, бой жазып келсеңші, үйде отыра бермей. Мына қапастан үнжырғаң түсіп кетер. Немесе Кеңеске барып, мейрам қызығын бірге көріңдер.

- Кеше Кеңес соғам деген. Екеуіміз алған жерімізге барып, там салатын жаңа қоныстың орнын көріп қайтатын болғанбыз.

- Көре келіңдер... Құдай аман қылып, Әлішім табылып, аяғыма тұрсам, жаңа жерден зәулім қылып үй соғып аламыз.

- Апа, сосын келіншек аламын. Әліштің жеңгесі болады.

- Құдай-ау, көкем, сен алмай кім алады, келіншек? Арманыңа жет! Ел аман, жұрт тыныш болса, жетерміз біз де.

Ана мен бала армандады жоспарларын болашақ өрісіне жалғап отырғанда есік тықылдады. Манадан тағатсыздана күткен Рахмет тұра ұмтылғанда жарқылдай енген Кеңеспен соқтығысып қала жаздады.

- Сәлем бердік, апа! - деп ол осы келісімен тар үйдің ішін қоңыр дауысқа бөледі.

- Саламат бол, шырағым, төрлет. Кеңеске көрпе сал.

- Рахмет, апа. Ал, енді сүйіншіңді дайындай бер!

Ұрқия төсек үстінен әлсіз түрегеліп, тікесінен отырды. Жан-жағын қымтап, көрпешені сыйпалап, саусақтары дірілдей береді. Көзін Кеңестен алмаған күйі оған үлкен үмітпен қарап, ұзақ талмаусырап, енді-енді жанданып келе жатқан пендедей жүрек тұсы ысып, кеудесіне ерекше бір жылу ене бастаған секілді. Бетіне қан жүгіріп, жарасымды еріндері күлімдегендей белгі берді. Жаңа ғана нұрсыз қалғандай қос жанарға терезеден түскен өлмеші сәуле от бергендей. Жас та болса адам көңіліне қарап өскен Кеңес зерделі бала еді, ана өңіндегі өзгерісті байқап қалып:

- Сабыр етіңіз, түріңіз қашып кетті ғой, - деді басу айтып. - Бүкіл мектеп мейрам жүрісіне қатысқан соң, "Найманский" жақта тұратын қыздарды шығарып салғанбыз. Сол арада бір үйдің тұсынан өте беріп, есігінің алдында ойнап отырған топ баланың ортасынан Әлішті көрдім. Айнымаған өзі. Сенесіз бе, өзі деймін. Жүгіріп барып шақырсам, айналасындағы үш-төрт қыз ала қашып, қораларына кірді де, дарбазаларын даңғыр еткізіп тарс жапқаны ғой. Зәуле-ем, жаңадан соққан әдемі үй екен, терезелерін қағып әрі-бері тұрып едім, ешкім шықпады. Сосын жүгіріп осында келе жатқан бетім.

- Қарағым-ау, жаным-ау, тірі екен ғой! Анық сол ма?

- Мен Әлішті білемін ғой, апа. Нақ өзі.

Ана жер тіреп тұруға айналды.

- Үбай жаным! Тұрайын тіріліп. Мен неге ауырамын бекер екен-ау мұным. Рахметжан-ау, киін. Менің шапанымды алып бер! Әлішжанның киімдерін жинастыр! Киімі бар ма екен үстінде?

- О-о, шекарни! Тап-таза қуыршақ секілді. - Ұрқия Кеңесті баурына тартып құшақтап сүйді. Екі иығы селкілдеп өкси бастады.

- Қойшы апа, қамыға бермей. Денсаулығыңызды құртып...

Ұрқия Кеңес пен Рахметті зерлей ауыр күрсініп, белін буды. Іркес-тіркес тысқа шықты. Есік алдында Ошақбайдың жалғыз талы тербетіліп тұр екен. Ол да Ұрқияның қуанышын бөліскендей жапырағын сабалап, желкілдей бастады.

\*\*\*

Үшеуі биік дарбазаның алдына жеткенде күн кешкіруге айналған-ды. Дарбаза есігін үрпие ашқан қыз бала бұларға таңырқай қарап, танымаған кеіппен алға өткізе берді. Үшеуінің де "кім, кімнің үйі?" дегендей жөн сұрау қаперіне кірмепті. Алдында - Ұрқия, артында шапаны салақтаған - Рахмет, ортада - Кеңес ішке ұмтылды. Жалақ-жұлақ еткен итке де назар салмапты. Өзінен батыл жандарды көргесін қаймықты ма, әйтеуір түсі суық сұр ит қарғыбауын сүйретіп ыға берді.

- Кімсіңдер, қарақтарым? - деді есік алдында ұшырасқан бейтаныс әйел.

- Әуелі үйіңе кіргіз, - деді Ұрқия қатқылдау сөйлеп. - Жоқ іздеген жандармыз.

- Нелерің жоғалып еді?

Бейтаныс әйелдің түсі бұзылып сала берді... "Жоқ іздеген жандармыз" дегеннен-ақ "құдайдан сұрап алған тайтұяқ Құдайбергенінен амалсыз айыратынын білді. Ішінен "өзіңнен шықпаған өзегіңе татымайды" деген. Осы сәтті күн сайын күтіп,іздеген жан бір келерін біліп жүрген әйел байғұс дауыс салды.

- Шал-ау, қайдасың? Не дейді мыналар?.. Қағанағы қарқ жанның да бар арманы ұлмен бітер ме екен, сірә. Құдай мұны да көп көрді бізге. Жаратқаннан алмағанды адамнан алармын ба мен байғұс. Тоқтаңдар, үйге кірмейсіндер. - Әйел бұларға айбарақ жасай бастады. Қолынан келсе қуып жібергісі бар. Айлар бойы әлдилеп, күтіп-баптап қара шалдың ізбасары, қара шаңырақтың егесі тұтып жүрген баласын тартып әкетпекші болғандармен шайқасып қалмақ. Сөйте тұра көзі қарауытып, алды тұманданғандай болды. Бір сәт ішке ентелей еніп бара жатқан Ұрқияны жеңінен тартып қалды.

- Шырағым-ау, ең болмаса жөнінді айтсайшы.

Бөгде дауысқа Ұрқия жалт қараған, қалталы жүзіне моншақ-моншақ жас іркілген ақ сақалды қара шал ту сыртынан келіп тұр.

- Жөніміз бала іздеген еді, аға, - деді енді Ұрқия отағасыдан айбынып сөйлеп. - Біз де жарып жүрген жоқпыз. Екі жарты бір бүтін дегендей едік... Бала жоғалып кетіп...

- Сырттан келген бала тұра ма, Құдайберген бір ұл, жеті қызымыз бар, бәрі - өзіміздікі.

"Құдайберген бір ұл" деген кезде шалдың үні қалтырап шықты.

- Ендеше сол құдай берген баланың түрін көрейікші! - Айлар бойы күйік кемірген Ұрқия даусы ащы шықты. Үй иелері пәлендей қарсылық көрсете алмай, кейін ысырылып жол берді.

Әліш бұл кезде алдындағы ойыншықтардың бірін гуілдетіп, бірін зырылдатып ойнап отырған. Қасында екі қыз бар, бірі Әліштің ойнағанын қызықтап, екіншісін қуыршаққа арналған кішкене киім тігіп отыр. Ауыз үйдегі дауыстарды ол анық естіді. Естіді де ерекше жылы. бар болмысымен магниттей тартқан біріне құлағын тосты. Өте таныс дауыс сияқты.

Осы дауысты өмірге келіп, көзін ашқалы әлем кеңістігінен бірінші рет естігені еміс-еміс есіне түсті. Сол уақыттан бері осы дауыс аяғынан тік тұрғызып аялаған. Әлем қауызын ашқызған, аяқ-қолын ауада емін-еркін сермейтіндей күш-қуат берген. Тәй-тәй қадам бастырып, биікке көтерген. Тәттінің дәмін, ащының тұзын аузына салып, әлдилеп таңғажайып тыныштыққа бөлеген. Көк айдын аспан астында күн көзіне тосып, бірге күлімдеген. Жүзін желге қақтырмай жанына сая болған.

Осының бәрі сәбидің мөлдір санасында сомданып, дауыстың кімдікі екенін танып, сыртқа қарай тұра ұмтылған да, Әліштің алдынан есікті айқара ашып кіріп келген ана бейнесі сол өзі танитын қалпында жарқ ете қалды. Ол "мама" деген сөзді ышқына айтып, тура анасының қойнына сүңгіді.

- Жаным, жаным, - дей берді Ұрқия. - Тірі пенде табылады екен ғой. Шүкір құдайға.

Өкініш өзегін өртесе де бір-бірін тапқан ана мен балаға қарап тұрып: "айналайындар-ай, алайық деген жоқ едік, бір ұлға қолымыз жеттіме деп едік" деген шал еңкілдеп жылап жіберді:

Сол арада мауқы басылмастан Ұрқия Әліштің тұла бойына зер салды. Мұнтаздай таза, жамаусыз, киімдері құйған қорғасындай шапшақ жарасып-ақ тұр. Қоңырқай жүзі ақшыл тартуға айналыпты. Қарақаттай көздері күлім қағады. Бар пошымы - құдды қуыршақ. Өзі осы тұрғанла айнала қоршаған жандарға мақтана қарап қодия ма, қалай? Әйтеуір мез.

- Айналдым, көкем, - деп Ұрқия тебіреніп кетті. - Сен жоғалғанда нендей жаманшылық ойда болмады десеңші. Жаман қолға түспеген екенсің. Алдымен мына әке-шешеңе рахмет. Көп болса екі үйге ортақ боларсың. Құйрығың майлы болса анаң ұл туар. Ол саған іні болады. Құдайым соған жеткізгей.

\*\*\*

Сол күні Қызылорда қаласындағы екі отбасында қисапсыз жас төгілді. Бірі - қуаныштан, екіншісі бауыр басқан баласынан айрылған шаңырақта қайғы мен қасіреттен еді. Ал іркес-тіркес адамдар арасымен аула табалдырығын аттаған Әліштің көзіне Ошакбайдың үйі алдындағы жалғыз ағаш оттай басылған еді.

## МЕНИҢ СҮЙІКТІ АЛЬБИНАМ

Бір аптаның көлемінде училищенің көмекке келген курсант қыздарына кәдімгідей-ақ үйренісіп кеттік. Жеті күннің ішінде бір-ақ рет төбесін көрсеткен Мұратқан бәрімізді дұрыстап тұрып таныстырды. Етжеңділеу келген, дауыстап сөйлейтін қара торы қыздың аты Сапаркүл де, жанындағы әдеміше ақшыл сары қыздың есімі Альбина екен. Мұндай атты бірінші рет естіп тұрсам да құлағыма жағымды естілді. Тек, бұл сөзге судан жеріген аттай бірінші пысқырған Мұратқанның өзі болды.

- Түһ, қандай жақсы қызға... - Арғы жағын айта алмағандай аузын қолымен басты. - Ай, қазақтар-ай, - дейді өзі көктен түскендей болып. - Не болса, соған сақсындар-ау... Хи... хи... ха... ха... Мұратқан сірә, өз баласының азан шақырып қойған аты Терлікбай екендігін ұмытқан болса керек, тамағы қырылдап қоятын емес. Көзі дөңгеленіп бара жатқан Альбина жалт бұрылып, теріс айналып кетті.

Осыдан қайтып Мұратқанды мен де, қыздар да көрген емеспіз, баяғы бәз қалпымызда жүріп жатырмыз. Тракторшысының бар болғаны жетінші класта оқитын менмін. Арақтан аузы босамай

жүрген Мұратқанға қой деп айтатын Есенқұл ма, есесі кеткендей қосыла ішеді. Абырой болғанда механизмнің бәрі жаңа болар ма, тоқтаусыз жүріп жатырмыз. Бүгін де күн астында қақталып ұнжырғам түсіп келе жатқанда қия белден асып түсісімен жауқазын гүлдердің арасынан бір-ақ шықтық. Қызғалдақ-сарғалдақтары қатар өскен жазира төсі жайнап-ақ тұр екен. Ертелі қалғып-мүлгіп косилкаға мініп келе жатқан Боранбайға да жан кіріпті, маған "тоқтайық" деп қолымен ишарат береді. Тракторды тұрғыза салып, гүлді өңірге қарай тартып бара жатырмыз. Даланың алқызыл гүлдері екеумізден артылмайтындай Боранбай екеуміз басымыз түйісе, таласа теріп жатырмыз. Құшағымды толтырысымен Альбинаға гүл сыйламақ ойым да бар, мұнымнан ептеп өзім де қысыламын. "Жап-жас болып қызға гүл беріп жүр" деген әңгіме шықса маскара ғой. Бірақ, мен ұялғанмен Боранбай ұялмайды, онан да өзімнің бергенім жақсы.

Қасымызға келген екі қыз біздің емпеңдей жүгірген түрлерімізге таңырқай қарап тұрып қалыпты. Сәлден соң Альбина аяғының астынан екі сабақ гүлді үзіп алды. Көзіне тақай қызыға қарап, еппен иіскеп қояды. Біздің қолымыздағы көп гүлге қарағанда ең жарасымдысы екі түп сарғалдақ сияқты болып көрінді маған.

- Болар енді, - деді енді бізге қарай тұрып, - осыншама гүлдерді қайтесіңдер, обалы бар.

- Бәрібір шашпаймыз ба, - дейді мұрнының астынан міңгірлеп, Боранбайдыкі де рас, күні ертең бұл арада ештеңе де қалмайды. Шабындық ортасындағы шөптің бәрін қыршып алысымен көбенге бастырады. Дегенмен сезімтал қыз жүрегі гүлдердің бір күндік ғұмыры үшін де арашашы болғысы келеді.

Мұнан әрі ештеңеге зауқым соқпай Боранбайдың алдын орап қолымдағы гүл шоғын Альбинаға әкеліп бердім. "Рахмет" деді көзінде елжірей қараушылықтың белгісі бар қыз, онысы маған ба, әлде менің қолымдағы гүлге бағышталды ма, беймағұлым. Балағына сүрініп жаңа жеткен Боранбайдың қолындағы гүл шоғын Сапаркүл құрмет күтпестен жұлып алды. Менің бала да болсам басқа қызға ізет көрсетуім шамына тиген болса керек. Алғыс айтпағанына ренжіп жатқан Боранбай да жоқ, құм болған қолын шапаттап қағып-қағып жіберіп, шалбарына сүртті де косилкаға қарай жүре берді.

Күн өткен сайын қыздармен таныстығымыз арта түскенмен Боранбай мен Алмат сияқты оларға етене жақындаса алмадым. Менің кішкене көкірегімнен тепсініп шыққан беймағұлым сезім алдымда тұрған үлкен тосқауыл сияқты болып көрінді. Кешке жұмыстан да бірге қайтамыз. Аядай трактордың ішінде әрқайсысымыздың қалыптасып қалған орындарымыз бар. Менің сол жағымда Альбина, онан әрі Сапаркүл, сосын тығылысып барып Алмат отырады. Тағы да

орын жетпей кабинаға әрең сыйып, бізге қарсы қарап тізесіне сүйеніп тұратын сол Боранбай.

Жаздың ұзақ күнінде қою қараңғылықты жамылып барып, ауылға ымырт түсе жетеміз. Сонда да шаршаған емеспіз. Май бөшкенің белдемше темірін дөңгелетіп ойнаймыз, онан қала берді, не көп, осы ауылда бойдақ жігіт көп, солармен бірге кешкілік қамыс қосқа барамыз. Олардың жалғыз ғана мақсаты қыздармен көңіл көтеру. Ең бірінші, қасына Серікті ерітіп Әкбар барады. Әкбар сөзге ұста, қылтындап күліп, домбыра тартуға шебер-ақ. Оның үстіне әскерден жаңа ғана оралған жігіт біздің ауылдың дәстүрінде жоқ кейбір мәдениеттің түрлерін біледі.

Жиынның қызған сәтінде біз де барамыз. Біз дейтінім өзім сияқты жас балалар. Бұл жолы Боранбай үлкендердің тобына ілесіп, кәдімгі "Қас пен дос" деген ойынға қатысады, бірақ ешкімнің Боранбайды қалап алып жатқанын көзім көрген емес. Сөйтсе де ол байғұс қыздардың қарасына мәз. Анда-санда білте шамның жарығына тісі жылтырап күліп отырғанын көреміз.

Қостың бұрышына таман Альбина отырды. Менің келісімді бірден байқап қалып, босаға жаққа жымия көз тастайды. Іші-бауырым жылып қоя береді. "Осыншама адамның арасынан мені аңғарып қалуы тегін емес қой. - Әйтпесе Сапаркүлдің көзін не шел басып отыр көретін болса". Байқауымша бәрінің де назары Альбинаға көбірек ауа беретін сияқты. Бір ауыз сөз айтуға шамасы келмейтін Серікке дейін бозара көз салып, ернін жалап қояды. Ең қызығы осы ауылдың ежелден келе жатқан сұр бойдағы Қолқанат.

Осындай бір қызықты кештің үстінде Альбина жанындағы бостау орынды көрсетіп "отыр" дегендей ым жасады. Ертелі өз-өзімнен іштей қысылып тұрған мен мұнан әрі шыдап тұра алмадым. Жұлдызы жауған жаздың тынық түнді даласына жүгіріп шығып, көкірегімді кере дем алдым. Жаңа ғана жанына отырудан тайсақтап қашып шыққан Альбинаның нұрлы бейнесі көз алдымнан бір кететін емес. Көгілдір көздерінде мейірімділіктің ерекше шуағы бар. Бір ауыз сөзіне бола жүрегім алқынып, өз-өзімнен бүлініп жүрмін... Бұл тегін айтылған сөз емес. "Айналайын" деген сөздің де кейде астарында жатқан салқындығын сезіп қаламыз. Альбина мені жанындай жақсы көруі мүмкін... Әбден мүмкін... Денем тоназып дір ете қалды. Сәл-пілден соң артымнан енгізіп Нұрбек те келді. Кешкілік ойнаған дөңгелегін отырыспаға ала барған екен, сәнденген адамдай білегіне шылдыратып іліп алыпты.

- Жаңағы қыз сені неге шақырды, - дейді менің арғы жағымда қобалжып.

- Білмеймін, - деймін ішімдегі сырды өзімше бүгіп, - жай отырсын дегені шығар.



Бір айтқанға алданып қалар Нұрбек пе, бетіңнен көзін айырмай, локатордай болған қос құлағын төсеп, тағы бірдеңені сұрайды.

- Осы қыз сенің косилкада емес пе...

Ойпырмай жеті түнде қай құдай қыштап тұр екен, қиыла сұрауын көрмейсің бе. Онан да тып-тыныш үйіне барып жатпай ма екен.

- Иә, - дедім бұл жолы жалтара алмай. Бұл жолы оның өзі де тереңнен күрсініп ойланып кетті. Тұңғыш рет қасымда жүрген "Қалқан құлақтың" не ойлағанын тап басып, таба алмай тұрмын, оның да өзгеге жұмбақ құпиясының пайда бола бастағаны ғой. Мүмкін Альбинаны ол да сүйетін шығар. Қатарласа қонған қос үйге таянып келгенде ғана жаймен:

- Әдемі қыз, ә... - деді.

Пішеншілер шөптің артын шөмелеп болмастан біздің ауыл ескі жұртын тастап, "Қыздың белгісіне" қарай көше бастады. Косилкаларын қаңтарып алған трактор агрегаттары көлден қайтқан қаздар сияқты мамырлай басып, жаңа қонысқа қарай бет түзейді. Жүрдек тракторлармен көшетін ағаш үйдің сүйектері сәл кешеуілдеп көтеріледі.

Бүгін де сол баяғы "ДТ"-ның ішінде мойным қылқиып мен отырмын. Мұратқан ауылдың малын айдап артымыздан келмекші. Қасыма көмекші есебінде Сапаркүл мен Альбинаны қосқан еді, кейінгі кездері қабағымыз жараспай жүрген Сапаркүл кабина ішінде тоңған торғайдай болып отырған кейпіме ернін шиыра қарап: "Мен көшпен барамын" деп жүре берді. Боранбай болса осы ауыл сол үшін көшетін сияқты жұрттың жүгін тиеп жүр.

Таңертеңгі салқыннан бүрісе шыққан Альбина үстіндегі фуфайкасын қаусыра жамылып, жаныма келіп отырды. Бізден бұрынғы трактористер таң қылаң бергеннен аттанып кеткен. "Әйтеуір жетерміз" деймін іштей. Қарғаның қара тұяғындай болып май сіңген қолдарым мен шидей білектерім азанғы қоңыр салқыннан құс еттеніп кетіпті. Сырттай қарап отырған Альбинаның мейірімі түсіп аяуы да мүмкін, бірақ, менің осы сәттегі қиялымның қай жерде жүргенін біле ме екен.

Ауылдан бірқауым жер ұзап шығысымен бұрыннан трактор айдауға құмартып жүрген Альбина қиыла қарап: - Шамалы жерге дейін мен жүргізейін, - деді. Бұрын бір Боранбайға рульдің еркін беремін деп аузымның күйгені бар еді. Қалың құмшыққа қиялай салып көзімізді бір бақырайтқан. Абырой болғанда мотор сөніп қалып аман қалғанбыз. Енді міне қыз көңілін қалдырудың ретін таппай отырмын. Күні ертең тракторшының куәлігін алғалы тұрған Альбинаға сенбегенде кімге сенемін. Кім айдамай жатқан трактор...

Орнымды ауыстырып бере қойдым. Жылдамдыққа салып берсе бәрі бір емес пе, көнбісті көк өгіздей қыңқ етпестен тартып бара жатыр. Қыз жүрегiнiң қуанышын алабұртқан өңiнен-ақ бiлiп отырмын. Осындай аяулы жандарға өзiмнiң адамгершiлiгiммен бақыт сыйлаған менiң ендi ғана масайрай берген шағым едi, трактордың төменгi жағы күрт ете түстi.

- Ойбай, тоқтат, - дегенiмше де бiршама жерге жылжып кеттiк. Абдырап қалған Альбина тежегiштi емес, басқа бiр тегершiктердi басып тұр. Бар болғаны ұмтылып барып сөндiруге ғана шамам келдi. Сөйткенше трактор да қисайып барып тұра қалды. Жерге секiрiп түскен менiң иманым тас-төбемнен шықты. Көбесiнен сөгiлген шынжыр табан шұбатылып артында жатыр.

- Ендi оңдала ма? - дедi менiң арғы жағымда қатты қорыққан Альбина қасыма таяп келiп. Бет-жүзi әп сәтте әлем тапырық болып кетiптi, көзiне үрей, жаңа ғана жып-жинақы тұрған сарғыш шаштары қобырап тұр.

- Оңдалады, - дедiм мен шегелей сөйлеп, iшiмдегi сенiмсiздiктi бiлдiргiм келмей, - тек шамалы көмектер керек. Көтеретiн құрал да жоқ. Болмаса өзiмiз де әурелер едiк.

- Ендi не iстеймiз, - Альбинаның жүрегi басылған сияқты. Добалдай темiрлердi қолымен ұстап көрiп жүр.

- Ендi күтеміз. Қазiр көш келуi мүмкiн. Ондаймыз деп босқа арамтер болғанша трактордың көлеңкесiнде дамылдай тұрайық.

Альбина бұған келiскендiктiң белгiсi есебiнде қадам жерге фуфайкасын жайып жайғасты. Қарап отырғанша деп трактордың бөлшектерiнiң атын сұрай бастаймын. "Анау не, мынау не" деген құйтырқы сұрақтарымның бiрiне жауап берiп, екiншiсiне мүдiрiп қалады. Мұндайда өзiм айтып жiберем де "көрдiң бе, мен оқымай-ақ бiлемiн" дегендей мәз боламын. Осылай отырып көкейiмде көптен жүрген ойымды айтып салдым.

- Альбина трактордың оқуына неге түстiң?

- Түссе несi бар? - дейдi әзiл-шыны аралас.

- Май-май боп жүрген саған жараспайды, - деп өзiмнiң май сiңген шидей бiлектерiме қараймын.

- Ендi кiмге жарасады, - Көзiнде қызығушылықтың белгiсi бар, маған қарап емiнiп тұр.

- Сапаркүлге...

- Ха-ха-ха...

Өзiм көргелi Альбинаның бұл бiр рахаттанып тұрып күлуi шығар, тоқтайтын емес. Не дегенмен бұрын әдетiнде жоқ бұл күлкi өзiме қатты ұнап қалды. Ақ көңiлiнен шыққан таза дауыс саф алтынның сыңғыры сияқты. Бiрқауым уақыттан кейiн барып әрең тиылған Альбина жасты жанарын маған аударып байсалдана түстi.

- Неге олай дейсің Құрмаш, ең бастысы еңбек етуді сүю керек, сосын өзің ұнатқан мамандықтың бәрі жақсы. Мысалы, өзің кім болғың келеді.

- Журналист боламын, - деп тақ еткіздім.

- Солай, журналисім, "Кімде-кім мамандықы кемсінсе ол өзінің кемдігі" деген ұлағатты сөзді оқығаным бар еді.

Артымыздан әзір келер көштің сыңайы байқалмайды. Бір-екі қыр басына шыққаныммен көзіме шалынған ештеңе бола қоймады. Күн көтерілген сайын қуырыла түсіп, Альбина екеуміз бір-бірімізге жақындасып отырдық. Альбинадан атың қалай қойылған деп сұраймын, жауабына иығын көтереді, орысшаны қалай үйрендің деймін. Альбинаның туған жері Астрахань қаласы болып шықты. Біздің аудан орталығындағы апасының қолына келіп, училищеде оқып жатыр екен. Осы мамандықты шынымен ұнататын сияқты. Оқу бітірісімен темір тұлпардың тізгінін ұстағысы келеді. "Осының қай жағына қызығады" деп ойладым, алдымда сұлап жатқан алпамсадай тракторға мұңая қарап.

Талма түске таянған кезде Альбина шөлдедім деді. Бағана алаңғасарланып жүріп шалап ала шығуды ұмытып кеткен екенмін, өзімнің де су ішкім келіп қаталап отырмын. Осы сәтте таяқ тастам жердегі табандыққа көзім түсіп қуанып кеттім.

- Дабай, құдық қазамыз...

- Қалай, қайдан, - деді таң қалған Альбина.

- Түк емес, шалғының тістері де жетіп жатыр. Анау метектің арасынан қол басындай жерден су шыға келеді.

Қолымызға бір-бірден шалғы тістерін ұстаған Альбина екеуміз шөкімдей жерді айналдыра шұқып жатырмыз. Екеуміз қатар еңкейген кезде жып-жылы иықтары мен жұпар иісті шаштарына жанаса, тиіп өтемін.

Табандықтың суы әдетте тайыз жерден шығады емес пе, иыққа жетер-жетпестен асты қорпылдай бастады. Саусағым ұшы суға тиісімен айқайлап жібердім.

- Ура, ур-ра, су, су шықты. Міне, қарашы. Бұған Альбина менен бетер қуанды. Мұндай оңай жерден кішкене құдық қазып ала қоямын деп өз ойыма сенбеп едім, мінеки, қара көлеңкеде мөлтілдеп маржан сулар өніп жатыр.

- Ура! - деді мені құшақтай алған Альбина айнала билеп, алғашында ілесе кетсем де қыздың құшағында жүргенім есіме түсіп қалт тұра қалдым. Бетімнің оты шыққан болуы керек, қысылғанымды біле қойған Альбина басымды сипай тұрып кеудесіне басты. Көкірегімді кернеген бақыттылық сезімі мен ұяттан не істерімді білмей абдырап тұрмын. Құлақ тұсымдағы жып-жылы ұлпадай омырауының арғы жағында лүпілдеп жүрегі соғып тұр. Енді мен

мұндай тәтті де қымбатты сәттің ұзаққа созылуынан қорықтым. Тездетіп Альбинаның маңынан кеткім келді, бір тапқан айлам "ыдыс ала келейін" дедім.

- Бара ғой, - деді мені аяғандай болған Альбина құлаққа жағымды майда үнімен. - Машина гүрілі естіле ме? Шынында да дыбыс бар екен. Мен тракторға барамын дегенше қыр басынан Мираштың алқа-салқасы шыққан "Урал ЗИС-і" де көрінді. Қорапшасында текшелеп тиеген жүгі бар. Жүк үстінде басына қызыл орамал байлаған бір келіншек отыр. Бұл кім екен деп қолымды көлегейлеп қарап жүрсем, ешкім де емес... Сапаркүл болып шықты.

Жаңа қонысқа барғансын не бәрі үш-ақ күндей ғана жұмысқа бірге шықтық. Көмекке келген училище курсанттарының уақыты бітті. Басқалар сияқты мен де машина үстіндегі Альбинамен қолдасып қоштастым. Өмірі ауылдан бұзылып шықпайтын Мираштың ескі машинасы жолдың ақ шаңын бұрқ еткізіп, әп-сәтте көзден ғайып болды. "Мүмкін қалаға барғанда кездесермін" деп ойладым іштей. Ертеңіне шабындық басына бәрінен бұрын бардым. Сірәсі, сырт көзден тасаланып тұрып, Альбина ұстаған заттарға қарап, құлазыған көңіліме сүйеніш іздеген болуым керек. Ойлағанымдай қыз қимылының бәрі жүрегімде жатталып қалыпты.

Арада қаншама жылдар өтті... Жүрегіме жазылған осы бір есім ақ жаңбырлар шайып, апша қарлар көміп тастағандай көмескіленген. Бірде апамның ескі әбдіресін ақтарып отырып, көзіме оттай басылған көк мұқабалы дәптерімді тауып алдым. Бірінші бетке әлі күнге дейін түзелмеген қисық әріптермен "Менің сүйікті Альбинам" деп хатты бастаппын да, тастаппын. Келесі күні "жұмысқа шық" деп Есенқұл кіріп келгенмен "ауырып жатырмын" деп өтірік айттым. Ауырған адамға не істеуші еді, сипалақтап әкеме қарап тұрып, үндей қоймағансын шығып кетті. Денім сау болғанмен, күндегі жұмыстың ауырлығы мен Альбина тастап кеткен беймағұлым сезім салмағына менің бала жүрегім шыдам бере алмады.

Жұрт жұмысқа кеткесін сәскеде төсегімнен тұрып кереге көзіндегі осы дәптерді алып хат жаза бастадым. Үш ауыз сөзден әрі қарай не жазарымды білмей жұрт көзінен тасалап қоржынға тыға салдым.

Қолыма жоғалмай жеткен бұл дәптердің ішіндегі әріптер көмескі тартқанмен, көңілімде бәрі сайрап тұр екен. Бірақ, Альбинаның қазіргі бейнесін көз алдыма елестетуге қаншама тырысқанмен ештеңе шықпады, өйткені мен оны сол кеткеннен қайтып көрмеп едім.

## ТІЛЕКТЕС ТІЛСІЗ ПЕРІШТЕЛЕР

Қою қараңғылықтың көбесі енді ғана сөгіліп, боз ала таңның ақ сүттей ұйып келе жатқан өлі арасында қалаға келіп түскен Сұлтанның бар сүйенгені - қолындағы тілдей қағазы. Ондағы жазуды оқу үшін шұқшиып үңіліп жатудың қажеті жоқ, самаладай самсаған неон шамдары қараңғылық қанатын кейін серпіп, вокзалды дәп бір күндізгідей жарқыратып тұр. Бір сәт көзін көк жүзіне салып еді, қара суға қаймақ қатқандай болып тұратын аспан төсіндегі құс жолдары жоғалған екен. Көк жиектен рауандап ататын дала таңындай болмағасын, бозамықтанып басталатын бұл қаланың ертеңгілігіне жігіт көңілі толыққырамай қалды.

Сапырылысқан халықтың ортасымен ескексіз қайықтай жағалаулатып жүріп вокзалдың сыртына шықты. Мұнда да кіріп шығып жатқан көпшілік екен. "Боз торғай шырылдамастан шырт ұйқыларынан оянып, екпіндеп жүрген ел ғой" тілдесуге ыңғайлылау адам іздеп тұрған. Сондайдан да телефон будкасының жанында елден ерекшеленіп шығып, есінеп тұрған егделеу кісінің жанына барды. Адресіті оқып алғаннан кейін: "Метроға түс, сосын бәленбай вокзалдан отырып, түгенбай вокзалға бар, онан олай, сосын былай" деп басын қатырғаны соншалық, қаншама нәрсенің аты миында мильғып кетті. "Жаңағы кісі әңгімесін метродан бастап еді ғой" деген жобамен жұртшылықтың легіне ілесіп отырып, "Москва вокзалынан" бір-ақ шықты.

Ертелі көздің қарашығындай әрі-бері жүгіріп, сілесі әбден қатқан жігіт әрең дегенде неден салынғаны белгісіз сұрғылт түсті Грибоедов каналындағы 126 үйді тауып алды.

Ауызғы столда отырған кезекші кемпір таңғы асын тамамдап қалған екен, мұны көрісімен газет дастарқанын жиып-теріп тартпасына салды да:

- Қайдан келдің? - деді.

- Арбалыдан...

Бұл жерді бұрыннан білетін адамдай "Қай жақтағы жер деп сұрамады, фамилиясының тұсына "Келді" деп белгі қойды. Кемпір көзілдірігін алып, бетіне бажайлап қарап маужырағандай сәл-пәл отырды да, "Орын беруге болады екен" дегендей қадам жердегі он екінші бөлменің есігін ашты. Қажыған адамның қалпымен қолындағы портфелін еденге ықылассыздау тарс еткізгенде, қыбыр етпестен ұйықтап жатқан үшеудің біреуі басын көтеріп алды да, тіл қатпастан қайтадан жата кетті. Терезеден себездеп түскен таң жарығы бұрын өзі естіп жүрген полярдың аппақ түніндей әсер қалдырып тұр. Сұлтанның ақын жүрегіне аядай бөлменің ішінде ақ түлкі ойнап жүргендей болды. Көруге көптен құмартып жүрген қаласына келгеніне деген ризашылық жан жүйесін енді ғана баураған сияқты, бойы балбырап

ұйқысы келді. Портфель ішін жатын киімдерін іздеп суыртпақтай бергенде, жылы көйлекке ораулы бір сомдық тиындар сау ете қалды. Бастағы бағыттары басқа жақ болғанмен, "байқамастық" болған екен" дегендей айналып келіп, аяғының астына құлап жатыр. Күміс сөлкебайларды көрген кезде жігіттің кеудесін сағыныш толқындары көміп кеткендей болды.

Арбалыдан жүрер кезде жол ақшасы мен майда-шүйде керек-ау деген заттарын қалта, портфеліне мұқияттап салғаннан кейін, саудыраған алты сомды әйеліне қайтып берген.

- Алмаймын, - деді Сәлима. - Таныс емес жер ғой, қалтаңа сала кет, тарығып қаларсың, не таксиге мінерсің.

- Ал, - деді Сұлтан да қасарысып, - маған қалғандары да жетеді.

- Ертең айлықтың күні. Сен жоқта қонақ келер дейсің бе, неме жетпей жатыр, сен ал.

Ақыр соңында келіскендей болған келіншегі шылдыратып жинап алып, бір жерге қойып жатқандай болып еді, қыбын тауып көйлегіне қоса орап жіберіпті. Үйден шыққанына толығынан үш күн толмаса да сонау шалғайда артынан елегізіп қалған әйелін, оның мейірбан жүрегі мен ұрланып жүріп жасаған осы жолғы қамқорлығына қатты тебіреніп кетті.

Білім көтеруге келгендерден он екінші бөлмеге жатқандары бірыңғай қазақстандықтар екен. Сәскелікке таман жерлестерінің ішіндегі ояңғаны - мосқалдауы болды. Онда да:

- Жігітім, ұйқың мол екен, жарайсың, - деп күледі. Бірінші тілдескен адамына не дерін білмей әуелі абдырап қалған жігіт үнсіз қалуды жөн деп санамады.

- Сіз де сергек екенсіз, ақсақал, түнде басыңызды бір көтеріп сәлемдесуге мұрсатыңыз келмеді ғой...

- О-о, қарай гөр мынаны, - дейді шал жан-жағындағыларға күле қарап, - Қараңдар... Қазіргі балалар бар ғой бір сөз айтсаң екі сөз жауап қатады, ал саудаласып көріндерші былайынша деймін-ау, мандайыңды қыршып алудан тайынбайды бұл жарықтықтар. Ал біраз жерден оралған шығармыз, енді танысып қояйық, - деп Сұлтанның тұқым, зәузатына дейін түбіршіктеп сұрап алды. - Менің аты-жөнім Ермолаев Иван Николаевич, Орал облысынанмын, - деп өзі туралы да айтты.

Иван Николаевичтен төменірек орналасқан Хальзов Владимир екен.

Оқу ертеңіне-ақ басталып кетті. Бес-алы күннің ішінде қаншама нәрселер айтылып, курстің биік кафедрасынан талай профессорлар әр түрлі тақырыптағы лекцияларын оқып жатыр.

Үлкен-үлкен оқу залдары мен жатақхана бөлмелерінен тұратын курс үйінің төменгі жағында қала аралық байланыс бөлімі бар. Келгеніне апта өткен Сұлтан Арбалымен сөйлесіп, отбасының амандығын білуге төменге түскен. Кабина терезесіне "Телефон-автомат" деп жазылған әрбір әріптегі шек-шектел салынған әшекейге қарап уақытын өткізіп тұрғанда, әйнектің арғы бетіндегі түн түнегінен көрінген жұлдыздардай қос жанарды аңғармапты. Аңғармапты... Бұған қарап күлімсіреп тұр. Жо-оқ, бұған емес, сөйлескен адамына болар, бірденені қаймақтай еріндерінің ұшымен айтқандай болады да күледі... Қанша күле берсін, қыздың екі көзі өзі жақта екенін сезген жігіт те, бағанағы алғашқы ентелей қарағанындай болмай сабырлылық байқатып, пенделігі ұстап қалды. Қара көлеңке кабина ішінде қыздың ақшыл болып көрініп, шашы сарғыш тартып тұрғанмен, қолға ұстап көрсеткісіз бет бейнесіндегі белгілерден қазақ екендігін айтпаса да сезіп тұр.

"Сірә, жігітімен сөйлесіп тұр-ау", - деп түйді. - "Өйткені, трубканың мембранасын саусағымен түртіп ойнап тұр ғой, әкешесінің біреуі болса, олай етпеген болар еді. Құрбы қызы болғанда да бұлай қылымсудың реті жоқ қой", деп өз бетінше жорамал жасап тұрған. Есіктен шыға келген бейтаныс қыздың алдында Сұлтан шындап-ақ абыржып қалды. Бірден бас изесіп амандасқан қыз:

- Алматы ма, - деді.

- Алматы... Жо-оқ, дегенім-ау. Арбалымен сөйлесуім керек еді.

- Бұл арада ол жермен тікелей байланыс жоқ, - деді қыз ақталғандай болып. - Амалыңыз қанша, мына жерден. - Креслода отырған жігітке бір табан жақындай түсіп. - Садовая көшесіне шығасыз да, 22 автобуска отырып, орталық байланыс үйіне барасыз.

- Рахмет....

Жігіт тұруға ыңғайланғанда, қыз қоштасып басқышпен жоғары қарай тездете басып жөнелген. Орнынан түрегелген жігітті жаңа тұрған жаннан ауаға сіңіп қалған "Сүйікті әйелге" әтірінің иісі жан дүниесін жайлап бара жатты. Енді сәл кейіндеп қалса, құшағы гүлге толған көктемнен, жасыл жапырақты бау-бақшадан, балдырлап ойнап жататын бал бұлақтың үнінен шеттеп қалатындай көрініп, ізінен жүгірді:

- Қарындас...

- Жай ма?..

Қыз жоғарыға көтерілер басқыштың бұрышында бұған қайрыла қарап, күлімсіреп тұр екен.

- Кешіріңіз, - деді жігіт енді-енді өзін қолға алып. - Алматыдан боларсыз.

- Иә, Алматыдан... Оқып жатырмыз. Сіздер қашан қайтасыздар?

- Енді жиырма үш күндей бар.

- Ал біз үш ай оқимыз, - деді қыз күрсініп. - Ауылды сағындым. Бармағаным бір жыл болды.

- Есіміңіз кім болады?

- Атым - Рыскүл.

- Ендеше, Рыскүл, біздің бөлме он екінші, келіңіз, қонақ болыңыз.

Қыз күлімсіреп басын шайқады.

- Болмайды.

- Ендеше мен соғайын ба?

Қыз тағы да басын шайқады.

- Ол да шешілмеген мәселе. Осы жерде оқимыз ғой. Көрісіп тұрамыз.

Жоғарғы жақтан ұзан залды басына көтере айқайлаған Иван Николаевичтің даусы естілді.

- Сұлтан, қайдасың?

- Сұлтан, сіз емессіз бе?

- Иә, менмін.

- Көріскенше.

Қыз жоғарыға көтеріле берді. Оттың ортасында қалғандай дауыстап жүрген Иван Николаевич жігітті шырт ұйқысынан оятып жібергендей болды.

- Не боп қалды?

- Ә, сен мұндамысың? - деді аңқау шал қорбаңдай жүріп. - Менің көзілдірігімді көрдің бе?

- Көрмегені қалай, бағып жүреміз ғой, - Сұлтан да қитығып қалды.

- Әй, көрсең айтсаңшы, газет оқиын деп едім.

- Сіздің склерозға ішетін дәріңіз қайда осы?

- Қалтамда.

- Онда, Иван Николаевич, соны ішіп алып, тереңнен толғанып ойланыңыз, мұрныңыздың үстінен тауып аларсыз.

- Ау-у...

## IY

Рыскүлді ертеңіне кең фозден кездестірді. Жатақханаға келген театрға билет сатушылардың алдында программалармен танысып тұр екен. Сұлтанды көрісімен қолындағысын қайтарып берді.

- Сіз Шукшинді жақсы көресіз бе?

- Режиссерін, актерін, жазушысын құдайдай құрметтеймін, - деді білетіндігі жөнінен терең мағлұмат беріп.

- Онда музыкалық спектакліне барамыз.



Театр оншалықты алыс болмай шықты. Тротуардың қарын шықырлата отырып көше айналасындағы келісті ғимаратқа келгендерін де сезбей қалыпты.

Бұлар спектакльден шыққанда, қар сабалақтанып жауып тұр екен, күннің райы жылы болғанмен, ылғалды қардың көміп салатын ыңғайы бар. Екеуі көп жерге дейін үнсіз жүрді. Тыныштықты алдымен Рыскүлдің өзі бұзды.

- Сіз ауылда өскенсіз бе?

- Болсақ болармыз, - деді театрда қатар отырып еркінсі бастаған жігіт. - Оны қайдан білдіңіз?

- Сіз жаңағы Шукшиннің Иваны сияқтысыз.

- Сіз қалада өскен болуыңыз керек?

- Қалайша?

- Әлгі "конструктор" ше, Иванды алдаған. Сол сияқтысыз.

Түнделетіп келе жатқан қыз-жігіт жарқылдай күлді. Кездескендер бұл екеуіне бұрыла қарап, өтіп бара жатыр. Көз қарастарынан кең көшеге сыймай дауыстай сөйлескендеріне деген наразылықтары бар сияқты. Әркімге өзі шаттанбағасын, жұрттың күлгені қуаныш бола ма.

Жол айрығында көше жарығымен жамырай сырғанақ ойнап жатқан балалардың тұсына келгенде, қыз әлденеге тайып кетті.

- Деревня-я-я...

Сұлтан ұстап үлгермеді. Орнынан тұрғызып, үстін қақты. Рыскүлдің жігітке деген шамалап өкпе-назы бар сияқты.

- Ай жоқта аспан жағалап жүрсіз бе? Міне, көрмейсіз бе. - Су болған қолғабын сілкіп жатыр. - Қамқорлығыңыз қайда?

- Айтшы, Рыскүл, - деді бойын тіктеген қыздың тоңазыған нәзік қолдарын алақанына салып жылытып тұрған жігіт. - Ауылға келін болар ма едің?

- Боламын... Тек ауыл қашан қалаға айналған кезде.

- Ауыл қала болғаннан гөрі, сенің кемиек кемпір болғаның жөндемдеу соғар. Ауыл дегенің еншісі бөлінбес табиғаттың тұтас бір бөлшегі. Қала оның әкесі де, шешесі де емес. Ол кең өлкенің қан тамырына біткен табиғи құбылыс. Солай, қарындас.

- Ендеше, қаланы деревняға, ауылға айналдыру керек, сосын мен отырған орнымда тапжылмастан-ақ ауылға келіні болып шыға келемін. Әрі қарай былай қыламыз... Ертеңгілік күйеуіміз екеуіміз ертерек оянамыз.

- Балалар ұйықтай бере ме?

- Жо-оқ, - деді қиялдай бастаған Рыскүл қары саябырсыған көк жүзіне ынтыға қарап тұрып. - Олар да оянады. Киіндіреміз... Жоқ, күйеуім киіндіріп, өзі де жұмысқа дайындала бастайды. Мен қорадағы сиырларды сауып, бақташыға қосып жіберемін. Жаңа сауған сүттен

бөлісіп ішеміз де, күйеуім заводқа, балалар мектепке, мен фабрикаға кетемін. Поселкамыз жасыл желекке оранған, шағын. Үш қабатты үйлер талдардың тасасынан көрінбейді. Сайраған құстар. Ауыл арасында тас жол жоқ, жаяулар үшін соқпақтар мен аспалы көліктер ғана пайдаланылады. Олардың қуат көзі өзендерден басталады.

- Міне, енді экономист деген атыңызға жақындап келесіз. Машиналар ше?

- Машиналар ма? Машиналар мен тұрған ауылға қажет емес. Табиғаттың талай мың ғасыр салмақтап әрең қалыпқа түсірген теңдігін бұзады. Цивилизацияның ең шыңы - табиғат тазалығы. Ақшандақ жол, түтін қосқан ауа, машина мініп жұлдыздай ұшқан адамдар бәрі ойдың бетіне қалқып шыққан жай құбылыстар. Мәні жасандылық түбінде өкінішке бір соқтырады.

- Күйеуіңіз заводта ғой сонымен...

- Иә, - деп күліп жіберді Рыскүл. - Заводта.

- Заводқа қанша адам керек екенін білесіз бе?

- Екі мың.

- Соншалық адам қайда? Ол сіз тұрған ауылдан табыла ма?

- Міне, осы араға техниканың бар қуаты керек.

Ертелі аңғармаған екен, жабағыдай ұйысқан ылғалды қар қыздың көз бояуын төмен сорғалатып жіберіпті. Бейне бір осының бәрін шағынып, көзінің жасы бетінің ұшында қалтырап тұрып қатып қалған сияқты. Жүзін жас жуып, қиялдап тұрған жердің тұрғыны - Рыскүлге қарап тұрып жігіт күліп жіберді... Қыз сезе қойған болуы керек, жалма-жан көше жарығына бұрылып, айнасына қарады.

- Вот, деревня, сен мені ертелі мазақ етіп келеді екенсің ғой. Орамалын алып, Сұлтанға берді. - Сүртіп жібер.

Қарсы алдындағы қыз дем жетер жерде ып-ыссы болып тұр. Құшақтап тұрып бүгінгі айтқан бүкіл идеясымен қосып сүйгісі келді. Сүйгісі келді, сүйгісі келді де әрең тоқтады. Бірқауым сәтте қолы сұлқ түсті.

- Болды.

Анандай жерде жатақхана. Қолғапсыз қалған Рыскүл жігітке жанаса түсіп келеді.

- Қолым тоңып барады.

- Онда қалтаңызға сала тұрыңыз.

- Ал сіздің қалтаңызға салсам ше?

- Мейліңіз.

- О-о, - деді саусағының ұшы қалтаға тиер-тиместен, мұнда көмбе жатыр. Міне, көріңіз.

Келердегі Сәлиманың еріксіз салып жіберген бір сомдықтары екен.

Екеуі жатақхананың ауызғы жағында қош айтысты. Осыған дейін де бұл туралы біраз әңгіменің басын қайырып тастаған жерлестері Сұлтан келгенде, "Не бітірдің" дегендей үшеуінің де көздері сөйлеп тұрды.

- Қызбен киноға баруды білесің... - деді Иван Николаевич. - Тәртіп қайда?

- Кім айтты?

- Мен еді ғой, - дейді Сейілжан ыржия күліп, емізулі баласындай баптайтын термосына толтыра шай құйып жатып. Бағана көріп қалдым.

- Енді, міне, мәселенді қараймыз, - деді Иван Николаевич.

- Әйелің, балаң сен деп жаны қалмай отыр. Барыңды даладан тапқан шүйкебасқа шашып жүрсің. - Осымен әңгіме бітті дегендей Иван Николаевич көзілдірігін алып, қорапшасына салды.

- Солай достым, - дейді Володя да мұртының астынан тістерін ақсита күліп. Әр уақытта ештеңеге қызу кіріспейтін Сейілжан ғана шалбарын қырлап, керуеттің басына іліп жатыр.

Сұлтан сол күні ұзақ көз ілмей жатты. Қол созым жерде жатқан Иван Николаевичті бүйірінен түртіп, әрең оятып алды.

- Не? - деді анау ұйқылы-ояу.

- Сіз қырық жетінші бөлмедегі Катяны білесіз бе?

- Білем. Әлгі староста ма?

- Сол, сол. Бағана сіз туралы сұраған.

- Қойшы-ей.

- Шын.

- Не деп?

- Қайтесіз, бұзылып кетесіз. Бала-шағаңыз, әйеліңіз бәрі ауылда сізді күтіп отыр.

- Айтсаңшы-ей. - Иван Николаевич ізінен қалатын емес.

- Маған қайтып сөйлемеймін деңіз.

- Сөйлемеймін, - деді шал шалқасынан бұған қарай бұрылып түсіп. - Бұйырса, екеуміз әріптес боламыз.

- Ендеше: "Мына кісі пенсияда ма", - деді.

Хальзов бәрін естіп жатыр екен, қолын шапаттап орнынан атып тұрды.

Иван Николаевич Сұлтанды келістіре бір сыбап алды да, тас бүркеніп әрі қарай аунап түсті.

## Ү

Лекциядан қолы қалт еткенде, әркім өзінше демалыс жасайды. Дүкендер аралап, базарлықтар алады, кітаптар оқиды. Спорт жарыстарына барады, әңгімелеседі, әлденеге қызыл кеңірдектеніп

таласып жатады. Сейілжан көбіне термосын көтеріп, әр жерге бір микродастархан құрып, шай ішіп, уақытын өткізіп жүр. Кешкілік кемі екі тана дәрі ішетін. Иван Николаевич та қорғалақтап шайды төңіректейді. Қалбиып бұйра бас Хальзов жүреді. Жаманға да, жақсыға да қосылып жатқанын көрмейсің, қандай ап-ауыр сөзді де мұртының астымен тісін көрсете күліп, зілсіз айтады. Бас қоса қалса, әркім өз облысын, өз жерін мақтайды. Енді қайтып елдеріне оралмайтындай бастарын шайқап, таңдайларын қағысады. Тақасып-тақасып келіп:

- Біздегі қызыл балықтарды айтсайшы, - дейді аузының суын жұтқан Сейілжан. - Оның уылдырығының қаншалықты зәру екенін білесіздер ме?

- Білмей ше, біз де аулағанбыз, - дейді Иван Николаевич өзінің ежелгі аңқаулығына басып. - Ой, талай рет ау тартып топырлаттық-ау...

- Браконьерлер... - Хальзов мұртының астынан тісін ақситып күледі.

- Шынында да, - дейді Сұлтан да киліге кетіп. - Осы қалаға балық ұрлау тәсілдерін үйренуге келдіңдер ме?

- Ал сендерде өзі балық бар ма? - дейді шал не айтар екен дегендей көзілдірігінің үстінен қарап.

- Бар болғанда қандай. Бәрі дүкенде. Біз ұрлауға ештеңе қалдырмаймыз.

Иван Николаевич терең күрсіне дем алып, әрі бұрылды. Сейілхан тағы да қызыл балықтың қызығына түсіп кетті. Сұлтан құлағын салып тыңдап көріп еді, балық сақтау қоғамының инспекторлары ұстап алғанда оларға балық беріп құтылғандығы туралы әңгіме қылып отыр екен. Қарап тұрып қапаста қалғандай болған жігіт тысқа шығып, Рыскүл тұратын жиырма бесінші бөлменің есігін қағып тұрған кезде құлағында қызыл балық оқиғасы ызыңдап тұр еді.

Кешкілік уақыт кие шыққан жылтыр атлас халаты қыз бойындағы барлық мүшені түгел аңғартып тұр екен. Су бетіне әлдеқалай тас түскенде елп етіп тарай кететін доғашық сезімдер секілді жігіт көңілінде тербеліс толқындары жүгіріп өткендей болды.

Қыз бен жігіт екінші этаждың бір бұрышындағы бос аудиторияға келіп кірді. Қарсы алдындағы жайдақ терезеден тыстағы жауған жапалақ қарлар анық көрініп тұр. Сырттан түскен болмашы жарықтан бөлме іші ақ айранданып кеткен.

- Қар жауып тұр...

Жауған қардың арасынан өтіп жатқан адамдардың көңілді күлкілері естіледі. Аулақта машина үндері мен трамвайдың төске ұрған балғадай даусы келеді. Терезелері көмескілене жылтыраған көп

қабатты үйлер көз шырымын алып жатқан тәрізді. Дәл осы сәт, шыбын ұшса шыңылдап кететін асты-үсті тас аудиториядан гөрі бүкіл өмірдің рахат ағыны далада өтіп жатқан сияқты болды. Сол жаңа жауған қардың жап-жарық нұрын жамылып, бозбалалықтың бозамықтап қатқан таңдай тәтті бір сәттерін еске түсіріп, әлдекімдермен таң атқанша қыдырғысы келді. Кіммен бірақ? Сәлимамен бе? Рыскүлмен бе? Жо-оқ, тек қана Сәлимамен. Менің алғашқы жауған ақша қар астында ақ тілегімнің тікелей иесі сол.

- Не ойлап тұрсыз?

Сұлтан енді барып Рыскүлге бұрылды.

- Қар туралы... Өзің ше?

- Мен де.

- Рыскүл!

Қыз үндеместен жігітке жақын келіп қарсы қарап тұрды.

- Жапонияда Фудзияма деген тау бар екен. Адам - пенде, есік пен төрдей қысқа өмірінде тік жүре алмайтын көрінеді ғой... Бірақ базардан қайтқан уақытында сол тауға көтеріліп тәубесіне келеді екен. Өзінің жіберген кемшілігі мен жұртқа жасаған қиянатын, ашкөздік әрекеттерін кебіндей жамылып көрге кеткенше деп сол тауға шығып, ақтарады екен де, ақталады екен. Егер қарсылығыңыз болмаса, екеуміз де сол таудың мұзарт шыңдарына шығып тұр екенбіз деп есептейік. Ақиқат айтып, ештеңе жасырмай сөйлесек деп едім.

Қыз басын шайқады.

- Көп нәрсені білуді жаныңыз сүйеді. Қартайған адам Фудзиямаға бармағанда қайда кетеді. Бәрін ішіне сақтап, көз жұмғанша сабыр тұтуға сол пенделік ерік бермей, ақыр соңында біреуге шағынып тынады. Сол, міне, Фудзияма. Мен ше, менің ондай атты күнге жетуге көп уақытым бар. Сондықтан да бұл таудың басына ертерек барғым келмейді. Тек бір күні соқпай қоймайтын шындықтың шыңы бар екенін біліп жүрсем болғаны.

Сұлтан қызға бір қадам жақындап, бос жатқан қара шаштарын еппен сипады:

- Ақылдым менің!

Рыскүл басын жігіттің кеудесіне қойды. Сол баяғы "Сүйікті әйелге" әтірінің жұпар иісі қардай борап, жан-дүниесін жаулап барады.

- Сұлтан...

- Жай ма?

- Бірдеңе сұрайын деп едім...

- Айта ғой.

- Әйелің бар ма? - Қыз даусы естілер-емтілмес шықты. Осы үш ауыз сөзді айтуға оймақтай еріндері әрең жуысқан сияқты. Дегенмен басын көтеріп, жігіттің жүзіне тура қарады.

- Бар, бар, жаным. Бәрі де бар. Балам да, жарым да, шешем де бәрі мені күтіп жүр.

- Сен әйелінді сүйетін болуың керек. Ол да сені...

- Сөз жоқ сүйемін. Жанымдай жақсы көремін, сыйлаймын...

Рыскүл үндемей сәл-пәл тұрды. Жігіттің айтқандарын естімеген сияқты. Сұлтанның бетіне қараған күйінде, қай жақтағы қиялдың құшағында қалқып жүр.

Жаймен сықырлап аудиторияның есігі ашылды. Сәлден кейін ішке қарай кезекші енді.

- Кім бар?

Қыз да, жігіт те тырс етіп үн шығармады. Бұл курс үйінде тәртіп темірден де қатты. Мұндай сырласу кештері үшін, сыбағасын молдап алуы мүмкін.

Кемпірдің иілген белі жазылып, қабырғадан шам жағатын тетікті іздей бастады. Жарық түскеннен кейін терезе алдында тұрған бұларды көріп, қуатына қайта мінді.

- Шығындар.

Тілсіз адамдай екеуі бірден іштен шығып жүре берді.

Рыскүлдің этажындағы қараңғы фойеге шығар басқыштардың жақтаушысына асылған қыз төменге көз салып тұр.

- Рыскүл...

- Әу-у...

- Мен енді саған келмей-ақ қояйын.

- Сізді жалықтарған болуым керек.

- Жоқ, айта көрмеңіз.

Қыз басын көтеріп алды. Қара көлеңкеде көз алдындағы мөлдір моншақтар айқын көрініп тұр. Жылт етіп домалап барып, тас еденге түсті.

- Көрмейсің бе, қазірдің өзінде де көз жасына дейін барып қалыппыз. Мұнан әрі қарай саған келуге менің ерлігім жетер емес.

- Қорықпаңыз...

- Қорқамын. Өзімнен қорқамын. Күш-қуатым қанша жерге жетері бір маған ғана аян. Қыз бен жігіттің арасына қойылатын тосқауылдың қаншалықты шыдам беретінін білмеймін...

Рыскүл бұрылды да бөлмесіне қарай жүре берді. Сұлтанның "Қайырлы түн" деген екі ауыз сөзіне жауап ретінде сарт ете қалған есіктің даусы ғана естілді. Ішін беймағлұм сезім жегідей жеген жігіт денесін ауырлап келіп төсегіне қисайды.

Оқуды бітіріп елге оралуға да санаулы күндер қалды. Рыскүлді көпшілік арасынан көріп қалса, бас изеп қана амандасады. Көбінесе бір-бірлеріне жолығысудан қашқақтап жүретін болды.

- Түнеугүнгі қызың не болды? - дейді екі қолын қайда қоярын білмей ерігіп отырған Сейілжан. - Ештеңе де шықпайды-ау деймін, сірәсі.

Сұлтан не айтарын білмеді. Қасындағыларға білдірмей жеңіл күрсініп алды да: "Ештеңе", - деп қоя салды. Онсыз да өзегін оттай өртеген бұл жағдай өз басына тілеп алған қорғасындай ауыр ой болады. "Адам деген өз драмасына өзі ұрынады екен ғой", - деп ойлады. - Болмаса оны театрға апарып нем бар, барған екенсің "Келмеймін" деп жылатқандағы мақсатың қандай. Енді жүр өзің жаққан отқа өзің жылынып.

- Жұмысымды бітіріп, аяғыңды сырттан салып жүрсің бе?

Бұл да Сейілжанның сұрауы.

Сұлтан бұрын болмаған сабырлылық танытып, ештеңе естімегендей орнынан баяу қозғалып түрегелді де, Сейілжанның қасындағы тысы тозып, мақтасы ағараңдай бастаған жұмсақ орындыққа отыра кетті. Иван Николаевич түстен кейінгі ұйқының жоспарын асыра орындап төсегінде жатыр.

- Сәке, шайыңыздан бір шыны аяқ құйсаңыз, - деп ештеңе естімеген жандай марғаулау үн қатты. Бір-екі стакан шай маңдайдан терді бұрқ еткізді. Ертелі үнсіз отырған жігіттің жүйке пернесі босайын дегендей болды. Әлден уақытта:

- Сәке, қыз сүйіп көрдіңіз бе? - деді.

- Е-е, сүймей ше? Қызға ғашық болған жалғыз сен бе екен?

Баяғыда райкультурада істеп жүрген кезімде біреумен байланысқанмын. Қазіргі жеңгең де сол кезде жолықты. Сонан, екі жақтан да күдерімді үзбей көп жүрдім. Алғашқы қыз жақтан бір пәле бола жаздады ма деймін, сезіктенген жеңгесі әлгіні әкесіне қосып, дедектетіп маған алып келді. Иманымды үйіріп, құрдымға кете бастағам. Шырағым-ау, оңай дейсің бе, бәрінен жүрдай боламын ғой. Бірақ ана қыз азамат екен. "Бұл жігітті енді әурелесеңдер, суға кетіп өлемін де өлемін", - деп далаға тұра жүгірген кезде, әкесі борсаңдап ізінен тұра шапты. Басынан түсіп қалған қалпағына да қараған жоқ. Оны кейін мен балыққа шыққанда теңізге киіп тоздырдым.

- Жеңгесі ше?

- Жеңгесі ме? Құдай сақтасын, мені оқты көзімен атып тұрды да: "Сен де еркексің-ау", - деп шыға жөнелді.

- Ол қыз сізді сүйген ғой?

- Оған не дауа, шіркін. Кейін хат та жазды, бірақ мен үйленіп қалдым қазіргі жеңгеңе...

- Сіз сүйіп пе едіңіз?

- Соны білмеймін, айналайын. - Сейілжан қолын созып керует басынан сүлгісін алып, үсті-басын ойқастай сүртінді. - Әуелі жақсы көрген сияқты едім, кейіннен қызығы кетіп, қызуы басылғандай болды.

Осы кезде қорылдай ұйықтап жатқан Иван Николаевичтің демі бітіп қалғандай болып, бір сәт тұрды да, өзі орнынан атып түрегелді.

- Таң атып кетіпті ғой, - дейді көзілдірігін іздеп. - Тамаққа баруымыз керек.

Ертелі көңілсіз әңгімеден қоңторғайланып отырған екі жігіт мынадан ішек-сілелері қатқанша күлді.

- Құдайың қаласа,, кешкі тамаққа енді барасың, - деді Сейілжан.  
- Жатқаныңыз жаңа ғой, шал-ау!

## ҮІІ

Билет күні бұрын қалтада қаттаулы тұрғасын сенбіде сабақ бітісімен Сұлтан жолға даярланған. Бір жақсысы, мұнан апта бұрын Рыскүл кететін уақытын сұрап білген. Қалай да бір кездесіп кету көкейінде жүргенде, курсанттардан босаған оқу залының арғы басында өзіне қарсы Рыскүл келе жатты. Қолындағы кітаптарына қарап "Кітапханаға барасың-ау" деп түйген.

Бір көз тастап бас изеген соң, адам тасалап жөнімен жүре беретін әшейіндегі көпшіліктің біреуі де жоқ. Тамағына тастай кептелген жалғыз ауыз сөз "Саламатсызбаны" шақтап айтты. Амандасқан қыз назар салмастан тұсынан өте шыққан.

- Рыскүл, - дегенін өзі де сезбей қалды.

Қыз тұра қалды да жайымен бұрылды.

Жігіт жүрегі дүрсілдеп, дізесі дірілдеп кеткендей болды. Соны білдіргісі келмегендей қызға қарай жайлап жүрді. Енді болмаса бүкіл буыны босап, алдына құлап кететіндей.

- Күнім менің!..

Рыскүлді бауырына басты.

- Сұлтан...

- А-а...

- Мен сені түсімде көрдім. Сен бар ғой, астыңа ақ боз ат мініп жүр екенсің.

- Рахмет, жаным. "Ат мінген мұратына жетеді ғой", - дейді қазақ.

Екеуі қолдасқан күйінде бос аудиториялардың біреуіне кірді.

- Сен бар ғой, сен үстіңде сауыт-сайманың бар және қазақы ертоқымдармен ежелгі ата-бабаларымыздай Алматыдағы біздің есіктің алдына келіп тұрсың.

- Рас, шығар, Рысым.



- Иә, иә, мен саған барғым келеді, бірақ ештеңе шықпайды. Сен бір ертегілерден суырылып шыққан Ер Төстік сияқтысың, ұсынсам қолым жетпейді.

- Оның да дұрыс. - Көкіректен күрсінген үн естілді. - Өмір жолымыз тоғыспаса бір-бірімізге ынтығумен өтерміз. Сыртымыздан қарап сүйсінерміз. Ғұмырыңда қолыңа түспейтін қымбаттыларың болғаны да дұрыс қой. Бақытқа адамның уысы толуша ма еді.

- Солай ма? - Қыз үнсіз ойланып, сәл-пәл тұрды. - Бірдеңе сұрасам деп едім.

- Айта ғой.

- Адамның жарға деген махаббаты бір жанмен шектеулі тиіс пе?

- Осыны саған келердің алдында ойланып едім. Шектелуі тиіс. Адамзат үшін, адамзаттың әлеуметтік берекеті үшін қосымша ынтызарлық пен құмарлықтың бәрін құрбан етуі тиіс. Ол үшін бір ғана жан жеңіл жұбанышың, өмірлік жарың болуы керек. Ал жалпы адамға деген сүйіспеншілік шектеусіз, үлкен жүрекке миллион адам да жайғаса алады.

Қыз қиялдана тыңдады. Әлде бір сұрақтардың көмекейіне кептеліп қалғаны көрініп тұр. Кенет ақ шар бұлттардың арасынан көлеңкеленіп тұрып жарқ ете қалған "Телефон-автоматтың" ішінде көрген еді.

- Қалай, қай күнгі тиын бір сомдықтар таусылды ма?

- Жо-оқ. - Сұлтан балаша құнжындап төс қалтасынан қағазға ораулы күмістерді алып шықты. - Міне, тұр.

Алты сомның мөлтекше тарихын Рыскүлге баян етті. Қыз басын шайқап, мұңлы жүзбен жымия күледі.

- Менің әжем бар ғой, - деді әңгіме біткесін барып. - Алла тағала адамның сол иығында деуші еді. Шайтан жамандыққа түртпектер болса, періште қолын қағады деп сендіретін. Мынау жүрек тұсыңызға сақтап салып жүрген күміс теңгелер сізді періштедей қорғаған екен ғой... Мені де қорғапты...

- Қазір иықта періште де, шайтан да жоқ, Рыскүл. Бәрі тереңге түсіп кетті ғой. Бірақ бір жерде өмір сүреді тілектес, тілсіз періштелер...

- Қойшы, әзілге айтамын, - Рыскүл қолын сілтеп қалды. - Адамға шайтан да, періште де керегі жоқ. Адам өзінің шын мәніндегі адам қалпына қашан келеді екен.

- Мен сізді осы сөзіңіз үшін бір сүйсем деп едім.

Үн жоқ. Көзін ашып алып еді, өзі еппен басып қана ашық тұрған есіктен шығып кетіпті, стол үстінде бір жапырақ қағаз қалыпты.

"Мен бәрібір сізді сүйемін. Бірақ бұзылмаған дүние қалпында қалсын... Саған тілсіз тілектес періштелеріңіз жар болсын, Сұлтаным". Үлкен әріптер баданадай болып көзін қарап барады.

### ҮШ

Ертеңіне Москва вокзалынан "Қызыл жебе" экспресіне Сейілжан екеуі келіп отырған жігіт көңілі құлазумен болды. Жүрек түкпіріндегі жалғыз қуанышы от басына, сағынған балаларына, қарт шешесіне, жарына барады.

- Әне, қара, - деді терезеден тысқа көз салып отырған Сейілжан қолымен нұсқап. - Сенің қызың жүгіріп келеді. Вагоны Рыскүлге белгілі, терезелерді жағалап келеді екен. Сұлтанның орнынан атып тұруын күткендей, поезд да жылжып жүре берді. Рыскүл әдейі жүретін уақытқа туралап келген болуы керек, тілдесуге үлгермеді. Терезеден қалмай еріп келеді, күлетін сияқты, көзінде жас... Жылдамдық артқан сайын қолын көтерген күйінде қалың тобырда қарайып қала берді.

- Жігіт, төсек-орныңызға бір сом ақша төлеңіз, - деді жолсерік жігіт. Жалт қараған Сұлтан әлем-жәлем болып тұрып қалтасына қол салғанда, іліккені әйелі берген алты сомдық сөлкебайлар екен. Біреуін алды да үн-түнсіз ұсына берді...

### МЕН СЕНІ ТҮСІМДЕ КӨРДІМ, ТІРШІЛІК

Отардан екі қой бөлініп кетіпті. Ақшыл құмдардың арасымен ат сабылдырып көп жүрді. Сыдыртып тегістікке де шығып көрді. Шоқытып жүріп, түбіршікке сүрініп омақаса құлады торы ат... Жанын жеген жарақат пен аптапты ай далада тіршілік үшін күрес үш күнге созылды.

\*\*\*

Көз алдынан көгілдір оттар жарқылдап ұшты. Қарауытқан аспанның көкірегіне бес тармақты жұлдызшалар қадалып-қадалып сәл-пәл тұрды да, төмен қарай құлдырай құлады. Құлап келеді, құлап келеді... Қазір бәрі бірдей көгілдір емес, мереке күні атылған қызылды-жасылды салют оттары секілді, енді болмаса кеудесінен көктей өтіп, жасындай жерге сіңетін тәрізді. Аптап... Жаңағы жұлдызшалар жан-жаққа жарқылдай ұшты. Түнек перделері түріліп, көгілдір аспанның жүзі айқын көрінді. Күн маңдайынан ұрып тұр екен, күйдіріп өлтіріп барады. "Құдай-ай, бір қауырсын бұлтыңды да қимаған екенсің". Оң қолын сол жамбасына қарай жүгіртіп көріп еді, бәрі бәз қалпында сияқты. Саусақтары санына қарай жанаса беріп, сусып төмен түсіп кетті. Бес батпан қорғасын құйылғандай ауырлап

жатқан аяқты қолмен қозғау түгілі есіне алуға жүрексінді. Ойда жоқта жабысқан дерт баурын жерден көтертетін емес.

Таңдайы тарсылдап кеуіп-ақ тұр екен, беті безерген ай тақыр дерсің. Бала кездерінде сақаларын шиырып "Манай" ойнайтын тақыр. Тақыр... Кірпігіңді ілетін қарасы жоқ беті жып-жылтыр арсыз тегістіктің мұншалықты кеңдігіне ыза болды. "Айнадай жарқырағанша, ат тұяғындай қағы болсайшы шіркіннің... Мынауысы кім болды екен". Қарауытып шыққан біреу бұған қарай қиралаңдап басып жақындап келеді. Жүріс-тұрысы Қаудынбай марқұмнан аумайды екен, бірақ тақаса келе ол болмай шықты. Бет аузын сабалақ жүнді шаш басқан, сақалы ұйқыдан тұрғандай ұйпалақтанып, еркінше жіберілген мұртпен жымдаса ұстасып аузының үстін қара қоғадай жамырай басып өткен. Қабағынан қаулап өскен қалың қас көзін көлегейлеп, шаштан ауыс қалған алақандай мұрынның үстінен кім екенін айыру мүмкін емес. Үстіне киген ақшыл көйлектің омырауы өрім-өрім-ау дейді, айқындап қарайын деп аяқ жағына зер салып көрген, мардымды ештеңе байқала қоймады. Осы бір жұмбақ жанның үстінде көзге ұрып тұрған бір нәрсе бар, ол тап-тар қылып тылтита киген жамаулы шалбар. Бұл пенде бар болмысымен дүниеден баз кешіп жүрген қаңғыбас "хиппилерден" аумайды екен.

- Сен кімсің, - дейді Қалмағанбет ертелі айрандай ұйыған үнсіздікті бұзып, - Қаудынбай марқұм ба десем...

Шал жауап беруге асыққан жоқ, қалтасынан кәдімгідей шақшасын алып, алақанының сыртына тоқылдатып қақты да, кейін қарай басын кегжең еткізіп, бір шөкім насыбайды еріннің астына атып жіберді.

- Балам, жөн сұраспастан бұрын дос-дұшпаныңа ортақ сәлеміңді бер, сосын барып үлкен кісінің бұйымын сұра. - Шал шақшасын көз ілеспес шалттықпен бір жағына қарай жытырып жіберді. - Мен туралы білгің келеді екен, жөн-ақ. Ендеше сол өзің айтқан Қаудынбайдан да жақынырақпын саған. Мен - Тіршілік атаңмын.

- Тіршілік... Тіршілікке сенен басқа жан табылмаған екен. Өзің тіршіліксің, ай тақырда алым-жұлымың шығып не бітіріп жүрсің. Мынау мидай далаға қаңғыбас қайыршы да рахым күтіп келмейді ғой.

Қалмағанбеттің тән жарасы жан жарасы болып, жүрегіне түскен сияқты, іштей бір әлдекімге ашыну бар, бейтаныс шалды қолына түссе түтіп жіберердей кіжінеді. Шалың сасатын емес, бұл дүниедегі адам жасайтын кереметтердің бар мүмкіндігін мысқалдап өлшеп, қол жетпейтін жерде мысқылдап миығынан күліп тұрған сияқты.

- Өзі - қатты, өзі - тәтті тіршілікті білмеуші ме едің, балам. Осы менің келіссіз кейпімнен безініп көрші, қанеки. Қазірде сол тірлігің үшін тырбанып жатқан жоқсың ба. Болмаса осы ай тақырда сен не

бітіріп жүрсің. Қайыршы дейсің... Қайыршының өз тіршілігі бар. Мен сенің кішкене бейнетіңнің өзімін, білсең. - Шал ыржия күлген кезде күрек тістерінің орны үңірейіп, екі жағында қалған қадама азулары ақсия көрінді. Шаңқай түсте бұлдырықтың балапандарын іздеп сор жағалайтын, сонан діңкесі құрып келіп, киіз үйдің көлеңкесін көсіп-көсіп жіберіп салқынға баурын төсеп жата қалатын Майлыаяқтың аузынан аузы аумайды. Тіршілік итің осы да деген ой миының қуыс-қуысын шарлап өтті.

- Сонда да сені көргім келмейді, - Қалмағанбет әңгімелескісі келмегендей сыңай байқатты.

- Бекер айтасың, балам, беке-е-ер... - Тіршілік қолын кейін салып қасынып тұрғандай болды. - Шешесінен туған бала "өмірге неге келдім" деп жылайды да, кейіннен сол жарық дүниені қимайды екен. Сенікі де сондай жан ашуынан туған сөз болар... Ажал бетін шындап бұрған кезде жүзіне қарай алмассың.

- А, ажал, ажал... Қазір маған ол шөлден қорқынышты емес, бір жұтым су берші, сосын арша мойным қылша... - Қалмағанбеттің өн бойы қалтырап кетті. "Су" деген жалғыз ауыз сөз алпыс екі тамырын жағалап жан-дүниесін жаңғырықтырып жатыр: "Су-у бер-р... Су-у бер-р..."

- Бір сәттік шөлге бүлініп қайтесің, балам... Мен осы жасыма дейін мейірім қанып сусындамаған екенмін, бірақ үңілген дүниемнен түңілген емеспін.

- Сен де біреуден тудың ба. Дүниеге қашан келіп едің.

- Мұны өзің зерделеп білуің керек еді... Амал қанша. Адамнан жасым кіші болғанмен, ақылынан кіші емеспін. Сенің бабаларыңның бабасы ой тоқтатын, біреудің соры біреуге бақ болатынын түсінген дәуірден қайдан жаралғаным белгісіз, жер мен көктің арасында мендей бір құбыжық пайда болыпты ғой... Болыпты да қалыпты... Ішіңнен шыққанмен иттігін тісіңнен шығармайтын балаң болады. Түгінді тысқа шығармай тістеніп жүріп күн кешетін қу тірлікті білуші ме едің. Сол ғой, сол... Уа-ха-ха... Енді түсіндің бе... - Шал күлкісін тия қойып, сұқ саусағын ернінің астына салып жіберді де, ілініп шыққан қарғаның саңғырығындай насыбайды құлаштап тұрып сілкіп қалды. - Өзің бұл күйге қалай түсіп жүрсің...

- Мен осы не қылып тұрмын, - деп ойлады Қалмағанбет жатқанын ұмытып кетіп, бұл дүниеде шал көрмей жүр ме едім, кетпеймін бе жөніме... Оның үстіне мынау бір өзі айтқандай "құбыжық" екен, құдай сүйер қылығы жоқ. Дегенмен де сөйлесіп көрейін:

- Ат омақасып құлады, жамандатқыр, аяғымды кеселей басып сындырды-ау деймін, "Қаудынбайдың" мұның аяғының сынғанымен

жұмысы болған жоқ, күрт еңкейе барып жердегі боз жусаннан жұлып-жұлып алып сілекейлеп тастаған саусағын сүртті.

- Атқа неге мініп едің?

- Отарымнан жоғалған екі қойды іздей шыққанмын...

- Сол-ақ па бар болғаны...

- Сол аз ба.

- Аз ба дейсің, балам, "ажал, ажал" дегенше, екі қой екі беттің ары десейші... Арың үшін мертігіп жатырмын де-е... Дүре-ес... Дүниеде туып өлгеннен оңай ештеңе жоқ, шырағым. Өлім ерлік болса, ертелі-кеш көлеңкелерінен қорыққан су жүректерге де бір қаза бар. Ер мойнында борышы бар да бас сауғалап бұл дүниеден кетуге қақысы жоқ. Ары үшін, адамгершілік өз өміріңді де қорғай жүріп, нағыз ерлік жасауың керек. Білдің бе енді... "Өлемін" деп мені қорқытпа, "өлмеймін" дегенде қалған жоқ жер бетінде. Ажал адамға ғана келмейді, адам жинаған дүниеге де келеді. Ажалы жетіп болмай аз ғұмырыңда бұл дүниеде жасап кеткен жақсылығың мен жамандығың ауаға тарайды, адамдарға сіңеді. Ал, бақұл бол, балам, кететін кезім келді. - Шал тұрған орнында кейін қарай бұрылды. Жаурыны қушыып еңкіш тартқан қария салмағын игере алмай бара жатқан жанша емпеңдей жөнелді. Ол ұзаған сайын Қалмағанбеттің көңілі құлазып бара жатыр, мына шалдың өз көкірегінде елеусіз орны бар екенін білді. Ертеден бері омырауын ыстай тұтқан ызаның ізі де қалған жоқ, күш жинап айқайға салды:

- Ей, тоқта, Тіршілік ата, тоқта деймін...

- Әлі де керегім болып тұр ма. - Дауыстың қай жағынан шыққанын Қалмағанбет бағдарлай алмай қалды да:

- Бір жұтым болса, шіркін...

- Қара су қай да қашар дейсің... - Шал қайрылып қарамаған да екен, жөнін айтпастан бет алған жағына қарай тартып барады.

Қалмағанбет көзін ашып алды. Өң мен түстің арасында көрген тіршілігі жап-жарық күнге жайылып еріп кетіпті. Жаңа ғана қара үзіп кеткен шалды қайталап қуып жетіп алғысы келді де, көзін қайта жұмды... Бұл жолы да үстінде отыр екен дейді, ізінен қуалап барып шал бұрылған жерден бұлақ көрді. Бүлкілдеп аққан мұп-мұздай бұлақ суын көргенде ертелі кешкен тірлігі есінен шығып жүре берді. Қайнаған күннің ыстығында Тіршілік қарияны іздеп емес, қойдан келе жатыр екен дейді, өрісте жайылған жандықтардың жамырай маңыраған даусына дейін құлағына келетін сияқты. Аттан қарғып түсіп мұздай судан мейірлене ішіп жатыр, қандай рахат... Ал, келіп іш. Басын көтеріп алып қайтадан бас сімірді, бір түрлі тәтті бұлақ. Шал айтқан тәтті Тіршілік ойына келді. Бұлақ тәтті болғасын шөл қанушы ма еді. Қарсы алдында қараша үй тігулі тұр, шай ішпей болмас сірә да. Есік алдындағы өрнек бояуы қанық емес көне текеметтің үстінде

домбырасының құлағын күйттеп болып, ыңылдап айтқан әкесінің әні естіледі. Өзіне таныс әуен ғой...

Алыстан айқын көрінген,  
Жылқы малдың аласы.  
Төскейде жалғыз көрінген,  
Не жарлының моласы,  
Не жалғыздың моласы.  
И-ей, и-ей, ей,..

Қалмағанбет бұл көріністен басын алып қашты. Әрең дегенде көзін ашты-ау, күн көкжиекке қадалған қаңылтыр жездей көзі қыпқызыл болып лаулап тұр екен. Қазір сол иегін іліп тұрған төбенің омырауын қақ жарып жер астына түсетінін ойлады. Онан әрмен қарай дәл кешегідей жымындаған жұлдыздар шығады, жаңа ай жарығын төгіп қалықтап өтеді. "Бәрін біліп жатырмын, ә". Сосын кең даламен қоңыр жел еседі, денесі тоңазиды, ең жақсысы су орнынан сіміре жұтатын салқын самал пайда болады. Ұмытпаса осылай жатқанына бүгін үшінші күн. Неге жатқанын есіне қайта түсіріп, әке-шешесінің мұнан үш күн бұрын інісін ерітіп "Сарысудағы" шопандар тойына кеткенін ақылынан алжаспағандығына көз жеткізу үшін ойша тағы бір қайталап қойды. Құдық басынан қаңғалақтап кеткен екі қой... Тіні бос жіптей әйелі Аманкүлдің босалаңдығына жыны келді. "Мен ғой ауылдан екі қыр асты жерде жатырмын, ол жылап еңіреп отырған болу керек. Әйтпесе, торы атты мініп қыр асып іздесе, иттердің өздері-ақ тауып бермес пе еді. Топалаң тигір тоқал торы-ай, құрттың-ау... Үзеңгі-таралғысы салбыраған кәрі ит бас еркіндігі тиген соң еркінше жайылып құдыққа құламаған да шығар... Жазықта жалпағынан түскенін көрмейсің бе, болмағанда қарға адым жерде жатып қасырет тартармын ба. Қалмағанбет ымырттың іңір қараңғылығында мойнын бұрып, аяғына қарады, кеше ғана астына күштеп салған жеңіл костюмнің үстінде мыңқ етпестен жатыр екен. Осы костюмді сынған жіліншікке әрі төсеніш, әрі су шана қылып жылжып та көрген, сондағы барғаны қалың баялыштан біртегіс жусандық. Сол жерде әлі кете қоймаған әлеуетті қолдарымен көк жусанның екі-үш талын жұлып алып, ылғалды тамырды кеселей ауызға салған. Азу тістердің қуатты күшінен ылғал тамырдан жылымшы бірдеңе пайда болды. Қазір көк жусан қол астында жатса да беттеген жоқ. Қол созым жерден түйежапыраққа көзі түсті. Бар әлдәрменін жұмсап соған жетті. Міне, татпақшы дәмі иек астында тұр. Қарыс жерге алқынып әрең келген Қалмағанбеттің маңдайын суық тер жауып кетті. Бүркіттің шеңгеліндей мүйізгекті саусақтарымен түйежапырақтың алқымына қадала қалды. Жапалақтай жарбиып жатқан албастыны қылғындырып өлтіретін сияқты біраз шүйлігіп, жаны шықпай тұрған жапырақты бір сәттен кейін жұлып алды. Жасыл

өсімдікте тіршіліктің көгілдір оты алаулап тұр. "Не болғанда, енді кідіруге болмайды". Өсімдікті екі бүктеп жіберіп аузын толтыра асады. Кермек екен ғой жарықтық, сөлін сорып бара жатыр, түкіріп тастады. Түйе жануардың айызын қандырып асап шайнайтын шөбі емес пе. Түйе болдық, түйе... Әлдеқайдан запыранның қалдығындай күлкі келді. Ха-ха-ха... Құлақты жарып шыққан бұл күлкі жеген шөбіндей кермек. Өз-өзін тоқтата алатын емес, ара-арасында сөйлеп қояды. "Күлу керек, - дейді іштей. - Мықты болсаң жылап көрші... Көзіңнен шыққан әрбір жас өміріңнің ұрланған минуттары болу мүмкін, пайдасыздан қазіргі жақсысы - күлкі... Қалжырап ұйқысы келгендей маужырай бастады. Еш жері ауырмайтын сау адам сияқты жұмыстан шаршағандай денесі дел-сал. Құлағына бағана естіген әкесінің даусы келді, ән салып отыр. Жаңа ғана су ішкен бұлағының басына төсек төсеп, дастархан жайып тастапты. Шешесі Айған кәдімгідей шай құюда. Онан әрменірек жайғасқан немере ағасы Әлихан ештеңе болмағандай бұған назарын да салмастан қою шайды сораптай тартады. "Үйге жеткен екенмін ғой" деп ойлаған Қалмағанбеттің кеудесін қуаныш самалы кернеп кетті. Ән тыңдағысы келіп ілгерілеп отырды.

Тандап мінген тұлпарлар,  
Иесін қайда жауға салмаған.  
Құландар ішкен бұршақ қақ,  
Кімдерге шәрбат болмаған...  
"Құландар ішпес шығар..."

Ермағанбет осымен болдым дегендей домбыраны қасындағы құндағына тәптіштеп тұрып салды. Қасында отырған Әлихан әкесі екеуіне қыран көзденіп алма-кезек қарап алды да, әңгіме бастады. Сөзінде қорғасындай салмақ жатыр.

- Қалмағанбет қарағым, болар енді. Мына өмірді ойнап сүрсең де, шындап сүрсең де отызға келіп қалыпсың. Отызда орда бұзбасаң да от басына байыздар кезің болды. "Оқимын", дедің рас қой...

- Рас, - Қалмағанбет мұны кесесінің ішіндегі шайға айтқандай төмен қарап күңк етті.

- Рас болса дегеніңе жетіп, теміріңнің оқуына түстің. Әскерге барып келіп, "тастаймын" дедің. "Қой" деген бәленің басы емес пе, бүйте қой деп үндей алмадық. Үйлендің, немере сүйгіздің, оң болыпты... Бірақ бір оттың басында басымыз қосылар күн бар ма қарағым-ау... Біз қойда жүреміз, сен тойда жүресің дегендей...

Осы арада әңгімеге Айған араласты:

- Айналайын, далаға қашатын не әдетің: Сондағы қимайтының ойда - он, қырда - қырық бұзылатын жаман салдырлағың ба.

"Салдырлақ" әрине, машина. Қалмағанбет мұны түсініп отыр. Қараша үйдің артқы жағына сүйретіліп келіп тоқтаған ескі "ЗИЛ"

сүйек-саяқ дәметкен кәрі төбеттей мөлііп тұр. Кабинасының ішінде есіктерін сартылдатып жауып балалар ойнап жүрген сияқты.

- Құлағыңды сал, - деді ертелі үнсіз отырған Әлихан ағасы да тіктеле қарап. - Айтқан тілді ал да, қой бақ. Шопырлықтың да әуселесін көрдің ғой, шопандықты да көр...

Қалмағанбет бұлау терге түсті, жаны қысылып барады.

- Ей, Айнұр. - Үлкен қызын шақырды. - Бір бақыраш су әкелші, шөл қақтап барады. "Бізге не дейсің дегендей жан-жағына анталап отырған адамдарға "келістім" дей салды. "Қазір, папа" деп жүгіріп кеткен Айнұрды көріп отыр. Қостан шығып, бақыраштағы суы шалпылдай бұған қарай жүрді. Жанына енді таяна бергенде шидей аяқтары әлденеге ілініп, тыраң ете құлады.

- Қа-ап, Аманкүл суды өзің әкел, шайға шөл қанар емес. Асығатын әйелі көрінбейді, "қазір" деп қойып күйбектеп жүр. Қасындағы әкесі мен ағасына көз қырын салып еді, Ерімбет пен Әлиханның орнында тікесінен тік тұрып сөйлеп жатыр. Біреуінің дауысы құлағына таныс-ақ.

- Тұсақ отардың әр жүзіне 105-тен төл өргізген мына батыр, - дейді таныс үн қасында тұрған көзілдірікті тілшіге таныстырып, - Өзінің қой баққанына бар болғаны екі жыл ғана. Көрсеткішін көрмейсің бе, әр қойдан жыл басына үш жарым килограмнан жүн қырыққан. Бір де бір мал басын қыстан шығын қылмай аман алып шықты.

- Ферма бастығы ма екен, кім де болса біреу күпініп мақтап тұр. "Қойдан жүн қырқу деген не, - деп ойлады. - Өзі ғой жұмыртқадан жүн қырқып тұр". Тілші ататын мылтықтай фотоаппаратын құндағынан ағытты. Көзілдірігін түзеп, суретке түсіруге оңтайлана бастады. "Ойпырмай, аяғы сынып жатқан адамды да газетке басушы ма еді, шыға қойса да бірінші рет шығар" деп ойлады. - Мен ғой ажал аузында тұрмын... Мыналар көкке мені осылай көтермекші екен ғой. Атака алуыма жетпей жүрген темірдей берік денсаулығымның мықтылығы екен ғой. Әйтпесе, еткен еңбегімнің бәрі аяғым сынғанға дейін емес пе еді, күтіп жүргендері осы күнім екен ғой... Әлде мен сияқты өлермен жандар көтеріп көрсетуге жақсы шығар. Қадіріме болайын... Қой жоғалтқанымды бімейтін болулары керек.

- Тоқтатыңдар, - деді Қалмағанбет үңірейіп келе жатқан фотоаппараттың объектісін алақанымен жауып. - Мен қой жоғалттым.

## "НИКУЛИН"

Ауылда жүргенде әке-шешесінің сүйіп қойған есімімен Ізхан дейтін жұрт, қалаға барып, шопырлықтың курсың бітірем деп кетіп



еді, сол жақтан "Никулин" деген ат та жамап қайтты. Қас қылғандай "Кавказ тұтқыны" деген фильмнің сол кезеңде көрсетілмесі бар ма, енді елдің адамдары бәрі бірдей Никулин дейді. Болса болыпты, Никулин де құдайдың қоры емес, Ізхан оған ренжіген жоқ, қайта өзінің бойына біткен жаңғалақ мінезі мен қуақы сөзінен айнымады. Өйткені, оның жаратылысында біреумен жүз шайысып қатты-қатты әңгімеге келу, немесе ат құйрығын кесісіп амандаспай қалу, дауласу жоқ. Көбіне, өзіне ісі түскен адамның меселін қайтара алмайды, жұмсаған жағына қарай жүре береді. Қолынан келгенінше айтқан тапсырманы орындайды, шамасы келмесе не қайран? Сондықтан, "Никулин" деп шақырып жүргендердің оған деген пікірі түзу, "өз-өзімен жүрген тыныш жігіт қой" деп бағалайды. Рабайда, бұның да өзгелерге шаруасы түсіп қалатын болса, мінезінің осы қырын жақсы көретін адамдар сөзін жерге тастаған емес.

Ауылда аты бар жұмыс он қаралы да, қалғаны колхоздың қу дала тіршілігі. Ізхан шопырлық правосын алғасын да рульге отыра кетудің иіні келмей, шөп ауылға барып шалғы қайрады, қозы төлдеміне араласты, тіпті, қаражаяудан гөрі жұмыс аты бар ғой деп шопандардың жаз бойы қонысына күнібұрын құдық қазды. Берілген жұмысты ың-шыңсыз орындайтынын көрген колхоз басшылары сақа шопырлардан ауыс-түйіс болып қалған бір ескі машинаны Ізханға бекітіп берді. Машинаның ескілігі сондай балондардың табаны таздың басындай жылтыр, кабинасы мініп-түскенде сырқ-сырқ етіп, есігінің өзі үш қайтара жаппасаң ілгешегі ұстамайды, онда да жүріп бара жатып ашылып кететін әдеті тағы бар. От алдырар кезде күрк-күрк жөтеліп, қақырық тастаған адамша түтігінен май атады ма, моторының ішінен пысылдап бу көтерілгесін безгегі ұстаған жанша тұла бойы дірілдейді. Бұл "ал, енді құдай сәтін салса жүріп көрейік" дегені. Рулі түспегірдің де буыны бекімеген баладай былқылдап, Ізхан оңға қарай бұрса машина солға қашып, солға бұрса буы бұрқырап оң жағына жұлқа тартып, ә дегеннен әуре-сарсаңға салды.

"Мұның бір болт-гайкаларын қатайтып, майлап-сулап бабын жасайын" деген Ізхан көлігіне "сенен өткен машина жоқ" деп, ылдалдалап отырып үйінің ауласына әрең кіргізді. Еңбеккеш жігіт қой ол жақ, бұл жағын ерінбей-жалықпай кеп шұқылады. Білмегендерін білікті деген шопырларынан сұрап алды. Ел жағалап жүріп ескі-құсқы тетіктерін тауып ауыстырды, кабинаны сыртынан құрсаулап, есігін жабылатындай етті. Темірі жетпеген жерге ағаштан қиюластырып, отыратын орындығына дейін жамап-жасқаған. Содан кейін екі күн өтті ме, өтпеді ме, колхозда мұнан басқа дені сау көлік қалмағандай ауылдық Советтің төрағасы келіп тұр. "Енді бір-екі жыл амалдасам, пенсияның да төбесі көрініп қалар" деп жүрген ақсақал жасындағы боқтампаздау кісі еді.

- Бала, жинал! - деп зығырды екті. - Қасымда ауданнан келген өкіл бар. Үшеуміз ел аралап, етке мал жинаймыз. Айда, қотта мына көлігіңді, бұл шопыр деген әтеңелеттің шаруасы таусылмайды.

Ізхан қайтсін енді, тәртіп беріп тұрған тікелей бастықтың өзі, "Көксау машина елсізге апарып ұзынынан сұлап жатса, өкілден ұят болмай ма?" деп сұрауға оқталса да, ауылсоветтің сөз тыңдайтын сыңайын көрмегесін, қолын сілтей салды...

- Жарайды.

Бұлар бос бөшкедей даңғырап, қыр асқан сайын күркілдеп ентігін басатын машинаның өзімен біраз жолдың шаңын шығарды. Шопандардың аулына барды, қымыз-шұбат ішті, Изхан барлық уақыт машинаның жанында, кілттен қолы кеткен жоқ. Өйткені, жолдың ұзағы алда. Көне де болса көлік қой, егер машина болмаса ит арқасы қиянға қалай жетер еді? Амандыққа жазса, ертендері елге оралып, моторын ашып байқайын деген Изхан. Осыны ойлап отырған қалпы, үш адам тар кабинаға тағы да тығылысып, сапарға шықты.

Жердің апшысын қуыра жүріп, қатқылдың қамшы салдырмайтын айдау жолына түсе берген, бағанадан бері айтқанының бәріне құлақ асып келе жатқан мотор арылдап ала қашсын. Изханның баспаған тепкіші қалмаған шығар, бірақ оқалақ тиген сиырдай құйрығын шаншып алып, алды-артына қарамай зытқан машина онысын шыбын шаққан құрлы көрместен кездескен шоқалақтардың үстімен мөңкіп ала жөнелді. Әшиінде, өлімсіреп тұратын лақса темірдің бойында осыншалықты күш-қуат барына айран-асыр қалған Изхан қиралаңдап қалған рулінен айрылды да бұлар жолдан тайып, жусан-баялышы жарыса өскен мидай жазықтыққа шықты. Енді қалай қарай жүрсе де бәрібір, жуық маңда маңдай тіреп жығылатын шағыл да жоқ, иесіз даланың төсінде даңғырасын қағып селкілге басты.

- Тоқ... тат, әтеңелет Не-ку-лин! -дейді ауылсовет отырған орнында қоқаң-қоқаң етіп. - Өлтірдің...

- Тоқта-майт, - дейді аяғының астындағы сансыз темірлерді бей-берекет тепкілеп. - Газдың түбіндегі серіппе темірі түсіп қалған, педаль қайтпай тұр...

- Не дейді, секір дей ме? - екі көзі алақандай болып үрейі ұшқан өкіл ауылсоветтің жеңінен қос қолдап ұстап алған. - Өлмеген неміз қалды. Қайтеміз?..

Бұлардың осы күйде қанша жерге дейін кететіні белгісіз еді, ертелі жанталасып келе жатқан Изханның қолына маңдай тұсындағы кілттің қалай іліккені белгісіз, бұрап қалып еді, бағанадан бері алас-ұрып келе жатқан мотор бұрынғысынша күрк етіп үні өшті. Ертеден бері жандары жантаққа қамалып, бас сауғалаудың амалын таппай абдыраған өкіл мен ауылсовет таласа-тармаса жерге түсті...

- Ухі, тірі қалдық па, жоқ па өзі? - Өкіл үстін сілкіне бергенде машинаның көк түтін ататын қара түтігі көздеп атқандай қатарынан екі рет тарс-тарс еткізді. - Ойбай, бірдеңесі жарылып кетіп табанда қалармыз, аулағырақ кетейік...

Кешеден ауылсоветке қырын қабақ танытып отырған өкілдің тілдесуге мұрсаты келмей тұр, былайырақ шыққасын әңгімені бастады дейсің.

- Мынандай шопырды саған кім тауып берді өзі?.. Аты Никулин болғасын-ақ о бастан іргенді бөлек салмадың ба?... Осыдан барысымен бұның көзін құрт та, Малдыбайды алсаң да адам исі бар біреуді қабылдап ал... Енді қайда барамыз? Жақын маңда ауыл қарасы бар ма еді?

- Осыдан отыз-қырық шақырым жерде еді...

Бірден-ақ машинаның маңдай түндігін ашып, мотордың арғы-бергі жағына көз жіберген "Никулин" балонның астымен жер бауырлай өтіп, әлденелерді шықылдатып ұрып жатыр. Өкілден кейістік естіп қанасына сыймаған ауылсовет бұған келгіштейді, өкілге де қарағыштайды.

- Осымен қара жаяу қалғанымыз ба, не жау тиіпті? - Алпамсадай машинаны айналып жүріп сұрайды. - Жүре ме өзі енді қайтып?

- Жүреді ғой... Газдың түбіндегі серіппе темірі ұшып кеткен.

- Қарап отырмайсың ба, әтеңелет.

Мотордың астында жаны қысылған жігіттің мұндай жыны тырыспас. Кабинаның ішіндегі адамның моторға қарап отыра алмайтынына зердесі жетпеген ауылсоветіне шынымен-ақ ренжулі. Бірақ қалай ренжігенде де мұның міндеті - басшыларды көліксіз қалдырмау. Сол себепті газды серпіп тұратын темірді қайдан табамыз деп бас қатырмастан, оның орнына ышқыр бауындағы резеңкені тесіктерден өткізіп әбден шырмап байлады. Ішке барып, газды басып байқаған, міні құрмаған секілді тепкіші өзіне қарай қайтып тұр. "Осымен-ақ бір қараға соғармыз" деген Ізхан екі бастығын жанына отырғызып қой ауылды бетке алып қайтадан жолға түсті. Көңілдерін бірлеген бастықтар біраздан кейін желпініп, шаруа жайын сөз ете бастады. Осындай ұзақ жолға шыққанда техниканы көзі танитын сақа шопырдың болғанына не жетсін деп келеді. Уәкіл бағанағы райынан біраз қайтқанға ұқсайды.

- Мына жігіт жастығына қарамастан бірдеңені топшылай біледі екен. Қанша жыл жұмыс істегенмен бұзылған жерін таба алмай әуре-сарсаңға түсетіндер де бар, оған қарағанда ақұдай-шүкір ғой, - дей бергенде мотор тағы да бір селк етіп, алды-артына қарамай бет алды құла дүзге ала қашты. Ізхан бұл жолы бағанағыдай әбігерленген жоқ, кілтін тауып алды да шиқ еткізіп сөндіріп, машинаның шайтанын қағып тастады. Жаңа ғана ышқырауының бір ұшын карбюратордың

тесігінен шалып алған еді, сол қатты қызған кезде резеңкені қиып жібергенін жігіт іштен түспей тұрып-ақ сезді. Сезді де үмітті көзбен ауылсоветтің өзіне қарады. "Аға, мында келіп кетіңізші" деп оңашаға шақырды да мотор ішінде қандай кесепат болып жатқанын, егер резеңке табылмаса бүгін осы араға түнейтіндіктерін жасырмай айтып берді. Әңгіме әрлі-берлі, ілгері-кейінді тайғанақтап, түйіні өз ышқырбауына тірелгенін ауылсовет түсінді де, айтарға сөз таппай біраз тұрды. Сосын аяғын қисалақтай басып таяқ тастам жердегі қалың түзгенді айналып көрінбей кеткен, әудем уақыттан соң бұған қарай қамшыдай жалпақ резеңкені салаң еткізіп лақтырып жіберді.

- Ал, әй, атаңанәлет Некулин! - Өзі қынай тартып алған белбеуін қайта-қайта қозғап, шалбарым сырылып төмен түсіп кете ме дегендей қолымен айналдыра сипайды.

Бұлар қиналған жерде тапқан амалдың арқасында біраз жерге дейін сүргіте жүріп, ақ шоқалақ орғыл құмдарға таянып қалды. Аракідік жер бетіне қойдың шары пайда болды, енді бір сілкінсек қатарласа тігілген киіз үйлердің үстінен түсеміз бе деген дәмемен биікке асыла берген. Мотор тағы да ескі әуеніне басты. Тоқтағаннан соң да ішегін құрылдатып қойып, тышқан жорғаламайтын жазық дала төсінде бір-біріне үнсіз қараған үш адам кабинетінің ішінде біраз отырды. Өкіл қасындағыларға назар салмастан әлденеге сызданып алған.

- Мола баққан байғыздай не ғып отырсың, түссейші әрмен, - деді ауылсовет Изханды шынтағымен емеурін бере қағып.

Жерге түсті, түссе де алысқа ұзамай бұлар не айтады екен дегендей ыбыр-сыбыр әңгімеге құлағын салады.

- Әлеке, - дейді ауылсовет шопыр естіп қалмасын дегендей булыға сөйлеп. - Жағдай осындай... Өзіңіз де сезіп отырсыз ғой.

- Что за безобразие. – «Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін кампайтар» деген рас сөз, бастық та қанша қорланғанмен кеудесін бермей, осы арада намыс үшін өлуге бар адамдай ыңғай бермеді.

- Әлеке, көпті көрген адамсыз ғой... Жолда жүргенде не болмайды... - Ауылсовет жалынып-жалбарынып, көпшікті де қойып жатыр. - Өзі де атаңанәлет бала екен, жұрт мұны неге Некулин дейді десем, осындай иттігі бар екен, жаңа білдім ғой...

- Сонда маған не қыл дейсің?

- Айтуға да ұят екен. - Ауылсовет қатты қиналды. Мүмкін болса, жаңағы құрып қалғыр пружинаның орнына резеңкі керек еді...

- Оны қайдан табамын шырақ-ау. - Өкіл білсе де түкті сезбеген адам сияқты, екіұштылау сөйлеп жан-жағына қарағыштап қойды...

Бағанадан бері біздің ау-жайымызды бағып отыр деген өкілінің бәрінен бейхабар екеніне ауылсовет аң-таң қалды. Басқадай түсіндірудің ретін таппай:

- Мен жаңа пружинаның орнына түк табылмағасын ышқыр бауымды алып беріп едім, машинасы түскір зырғып кетті ғой, - деді.

- Ал, пәлі, ышқыр бауың кеткесін, қалған жағы аяғыңның басынан шықпай ма? - дейді өкіл бір жағынан жыны келіп, екінші жағынан ақыл сұрап.

- Жо-оқ, түк те қылмайды. - Ауылсовет өкілдің келіскен сыңайын сезіп қуанып кетті. - Міне, мынандай қылып белбеуіңізді қынай тартып алсаңыз, ішкі бетінде не болып жатқаны білінбейді.

Мұнан кейін екеуі іркес-тіркес кабинадан түсті де, машинаның сыртын айналып кетті. Сәлден соң ауылсовет тура төс қалтасынан табылғандай, қылып қағазға ораулы қылдай резеңкіні бұған беріп жатыр.

- Ал, енді, атаңанәлет, далада қалсаң, бізді елдің қарасына арқаласаң да жеткізесің, қазір қыр асуға жағдайымыз жоқ, - деп бұған қарай ысылдап сөйлейді.

Сол жолы далаға қонып, ақірет-азар көрген жоқ, баратын жерлеріне емен-жарқын әңгімелесіп те жетпеді, әйтеуір ел қарасына іліккен. "Сені жұмыстан баруына қуып шықпасам ауылсовет атым өшсін!" - деп тісін қанша қайраса да Ізханның түгі қисайған жоқ. Сол күні аудандық соғыс комиссариатынан әскерге шақыру қағазы күтіп жатқан. Ізхан әскерге аттану кешіне жиналған жолдастарына жол үстінде болған оқиғаның түйірін түсірмей баяндап берді де, ол ертеңіне-ақ ауылға жайылып кетті.

## КӘШТАЙ

Кәштай үшін әскердің дәм-тұзы Моңғолиядан бұйырды. Елде жүргенде іш пікірі "кет әрі" болмаса да, тиянақты бір жауабын айтпай, бір ауыз лебізіне зар еткен Күләй деген қыз бар еді. Әскерде жүріп: "Маған деген көңілінде қылаудай кірбінің болса ашып жаз. Мен елге қайтпай-ақ, Улан-Батор университетінің қазақ бөліміне оқуға түсемін" деп қызға хат жазыпты. Күләй ауылдан аттап шығып көрмеген қойшының қызы ғой, көз алдына кепкісі қақырайып, етігі жылтылдап, жып-жинақы жүрген Кәштай елестеді. Моңғолда да қыздар бар шығар деп қызғанышпен оңашада жылап та алды, ақыры жүрегінің түбіне шөгіп жатқан махаббат шоғы қайта маздады да: "Жат жердің оқуын қайтесің, елге келсейші. Уәде - құдайдікі, тағдыр жазса, мен - сендікпін" деп сағынышқа толы хатты үздіге отырып жазды.

Кәштай Күләйдің тілегін екі етпей орындайды, баяғы өзі шопыр болған ауылына оралып, үйлену тойларын дүрілдетіп өткізді. Той өтісімен директорға соқты, бұрын да айдаған машинасы еді, заңға сәйкес соны өзіне қайтып берсе, жұмысқа түсетіндей сыңайы бар.

- Қарағым, сен шопырлықты қой, - директор әлдене ойына түскендей күлімсіреді. - Сол кәсіп саған қол емес-ау деймін. Бұрын да бір шамаңды байқап көрмеп пе едің?..

- Жарайды! - "Неге күлдіңіз?" деп ежіктеместен бұл келісе кетті. - Енді не жұмыс тапсырасыз?

- Ауылдарыңа бір фотограф ұстауларың керек деп аудан құлағымның құрыш етін жеп жүр еді, - деді директор. - Мінезің майда, ешкімнің бетіне келмейсің, баяғы жаңғалақтығың әскерге барғасын түзелген шығар деп сені қол көріп отырмын. Бұған қалай қарайсың?

"Болмайды" деп айту Кәштайдың жаратылысында жоқ, "көреміз" деді. Сонан бері, бұл - фотограф. Дүниенің бар жан тыныштығы осында екен, кеңсенің түкпірінен беріп қойған бөлмесінде жатып-тұрып, түртінектеп тірлігін істей береді. Өз билігі - өзінде. Алғашқы айлары суреттің бәрі тұманды күні түсірілгендей бірыңғай бұлыңғырланып, адамдар шеттерінен ұйқы көрмеген сияқты беттері ісініп, қалқыңқы болып жүрді де, келе-келе біреудің көзі, біреудің кеудесі, біреудің кеңірдегі қолға ұстайтындай айқындала бастады. Суретке түсіретін аппараттың сырына қанығып, дәрілерді пайдаланудың тәсілдерін алған кезде суреттің қанықтығы сонша, жұрттың беті құм астынан аршылып алынған ескерткіштей жарқырап, трактористердің ұстара жүзін көрмеген сақал-мұрттарының сояудай-сояудай қылшықтарына дейін толық көрінді. Бірақ, алақандай ауыл ішінде бүйім-әлімсіз суретке кім түсе берсін, уақыт өткен сайын ондай шаруамен бұған соғатындар тіпті, сиреп кетті. Ауданнан екі күннің бірінде "жоспарыңды неге орындамай жатырсың, тездетіп тиесілі ақшаны почтаға жеткіз" деген қатынастар келеді де жатады. Тіпті, болмағасын бұл жұмысыңды көп көріп жүрсең, шығарамыз деп қорқытып-үркітуге көшті. Кім-кімге де қайырып қатты сөз айтпайтын Кәштайдың күн санап күйі кетіп бара жатыр. Жоспарын орындамағасын айлықтың да мазасы жоқ, алатыны – тиын-тебен. Енді қайтеді, Кәштай әрі-сәрі ойланып жүріп қулыққа көшті.

Ертеңіне ауыл почтасының алдына ілінген етектей қағазда түрлі-түсті бояумен әшекейлеп жазылған хабарландыру ілулі тұрды. Автобус тосқан, хат-хабар күткен, газет-журналдары болса үйіне ала кетуге келгендер бар, бір оқымай өтпейді. Әдемілігін былай қойғанның өзінде мән-мағынасы да қызық, жұрт "шын ба, өтірік пе?" дегендей біріне-бірі қарайды. Өйткені, хабарландыруда: "Таяу күндері аудан орталығында "Сұлу сымбат иелері" атты фотографиялық конкурс өткізілмекші. Конкурса қатысуға тілек білдірушілер 6х9 көлемдегі суретке түсіп, оны фотографқа табыс етулері тиіс. Конкурс адамдардың жасына, жынысына, біліміне қарамайды.

Конкурста жеңіп шыққандар үшін әділқазылар алқасының сыйлықтары мына көлемде:

Бірінші орынға - екі мың сом, екінші орын - мың сомнан және үшінші орын алғандарға - 500 сомның мұғдарында бағалы сыйлықтар табыс етіледі.

Аудан бойынша жеңімпаз деп танылған суреттерді аудан облысқа, облыс Алматыға, Алматы Мәскеу жаққа жіберіп, Мәскеу журналға басып шығарады. Журналға шыққан сурет иелеріне жаңағыдай мөлшердегі бәйгелер қайтадан беріледі" деп жазылған.

Хабарландыруды ілуін ілсе де, мұның ақыры неге соғады екен деп көңілі күпті Кәштайдың дымы ішінде, бөлмесінен шықпай күні бойы отырды да қойды. Бір кезде бұған біреу аяғын сақтана басып келе жатқандай көк есік сықыр-сықыр етеді. Бөлмесінде әрең байыз тауып отырған жігіт "талапкерлерді" қарсы алу үшін орнынан ұшып тұрған.

- Қайне-ем! - деп күледі бала бақшада тәрбиеші болып істейтін опа-далапты молдау пайдаланатын бір келіншек. - Аманбысың?

- Кел, жеңеше, келіңіз...

- Мына бір хабарландыруың немене өзі? - Жеңгесі бұған қарай күлім қағып келеді. Иіліп ілтипатты бола қалыпты, үстінде өтектің жүзінен өткен жылтыр көйлек, басында гүлді орамал. Өз тірлігінен өзі ұялыс тапқандай туралап та қарай алмайды. - Бала-шағаға бір пайдасы тиетін нәрсе ме?

- Қайдам, жеңеше? - Кәштай сыр берген жоқ. - Бақ талабыңыздан көресіз. Алда-жалда орын алып жатсаңыз, абыройыңыз бізге де ортақ...

Келіншек ұялса да иіс майы бұрқыраған шашын айна алдында қайта-қайта тарап тұрып, сыр тартып көреді. - Конкурс болатынын әлгі біздің үйдегіге айтып едім, "қой, жерде жатқан қайдағы ақша, Кәштай қаққанның ойлап тауып жүрген бәлесі шығар" деп беттететін емес.

- Мен ешкімді қыштаған жоқпын жеңеше... Бастықтарым тапсырғасын хабарландыруын іліп қойдым, онан әрі қарай конкурсқа қатысу-қатыспау сіздің прабаңыз...

Бұдан соң көңілінде титімдей де күмән қалмаған келіншек сыланып келіп объективтің алдына жайғасты. Бұл баяғыша суретті көк тұман басып кетпес үшін бет-ажарын айқындап алайын деп камерасына үңіле бастаған еді, дәп сол сәтте-ақ суретке түсіріп алады деді ме, жеңгесі бір қырындай, кино актерлерінше көзінің қарасын үйдің төбесіне қарай аударып, аяғын аяғының үстіне қойып отыра қалған. Басына қара шүберек жамылып онсыз да әрең тұрған Кәштай жәшіктей аппаратының тасасында бүлк-бүлк етіп біраз күлді. Келіншек кетерінде суретімді ынталанып шығарсын деген болса керек, тиесілі үш сомның орнына алақанына бес сом қыстырды.

- Қайнем, бұны ешкімге айта көрмессің... Анау ағаң Кәштай қаққанның суретіне неге түсесің деп басыма әңгір-таяқ ойнатар, - деп аяғын еппен басып, артына қарай-қарай шығып барады. - Бір бәйгеге иегім ілінсе, жуатыным тағы бар.

Өз-өзімен онаша қалған Кәштайды күлкі қыштап, оңашалап құмардан бір шығу үшін есігін жауып ала берген, тықылдатып біреу қағады. Осы ауылда түрлі-түрлі өлеңдер жазып, ән айтып, домбыра тартып, шашының дуда-дудасы шығып жүретін әуейілеу ақын жігіт бар еді, сол кіріп келіп тұр. Келді де мұның сәлемін де алмастан мақтай жөнелді.

- Кәштай, мынау бір мен туғаннан бері аулымызда болған үлкен жаңалық ал... Бізге бұрын қой бақ дегеннен басқа жылы сөз айтпайтын еді, аудан басшылары адам болар, түбі. Шет елдерде тауық төбелестіріп, ит таластыратындардың пайдасы шаш етектен ал... Бізде де бет бұрыс солай бара жатыр... Соның хабаршысы – бүгінгі сенің хабарландыруың... Ал, енді бала, пұл болмаса, күл болар бір қызық жасайық... Бақ шаппайды, бап шабады деген... Қазір шабыттанып жүрмін. Сен мені отырғызып қойып, сылап-сипай бермей, тас-төбемнен жарып түсір суретке... Мәселе, ракурста... Жұмбақтау болған дұрыс. Мен өзімше ойланып отырған болайын, сонда қабағым бетімді жауып, мұрным қазіргісінен түсіңкілеу көрінеді. Жазатайым, бәйге-сәйгесінен іле кетсем ортасынан қақ бөліп жартысын қолыңа ұстатамын ал... Әзірге мынау...

Кәштай айналдырған бес минуттың ішінде он сом тапқасын тағы да "талапкерлер" бар ма екен деп күтіп отыра берген. Есікті таяғымен түртіп ашып, арызқой Нәуеш деген шал босағадан аттады. Кірісімен басындағы ақ далбайын асықпай шиыршықтап қалтасына салып алды да, тершіп кеткен қасқа маңдайын, мойнын тәптіштеп тұрып сүртіп шықты. Күн жанып, көшені өрт алғандай аптап ұрған жаз айы еді, қара костюм-шалбарын киіп келгеніне қарағанда бұның да конкурстан дәмесі барын Кәштай сезіп қомпылдай бастады. Бұған басын екшеп амандасты, содан соң бөлменің бұрыш-бұрышында тығылып тұрған біреу жоқ па дегендей тінткілей қарап шықты. Алдындағы столға жайғасып отырды.

- Тәк, бала, талап оң болсын. - Нәуеш қалтасынан қаламы мен блокнотын суырып, көзілдірігін киді. Ауыл балалары Нәуешті сыртынан «тыңшы» деп айтатыны есіне түсіп Кәштайдың жүрегі аузына тығылды. Өйткені соғыс жылдары Нәуеш неміс жағына өтіп кетіп, солардың қол астында қызмет етіпті деген әңгімені құлағы үзіп-жұлып шалып қалатын. Әрі осы өңірге аты белгілі арызқой, осы кісінің шағымын тексеріп неше комиссия келіп, неше комиссия кетіп жатады. Оның үстіне, көрген-білгендерін түгін түсірмей жазып жүретін шал құрығын маған тастағалы тұр екен ғой деген қауіппен,



төніп келген бөледен қалай сытылудың жайын ойлады. Ал, Нәуеш болса қаламын кезеп-кезеп қойды.

- Мына конкурсыңның басы-қасында жүрген бастықтары кімдер?

- Білмедім, аға, - деді Кәштай тыпыршып...

- Білмегенің дұрыс емес, әрине... - Блокноттың бетіне фотографтың бұл жайдан хабарсыз екендігі түртіліп алынды.

- Мынау бір енапат ақша ғой, кімдердің есебінен берілуге тиіс? - дейді тағы да бұған сұраулы жүзбен.

Бәрін бірдей білмедімді айтқаннан да жазып қалармын деп қысылған Кәштай:

- Үкімет шығар, - деді сиырқұйымшақтандырып...

- Әй, қайдам, үкімет те оңайлықпен ақша шығармайтын еді ғой, бірақ соңғы кездері сенім жоқ, не болса соған шашылатын болып жүр... - Нәуеш бұдан кейін маңдайын сипап біраз отырды, сосын қағаз-қаламын жинап қалтасына қайтадан салды. - Балам, баяғы аталарымыздың "Базарға бар да, бақ сына" деген сөзі бар... Мынау иесіз қойдай ығып келе жатқан мол дүние көрінеді... Содан біз де қарманып қалсақ айыбы болмас... Сен мені "Қарт коммунист" деп жақсылап тұрып суретке түсір, аудандағы шаруасын өзім бітіремін...

- Дұрыс қой, - Кәштай мінгір-мінгір етті, - бірақ сізге жайлы емес шығар. Ел сыйлаған ақсақалсыз, ертең бала-шағаның арасында суретіңіз жүрсе. Бұл көбіне қыз-келіншектердің қолы ғой.

- Әй, бала, сенің сөзің сұйылып тұр... Хабарландыруда "жасына, жынысына қарамайды" деп жазылған емес пе? Олай-бұлай бұлталағың болса, қазір ауданға звандаймын...

Кәштай бұдан соң ақ тер, көк тері шығып жүріп пленкаларын қайтадан оқтай бастады. Аппаратын сайлап жатып, объектив арқылы өзіне қарай тесіле қараған арызқой шалдың ертеңгі күні "конкурса кетті" деген суретінің ізін қуып, аудандағы бастықтарға баратыны ойына түсті. Жаңағы сөзінің сыңайына қарағанда, бастан аяқ өзі араласатындай ниеті бар. Аудандағы басшылар ондай атты конкурстың өтетінінен бейхабар, мәселе тиянақ таппай сырғанап аудандық мәдениет бөліміне ат басын тірейді. Оның бастығы "естісем құлағым керең болсын" деп ат-тонын ала қашады. Нәуеш "Улан-Батор университетіне оқимын" дегенге сене қалатын Күләй емес қой, мұнан кейін қағаздарын хаттап прокурорға тапсырады. "Мынау тып-тыныш елдің арасына сыналап еніп кеткен алаяқ жігіт екен, жұртты алдап-арбап пайда табудың жолына шыққан біреу ме?" - деп ол Нәуешті қағазымен қосып сотқа жібереді. Сот мұны шақыртады. Осыны ойлағанда, ертеден бері бәрін ойын-қалжың қылып, әрі табысын тауып жүрген Кәштайдың аза бойы қаза болды. Енді өкіріп шалдың аяғына жығылмаса, тайынатын жер қалған жоқ.

Фотоаппараттың шүңірейген көзін Нәуешке төндіріп біраз тұрды да, бір жағынан жарқыратып электр жарығын берді. "Араарасында қандай қулық ойласам құтыламын" деп миы қатып тұр.

- Ойпырмай, аға, - деді Кәштай - маңдайыңыз тіптен қылтанағы жоқ ашық екен... Жарықтың өзін кейін қарай теуіп көзімді қарықтырып тұр. Суреттің ала қоюы да қиын, әрі түріңіз өзгеріп шыға ма деген қауіп бар... Немістің Борман деген генералына қатты ұқсап кететіндей ме?

- Ол кім? - Нәуештің көзі ежірейіп кетті, жүзінде үрей пайда болды. Біреу ескі жарасын тырнап алғандай...

- "СС" деген бар ғой...

- Әй, бала, сенің оңдырмайтыныңды есіктен кірген кезде білгенмін. Саған біреу осы кісіні алдап-сулап, суретке түсіріп ал дегеннен саумысың?..

- Өзіңіз ғой келген, ондай ойым жоқ, аға.

- Ой, несі ай!.. Қай-жайдағыны тергіштеп... Мені сол немістің генералымен табақтас болды деп пе едің?.. Енді менің соңыма сені салып қойған екен ғой... Оңарсың жетпістегі шалдың басқан ізін аңдысаң...

Кәштай сандырақтап тұрып, ағасының осал тұсынан шыққанын біліп, шынымен-ақ астыртын комитеттің бірімен байланысты адамша, қабағын шытты... Бұрынғыдай асып-сасқан жоқ, сөзіне мән бере сөйледі.

- Бәрі үкіметтің тапсырмасы ғой, ақсақал. Адал болсаңыз, несіне ренжисіз?

- Әй, бала! - Асығыс-үсігіс жинала бастаған Нәуеш бұның құлағына аузын тақады. - Дүниеде жамандық қуған адам көктемейді екен, соған көзім жетті. Ал, сен бар ғой, балам, бағанадан бері айтқандарымды көңіліңе алма. Суретінді түсір де, шыртылдатып тиындарыңды санап жүре бер. Бірақ жаңағыдай бәленің атын айтпа... Қайтесің?.. Қайта, оларыңа қой де... Менің берер саған батам, көктепкөгерге бер айналайын...

Шал тәлтіректеп есіктен шығып кетті. Бір бәлеге сағағынан ілініп тұрып, аман қалғанын білген Кәштай, сол күні кешкілік ешкімге көрінбей барды да, өз қолымен жазған хабарландыруды қабырғадан жұлып алды.

## Сүрен

Бет-аузы қара дақтанып, қолымен көмір көсеп, күл шығарып әбігерге түсіп, жылу жүйесінде жүрген Сүренге әскерде болғанының пайдасы тиіп, ойда жоқта мектеп оқушыларын әскери дайындықтан өткізетін мұғалім болып орналасты. Аудан орталығына жылына бір

рет оқушыларды жинап алып, мылтық атқызушы еді, енді оқушыларды сонда бастап барды. Жұмыс бірыңғайланды. Қалаға күнде келіп жатпағасын, өз шаруаларын қоса тындырып алмаққа базар жаққа беттеген. Көше айналмасына жетпей-ақ ауылда үй арасында үй жоқ көршісі, әрі құрдасы қарсы ұшырасты. Екеуі оны-мұны сөз қылып біраз тұрған соң құрдасы:

- Дабай, Сүрен, елде ерніміз кезеріп жүрдік қой, енді мына жердегі кафеге барып, шөл басып дегендей көңіл көтерейік, - деді.

- Қазір жұмыс уақытысында арақ ішкендерді ұстап алып, тексеріп жатқан көрінеді ғой, - деп Сүреннің обалы нешік, қауіп айтып қашқалақтады. Анау көнер емес.

Ақыры, өзінің де тамағы жыбырлап, құрдасының да жүзін жерге қарата алмай, кафеге келіп отырып, бір-екі күрішкеден сыраларын сіміріп, арқа-басын кеңге сала бергені сол еді, бұларды аңдып тұрғандай бір топ тексерушілердің ішке сау ете қалмасы бар ма!

Әуелі екеуі де аты-жөндерін айтқысы келмей әрі-бері бұлталақтап байқаған еді, рейд мүшелері бұларды өздерімен, әлде қалай ала кететіндей сынай білдірді. Көмірден қолы енді ғана тазарып, галстук байлап қызметкер санатына ілігіп қалған Сүрен "маскүнемдігіне байланысты мектептен шығатынын" ойлағанда, ұят-аятты жинап қойып әлгілерге жатты да жалбарынды.

- Өзімнің де қызметтен салуым болмай жүрген сорлы едім. Ертең "жұмыс уақытысында кафе жағалап арақ ішіп тұр" деген қағаз түсірсеңдер бұл ағаларыңды тірілей өлтірерсіңдер. Онан да ат-тон айыптарыңды алып, жабулы қазанды жабулы күйінде қалдыра көріңдер.

Тексерушілер "енді қайттік?" дегендей біріне-бірі қарады. Ішіндегі жасы мосқалдауы "Байғұсты жер-жебіріне жеткенше жалындырып қайтеміз, шырылдатпай-ақ бергенін ішіп, шаршағанымызды басып қайтайық та" дегендей ым жасады. Сонымен, Сүреннің комиссия мүшелеріне ырза болғаны сондай, қалтасындағының бәрін шығарып ортаға салды. Дастархан қайта жайылып, стол үстінде арақ та, шампан да ашылды. Әркім қалағанын ішіп мәре-сәре болысты. "Не жаздым?" күйде отырған Сүрен біртіндеп комиссия мүшелерінің құрметті адамына айналды. Тіпті, алғашында өзін тықсырып, артынан бәріне басу айтып, тоқтау салған мосқалдау кісі:

- Сенің ер көңілді жігіт екеніңді білмей бізді қара басты. Келші бермен, - деп Сүреннің бетінен сүйді.

Қалғандары "Сүреке, Сүреке" деп құрақ ұшты.

Бұлар қашан кафе жабылғанша көңіл көтерісіп, ең ақырында біріне-бірі адрес беріп, Сүренді жағалай қонаққа шақырып, бұған қимастықпен қарап, ақыры үйді-үйлеріне тарасып тынған. Адамға

абырой әпермейтін бұл құпиямызды тісімізден шығармайық, ауылға ештеңе көрмегендей болып барайық деп құрдасының да құлағына құйған. Екеуі сөз байласып, уәделескесін көңілін бірлеп, қаннен қаперсіз мектебінде жұмысын істеп жүрген...

Бір күні қым-қуыт шаруалардан басы босамай әлдеқайда асығыс бара жатқан.

- Әй, Сүрен! - дейді біреу.

Бұл жалт қарады. Кеңсенің алдында кәсіподақ комитетінің төрағасы тәлтиіп тұр. "Мұнда кел, әңгіме бар" дегендей қолын бұлғап белгі береді. Сүреннің жүрегі қағып кетті. "Тәуекел, осыдан бір ай бұрынғы шаруаны қайдан білсін?" деп аяғын батылырақ басып кеңсеге енген. Келгеннен кәсіподақ жетекшісі бастырмалата жөнелді.

- Әй, сен қалада не бүлдіріп жүрсің?..

- Мен не бүлдіріппін?..

- Жұмыс уақытысында арақ ішіпсің... Мас болып комиссия мүшелеріне үйіңнің адресін беріпсің... Және айып ақшанды төлемей ауылыңа тұра қашқан көрінесің...

- Не дейді?..

- Сен маған сенбей отырсың ба? Ендеше аудандық милиция бөлімінен жолдаған қатынасты көрсетейін...

- Ойбай, аға, қатынасты маған да, ешкімге де көрсетпе. Мына бәледен құтқар мені, - деп Сүрен жаны ышқына кәсіподақтың қолына жармасты. - Қандай тапсырмаңыз болса да екі етпей орындайын...

- Сендер енді өздерің бүлдірсеңдер де, отқа бізді итеріп саласыңдар. - Кәсіподақ төрағасы жолдасының қиналғаны шынымен қабырғасына батқандай қабағын түйіп. - Жақсы, - деді әлден уақыттан соң. - Мен сенің тірлігіңді тындырайын. Сен біздің үйдің отынын әкелуге ертеңнен қалмай жүріп кетерсің.

Колхоз тұрғындарының сексеуіл таситын аймағы сол арадан жүз қаралы шақырымдағы ит өлген жер еді. Барып, сексеуілдерді тиеу, оны табанға салып, темірмен ұрып, қауқитпай жаныштап басу бейнеті мол жұмыс. "Жазған құлда шаршау жоқ", Сүрен алакеуімнен төсегінен тұрып, көзін тырнап ашты да есігінің алдына тырылдап тұрған тракторға іші қанжылап барып отырды. Жағдайсыз жолдың бойымен селкілдеп бара жатып: "Комиссия мүшелері де құдайдан безгендер екен... барымды ішіп, бетімнен сүйіп қоштасып, штрабын төлемей аулына қашып кетті" деп ізімнен қағаз жібергендері несі? деп бір күйінеді. "Жайыма қарап жүрмей сыра ішкен не теңім?" деп өзіне де кіжінеді. Бәрібір, жалтарып тартуға жол қалмады, бір мінген тракторынан түсе қашпайды, сол күні елсіз-сусыз қу мекен далаға бір түнеді де ертеңіне сексеуілді тергіштеп жүріп, тракторды ыңыранта тиеп алғасын, міндетінен құтылғандай бойы жеңілдеп ауылға қайтты.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы оның бұл ерлігіне ризалықпен шын көңілден алдына арақ қойды. Аузы күйіп, ішімдік атаулыдан зәрезап болған Сүреннің "енді татып алсам қылтамақ болайын" деген серті бар еді, сол сөзінен айнымай, стакандарды қолының сыртымен кейін жылжытып қойды.

- Ау, не болды? - Кәсіподақ төрағасы жолдасына таң қалды. - Комиссия мүшелерімен ішесің, біз сияқтыларды менсінбейсің бе?

- Бұл бәлені қойдым. Онан да анау ауданнан келген қағазды не қылғаныңды айт...

Құрдасы күмілжіп қалды, әлденені жеріне жеткізе алмаған адам сияқты төмен қарай береді.

- Немене, ештеңе өнбеді ме? - Сүреннің отырған орнында жүзі күреңітіп кетті...

- Жоқ, айтар ем ғой, бірақ...

- Не бірағы бар?..

- Ондай қатынас қағазы бізге келмеп еді...

Сүрен есінен танып қалғандай бір сұрланды, бір бозарды, алдында тұрған шыныны өз қолымен стаканға меймілдетіп тұрып құйды да, тартып жіберіп құрдасына қарады.

- Тап, аузыңды!.. Қатынас қағазы келмесе, езіп ішіп жүргенің немене?

- Жәй, көршіңнің айтқанын құлағым шалды да, бұны бір мөңтеңдетіп алайын деп әзілдеп едім.

- Ал, - деді Сүрен ашуланғаннан ештеңе шықпасын біліп, өзінен лекілдей күле. - Осы әңгіме дастархан басында қалсын.

- Жарайды, - деді кәсіподақ. - Отынымды түсіріп алдым, енді сендік шаруам шамалы... Саған алғыстан басқа берерім жоқ...

Осы оқиғадан кейін де біраз күннің жүзі өткен. Өзінің мінезінен бе екен, әлде осы ауылдағылар шеттерінен әзілқой, қылжақпас па, бұнымен жұғысып, әңгімеге айналдыруға әзір тұратындар көп. Кешкілік сабағын бір жайлы қылып, колхоз кеңсесінің алдын кесіп өтіп, үйіне беттеп келе жатыр еді.

- Әй, Сүрен! - дейді біреу.

Кеңсенің алдында колхоздың партком хатшысы тұр, жас шамасы өзі құралпы жігіт еді, мында кел дегендей ол да қолын бұлғайды. Бұл кері бұрылмай-ақ жөнімен жүре бергісі келіп еді, артынан атын айтып қылқылдап қоймағасын амалсыз мойнын бұрды. Осы жолы біреу-міреу өтіп кеткен жайды қозғап басымды қатырса, ешкімді де аямаспын, ұялтатын сөзімді айтамын деп тас түйін бекініп алған.

Парторгтің сөзі де өткендегі кәсіподақ төрағасының әңгімесінен аумайды.

- Ал, Сүке, қала жақта не бүлдіріп жүрсің?

Сүрен шарт-шұрт ашуланды да, жігітке кіжініп-кіжініп қалды.

- Қоясыңдар ма, жоқ па осы? А?.. Бәрің жабылып, бір ақымақты тапқан екенсіңдер. Өзің білдей парторгсің, маған айтып тұрған сөзің мынау...

- Әй, сен не айтып тұрсың? - Парторг те қызарақтауға қарады. - Мен саған қалаға барып арақ ішпе дедім.

- Кім арақ ішті?

- Сен.

- Қойып бер мойныма!

Парторг ертелі артына бірдеңені көлегейлеп тұрғандай болып еді, аудандық газеттің бүгінгі нөмірін алдына жайып жіберді. Басына "Маскүнемдік пен ішкілікке қарсы бітіспес күреске шығайық" деп бадырайтып жазған. Астыңғы жағына кейінгі кездері жұмыс мерзімінде арақ ішіп, рейдке кездескендердің тізімі, жұмыс орындары беріліпті. Сол тізімнің етек жағынан Сүрен өзінің аты-жөнін көріп есінен танып түсе жаздады.

- Мынау сенің фамилияң ба, жоқ па? - Парторг енді бұның көзіне шұқыды. - Мен өтірік айтып тұрмын ба?

- Жоқ, айтқаныңыз рас, фамилия менікі. Енді мені тірілей көмбесең, мына бәледен құтқар, - деп парторгтің етегіне жатты да жабысты.

- Бүкіл аудан халқы құлақтанып қалғасын қалай құтқарамын? Онан да сол комиссия мүшелерінің көңілін таппадың ба?

Сүрен "көңілін тауып едім" деп қалай айтсын, үн-түнсіз үйіне келді. Бөлменің есігін ілгешектеп жауып, комиссия мүшелерінің құрамында бар кекселеу жігіттің телефон номерін тауып алды. Тауып алды да телефон соқты.

- Ау, мыналарың не? - Енді бұл оның өзіне дүрсе қоя берді. - Арақ ішкендердің тізімінде мен жүрмін ғой. Нанымнан айырайын дедіңдер ме?

- Ойбай. Сүреке, айып бізден. - Кексе жігіттің бұл жағдайды біліп тұрғаны осы екен, безілдеп қоя берді. - Әнеукүні бәріміз бірге сіздің арағыңызды іштік қой.

- Иә, іштік.

- Сонан кейін шамалап қызып қалдық.

- Иә, қызып қалдық.

- Шалабурыл тартып, абыр-сабырмен жүргенде сіздің фамилияңызды өшіріп тастауды ұмытып кетіппіз. Енді айып етпе.

- Тап қана комиссия болған әкелеріңнің... - Сүрекең телефонның трубкасымен столдың үстін салып жіберді. Өзі де амалы құрыған жанның кейпімен қасындағы диванға құлай кетті.

## АЗАЛЫ КҮН

Екі-үш жылғы демалысын бір-ақ алып, директор қоңыр күзде курортқа кетті. Ендігі бүкіл мектептің бүлігі оқу ісі жөніндегі орынбасары Тұмақбайдың қолында. Тұмақбай қолыма билік тиді екен деп еліріп жүрген жоқ, шамалы уақыт мұғалімдерге "эй-шэй" дегені болмаса, директордың демалыс мерзімі бітісімен орнына қайтып баратынын біледі, қайта осы кезде әлденеден жүрегі аблығып, бір абыройсыздық алдынан тосып тұрғандай әр сөзін ойланып айтып, аяғын абайлап басады. Елуге келгенде өз бетімен жұмыс істеп, коллектив басқарып көрмегесін бе не нәрседен де секем алып қалатын үргедек. Біреу "коммунист басыңмен" деп сөз саптаса да, соның өзін "маған тіреп неге айтты?" деп көпке дейін ішкені бойына тарамай жүреді. Аудандық оқу бөліміндегілердің бұл үшін бәрі - құдай, бәрі - білгіш, тапсырмаларына құлақ қаққан емес. Қарамағындағы жетпіс қаралы мұғалімнің оншақтысы Түмекенді бастығымыз еді деп айбынбайды, отызы өзімен тең дәрежеде сөйлеседі, қалғандарына сөзін жүргізе алады-ау...

Сол Тұмақбай көшедей кең көне мектебінің бос залымен класс бөлмелерін сыртынан байқақтап келеді. Ішкі жақта мұғалім апайлардың заңқылдаған үздіксіз даусы, үзіп-үзіп сөйлейтін ағайлардың қоңыр үні құлаққа келіп тұр. Бір есіктің арғы жағынан баж-баж еткен шаңқылды естісімен тұла бойы дір ете түсті: өзін тыңдамайтын Бәдікбайдың атайы әйелі осы. Құдайым абырой бере гөр, таң ала кеуімнен бір оқушыны жерден алып, жерге салып жатыр. "Осы қатынды алдап-сулап өмір сүріп келе жатқан Бәдікбайдың жаны сірі екен".

"Құрысын бәлекет, біреудің көзін шығарып, басын жармаса жарар" деген Тұмақбай бұрылып, екі-үш айға болса да өзіне сеніп тапсырылған директордың бөлмесіне келді. Табалдырықтың қыр көзінде мұның жолын тосып кәрі математик Шабак тұр, мұны тықыршып тосқан сыңайы бар. Айтқандарын бұлжытпай орындата алатындардың бірі осы кісі болғасын, оған деген көзқарасы түзу. Шабак та тышқан мұрнын қанатпайтын бір залалсыз жүрген жан еді. Мұнымен кәдімгідей қымсынып, бүгежектеп амандасты, сосын құлаққа естілетіндей етіп күрсініп салды.

- Тұмақжан, мықты бол енді...

Директордың креслосына отырып үлгерсе де тізесі дірілдеп сала берді, бірденені қағыс естіп тұрмын ба дегендей, аблығын жүрегін баса алмай ізімен кірген Шабактың жүзіне қарайды. Әскерден келеді деп отырған баласы бар еді, алдымен ойына оралғаны сол ұлы енді. Әшейінде аузы жеңіл Шабак еді, бұл жолы әрбір сөзін кәделеп, байсалды бола қалған. Таң қалғаны: өмірі істемеген кәдісімен

бұрышта тұрған орындықтың бетін алақанымен бір-екі рет сипап сұртті де, алақанын үрлеп-үрлеп қаққасын барып асықпай отырды. Сосын "шынымен, ештеңе сезіп-білген жоқ па едің?" дегендей қабырғадағы радионы нұсқады.

- Көрдің бе, қандай музыка ойнап жатыр?

Радиоқабылдағыш сарыуайымы бар бір әуенді сыздықтатып салып тұр екен. - Үлкен кісі дүние салды ғой...

Тұмақбайдың иығынан үлкен жүк сыпырылып түскендей болып "үһ" деп демін бір-ақ алды, "Балам аман екен ғой". Тіпті, осыдан соң қаны қашып кеткен өңіне көңілділік белгілері жүгіріп, алдындағы қас-қабағын бағып отырған Шабакқа жарқын-жарқын үн қатты.

- Ту, шал-ай, бала-шағаның бәрі жолаушы жүргесін қорқа береміз де баяғы... Жұмбақтамай-ақ, үлкен кісі ғой, айтпадың ба бірден...

Шабак ойланып отыр. Тұмақбайдың қорыққан-үріккенімен шаруасы шамалы:

- Иманды болғыр десейші, - Үнемі шалаұйқы болып жүретіндіктен аузын баса есінеп. - Жақсы адам ғой жарықтық, ешкімге и-пи деп, айналасына мазасыз болған жоқ. Жұлдызы бесеу еді-ау...

Бөлме ішіндегі бітім-болмысы тұрпайылау қара телефон шарылдап қоя бергенде "қойдық, қойдық" деп, мектепке де, мал жайлауға да қатар киіліп, әбден өңі жұқарған сарғыш бушлатының қалтасына қолын сүңгітіп жіберді. Тұмақбайдың амандық сұрап бәйек болуына қарағанда, телефон шалған аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі екенін біліп отыр Шабак. Тапсырма қысқа болды, мектепте ешқандай ойын-сауық өтпеуі керек, ешкім жеке шаруасымен ауылдан аттап басып шықпауға тиіс, біреу-міреу ел тентіреп карта ойнап жүр деп ұйғарып қалуы мүмкін, парық-пардасыз күле беретін мұғалімдердің аузына мұрдені жерге қойғанша тыйым салып, оқушыларды да шықылықтатпай ұстамаса болмайды; сосын марқұмның көп суретінің ішінен бес жұлдызы ғана барын тауып алып, соны қара шүберекпен көмкеріп, қасына құрметті қарауыл ұйымдастыру жағын міндеттеді. "Бәрі де болады, солай жасаймыз" деп емпеңдеп отырған Тұмақбай телефон трубкасын оясына қоя бере, қандай ауыр міндеткерлікті мойнына алғанын түсініп, қабағы түсіп кетті.

Бағанадан бері тапжылмай отырған Шабак мұның қас-қабағын бағып, ішкі жақта қандай тірлік болып жатқанын өзінше топшылайды. Таң алакеуімнен құпиялап келіп, жұмбақтап сөйлегені үшін бе, әлде бір елдің басшысын оң жаққа шығарып жатқанда, соны сырттай қызықтағанына ма, Тұмақбайдың оған жыны тырысты келіп.



- Ақсақал, бастықтың тапсырмасын өз құлағыңмен естідің ғой, енді барсаңызшы... Ана балаларға ие болыңыз... Отырмаңыз бұл арада...

- Жарайды, жарайды, түсінікті ғой. - Шабәқ мұның айбатынан кәдімгідей-ақ ығып, есікке қарай ысырылып жүре бастаған. - Совхоз басшыларына көңіл айтып дегендей, кіріп шықпайсыз ба?

- Кіріп шығатындай ол кісінің Қаракүмда қандай ет жақыны бар еді?..

- Қыңырбай елдің ағасы ғой, әйтеуір... сол кісінің тұсында келді... Баяғыда Сталин өлді деп, басқарманың бәйбішесінің дауыс шығарғанын да көрдік. Қайдан білейін...

Қанша жыл елде жүргенмен қазақшылықтың жол-жоралғысына шорқақтау Тұмақбай, мына сөзден кейін шыққан Шабәқтың ізінен ойлана қарап тұрды да қалды. Осы арада оған аудандық оқу бөлімінің меңгерушісіне қаратып, үлкен кісінің өліміне байланысты бір ауыз мезіретін білдірмегені есіне түсті. Қойпалақтап жүргенімде осы жұмыстан тағы бір ши шығып кетер деп, тысқа беттеді.

Совхоздың кеңсесі мектептің табалдырығынан есептегенде жүз елу қадамдай жерде еді, төбесін тесіп тұрып орналастырған айыр қалпақ секілді қалайы радиосы қақсап, зарлы музыканы төгіп тұр. Есік алдында айқастыра ағаш қағып, өлшеп-пішіп жүрген бір-екі құрылысшы көрінеді, сірәсі, маркүмның суретін әлгі ағаштарға қақпақшы, сөйтіп, кеңсеге кірген-шыққан жұрт түгел қоштасып қалсын деп жатыр. Осы құрылысшыларды мектепке де берсін, балалар да атасын ақырғы сапарға ешкімнен кем қылмай аттандырып салсын деп айтайын, әрі "қайырлы болсын" мезіретін білдіріп шығайын деген ниетпен совхоз директорын нысаналаған.

Бұл кеңсемен екі аралықтағы қысқа жолдың жартысына жетті ме, жетпеді ме, жаңа ғана самбырлап, сарнап тұрған радионың үні үзіле қалды да, ішкі бетінен біреу есік қаққандай дікілдетіп тұрып алды. Сәлден соң "Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар" деген дауыс дабырлай естіліп, тағы біраз кідірді. Бұл - Алматыдан да, Мәскеуден де сөйлеп жатқан жан емес, кәдімгі ауылдың радиоторабы монтері және телефон коммутаторы болып істейтін Мәсімханның дауысы. "Жаудай жағаласып, бұл не айтайын деп жатыр?" деген оймен Тұмақбай жүрісін жайлатып құлағын радиоға тіккен. Мәсімхан құран оқығандай күбір-сыбыр өзінше сөйлеп отырды да:

- Құрметті совхоз тұрғындары, - деді жұлып алғандай қылып, бірақ арғы жағынан біреулер кіріп-шығып жатыр ма, сөзін бөлгендерге ашуланған коммутатордың шаруасы солармен болып кетті. - Әй, құдай үшін, шамалы тынышталындаршы... Керек десеңдер, бүгін телефонмен сөйлесуге болмайды, сөйлестірмеймін ал...

Радионың іші абыр-жабыр неше түрлі дыбыстарға толып тұрды да, Мәсімхан қайтадан "құрметті совхоз тұрғындарына" басты.

- Он төртінші, он бесінші қарашада ауданнан агент келіп жеке қожалықтардан мал қабылдайды. Соған етке тапсыратын сиырларыңды қорадан шығармай байлап ұстандар, сол күні совхоздың ағаш гаражындағы кірге тартуға алып барыңдар. Етінің жеуге жарамсыздығына байланысты агент бұқаны қабылдамайды... Аулсөбеті... Қайталаймын... Құрметті... - Тағы да Мәсімханның сөзі үзіліп кетті. Арғы жағынан есік тарс ете қалғандай дыбыс байқалып еді, біреу баса-көктеп кіріп барды-ау шамасы. Мәсімхан еліре сөйледі тіптен:

- Әй, әй, мен саған айтам... Естекбайдың баласы, естіп тұрсың ба? Мен мында хабарландыру оқып жатырмын, сен қоспа түйедей жапырып басып келесің...

- Ау, мына директорың да, парторгің де звандап жатыр ғой... Өшірсін үнін деп жатыр саған... - Естекбайдың екі иініне екі кісі мінгендей алпауыт баласы бұлардың мектебінде мұғалім болып істейтін, коммутаторға қай құдай қуып барғанын кім білсін, Мәсімханға төніп тұр ма даусы өктем шығады. - Айт, ана маубасқа, сиырбұқа деп не сандалып отыр, бүгін ондай сөзді айтуға болмайды деп шала бүлінуде...

Мәсімханға осы сөздің бәрін жігіт өз ойынан шығарып тұрғандай көрінді ме, алдындағы микрофонының тетігін де ағытпастан Естекбайдың баласымен сайыса кетті...

...О, несі-әй... Мен бір тойға шақырып жатыр ма екенмін... Жұрт, үлкен кісі қайтыс болса, су-тамақсыз аштан қатуы керек пе? Әкесі өлгендер де ізінен ере кеткен жоқ қой.

Осы кез радионың күре тамыры үзілгендей бірдеңе күрт етті де, бұрынғысынша демін ішіне тартып, бірқауым самсоз қалды. Сосын қайтадан толқынлатып жайбарақат мұңлылау симфониясын желдіртіп ала жөнелді. "Естекбайдың баласының басын тықпайтын жері жоқ екен" деп ренжіген Тұмақбай, кеңсеге келген, директордың іші толы адам. Бәрі де енді жеңіл-желпі қабақтарын түсіріп, күлмей, қалжындамай, дауыстарын жай шығарып сөйлесіп отыр. Қыңырбай "осы уақытқа дейін жүрсің?" дегендей назарын бір тастады. Ортада бәрімен салғыласып, ешкімге дес бермей Сақташ деген жігіт тұр.

Кезінде Тұмақбайдың қолында оқыған, бұл мектепте жүргенде екі күннің бірінде бет аузы көгеріп, төбелестен қолы босамайтын сотанақтың өзі еді. Кейінірек бозбала шағында бір көрген. "Осындай деген қалада құрылыс инженері институтын оқып жүрмін" дегесін, тентектік балалықта қалған қой, адам болайын деген екен деп ойлаған. Екінші жолы оқуын қашан бітіретінін сұрағанда бұрынғы оқуын тастап, журналистік жолды қуып жүргенін айтты. Кейінірек оқу-

тоқуының бәрі өтірік болып, сотталудың аз-ақ алдында сандалып қалғасын, ағайын-тумалары қуалап жүріп қаладан ұстап, ауылға алып келген. Енді жұмыс істеп те берекеті жоқ, әр нәрсенің басын бір шалады, бірақ даукес. Әйтеуір, бұлар білмейді екен, тындап отырса заңның бәрі сол жағында, елдегілер бірін-бірі жеп, іріп-шіріп, ағайынгершілік жолға түсіп, азып кетуге айналған. Ал, енді осы Сақташтың әйелге дегенде құдай мариям шөбін түсіріп қойған, ауылдан аттап шықса болды, сылаң еткізіп біреуді үйіне түсіріп жатқанын көресің. Осындай жолмен өзі білгенде екі рет үйленді. Қайта-қайта ел шақырғасын, той бас сайын тілек айтқан ауыл адамдарының да ауқаты кетті енді. Сол Сақташ түнде тағы да келіншек әкеліпті деген сыбыс әңгіме шыққан үй арасында, рас болды.

Енді директор тойыңды бір-жар күнге кідірте тұр дегендей ұсыныс айтады, баяғы. Ондайға Сақташ көнетін бе еді. Басын сілкіп, едірендеп тұр.

- Талабың дұрыс қой, оң болсын, - дейді директор сылап-сипап.  
- Бірақ Отанымыздың оң жағында арыстай болып азаматымыз жатыр. Бүкіл дүние жүзі болып қара орамал жамылып қайғыру үстінде, ал барабанымызды қағып, әлеуләйімізді салып біз жүрсек жарастықты ма? Қарақұм үлкен кісіні соңғы сапарға ұланасыр той өткізіп шығарыпты демей ме басқа жұрт.

- Десе дей берсін! - Бұрыннан бастықтардың алдына талай рет барып жөні түзу жұмыс ала алмай, бетін ашып алған жігіт айтқан үгітіңді шыбын шаққан ғұрлы көріп тұрған жоқ, тіпте, айналасында адамдар отыр-ау деп қымсынбай, олардың басынан асыра көзін терезе бетке көңілдене тастайды. Салғыласу біразға созылды. Ауылдағы милиция өзімен бірге оқыған кластасы еді, ол да директорға болысыңқырап, құрдастығын да салып көрді.

- Сақташ, құдай біледі деп айтайыншы... Сенің үйленуіңнің алды-арты осы емес шығар, бір жолғынды қоя салсаң қайтеді?..

- Немене мен сенің әйеліңмен күн көремін бе?..

Отырғандардың арасында қанша қатуландық десе де мырсылдаған күлкі пайда болды. Милиция нарттай қызарды, орамалын алып терін сүртті:

- Түкке түсінбейтін миғұла екенсің... Сенімен сөз алысып тұрғанша әлдеқашан қамап тастау керек еді.

- Қама! - Ертелі алдынан келгенді тістеп, артына жақындағанды теуіп, жан жолатпай тұрған қикарың күшейіп кетті. - Қамасайшы... Қандай статьямен қамайсың, үйленді деп пе? Онда осы отырғандардың бәрі сотталады, арасында өзің де кетесің...

Тұмақбай, өзінің ұстаз, жігіттің бір кездегі оқушы екендігі есіне түсіп, бір тындаса менің сөзімді жерге тастамас, егер айтқанымды

қыла қойса мыналардың алдында бедел алып қалармын деген ішкі есебімен, директорға да жақындаса түскісі келіп тамағын кенеді.

- Сақташжан, айтқандарыңның бәрі дұрыс қой. Дегенмен ел басына күн туып жатыр, мынандай шаруа килігіп... Мына ағаларыңның айтқанын тыңдасайшы, - дей берген. Жігіт қолын бұған қарай бір сілтеді.

- Әй, жаңбыр жаумай су болып, мұғалімдердікі не осы? Қойыңдаршы...

Дегенмен, директор Тұмақбайдың бар-жоғын енді ғана аңғарғандай болды да, Сақташты қоя салып "қандай шаруамен жүрсің?" дегендей иегін қақты. Осылай қарай бет алғанда ойына тоқып алған біраз шаруалары бар еді, көңіл айтпақшы еді, сосын ауылда қазалы күнді қалай өткізбекші екенін сұрап білмек те болған. Құрылысшылардан бір-екеуін берсе, мектепте де азалау рәсімін балалардың есінде қаларлықтай етіп ұйымдастыру жағын келіспекші еді. Сақташтың қызығына қарап, артынан өңмеңінен өтетіндей әңгіме естігесін, жаңағы ойдағы жоспарларының бәрі басынан ұшып-ұшып кетіпті. Аузына сөз түспей қалды, әйтеуір мектептің совхозға емекситіні қашаннан қалыптасқан әдет емес пе, сол ізбен міңгір етті.

- Қара лентадан ғана көмек берсеңіз, бәрі де жақсы болғалы тұр, - деп сөзінің дұрыстығына шүбәленгесін, аяғын естілдірмей сиырқұйымшақтандырып жіберді.

- Әй, сен бәрінен қиын болдың ғой. Не жақсы болғалы тұр, мына кісінің қайтыс болғаны ма, әлде қара лента ма? - Ертелі Сақташтан беті қайтып, ашуын кімнен аларын білмей, көзіне қара ұрынып отырған директор ал келіп айқайды салсын. Бағанағы кездегі салбыраған қабақтар әшиін екен, лезде-ақ адамдардың еңселері төмен түсіп кетті. Нағыз азалау енді басталды.

- Қолдарыңнан жұмыс та, қайғыру да да келмейтін, шеттеріңнен кәріпсіндер, - деді директор. Саяси сауаттарың төмен, есі-гөйлерің дүние жинау болып, адамгершіліктің не екенінен мақұрым қалғансыңдар. Қазір осы арадан шығысымен бағанадан бері айтқан әңгімеміз жайына қалады да, мешін жылы жоғалған түйелерінді іздеп тұс-тұстарыңа тарап кеткелі отырсыңдар, - деді. - Сендерге өліп жатқан өкімет басшысынан гөрі өрісте жүрген өлмелі сиырларың артық.

- Құрсын, Қыңырбайжан, адам да, мал да аман болсын де, - деп, талай жылдан бері совхозда қоймашы болып істеген қатпар бұғақты қариялау кісі басу айтып еді, директор оған тоқтамады.

- Әне, қырық жыл коммунист болған ақсақалдың сөзінің сиқы... Біздің шалдарымыз періштенің өзін сиырға теңейді. Әне, естідіңдер ме? - деп оның өзін біраз жерге апарып тастады.

Ақыры сілікпесі шығып сөгіс естіген Тұмақбай "бұл жарықтықтың арты аласапырандау болды ғой" - деген оймен асығыс мектебіне оралды.

\*\*\*

Мектеп. Кең залдың төрінде бес жұлдызы бірдей жарқырап марқұм басшының жансыз бейнесі тұр. Суретті мөлдей қара тушқа малып алған қара ленталармен көмкеріп тастапты. Мұның да төбесінде зар жұтып, запыран жұтқан қалайы радио қайғылы әуезді лекітіп-лекітіп, арасында ботадай боздап алады. Жатқа да, жақынға да өлімнің түсі суық емес пе, күндегі улап-шулап жатқан оқушылар үнінде де бәсеңдік байқалады, бәлкім бұл сай - сүйекті сырқыратқан әуеннен шығар, әлде жүріп келіп қалған күздің ызғар тәбі ме, кім біліпті? Залда, класс ішінде орынсыз күлкі, сүйінші сұрағандай қолын тас төбесіне көтеріп жүгірген бала, сыбыр-сыбыр әңгімені азайту жөнінде қайта-қайта тапсырған Тұмақбай түске дейін мектепке төбесін көрсетіп, түстен кейін қарасын түгендеп қайту үшін дала кезіп кететін үш-төрт мұғалімге назар найзасын тіреп тұрып біраз әңгіме айтты.

- "Мешін жылғы жоғалған малдарын іздейтіндер бар" деп бағана директор бізге тіреп біраз әңгіме айтты. Бүгін өрістен оралмаған сиырларыңның қарасы-ақ батсын... Солай... Біреу-міреу қызыл құмның ішінде ерсілі-қарсылы шауып жүргендеріңді көріп қалар... Сосын құрметті қарауыл керек... бізге. - Мал қарайтын төрт-бес кәрі мұғалімді қолындағы тізімнің бас жағына көшіріп жазып қойды. - Міне, онан да бүгін қара костюм-шалбарларыңды киіп келіп, галстуктеріңді байлап, пошетий қарауыл болыңдар...

- Немене, соны осы ауылға әкеліп көмесіңдер ме? - Бағанағы Естекбайдың баласы мұрнының астынан міңгірлеп отыр. Тұмақбай мұндай күймес, бірақ естімеген кейіп танытты.

Түстен кейін қаралы митингіге мектеп оқушыларын түгел қатыстырды. Шабәк, әшиінде шыбын өлсе де "обалы бар ғой" деп шыр ете қалатын, көңілшек шал еді. Тұмақбай өзі сөз сөйлеп ашып, онан арғысын Шабәкқа тапсырғысы бар. Ара-арасында құлаққағыс қылып - Шәке, мына балалар түсінсін де бірдене... Әшиінде бір сағаттарың кем болса зар жылайсыңдар... Осындайда қаққан қазықтай қақшиып қалатынымыз жаман...

Шабәк түсінді, бірақ түсінгеннен не пайда?.. Сөз бергесін сөйлеп тұр, үлкен кісінің еңбегінің бәрін айтты. Шешесін жанындай жақсы көрген, "Кіші жерде" соғысқан, тың көтерген, кітап жазған - түгін қалдырмай жатыр. Бірақ, көңіліне тиетін жеріне жетпеді ме, даусына жарықшақ түсетін емес, қайта костюмінің өңіріне жабысқан

қыл-қыбырларды сипалай тауып алып, саусақ ұшымен үгіп, шиыршақталған кезде шертіп қалып әуре. Одан әрман Шабак бес жұлдыздың әр қайсысын қалай алғандығы жөнінде жеке-жеке баяндап кетті. Тұмақбай ең болмаса, соңғы жағын жүрек жарды әңгімеге әкеліп таяп, өзі де елжіреп кетер деп дәмеленген. Жоқ, Шабак сөйлеп те тұр, қалтасынан әйнектері салтақ-салтақ көзілдірігін алып ара-арасында үрлеп те, оны костюмінің етегіне сүртіп те тұр.

Шабак бағана бастығының тапсырмасын емеурінінен-ақ ұққан еді, бірақ оны орындап тастау қиынға соғып, сәмсіреп қалды. Бір мезгіл марқұмның елу миллион қой өсіру жөніндегі даналықтарын суыртпақтап, талғажау қылып тұрған кезде, көзі ақ жемденген бәтеңкесінің басына түсіп кеткен. Бұндай көңілі босамас. Баласы өткен жылы осы ауылдағы "шаруашылық заттары" деген дүкенге түсіп, қырық сомның радиосын ұрлаймын деп төрт жылға сотталып кеткен. Қазір жердің шеті, желдің өтінде жазасын өтеп жүр. Сол ойына түсті. "Үйде жүргенде мына бәтеңкені екеуміз кезектесіп киетін едік-ау" деп өзінің жарлылығы, баласына деген сағынышқа қосылып көңілін буды да, көзінен ыршып түскен жасты аңдамай қалды. Бірақ аузы күні бүгін дүние салған өкімет басшысы жөнінде, жорғадай тайпалып, одан бір танбайды. Десе де, бөгеуін алған арнадай жасы түскірі ырыққа көнетін емес. "Қазір тоңып жүрген шығар айналайын, үкімет менің баламды соттап қылмыскерді азайттық деп, жарапазан қағып отыр ма екен, көзі тірі кезінде осы кісіге жағдайымды айтып жазғанымда қайтер еді?" деп ойлайды. Тіпті, болмағасын Тұмақбай Шәкенді қолтығынан демеп, оқушылардың көзінен тасалау жаққа өткесін, біреулерге қолынан жетектетіп жіберді. Кеңсірігін буып келетін бұршақтай жас қайта-қайта омырауына ыршып шығып, оңаша жерге барғасын да біразға дейін тиылмады. Баласын ойлап, "төрімнен көрім жақын кезде бұ құдайдың маған не қылғаны?" деп басын шайқап отырып әбден шаршап қалыпты. Құрсын, бүгінгідей кісінің өлгенмен не арманы бар, күнде әлпештеп отырған балаңды милициялар жылы төсегінен суырып алып кеткеннен бұл дүниеде азап жоқ екен. Осыны ойлап әбден басы қатқан Шабак, біраздан соң сары бушлаты қаудырап, бүріскен қалпы үйіне қарай жүрді. Сыртынан көрген мұғалімдер "Мына қасқа, үлкен кісімен көрге бірге түсейін деп жүр ме, егіл-тегіл жылағаны несі" деп аң-таң қалды, бірақ олар Шабактың не үшін жылағанын түсінген жоқ еді. Баласының қасіреті бауыр етін жеген Шабак, сұлдерін сүйретіп барып үйіне кіріп кетті.

\*\*\*

Жер бетіндегі ең бір аяулы перзентке санап, талай рет жүрек жарды сөз арнаған азаматты ақырғы сапарға аттандырып салуға

Қарақұм халқы түгел қатысты. Бірі құдайдан, екіншісі адамның айбатынан да қорықсын, әйтеуір мал жоғалтқан жоқшыларға дейін үш күн шыдас беріп, түйелерін жинақтап бір көріп қайтуға соңынан аттанды. Бес саусақ бірдей бола ма, Сақташ ауыл азаматтарының ақыры айтқанын қылмай, қазалы күнге қат-қабаттаса, қойын сойып жіберіп, үйлену тойын өткізе салды, бірақ оған кімдер барғанын білмеймін. Тек жауапты жұмысты үлкен әбүйірмен өткізген Тұмақбай ғана сол үшін жоғары жақтан жылы сөз дәметеді. Бірақ ол жақта мұнымен ешкімнің шаруасы болмады. Өйткені, жан біткен жанның өз тірлік-тіршілігі бар. Ол түгілі, бүкіл елді аузына қаратып бұл дүниеден өте шыққан кешегі "көсемнің" өзі аз-ақ күнде теңізге түскен тамшыдай білінбей кеткен. Бәрі бұдан бірнеше ғасыр бұрынғы өмір ағынындай қалқып жүріп барады, көшіп барады, жер бетінде ондай ғұлама болған жоқ және болуға тиіс емес тәрізді.

### Ертегілер

#### **НАННЫҢ ҚҰДІРЕТІ**

Бұрынғы өткен заманда, баурайы көкорай шалғын Көкдомбақ тауын жайлаған елде зеректігі жұрттан асқан Көреген атты қойшы бала болыпты. Көрегеннің тумысындағы бір міні: шешесі кісі есігіндегі күң де, әкесі жоқшылықтан көні ағарған жарлы екен. Ауылдағы ақ сақал, қара сақалдар тегі тақыр кедейден шықты демей баланың ақылгөйлігіне ден қойысыпты. Шаруа жайын тас аяқтай қағыстырған білікті ұланға сенім артып, қой бағуға көбірек жұмсайтын көрінеді. Қиқарсып, қиналуды білмейтін Көреген үлкендердің ықыласына риза боп, отарын ерте өргізеді, оты мол жерге жаяды, қос бүйірі шыға тойған қойларды қызыл іңірде ауыл шұңқырына құлататын.

Күндердің күнінде, кештетіп өрістен қайтқан қойшы бала қой бастаған ақ серкенің аяғына оралған алтын арқанды көзі шалады. Мұндай ғажапқа қайран қалған Көреген жұмбақ арқанның сырын білмекке ынтығып, ақ серкені қуалай-қуалай қалың өскен дүзгендікке әкеп қамайды. Жақын келіп үңіліп қараса, бататын күннің қызыл шапағымен мың құбылған - тұсау бойы көк жылан. Аздан соң есін жинаған бала қара қойды бөркіне сауып, аждаһаның басына ақ құяды. Жылан сонда да ақ серкенің сирағынан түспейді.

Жартыбайдың серкесі ед,  
 Жарты ырысым дей-тұғын.  
 Түлігінің естісі ед,  
 Ессіз малы қой-тұғын.  
 Ақ серкені босатшы,

Қой берейін жей-тұғын, - деп жалынып та, жылап та жалбарынады. Аждаһаға бұл сөз әсер етпейді. Ниеті бұзық мақұлықты садақпен атуға серкенің аяғын майып қылармын деп сескенген Көреген көсік аршитын кездігін қынынан суырып алады да, жыланды ортасынан қақ бөліп тастайды.

Сөйтсе... Қалың қолды Қарасұр атты жылан патшасының сарайында бұлғақтап өскен Көкшулан есімді жалғыз ұлы екен. Хабар бірден екіге жетіп, патшаның құлағына тиісімен халқы қара жамылады. Ордалы жыландар Көкшуланның табытын қолдан-қолға өткізіп, ысқырып-пысқырып азалап көмеді де, адам баласынан аяусыз кек алуға серт байласқан. Тайлы-тұяғы қалмай түгел көтерілген Қарасұрдың қалың әскері бір түннің ішінде Жартыбайдың ауылын қоршап алмасын ба? Үрей бұлты үйірілген Жартыбай асығыс үйлерін жықтырып, бау-шуларын жинастырып, беймезгіл уақытта қашып құтылмаққа құба жолға шықса, төңірегі толы ысылдаған қорқынышты үн, жон арқалары жалтырап жатқан ордалы жыланның құрсау шеңбері. Ай сәулесі астында қылтыңдап, зәр шашқан оқ жыланның бастары. Көп күттірмей, көздерімен жебе атқан, құлаш-құлаш денесінен мұз лебіндей ызғар шашқан, айбатына адам дауаламас Қарасұр патшаның өзі шығады алға:

- Менің жалғызымның қанын шашып, халқыма қасірет жамаған жауыз баланы жұртқа тастап кетіндер, әйтпесе бірің де тірі кетпейсіндер, - деген жылан патшасы шартын айтып, ысқырынған қолға қайта қосылады.

Кемпірлер қамығып, шалдар сасқалақтайды. Көрегенге қорыққаннан қайран жоқ, аққа мойын ұсынып тұрып, әбіржіген еліне басу айтады, өзін қалай жасырудың жолын үйретеді. Қойшы баланы қимаған ауыл адамдары әрі кеңесіп, бері кеңесіп, Қарасұрдың талабын мүлтіксіз орындауға бір ауыздан келісіп, баланың да өтінішін қапысыз орындайды. Ақылы асып туған жас ұланды ажалға қимаған ел-жұрты мен әке-шешесі жылай-жылай жолға аттанады. Кетерінде Көреген тапсырғандай баланың үстіне бірінен бірі кіші тоғыз қазан төңкеріп, ең кіші қазанға "қарны ашқанда азық етсін" деп жабулы нан қалдырады. Қыр асқан әкесі бір айналып соғып:

- Жыландар қаншама құдіретті болса да тоғыз қабат қазанды тесіп өте алмас. Аптаға жетерлік асың бар. Аманшылық болса, алдағы жетіде өзім келіп алып кетермін, - деп көштің ізімен жөнеледі.

Алдаусыратып айтқан сөзі мен ұлына ет-бауыры елжіреген әкесі бір тамшы қаны қалса да шүберекке түйіп, жатқан жеріне көмейін деген ниетпен бір жұмадан соң көшкен жұртына қайта оралады. Келсе, тоғыз қабат қазандар шұрқ тесік, көбесінен күн көрінеді. Тек, жапқан нанға жеткенде жыландар тесіп өте алмай, жігері мұқалған Қарасұрдың әскері улап-шулап кейін қайтыпты.



Көреген әкесімен аман-есен қауышып, еліне жеткен. Міне сонан бері қасиетті нанның киесі адам баласын талай апат пен ажалдан аман сақтап келеді екен.

## АМАНАТ

Кәрі жілікті қастерлеп, керегенің басына байлаған ілгері бір дәуірде бүкіл өмірі бейнетпен өткен Шарапат есімді шаруа болыпты. Көз ашқаннан туа бітті тірлігі - байдың қойын бағу екен. Қайраты кеміп, қасіреті ұлғайып, еңсесіне кәрілік мінген күндері кіш-кіштеп қайырған отарына қасқыр шапқан. Көкжалдың кәрі мыңғырған малдан ала-бөле жарлының жалғыз тоқтысына түсіпті де, соны бас салады. Шал шырылдап арашаға түсіп, тоқтының жанын сауғаға сұрайды.

- Е-е, қасқыр, сенікі де жөн. Тартып жемесең, сұрағаныңа сыбаға беретін тірі пенде жоқ. Бірақ мына жыртылып-айрылған ен дүниеден қалаған жандығыңды ұста да, басы қуарған қара тоқтымды әурелемей босат, - деді.

- Жо-оқ, атай көрме, - деп қасқыр басын шайқапты. - Маған жазуда мыңдаған қойдың мұртын да шақпай, жарлының жалғыз тоқтысының көзін құрт деп тапсырылған. Жазуда тоқтының демі бүгін біткелі тұр, мен соны ғана орындаймын.

- Ойпырмай! - Кедей сорлы басы қатып, жанымен күйзеледі. - "Құрамайтын құдай құрсақтағыны алады" деуші еді, рас болды. Тағдыры таусылса қашқанмен құтыла ма, бірақ сөзіңнің адалдығын анықтамаққа алдына қояр бір шартым бар, - дейді.

Қасқыр бұған келісіпті. Кедей тоқтыны шыбыртқылап байдың көп қойына араластырып жібереді де: "Ал, тап" дейді. Көкжал бұйырған дәмін бұлтартпай бірден ұстаған. Амалы құрыған Шарапат қасқырдың аузынан қалған кәрі жілікті теріге орап алып үйіне қайтады. Аулына келсе, керуеншілер түстеніп отыр екен. Сол арада таныс саудагеріне жолығып, кәрі жілік пен теріні соған аманаттап тұрып:

- Мынаны барған қалаңның базарына апарып сат та, саудаласпай бергенін қолыма табыс етсең, аз-көп ренжімеймін, - депті.

Кедейдің шартына келіскен таныс саудагер аманатты арқалап әрі қарай сапар шегеді.

...Зерлі бұйым, гүлді жібек, құбылған дүние көз жауын алар хан базарда соқайған кәрі жілік пен шанаш теріге жұрт назарын да салмайды. Кеш түсе, ел аяғы сиреп, қоржын-қолабасын арқалаған саудагерлер затын түгелдей бастағанда, Шарапаттың аманатын ала қайтуды атына ар санаған ескі танысы қарадай қысылады. Өтімсіз

дүниелерді буып-түйіп жүре бергенде, қақпа аузынан көше сыпырушы кездеседі. Бұл енді: "Сатып ал" деп жатып кеп жармасады. Ол да ішкені ішегіне жұқпай ит тірліктен қажыған қу кедей екен, құдайдың зарын қылады.

- Жарлылықтан бұл маңайда менен өткен пенде жоқ. Төсенерге тулағымыз да болмағасын, бала-шағамызбен тақырға жатамыз...

- Барыңа ризамын, - дейді саудагер.

- Барымды сұрасаң мынау еді, - деген көше сыпырушы қойнына тығып жылынатын жалғыз мысығын суырып берген. Теріні сатып, есесіне алған мысықты кәрі жілікке қоса арқалаған саудагер керуенге ілеседі. Мысық пен кәрі жіліктің қасиетін ұқпағандар екеуін де таста деп ақыл-кеңес бергенмен аманатқа қиянат жасауға ұяты жібермеген бұл салпақтап көш соңынан қалмайды.

- Көп жүрді ме, аз жүрді ме, айдан аман, күннен есен өтіп, ұзақ жол тартқан керуеншілер бұрын-соңды естіп білмеген ел қарасына таянады. Жақындағанда алдарынан андағайлап бес-алты атты қарсы шауып шығады.

- Құтқара көріңдер! Хан қаһарына мініп, басымызды алуға жарлық етпекші. Ханшамыз жыл сайын шекесі торсықтай бір ұл табушы еді. Бала ұрлап жеп дәнiккен көр тышқандар сарайдың астына қоныс теуіп, ханымыз әлі күнге дейін бір перзент сүюге зар болып жүр. Әйелі толғатқаннан бізді шақырып алды да: "Жұмыр бастарың жұлынбай тұрғанда, тышқан аулайтын мысық табындар, әйтпесе, жандарыңды жаһаннамға жіберемін" деген. Тілегімізді орындаған адамға төрт түйе алтын жанымыздың құрбандығы, артып-тартып береміз, - депті.

"Ие-е", - деп ойлайды саудагер танысының сөзі есіне түсіп, - Аз-кем демей бергеніне ризамын деген. Терісі - мысық болды, мысығына не берсе де риза шығар деген оймен мысықты аттыларға тапсырып, алтын артқан төрт түйені жетегіне алады. Жолшыбай өзегін қызғаныш оты күйдірген өзге керуеншілер мұны азғырады:

- Жарымаған жаман кедейдің шанашы үшін төрт түйе алтынды тәрк етпексің бе? Онан да барын қылдай бөлейік те, кедейге түйені қалдырсақ та тақиясына тар соқпас, - дейді.

- Баста, аз-кем демей өткенін әкел деген. - Саудагер келіспейді. - Терісіне түскені мысық ед. Мысығын табыс етер ем, ол мысық төрт түйе алтынға өтті. Аз-көбіне қарамай бұйырғанын қолына жеткіземін. Аманатқа қиянат жасамаймын, - деп жүре береді.

Түн баласында ойынан алтын кетпей ниеті бұзылған саудагерлер қанша рет оқталады. Бірақ қасиетті кәрі жілік көздеріне қырық мың қолдай құбылып, айбатынан батпайды.

Қауіп-қатерден аман өткен керуеншіге Шарапат риза болады. Адалдығы үшін төрт түйенің екеуін ескі танысына сыйға тартады. Сөйтіп, аманат арқалаған керуенші бай болып, барша мұратына жеткен екен.

## АЛТЫН САНАҒАН АШТАН ӨЛЕДІ

Қай заманда өткен-кеткені белгісіз Сағат есімді бір пенде үрерге иті, сығырға биті жоқ, сіңірі шыққан қу кедей екен. Аштықтан көзі қарайып, беті ауған жаққа қаңғалақтап келе жатып, бір жерге аяқ суытпақшы болады. Жамбасы жерге тиісімен қалжыраған байғұсты ұйқы мендеген. Арқасына аяздай батқан жоқшылық ұйықтап жатса да қыр ізінен қалмаған. Түсінде де ажалдан бас сауғалап, жаны қыдырған Сағаттың алдынан сақалы белуарына жеткен аппақ қудай қария қарсы ұшырасады. Жарлының жолын кес-кестеп:

- Оян! - депті, - Өзің жантайған құмайттың оң жағына қарай он қадам жүрсең, ескі жертөлениң орны бар. Сол арадағы қираған ошақтың астын сынық сүйемдей қазсаң, астынан Сүлеймен саудагердің былғары сақтияны табылар. Сақтиянның аузын ашып-жапқан сайын ішінен бір теңгелік алтын ділдә аласың. Енді қалған өміріңе бұйырған несібе осы. Қанағат қылсаң, қарның тояр, - дейді де көзден ғайып болады.

Орнынан тұрғанда жүрегі өзінде жоқ Сағат ұйықтаған жерінен оңға қарай қадамдап он аттағасын опырылған жертөлениң оқпандай орнына кезігеді. Құлаған ошақтың орнын тырналап қазғаннан: "Осыдан шалдың айтқандары рас шығып, бір ділдә тапсам - тойынып тамақ ішермін, екі ділдә тапсам - дүние-ай бала-шағам жүрегін жалғар еді, егер үш ділдәға жетсе - әйеліме арнап көйлек сатып алар едім" деп қиялдайды.

Шалдың берген аяны айнымай келеді де, әмиян сілтеген орнынан шаң береді. Бір ашып еді - бір ділдә, екі ашса - екі... Сағат жүз ашқанда үйіліп жатқан ділдәларды көзімен жей отырып, Қарақұмның қақ ортасына хан сарайындай күмбезді үй салуды армандайды. Қарнының ашқанын да, балаларын да, бұл дүниеде әйелінің барлығын да ұмытып, көзіне төңіректен қызылды-жасылды дүние елестеген Сағат мың, он мың, жүз мың, миллион ашамын дегенше, арада екі апта уақыт өтіпті. Осылай отырғанда дүние қоңыз сорлының жүрегі үзіліп кеткен екен дейді. "Алтын санаған аштан өледі" деген нақыл содан қалыпты.

### Өлеңдер

## ЖҮЛДЫЗЫМ ЖОҒАРЫ

Жүрекке құрық тастадым,  
Жүйткігеніңмен жетем деп.  
Асауға міне қашпадым,  
Жастығым бекер өтер деп.

Көздердің талай тұнығын,  
Шайқамай, шашпай сүйдім мен.  
Уақыт салса құрығын,  
Қоштасамын ғой бұл күнмен.

Күреске түстім көңілде,  
Өмірде күрес бір ойым.  
Өзімнен күшті өмірде,  
Жандардың барын білейін.

Жүрдім де бұралаң жолдармен,  
Шегіндім кейде бір адым.  
Жүрегім аппақ болғанмен,  
Оқпанға талай құладым.

Іңкәр ем бастан өлеңге,  
Ізінде жүріп арманның.  
Ақыным, ақыным дегенге,  
Аңқылдап талай алдандым.

Аман сау қалдым ажалдан,  
Пірім бар менің себебі.  
Қамқорлығына өзі алған.  
Қолтықтап музам келеді.

## **ҚАРАҚҰМДА**

Тыныштық!  
Тылсым тыныштық!  
Селт еткен бұта көрмейсің.  
40 градус!  
Күн ыстық

Алысқа қара,  
сағымдар...  
Көкжиек қуа шықты ұшып.  
Нарлардай шөккен шағылдар,

Ыңыранып жатыр бүк түсіп.

Бір жан жоқ алыс, жақында,  
Өлдім де ешкім ұқпайды.  
Өйткені мұндай "вакуумда"  
Ешқашан дымың шықпайды.

Құлазып тұрған сезімге,  
Таппайсың сүйеу басқаны.  
Қалтылдап күннің көзінде,  
Жылап жүр жалғыз ақсары.

## **ЖАНЫМ АРАЛ**

Мен Аралдан кеткем жоқ  
Айта көрме,  
Жетелейді ел жаққа қайта кеуде.  
Көк теңізден келген бір базаршымын,  
Бұйымымды бітірсем,  
Қайтам елге.

Тіршілікті думандап бір тынбаған.  
Қашық тартты көк теңіз бұл күн маған.  
Әр күн сайын ақ толқын еске түсіп,  
Сағынышым сыздайды шым-шымдаған.

Жалғыз теңіз!..  
Жаным да,  
Ой алаңым.  
Жарық күнім,  
Сенделтпей қоя ма ұлын.  
Түс көрем бе,  
Айқара Аралымды,  
Құшақтаған күйімде оянамын.  
Қан ойнатып кеткен бір реңіме,  
Өкпем де жоқ теңізсіз бұл өңіме.  
Бір құшқаным анық қой,  
Оянғанда,  
Өтіп кеткен шығар ол жүрегіме.

Ғайып болар  
Жағаға басын ұрып,  
Жатқан теңіз,

Жарқ еткен асыл үміт.  
Толқып қанша жатасың,  
Жаным, Арал  
Жүрегімнің түбінде жасырынып...

### ТАҒДЫР

О, тағдыр, сені ұғыну қиын маған,  
Жастықта етек-жеңі жиылмаған.  
Біреудің бақытысың – бұйырмаған,  
Біреудің көз жасысың тиылмаған.

Мен мені сор демеймін жан біткенге,  
Бақытқа санамас та барлық пенде.  
Сен бірақ айтып тұрсың  
"Ей, адамзат,  
Өмірге келер болсаң, қалғып келме"

\*\*\*

Мелш етпей босағамнан басып өттің,  
Сен кеттің,  
Жоғал сен де қасірет-мұң.  
Тұғырдан түспейтұғын тұйғын құсым,  
Қасымда қалдың жырым,  
Қасиеттім!

Өлеңім - жағадағы құба талсың,  
Желпірсің,  
Жапырағыңмен жұбатарсың.  
Сен бәлкім, тарпаң болсам кешірерсің,  
Сен бәлкім, өрлігімді ұнатарсың.

Сен - өлең,  
Мен бір ақын ерге теңмін,  
Мен сені бөбегімдей тербетермін.  
Уа, өрлік, жан досымнан айырдың-ау,  
Соны ойласам,  
Жынданып мен кетемін.

Кейде бір күйетіндей отқа жаным,  
Кешірім сұрауға да оқталамын.  
Кейде безем бәрінен,

Сенен де жыр,  
Жыр емес, сор болдың-ау деп қаламын.

\*\*\*

Қай жақта жатыр соқпақты жолдар  
Аспанда ойнар жасындар бар ма?  
Жеңемін бәрін қайратым мол да,  
Тек өзің, жаным, қасымнан қалма.

Мұқиттар бар ма тасқыны асқақ,  
Өтемін кесіп,  
Самғасам болды  
Жапанға жалғыз өзімді тастап,  
Шегініп кейін қалмасаң болды.

Ормандар бар ма, омыраулап жапқан  
Қиялдап жолды бөгемек болып  
Сен болсаң, болды  
Жұлдыздай аққан  
Өтемін отты самолет болып.

Сахара бар ма тандыры кепкен,  
Қорқыныш па ол да қанатқа ерен.  
Шөлдетпей сені көтеріп көкпен,  
Қолтықтап ұшып заматта келем.

Шықпайды алдан шыңдар да жасқап,  
Шарықтап шықан биік пе менен.  
Бір осал жерім  
Сен кетсең тастап,  
Тек сонда ғана күйіктен өлем.

## **АРМАН**

Арғымақ мінсем деп едім,  
Тақымы жұрттың тимеген.  
Ешкімге басын имеген,  
Аршындай шапқан кезінде,  
Ақ сағым болып билеген,  
Шаңына көміп жабыны,  
Шошытқан үні тағыны,  
Арқанға тұрмас ағыны,

Ат біткеннің тәңірі.

Ару бір сүйсем деп едім,  
 Әлі күн ешкім сүймеген.  
 Ерніне ерін тимеген,  
 Тәлкегін көріп өмірдің,  
 Тауқыметіне күймеген.  
 Жақсыға болмас жаттығы,  
 Періште тектес пәктігі,  
 Даланың балғын ақ гүлі,  
 Өмірдің сол ғой шаттығы!

Жақсы жыр жазсам деп едім,  
 Әлі күн ешкім жазбаған,  
 Сан ғасыр өтсе азбаған,  
 Жарқырай жанып маздаған.  
 Тереңнен жанды тербетіп,  
 Көңілдің сеңін қозғаған.  
 Артымды алау от қылар,  
 Алтыннан тұлға соқтырар  
 Қолыма түспей жүр әзір,  
 Көк жиектегі - көк мұнар.

## **КҮЙ ҚҰДІРЕТІ**

Таптырмастан жүр еді көңіл емі,  
 Не тіледі, өмірден не біледі.  
 Жанған отқа жаңбырдай нөсерлетіп,  
 Сондай сәтте көктен төгіледі.

Төгіледі, көңілім бөлінеді,  
 Асқар таудай ақ қабак көрінеді.  
 Көк мұхиттай тасиды көлшіктерім,  
 Күй көтерген неткен бұл көрік еді.

Бал бұлақтан жататын басын алмай,  
 Бақ-бақ гүлсің,  
 Бар мәуең шашылардай.  
 Дәл осындай сиқырлы саз естісем,  
 Көз жасымды отырам жасыра алмай.

Әуен шырқап, биіктеп бірге өсемін,



Бірге өспесем,  
 Қадірін білмес едім.  
 Құлазыған кездері  
 Құдыретті күй,  
 Өзіңменен жұп жазбай күн кешемін.

## ШОЛПАНҒА

Жақыным - достар жанашыр,  
 Жатырқаушы едім жатты көп.  
 Сен енді қызым  
 Барасың,  
 Бәрінен соның тәтті боп.

Бұрынғы көңіл көңіл ме,  
 Тасытып мені жеттің сен.  
 Тәтті дәм көп ед өмірде,  
 Бәрінен асып кеттің сен.

Әкенің көңілін елеп пе ек,  
 Түскенде білдім басыма.  
 Баланың орны бөлек пе ед,  
 Айнала бердім қасыңа.

Кіргенде келіп есіктен,  
 Аңсарым саған ауды да.  
 Белінді шешіп бесіктен,  
 Баурыма қыстым, бауырыма.

Ұйқыңнан сол сәт оянып,  
 Қарадың шарпып отты леп,  
 Бұлқынып құттай аяғың,  
 Кеудемді жатты тепкілеп.

Шаршасам алған тынымым,  
 Өзіңмен ойнау болар ма.  
 Сусасам саған құлыным,  
 Сірәда шөлім қанар ма.

Келгенде көңілім басылып,  
 Ойнаттың беттен отымды.  
 Баласы ең шалдың жасырып,  
 Сүйейін тосшы бетіңді.

**1975 жыл.**

\*\*\*

Бабан сенің жалаңаш жауға шапқан  
Әлди-ай.  
Әкең сенің қайыспай қайда шапқан,  
Әлди-ай,  
Әкең сенің о бастан жырға жақын боп туды,  
Кем боласың сен енді  
Қай қазақтан, әлди-ай.

Маған сәби шағында жыр боларсың,  
Әлди-ай,  
Ақ маманның жүзіне нұр боларсың.  
Әлди-ай.  
Менің үшін ұлымсың өзгермейтін мәңгілік,  
Халқың үшін есейіп кім боларсың  
Әлди-ай.

Ұйықта менің бөбегім балбырап бір,  
Әлди-ай.  
Ай нұры ақ жүзінде албырап тұр  
Әлди-ай.  
Есейгесін мінер деп ниет етіп байлаған,  
Есігімнің алдында арғымақ тұр  
Әлди-ай.

Тал бесіктен босамай шарқ ұрасың,  
Әлди-ай.  
Аппақ таңы тәңірдің жарқырасын,  
Әлди-ай.  
Бозамық таң туғасын беріледі бостандық,  
Сонан соң-ақ тәй басып қаз тұрарсың  
Әлди-ай.

Саған тарлық етер ме барлық үйім  
Әлди-ай.  
Кірпіктерің айқассын қалғып, ұлым,

Әлди-ай.  
 Қаңтар туып қасқырша ұлып тұр ғой далада,  
 Есігімнің алдында қарлы құйын  
 Әлди-ай.

Көңілдерге қараймыз үміт толып  
 Әлди-ай.  
 Сен кетерсің күні ертең жігіт болып  
 Әлди-ай.  
 Бақытыңды қашанда бір сәт табарсың халқыңмен,  
 Сол байлықты таппай-ақ үйіп-төгіп,  
 Әлди-ай.

\*\*\*

Ей... ей... ей!..  
 Жарысатын далаға шық,  
 Арғымағым барады ала қашып.  
 Бар өмірім бір бәйге мәре қашық,  
 Ақ шаңыма жүрмеңдер араласып.

Құйрық-жалы сүзілген сәйгүліктер,  
 Мініп шыққан  
 Әй, жігіт,  
 Қай жігіттер,  
 Мына топтан суырылып алға шығып,  
 Таланыма таласар бар ма үміткер.

Бу, белінді  
 Басына шалма байла,  
 Жарысамыз сонан соң андағайлап.  
 Дүрсілдейді жүрегі жеткен жердің,  
 Жетімсіреп қалады,  
 Қалған аймақ.

Менен қалған жаңғырып тұрсын үнім -  
 Сезсін дүние дүбірлі тіршілігін.  
 Намысы жоқ жігітке онсыздағы -  
 Өмір өзі ойнатар шіл шыбығын.

Жарысыңдар!..  
 Үмітті медеу қылып,  
 Аттанайық,

Бір-бірден бедеу мініп.

Жаяуға да орын бар тіршілікте,  
 Жабы мінген қалады  
 Желеу жүріп.  
 Самғар болсаң  
 Ал, енді самға бірге,  
 Дуылдатпай  
 Бардың не,  
 Бармадың не.  
 Жұлдыз болсаң шығарсың маңдайына,  
 Хас тұлпардан қалсаң да,  
 Арманым не?..

Ей... ей... ей!..  
 Қарап жүрме  
 Талапқа мін,  
 Аттарың -  
 Аман болсын қанаттарың.  
 Жез тұяқты жаумыттың тұқымынан,  
 Жабы болып жүрмесін жаратқаның,  
 Ей. Ей. Ей...

## **ОРАМАЛ**

Жоғалды жібек орамал,  
 Бұлқынған бұлақ басында.  
 Қыз тұрды зілсіз: "Ағалар,  
 Алсаңдар бер", - деп қасында.

Жекелеп келіп сұрар деп,  
 Қиығын көздің тастадық.  
 Жел айдап кеткен шығар деп,  
 Әзілге бір сәт бастадық.

Қиылтып қойған қай көрім,  
 Қызарып тұрды-ау алма бет.  
 Шын алған болсаң қайтейін,  
 Бермеске шара қалмап ед.

Жалт етті аппақ шағала,  
 "Басқа ермек мұнан жоқ па", - деп.  
 Ойнай да білмес ағаға,

Шынымен кетті өкпелеп.

Келбетке керім сай тұлға,  
Тағы бір барып көріңдер,  
Ойнаған болсаң -  
Айтыңдар,  
Алғаның қайтып беріңдер.

### **ЖЕТІМ ТОРҒАЙ**

Март айы, жердің беті жылып болмай,  
Кәрлі қыс қайта түсті,  
Суық қандай!  
Жаһаннан жер таба алмай жан сақтауға,  
Үйге кеп кіріп кетті суықторғай.

Байғұсым қона кетті босағаға,  
"Адамзат, кеңшілік ет осы араға", -  
Дегендей жұмды көзін қалт-құлт етіп,  
Қолына ап,  
Үйде отырған босады ана.

"Жандарым, аман болсын ормандарың,  
Отаның - жасыл жібек болған бағың.  
Соғыс жылы көргенбіз бүрсең қағып,  
Жетімдердің торғайдай тоңғандарын.

Онан бері өтті ғой неше заман,  
Басқа қайғы түспесе босар ма адам.  
Жетімектің талайын қарсы алғанбыз,  
Торғай кіріп құлаған босағадан".

Суық желдің көбірек көрді ме өтін,  
Көзін ашты сол торғай мен білетін.  
Апам торға салдырып бақтырды оны,  
"Жер бетінде болсын деп соңғы жетім".

### **КӨКТЕМ ЖЫРЫ**

Қабаштың басы қарабай,  
Қарабай қанат қағады.  
Көлшікке қонған жағалай,  
Қалың құс қиқу салады.

Ауылдың арты тоған су,  
Тоған су толып тасиды.  
Төменде думан далам шу,  
Төбемде күмбез жасынды.

Алқызыл кілем ай дала,  
Айдары нұрға бөленген.  
Аспанда,  
                  жерде,  
                          сайда да,  
Көктемнің жүзін көрем мен.

Бетіңнен қаққан жел дүрмек,  
Кімдерге ерік береді.  
Ұялшақ қызды келін ғып,  
Отауға сүйреп келеді.

Дүние қақты дабылды,  
Думандап қазақ даласы.  
Буалдыр бала сағымды,  
Бусанған жерге қарашы.

Үймелеп көкке қарайды,  
Үкілі басты қамыстар.  
Үлпілдетіп жел тарайды,  
Үпелектерін шаң ұстар.

Есіктің алды жыра-сай,  
Жарқылдап ойнап жатыр күн.  
Қарғымақ болдық құдаша-ай,  
Ақырын, жаным, ақырын.

Шежіре қарттан аумаған,  
Шекпенін шешті тау маған.  
Ақ сақалынан төгілді,  
Ақ моншақтары саулаған.

Дария тасып сең жүрген,  
Сатырлап мұздар бөлінді.  
Кіреуке сауыт жер киген,  
Шығыршығына сөгілді.

Батсайы жонды бар өңір,  
Шайқасаң күйге толып тұр.  
Омырауы иіп ана-өмір,  
Ағылда-тегіл болып тұр.

Қол созып көкке тал-қайың,  
Күн де тұр құшып гүл құрақ.  
Жіпсіген жердің маңдайын,  
Алақанымен сүртіп ап.

Сәукеле қыздың басынан,  
Сәуір боп,  
                    Сәуле қаптады.  
Боз үйдің босағасынан,  
Оң аяғымен аттады.

\*\*\*

Ей, аппақ боран, ақ боран,  
Бопытып қарды ат маған,  
Менде де сендей боран бар,  
Кеудемде тыныш жатпаған.

Күнімен ол да борайды,  
Түнімен ол да борайды.  
Аш бөрілерше қамайды,  
Ақ шәлі болып орайды.

Мезгілдің сырын кім білген,  
Бір күнім қымбат бір күннен.  
Тыңдамай сол бір боранды,  
Сапарға шығып жүрмін мен.

Жеткенше даусым шырқасын,  
Жетпесе қармен қымтасын.  
Қорқыныш емес қашанда  
Бұрқасын үшін бұрқасын.

\*\*\*

**Ақындар**

Ақынбыз біздер –  
 Өмірдің ерке қонағы,  
 Көшеміз ертең  
 Көгілдір аспан оңады,  
 XX ғасыр жабады қатты есігін,  
 XXI - де де өзімдей біреу болады.

Қас ақын болсаң  
 Қай жақта саған жоқ өлім,  
 XXII – де де өзімдей біреу көремін.  
 Тұрпаты бір де тілі бар басқа бір жігіт,  
 XXIII - те жазып  
 Оқиды отты өлеңін.

Қыратпен,  
 Шөлмен,  
 Өзенмен,  
 Қырмен,  
 Алаңмен,  
 Ғасырға ғасыр жеткізіп салып алар дем.  
 Ойым мен бойым,  
 Көзім мен сөзім жетпейтін.  
 XXV ғасыр кім болып барам саған мен.

Зулаған уақыт,  
 Шулаған сырлы ормандар,  
 Күңсіген құмдар,  
 Сыңсыған сырлы қорғандар.  
 Сендерден өтіп,  
 Саңлаудан түскен сәуледей,  
 XXX ғасыр өзіңе жетсем.  
 Не арман бар.

Кетермін мейлі  
 Топырақ болып,  
 Құм болып,  
 Бұл дүниеден  
 Кім кетпей жатыр,  
 Кім келіп  
 Ақынның ғұмыры  
 Жылт етіп сөнген ақ сәуле,  
 Ақынның рухы  
 Мәңгілік қалса нұр беріп.



\*\*\*

Ақындар менің ойымша,  
Жүп-жұмыр жердің жүрегі.  
Жүректің үні жойылса,  
Жер қалай өмір сүреді.

Таулар ше?  
Сөмпек иықты,  
Баулар ше?  
Тартар күйікті.  
Теңіздер шулап жылайды  
«Ақындар жоқ қой сүйікті».

Білмессің таңның атқанын,  
Сезбессің күннің шапағын.  
Жаңбырдың жауып жатқанын,  
Дүниенің сырлы мақамын.

Көкжиекке асып күн иегін.  
Телмірер,  
Жай жоқ күлетін.  
Ақын жоқ,  
Адам, дүниенің  
Қос тілін қатар білетін.

Өзгеге бітпес ол жүрек,  
Ақынның бәрі – ұлы ақын.  
Дүниеге түгел елжіреп,  
Сары майдай еріп тұратын.

### **1974-85 жылдар**

Құмдардың сусыраған тақсыретін,  
Тыңдардың тусыраған тасты бетін,  
Жаныммен желеу болып жұбатарға,  
Шыңдарға алып шықтың жастық отым.

Шөлдерді шаңқай түсте шемендеген,  
Көлдерді көзі бітіп төмендеген,  
Кендерді қойнауына ел енбеген,  
Жастығым жайнап кетсе сенен дер ем.

Қаратау!  
 Есінде ме үйелеген,  
 Қайран-ай,  
 Қанатынан сүйеген ем,  
 Табанын тас-талқан ғып  
 Түркісібтің  
 Тастарын тасып салғам түйеменен.

Беліне егін салып боз даламның,  
 Меңіреу тіршілігін қозғағанмын,  
 Азия аптабына қыздырылып,  
 Сібірдің суығында мұздағанмын.

Ойнайтын сағымдары орап қашып,  
 Қонатын көз жасындай алапқа шық.  
 Жеттім саған тың дала,  
 Тізбектелді,  
 Арқада ақ шатырлар қанаттасып.

Жас па едің жеңіл іс пен айланы іздер,  
 Мен үшін  
 Қайда қала,  
 Қайда дүздер.  
 Жол салғам космосқа да  
 Келер ұрпақ,  
 Қол таңбам керек болса айдан іздер.

Мен жаспын дауылыммен бұлт айдаған,  
 Мен жаспын жанарымда күлкі ойнаған.  
 Мамырлап маң даламда май самалы,  
 Дабылдап дауыл болып бұрқай да алам.

Жылдар жүйткіп  
 Ғасырлар сан аунасын,  
 Жүйрік уақыт тартпайды жарау басын.  
 Менің жаққан жалыным, келер ұрпақ,  
 Саған жетіп  
 Көгінде алауласын.

\*\*\*

Діріл бар, апа, үніңде,

Омырауды жаспен жуардай.  
 Өз Ана мұндай күнінде,  
 Жылай ма екен қуанбай.

Жылдардан сұрапыл жасыған,  
 Жаныңа сенің батар ма ой.  
 Шаттықтан нұры тасыған,  
 Шақыртқан мені Отан ғой.

Солдат бол, дейді көгімде,  
 Салтанаты үшін халқымның.  
 Кезегім келді менің де,  
 Бақытын қорғар әр күннің.

Жырақта жүрсем жырымсың,  
 Жасыма ана жылдарға.  
 Күрсінбей көзің ілінсін,  
 Күзетте ұлың тұрғанда.

Екі жыл!  
 Борыш біткені  
 Еліме бағыт алармын.  
 "Құлыным" деуші ең, күт мені,  
 Құлдырап келіп қалармын.

## **КҮЛӘНҒА**

Жылама, жаным,  
 Сары күз түскен белдерге,  
 Сарғайып жатыр жапырақ біткен  
 Көлдерде  
                             кұстарда жоқ қой,  
 Дүниеде сондай сәттер бар,  
 Жылама, жаным,  
 Жасыма әкең өлгенге.

Өмір мен Өлім...  
 Қашаннан, қалқам, тел егіз,  
 Шау тартқан шақта,  
 Тоқтайды ғұмыр кемеміз.  
 Адамдық түгіл,

Орманың,  
                     Тауың өледі,  
 Өмірдің қатал заңымен жүріп келеміз.

Есінде бар ма,  
 Көрікті көкек жеткенде  
 Көгерген жоқ па дүние түгел бөктерде.  
 Олар да жоқ қой  
 Уақыты әлде өткен бе,  
 Әкең де соның бірлігі болып кеткен де.

Жапырақтар ұшты,  
 Жақсы бір адам жерленді,  
 Бозарды бақтар,  
 Бастарын иіп, ел көмді,  
 Бейнеті белден, рахаты келіп тізеден  
 Қиындық кешіп,  
 Бақытты болып өлді енді.

Табытты биік көтеріп жұртым төбеге,  
 Апара жатыр  
 Әкеткен мүрде келе ме?  
 Көмілсе көрге қарияң шығар көмілген,  
 Жақсылық ісін өзімен бірге көме ме?

Жылама, жаным,  
 Жыламау үшін бәріміз,  
 Тағдыр ісіне келмейді біздің әліміз,  
 Керуен тектес көшеді дүние сары күз,  
 Көктем келгенде көгеріп кірер сәніміз,  
 Құлаған еменнің  
 Шашырап түскен дәніміз.  
 Жылама, сары қыз...

## **БАЛДАҚТЫ ҚЫЗ** **(Баллада)**

Шарап емес,  
 Бақытқа мас жанымыз,  
 Бақытқа мас сұлу қыздар қаншалық.  
 Сол бір кеште -

Өзің барсың,  
 Бәріміз,  
 Ойнадық-ау,  
 Отырдық-ау ән салып.

Жұрт биледі,  
 Дөңгеленіп,  
 Айналып,  
 Кең бөлмені кетті кернеп ән-бұлақ.  
 Көңілсіздеу бір сұлу қыз ойланып,  
 Қозғалмады,  
 Қозғалмады ол бірақ.

Бар қуаныш, бар қызығы төзім боп,  
 Отырады қарап жұртқа сақтана.  
 Той басында сөз айтқанмын әзілдеп,  
 Жауабына жымияды тек қана.

Әлденені айтатындай оқталып,  
 Айта алмады ол,  
 Көмейінде сөз қалды.  
 Той үсті ғой,  
 Қайта сұрап жатпадым,  
 Вальс ойнап,  
 Би жанданып,  
 Қозғалдық.

Ой болсайшы биден өзге басымда,  
 Жақын бардым қолтығынан алғалы.  
 Көрдім қыздың жанарын да  
жасын да,
 Айту маған қиын енді қалғанын.

Келіп саған,  
 Бір-ақ ұқтым мән-жайды,  
 Балдақ емес,  
 Табыт көрген жандаймын.  
 Мен тәңірді,  
 Мен тағдырды қарғаймын,  
 Мен көзімді қос балдақтан алмаймын.

Бір ауылдың қызы екен ол елде ерен,  
 Ұл орнына шаңырағын ұстаған.

Әкең байғұс,  
Ер баланы көрмеген,  
Жылқышы екен,  
Елден жырақ қыстаған.

Қыраулы қыс!  
Қиындыққа көніпті,  
Ерте тұрып,  
Атқа қонып ақ таңда.  
Білмепті ол шаршау менен тынымды,  
Жүрегінде қайсарлығы жігіттің.

Жылқы қуып,  
Құйғыту боп іңкәрі,  
Бір боранда әке тілін ол алмай,  
Қара түнде сүрініпті тұлпары...  
Үйірінде кете берген оралмай.

Аман қалған,  
Оны жастық ап қалған,  
Қызығы бар,  
Көрері бар,  
Бағы бар.  
Көп жылқының арасында шатқалдан,  
Тауыпты жұрт талып жатқан шағында.

Кеш, қарындас,  
Билей салар ғой деп ем,  
Мендей аңғал ағаларың бар шығар.  
Бас изедің  
Құйылады кеудеңе,  
Шарасынан асып шыққан тамшылар.

\*\*\*

Сыртқа шықтым,  
Жүрегімді мұң басқан.  
Көктен жауып,  
Жатты жұлдыз тынбастан.  
Сұлу қыздың жан жарасын мен салған,  
Жасыра гөр қанатыңмен, түнгі аспан.

**ҚЫС**

Қыс қандай әсем еді, кара, далам,  
Бір арман ақ боз жеккен шана маған.  
Ағызып жұлдыздайын

Дүниенің

Не жетсін күніне бір аралаған.

Қар қандай!  
Қарып көзді шағылады,  
Жамылған тау,  
даласы,  
бағы-бәрі.

Тоқтау жоқ,  
Кедергі жоқ  
Аппақ дүние!  
Жер үсті аппақ нұрға малынады.

Күн ұзын жапалақтап тынбады қар,  
Астында ақ мамықтың тұрғаным бар.  
Ақ төсін жайып салып жатыр дала,  
Кеудемде сол даланың ырғағы бар.

## **ЖИЫРМА БЕС**

Жиырма бес, саған жетерде,  
Желмая мініп келгенмін.  
Жиырма бес, сенен кетерде,  
Жел қайық болып тербелдім.

Өзіңді кім деп қойыпты ел,  
Оңаша қалып ашыл да,  
Осылай сұрақ қойып көр,  
Не істедім ширек ғасырда?

Жиырма бес жылда жүйрікке,  
Құлаштап құрық тастамай,  
Жиырма бес жылда жүйріктей,  
Сурылып топты бастамай.

Ой қуып, білім бөктермей,  
 Өлі күндерге от бермей,  
 Кең дүниені көп көрмей,  
 Ұйқысыз түндер өткермей,  
 Селтеңмен уақыт өткен бе, ей!

"Домбырам басы долана"  
 Думанды топқа бара алмай,  
 Жиырма бес жаста жер-ана,  
 Кенінді қазып ала алмай.

Көңілім білмей сергуді,  
 Көкірегім жырмен оянбай,  
 Тап басып, баба, орныңды,  
 Балбала тас та қоя алмай,  
 Жиырма бес желіп барады-ай.

Жиырма бесте жасыл ойнатпай,  
 Жарқырап жанып қалмассың.  
 "Отызда орда қиратпай,  
 Қырықта қамал алмассың".

Жанбадым, жалын күткен ем,  
 Жегідей енді жеймісің.  
 Жиырма бесімде бітпеген,  
 Елуде бітер деймісің.

Қайтпайтын маған көктем-ау,  
 Итеріп тастап кеткені-ау.  
 Жастықтың жарқын беттері,  
 Жиырма бесімнің өткені-ау.

## **ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ**

Бәрін де балалықпен сезбедім-ау,  
 Біп-ыстық көрінеді көзге мынау.  
 Білімге қолын бұлғап шақыратын,  
 Күміс үн,

жез таңдайлы,

жез қоңырау.



Жүгіріп мен жеткенде құрақ ұшып,  
Сол ағай қоңырауын тұрады ұрып.  
Артымнан апам келіп сығалайды,  
Өсірген ақ ботасын бұла қылып.

О, шіркін теңдесі жоқ көктем едің,  
Көзімнен кейіндеген көк белеңім,  
Құпиялап шешеме әлі есімде  
«Қазір мен сағынамын, кетпе» дедім.

Анама қарадым да сергідім кеп,  
Ананы бала ұқпас па, берді міндет.  
Ұлы ұстаз, ұлағатты ойға тұнған,  
Бас қойдым бұлағына бер білім деп.

Біліммен келешегім келер менің,  
Біліммен биіктедім, тереңдедім.  
Мен өзім ұстаз болдым жеткіншектер,  
Көрдің бе, сол күндерден не өнгенін.

Оралып жас келе ме көзге мынау,  
Шынымен қымбат бала кездерім-ау,  
Анамды,  
Мектебімді  
Ұстазымды  
Есіме салды тағы жез қоңырау.

\*\*\*

Қалқатайым, шықтың ба қыр астына?  
Құртқашаштың гүлдері бүр ашты ма?  
Жер жуалар бауырын көтерді ме,  
Аққу-қаздар амандық сұрасты ма?

Көк масаты аймағың құлпырып бар  
Тіршілікке қарай ма ынтығып тал?  
Ел жайлауға көшті ме малын айдап,  
Жұмыртқасын салды ма бұлдырықтар?

Көлеңкеден көктемнің суық қарын,

Көрген болсаң жатыр жер жуып тәнін.  
 Ақ отаудың көтеріп шаңырағын,  
 Қададың ба қолыңмен уықтарын?

Туған айдай көктемде көркіңді ашып,  
 Қара шашты өрдің бе толқындатып?  
 Құла мініп шаптың ба құба жонмен,  
 Қара жердің кеудесін солқылдатып?

Саған әлі бұлбұл ән шырқар келіп,  
 Жайнатады жүзіңді нұр таң беріп.  
 Ғашығындай жөнелтіп әр күніңді,  
 Оянарсың өмірге іңкәр болып.

Көктем - теңіз, көңілің кеме шығар,  
 Алдында өмір,  
 Тау толқын белесі бар.  
 Ойна, құрбым, жастықта  
 Жалғыз ғана,  
 Жабырқаулы жүретін мені есіңе ал!

\*\*\*

Көшеден сені іздедім,  
 Көк жапырақты орманнан.  
 Алматы жақтан іздедім,  
 Қапшағай қашқан жолдардан.  
 Аралға бардым сұрау сап  
 Табам деп сенің бейнеңді.  
 Теңіз де тілсіз долданған,  
 Сарыарқа кездім сен үшін.  
 Сағыммен ұшып жүр ме деп.  
 Сыландап өтті ол да алдан.  
 Ертіске бардым ертерек.  
 Таласа таңмен тұрдым да,  
 Таппадым бірақ ол маңнан  
 Аспанға қарай көз тіктім.  
 Ақ шарбы бұлтпен торланған.  
 Айнала қарап алаң боп,  
 Өзіңді жүрмін табам деп,  
 Қисапсыз мынау көп жаннан.  
 Саған да ауған аңсарым.  
 Шарладым жерді  
 Шарладым!

Жеткізер кезің болды арман...